Түйін. Бұл мақалада қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғайтын құқық нормаларының кейбір мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, аталған мәселеге қатысты бірқатар ғалымдардың пікірлері қарастырылған.

Түйінді сөздер: қоршаған ортаны қорғау, радиациялық ластану, экологиялық құқық, құқық нормалары, құқықтық жүйе, құқықтық институт.

Резюме. В данной статье рассматриваются некоторые вопросы правовых норм, защищающих окружающую среду от радиационного загрязнения. А также рассматриваются мнения ряда ученых по этому вопросу.

Ключевые слова: охрана окружающей среды, радиационное загрязнение, экологическое право, правовые нормы, правовая система, правовой институт.

Summary. This article discusses some issues of legal standards that protect the environment from radiation pollution. And also the opinions of a number of scientists on this issue are examined.

Keywords: environmental protection, radiation pollution, environmental law, legal norms, legal system, legal institution.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі Тұжырымдамасы, «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» елдің «жасыл» даму жолына көшуіне негізделген экономиканың орнықты әрі тиімді моделін құрудың нақты бағыт бағдарын белгілеп берді. Тұжырымдамада атом энергетикасына инвестиция салу және оны дамыту кезінде қауіпсіздік бастамаларға басымдық беру мен уран қалдықтарына бақылау енгізіп арнайы талаптарды қою мәселелері көрсетілді.

Еліміздің геология саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында негізгі міндеттерінде жер қойнауын геологиялық және минералдық-шикізат базасын жаңғырту үшін нормативтік құқықтық база мен нормативтік техникалық базаны жетілдіру көрсетілген.

Қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғайтын норманың экологиялық құқық жүйесіндегі орнын анықтау үшін құқық жүйесі, заң жүйесі, құқық саласы және құқық институты деген анықтамалардың мазмұнына талдау жасайық.

Экологиялық құқық теориясында ғалымдар экологиялық құқықтық нормаларды бір жүйеге келтіретін бірлігін қалыптастыруға атсалысты. Құқық жүйесі, оның ішінде экологиялық құқықтың жүйесі туралы зерттеулер жүргізіп, үлкен жетістіктерге жеткен ғылыми еңбектер бар. Экологиялық, табиғи ресурстар, табиғатты қорғау құқықтарының арақатынасын, құқықтың пәні, жүйесі және принциптерінің мәнін ашатын әрі бүгіндегі экология құқығының құрылымдық белгілерін және бұл құқықтың жетілуі үшін маңызды теориялық негіздерді қалыптастырған маңызды зерттеулер жасалды.

Жалпы жүйе анықтамалық ұғым бойынша – бір-бірімен байланысты және бір-біріне әсер етуші бөліктерден тұратын бүтін бір құбылыс. Ал құқық жүйесі объективтік заңдылықтар негізінде құралады.

Құқық жүйе ретінде мына белгілермен сипатталады. Біріншіден, құқық-кездейсоқ құқық нормаларының жиынтығы емес, бұл органикалық бүтін бір құқықтық құбылыс, сонымен бірге ол

объективтілігімен сипатталады. Құқық жүйесіне оны құрушы нормалардың бірлігі және олардың өзара байланысы тән. Олар жеке дара бір-бірінсіз әрекет ете алмайды.

Екіншіден, құқық жүйесі өзінің мазмұны және құрылымдық элементтерінің көлемі бойынша біртектес емес, көпжақты құқықтық құбылыс. Құқық жүйесі сонымен бірге құқық нормасына, құқық институтына және құқық саласына бөлінеді.

Құқық жүйесі – бұл құқықтың жекелеген бөліктерге бөлінуіне қатысты сонымен бірге мемлекеттегі күші бар құқық нормаларының бірлігі мен келісімділігін білдіретін оның ішкі құрылымы [1].

В. В. Петровтың пікірінше экология құқығының жүйесі деп экологиялық заңдылыққа сәйкес белгілі бір тәртіппен орналасқан оның институттарының жиынтығы деп түсіндіріледі [2].

«Жүйе» түсінігіне мынандай сипаттамалық белгілер тән:

1) жүйеде ортақ ұқсас белгісі бар бірнеше элементтердің болуы;

2) жүйедегі элементтердің өзара мазмұндас болуы. Әртүрлі мазмұндағы элементтер жүйені құрмайды;

3) жүйе элементтері бір түрде өзара әсер ететін қосылыстар болып табылады;

4) ортамен өзара әсерде жүйенің әрқашанда бірыңғай сапалық айқындылықта болуы;

5) жүйеге енетін қосылыстардың шартты дербестігінің болуы [3].

Құқық жүйесі мен заң жүйесінің байланысына, арақатынасына, айырмашылығына байланысты заңгер ғалымдар бір нақты тұжырымға келген жоқ. Бірақ жалпы алғанда олардың тұжырымы бойынша құқық жүйесі мен заң жүйесі бір феноменнің көрінісі. Бұған қосымша тағы да құқық – норма жүйесі және заң да норма жүйесі деген көзқарастар да бар [4].

Көптеген ғалымдар заң жүйесі заң актілерінің жиынтығы мен нормативтік ұйғарымдардың реттеу объектісіне байланысты бөлінетін заң саласы және институттарынан тұрады деп көрсетеді.

Құқық жүйесі кейбір ғалымдардың пікірінше құқықтан, құқықтық идеология, құқықшығарушылық пен құқық практикасынан тұрады. Ал басқа бір ғалымдар тобының айқындауынша құқық жүйесі – құқық нормасынан, құқық институтынан және құқық саласынан тұратын күрделі көпсалалы кешен болып табылады [5].

Барлық жүйе қалыптасу үшін белгілі бір негізге сүйенеді. Құқық нормаларын жүйелеу, құқық жүйесінің қалыптасу негізінің қандай критерийлерге сүйенетініне байланыссыз, кем дегенде, мына екі талапқа сай болуы тиіс. Біріншіден, жүйелеу ғылымға және тәжірибеге қандай да бір пайда әкелуі тиіс. Құқық нормаларын дұрыс жүйелеу құқық саласының құрылымдық бөлімдерінің дәлме-дәл қалыптасуына әсер етеді. Жүйелердің келесі үлкен маңыздылығының бірі сонда, ол құқық нормаларының даму тенденциясын қалыптастырады, заңның одан әрі дамуына және ғылыми негізде кодификациялауға жол ашады. Қандай да бір қоғамдық қатынасты реттеу үшін қабылданатын жаңа заңдар құқықтың белгілі бір саласындағы жүйеге негізделеді.

Екіншіден, құқық нормаларын жүйелеу бір жағынан бір немесе басқа қоғамдық қатынастардың түрін реттейтін құқық нормаларының бірлігін, екінші жағынан – оларды әртүрлі топтарға, бөліктерге бөлуді (дифференциациялау) қамтамасыз етуі тиіс [6].

Құқық саласының тек заңдық белгілері ғана өздігінен құқық саласының пайда болу кезеңдерін және қалыптасуын көрсете алмайды, сонымен бірге шын мәнінде құқықтың жаңа саласы пайда болды ма, оның құрылысының қалыптасуына бар құқықтық материалдар жеткілікті ме деген мәселелерді шеше алмайды. Бұл сұраққа жауапты, яғни құқық жүйесінің динамикасын (қозғалысын) жүйелік-құрылым тұрғысына жақындау, тану арқылы білеміз. Сонымен бірге ол құқық саласын - әр түрлі деңгейдегі сала асты салалардан (норма, институт) тұратын көпжүйелілік құрылым екендігін көрсетеді. Құқық нормаларының белгілі бір топтарын құқық саласы деп тану үшін кем дегенде бір-бірімен байланысты екі фактор болуы шарт: өздерінің бірлігі арқылы жалпы құқық жүйесінің жеке элементі бола алатындай норманың ішкі байланысы мен реттілігінің болуы, екіншіден, құқық нормаларының осы тобының бір жүйедегі ұқсас элементтермен өзара арақатынасқа түсе алу қабілеттілігінің болуы. Әрине бұл құрылымдық белгілерді басқа белгілермен ауыстыру мүмкін емес. Сонымен бірге құқықтық реттеудің пәні де кез-келген құқық саласының қалыптасуының негізгі факторы болып қала береді және бұған қосымша нормалар тобын құқық саласы деп тануда құқықтық реттеудің әдісі, принциптері және қызметінің де алар орны бар [7].

Қорыта келгенде, нормалар жиынтығы құқық саласы болуы үшін оның құқықтық реттеудегі құрылымдық белгілері, әдісі, пәні, принципі және атқаратын қызметі айқын болуы тиіс.

Біртектес қоғамдық қатынастардың өзі пайда болу уақыты, орнына жағдайына байланысты қалыптасуы барысында көптеген белгілер мен ерекшеліктерге ие болады. Бұл жағдай сол әрбір типтегі қоғамдық қатынастарды жан-жақты реттеу қажеттілігін тудырады. Сипаты бойынша біртектес кез-келген құқық саласының құқықтық реттеу пәні ішкі біртектілігінің өзінде, қатысушылардың құрамына, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің пәнінің пайда болу негізіне байланысты туындайтын белгілі бір айырмашылықтарға ие болады. Демек, бұл бір саладағы қоғамдық қатынастардың құқықтық нормаларының біртектес болуымен қатар, олардың да белгілі топтарға бөлінетіндігін, яғни құқық нор-

маларының дифференциациясы арқылы нормалардың топтастырылуы, яғни құқық институттарының қалыптасуы жүреді [6].

Құқықтық институт – қоғамдық қатынастардың ерекше топтарына қатысты қатынастарды реттейтін бір-бірімен байланысты құқық нормаларының жүйесі.

В. Н. Хропанюк, құқық институты деп – құқық саласының өзіндік бөлігі болып табылатын және белгілі бір қоғамдық қатынастардың түрлерін реттейтін ерекше құқық нормаларының кешені деп түсіндіреді.

Жалпы құқық институтының түсінігі көптеген жұмыстарда қайталанып немесе мазмұндас болып келеді. Жоғарыда көрсетілген анықтамалардан құқық институтының мынандай белгілерін анықтаймыз.

1. Сол институттағы қоғамдық қатынастардың мазмұнының біртектілігі.

2. Құқықтық нормалардың бірлігі.

3. Құқық нормаларының ерекшелігі.

Қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғау – қоршаған ортаны жалпы құқықтық қорғаудың құрамдас бөлігі және сонымен бірге экологиялық құқық жүйесінде жеке институт болып табылады.

Бұл үшін қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғаудың нормалары жеке институт ретінде жоғарыдағы белгілердің барлығына сай келеді. Біріншіден, құқық институты ретінде қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғау атом энергиясын пайдаланатын объектілерді орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру, пайдалану, тасымалдау және орналастыруға, ядролық материалдарды, иондандырушы сәуле көздерін, радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылауға, ядролық материалдардың, технологиялар мен жабдықтардың, арнаулы ядролық емес материалдардың, қос мақсаттағы материалдардың, технологиялар мен жабдықтардың, иондандырушы сәуле көздерінің, радиоактивті заттардың экспорты мен импортын және Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайды бақылауға, радиоактивті заттарды Республика аумағы арқылы транзитті тасымалдауға және тағы да басқа қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғауға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Бұл қатынастар өз мазмұны бойынша біртекті әрі құқық институтындағы нормалармен сәкес келеді.

Екіншіден, құқық нормаларының заңдық бірлігі – бұл барлық құқық институттарының басты белгісі болып табылады.

Қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғау – бұл салааралық мәселе. Бұл мәселені шешу көптеген құқық салаларының қатысуымен орындалады. Қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғау нормалары әртүрлі құқық салаларында орын алған. Яғни қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғау – қоғамдық қатынастардың пәнінің күрделілігіне орай бұл институттың күрделену, құқықтық жеке саласы болып қалыптасу барысында екендігін көрсетеді. Дегенмен өз кезегінде бұл институттың нормалары жүйеленіп, дербес құқықтық нормативтік акті болып қалыптасты. Яғни, «Атом энергиясын пайдалану туралы» (1997ж.) және «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» (1998ж.) Қазақстан Республикасының заңдары қабылданған. Сонымен бірге бұл заңдарды толықтыратын бірнеше заң асты актілері бар. Демек, қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғаудың нормаларының бірлігі қалыптасқан.

Үшіншіден, оның заңдық ерекшеленуі, яғни қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғау институтының экология құқығының басты құрылымдық бөлігі ретінде экологиялық заңдар жүйесінде өз орны бар. Олар жоғарыда аталып кетті.

Сонымен талдау жасай отырып, құқық жүйесінің құқық нормаларынан, құқық институттарынан және құқық саласынан тұратынын айқындаймыз. Құқық жүйесінде құқық нормасы оның құрылымдық элементі болып табылады. Құқық институты – бір-бірімен байланысты дербес қоғамдық қатынастардың немесе олардың қандай ба бір құрамын реттейтін нормалар жүйесі. Құқықтық реттеудің пәні мен әдісі негізінде бөлінетін бір-бірімен байланысты құқықтық институттардың жиынтығы құқық саласы деп аталады. Өз кезегінде кейбір құқықтық институттар субинституттарға, ал құқық саласы сала асты салаларына бөлінуі мүмкін.

Экология құқығы құқықтық реттеудің өзіне тән пәнімен, әдісімен сипатталатын жалпы құқықтың кешенді бір саласы болып табылады. Сонымен бірге құқықтың жеке саласы ретінде экологиялық құқық, құқық нормаларынан және құқық институттарынан тұрады.

Экологиялық құқықтық нормалардың тиімді жұмыс істеуі, атқаратын қызметінің нәтижелі болуы, ол нормалардың қандай институтқа және салаға жататындығын дәл айқындалуына байланысты.

Құқық жүйесінде бір-біріне қарама-қарсы екі бастама бар. Бір жағынан құқық жүйесі тұрақты, ал екінші жағынан өзгермелі, қозғалмалы (динамика) болуы тиіс. Барлық уақытта өзгеріп отыратын қоғамдық қатынастарға негізделетін құқықтың қозғалысы (динамикасы), өз кезегінде оның құрылымдық жүйесінің өзгеруіне әкеп соғады. Бұл эволюциялық жолмен, яғни құқық институттары мен саласы бірде дифференциялану, ал кейде интеграциялану арқылы өзгеріп отырады [7]. Бұл тұжырымды толықтай қолдай отырып төмендегіше қорытындылаймыз.

Біздің ойымызша, құқық нормаларының құрылымдық белгілеріне жоғарыда жасалған тұ-

жырымдарға сай, бүгінде қоршаған ортаның әрбір табиғи объектілеріне байланысты қатынастарды реттейтін құқықтың нормалары жалпы құқықтың жеке салалары болып табылады. Ал қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғайтын құқық нормалары – (сол сияқты қоршаған ортаны мұнай қалдықтарынан, улы заттардан, пестициттерден құқықтық қорғау институттарының құқықтық нормалары да) экологиялық құқықтың ерекше бөлімінің институттарын құрайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Хропанюк В. Н. Теория государства и права: Учебное пособие для высших учебных заведений /Под ред. В. Г. Строкозова. М. 1988. С. 289-290.

2. Петров В. В. Экологическое право России. Учебник для вузов. М. Издательство БЕК -1995. С. 78.

3. Байдельдинов Д. Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан. –Алматы: Жеті жарғы, 1995. С. 24.

4. Лившиц Р. З. Современная теория права. М. Юрист. 1992. С. 51.

5. Общая теория права. Учебник для юридических ВУЗов. Под ред. А. С. Пиголкина. Москва: Изд. МГТУ им. Н. Э. Баумана. 1995. С. 180.

6. Еренов А. Е., Мухитдинов Н. Б., Ильяшенко Л. В. Предмет и система советского земельного права. Алма-ата. 1981. С. 188.

7. Мухитдинов Н. Б., Мороз С. П. Горное право (Учебное пособие). –Алматы, 1999. С. 28-29.

ӘОЖ 343. 2/. 7

БАТЫРБАЕВ Н. М.
заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің проректоры

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДАҒЫ ҚОЛАЙЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Бұл мақалада қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардағы қолайлы қоршаған ортаға ие болу құқығының кейбір мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: қоршаған ортаны қорғау, қолайлы қоршаған орта, экологиялық қауіпсіздік, экологиялық заңнама, адам құқықтары мен бостандықтары.

Резюме. В данной статье рассматриваются некоторые вопросы права на благоприятную окружающую среду в законах об охране окружающей среды.

Ключевые слова: охрана окружающей среды, благоприятная окружающая среда, экологическая безопасность, экологическое законодательство, права и свободы человека.

Summary. This article discusses some issues of the right to a favorable environment in environmental laws.

Keywords: environmental protection, favorable environment, environmental safety, environmental legislation, human rights and freedoms.

Кез-келген қоғамның дамуының шырмаулы кедергілерінің бірі – адам құқықтарының шектеулі, өзіне берілген мүмкіндіктерді жүзеге асырмауы немесе екінші бір тараптан оған қиянат жасалуы.

Құқық - оны иеленетін тұлғаның белсенділігімен іске асады. Құқық иеленуші өз құқығын пайдалануда белсенділік танытпаса, бұзылып жатқан құқығын білмесе немесе қорғауға ниет білдірмесе, бұл өз кезегіндегі қоғамда заңсыз іс-әрекеттердің орын алуына, тіпті кеңінен шарықтауына мүмкіндік береді. Сондықтан да, қоғамдағы құқыққа қайшы іс-әрекеттер өз кезегінде тиісті бағыттағы қауіпсіздіктің сақталуына кері ықпал жасайды.

Экологиялық қауіпсіздік – ол қоғамдағы халықтың жалпы қауіпсіздігінің маңызды бір бөлігі. Экологиялық қауіпсіздікті сақтау бағытында мемлекеттік саясаттың мақсаты, ол – қоршаған табиғи жүйені пайдаланудың сәйкесінше нақты талапқа сай қорғалуы. Адам өміріндегі ең маңызды жағдайларды ескере отырып, экологиялық мүдде басымдығымен табиғатқа зиян тигізбеу. Өндірісті дамытумен қатар ғылыми-техникалық зерттеулерді күшейту. Экологиялық қатерді болғызбау үшін халық шаруашылығын, өндірісті байланыстыра отырып, экологиялық-экономикалық талдаудың әдістерін пайдаланып, қоршаған ортаға шығарылатын ластағыштар деңгейін талапқа сай талдап көрсету қажет. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қағидасы басым әрі соған сай технологиясы бар мемлекеттің келешегі зор.

Әрбір өркениеттің даму деңгейінің шынайы көрсеткіші – адам құқықтарының сақталу және қорғалу мүмкіндіктері және кепілдіктерімен өлшенеді.

Адамдардың құқықтары мен бостандықтары және оның өмірі – әрбір мемлекеттің ең қымбат қазынасы. Бұл қағида тек біздің мемлекетіміз үшін ғана емес, сонымен қатар халықарлық деңгейдегі қағида, басты ұстаным әрі басымдық. Осының ішінде адам құқықтарының өзіндік ерекшелігі мен орны бар. Өйткені, адамның өмірі мен бостандығының кепілі мемлекет болса, оның негізгі тетігі ол осы құқық.

Мемлекетіміз, әлемдегі басқа да мемлекеттер, жалпы өркениет құқықтық мемлекетті орнатуды, оның барлық шарттарының сақталуын қамтамасыз ететін қоғам қалыптастыруды негізгі мақсат ретінде таниды. Бірақ бұл мақсатқа жету көптеген мемлекеттер үшін әлі ұзақ уақыттарды қамтитын дамуды қажет етеді.

Адам құқықтарының сақталуы өз кезегінде мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығымен тікелей байланысты. Мұндай тұрақтылық пен деңгейге жете алмау, өз кезегінде адам құқықтарының ең жоғарғы құндылық ретіндегі маңыздылығын қамтамасыз ете алмайды.

Адамның жалпы құқықтарының ішінде экологиялық құқығының өзіндік ерекшелігі бар. Өркениеттің дамуы адамға жаңа үлкен жетістік саналатын мүмкіндіктер ашумен қатар, қауіптілігі сондай кедергілер де алып келуде.

Жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің адамзат өркениетінің даму жолында ұзақ әрі күрделі тарихы бар. Қауіпсіздіктің өзі бірнеше салаларды қамтитын кешенді ұғым. Жалпы қабылданған тұжырым бойынша, қауіпсіздік - белгілі бір нысанның сыртқы және ішкі қатер әсерінен қорғана білу ахуалы. Ал ол қатер бірнеше сипатта болуы мүмкін. Солардың бірі - экологиялық сипаттағы қатер.

Біз тәуелсіздікке қаншалықты ұзақ мерзімдегі өте ауыр кезеңдерден кейін қол жеткізсек, бүгінгі таңда сондай ауыр күрделі проблемалармен тоғысып отырмыз. Соның бірі – мемлекетіміздің экологиялық ахуалы. Дегенмен де, жылдар бойы бұл бағыттағы қордаланған мәселелерді шешуге көңіл бөлініп келеді. Соның арқасында Қазақстандағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларының бірқатар тетіктері қалыптастырылды. Қазақстан мемлекеті бірнеше халықаралық шарттар мен келісімдерге қосыла отырып, экологиялық мәселелерді тиісті шешудің халықаралық деңгейдегі бастамашылық ұсыныстарға ие субъекті деңгейіне жетті.

Трансшекаралық экологиялық проблемалар - елдің ішкі экологиялық қауіпсіздігіне нақтылы сыртқы қатер болып табылады, оларды шешу халықаралық шарттар шеңберінде көршілес мемлекеттермен бірлескен іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

Қоршаған ортаның қауіпсіздігі – ол тиісті ортаның антропогендік және басқа да факторлардың қатерлі әсерінен қорғалуының жай-күйі. Яғни экологиялық қауіпсіздік қоршаған ортаның, оның ішінде жеке адамның, қоғамдық маңызды мүдделер мен құқықтарды әр түрлі теріс ықпал ету нәтижесінен туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйі. Демек қоршаған ортаны қорғау динамиканы құраса, ал экологиялық қауіпсіздік – табиғатты тиімді, кешенді пайдалану және қоршаған ортаны тиісті деңгейде қорғалу нәтижесін құрайды. Дұрыс нәтижеге жету немесе адамның талабын қанағаттандыратын қауіпсіздік көрсеткішінің сақталуы, осы бағыттағы заң нормаларының тиімді болуымен тікелей байланысты.

Адамзат өркениеті дамуының бүкіл тарихындағы тәжірибесі, әрбір мемлекеттің қатардағы адамдарының әл-ауқаты - ең алдымен оларды қоршаған табиғи ортаның қауіпсіздік дәрежесіне байланысты екендігін анық көрсетіп отыр.

21-ші ғасыр ел қауіпсіздігінің ішінде әскери қауіпсіздіктің басымдығымен сипатталды. Ал жаңа ғасырда ұлттық қауіпсіздік әскери емес факторлардың әсерінің басымдығымен айғақталуда. Олардың ішінде экологиялық фактордың орны ерекше.

Ұлттық қауіпсіздік – еліміздің даму бағытындағы басым бағыттардың бірі. Экологиялық қауіпсіздік - ұлттық қауіпсіздіктің стратегиялық негізгі құрам бөлігі.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, яғни, адамдардың экологиялық құқықтарының қорғалуына қолайлы жағдай қалыптастыру мемлекеттің маңызды ісі әрі міндеті. Бүгінгі таңда осы жағдайға байланысты бірқатар шешімі толық табылмаған немесе талапқа сай жетілдірілмеген мәселелер бар. Оларға тоқталсақ:

1. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғатты тиімді пайдалануды мемлекеттік басқару жүйесінің оңтайлы шешілмеуі. Біздің мемлекеттік басқару және бақылау органдарының жүйесіне қаншама тиімділігіне байланысты өзгерістер жасалғанымен, тиісті талаптар мен міндеттерді орындайтын оңтайлы басқару құрылымы өз деңгейінде қалыптасқан жоқ. Қоршаған ортаны қорғау органдарының жергілікті атқару немесе басқа да органдардан тәуелсіздік мәселесі мен өзара әрекеттестіктің шектері анық шешілмейінше, бұл бағыттағы қандай да бір өзгеріс өз нәтижесін бермейді. Жергілікті және орталық атқару органдары үшін экологиялық мүддеден экономикалық мүдде басымдығы жоғары болып отыр. Бұған біздің заңдарымыз да мүмкіндік береді. Заң ешқашанда өздігінен жүзеге аспайды. Заңның орындалуы оны талап етуші субъектінің әрекетіне байланысты. Сондықтан қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздерінің тиісті қоғамдық қатынастар мазмұнына сай орындалуы, оған күштеуші негіз болатын мемлекеттік басқару органдарының сәйкестілік жүйесінің қалыптасуына тікелей байланысты.

Заңдардың қандай да бір белсенділікпен орындалатыны белгілі. Заң әрқашан орындалуымен құнды. Оның орындалуы үшін азаматтар мен мемлекеттік органдардың, осының ішінде мемлекеттік басқару жүйесінің орны ерекше. Мемлекеттік саясатқа ерекше мән бермейінше, тиісті мемлекеттік басқару органдарының құрылымы мен функциялары дұрыс жолға қойылмайынша және олардың жұмыстарының ашықтығын сипаттайтындай қоғамдық бақылаудың мүмкіншіліктерін кеңейтпей, бұл мәселе оң шешілмейді.

2. Барлық реттеуші экологиялық заңдар мен тиісті қоғамдық қатынастар мазмұнының сәйкестілік деңгейінің теріс нәтижесінде құқық нормаларының декларациялық сипат алуы.

Қандай да бір қоғамды заңға негіздеп құру мен дамыту мүмкін емес. Керісінше заң дамып өркендеген қоғам ерекшелігіне негізделіп, оның дамуына ықпал жасап отыруы қажет. Ал қоғам дамуын реттеп, оған ағым беріп отыратын экологиялық заңдар қоры бар ма? Әрине сан жағынан жеткілікті болғанымен сапа жағынан жоқ. Бұл жерде сапа көрсеткіші тиісті қоғамдық қатынастардың реттелу нәтижесімен бейнеленеді.

Заңның тиісті қатынастар ерекшелігімен үндесуі ғана тиімді нәтижеге қол жеткізетіндігі ғалымдар тарабынан нақты тұжырымдалған.

Құқық тиісті қоғам болжаған, бағыт алған немесе мақсат тұтқан межеге жетуге байланысты туындаған қатынастарды сәйкесінше реттеп, оның дамуына оң ықпал жасап отыруы шарт. Бұл құқық қызметінің шын мәніндегі нәтижеге жете алуы [1. 78].

Қоршаған ортаны қорғау туралы және ресурстық заң нормаларының басым бөлігі ұсынбалы әдіске негізделген. Бұл өз кезегінде тиісті негізгі заңның іске асырылуы бірнеше туынды актілерге тәуелді болуына алып келеді. Демек, экологиялық заңдардың нормалардың басым бөлігі өктемдік әдіске негізделуі шарт.

Әрқашанда тиімді заңдар болуы үшін, ол заң тиісті қоғамдық қатынастардың ерекшеліктеріне сай мазмұнда болуы қажет. Сонда ғана құқықтық реттеу өз нәтижесін береді, заңдар тиісті заңдық күшке ие болады. Демек, заң шығармашылығы жұмыстарына үлкен мән берілуі тиіс.

3. Экологиялық қауіпсіздіктің сақталуын-

да қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың ықпалы зор. Бұл нәтижеге қол жеткізуде экологиялық жауапкершілік институтының алар орны ерекше.

Біздің құқықтық жүйеде экологиялық жауапкершіліктің көптеген жетілмеген теориялық және практикалық мәселелері көп. Тиісті жауапкершілік көрсетілген нормативтік актілердің өзі бағытталған құқық бұзушылықтардың мазмұнымен мүлдем сәйкессіз. Бір ғана қылмыстық жауапкершілік көзделген нормалардың өзі көрші мемлекеттердің көшірмесі болғандықтан, ол Қазақстанның ешбір ерекшілігіне сай келмейді. Әкімшілік жауапкершілік санкциялары өте жұмсақ тұрғыдан қарастырылған. Ал материалдық жауапкершіліктің процессуалдық нормалар тетіктері жетілдірілмеген. Мұндай құқықтық база елдің экологиялық қауіпсіздігінің мәселелерін шеше алмайды. Керісінше бұл процессті үдетеді.

Жауапкершілік нормалары басқа нормалардың іс жүзіндегі орындалу мүмкіндігінің негізгі тетігі. Экологиялық заңдарды бұзудың салдарынан келтірілген материалдық жауапкершілікті өтеудің басқа да заң бұзушылықтан келтірілген материалдық жауапкершіліктен өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшелік экологиялық құқық бұзушылықтың орнын толтыру, себепті байланыс және зиянды салдардың көрініс беру мерзімдерінің анықталуымен сипатталады. Бұл бағытта да соңғы кездері нәтижелі табыстарға жеткен теориялық зерттеулер бар [2].

Елдің экологиялық қауіпсіздігі, азаматтардың бұл құқықтарының сақталуы - өркениеттіліктің ажырамас белгісі.

Осыған байланысты жауапкершілік институтын жетілдіру туралы бірнеше ғылыми еңбектер жазылып, маңызды тұжырымдар жасалған. Осы тұжырымдарды іс жүзіне асыру, заң шығару барысында оны пайдалану, яғни жоғарыда көрсетілген негізгі үш мәселенің құқықтық тұрғыдағы міндеттерін шешу экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің оң жетістіктері болар еді. Осы нәтижелерді пайдалана отырып, қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде біршама мүмкіндіктерге жетуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мухитдинов Н. Б. Проблемы совершенствования природоохранительного законодательства и правотворческий прцесс. /В сб. Законотворческий процесс республике Казахстан: состояние и проблемы. Материалы международной научно-практической конференций. Алматы. 2000. 78 б.

2. Әбдірайымов Б. Ж. Экологиялық зиян: сипаттамасы, денсаулыққа әсері, сот арқылы өтелуі. – Алматы: 2001.

ӘОЖ343. 2/. 7

ЕСЕНАЛИЕВ А. Е.
заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ТОХАНОВА Р. Ж.
магистр
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІККҰҚЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Түйін. Бұл мақалада қазіргі уақыттағы жер қатынастарынан туындайтын маңыздымәселелерге көңіл бөлінеді және оған сараптамалар жасалады. Соңғы жылдардың көлемінде меншік қатынастарын реттейтін бірқатар заңдар қабылдану арқылы мемлекеттік саясат орнығуы және оның даму ерекшеліктері белгіленген болатын. Қазіргі таңдағы әлемде індет пен экономикалық ауытқу жағдайы жайлаған кезде заңдарды қайта қарап, өзгерістер енгізуді немесе мүлдем жаңа заң қабылдауды қажет етеді.

Түйінді сөздер: Жер тағдыры, заң, құқық, мемлекет, кадастр, меншік, шаруа, фермер.

Резюме. Научная статья посвящена и анализирует важные вопросы, возникающие в связи с нынешними земельными отношениями. В последние годы принятие ряда законов, регулирующих имущественные отношения, установило установление государственной политики и специфику ее развития. В современном мире эпидемий и экономических спадов законы должны быть пересмотрены, исправлены или приняты.

Ключевые слова: Судьба земли, закон, право, государство, кадастр, собственность, крестьянин, фермер.

Summary. This article analyzes epic folklore texts from the genres of modern oral literature, analyzes and analyzes them. Genres of legend (not fairy-tale prose), created closer to reality than imagination, born from the mental worldview of the people, require deep study. Currently we are talking about the fact that oral texts are limited in one area and are discussed in the framework of extralinguistic, intralinguistic.

Keywords: The fate of the land, law, law, state, cadastre, property, peasant, farmer.

КІРІСПЕ

Қоғамының барлық өмірінде адамның, оның қалыптасуындасондай ақ дамуында жер өте маңызды роль атқарған. Жер кез келген адам баласының барлық қажеттіктері үшін керек бірденбір дүние болған.

Мемлекетіміздің саяси және әлеуметтік құрылысты өзгерту процессі жер қатынастарынжаңаша өзгерту сондай ақ еліміздің тікелей қадағалауыжәне басқаруы арқасында жер реформасын жүргізу тиімділігі қажет болып отыр. Бүгінгі таңда, нарықтық экономикаға өту жеріміздіңнақтыөндіріс құралы болып табылады, жердіңкеңістіктің маңыздысоныме қатар маңызды табиғи объект болып табылады жердің басты қызметінің жүргізе отырып, жерге әртүрлі пайдалану объектілеріне, жерге меншік құқығын жүргізу негізінде және жерді заңды түрде тиімді пайдалану экологиялық және шаруашылық айналымның объектісі ретіндепайдалану қажеттілігін субъективті жағдайда пайда болы отыр.

Сондықтан, жерді тиімді пайдалану және қорғаудың стратегиялық белгілерін анықтау бүгінгі таңда өте күрделі жағдайы болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстанда жер мемлекеттің меншігіндегі болғандықтан,оған барлық жер қорының табиғи, құқықтық, шаруашылықжайы туралы мәліметтер қажет. Экономикалық тұрғыда жердіөндірістің ең басты құралы ретінде есепке алу,бағалау туындайды. Мемлекеттің даму жоспарларын,бағдарламаларын, болжамдарын ғылыми негіздеп құру үшіноның материалдық мүмкіндіктерін білу керек. Осы жағдайадам, материалдық, табиғилық қорларын соның ішіндеәсіресе, жердің маңызы зор, есепке алу қажеттілігін есептейді.

Сол шаралардың ішінде ең маңыздылары болыптопырақтардың құнарлығын арттыру, су және жел эрозиясынан,қайта тұзданудан, құрғаудан, өнеркәсіптастандыларымен ластанудан сақтау және жерлерді бастапқы қалпынакелтіру шаралары болып табылады. Бұл мәселелерді шешүшін еліміздің жер қорларының сапалық жайкүйі туралытолық, сенімді ақпарат жинақталуы және болуы керек.

Мемлекет жер пайдаланушыларды топырақтардың құнарлығынарттыру бойынша нәтижелі шараларды жүргізуге, олардыңжел және су эрозияларына қарсы жүргізілген, ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, гидротехникалық шаралардыжүзеге асыруға, сондай-ақ тұзданудың, ластаудың, батпақтанудың және басқа да жерлердің жай-күйін төмендететін процестердің

алдын алу кешенін жүзегеасыруды талап етеді. Бұл шаралар жүзеге асыру жер алқаптарыныңсапалық жай-күйін жан-жақты зерттеу және есепкеалуға негізделеді.

Жер учаскесі – бұл мақсатты міндет атқаратын, субъекттік құқығы бар, сол сияқты жер пайдаланудағы немесе жер меншігіндегі болатын, жоспарда және жергілікті жердешекаралары белгіленген жер аумағының учаскесі.

Атап айтқанда, олмемлекетіміздегі жер қорының пайдаланылуына сипаттамалықэкономикалық мән береді. Сонымен бірге ол белгілісубъекттің пайдалану және иеленушінің құқықтық объектісіретінде есептеледі. Яғни жер учаскелері жеке және заңды тұлғалардың иеленуінде және жеке заңды тұлғалардың тұрақты немесе уақытша пайдалануында, соның ішіндемемлекеттік кәсіпорындары, ұйымдар, мекемелер болуы мүмкін. Жер пайдалану түсінігі түгел алғанда көп қырлы. Бұл түсініктіанықтау барысында бәрінен бұрын қоғамдық-өндірістік қатынастарға сүйену керек, олар жер пайдаланудың мәнін табиғат құбылысы ретінде анықтайды.

Сондықтан, кең мағынадажер пайдалану жерді пайдалануы– бұл әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Оның экономикалық мәніне, құбылыстық сипат сияқты, жер пайдалану құқығы түсінігінің негізі жатады. Кәсіпорындар формалары негізін өндіріс құралдарының меншік формасы құрайды. Сонымен жер пайдалану, шындығында өндіріс әдісімен және өндірістік қатынастармен байланысты. Дегенмен жер пайдалану түрлері қоғамның өндірістік күшін дамыту деңгейімен анықталады. Нақты жерпайдаланушыларға мемлекет бекіткен, нақты жер учаскесін пайдалану оған құжат беру нәтижесінде құқықтық түрге ие болады. Жер пайдаланушыға пайдалануға берген территория шаруашылық ретінде және құқықтық қатынас бойынша ерекшеленеді. Ол бөлек тұлғаның пайдалану құқығы объектісі ретінде шаруа қожалығы немесе заңды және жеке тұлғалар тобы ретінде айқындалады.

Республикамызда жер пайдалану құқығына кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер сияқты азаматтар да ие. Бұл негізгі екі жер меншігі – мемлекеттік жәнеменшік түрлерімен шартталған.

Жер пайдалану түсінігі нақты экономикалық мәнге ие. Ол қоғамдық өндіріспен байланысты және тіркеуге алуға жататын, есепке алынатын және бағаланатын толық нақты территория ретінде тікелей белгіленіп қойылады. Ол негізгі кадастрлық бірліктің негізгі формасы – жер учаскесі сияқты болып келеді.

Жердің көп бөлігі жер пайдаланушыларға шексіз уақытқа - тұрақты пайдалануға берілген. Сондықтан бұндай жерді пайдалану түрі негізгі болып есептелінеді. Ал қазіргі жағдайда, яғни жаңа заң қабылданғаннан кейін уақытша пайдалану қысқа мерзімді - 5 жылға дейін, ұзақ мерзімді 5-49 жылға дейін енгізілуі мүмкін. Және жерді уақытша пайдалану жалға берілген болып саналады. Жерлер қауымдық пайдалануға мемлекеттік заңды тұлғаларға және азаматтарға қызметтік учаскелер ретінде тұрақты пайдалануға беріледі.

Жерге жеке меншік азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігі түрінде болады. Меншік иесінің тиісті жерді иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар. Жеке меншікке жататын жер учаскесі қозғалмайтын мүлік деп саналады. Меншік иесі өзінің жер учаскесін заң актілерінде тыйым салынбаған кез келгенмәмілелерді жасауға, атап айтқанда жер учаскесін заңдылықбабы бойынша сатуға, шаруашылыққа, серіктестікке жарналық капитал ретінде енгізуге, кепілдікке беруге және мұра етіп қалдыруға, жер учаскесін жалға беру, жалдаунемесе өтеусіз пайдалану шарты негізінде уақытша пайдалануға беруге құқылы.

Жер пайдаланудың экономикалық мәнін көрсетуші - жералқаптары. Жер алқаптарының өндіріс құралдары сияқтыжерді пайдалануда экономикалық, шаруашылық формалары болады. Алқаптардың өзара қатынасы арқылы ауыл шаруашылық өндірісіндегі жерлердіпайдалану сипаттамасы бойынша және белгілі бір шамада шаруашылықтың бағыты мен мамандандырылғандығы туралы пікір айтуға болады.

Соңғы жылдардың көлемінде меншік қатынастарын реттейтін бірқатар заңдар қабылдану арқылы мемлекеттік саясат орныгуы және оның даму ерекшеліктері белгіленген болатын. Қазіргі таңдағыәлемде індет пен экономикалық ауытқу жағдайыжайлаған кезде заңдарды қайта қарап, өзгерістер енгізуді немесе мүлдем жаңа заң қабылдауды қажет етеді.

Соңғы кезде бұқаралық ақпарат құралдарынан «Иесіз жер жетім», «Жер тағдыры - ел тағдыры» деген ұран сөздерді жиі қайталануда. Осыдан жаңа Жер кодексінің қабылдануына және бұл кодекспен енгізілетін жаңалық, ауыл шаруашылық жерлерін жеке меншікке беруге байланысты туындаған мәселе.

Жалпы, ауыл шаруашылық жерлер - ерекше қорғалуға жататын, Қазақстанның басқа жер санаттарына қарағанда ең шұрайлы, құнарлы жерлер. Сондықтан, бұл жерлерге байланысты қандай да болмасын шешім жүктелген жауаптың ауырлығы ескеріліп, күрделі ой елегінен өтіп барып қабылдануы тиіс.

Дау-дамай туғызып отырған мәселе ауыл шаруашылық жерлерді жеке меншікке беру немесе бермеуде емес, біз осындай қадам жасауға дайынбыз ба, жоқ па дегенде болып тұр. Шындығында, бұл қадамды біз міндетті түрде жасауымыз керек. Бірақ, дәл қазіргі жағдайда ауыл шаруашылық жерлерді жеке меншікке беру орынды ма? Әлде, жерді жеке меншікке беру арқылы шатасқан жібіміз одан әрі күрмелене түсе ме? Бұл мәселеде ең бастысы - қателікке жол бермеу, жеті рет өлшеп бір-ақ рет кесу, істің барлық жай-жапсарын ескеруге тырысу. [1]

Жаңа Жер кодексінің қабылдануына, ауыл шаруашылық жерлерді жеке меншікке беруге

байланысты мынадай өзгерістердің болуы мүмкін. Ешкімнің де меншігіне жер тегіннен-тегін тие салмайды. Ешкімге де ақша тегіннен-тегін берілмейді. Мемлекет тиімді жұмыс істейтін жер иесіне ғана көмектеседі. Қолдау ақша орнымен жұмсалса, өндіріс ауқымы артса, өнім сапасы жақсарса ғана көрсетіледі. Өйткені, жер жеке меншікке берілмесе, шаруа өзіне тиесілі жерді кепілдікке қоймаса, банктен несиені ала алмайды емес пе?

Меншігіндегі жердің берекесін кетіретін, оны жыртқыштықпен пайдаланып, құнарын азайтатын адамдардан жер тартып алынып, өзгелерге сатылады. Сондай-ақ, жер пайдаланудың барлық үш түрі сақталатын болады. Олар - тұрақты, уақытша жер пайдалану және жерді жеке меншік құқығымен иемдену. Тұрақты жер пайдалануға өзгерістер енгізілмейді (Қазақстандағы мұндай жерлердің көлемі 3 миллион гектардан астам).

Тұрақты және уақытша жер пайдалану құқығын алған жер иелері жерді сатып алуға міндетті емес. Жер сатып алуға тілек білдіруші азаматтарға ғана сатылады. Сонымен қатар, жер шетелдіктерге сатылмайды. Адам басына берілетін жердің шекті мөлшері бекітіледі.

Ауыл шаруашылығы телімін меншігіне алған азамат Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығатын болса, ол жер телімін сатып алған кездегіден аспайтын баға бойынша мемлекет меншігіне қайтаруға тиіс. [2]

Ауыл шаруашылық жер жеке меншікке тапсырған сол жерді сатып алуға ауыл шаруашылығы бойынша білімі мен жұмыс тәжірибесі бар және ауылдық жерде тұратын тұлға басым құқығына ие болады.

Бұл ретте Елбасының өткен жылдың 29 сәуірінде Қазақстан халқына Жолдауында айтылған «Жерге деген меншік - оны абаттандыруға, өз балаларына шұрайлы қалпында мирас етуге деген ынта-ықылас» деген сөздерінің мағыналығын мойындау керек. Демек, ауылшаруашылығы жерін жеке меншікке берудегі басты мақсат -атадан қалған мирасты келер ұрпаққа аздырып-тоздырмастан жеткізу.

Елбасы өз Жолдауында «Жуырда қабылданған «Жер туралы» заңның елімізде өркениетті нарыққа қарай ілгерілете алмағанын мойындауымыз керек. Ендеше, бірлесе жүріп жіберген қателігімізді тез арада бірлесе түзейік, осы заңды сындарлы қалыпқа келтірейік. Жер кодексі дегеніміз, ең алдымен, ауыл шаруашылығына арналған жерлерге жеке меншік енгізу болып табылады. Оның басты мақсаты -ауыл шаруашылығы саласын тартымды ету болмақ[3]. Екіншіден, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру барысында кепілге қоятын мүліктің жоқтығына, несие алу үшін біз жерді меншікке беру арқылы қосымша кепілдік базасын құрып отырмыз. Ең негізгі аспектілер осылар.

Қазақстан Республикасы өз алдына егеменді ел болғалы қоғамдық қатынастар, соның ішінде жер қатынастары Қазақстан Республикасының негізгі заңының нормаларына сай дами бастады. Яғни тәуелсіз жас мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық қатынастарының жаңа өмір талабына сай дамуы, өзіміз үшін және болашақ ұрпақ үшін жоғарыда аталған мемлекетіміздің негізгі қатынастарын қайта реттеп, экономикалық, құқықтық реформаларды қазіргі өмір талабына сай жүргізуді талап етті. Қазақстан Республикасы Президентінің айтуы бойынша басты саяси мақсат тұрғысында, әсіресе өтпелі кезеңде экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен бірге, өз халқына жолдауында жаңадан қабылданған жер туралы заңның халықты өркениетті нарыққа алып келмегенін және аталған заңда жіберілген кемшіліктерді тез арада жойып жөнге келтіру керек екендігін атап көрсеткен болатын [4, 36 б.].

Мемлекетімізде жер қатынастарының дұрыс дамуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық дамуына зор ықпалын тигізетінін ұмытпағанымыз жөн. Сол себепті, жер қатынастарының реттелуін мемлекеттен ажыратып алуға болмайды. Қазіргі нарықтық қатынастарға байланысты, жердің мемлекет меншігінен жеке меншікке өтуі және жеке меншіктегі жерлердің азаматтық құқықтық мәмілелер арқылы сатылуы, жалға берілуі сияқты жүргізіліп жатқан қатынастардың барлығыақылы негізде жүзегеасырылады. Бұл дамыған нарықтық қоғамның талабынан туындаған заңды құбылыс болып табылады және бұл өтеорынды. Себебі, жердің мемлекет меншігінен жеке меншікке өтуі азаматтардың өздерінің рухани-материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Жеке меншіктегі жер учаскесін әр тұлға заңда көрсетілгендей иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзегеасыра отырып, азаматтық мәмілеге түсу арқылы сатып, өзіне сатып алаалады және шарт бойынша жалға береалады. Бұл қатынастың барлығыда ерікті негізде шарт негізіндеақылы түрде жүзегеасырылады. Ал, мемлекетжеке меншікке берілген (сатылған) жер арқылы өзін қаржыландырса, сонымен қатар, мәжбүрлі түрде салық салу арқылы қаржылық шаруашылығы қызметін реттеп, жергілікті бюджеттерді қаржыландырып отырады. Мемлекет меншігіндегі жер учаскелерінің жеке меншікке сатылуы бұл тұрғыдан алғанда мемлекетке экономикалық және әлеуметтік жағынан тиімді болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Егеменді Қазақстан», 2007 ж. 22 ақпан.
2. 2003 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Жер кодексі // Жас Алаш, 2003 ж, 28 маусым.
3. Стамқұлов Ә. ҚР Экология құқығы. – Алматы, 1995.
4. Қазақстан РеспубликасыныңАзаматтық кодексі. 1994 жылы 27 желтоқсан. №269 XIII Жалпы бөлім. – Алматы, 2005. - 150 б.

УДК 340. 13
ГРНТИ: 10. 07. 61

МИРЗАЕВ Ш. Ш.
кандидат юридических наук
Филиал Московского государственного университета имени М. Ломоносова

ПРАВОВЫЕ СРЕДСТВА КАК ИНСТРУМЕНТЫ ДЕЙСТВИЯ ПРАВА

Түйін. Бұл мақала мемлекет пен құқықтың көрнекі байланысын, сондай-ақ қоғамды басқару құралдарын көруге мүмкіндік беретін заңды құралдардың жұмысына қатысты мәселелерді қарастыруға арналған. Мақалада құқықтық қатынастарға құқықтық құралдардың әсерінің салдары туралы пікір білдіретін және құқықтық реттеу механизмін құратын ұлттық және шетелдік заңгерлердің теориялары қарастырылады.

Түйінді сөздер: заң, құқықтық құралдар, құқық нормалары, заңның әрекеттері, құқықтық реттеу, құқық функциялары, заңның әрекет ету тетігі.

Резюме. Настоящая статья посвящена рассмотрению вопросов, связанных с действием правовых средств, которые позволяют увидеть наглядную связь государства и права, а также как средств по управлению обществом. В статье рассматриваются теории национальных и зарубежных учёных-правоведов, которые высказывают мнения о последствиях влияния правовых средств на правовые отношения и создают механизм правового регулирования.

Ключевые слова: право, правовые средства, нормы права, действия права, правовое регулирование, функции права, механизм действия права.

Summary. This article is devoted to the consideration of issues related to the operation of legal means, which allow you to see a visual connection between the state and law, as well as a means of managing society. The article discusses the theories of national and foreign legal scholars who express an opinion on the effect of legal means on legal relations and creates a mechanism for legal regulation

Keywords: law, legal means, rules of law, actions of law, legal regulation,functions of law, mechanism of action of law.

Будучи явлением многоплановым, включенным в различные виды и формы социального взаимодействия, действие права имеет множество аспектов познания. Это одна из основных парадигм юриспруденции, существенный показатель политико-правового развития общества, важнейшая социально-правовая ценность современной правовой системы. Одним из важнейших элементов феномена действия права является его инструментальная составляющая. Всесторонний анализ этой и других граней действия права представляет несомненный интерес для юридической теории и практики. Поэтому особое значение имеет изучение состояния действия права с точки зрения оценки его действенности, эффективности механизма и институтов, совершенствования правового регулирования.

Как известно, право как целостное явление есть самостоятельное средство управления обществом. Роль права как средства государственного управления трудно переоценить, поскольку оно выступает средством регулирования социальных отношений, средством оптимизации и учета различных общественных интересов[10]. На протяжении столетий позитивное право активно использовалось государствами для регулирования общественных отношений. Двигаясь по этому пути и достигая необходимых результатов, государство расширяло и углубляло сферу правового регулирования, выстраивало органы правотворчества и правоприменения, усложняло правовую форму.

Понимание права как средства социального контроля было выдвинуто скандинавским социологом Россом Э., затем оно стало структурным компонентом множества социологических концепций права. Уже в XX веке американский правовед Р. Паунд обосновал позицию, согласно которой современное право есть право в действии, под которым подразумеваются три взаимосвязанных его проявления в социальной жизни, доступные эмпирическому наблюдению и изучению, - правопорядок, совокупность предписаний и правоприменительная деятельность в суде или администрации. Он считал, что цель права состоит в гармонизации сталкивающихся и перекрещивающихся интересов и требований[16].

Однако и само право, будучи регулятором общественных отношений, имеет в своем арсенале определенные инструменты, средства.

Регулятивная функция системы права осуществляется не суммой регуляционного воздействия составляющих ее первичных элементов (правовых норм), а в результате воздействия на общественные отношения комплекса правовых средств, имеющего целостный, системный характер. Такого рода комплексы правовых средств складываются при помощи норматив-

ных документов. Наиболее эффективны в этом плане кодифицированные нормативные акты[1].

Правовые средства изучались различными авторами, но это не дало единого общего определения правового средства, что обуславливает возможность дальнейшей теоретической разработки данной проблемы. Поэтом можно сказать, что ее разработка позволяет выявить в механизме действия права нечто материальное, предметное. Правовые средства помогут увидеть нагляднее связь права с государством, так как государство с помощью правовых средств влияет на общественные отношения. Поэтому исследование правовых средств, с помощью которых преобразовывается государственно-правовая действительность, представляется чрезвычайно актуальной проблемой.

Н. А. Никиташина к числу «характерных признаков механизма правового регулирования» относит то, что он «по своей природе... представляет упорядоченную совокупность юридических средств» и «его основное назначение - обеспечить реализацию поставленных законодателем целей правового регулирования»[9]. Действительно, современных условиях, отличающихся существенной трансформацией системы общественных отношений, усложнением задач, решаемых правом, эффективность механизма действия права определяется во многом набором правовых средств, посредством которых он действует.

Без рассмотрения сущности правовых средств невозможно всесторонне исследовать проблематику механизма действия права. Как справедливо отметила Ю. Б. Батурина, «правовое средство подчеркивает деятельностную, функциональную стороны в праве. Это правовое явление позволяет также увидеть право не в статичном состоянии, но в действии, когда оно осуществляется, реализуется, воздействует на общественные отношения»[3]. В своем диссертационном исследовании она дала определение данного явления: «правовое средство - это деятельностно-институциональное образование, показывающее функционально-динамическую сторону правовых явления и права в целом. Деятельностным правовое средство делает его инструментальная природа, так как оно - всегда определенный инструмент, которым пользуются субъекты для осуществления юридической деятельности. Правовое средство - институциональное образование, так как всегда является неотъемлемой частью права в целом»[3].

В теоретико-правовой науке при анализе правового регулирования сложился подход (в его основе лежит инструментальная концепция), в соответствии с которым механизм действия права включает следующие правовые средства: нормы права, правовые отношения и акты реализации субъективных прав и юридических обязанностей. Он представляет собой предельно обобщенную типичную схему, отражающую основные этапы регулятивного правового воздействия, в большей степени характеризующую генезис действия правовой нормы.

Однако такой подход не всегда позволяет увидеть весь процесс действия права, так как важнейшим элементом механизма действия права являются конечные результаты юридической деятельности и правовых процессов. Поскольку правовые средства выступают инструментом достижения определенных целей в процессе соответствующего вида юридической деятельности, актуальна необходимость определения их значения и роли в данном механизме. В этой связи мы поддерживаем позицию В. К. Шундикова, считающего, что «юридические средства отличаются специально-юридической природой, функциональной направленностью на обеспечение интересов субъектов правоотношений и достижение поставленных правовых ориентиров, отражают информационно-энергетические качества, ресурсы и регулятивный потенциал права, выступают основными работающими частями (элементами) действия механизма правового регулирования, обеспечиваются государством и приводят к достижению конкретных результатов юридического характера»[13].

Таким образом, правовой инструментарий занимает важное место в ряду правовых явлений, характеризующих действие права. Вопрос о роли правовых средств в механизме действия права в свое время поднял профессор С. С. Алексеев[1]. Затем в работах А. В. Малько и К. В. Шундикова были рассмотрены правовые средства как особые явления правовой действительности, как элементы механизма правового регулирования[8].

Теорию правовых средств в контексте механизма реализации права обстоятельно разработал В. А. Сапун. По его мнению, именно от правильного выбора правовых средств во многом зависит достижение целей правового регулирования, а значит - и эффективность права в целом. Недооценка, неверный выбор юридических средств, приемов, заложенных в нормативной основе правового регулирования, приводят к сбоям в реализации права, снижению правового эффекта. Одной их причин низкого уровня эффективности права является слабый инструментарий механизма его реализации[11].

Таким образом, одной из наиболее значимых характеристик механизма действия права является характеристика правовых средств, посредством которых право функционирует. Вообще, инструментарий этот довольно многообразен. Право действует как посредством универсальных правовых инструментов, так и за счет специальных правовых средств. Правовые средства неоднородны, различаются по своему назначению. В механизме действия права могут

быть разграничены средства нормативного правового регулирования, средства индивидуального правового регулирования, средства реализации прав и обязанностей и средства вспомогательного характера.

17. Фалькович Т. А. Подростки XXI века. Психолого-педагогическая работа в кризисных ситуациях: 8-11 классы: виды кризисных ситуаций, профилактические и тренинговые мероприятия, индивидуальные и групповые формы работы, диагностика, анкетирование, тестирование / И. В. Фалькович, Н. С. Толстоухова, Н. В. Высоцкая. – Москва: ВАКО, 2008. – 254 с.

ПОШАНОВ НҰРСҰЛТАН НҰРБАЙҰЛЫ
Құқықтану мамандығының докторанты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қаласы,
e-mail: sultan. 86@mail. ru

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Түйін. Бұл мақалада қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қалыптасу тарихы қарастырылады.
Кілт сөздер: қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік экологиялық бақылау, қоршаған ортаны қорғау министрлігі, экологиялық заңнама, мемлекеттік органдар.
Резюме. В данной статье рассматривается история формирования государственных органов, осуществляющих государственный контроль в области охраны окружающей среды.
Ключевые слова: охрана окружающей среды, государственный экологический контроль, министерство охраны окружающей среды, природоохранное законодательство, государственные органы.
Summary. This article discusses the history of the formation of state bodies that exercise state control in the field of environmental protection.
Keywords: environmental protection, state environmental control, the Ministry of Environmental Protection, environmental legislation, government bodies.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды осы саланы реттеуге арналған арнайы мемлекеттік органның қызметінсіз тиімді жүзеге асыру мүмкін емес. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері осы уақытқа дейінгі аралықта қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласына мемлекеттік бақылау жүргізу үшін құрылған мемлекеттік органдар көптеген реформаларға ұшырады.

Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқару құрылымындағы өзгерістер бейнелеп айтқанда, бірнеше сатыдан тұрады:

1. 1988-1990 ж. ж. Табиғатты қорғау жөніндегі КСРО мемлекеттік комитеті (Госкомприрода СССР).

1988 жылдың 7 қаңтарында КОКП Орталық Комитетінің және КСРО Министрлер кеңесінің №32 «Елде табиғатты қорғау ісін түбегейлі қайта құру» туралы қаулысымен Табиғатты қорғау жөніндегі КСРО мемлекеттік комитеті (Госкомприрода СССР) құрылды. Оның қарауына мыналар берілді:

- Мемлекеттік агроөнеркәсіп кешенінен: жерді және жануарлар дүниесін пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, соның ішінде аңшылық шаруашылығы мен қорық ісін дұрыс жүргізу, Қызыл кітапты және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын жүргізу;

- Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінен: суды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- Геология министрлігінен: жер асты суларын сарқылудан және ластанудан қорғауға бақылауды жүзеге асыру;

- Метеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі мемлекеттік комитеттен: атмосфералық ауаны қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- Орман шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік комитеттен: ішкі тоғандарда және аумақтық суларда, сондай-ақ құрлықтық қайраңда және экологиялық аймақта балық қорын, су жануарлары мен өсімдіктерін қорғау мен пайдалануды мемлекеттік бақылау [1].

Табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің құрылуы келесі кезекте табиғат қорғау заңнамасының негіздеріне өзгерістер енгізуді талап етті. Онсыз мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі өзгерту мүмкін болмады. Нәтижесінде бақылау функциясының қайталануы орын алды.

2. 1990-1992 ж. ж. Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитет (Госкомэкология).

Қазақ КСР Президентінің 1990 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақ КСР-да мемлекеттік органдарды қайта құру туралы» жарлығына сай, Қазақ КСР-нің табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің негізінде Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылды [2].

Егемен Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау саласындағы алғашқы заңнамалық актісі – 1991 жылғы 18 маусымдағы Қазақ КСР-ның «Қазақ КСР Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы» Заңы болды. Аталған заң, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың міндеті ретінде – шаруашылық және басқа да

қызмет түрлерінің әсерінен қоршаған ортаның жай-күйін және өзгеруін байқау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспарлар мен іс-шаралардың орындалуын тексеру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, табиғи ортаны сауықтыру, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың және оның сапа стандарттарының талаптарын сақтауды анықтады.

Мемлекеттік бақылаудың мынадай түрлері анықталды:

- атмосфералық ауаны, климатты және Жердің озон қабатын қорғауды бақылау;
- жерді пайдалану мен қорғауды бақылау;
- суды пайдалану мен қорғауды бақылау;
- ормандарды қалпына келтіру, қорғау және пайдалануды бақылау;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау:
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау;
- жер қойнауын қорғауды бақылау;
- қоршаған ортаның ластануын болдырмау мен жоюды бақылау;
- радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бақылау.

Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитет алдыңғы кезеңде белгіленген қоршаған табиғи ортаны пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды ұйымдастырудың негізгі тәсілдерін қабылдады. Бұл бақылау бір арнайы уәкілетті мемлекеттік органда барлық функцияларды шоғырландыру арқылы табиғатты пайдаланудың барлық салаларын қамтуға тиіс болатын. Осыған байланысты, Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитет жүйесінде мемлекеттік бақылаудың тік жүйесі құрылды, оны Табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау басқармасы басқарды.

Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитет жанынан бірыңғай мемлекеттік бақылау жүйесін қалыптастыру үшін, 1991 жылы оның құрамына жер үсті жануарларын қорғау және пайдалану, сондай-ақ балық қорларын қорғау, өсіру және балық шаруашылығын реттеу бойынша мемлекеттік бақылау органдары берілді.

Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитет жанынан екі басты басқарма құрылды: 1) Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарма; 2) Балық қорларын қорғау және балық шаруашылығы су объектілеріндегі табиғат пайдалануды бақылаудың бас басқармасы.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың басқа түрлері бойынша олардың ведомстволық келіспеушілігі сақталып қала берді. Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитет басқа арнайы уәкілетті органдармен (Жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитет, Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Өнеркәсіпте және тау-кен саласында қауіпсіз жұмыс жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитет, Казахрыбвод, Уралкаспрыбвод және Қазақ республикалық гидрометеорология басқармасы) өзара әрекеттесуді қамтамасыз етпеді және көп жағдайда олардың функцияларын қайталады.

3. 1992-1997 ж. ж. Экология және биоресурстар министрлігі.

1992 жылы 11 наурызда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің № 216 «Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің мәселелері» туралы қаулысы қабылданды. Қаулыға сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 7 ақпандағы «Экономикалық реформалар жағдайында Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын ұйымдастыруды және олардың қызметін жетілдіру туралы» Жарлығын орындау мақсатында, Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитет пен Орман шаруашылығы министрлігі таратылып, солардың негізінде Экология және биоресурстар министрлігі құрылды. Аталған министрліктің құрамында Орман шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы комитеті болып қайта құрылды [3].

Табиғи ресурстарды қорғау және пайдалануды мемлекеттік бақылаудың Бас басқармасының қызметі іс жүзінде өзгерген жоқ. Керісінше, жаңартылған заңнамаға көбірек қайшы келді. Функциялардың қайталануы орын алды.

1993 жылы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасының орман кодексі қабылданды [4]. Соның негізінде 1995 жылы «Қазақстан Республикасы ормандарының жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жөніндегі» Ереже әзірленіп, бекітілді [5].

Қорық ісі, қоршаған ортаны қорғаудың айрықша саласы ретінде өзінің тұтастығын жоғалтты. Осы жылдар ішінде республиканың заңнамалық базасына мыналар енгізілді: Қазақстан Республикасының Су кодексі (31 наурыз 1993 ж.) [6], «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР Заңы (21 қазан 1993 ж.) [7], «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» ҚР Заңы (8 шілде 1994 ж.) [8], «Мұнай туралы» ҚР Заңы (28 маусым 1995 ж.) [9].

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің заңнамалық базаны кеңейтуге тиісті қызметі (оның ішінде бақылау және тексеру) айтарлықтай артта қалды. Салалық заңдардың қабылдануымен жекелеген табиғи ресурстар және қоршаған орта-

ны қорғау салалары бойынша тиісті мемлекеттік бақылау қызметтері құрылды.

1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғаннан кейін ҚР Экология және биоресурстар министрлігі қайта құрылды. Оның құрамынан Орман шаруашылығы комитеті жеке мемлекеттік басқару органы болып бөлініп шықты. Министрліктің құрамында Мемлекеттік экологиялық бақылаудың бас басқармасы және Биологиялық ресурстарды қорғау, молайту және пайдалану жөніндегі бас басқармасы құрылды. 1997 жылы ҚР гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы таратылып, оның барлық функциялары мен өкілеттіктері ҚР Экология және биоресурстар министрлігіне берілді.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану жөніндегі заңнамалық база мыналармен толықтырылды: «Жер туралы» ҚР Президентінің Жарлығы (22 желтоқсан 1995 ж.) [10], «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы (27 қаңтар 1996 ж.) [11].

1996 жылғы 18 қазандағы № 1284 және 1997 жылғы 19 ақпандағы № 235 Үкімет қаулыларына сәйкес, Қазақстан Республикасында жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау және жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі бекітілді [12; 13].

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінде атмосфералық ауаны және радиациялық қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау функциялары анықталмаған күйде қалды. Орман шаруашылығы комитетінің бөлінуімен қорық ісін басқару жоғалды. Ал, мемлекеттік қорықтар табиғатты пайдалану саласындағы шаруашылық қызметті басқаратын мемлекеттік органға берілді.

4. 1997-1999 ж. ж. Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

1997 жылдың 15 шілдесінде «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Оған сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган – қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асыратын басқа да орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді және ведомство үстінен мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану жөніндегі заңнамалық база мыналармен толықтырылды: «Атом энергиясын пайдалану туралы» ҚР Заңы (14 сәуір 1997 ж.) [14], «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңы (15 шілде 1997 ж.) [15].

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының негізінде Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі құрылды [16]. Министрліктің құрылымынан Экология комитеті мен Геология және жер қойнауын қорғау комитеті бөлініп шықты. Бұдан басқа, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау және ұтымды пайдалану басқармасы құрылды. Кейіннен, 1998 жылы Қазақстан Республикасының орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің құрылуына байланысты бұл басқарма таратылды.

5. 1999-2002 ж. ж. Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі.

Министрліктің құрамында Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті және Су ресурстары комитеті құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 қазандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі қайта құрылды [17].

6. 2002-2007 ж. ж. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сай, Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі болып қайта құрылды. Су ресурстары, орман, балық және аң шаруашылығын басқару саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілді.

Жарлыққа сәйкес, министрліктің негізгі міндеттері болып мыналар табылды:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды және табиғат қорғау заңнамасының, экологиялық нормативтер талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістерін, қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқару мен бақылау жүйесін жетілдіру;

3) қоршаған ортаны қорғау жүйесін және табиғатты басқару жүйесін оңтайландыруға қатысу;

4) қолданыстағы заңнаманы жетілдіру;

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қатысу;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратты тарату және білім беру жүйесін дамыту [18].

7. 2007-2013 ж. ж. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі.

2007 жылы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қабылданды. Нәтижесінде Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің кейбір өкілеттіктері жергілікті атқарушы органдарға берілді. Атап айтқанда, бірқатар шаруашылық қызмет объектілері үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу өкілеттігі берілді [19].

2007 жылғы 8 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің

«Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» туралы № 1201 Қаулысымен Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары қайта құрылды. Оларды біріктіру жолымен ұлғайту жүзеге асырылды.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті Экологиялық реттеу және бақылау комитеті болып қайта ұйымдастырылды.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары – ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары болып қайта ұйымдастырылды [20].

8. 2013-2014 ж. ж. Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығына сәйкес, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне мына салалардағы өкілеттіктер берілді:

- табиғи ресурстарды қорғау мен тиімді пайдалануды бақылау, су ресурстарын басқарудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен берілетін мелиорация мәселелерін қоспағанда, су ресурстарын басқару және балық шаруашылығын дамыту жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер;

- Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінен – қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату мәселелері;

- Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен – жаңартылатын энергия көздерін дамыту аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, «жасыл экономиканы» дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру мен бақылау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер [21].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 172 қаулысымен Министрліктің жаңа ережесі бекітілді. Оған сәйкес, Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы комитеті және Су ресурстары комитеті Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құрамына өтті (бұған дейін Ауылшаруашылығы минстрлігі құрамында болған) [22].

2013 жылғы 29 қазандағы ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» № 677 Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі – Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі етіп қайта ұйымдастырылды [23].

«Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысына сәйкес, Министрліктің комитеттері, департаменттері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының атаулары қайта өзгертілді [24].

2014 жылғы 6 тамыздағы ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Жарлығымен Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі таратылды. Оның функциялары ішінара Энергетика министрлігіне, ішінара Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілді [25].

9. 2019 жылдың 17 маусымынан бастап Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі құрылды. Жарлыққа сәйкес, министрлікке:

- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қоршаған ортаны қорғаудың, тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеудің мемлекеттік саясатын қалыптастыру және іске асыру, табиғи ресурстарды қорғау, оларды ұтымды пайдалануды бақылау және қадағалау саласындағы;

- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру, орман шаруашылығы саласындағы;

- Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді [26].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың қалыптасу кезеңдерінен байқағанымыз, бұл саладағы мемлекеттік органдар үнемі өзгеріске ұшырап, қайтадан құрылып, ұйымдастырылып отырған. Біздің ойымызша, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды тиімді әрі нәтижелі жүзеге асыру үшін, осы саладағы мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органның тұрақты түрде жұмыс жасауы қажет деп есептейміз. Сонда ғана қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды тиімді әрі нәтижелі жүзеге асыруға қол жеткізуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Постановление ЦК КПСС, Совмина СССР от 07. 01. 1988 № 32 О коренной перестройке дела охраны природы в стране // http://pravo. levonevsky. org/baza/soviet/sssr1728. htm. (дата обращения: 31. 07. 2018).

2. Указ Президента Казахской Советской Социалистической Республики от 20 декабря 1990 года N 172 «О реорганизации органов государственного управления в Казахской ССР» // http://adilet. zan. kz/rus/docs/U900000172_ (дата обращения: 31. 07. 2018).

3. Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан «Вопросы Министерства экологии и биоресурсов Республики Казахстан» от 11 марта 1992 года № 216 // https://tengrinews. kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premer_ministr_rk/hozyaystvennaya_deyatelnost/id-P920000216_/ (дата обращения: 01. 08. 2018).

4. Лесной кодекс Республики Казахстан от 23 января 1993 года // Справочная правовая система «Юрист».

5. Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан «Об утверждении Положения о государственном контроле за состоянием, воспроизводством, охраной, защитой и использованием лесов Республики Казахстан»: от 21 марта 1995 г. №317 // Справочная правовая система «Юрист».

6. Водный кодекс Республики Казахстан от 31 марта 1993 года // Справочная правовая система «Юрист».

7. Закон Республики Казахстан «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира» от 21 октября 1993 года // Ведомости ВС РК. - 1993. - №18. - Ст. 439.

8. Закон Республики Казахстан «О санитарно-эпидемиологическом благополучии населения» от 8 июля 1994 года // Ведомости ВС РК. - 1994. - №8. - Ст. 131.

9. Указ Президента Республики Казахстан «О нефти»: Указ, имеющий силу закона, от 28 июня 1995 года // Ведомости ВС РК.

10. Указ Президента Республики Казахстан «О земле»: Указ, имеющий силу закона, от 22 декабря 1995 года// Справочная правовая система «ЮРИСТ».

11. Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 1996 жылғы 27 қаңтардағы N2828 Заңы // http://adilet. zan. kz/kaz/docs/U960002828_ (қол жеткізген уақыты: 01. 08. 2018).

12. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Положения о государственном контроле за охраной недр в Республике Казахстан»: от 18 октября 1996 года №1284 // Справочная правовая система «ЮРИСТ».

13. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении положения о порядке осуществления государственного контроля за использованием и охраной земель»: от 19 февраля 1997 года №235 // Справочная правовая система «ЮРИСТ».

14. Қазақстан Республикасының «Атом энергиясын пайдалану туралы» 1997 жылғы 14 сәуірдегі N93 Заңы. // http://adilet. zan. kz/kaz/docs/Z970000093_/info 01. 08. 2018.

15. Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 1997 жылғы 15 шілдедегі N 162 Заңы. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж, N 17-18.

16. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрмеңділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығы // http://adilet. zan. kz/kaz/docs/U970003655_ (қол жеткізен уақыты: 01. 08. 2018).

17. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы» 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлығы // http://adilet. zan. kz/kaz/docs/U990000235_/info (қол жеткізген уақыты: 01. 08. 2018).

18. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931Жарлығы. // «Егемен Қазақстан» 2002 жылғы 30 наурыз N 207-208.

19. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212. // «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 19 қаңтар N 12-13 - 23 қаңтар N 15-18

20. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» 2007 жылғы 8 желтоқсандағы N 1201 // Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., N 46, 554-құжат.

21. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы // «Егемен Қазақстан» 2013. 01. 17., № 23-28 (27967); 2013. 01. 18., № 29-33 (27972)

22. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің мәселелері» туралы 2013 жылғы 25 ақпандағы № 172 қаулысы // Қазақстан

Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 17, 302-құжат.

23. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2013 жылғы 29 қазандағы № 677 Жарлығы // «Егемен Қазақстан» 01. 11. 2013 ж. № 244 (28183)

24. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысы // «Егемен Қазақстан» 18. 01. 2014 ж. № 11 (28235)

25. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығы // «Егемен Қазақстан» 07. 08. 2014 ж. № 152 (28376)

26. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығы. // «Егемен Қазақстан» 18. 06. 2019 ж., № 114 (29593)

ПОШАНОВ НҰРСҰЛТАН НҰРБАЙҰЛЫ
Құқықтану мамандығының докторанты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қаласы,
sultan. 86@mail. ru

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Бұл мақалада қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жетілдірудің кейбір мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, бірқатар ғалымдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және мемлекеттік басқару жайлы пікірлері қарастырылған.

Кілт сөздер: қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік экологиялық бақылау, экологиялық бақылауды жетілдіру, мемлекеттік басқару, экологиялық мәселелер.

Резюме. В данной статье рассматриваются некоторые вопросы совершенствования государственного контроля в области охраны окружающей среды. А также ряд мнений ученых о государственном контроле и государственного управления в области охраны окружающей среды.

Ключевые слова: охрана окружающей среды, государственный экологический контроль, совершенствование экологического контроля, государственное управление, экологические проблемы.

Summary. This article discusses some issues of improving state control in the field of environmental protection. As well as a number of opinions of scientists about state control and public administration in the field of environmental protection.

Keywords: environmental protection, state environmental control, improvement of environmental control, public administration, environmental problems.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау мемлекет алдында тұрған стратегиялық міндет болып табылады, оның жүзеге асырылу нәтижесі негізінен мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси, экологиялық жағдайына және дамуына тікелей байланысты. Бұл орайда қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың өзектілігі белгілі.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы [*«Егемен Қазақстан» 2009, N 281*] құқықтық жүйенің, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы даму бағытын айқындайды. Заңнамада құқықтық жүйеге ресми түсініктеме берілмегендіктен, заң энциклопедиясында берілген анықтамаға жүгінеміз *[Тихомирова Л. В., Тихомиров М. Ю., 1997, с. 45]*: құқықтық жүйе - кең мағынада, бұл іштей үйлестірілген, өзара байланысты, әлеуметтік біртекті құқықтық құралдардың (құбылыстар) жиынтығы. Оның көмегімен ресми билік қоғамдық қатынастарға, адамдардың мінез-құлқына реттеушілік-ұйымдастырушылық әсерін тигізеді (бекіту, реттеу, рұқсат беру, міндеттеу, тыйым салу, сендіру және мәжбүрлеу, ынталандыру және т. б.).

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығында «Бірқатар өңірлерде экологиялық қиын жағдай орын алған біздің ел үшін ең өзекті мәселе табиғат қорғау заңнамасын, оның ішінде халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға оны үйлестіру тұрғысында одан әрі жетілдіру мен дамыту болып табылады. Табиғатты қорғау қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында табиғи ресурстарды пайдалану және оларды қорғауды құқықтық реттеу тетіктерінің нақты аражігін ажырату керек. Табиғатты қорғау заңнамасы табиғатты тиімді пайдалануды және экологиялық нормативтерді сақтауды, экологиялық таза өндірістерді дамыту мен азаматтардың қауіпсіз жүріп-тұруын дамытуды ынталандыруға тиіс» деп көрсетілген [*«Егемен Қазақстан» 2009, N 281*]. Біріншіден, мемлекеттік бақылаудың заңнамалық негіздері қоғам дамуы мен экологиялық проблемаларды шешу және халықтың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз етудің қазіргі заманғы талаптарына сай келмейді. Екіншіден, шын мәнінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың жүйесі жеткілікті деңгейде емес. Шамасы, мәселе (мемлекеттік бақылау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына кедергі келтіріп отырған) әдеттегі «мемлекеттік бақылау жүйесі» ұғымының күнделікті өмірде өз дәрежесінде қолданылмауы (қоршаған ортаны қорғау саласына негізсіз енгізілген ұғым сияқты), оның шынайы түрдегі көрінісінің мәнін ашпайды. Яғни, тұжырымдамада келтірілген мәселелер қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы, табиғи ресурстарды пайдалану және оларды қорғауды құқықтық реттеу саласын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді [*«Егемен Қазақстан» 2009, N 283*].

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұжырымдамасы туралы» Жарлығында мынадай мәселелердің өзектілігі айтылған: Қазақстанда

мемлекеттік басқару жүйесін дамыту тиімді де жинақы мемлекеттік аппарат құруға жаңа басқару технологияларын енгізуге, әкімшілік рәсімдерді жетілдіруге бағытталған әкімшілік реформаны құқықтық қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Ал бұл - құқықтың әкімшілік тәрізді саласын реттеу аясы, оның маңызды міндеті - биліктің барлық деңгейінде мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Осыған байланысты мемлекеттік басқару саласындағы әкімшілік құқық:

- мемлекеттік органдар арасындағы құзыретті ұтымды және нақты бөлуді қамтамасыз етуге;

- нарықтық экономика жағдайында артық мемлекеттік реттеуді, оның ішінде бақылау-қадағалау функцияларын болдырмауға;

- биліктің атқарушы тармағы органдарының мемлекеттік функцияларды іске асыруының шарты мен тәртібін регламенттеуге;

- мемлекеттік басқару органдарының азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге және ұйымдастыруға бағытталуы тиіс [*«Егемен Қазақстан» 2009, N 281*].

Мемлекеттік басқару – бұл мемлекеттік құрылым нысаны мен саяси жүйенің туындысы, сонымен бірге тәуелсіздік маңызға да ие. Мемлекеттік басқару жүйесінің пәні – өзара ортақ саяси және экономикалық жүйемен байланысты адамдардың өндірістік, әлеуметтік және рухани өміріне әсер етудің нысандары мен әдістерін қамтиды. Мемлекеттік басқару мемлекеттің саясатын жүзеге асыру, оның мүдделерін қамтамасыз ету бойынша іс жүзіндегі іс-шаралармен сипатталады. Сонымен бірге, ұйымдастыру, үйлестіру, талдау, бақылау және т. б. функциялар жүзеге асырылады.

А. В. Пикулькинның пікірінше, саясат – мемлекетті басқару өнері, мемлекеттік істерді жүргізу, билік органдары қызметінің мәні *[Пикулькин А. В., 2001, с. 15]*. Саясат әрқашан белгілі бір мүдделерді бейнелейді, қоғамның экономикалық жағдайымен анықталады және даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін болса, тиімді болады. Мемлекеттік саясатты іске асыру қоғамның барлық салаларының күшімен атқарушы биліктің негізгі рөлімен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін нақты шараларды жүзеге асыруда көрініс табады. Іске асыру тетігі реттелетін объектіге әсер ететін нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық құралдар мен әдістерді қамтиды және тиісті шешімдерді әзірлеуді, басқару құрылымдарын құруды, қажетті ресурстардың болуын қамтиды *[Пикулькин А. В., 2001, с. 16]*. Мемлекеттік саясатты іске асыру үшін мемлекеттік билік органдары тиісті бағдарламаларды әзірлейді, қажетті ресурстарды жұмылдырады, қатысушылардың жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді.

Д. Л. Байдельдинов пен А. Оспанов Қазақстан Республикасындағы табиғатты қорғаудың конституциялық негіздерін қарастыра отырып, Қазақстан Республикасының экологиялық саясаты мемлекеттік, ұзақ мерзімді бағдарлама ретінде әлі құрылған жоқ, қалыптаспаған және құқықтық мәртебеге ие емес, қалыптасу сатысында тұр, деген қорытындыға келген болатын *[Байдельдинов Д. Л., Оспанов А., 2000, с. 45]*.

Жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатты және экологиялық құқықтың жағдайын талдай келе, М. М. Бринчук Ресейдегі қалыптасқан экологиялық жағдайдың негізгі себептері ретінде мыналарды атап көрсетті: 1) қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті тиімді және дәйекті түрде жүзеге асыруда мемлекеттің саяси ерік-жігерінің жеткіліксіздігі немесе болмауы; 2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтық актілер мен заңнамалардың жеткіліксіз дамуы. Қабылданған заңдарда елеулі кемшіліктер бар: декларативті ережелердің көптігі; экологиялық нормалау, лицензиялау, қоршаған ортаға әсерді бағалау, экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу рәсімдерінің нашар реттелуі; нормативтік талаптарды орындаудың тиімді тетіктерінің жоқтығы. 3) қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудегі кемшіліктер. Мұнда, ең алдымен, аталған ортадағы заңнаманың талаптарын орындауды ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге арналған арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың жүйесі туралы айтылады; 4) өткен кезеңдердегі қоғам дамуындағы сияқты, адамның экологиялық қажеттіліктерімен және табиғаттың экологиялық мүмкіндіктерімен санаспай, экономиканың дамуына және экономикалық мүдделерді қанағаттандыруға басымдық беріледі; 5) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар мен бағдарламаларды қаржыландырудың жетіспеушілігі; 6) эколог-мамандардың жетіспеушілігі; 7) құқықтық сананың, экологиялық білімнің және экологиялық мәдениет деңгейінің өте төмендігі.

Жоғарыда келтірілгендердің көбісі қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылауды жетілдіру және дамыту мәселелеріне қатысты айтылған. Осы айтылғандардың біраз бөлігі Қазақстанда да орын алып отыр.

Экологиялық саясатты жоспарлау кезінде (жалпы, кез келген басқа саясат сияқты) әртүрлі шешімдердің экологиялық, экономикалық және әлеуметтік зардаптарын өлшеуге мүмкіндік беретін жүйелі тәсіл ұсынылады. Экологиялық саясат қашан, кімнің және қандай шығындармен қол жеткізуге болатындығын нақты анықтауы керек [*Ноосфера, 1996. - №1 с. 19*].

А. М. Бобылевтың пікірінше, табиғатты пайдаланудың нысаналы реттелуі (жер, су, орман кодекстері, жер қойнауы, жануарлар дүниесі, атмосфералық ауаны қорғау туралы заңдар және т.

б.) табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау ғана емес, сондай-ақ бақылауды жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын құруға мүмкіндік бермеді *[Бобылев А. М., 2000, с. 127]*. А. М. Бобылев, қазіргі заманғы басқаруды жетілдіру мәселелерін шешу үшін, фунуционалдық басқарумен қатар, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалық басқаруды қолдануды жөн деп санайды. Яғни, нақты табиғи объектілерге (орман, су, атмосфералық ауа және т. б.) немесе қоршаған ортаға теріс әсердің нақты бір түріне (пестицидтер, радиация және т. б.) арналған экологиялық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға негізделген бағдарламалық басқаруды қолдану керек деп есептейді *[Бобылев А. М., 2000, с. 128]*.

А. С. Ахметовтың пікірінше, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы басқарудың бағдарламалық әдісін қолдану, басқарудың тиімділігін арттыру мен дамудың прогрессивті бағыты болып табылады. Кеңінен қолданылуына қарамастан, қазіргі кезеңде бағдарламалық-мақсаттық әдіс әдістемелік жағынан жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген. Бұл ең алдымен, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдаланудың тиімділігі мақсаттарына жетуге бағытталған, тиісті жүйелік модельді іске асыру өнімдері ретінде мақсатты бағдарламаларды әзірлеу және енгізу идеясына қатысты *[Ахметов А. С., 2002, с. 90]*.

Жақында өткен халықаралық форумдардың материалдары бойынша, басымдықтардың бірі экономикалық және әлеуметтік реформалар стратегиясында экологиялық фактор рөлін күшейту болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарының (ҚОГҰІЖ) негізгі идеясы табиғат қорғау қызметін экономикалық және әлеуметтік саясатқа интеграциялау болды. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары Қазақстан Республикасы Конституциясының (1995) «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» дейтін 31-бабына негізделеді. ҚОГҰІЖ ұлттық деңгейде бүгінгі күннің өзекті басымдықты проблемаларын көрсетеді, алайда оны елде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық және экологиялық өзгерістерді, сондай-ақ денсаулық жағдайы мен қоршаған ортаның жекелеген сапалық көрсеткіштерінің өзгерістерін ескере отырып, іске асыру барысында түзетіп отыру қажет. ҚОГҰІЖ-дің мақсаты – халықтың денсаулығын қамтамасыз ету үшін мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуы қағидаттарының негізінде таза қоршаған ортаны қалыптастыру болып табылады [8]. Жалпы алғанда, ҚОГҰІЖ-ді мемлекеттің экологиялық менеджментінің жаңа деңгейі, оның жеке сектормен және халықаралық донорлармен серіктестігі ретінде анықтауға болады [9].

А. В. Пикулькиннің пікірі бойынша, мемлекеттік басқару функциялары ретінде, болжау (дамудың бағыттары туралы ғылыми негізделген ұсынымдар жүйесі), жоспарлау (мақсатты кешенді бағдарламаларды әзірлеу түрінде жүзеге асырылатын), шешім қабылдау және т. б. жиі қолданылады. Бұл жағдайда А. В. Пикулькин, мемлекеттік басқарудағы мақсат пен құралдардың орнын ауыстырып алмау маңызды деп есептейді *[Пикулькин А. В., 2001, с. 61]*.

Сонымен қатар, С. Д. Бекишева қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару функцияларына төмендегілерді жатқызады: 1) экологиялық ақпаратты жинау, оны талдау және бағалау; 2) табиғи ресурстарды мемлекеттік есепке алу және мемлекеттік кадастрларды жүргізу; 3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау; 4) осы саладағы басқаруды үйлестіру; 5) құқықшығармашылық; 6) табиғи ресурстарды бөлу және қайта бөлу; 7) табиғи ресурстардың аумақтық-кеңістіктік орналасуы; 8) экологиялық бақылау және қадағалау; 9) экологиялық тәрбие және білім беру *[Бекишева С. Д., 2001, с. 29]*.

Р. Драго, мемлекеттік басқару міндеттеріне – ол арқылы жүзеге асырылуы немесе қамтамасыз етілуі тиіс барлық нәрсенің орындалуын жатқызады *[Драго Р., 1982, с. 112]*. Мемлекеттік басқаруды кеңінен түсіну негізінде Ю. А. Тихомиров мемлекеттік басқару - бұл экономика мен мәдениет салаларын, мемлекет өмірінің басқа да салаларын дамытуға қатысты мемлекеттік органдардың жетекшілігінің, реттеуінің және бақылауының ұйымдасқан процесі, деп атап көрсетеді *[Тихомиров Ю. А., 1995, с. 117]*.

Г. В. Атаманчук [, с. 156], басқаруды – адамдардың тікелей (өзін-өзі басқару түрінде) және арнайы құрылған құрылымдар (мемлекет, қоғамдық бірлестіктер, партиялар, фирмалар, кооперативтер, кәсіпорындар, бірлестіктер, кәсіподақтар және т. б.) арқылы жүзеге асырылатын өздерінің қоғамдық, ұжымдық және топтық өмір сүруіне мақсатты бағытталған және реттеушілік әсер етуі, деп анықтайды.

Мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымының жүйе құрайтын элементі ретінде, мемлекет алдына қойылған мақсаттар мен функцияларды жүзеге асыру үшін ресми түрде құрылған, биліктің біртұтас құрылымы болып табылатын мемлекеттік орган әрекет етеді *[Атаманчук Г. В., 1997, с. 157]*.

Н. Б. Мұхитдинов пен А. Ж. Тукеев *[Мухитдинов Н. Б., Тукеев А. Ж., Мороз С. П., 1992, с. 83]*, басқару үшін, ең алдымен, тиісті мемлекеттік органдардың өздеріне берілген өкілеттіктер арқылы кәсіпорындар, мекемелер, азаматтардың қоғам үшін қажетті саладағы қызметін бағыттайтын биліктік функцияларды жүзеге асыруы тән екендігін атап көрсетеді. Ары қарай, осы ұстанымды

дамыта отырып, Н. Б. Мұхитдинов пен С. П. Мороз, мемлекеттік басқару әрдайым тиісті мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ азаматтардың арасында қалыптасқан қоғамдық қатынастар ретінде көрінеді, деп атап көрсетеді *[Мухитдинов Н. Б., Мороз С. П., Мороз П. Г., 1999, с. 18]*.

М. С. Смиртюковтың монографиясында, мемлекеттік аппарат деп – өздерінің міндеттері, құрылымы мен қызметкерлері, тиісті материалдық-техникалық құралдары бар, белгілі бір құқықтарға ие өзара әрекеттесетін органдар жиынтығы түсініледі *[Смиртюков М. С., 1984, с. 89]*.

Атқарушы биліктің әкімшілік-құқықтық мәртебесі ұжымдық ұйым мәртебесі ретінде үш блоктан тұрады *[Бахрах Д. Н., 1993, с. 39]*: 1) мақсаты, яғни мақсаттары, міндеттері, функциялары, қызметінің қағидалары туралы нормаларды қамтиды. Қоғамдық істерді жүзеге асыру құралы ретінде басқару органы әрқашан жүйе үшін әрекет етуі керек. 2) ұйымдық-құрылымдық, мыналарды реттейтін құқықтық нұсқауларды қамтиды: а) органды қалыптастыру, қайта құру, тарату тәртібі; ә) оның құрылымы; б) желілік және функционалдық бағыныштылық; в) қызмет рәсімдері; г) ұйымдық өзін-өзі басқару құқығы және т. б. ; 3) құзыреттілік, яғни биліктік өкілеттілік пен ведомстволық бағыныстылықтың жиынтығы ретінде. Оны белгілі бір субъектілерге қолданылған (басқа мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға, азаматтарға) функционалдық бөліктен көруге болады (жоспарлау, бақылау саласындағы құзыреттілігі және т. б.).

А. П. Асылбековтың пікірінше, табиғат пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқару – тиісті мемлекеттік органдардың табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік құқығымен айқындалған өз функцияларын жүзеге асыруы болып табылады *[Асылбеков А. П., 1998, с. 125]*.

Сонымен бірге, В. Г. Афанасьев *[Афанасьев В. Г., 1981, с. 46]*, қоғамды басқаруды ғылыми тұрғыда былай анықтады: адамдардың жүйелі, саналы түрде жүзеге асыратын, тұтастай қоғамдық жүйеге немесе оның жекелеген бөліктеріне (өндірістік, әлеуметтік және рухани өмір, экономика салалары және т. б.) мақсатты әсер етуі. Яғни, оның тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық құрылысқа тән объективті заңдылықтарды және прогрессивті үрдістерді тану және пайдалану негізінде адамдардың қоғамдық жүйеге немесе оның жекелеген бөліктеріне әсер етуі. Мемлекеттің барлық органдары арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік басқару саласы кең мағынада мемлекеттік басқару болып табылады. Бұл сала мемлекеттің барлық функцияларын қамтиды *[Безуглов А. А., 1985, с. 126]*. А. А. Безугловтың пікірінше, тар мағынасында мемлекеттік басқару ретінде – тек қана мемлекеттік органдардың атқарушылық-әкімшілік қызметі түсініледі *[Безуглов А. А., 1985, с. 127]*.

Г. В. Атаманчуктың пікірінше, мемлекеттік басқару – адамдардың қоғамдық өміріне мемлекеттің практикалық, ұйымдастырушылық және реттеушілік тұрғыда ықпал етуі ретінде айқындалуы мүмкін. Басқарушылық ықпал ету іс шаралары көбінесе бақыланатын объектілердің қасиеттеріне байланысты болады: 1) өзіндік белсенділік (ішкі қозғаушы күштердің негізінде бақыланатын объектілердің өздігінен қозғалу қабілеті); 2) мақсаттылық (басқарылатын объектілерді мақсатты түрде белгілеу олардың мақсаттарына байланысты нақты мақсаттарға, мақсаттарды қалыптастыруға ықпал ету тетіктерін әзірлеуге, мақсаттарды құрылымға келтіруге және мемлекеттік басқару субъектісінің және бүкіл қоғамның мақсаттарына сәйкес келуіне байланысты олардың мақсаттарына қарай талдау және жіктеу үшін негіз болып табылады); 3) бейімделушілік (табиғи және әлеуметтік өмір жағдайлары мен факторларына бейімделу); 4) өзін-өзі басқару қабілеті (өзінің өмірлік қызметі мен дамуын саналы түрде өзі реттеуі); 5) субъективтік жағдайларға және қоғамдық өмір факторларына тәуелділік (басқарылатын объектілердің жұмыс істеуі мен ұйымдастырылуы барысында көрінеді) *[Атаманчук Г. В., 1997, с. 46]*.

М. Е. Есжанов басқарудың жалпы ұйымдастырушылық және экономикалық түсінігін нақты мақсат пен функцияны жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттің ұйымдастырушылық қызметі ретінде қарастырады *[Есжанов М. Е., 1999, с. 65]*.

Мемлекеттік басқарудың көлемі басқарылатын нысандардың даму деңгейіне байланысты болады. Яғни, басқарылатын нысандардың жоғарыда аталған қасиеттері неғұрлым жоғары және тиімді болса, оларды мемлекеттік басқарудың қажеттілігі соғұрлым аз болады *[Атаманчук Г. В., 1997, с. 35]*. Мемлекеттік басқарудың түрленуінің мұндай жағдайларын да да бақылаудың маңыздылығы өте зор. Яғни, бақылау басқарылатын нысандардың қызметінде пайда болған ауытқуларды уақытында реттеуге мүмкіндік береді.

Б. А. Жетпісбаев басқару тек қана техникалық құралдардың көмегімен ғана емес, сондай-ақ халықтың мінез-құлқын реттеуді және олардың қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық тетік арқылы жүзеге асырылады, деп есептейді *[Жетпісбаев Б. А., 2002, с. 16]*.

Г. В. Атаманчуктың көзқарасы бойынша, мемлекеттік басқарудың қалыптасуы мен жүзеге асырылуының әлеуметтік тетігі мынадай өзара байланысты және дәйекті түрде анықталған қоғамдық құбылыстардың бірыңғай тізбегі арқылы көрінуі мүмкін: «қажеттіліктер - мүдделер - мақсаттар - шешімдер - әрекеттер - нәтижелер» *[Атаманчук Г. В., 1997, с. 78]*.

Әрине, жалпы алғанда, бәрі осылай болады: қоғамның және халықтың қажеттіліктері мен

мүдделері мақсатты қызмет барысында қанағаттандырылады. Дегенмен, біздің ойымызша, жоғарыда келтірілген «тізбекті» мемлекеттік басқарудың қалыптасуы мен жүзеге асырылу тетігіне жатқызуға болмайды. Бұл тізбекті қандай да бір модельге де жатқызуға болмайды. Мүмкін бұл, автордың *[Атаманчук Г. В., 1997, с. 79]*, мақсаттарды белгілеу, шешімдерді қабылдау, іс-қимыл бағдарламасын жасау мен іске асыру және т. б. осындай рәсімдерді қамтитын, қажеттіліктен нәтижеге жету қозғалысының жалпылама сызбасын ұсынуға талпынған әрекеттерінің бірі болар. Барлығының негізі, әрине адамның және қоғамның өмір сүруінің тәсілі ретінде, адамның дүниеге деген белсенді қатынасы ретінде, оның мақсатты өзгеруіне және түрленуіне бағытталған қызмет болып табылады *[Огурцов А. П., Юдин Э. Г., 1972, с. 93]*. Бұл жағдайда қызметтің сипаттамаларына: объективтілік; әлеуметтік, қоғамдықтарихи табиғат; жанамалылық; мақсаттылық; өнімділік және т. б. жатқызылуы мүмкін.

Бұл жағдайда Н. Б. Мұхитдинов пен А. Ж. Тукеев *[Мухитдинов Н. Б., Тукеев А. Ж., Мороз С. П., 1992, с. 46]* өзгеше ұстанымды ұстанады. Олар басқару тек қана ықпал ету емес, сонымен қатар осы типтегі құқықтық қатынастарға қатысушылардың өзара әрекеттестігі, өзара бір-біріне көмектесуі болып табылатындығына назар аударады.

Біздің ойымызша, мемлекеттік басқаруды жүйе ретінде қарастырып, зерттеу арқылы, жүйелік тәсіл негізінде мемлекеттік басқарудың қалыптасуы мен оны жүзеге асыру механизмін ашуға болады. Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, мемлекеттік басқару және бақылау озық болуы керек. Сонымен бірге басқарудың шынайы түрде озық болуы, ең алдымен, жүйелік тәсіл негізінде жүзеге асырылатын бақылау арқылы қамтамасыз етіледі. Сондықтан, озық басқару – озық бақылаудың сенімді және уақтылы деректеріне сүйене отырып, тиімді шешімдер қабылдаудағы мақсатты қызмет ретінде анықталады. Жылдам және сенімді бақылау жүйелік тәсіл негізінде жасалған тұтас бақылау жүйесінің мүмкіндіктері мен әлеуетін пайдалану арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Жүйелік тәсіл – шығындарды барынша азайта отырып, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде, жүйені жобалауға және іске асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан біз озық бақылаудың жаңа түсінігін енгіземіз. Бірақ, ескеретін бір жәйт, оның жүйесі кешенді немесе құрылымдық негізде емес, атап айтқанда жүйелік тәсіл негізінде құрылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы. // «Егемен Қазақстан» 2009 жыл, 28 тамыз, N 281-283 (25680)

2. Тихомирова Л. В., Тихомиров М. Ю. Юридическая энциклопедия / Под ред. М. Ю. Тихомирова. - М. : ЮРИНФОРМЦентр, 1997. – 526 с.

3. Пикулькин А. В. Система государственного управления: Учебник для вузов. - 2-е изд. перераб. и доп. - М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2001. – 399 с.

4. Байдельдинов Д. Л., Оспанов А. Конституционная основа охраны природы Республики Казахстан // Материалы международной научно- практической конференции «5-летие Конституции и законотворческий процесс в Республике Казахстан» 28-29 августа 2000 г. - Астана: Парламента РК, 2000. - С. 44-47.

5. Руководящие принципы комплексного управления природоохранной деятельностью в странах с экономикой переходного периода // Ноосфера (экологический альманах). - Алматы: Даур, 1996. - №1. – 336 с.

6. Бобылев А. М. Проблемы развития экологического права и законодательства // Право и политика. - 2000. - №9. - С. 122-128.

7. Ахметов А. С. О контроле в области охраны окружающей среды. В сб. научных статей «Вопросы формирования, принятия и реализации государственных управленческих решений». - Астана: Изд-во АГС при Президенте РК, 2002. - С. 54-57.

8. «Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 маусымдағы N 878 Қаулысы // Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2000 ж., N 26, 305-құжат.

9. Тезисы коллективного доклада «НПДООС как инструмент политики устойчивого развития Республики Казахстан», 12 ноября 1996 г. - Алматы: КИСИ, 1996. -58 с.

10. Бекишева С. Д. Экологическое право Республики Казахстан. - Караганда: Карагандинский юридичевкий институт МВД имени Баримбека Бейсенова, - 2001. - 44 с.

11. Драго Р. Административная наука. - М. : Прогресс, 1982. – 245 с.

12. Тихомиров Ю. А. Публичное право. Учебник. - М. : Изд-во БЕК, 1995. – 496 с.

13. Атаманчук Г. В. Теория государственного управления. Курс лекций. - М. : Юридическая литература, 1997. – 400 с.

14. Мухитдинов Н. Б., Мороз С. П., Мороз П. Г., Горное право. - Алматы: Жеты-Жаргы, 1999. - 67 с.
15. Мухитдинов Н. Б., Тукеев А. Ж., Мороз С. П. Горное право Республики Казхастан, - Алма-Ата: Жеты-Жаргы, 1992. - 28 с.
16. Смиртюков М. С. Советский государственный аппарат управления: Вопросы организации и деятельности центральных органов. - 2-е изд. перераб и доп. - М. : Политиздат, 1984. – 287 с.
17. Бахрах Д. Н. Административное право. Учебник. Часть общая. - М. : Изд-во БЕК, 1993. – 301 с.
18. Асылбеков А. П. Проблемы правового регулирования экологического контроля в Республике Казахстан: Автореф. дис. канд. юрид. наук. - Алматы, 1998. – 152 с.
19. Афанасьев В. Г. Общество: системность, познание и управление. - М. : Политиздат, 1981. – 180 с.
20. Советское строительство: Учебник / Под ред. Безуглова А. А. - М. : Юридическая литература, 1985. – 544 с.
21. Есжанов М. Е. Проблемы правового регулирования экологического мониторинга в Республике Казахстан: Автореф. дис. канд. юрид. наук. - Алматы, 1999. – 135 с.
22. Жетписбаев Б. А. Аграрное право Республики Казахстан. - Алматы: Жеты-Жаргы, 2002. – 93 с.
23. Огурцов А. П., Юдин Э. Г. Деятельность // Большая советская энциклопедия. - М. : Советская энциклопедия, 1972. - Т. 8. - С180-181.

ПОШАНОВ НҰРСҰЛТАН НҰРБАЙҰЛЫ
Құқықтану мамандығының докторанты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қаласы,
sultan. 86@mail. ru

МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Бұл мақалада қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік экологиялық бақылауды жетілдірудің ұйымдық құқықтық мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру мен оны жетілдіру бойынша ұсыныстар келтіріледі.

Кілт сөздер: қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік экологиялық бақылау, экологиялық бақылауды жетілдіру, экологиялық заңнама, экологиялық мәселелер.

Резюме. В данной статье рассматриваются организационно-правовые вопросы совершенствования государственного экологического контроля в области охраны окружающей среды. Также будут представлены предложения по осуществлению и совершенствованию государственного экологического контроля в области охраны окружающей среды.

Ключевые слова: охрана окружающей среды, государственный экологический контроль, совершенствование экологического контроля, экологическое законодательство, экологические проблемы.

Summary. This article discusses the organizational and legal issues of improving state environmental control in the field of environmental protection. Also, proposals will be presented on the implementation and improvement of state environmental control in the field of environmental protection.

Keywords: environmental protection, state environmental control, improvement of environmental control, environmental legislation, environmental problems.

Қазақстан Республикасының орнықты дамуы, оның халқының өмірі мен денсаулығы сапасының жоғары болуы, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздігі табиғи жүйелер мен қоршаған ортаның тиісті сапасын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі. Ол үшін қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған экология саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және дәйекті түрде жүргізу қажет.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану міндеттерін іске асыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді, әрі нәтижелі бақылау жүргізу, яғни мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиеттік дереккөздерге жүргізілген талдау нәтижелері мемлекеттік бақылаудың қолданылу аясы өте кең екендігін көрсетеді, яғни оны жүзеге асырудың нақты нысандары мен әдістерінің алуан түрі анықталады. Бақылаудың маңыздылығы мынадан көрінеді: оның көмегімен әртүрлі ауытқулар анықталады, олардың себептері мен осы сәйкессіздіктерді келешекте жою үшін ұйымдастырушылық алғышарттар жасалады. Бақылау – алға қойылған міндеттерді шешудің құралы ретінде, қызметтің бір түрі ретінде, жетекшілік қағидасы және т. б. ретінде қарастырылады.


Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 1-бабында: мемлекеттік экологиялық бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі, деп көрсетіледі. Сонымен қатар, аталған кодекстің 111-бабында: қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты – экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады, деп көрсетілген [“*Егемен Қазақстан» 2007*].

Біздің ойымызша, экологиялық бақылау – экологиялық қызметтің құқықтық нысаны ретінде экологиялық заңнаманың сақталуын қамтамасыз ететін, мемлекетпен қарастырылған мәжбүрлеу шараларын қолдану, сондай-ақ осы салада болып жатқан өзгерістерге сәйкес келетін заңнаманы қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жүйесі болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылау - бұл мемлекеттік басқарудың маңызды функциясы. Оны атқарушы биліктің орталық атқару органдары және жергілікті атқару органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Үкімет белгілеген тәртіпте, өз құзыреттеріне сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік экологиялық бақылаудың жекелеген түрлері үшін оны ұйымдастырудың және өткізудің тәртібі бекітілген. Мысалы, экологиялық бақылау; жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау; су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау; жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы бақылау; Қазақстан Республикасының орман заңнамасы саласындағы бақылау; жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы бақылау; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау [*«Егемен Қазақстан» 2007*].

Мемлекеттік басқарудың маңызды функциясы ретінде экологиялық бақылау Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес бірнеше мемлекеттік органдар тарапынан жүзеге асырылады. Олардың тізбесі төмендегі сызбада көрсетілген.



1-Сызба. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі – қоршаған ортаны қорғау, «жасыл экономиканы» дамыту, қалдықтармен жұмыс істеу (коммуналдық, медициналық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда), табиғат ресурстарын қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында басқару процесін үйлестіру, мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласын басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік атқарушы органы болып табылады [2].

Тиімді жүргізілген мемлекеттік экологиялық бақылау қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіндегі кемшіліктерді уақытылы анықтап қана қоймай, сонымен бірге жоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, осы кемшіліктердің себептерін түсіндіріп, олармен байланысты жасырын, айқын емес үрдістерді анықтап, олардың алдын алу бойынша шаралар қолдануға мүмкін береді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырудың мынандай негізгі нысандарын бөліп көрсетуге болады: мемлекеттік есепке алу, байқау, зерттеу, тексеру, қадағалау, аудит және т. б. Бақылаудың аталған түрлерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар және олар әртүрлі бақылау шаралары кезінде айқын көрінеді.

Біздің ойымызша, мемлекеттік экологиялық бақылау дегеніміз – қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды анықтау, алдын-алу және жолын кесу жөніндегі мемлекеттік билік және басқару органдарының нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген қызметі. Ол мемлекеттің біртұтас экологиялық саясатын жүзеге асыруға, табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыруға жағдай жасауға арналған. Сондай-ақ, ол мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Нарықтық экономика жағдайында мемлекет-

тік экологиялық бақылаудың мақсаты – табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны зиянды әсерлерден қорғау, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылаудың маңызды міндеттері мыналар болып табылады:

- барлық мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және азаматтардың табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны ластанудан қорғау жөніндегі заңды талаптарды, жоспарлар мен шараларды орындауын бақылау;

- қоршаған ортаға әсер етудің жол берілетін шекті нормативтерінің сақталуын бақылау;

- қоршаған ортаны қорғауға қатысты заңнаманың басқа да талаптарының орындалуын бақылау.

Олардың тізімін мемлекеттік экологиялық бақылаудың басқа да көптеген міндеттерін ескере отырып жалғастыруға және нақтылауға болады.

Сонымен, біздің пікіріміз бойынша, экологиялық бақылау –экологиялық қызметтің құқықтық нысаны ретінде экологиялық заңнаманың сақталуын, онда қарастырылған мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануды, сондай-ақ осы салада болып жатқан өзгерістерге сәйкес келетін заңнаманы қалыптастыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі болып табылады. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың міндеттері мемлекеттік бақылау органдарының өз құзыреттеріне сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Қазіргі таңда мемлекеттік экологиялық бақылауды одан әрі жетілдірудің өзектілігі күмән тудырмайды, ол бірқатар жағдайлармен алдынала анықталады. Бір жағынан, қоғам өміріндегі экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени және басқа да қатынастарды дамытудың міндетті элементі ретінде мемлекеттік бақылаудың жоғары маңыздылығы тұрса, екінші жағынан құқықтық қамтамасыз етудің жетілмегендігі, жекелеген буындардың (звено) тиімсіз жұмыс жасау факторларының шиеленісуі әсер етеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, ең алдымен мәжбүрлеу мен бағынуға бағытталған мемлекеттік бақылаудың қалыптасқан нысаны көп жағдайда өзін-өзі ақтамады. Қазіргі жағдайда ескертуші, алдын алушы бақылауға, «қызмет көрсету түріндегі бақылауға» көшу қажет.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік экологиялық бақылау шын мәнінде тиімді және экономикалық дамыған елдер деңгейіне сәйкес болуы үшін оны қайта құрылымдау және күшейту керек, сондай-ақ нақты реттелген жүйеге келтіру қажет. Қайта өзгертудің негізгі бағыттарын, мемлекеттік экологиялық бақылау жүйесінің жаңа моделінің басты сипаттамалық белгілерін, оның қазіргі тұжырымдамасын, теориялық және практикалық мәселелерін жан-жақты талдау, бақылау органдары қызметінің заманауи озық отандық және шетелдік тәжірибесін зерделеу негізінде ғана дамытуға болады.

Мемлекеттік экологиялық бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі [*"Егемен Қазақстан» 2007*].

Қазіргі заманғы тәжірибе мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының қызметі өзара байланысты екі бағытта жүруі керек екендігін көрсетеді:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілерге қатысты мемлекеттің бақылау саясатын ырықтандыру, ол субъектілерге көбірек тәуелсіздік пен бастама беру;

2) мемлекеттік органдардың бақылау қызметінің нысандары мен әдістерін дәйекті түрде жетілдіру арқылы қоғамдық өмірдің негізгі әлеуметтік маңызды салаларында бақылаудың тиімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік экологиялық бақылауды жетілдірудің жоғарыда аталған әрбір саласы бойынша отандық мамандардың жинақталған практикалық тәжірибесін пайдалануды, білікті мамандарды тартуды және сенімді ынталандыру жүйесін құруды көздейтін тиісті шаралар кешенін анықтауға болады.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жетілдіру үшін жинақтап алғанда келесі шараларды жүзеге асыруды ұсынамыз:

1. Табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласында атқарушы биліктің орталық атқару органдары арасында көлденеңінен мемлекеттік бақылау объектілері мен өкілеттіктерінің ара-жігін ажырату қажет. Сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында тігінен мемлекеттік бақылау объектілері мен өкілеттіктерінің ара-жігін ажырату қажет.

2. Орталық бақылау органдары мен олардың аумақтық органдарының жергілікті деңгейдегі бақылау органдарымен қызметін және өзара әрекеттесу тәртібін әкімшілік ережелер құру арқылы үйлестіру қажет. Осындай органдардың өзара іс-қимылы туралы келісімдер жасау, тиісінше, орталық және жергілікті мемлекеттік бақылауға жататын, қоршаған ортаға теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызмет объектілерінің тізімдерін жасау қажет. Мысалы, жоспардан тыс тексеру жүргізу қажет болса, бақылау органдары өзара ақпараттық іс-қимыл аясында, қоршаған ортаға залал келтірген тексеру объектісі орталық мемлекеттік экологиялық бақылауға немесе жергілікті мемлекеттік органның бақылауына жататындығын анықтауы керек.

3. Бір объектіні экологиялық бақылаудың бір-

неше деңгейімен бақылауды болдырмау үшін мемлекеттік экологиялық бақылау объектілерінің тізбесін, орталық атқарушы органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бақылау саласындағы өкілеттіктері мен құзыреттерін нақтылау қажет.

4. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру үшін орталық органдар мен жергілікті органдардың, табиғат қорғау органдары мен табиғи ресурстар органдарының, басқару органдарының, бақылау органдары мен құқық қорғау органдары арасындағы бақылау функцияларын нақты ажырату қажет.

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық нормалауды жетілдіру және қоршаған ортаға антропогендік қысымды төмендетудің үздік технологияларын енгізу кезінде, сондай-ақ дәстүрлі емес энергия көздерін, қайта өңделетін ресурстарды (қайталама ресурстар) пайдалану мен қалдықтарды қайта өңдеудің ең озық технологияларын енгізгені үшін шаруашылық субъектілерін экономикалық ынталандыру шараларын енгізу қажет.

6. Өнімдердің, өндіріс процестерінің, пайдалану, сақтау, тасымалдау, сату, қалдықтарды кәдеге жаратудың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттеріне толық сәйкес келетін мемлекеттік экологиялық бақылаудың жаңа әдістерін әзірлеу керек *[Казаченко Г. Б., Самойленко Е. В., 2007, С. 23-26]*. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жетілдіру аясында бақылау жұмыстарының бірыңғай әдістемелік және құқықтық негізін құру қажет.

7. Мемлекеттік экологиялық бақылауды ақпараттық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік экологиялық бақылауға жататын ұйымдардың бірыңғай орталық дерекқорын құру және мемлекеттік экологиялық бақылау субъектілерінің осы ақпарат көздерінен ақпарат алу тәртібін белгілеу қажет.

8. Бақылау органдарының қызметін материалдық-техникалық (оның ішінде әлеуметтік және тұрмыстық) және қаржылық қолдау сапасы мен деңгейін арттыру қажет. Яғни, бақылау органдарының материалдық-техникалық және қаржылық ресурстары жеткілікті болуы керек.

9. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының бақылау қызметінің заңдылығын қамтамасыз ету және тиімділігін арттыру қажет. Өнеркәсіптік шығарындылар, төгінділер және өндірістік қалдықтар арқылы еліміздің экологиялық қауіпсіздігіне негізгі қауіп төндіретін көптеген өндірістік нысандар жеке меншікте болып табылады. Демек, мемлекеттік басқару органдарында сыбайлас жемқорлықтың өсуі мәселесі туындайды. Бұл өз кезегінде бақылаудың тиімсіздігіне алып келеді. Сонымен қатар, бақылау қызметін жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар үшін жаңа «асыраушылар» пайда болады.

10. Экологиялық заңнаманың орындалуына мемлекет тарапынан қатаң бақылау жасалуы керек. Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің экологиялық бақылау деп аталатын тарауына өзгерістер енгізу қажет.

Бақылау органдарының жұмысындағы параллелизм мен қайталануды болдырмау үшін және қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы атқарушы билік органдарының бақылау қызметін нақты үйлестіру үшін кодексте мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының толық тізбесі, олардың өкілеттіктері және ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету тетігі айқындалуы қажет. Бұл бір мемлекеттік органда басқарушылық және реттеуші, сондай-ақ рұқсат беру және бақылау функциялары шоғырланған жағдайда, шамадан тыс мемлекеттік бақылау проблемасын жоюға көмектеседі.

Сонымен қатар, экологиялық қауіпсіздік саласындағы негізгі қауіптерді, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын және мемлекеттік органдар қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттерін анықтайтын, осы саладағы мемлекеттік саясатты дамытудың маңызды басымдықтарын қамтитын экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету стратегиясын жасау қажет деп санаймыз.

11. Мемлекеттік экологиялық бақылау органдарына білікті мамандарды даярлау, аттестаттау және біліктілігін арттыру, кадрлармен қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру үшін біртұтас ғылыми-зерттеу және оқу базасын құру қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттік экологиялық бақылаудың тиімділігін түбегейлі арттыру ғылыми зерттеулерге, нормативтік-әдістемелік өңдеулерге, қосымша қызметкерлерді жалдауға, мамандарды даярлауға және қайта даярлауға, жабдықтар мен техниканы сатып алуға айтарлықтай интеллектуалдық ресурстар мен инвестицияларды талап етеді.

Біздің ойымызша, мамандар санының үнемі қысқартылып отыруына байланысты мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру кезінде білікті кадрлардың жетіспеушілігін жою үшін тәуелсіз және өз жұмыстарына адал экологиялық аудиторларды тартқан жөн. Ол үшін мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік функцияны орындау үшін экологиялық аудит жүргізудің әкімшілік регламенттерін келесі ережелермен толықтырған дұрыс:

- экологиялық қызметтің тиімділігін арттыру бойынша, ішкі экологиялық бақылау және қоршаған ортаны басқару жүйесін дамыту бойынша экологиялық аудиторлардың ұсыныстары мен ескертпелерін орындау әрбір ұйым үшін міндетті болып табылады;

- міндетті экологиялық аудит жүргізу кезіндегі оң қорытынды келесі міндетті экологиялық аудит жүргізудің уақытын үш жылға кейінге қалдыру үшін негіз болып табылады;

- қоршаған ортаға әсер етудің жол берілетін шекті нормативтеріне экологиялық аудит жүргізу кезіндегі оң экологиялық қорытынды мұндай нормативтерді жеңілдетілген түрде белгілеу үшін қолданылады.

Жергілікті жерлерде инспекторлар санының ұлғаюы, оның ішінде экологиялық аудиторларды тарту арқылы штаттан тыс экологиялық инспекторлар институтын енгізу экологиялық заңнамада белгіленген функцияларды жеткілікті деңгейде орындау үшін табиғат қорғау мекемелерін нығайтуға мүмкіндік береді.

Экологиялық аудиторлар мен мемлекеттік инспекторлардың арасындағы өзара іс-қимылды реттейтін жаңа ереженің болуы және онда төмендегідей мәселелердің қамтылуы маңызды қадамдардың бірі болуы мүмкін:

- экологиялық аудиторлар мен мемлекеттік экологиялық бақылаудың мамандандырылған органдары арасындағы қатынастар ережелерінің, аудиторлық материалдар бойынша дауларды келісу тәртібінің, тәжірибе алмасудың көрсетілуі. Сондай-ақ, тексеруді ұйымдастыру тәртібін ғана емес, сонымен қатар, тексеруді жүргізу кезінде экологиялық аудиторлардың әрекет ету тәртібін, белгіленген талаптарға сәйкес сұратылатын құжаттардың тізбесін, тексеруді жүзеге асыру барысында жүргізілетін аналитикалық өлшемдердің түрлерін нақты реттеу қажет;

- мемлекеттік экологиялық бақылау органдары тарапынан экологиялық аудит жүргізудің шарттарын анықтау. Яғни, жүргізілген экологиялық аудитті есепке алудан бастап, экологиялық аудиторлар туралы, олардың жүргізген экологиялық аудиторлық тексерулерінің нәтижелері мен тиімділігі туралы ақпарат жинауға дейінгі аралықты қамтитын мемлекеттік экологиялық бақылау шарттарын анықтау қажет.

Мұндай өзара іс-қимыл мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру жоспарларын бірлесіп жасауға; қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану және экологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын бірлесіп дайындауға; экологиялық талаптардың сақталуын бірлесіп тексеруге негізделуі керек.

Мемлекеттік экологиялық бақылау органдарында штаттан тыс экологиялық аудиторлар институтын енгізу табиғат қорғау мекемелерін заңнамада белгіленген функцияларды жеткілікті деңгейде орындау үшін нығайтуға мүмкіндік береді. Тәуелсіз және адал ниетті экологиялық аудиторлар Қазақстан Республикасында мемлекеттік экологиялық бақылауды жүргізуде нақты көмек көрсете алады. Яғни, мемлекеттік экологиялық бақылау функцияларын тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді және оның нәтижелілігін түбегейлі арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212. // "Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 19 қаңтар N 12-13 - 23 қаңтар N 15-18

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереже» 2019 жылғы 5 шілдедегі №479 қаулысы. //ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі, 31. 07. 2019 ж.

3. Казаченко Г. Б., Самойленко Е. В. Проблемы защиты прав субъектов предпринимательской деятельности при проведении государственного контроля (надзора) // Законодательство и экономика. – 2007. – № 7. – С. 23-26.

ӘОЖ 330. 101

ЧЕКМАРЕВ В. В.
заң ғылымдарының докторы, профессор
Кострома мемлекеттік университеті

СУТБАЕВА Р. О.
PhD докторант
Тұран-Астана университеті

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАР ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕР: ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН ТАЛДАУДА ҚОЛДАНУ

Түйін. Мақалада әлеуметтік-еңбек қатынастары ұғымы, ғалым-экономистердің негізгі теориялық концепциялары және әр түрлі тәсілдер аясында зерттелетін әлеуметтік-еңбек қатынастары берілген.

Түйінді сөздер: әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, әлеуметтік-еңбек қатынастары, формациялық тәсіл, өркениет, еңбек.

Резюме. В статье представлено понятие социально-трудовых отношений, основные теоретические концепции ученых-экономистов и социально-трудовые отношения, которые изучаются в рамках различных подходов.

Ключевые слова: регулирование социально-трудовых отношений, социально-трудовое отношение, формационный подход, цивилизация, труд.

Summary. The article presents the concept of social and labor relations, the main theoretical concepts of scientists-economists and social and labor relations, which are studied in various approaches.

Keywords: regulation of social and labor relations, social and labor relations, formation approach, civilization, labor.

Әлеуметтік-экономикалық түрленулер соңғы жылдары көптеген өзгерістерге ұшыратты. Атап айтқанда қоғамдағы әлеуметтік қатынастар арасындағы өзгерістер және еңбек саласы, соған орай жұмыс күші ғана өзгеріп қоймай, әлеуметтік еңбек іс-қимылының негіздері, тәсілдері, нысандары мен принциптері де өзгерді, әлеуметтік-еңбек қатынастарының жаңа модельдері пайда болды. Алайда бүгінде шағын және орта бизнестегі әлеуметтік-еңбек қатынастарының саласы жеткіліксіз зерттелген сияқты. Мұның бірнеше себептері бар, деректер мен ақпаратқа қол жетімділіктің болмауы, кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы ақпараттарды жасыруы проблемаға алып келді.

Әлеуметтік-еңбек қатынасы – бұл кез келген экономикалық қатынастар негіздерінің негізі. «Әлеуметтік еңбек қатынасы» ғылыми айналымға беріректе кірген. Бұған дейін экономикалық әдебиеттерде «еңбекті басқару» термині кеңінен қолданылған болатын, оның астарында әлеуметтік еңбек қатынастарын басқаруда кіріктірілген.

Үлкен әлеуметтану сөздігінде жазылғандай: «Әлеуметтік зерттеулер сферасында көрсетілгендей, әлеуметтік-еңбек қатынастарын зерттеуде көптеген теориялық қарама-қайшылық бар. Олардың мәні аталған қатынастардың проблеманы шешудегі ұсыныстар белгілі теориямен үздіксіздігімен байланысты»[Вече М.,2001,245б]. Әлеуметтік еңбек қатынастары әртүрлі тәсілдер және концепциялар шеңберінде қаралатыны ерекше жағдай емес.

1) Формациялық тәсіл марксизмнің негізін қалаушылыар – К. Маркс, Ф. Энгельс және В. Лениннмен әзірленген. Аталған тәсілде негізгі түсінік болып қоғамдық-экономикалық формация табылады, өзгеруін әрине бүкіл тарих бағыты анықтайды. Формацияның басты сипаттамалары – базистік қоғам экономикасы және жоғарғы құрылым (мемлекеттік және қоғамдық институттар). Еңбек қатынастары бұнда жұмысшылар мен меншік иелерінің арасындағы қатынас еңбек жағдайы бойынша және және оларды бөлістіру, сол сияқты нәтижесінде олардың мүдделерінің қайшылығы. Субъектілердің мүдделері, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны бойынша, ол өз кезегінде қоғам дамуының тарихи кезеңімен анықталады. К. Маркс экономикалық мәселелерді тарихи және әлеуметтік мәселелерден оқшау қарастыруға болмайды деп тұжырымдайы. Оған Э. Бернс «пайда мен жалақы таза экономикалық термин ретінде қарастыруға болатынын, бірақ абстракциялық емес, нақты өмірді зерттеу міндетін қойған ғалым көп ұзамай пайда мен жалақы мәселелерін кәсіпкерлер мен жұмысшылардың проблемаларына байланысты оларды алған жағдайда ғана соңына дейін түсінуге болатынын түсінеді; ал бұл өз кезегінде біздің қоғамымыз тұрған тарихи кезеңді зерделеуге алып келеді» [Бёрнс Э., 1961,45б].

Формациялық теорияда сөз қоғамды пайдаланушылар мен пайдаланылатын кластарға бөлу негізінде жатқан қоғамдық еңбек бөлінісі туралы болып отыр.

Кластар – бұл бір жолмен өмір сүруге қаражат алатын және тиісінше өзінің сыныптық мүдделері бар адамдар тобы. Феодалдық қоғамда феодалдар өз мүдделерін көздейді: өз иеліктерін кеңейту және бекініс санын арттыру үшін. Бекіністер де өз мүдделеріне ие болды: көбіне өндірісті өзіне, отбасына, қалдырады және бостандыққа ұмтылады, өзіне жұмыс жасау үшін және бостандыққа ұмтылады, өзі үшін жұмыс жасайды және өз өмір сүру жағдайларын өзгерту. Еркін қолөнершілер, көпестер, кәсіпкерлер және алғашқы өндірістік жұмысшылар пайда болды. Ауылда шаруаларды босату процесі болды. Содан кейін өз өндіріс құралдарын иеленген жеке өндіруші біртіндеп фабрикалар мен зауыттарды иеленген капиталистер класына және еңбекақы үшін капиталистерге жұмыс істей бастаған өндірістік жұмыс класына жол берді. Классикалық қақтығыстар өсуде, бірақ капитализмнің ерте даму кезеңдерінде олар негізінен еңбек жағдайлары мен жеке фабрикадағы жалақы мәселелеріне қатысты. Бірақ пролетариат сандық өсуде, жұмысшылар өз ұжымдық мүдделерін қорғап, кәсіподақ қозғалысына белсенді қатысады, жұмысшы класында және өз саяси партиясы пайда болады, бұл, ақыр соңында, өз мүдделерін қорғау үшін өзінің мемлекеттік машинасын жасайтын жаңа класты билікке қоятын елдегі төңкеріске әкеледі.

К. Маркс пікірі бойынша сайып келгенде класстық емес қоғам орнайтынын, бір қоғамның екішісінен қорғау үшін мемлекетте қажеттіліктердің болмайтынын пайымдаған. К. Маркстың бірде-бір жұмысында капитализмнің орнына келуі тиіс қоғамның нақты сипаттамасы жоқ. Бірақ кейбір ерекшеліктері оның шығармаларында көруге болады. Ұсақ өндірушілер мен меншік иелері туралы пайымдай келе, К. Маркс олардың меншігін мемлекетке бірден беруге болмайтынын, олар шаруашылықта маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Олар қайта құрулардан ұтылып, жаңа жүйенің жақтаушысы болуы керек. Ауылдағы жағдай туралы ойлай отырып, Ф. Энгельс ұсынды: «ұсақ шаруаларға қатысты біздің міндетіміз, ең алдымен, олардың жеке өндірісі мен жеке иелігін серіктестік жолмен емес, ал мысал арқылы осы мақсат үшін қоғамдық көмек көрсету туралы ұсыныс жасау»[Маркс К., Энгельс Ф., 1985,414-415б].

Жаңа құрылыс қала мен ауыл арасындағы, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық, ақыл-ой және физикалық еңбек, шығармашылық және рутиндік еңбек, басқарылатын және басқару арасындағы қарама-қайшылықты жеңуге негізделуі тиіс» [Маркс К., Энгельс Ф., 1962,501-525б].

Еңбекті ауыстыру заңы түсінігі бойынша К. Маркс «Капитал» еңбегінің бірінші томында: «... егер еңбектің ауысуы енді тек еңсерілмейтін табиғи заң ретінде және барлық жерде кедергілерге итермелейтін табиғи Заңның соқыр жойғыш күші арқылы ғана жол салса, онда екінші жағынан, ірі өнеркәсіптің өзі өмір мен өлім мәселесін еңбек ауысуын мойындау, сол себепті, жұмысшылардың көпжақты, қоғамдық өндірістің жалпыға ортақ заңы, оны қалыпты жүзеге асыруға еңбек қатынастары бейімделуге тиіс»[Маркс К., 1988, 498-499б].

Дәстүрлі формациялық тәсіл тек экономикалық қатынастар мен өндіріс тәсіліне, жанжалға және сыныптық күреске шоғырлануға сыналады, бұл ретте тұлғаның, рухани және мәдени факторлардың рөлі назарға алынбайды.

Алайда, К. Маркс адамдардың практикалық іс-әрекеті негізінде формаларды ауыстыру барысында идеялар мен әдет-ғұрыптар, заңдар мен моральдық нормалар өзгергенін атап өтті. Бір сатыда моральдық, екінші сатыда аморальды және керісінше болуы мүмкін. Сонымен қатар, идеялар қоғамын ұйымдастырумен байланысты басым көпшілігі сынып идеялары, үстем таптың идеялары болып табылады.

2) Методологиялық формация тәсілі өркениеттік методологиялық өркениетке қарсы ұғым. Алайда, егер бір және басқа тұжырымдаманың негізгі түсініктеріне назар аударсақ, бұл мүлдем дұрыс емес. Марксистер үшін формация - бұл «тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі қоғам, өзіндік ерекшелігі бар қоғам» [Маркс К., Энгельс Ф.,1955-1981,442б]

Н. Я. Данилевскидің анықтамасымен салыстырсақ, «ең бастысы мәдени-тарихи типтерді, діни, әлеуметтік, тұрмыстық, өнеркәсіптік, саяси, ғылыми, көркемдік, бір сөзбен айтқанда, тарихи дамудың өзіндік жоспарларын зерделеуі тиіс» [Данилевский Н. Я.,1991,108б]. Берілген тәсілдің негізгі идеясы мемлекеттің және қоғамның дамуы және қалыптасу негіздемесі тек ғана экономикалық емес, сонымен қатар мәдени, діни факторлар бар екенін көрсетеді. Өркениетті көзқарастың барлық жақтастары адам қоғамының бірлігін терістеуді біріктіреді Н. Я. Данилевский (1822-1885), О. Шпенглер [Шпенглер О.,1993,592б] (1880-1936), А. Тойнби [А. Дж. Тойнби,1991,736б] (1889-1975), өркениеттің бірнеше түрін бөлістіріп қарастырады, мысалы В. Я. Данилевский оны 13 дейді.

Өркениетті көзқарастың жақтаушыларына сәйкес өркениеттің ерекшеліктері және оның шеңберіндегі барлық қарым-қатынастардың, оның ішінде әлеуметтік-еңбек қатынастарының ерекшелігін айқындайды. Яғни еңбекке деген көзқарасты қалыптастыруға ұлттық мәдениет, осы қоғамның құндылықтар жүйесі, еңбек дәстүрлері барынша әсер етеді, олар еңбек саласындағы өзара іс-қимылдың белгілі бір стереотиптерін қалыптастырады.

3) Әлеуметтік мәдени (мәдениеттік) тәсіл өркениеттік тәсілмен тығыз байланыста болған. Бұл тәсілдің орталық түсінігі - мәдениет-дін, дәстүр, материалдық және рухани өмірдің жиынтығы.

Н. И. Лапиннің пікірінше, әлеуметтік-мәдени

көзқарас «қоғамды адамның қызметімен түзілетін және қайта құрылатын мәдениет пен әлеуметтіктің бірлігі ретінде түсіну» деп атады, сонымен қатар автор әлеуметтік деп «әрбір адамның немесе өзге әлеуметтік субъектінің басқа субъектілермен қарым-қатынасының жиынтығы: қызмет процесінде қалыптасатын экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық, саяси қатынастар» деп түсінеді.

Ол әрі қарай жалғастырады: «сіз қоғамды гомо белсенділердің әрекеттері мен әрекеттері нәтижесінде пайда болатын және өзгеретін үлкен, өзін-өзі жеткілікті әлеуметтік-мәдени жүйе ретінде елестете аласыз; оның функциялары мен құрылымдары осы жүйеге кіретін қызмет субъектілерінің қайшылықты қажеттіліктерін, құндылықтары мен мүдделерін теңгерімді қанағаттандыруды қамтамасыз етеді және олардың динамикалық тепе-теңдігі қоғамдық процестердің жиынтығы арқылы жүзеге асырады» [Лапин Н. И., 2000,3-12б].

4) Институционалды тәсіл әлеуметтік және еңбек қатынастарын талдауда тиімді болуы керек, өйткені институттар әлеуметтік және еңбек қатынастары жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Д. Норт былай анықтама береді: «институттар-бұл адамдардың қайталанатын өзара іс-қимылдарын құрылымдайтын, олардың орындалуын қамтамасыз ететін ережелер, механизмдер және тәртіп ережелері» [Норд Д.,1993,71-79б].

Т. Парсонс классикалық институционалдық тәсіл шеңберінде әлеуметтік институтты осы қоғамда іс-әрекет немесе әлеуметтік өзара қарым-қатынас тиісті, заңды немесе күтілетін түрде деп саналатын нормативтік модель ретінде анықтады [Парсонс Т.,2000,144б].

Формальды (ережелер) және формальды емес (дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар) институттардың арақатынасына назар аудару маңызды. В. А. Ядов былай дейді: «әлеуметтік өзара қарым-қатынастардың заңдастырылған нормалары ғана емес, сондай-ақ кеңінен қолданылатын бейресми ережелер институттар болып табылады, яғни өзара іс-қимылды үйлестіреді. Дәстүрлі емес ережелерді әлеуметтік субъектілер (актерлар) ұтымды таңдау негізінде белгілейді және егер жаппай таралумен легитимирленсе және "ережелер жүйесіне қайшы келмесе, заңмен бекітіледі». Бұл ойды жалғастыра отырып, И. Б. Олимпиева «институционалдық тәсілге сәйкес индустриялық қарым-қатынастар әлеуметтік, экономикалық және мәдени заңға сәйкес».

Қазіргі таңда ғалымдар әлеуметтік-еңбек қатынастары субъектілерін талдауға қолданылатын ресурстарды/капиталды жіктеудің жеткілікті санынұсынады. Екі мысал: Н. Е. Тихонова ресурстардың келесі түрлерін бөледі:

1) оның барлық дәстүрлі түрлеріндегі экономикалық (ақша, бизнес, жылжымайтын мүлік);

2) білімі мен дағдыларын қоса алғанда, білік-тілік ресурсы;

3)әлеуметтік (әртүрлі сападағы әлеуметтік байланыстар желісіне қосылуы);

4) билік (немесе әкімшілік ресурс);

5) осы қоғамдастықтағы индивидтердің жағдайы мен мінез-құлқының қандай да бір сипаттамаларының беделіне байланысты символикалық;

6)физиологиялық (жынысы, денсаулығы, еңбекке қабілеттілігі);

7) мәдени, оның ішінде әлеуметтену ерекшеліктері мен өмірдің стильдік сипаттамаларын көрсететін мәдени сұраулардың сипаты;

8) тұлғалық ресурс (еңбек мотивациясы, бастамашылық, орындаушылық).

Одяков С. В. ресурстарды топтастырудың мынадай түрлерін ұсынады:

1) экономикалық (кіріс, жинақжәнебасқалар);

2) саяси (билікке қол жеткізу, саяси шешімдер қабылдауға ықпал ету мүмкіндігі және т. б.);

3) әкімшілік (шенеунік аппаратқа қол жеткізу және әкімшілік шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі);

4) әлеуметтік (әлеуметтік мәртебесі, әлеуметтік желілерге қосылуы, ұлты, білімі және басқалар);

5) кәсіптік-еңбек (кәсіби мәртебесі, кәсіби қауымдастықтарға және т. б.);

6) әлеуметтік мәдени (діни қатыстылық, денсаулық жағдайы, моральдық-адамгершілік қасиеттері, өзара әрекеттесу мәдениеті және т. б.);

7) демографиялық (жынысы, жасы, неке-отбасы жағдайы және т. б.) [Одяков С. В.,2011,266–273б].

Қазіргі таңда еңбектің ғаламдық трансформациясы жүріп жатыр, оның индивидуализациясына және өзін-өзі, оның ішінде әлеуметтік-еңбек саласындағы өзара іс-қимыл желісін қамтамасыз ету қажеттігіне байланысты.

Мүмкіндіктеріне қарай М. Кастельс үш негізгі позицияны бөлістіріп қарастырады:

1) желілік-универсалдар (networkers), олар өз бастамасы бойынша байланыс орнатады (мысалы, компанияның басқа бөлімдерімен бірлесіп жүргізілетін жобалау жұмыстарында) және желілік кәсіпорынның бағытын салады;

2) желілік -операторлар (networked), on-line жұмыс жасайды, бірақ қашан, қалай, неге, кіммен болатыны айқындалмайды;

3) желіден тыс жұмысшылар (switched-off workers), интерактивті емес бір жақты нұсқаулықтармен анықталған өзінің ерекше міндеттеріне байланыстырылған [Кастельс М.,2000,237б]

О. Е. Брунның пікірінше, «желілерге қол жеткізу» деген ұғым маңызды болып табылады. Желілік ұйымның маңызды принципі желіге қосу және желілерден шығару болып табылады [Брун О. Е.,2012,25 б].

В. В. Радаев: «бұл формальды және формальды емес қатынастардың желілері жұмыс табуға,

ақпарат алмасуға, даулы жағдайларды шешуге, сенім негіздерін құруға мүмкіндік береді» деп қосады [Радаев В. В.,2008,526].

Желілік өзара әрекеттестікте аталған эмерженттік қасиеттердің пайда болу сәті маңызды болып табылады. Г. В. Градосельскидің айтуынша, «әлеуметтік бірліктер: адамдар, ұжымдар, ұйымдар және т. б. арасындағы өзара іс-қимыл моделін құрылымдауға көмектеседі» [Градосельская Г. В.,2001,43-75б].

«Әлеуметтік-еңбек қатынастары» ұғымының өзі қазіргі заманғы отандық ғылыми әдебиетте, атап айтқанда, оның мазмұны мен «еңбек қатынастары» ұғымымен арақатынасына қатысты үздіксіз даулар туындатады, оның мазмұны мен «еңбек қатынастары» ұғымымен арақатынасы бойынша (шетелдік авторлар индустриялық қатынастар (industrial relation) немесе еңбек қатынастары (labor relation) терминіне жиі шағымданады.

Бірқатар зерттеушілер бұл ұғымдарды синонимді және ұқсас деп есептейді, басқалары әлеуметтік-еңбек, еңбек қатынастарының бір бөлігі болып табылады деген пікірді қолдайды, үшінші-сі еңбек, әлеуметтік-еңбек қатынастарының құрамдас бөлігі деп есептей отырып, керісінше бекітеді. Біз соңғысымен келісеміз, әлеуметтік-еңбек қатынастары тікелей еңбек қатынастарынан едәуір көп және кеңірек деп есептей отырып.

Егер еңбек қатынастары-бұл бастапқы қатынастар, қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы тікелей еңбек қызметі процесінде қарым-қатынастар болса, онда оларды басқалармен толықтыра отырып, еңбек саласымен, еңбек процесінен тыс қатынастармен, бірақ еңбек қатынастарына әсер ететін «әлеуметтік-еңбек қатынастары» ұғымына әкелеміз.

Бүгінгі күні еңбек және әлеуметтік-еңбек қатынастары субъектілерінің құрамына қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің арасында келіспеушіліктер аз емес. Бірыңғай критерийлері жоқ, бұл еңбек нарығы инфрақұрылымының айналасындағы пікірталастардың да күрделенуінің салдары бар, бұл жағдайды мүлдем шатастырады. Алайда қызметкерлер, жұмыс берушілер және мемлекет-бұл зерттеушілердің көпшілігі осы қатынастардың негізгі, басты субъектілеріне жататын субъектілер.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Үлкен түсіндірме социологиялық сөздік (Collins)//пер с англ. -М.,Вече, АСТ,2001. – Т. 1 (А-О). –245б.

2. Бернс Э., Марксизмге кіріспе / Э. Бернс // ағылшын тілінен аударылған Ж. Ф. Федотов – М.,Шетелдік әдеюиет баспасы, 1961-45б.

3. Маркс, К. и Энгельс, Ф. Таңдамалы шығармалар / К. Маркс, Ф. Энгельс – М. : Политиздат, 1985-414-415б

4. Маркс, К. және Энгельс, Ф. Шығармалар жинағы / К. Маркс, Ф. Энгельс – М. : Политиздат, 1962-501-525.

5. Маркс, К. Капитал / К. Маркс – М., Политиздат, 1988-498-499б

6. Маркс, К., Энгельс, Ф. 50 Шығармалар / К. Маркс, Ф. Энгельс – М., Саяси әдебиеттердің мемлекеттік баспасы, 1955-1981-442б

7. Данилевский Н. Я. Ресей және Еуропа / Н. Я. Данилевский – М., Наука, 1991-108б.

8. Шпенглер О. Европа батуы / О. Шпенглер – Новосибирск, Наука, 1993-592б

9. Тойнби, А. Дж. Тарихты түсіну / А. Дж. Тойнби – М., Прогресс, 1991-736б

10. Лапин, Н. И. Әлеуметтік мәдени тәсіл және әлеуметтік функционалдық құрылымдар / Н. И. Лапин // Әлеуметтік зерттеулер. – 2000-3-12б

11. Норд Д. Институттар және экономикалық даму. Тарихқа кіріспе / Д. Норд // THESIS. – 1993-№2-71-79б

12. Парсонс Т. Әлеуметтік қызметтің құрылымы / Т. Парсонс // В. Ф. Чесноковой и С. А. Белановского – М., Академический проект, 2000. –144б.

13. Одяков, С. В. Әлеуметтік еңбек қатынастарын зерттеудегі әдістеелік проблемалары / С. В. Одяков // ғылыми-теориялық журнал «Гуманитарлық зерттеулердің ғылыми проблемалары». – 2011. – № 9. – 266–273б.

14. Кастельс М. Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам және мәдениет/ М. Кастельс // ағылшын тілінен аударылған – М., ГУ ВШЭ, 2000-237б.

15. Брун О. Е. Әлеуметтік желілердің теориясының дамуы: жергілікті қоғамнан әлемдік қоғамға дейін: автореф. дис... . ә. ғ. к / О. Е. Брун – Москва, 2012. -25б

16. Радаев В. В. Экономикалық әлеуметтану / В. В. Радаев – 2-ші басылым. – М., ЖЭМ баспа үйі, 2008-52б.

17. Градосельская Г. В. Желілік талдау қазіргі тансформациялық зерттеудің әдісі ретінде / ғылыми баяндамалар. – М., Мәскеу ғылыми қоғамдық қоры 2001. -43-7

УДК 81. 161. 1



АБДИХАНОВА Н. А.
Магистр гуманитарных наук, преподаватель
Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан



НАМЕН Қ. Ә.
Магистр гуманитарных наук, преподаватель
Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

КАТЕГОРИЯ МОДАЛЬНОСТИ: ПОНЯТИЕ, ВИДЫ И СРЕДСТВА ВЫРАЖЕНИЯ МОДАЛЬНОСТИ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Түйіндеме: Бұл мақалада орыс тіліндегі модальділік категориясы, модальдік ұғымы, модальділікті білдірудің түрлері мен құралдары қарастырылады. Бұл мәселені неғұрлым толық зерттеу үшін субъективті модальділіктің семантикалық көлемінің сипаттамалары келтірілген. Етістіктер мен модальді сөздердің функцияларына ұқсас модальдық райлар бөлек қарастырылады.

Түйін сөздер: модальдік категория, модальдік етістіктер, модаль дік сөздер, етістік райлары.

Аннотация: В данной статье рассматривается категория модальности, понятие модальности, виды и средства выражения модальности в русском языке. Для наиболее полного изучения данного вопроса, даются характеристики семантического объема субъективной модальности. Отдельно выделяются оттенки модальности, сходные с функциями глагольных наклонений и модальные слова.

Ключевые слова: категория модальности, модальные глаголы, модальные слова, глагольное наклонение.

Abstract: This article discusses the category of modality, the concept of modality, types and means of expressing modality in Russian. For the most complete study of this issue, the characteristics of the semantic volume of subjective modality are given. Shades of modality similar to the functions of verb moods and modal words are highlighted separately.

Keywords: modality category, modal verbs, modal words, verb mood.

ВВЕДЕНИЕ

Своеобразие семантики модальных глаголов, их структурные особенности и их полифункциональность вызывают на протяжении многих лет большой интерес лингвистов. В последнее время уделяется достаточно много внимания средствам выражения модальности в русском языке. Большое внимание ученые уделяли изучению модальных глаголов с точки зрения их места в системе межуровневых средств, так называемых полевых структур. Широкое применение понятия полевой структуры к явлениям грамматики и к вопросам взаимодействия лексики и грамматики привело к тому, что модальные глаголы рассматриваются как конституенты поля модальности, поля времени, побуждения и мак-

рополя косвенной речи. Пожалуй, нет другой категории, о которой высказывалось бы столько противоречивых точек зрения. Многие авторы включают в категорию модальности самые разнородные значения по своей сущности, функциональному назначению и принадлежности к уровням языковой структуры. Между тем проблема модальности и языковых средств её выражения широко обсуждается в языкознании и логике, так как данная категория принадлежит к той области языковых явлений, где их связь с логическим строем и мышлением оказывается наиболее непосредственной. Модальность является важной характеристикой предложения, где выступает в роли языковой единицы, а с другой стороны, она рассматривается в качестве существенного признака суждения как формы мышления. Поэтому анализ языковой категории модальности может производиться лишь в тесной связи с анализом логической категории модальности [1].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Лингвистика прошла долгий и извилистый путь в исследовании модальности, основываясь на достижениях логики, семиотики и психологии. Однако модальность до сих пор не получила полного объяснения в связи с ее многоплановостью, специфичностью языкового выражения и функциональными особенностями. Исследователи дают разные определения категории «модальность». Рассмотрим некоторые понятия.

Ахманова О. С. рассматривает модальность как «понятийную категорию со значением отношения говорящего к содержанию высказывания и отношения содержания высказывания к действительности (отношения сообщаемого к его реальному осуществлению), выражающуюся различными лексическими и грамматическими средствами, например формами наклонения, модальными глаголами и т. д. ». Модальность может иметь значение утверждения, приказания, пожелания, допущения, достоверности, ирреальности и др. В определении О. С. Ахмановой говорится о том, что модальность может иметь несколько значений, одним из которых является достоверность [2]. В предложении говорящий или пишущий оформляет мысль, которую хочет сообщить слушающему или читающему. Предложения отличаются друг от друга по цели высказывания, по эмоциональной окраске, а также по степени истинности или ложности заключенной в них информации, то есть по степени достоверности. В отличие от повествовательных и вопросительных предложений, которые дифференцируются по субъективной модальности, побудительные предложения с глаголом-сказуемым в повелительном наклонении не различаются по степени достоверности передаваемого содержания. В этом предложении модальное слово выражает не степень достоверности, а интенсивность побуждения.

Таким образом, мы имеем три однотипных структуры, три уровня, в каждом из которых имеется своя истина, своя ложь и своя неопределенность. Уровень категоричности высказывания снижается по мере продвижения от знаний к уверенности, а затем к области неуверенности.

Русский словарь иностранных слов дает следующее определение: модальность [фр. Modalite< лат. Modus способ, наклонение] - грамматическая категория, обозначающая отношение содержания предложения к действительности и выражающаяся формами наклонения глагола, интонацией, вводными словами и так далее [3].

Большой энциклопедический словарь «Языкознание» дает следующую формулировку: модальность [от ср. лат. modalis - модальный; лат. modus- мера, способ] - функционально-семантическая категория, выражающая разные виды отношения высказывания к действительности, а также разные виды субъективной квалификации сообщаемого. Модальность является языковой универсалией, она принадлежит к числу основных категорий естественного языка[4].

По словам М. Я. Блоха, модальность - это семантика отношений денотатов к действительности. Модальность не рассматривается как специфическая категория предложения. Это более широкая категория, которая может выявляться как в области грамматико-строевых элементов языка, так и в области его лексико-номинативных элементов. В этом смысле любое слово, выражающее некоторую оценку соотношения называемой субстанции с окружающей реальностью, должно быть признано модальным. Сюда относятся знаменательные слова модально-оценочной семантики, полуслужебные слова вероятности и необходимости, модальные глаголы с их многочисленными вариантами оценочных значений [5].

Особого внимания заслуживают результаты исследования языковой модальности, полученные в трудах Г. А. Золотовой. Она определяет модальность как субъективно-объективное отношение содержания высказывания к действительности с точки зрения его достоверности, реальности, соответствия или несоответствия действительности. «Содержание предложения может соответствовать реальной действительности или не соответствовать ей. Противопоставление этих двух основных модальных значений - модальности реальной (прямой) и модальности нереальной (ирреальной, косвенной, гипотетической, предположительной) и ложится в основу модальной характеристики предложения» [6].

В. В. Виноградов в своем труде «Исследования по русской грамматике» придерживался

концепции о том, что предложение, отражая действительность в ее практическом общественном осознании, выражает отнесенность (отношение) к действительности, поэтому с предложением, с разнообразием его типов тесно связана категория модальности. Каждое предложение включает в себя, как существенный конструктивный признак, модальное значение, то есть содержит в себе указание на отношение к действительности. Он считал, что категория модальности принадлежит к числу основных, центральных языковых категорий, в разных формах, обнаруживающихся в языках разных систем. В. В. Виноградов также отмечал, что содержание категории модальности и формы ее обнаружения исторически изменчивы. Семантическая категория модальности в языках разных систем имеет смешанный лексико-грамматический характер. В языках европейской системы она охватывает всю ткань речи [7].

Если в советском языкознании основоположником концепции модальности был В. В. Виноградов, то в западноевропейской лингвистике эта роль принадлежит Ш. Балли. По мнению швейцарского ученого, «модальность - это душа предложения; как и мысль, она образуется в основном в результате активной операции говорящего субъекта. Следовательно, нельзя придавать значение предложения высказыванию, если в нем не обнаружено, хоть какое-либо выражение модальности». Содержание синтаксической категории модальности в свете теории Ш. Балли соединяет в себе два значения, которые он, по примеру логиков, предлагает называть: 1) диктумом (объективное содержание предложения) и 2) модусом (выражение позиции мыслящего субъекта по отношению к этому содержанию). «Говорящий придает своим мыслям либо объективную, рассудочную форму, максимально соответствующую действительности, либо чаще всего вкладывает в выражение в самых различных дозах эмоциональные элементы; иногда последние отражают чисто личные побуждения говорящего, а иногда видоизменяются под влиянием социальных условий, то есть в зависимости от реального или воображаемого присутствия каких-то других лиц (одного или нескольких)» [8].

Если обратиться с вопросами о модальности в литературе, то выяснится, что они находят освещение лишь в пособиях по грамматике. Британские и американские грамматисты считают, что модальность передается вспомогательными глаголами, выражающими разные виды субъективного отношения к событию или действию. Модальными признаются значения долженствования, возможности, вероятности, сомнения, предположения, просьбы, разрешения, пожелания и другие.

А. Б. Шапиро [9] называет два основных вида модальности с частичным выделением в них некоторых разновидностей:

·реальную, при которой содержание предложения рассматривается как совпадающее с реальной действительностью (речь в данном случае идет о предложениях в утвердительной и отрицательной форме);

·нереальную со следующими разновидностями: а) условность; б) побудительность; в) желательность; г) долженствование и близкие к ней возможность - невозможность.

Анализируя категорию модальности с содержательной стороны, ученый приходит к следующему заключению: «Ничего общего со средствами выражения модальности в предложении не имеют те языковые средства, при помощи которых выражаются эмоции говорящего, а также экспрессивная окраска высказываний. Эмоциональностью могут сопровождаться предложения с самыми разными модальностями: утвердительная и отрицательная модальности могут быть окрашены эмоциями радости, сочувствия, приветливости и, наоборот, эмоциями печали, досады, сожаления; теми же и многими другими эмоциями могут сопровождаться и модальности побудительности, долженствования».

В. В. Виноградов в своем труде «О категории модальности и модальных словах в русском языке» классифицировал средства выражения модальности и «наметил их функциональную иерархию». Он пишет: «Так как предложение, отражая действительность в ее практическом общественном сознании, естественно отражает отнесенность (отношение) содержания речи к действительности, то с предложением, с разнообразием его типов тесно связана категория модальности» [7]. Таким образом, данная категория включается ученым в сферу синтаксиса, где проявляет себя в модальном отношении к действительности с позиции говорящего. Он использует, синонимично, термины «модальные значения», «модальные оттенки», «экспрессивно-модальные оттенки», к которым относит «все то, что связано с отношением говорящего к действительности». Модальными признаются:

Epithet. Epithet has become one of the most beloved and widespread methods of artistic speech. This is because it provides an infinite number of possibilities to give the work emotionality, imagery, author's colouring and additional meaning.

"The writer can use avatars, symbols, hyperbolas

and not use them. He can use the words -troops or avoid them. But whatever his poetic thought, he will never do without epithets. It is impossible to build an artistic image without epithets. Epithets denote the properties of the depicted life. It is impossible to depict the phenomena of life without using words that define and shade the features of the depicted» [ВахрушевВ. С., 1981, 85 б.].

By using epithets in the work, the text acquires its completed forms and colours, receiving them as a result of the cognitive, aesthetically mediated activity of the author. The epithet is necessary for the process of searching for the reflection of an object by a subject in the process of its modelling activity. The properties of the epithet are associated with the features of consciousness itself, its transformative and intentional character, focused on the object.

GabitMusirepov makes extensive use of epithet in his work. Often in the work of G. Musirepov epithet is found in the description of appearance. In The «Ulpan", we see a wide variety of ways to express the epithet. It is expressed by an adjective, noun, participle, qualitative adverb, and descriptive absolute construction. For example:

1. *"Жалпы адам баласының қауымына саудагер дегеннен зұлым жанды адам болмаса керек"*[Мүсірепов Ғ., 2006, 320 б.].

2. Шойнақ шалды басынып, алып қашуға келгендерін көрмейсің бе?-Артықбай тағы да ауыр күрсініп тоқтады[Мүсірепов Ғ., 2006, 350 б.].

3. Уысың талар жуан бұрымының астынан мойны ағараңдады[Мүсірепов Ғ., 2006, 347 б.].

4. Үшінші мосқалдау ақын Есенейді танып қойды да:-ассалаумағалейкум, Есеней аға!-деді [Мүсірепов Ғ., 2006, 469 б.].

5. Қартаң билер ақсақалдарын қабырғаға сүйеп, аяқтарын астарына басып алып, қалың көрпелердің үстіне тізіле отыр [Мүсірепов Ғ., 2006,46 б].

6. Сары қымыз, дәрі қымыз ішіліп болған соң, Есеней Шондығұлға келесі тапсырмасын айтты[Мүсірепов Ғ., 2006, 42 б.].

7. Даусын күміс қоңырау ма дерсің. Балаша еркелейді екен[Мүсірепов Ғ., 2006, 405 б.].

8. Үлбіреген ақ саусақ емес, әр іске үйреніскен қолдары сенімді де оңтайлы қимылдады.

9. Жігіттер төрде отырған дәу қара шұбардың Есеней би екнеін енді білір, майлы қасықпен төбеге ұрған мысықтай жым болды[Мүсірепов Ғ., 2006, 349 б.].

10. Шыңғыс Тілеуімбет биге мұмытпастай бір сабау бергендей оның бетіне ара-тұра қарап қояды. Кер- ауыз қырсық би:

-Бұлар аттарын жатқызып-тұрғызып жүргенде біз де қарап тұрмаспыз!-деді [Мүсірепов Ғ., 2006, 330 б.].

11. Аға сұлтан болғысы келіп бола алмай қалған адамға, екі ұлы бір күнде өліп, содан бері жиырма жыл бойында әйелі бала көтермей қойған адамға жаңағы сөздер мазақтаумен, қорлаумен тең екені жарымсақ аңшы түсінбесе керек [Мүсірепов Ғ., 2006, 320 б.].

The author demonstrates his attitude to all the heroes of the novel, applying colorful epithets in his speech, this allows the reader to imagine their appearance and character. For example, when talking about one of the main characters of the work, Yesenei, G. Musirepov uses the following epithets: «атақты батыр, әділ би діндар адам, қара бурамау".

Солай бола тұрса да, қыздың аты қыз ғой, атақты батыр, аты шулы әділ би атанған Есенейге қыз көзімен бір қарап қалғанын өзіде сезбеген [Мүсірепов Ғ., 2006, 322 б.].

Есеней қазір діндар адам болғанымен бір кезде аса адуын, озбыр би болатын [Мүсірепов Ғ., 2006, 340 б.].

-Сен үшін салдырмаймын ба, қара бурамау![Мүсірепов Ғ.,2006,4206.].

This immediately allows the reader to recreate the image of the hero, his appearance. Drawing the appearance of one of the character of the novel «Vanity Fair» - W. Thackeray describes her face in great detail to readers, resorting to epithets.

He was a fine open-faced boy. [ТеккерейВ. М., 1968, 26 б.].

Thus Thackeray speaks of little Rawdon as a «fine open-faced boy", calls him «generous and soft in the heart".

Metaphor. Carefully selected stylistic techniques contribute to a large extent to complete and accessible disclosure of the inner world of the heroes and the ideological and moral basis of the entire work. Metaphor becomes the dominant lingo-poetic significant stylistic means of realization of images in the novel under study.

The linguistic mechanism for creating a visual image is different in various stylistic techniques. Using the example of the use of metaphors and metonyms in the text, where, in contrast to comparison, two values are combined simultaneously, united by a common seme, with explicitly expressed values, and the common seme also expressed explicitly, which facilitates the process of decoding an image. A metaphor is a more powerful means of creating a vivid visual picture, which is largely due to the specifics of its structural organization.

The metaphor is one of the most common lexical expressive means. This is a word or expression that is used in a figurative meaning based on the similarity of two objects or phenomena on some basis. Unlike comparison, in which both what is compared and what is compared, the metaphor contains only the second that creates compactness and imaginative use of the word.

Below we consider the classification of metaphors with example from the work «VanityFair". As we see the title of this story is obscure, because in

this title the author makes use of one of the most expressive tropes – a metaphor. «Vanity Fair» is an upper class, and this upper class values us. But from another hand we can say that title is clear, because we always try to sell ourselves at a high price in this «Vanity Fair".

Also, the author of the «Ulpan", uses a metaphor to create images of heroes. For instance while creating Yesenei's image author uses metaphors like:

Есеней, сен көлеңкең күндік жерге түсетін бәйтерексің. Мен сенің саяңда шырылдаған бозторғаймын.

Metonymy. Metonymy is afigure of speechthat replaces the name of a thing with the name of something else with which it is closely associated. In a metonymy, the word we use to describe another thing is closely linked to that particular thing, but is not a part of it. Below given example from the novel «Vanity Fair":

Discoverywalks respectfully up to her with Calumny[ТеккерейВ. М., 1968, 165 б.].

The abstract nouns «discovery» and «calumny» are used instead of the names of the persons who were living embodiments of these vices, who were engaged in slander (calumny), in discovering the particulars of other people's life. This transfer of the name of one object to another with which it is in some way connected is known as metonymy. Here it comes very close to allegory and serves to create a physically palpable image of slander and gossip.

G. Musirepov uses the following metonymy in his novel: *Ұзатылып бармай жатып, айналасы бір-ақ қыстың ішінде Есеней сияқты адамның арыстанын илеп- билеп алған қызына Несібелінің таңданбасқа шарасы жоқ еді.*

Yesenei was one of the richest and brutal dictators. Also he is honest and powerful biy(би). Everybody respects him. That's why G. Musirepov uses «*адамның арыстанын"*to describe Yesenei. Because Yesenei is as brave as lion.

Comparison. Comparison, as well as other stylistic devices, is used in the text to enhance its visualization and imagery, creating more vivid, expressive images and emphasizing, emphasizing any significant features of the depicted objects or phenomena, as well as for expressing author's ratings and emotions.

When using comparison in a work, a visual image of two explicitly expressed values of the characterized and characterizing occurs. It should be noted here that comparison is a less powerful means of creating a clear visual picture than a metaphor. On the other hand, the comparison is characterized by the presence of so-called similarity scales, which makes it possible to strengthen or weaken the sign of comparison by replacing comparative words. A characteristic feature of the comparison is that it can clearly emphasize certain aspects, qualities, and features of the object being characterized.

In the novel Ulpan the author expresses his assessment of the protagonist through a comparison.

Таудай Есеней би бола тұра осындай оп-оңайдың ретін таба алмағаны несі?

Есенейдің майақтай-майақтай қара-шұбар саусақтарын ұзаққысып отырып, сүйін алып босатты.

Ұлпан бала мінезді болушы еді, қатты қорыққан екен, жас балаша жылады.

Бір туған аға, інісі жоқ, қыз екенін сезінгеннен кейін де еркек балаша қалыптасқан еркіндеу мінезді.

In his novel, Thackeray uses comparisons to create a humorous effect. One of the most humorous comparisons is that of cleaning a woman's reputation by presenting her at Court as one would clean dirty linen by putting it through the laundry. A countess of sixty is compared with faded street lights.

The author uses vivid comparisons to describe the character of the main characters. Thackeray compares Amelia to a violet, speaks of her nursing the corpse of Love, after George seems to have abandoned her In caring for her father, she appears to Dobbin to walk «into the room as silently as a sunbeam. "Pitt Crawley is «pompous as an undertaker. » When the ladies cry, the author says, «The waterworks again began to play. » Miss Swartz, in fancy garments, is dressed «about as elegantly as a she chimney-sweep on May Day. » Dobbin, on contemplating Becky's flirtation, has «a countenance as glum as an undertaker's. » When Amelia comes out, just before George's departure for battle, holding his sash against her bosom, Thackeray says «the heavy net of crimson dropped like a large stain of blood,» a possible symbol of George's fate.

Conclusion. In this study, we examined the usage of stylistic devices based on the material of the works of «Vanity Fair» by W. Thackeray and «Ulpan» by G. Musirepov. This work analyzes the author's use of such stylistic devices as epithet, metaphor and comparison and their role in the novel. The basis of linguistic means in this novel is represented by epithet, metaphor and comparison. Using these expressive techniques, the authors of the works manage to create vivid and memorable images. W. Thackeray and G. Musirepov, using all kinds of stylistic techniques, not only describe the appearance of their characters but also shows their character, manners and behavior, fully reveals the images of his literary heroes.

Stylistic means are widely used in the works of English literature and are one of the main components of the artistic style. All stylistic means are aimed at enhancing the expressiveness of the images of depicted objects or phenomena, to highlight their most significant features. A stylistic device is an important tool in the process of creating a visual image of the character of a work. With the help of linguistic means, the author characterizes the heroes by recreating a living image. We believe

that it is stylistic devices that are carriers of expressive, vivid and valuable human speech. We have seen that stylistic techniques are an integral part of the fiction.

The novels «Ulpan» and «Vanity Fair» are classic work with catchy images of heroes created using stylistic means. In the work of W. Thackeray and G. Musirepov epithet plays an extremely important role in describing appearance. Using the author's use of bright epithets in the whole work, one can immediately understand his attitude to all the heroes of the novel, imagine their appearance and character. Metaphors in the novel help the author create vivid, catchy images. A metaphor is used to emphasize the most essential sign, create an individual image, produce an emotional effect, and create a mood. The comparison of the heroes of work with objects and phenomena of reality is a very vivid means of evaluating them. It characterizes a person visually and expressively.

Having analyzed the role of stylistic devices in the novels «Ulpan» and «Vanity Fair", we can conclude that linguistic means of expression are a supporting tool in creating a work of art.

REFERENCES:

1. Теккерей В. М. Ярмарка тщеславия. М., 1968.
2. Мүсірепов Ғ. Ұлпан. - Алматы: Раритет, 2006.
3. Вахрушев В. С. Жанр и стиль «Ярмарки тщеславия» У. Теккерея//Взаимодействие методов, жанров и литератур. - Ижевск, 1981.
4. Теккерей У. М. Творчество. Воспоминания. Библиография. Москва, «Книжная палата», 1983.
5. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасындағыфразеологизмдердің стилдік қызметі [электронды ресурс]https://repo. kspi. kz/bitstream/handle/item/ 420/G. Musyrepovtyn
6. [Вахрушев В. С., 1981, 26 б.].

ӘОЖ 81:39



АЙТБАЕВА Н. Қ.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Ағылшын филологиясы кафедрасы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

КУПЕШОВА А. Ж.
Шымкент қаласы филиалының тренері
Педагогикалық шеберлік орталығы

ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ СИНОНИМ ТУДЫРУДАҒЫ РОЛІ

Түйін. Магиялық сенім, соның ішінде сөз сиқырына сену ертеректе қазақ арасында ерекше орын алған, сөз бен тілді сиқырлы, дүлей күш деп танған халық кез келген ұғымның, заттың немесе құбылыстың немесе іс-әрекеттердің белгілі себептермен тыйым салынған атауларының орнына эвфемистік синонимдер қолданған. Мақалада халықтың мәдениетінде сөз магиясына сенушіліктің негізінде қалыптасқан табу мен эвфемизмдердің синоним тудырудағы ролі қарастырылады.

Түйінді сөздер: Табу, эвфемизм, діни наным-сенім,мифтік дүниетаным,магиялық сенім, мифологиялық көне таным-түсінік.

Резюме. Магические верования, в том числе вера в магическую силу слова, занимали особое место среди казахов в прошлом, когда люди распознавали слова и язык как магические, сверхъестественные силы, использовали эвфемистические синонимы вместо названий какого-либо понятия, объекта, явления или действия, которые по какой-то причине были запрещены. В статье рассматривается роль эвфемизмов в создании синонимов, в основе которых лежит вера в магию слов в культуре людей.

Ключевые слова: Табу, эвфемизм, религиозное убеждение-доверие, мифическое мировоззрение, магическоедоверие, мифологическое древнее познание-понятие.

Summary. Magical beliefs and the belief in the magical power of wordshold a special place among Kazakhs in the past, when people considered words and language as magical, supernatural forces, used euphemistic synonyms instead of names of any concept, object, phenomenon or action that for some reason were forbidden. The article discusses the role of euphemisms in creating synonyms based on the belief in the magic of words in the culture of people.

Keywords: Taboo, euphemism, religious belief-trust, mythical worldview, magical trust, mythological ancient knowledge-concept.

Қоғамдық-әлеуметтік жағдайға, әдет-ғұрып, салт-сананың әр түрлілігіне байланысты әр халықтың мәдениетінде сөз магиясына сенушіліктің негізінде қалыптасқан табу мен эвфемизмдер болады. «Табу» деген термин полинезия тілінде «тыйым» деген ұғымды білдіреді және әкиелі» деген ұғымды да қоса қамтиды [Encyclopaedia Britanica,2009, 732 p.]. Демек, табуды жай ғана тыйым емес, киелі нәрсені «аяқ асты етуге болмайды», әйтпесе «оның киесі атады» деген қорқыныштан туындайтын тыйым деп түсіну керек-[Ахметов Ә. Қ., 1995, 26 б.].

Ағылшынның атақты этнологі Джеймс Фрэзер табудың шығу тегін зерттей келе, оның мәдениет пен рухани дамудың төменгі сатыларында қалыптасып, әлемге кең тараған ескі нанымдардың бірі - магиядан туындайтынын дәлелдеген.

Кез келген қоғам тыйымсыз болмайды. Әртүрлі тарихи кезеңдерде тыйымның адам санасында болатындығына қарамастан қоғамдық әлеуметтік мән-маңызы белгілі дәрежеде ұқсас болып келеді. Мысалы, бұрынғы көшпенділер үшін ошақтағы отты су құйып сөндіруге тыйым салатын, яғни бұл – табу.

Сол көшпенділердің бүгінгі ұрпағы үшін көше қиылысындағы бағдаршамның қызыл көзі жанып тұрғанда көшеден өтуге болмаса, бұл да – тыйым. Айырмашылығы бұрынғы адамға қатысты тыйым мифтік діни наным-сеніммен астасып жатса, бүгінгі адамға қатысты тыйым саналы түрде қоғамдық тәртіпті сақтаудан туған. Осы тыйымдардың қоғамдық әлеуметтік мән-маңызында ортақтық бар. Бұрынғы ата-бабамыз да, бүгінгі ұрпақ та тыйымды сақтамаса, өздері өмір сүріп отырған қоғамның талғам-талабымен санаспағандық болар еді. Тыйымның түпкі тамырын мифтік және діни танымнан бастау алады деген ой-тұжырым белгілі. Мұндай ой-тұжырымның күмәнді тұстары бар. [Сейдімбек А., 2008, 242 б.].

Мифтік дүниетаным да, діни дүниетаным да

саналы адамға тән. «Отты шашпа», «Отты баспа»,«Отты су құйып өшірме» деген тыйым түрлері пайда болуы үшін, отты шашса өртеніп кететінін, өртке күйетінін немесе отты қайтып тұтатудың қиын болатыны нақтылы өмірлік тәжірибемен тікелей байланысты. Яғни, отқа байланысты тыйымның мифтік бастауынан бөлек таза практикалық мәні де болған.

Демек, өмірлік тәжірибе жинақталып, тіршілік үрдісі күрделенген сайын тыйымның түрлері де молая түседі. Алайда, адам қоғамы дамып, адамдардың өмірлік тәжірибесі молайған сайын, тыйым атаулының себеп-салдарына қатысты нақтылы өмірлік таным-түсінігі де молыға түседі. Қазақ мифологиясында ертеден келе жатқан нанымдардың белгілері сақталған. Олар: табиғат күштерінің, жаратылыс құбылыстарының жаны бар, олардың иесі бар деп білген. Оларды «киелер» мен «кесірлер»деп екі топқа бөлген [Мыңжан Н., 2005, 68 б.].

«Киелер» адамдар мен жан-жануарларға жақсылық істейді, «кесірлер» ауру-індет, жұт-апат, пәле-қаза таратып, қастық істейді, киелер мен кесірлер үнемі күресіп отырады деп білген. Мысалы, қой иесі – Шопан- ата, жылқы иесі – Қамбар ата, түйенің иесі – Шекшек ата, егіншіліктің иесі – Диқанбаба т. б. Ал төрт түлік малға апат әкеліп, оларды қырғынға ұшырататын *топалаң, қарасан, мәлік* т. б. ауру-індеттер қастық істейтін кесірлер деп танылған.

Бұл киелерді шамдандыруға болмайды, шамдандырған адам оның кәріне жолығады деген сенім болған. Малды мәпелеп күтпесе, орынсыз жәбірлеп қинаса «мал киесіне жаман болады» деседі. Мысалы, «малды ноқтамен ұрма», «малды теппе», «малды зорықтырып қума», «малға қан көрсетпе», т. б. деп келетін тыйымдардың астарында адамдардың тіршілігінің тірегі болған төрт түлік малды кие тұтып, өсіп-өніп тіршілікке береке дарытса екен деген мән жатыр.

Қазақтың ескілікті нанымында жазғытұрым жаңа шыққан көк шөп пен ағаш бұталарының бүрлері – өмірдің үздіксіз жалғасы және өркені. Көк шөпті беталды жұлуға, көкөрім шөпті сындыруға, орманды беталды бүлдіруге болмайды, оның киесі атады. Жапан түзде жалғыз өскен ағаш киелі болады, оған тиісуге болмайды, - дейді. Сөйтіп халық жер бетіндегі өсімдіктерді аялауды дәріптеген.

Қазақта жер өртеу ауыр қылмыс болып саналады. Көкке қарап қарғау жан түршігерлік қатты қарғыс болып есептеледі. Осыдан қазақ ғұрпында көкке, жерге, отқа, күн көзіне, айға және басқа аспан денелеріне сыйыну салты сақталғанын, оларды жаратушы, жарылқаушы деп түсінгенін байқаймыз. Сондықтан болар ата-бабамыз отты жарық нұрдың, күн көзінің нышаны, барлық бәле-жаладан аластайтын киелі зат деп қастерлеген.

Тілімізде «менің үйім» деудің орнына «ошағым» немесе «от жаққан жерім», «бір үй» деудің орнына «бір түтін», «күйеуім» деудің орнына «от ағасы» т. с. сияқты эвфемистік синонимдер сақталған. «Оты өшті», «түтін түтетер қалмады» деген сөздер бір отбасының құруын, ұрпағының үзілуін білдіретін эвфемистік синонимдер. Ата-бабамыз отты үйдің, қазандағы ырыстың қамқоршысы деп санаған, оттың орнын басуға, отты сабауға тыйым салған. Жаңа түскен келінге, кейбір жерлерде күйеу алғаш рет қайын жұртына келгенде отқа май құйдыру салты қазіргі уақытқа дейін сақталған. Малға ауру-індет келгенде, қыстаудан көшкен кезде малды отпен аластататын болған, қазақтың ертедегі түсінігі бойынша қыс бойы отырған қыстау лас болады, онда адамға, малға зиянды кесірлер болады деп ұққан. Қазақтар ырыс-береке мен молшылықтың жаршысы көктемде алғашқы рет күркіреген күн деп қараған. Көктемде алғашқы рет күн күркірегенде аналар үй айналып, шөміш қағып, «сүт көп, көмір аз» деп тілек тілеген [Мыңжан Н., 2005, 75 б.].

«Жаңбыр жауса, шөптің ырысы» деп жаздың жаңбырлы, шөптің шүйгін, ақтың мол болуын аңсайды. Жазда жаңбыр жаумай қуаңшылық болған кездерде, жұрт өзен бойына немесе төбеге жиналып мал сойып «тасаттық» береді, «тасаттыққа» сойылған малдың етін далада асып жеп, «пәле-жаладан сақта», «көктен жаудыр, жерден өндір» деп көкке сыйынады. Айды көргенде: «Ай көрдім аман көрдім, бұрынғыдай заман көрдім, ескі айда есіркей көр, жаңа айда жарылқай көр!» деп айға сыйынады. Ауырған адамдарды сумен ұшықтау, жерұшық жасау - жер мен суға сыйынудың сарқыншақтары. Ертедегі қараңғы адамдар тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі жолында кездескен қиыншылықтарды, тұрмыстың ауыртпашылықтарын әр түрлі ырымдар жасап жеңілдетпек болған.

Бұл үшін олар өздері сыйынатын жаратылыстың алуандаған құбылыстарына жалбарынып тіл қатқан, тілек тілеген, көмек жәрдем сұраған. Магиялық наным бойынша, адамдар кейбір әрекеттердің кесірі немесе зияны тиеді деп бас тартқан немесе ондай әрекеттерге тыйым салған.

Магиялық іс-әрекеттердің осындай екі түрлі мақсатты көздейтінін байқай келе, Дж. Фрэзер оларды оң және теріс магия деп екіге бөлген. Бірінші топқа жататын магиялық іс-әрекеттерді – сиқырлау, арбау, жадылау, ал екінші топтағыларды – табу, яғни тыйымдар деп атаған. Ғалым сонымен қатар сиқырлау мен жадылау негізінде «пәлен әрекетке жеткің келсе, пәлендей әрекет істе» ал табудың, теріс магияның негізінде «пәлендей іс-әрекет істеме, істесең кесірі тиеді немесе бәле-жалаға ұшырайсың» секілді принциптер жатқанын дәлелдейді. Бәле-жаладан сақтанудың екі жолы бар: бірінші жолы – табу, яғни оларға тыйым салып, қарым-қатынасты мүлдем үзіп тастау, екінші жол – магиялық қарсы іс-әрекет жасап, олардың сиқырлы күшін жою.

Көбінесе бәле-жала, кесепат, сәтсіздік, ауру-

індет секілді жамандық тілден басталады деген сенім бар. «Басқа бәле –тілден» деген мақал осының айғағы іспеттес.

Сөз бен тілдің осындай қуатына шексіз сенуінен ертеректе қазақта сөз арқылы бәлені айдау, сөз арқылы жақсылық шақыру әдеттері туған. Қазақ ауыз әдебиетінің ескі нұсқаларына жататын бәдік, бұлт шақыру,күн жайлату өлеңдері мен бүйі,жылан, қара құрт шаққанда айтылатын арбау, байлау өлеңдері де сөз қуатына, сырына сенгендікті көрсетеді.

Магиялық сенім, соның ішінде сөз сиқырына сену ертеректе қазақ арасында ерекше орын алған, сөз бен тілді сиқырлы, дүлей күш деп таныған. Тіл өлгенді де тірілтеді. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не өткір? Сөз өткір. Сөз құдіреті ғажап, алтынды мыс, мысты алтын етіп көрсете алады. Тас жүректі қорғасындай балқытып, балқыған қорғасында тастай ете алады. Кірлі көңілді тазартып, кірсіз көңілді кірлете алады. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады. Сөз құдіреті ақты қара, қараны ақ етуге жетеді.

Көптеген халықтарға тән сөз магиясына сенудің бір айғағы адам есімімен байланысты. Мысалы, қазақтар арасында адамның тірі жүруін, денінің сау болуын оған нәресте кезінде берілетін есіммен тікелей байланыстырған. Жас балаларды тіл-көзден, ауру-сырқаудан сақтау үшін, олардың шын есімдеріне тыйым салып, орнына эвфемистік есімдерді пайдалану қазақтар арасында да сирек кездеспеген. Бұл магиялық наным-нан туындаған, тілге де әсерін тигізетін салт екені байқалады.

Соның айғағы Тұрарбек, Жүзбай, Ұлбосын, Қызтумас, Болдықыз, Сатыпалған т. б. есімдер. Бұрынғы әдет-ғұрып бойынша әйел адамдар жолдасының туған-туысқандарын өз атымен атамай, олардың әрқайсысына (жолына, жасына қарай) өзінше балама ат қоюға мәжбүр болған. Мәселен, Жылқыбай болса *Мінгіш* деп, Қошқарбай болса *Азбан* деп, Бүркітбай болса *Үлкен құс* деп, Тышқанбай болса *Қаптесер* деп, Қарабай болса *Баран* деп, Ақберген болса *Шаңқай* деп атайтын болған [Болғанбаев Ә., 1970, 226 б.].

Ал жазба әдебиетке келсек «Оянған өлкеде» мынандай диалог бар «Манадан ешкімді кездестіре алмай тұрған әйел асығыс болса да аз кідіріп қарай қалған Байшегірге алыстан айғайлап:

- Үлкен кісі, жүзден жиырмасы кем ауылдың жігіттері қайда жатады екен? Білсеңіз жол сілтеп жіберіңізші – деді».

Әйелдің сұрап тұрғаны сексен ауылының жігіттері еді. Мұндай эвфемизмдер осы әйелдердің қолдануымен шектелмейді, ол сол әйелдердің төңірегіндегілер үшін де түсінікті. Сөз жоқ, мұндай сөздер жарастықты қарым-қатынастың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Сөз магиясына сенудің салдарынан туындайтын тыйым тек адам есімімен шектеліп қоймаған. Ел арасында жиі кездесетін қасқырдың «серек құлақ», «қара құлақ», «улыма», «ит-құс» секілді жанама атауларының барлығы сөз магиясына деген нанымның салдарынаан туындаған эвфемистік синонимдер екені даусыз.

Сөз магиясына сенудің себебінен қазақта жыланның атын атамай, тура айтсақ зиянкестік жасайды, шағып алады деп оны «түйме», «түйме бас», «монтаны» деп атаған. Тіпті үйге кірген жыланды өлтірмей, басына ақ құйып, сыртқа шығарып салу салты жиі ұшырасады. Бұл жыланды өлтіруге тыйым салу, басқа жыландарды өшіктіріп алмас үшін жасалатын ырым болса керек. Өйткені қазақ арасында ордалы жыланды өлтіруге қатты қорыққан.

Қазақ тіліндегі табудың кейбір түрлері табиғаттың дүлей күштерімен, жыртқыш аңдармен, жәндіктермен, адамды опат қылатын аурулардың атымен байланысты. Мысалы, қазақ ауылында атын атасақ иесін шамдандырып алуымыз мүмкін деген теріс ұғыммен «шешек» ауруын «әулие,қарасан, мейман» деген, «қызылша» ауруын «қызыл, қызыл көйлек» деген эвфемистік синонимдермен атаған. Қандаланы – *сасық, кебек* деп, жын-шайтанды – *сары бала, теріс табан* деп, жолбарысты – *шері* деп немесе ұрланған малды «ұрланды» деп айтқызбай «қолды болды» деп айтқан. Өйткені *ұрланды, жоғалды* десе мал қайтып табылмайды деп қорқатын. Атамыз қазақ малды «сауылып болды» деп айтпа, «байыды» деп айт деп ескертетін. Отырған адамдарға «кетейік, қайтайық» деудің орнына «көбейейік» деп айтқызатын.

Сол сияқты күн күркіреп, найзағай ойнап, жай түсуінен қорқып, «жай» деген сөзді айтпай оның орнына «жасыл» деген синонимін қолданған. Аңшылар ұстаған аңын «сойды» деп айтпайды, көбінесе «майлады» деп айтады.

Сөз магиясына сенудің тағы бір көрінісі халықты қарғыс пен алғысқа немесе батаға үлкен мән бергендігінен көрінеді. Ғалым Ә. Болғанбаев былай дейді: «Қарғыс пен алғыстың» негізгі идеялары көбінесе діни ұғымдармен тығыз байланысты, кісінің аузынан шыққан алғыс мен қарғыс арқылы адам баласының, жан-жануарлардың өмір-тіршілігін оңайлатуға немесе қиындатуға, ұзартуға немесе қысқартуға болады деген теріс ұғымнан туған.

Ел арасында қарғыс адамға да, малға да айтыла береді. Мәселен адамға байланысты: көктемегір, көгермегір, көбеймегір, көктей солғыр, көмусіз қалғыр, т. с. с. қарғыстар айтылар болса, малға: топалаң келгір, қарасан келгір, жамандатқыр, кебенек келгір деген қарғыстар ауызға ілінеді.

Сондай-ақ *көп жаса, көсегең көгерсін, шаңырағың биік, керегең берік болсын* т. с. с. алғыс пен ақ бата жақсылыққа бастайды деп халық қалай сенсе, қарғыс пен теріс батаға мән беріп, қорқатын болған. Сондықтан осындай қара ниеттер

жүзеге аспасын деген мақсатпен *тілің тасқа, жағыңа жылан жұмыртқаласын* т. с. сияқты дуалы сөздерді қарсы қолданып, «жүйелі қарғыс жүйесін табады, жүйесіз қарғыс иесін табады» деп сенген. Сөздің құдіретіне сенудің тағы бір көрінісі өзінің күнәсіз екенін дәлелдеу үшін *нан ұрсын, көрейін деген қызығымды көрмей қалайын, дәм-тұз ұрсын, көгермейін*деген сияқты толып жатқан сөздерді айтып ант-су ішеді.

Магиялық наным бойынша, өтірік ант ішуге немесе серт беруге тыйым салады және тыйым бұзылса ант атады деген ұғым кеңінен таралған. Сондықтан бұл тыйымды бұзуға әркім-ақ сескенетін болған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Encyclopaedia Britanica, volume 21. London. 1995. 732 p.
2. Ахметов Ә. Қ. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Алматы, 1995. -176 б.
3. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Алматы, 2008. – 242 б.
4. МыңжанН. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, 1994. – 399б.
5. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы, 1970. - 226 б.

ӘОЖ 398. 245



АЙТБАЕВА Н. Қ.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Ағылшын филологиясы кафедрасы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЖЫЛҚЫ МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН НАНЫМ-СЕНІМДЕР ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ АЙНЫМАС БІР БӨЛШЕГІ

Түйін. Жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлері қазақ дүниетанымының айнымас бір бөлшегі. Халықтың көнеден келе жатқан наным-сенімі бойынша, жылқы магиялық күшке, культтік мәнге ие.

Мақалада жылқы малына қатысты әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдердің және салт-дәстүрлердің дүниетанымдық сипаты қарастырылады.

Түйінді сөздер: жылқы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, дүниетаным, мифологиялық көне таным-түсінік, магиялық күш.

Резюме. Наименования, связанные с коневодством, являются бесценным богатством человечества. Они являются составной частью миропознания, мышления и способа передачи мыслей. В статье рассматривается миропознавательная характеристика традиций, обычаев и народных поверий, касающихся коневодства.

Ключевые слова: конь, обычаи, традиции, убеждения, мировоззрение, мифологические древние познания-понятие, магическая сила.

Summary. The appellations, connected with the horse breeding is the invaluable richness of humanity. They are the composite part of world cognition, mentality and the way of conveying the thought. The world cognitive characterestics of traditions, folk customs and popular belief concerning the horse breeding are considered in this article.

Keywords: horse, customs, traditions, beliefs, worldview, mythological ancient knowledge-concept, magic power.

Қазақ ұғымында жылқы желден жаратылған. Ол тәңірдің де, адамның да сүйген түлігі. Сондықтан болар, жылқы түлігі ерекше қасиеттерге, ерекше магиялық (сакралды) күшке ие. Ерте кездегі адамдардың наным-сенімдері мен түсініктері бойынша өздері қолға үйреткен төрт түлік мал, әсіресе жылқы малы құдіреттің күшімен жаратылған.

Жылқы малының *Қамбар ата* немесе *Жылқышы ата* атты өз пірі, өз иесі, киесі бар [Арғынбаев Х., 1969, 170 б.]. Жылқыны қорғап, қолдап-қоршап жүретін – оның өз иесі, сол Қамбар ата (Қамбар//һәмәбар сөзі парсы тілінде «тұқым беруші еркек мал» деген ұғым береді екен).

Қамбар ата жаратушымен, тәңірмен астасып жатқандықтан, онымен тығыз бірлікте болғандықтан, ол әр түрлі қадір-қасиетке, құрметке ие. Яғни ол – күш иесі, оны құрметтесең, оған жалынып жалбарынсаң, жылқың өсіп-өнеді, көп болады, әрі аман болады-мыс. Осыдан келіп, жылқы культі пайда болады. Оны пір тұту, кие тұту ұғымы орнығып, оған байланысты әр қилы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер қалыптасады.

Жылқы түлігіне қатысты төменде біз сөз етелі отырған наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптардың көбі бағзы замандардан, көне дәуірлерден бастау алған ғасырлар бойы өмір сүріп, ертеден келе жатқан байырғы ұғымдар. Оған археологиялық зерттеулердің негізінде алынған ғылыми деректер мен ерте кездерде жартастарға салынған суреттер дәлел бола алады.

Жылқыға байланысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды біз халық ауыз әдебиетінен, батырлар жыры мен дастандардан, аңыз-әңгімелерден, бір сөзбен айтқанда, фольклордан, сондай-ақ, арнайы зерттелген монографиялар мен ғылыми мақалалардан, нақтырақ айтсақ, Ғ. Арғынбаев, Ш. Жанәбілов, Ж. Бабалықұлы, А. Тоқтабай, Ж. Сейітқұлова т. б. ғалымдардың еңбектерінен кездестіреміз.

Мәселен, А. Тоқтабай мен Ж. Сейітқұлованың «Төрт түліктің қасиеті» (2005) деген кітабында жылқы малына байланысты мынандай әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдер, ырымдар аталып көрсетілген:

- Жолға шығар алдында аты құмалақ тастаса, жолының оңға басқаны;
- жолаушы жол жүріп келе жатқанда атының

сауырынан ұрмайды. Себебі жолаушыны жебеп-желейтін Қызыр баба аттың сауырында отырады-мыс;

- қазақ біреуге атын берсе де, жүгенін бермейді; сыпырып алып қалады. Мәні – «береке, байлық басқаға кетпесін» дегендік;

- жылқыны өрісте бере қалса, болмаса біреуге сатса, әлгі жылқының жалынан бір тал қыл жұлып алып, оған оның сілекейін жағып, қалтасына салып алады. Мұның сыры – «ырыс ұрпағыма жұғысты болсын", «байлық өзімізден кетпесін» деген ниет [Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж., 2005, 18-19 бб.].

Қазақта жылқыға байланысты бұлардан басқа да толып жатқан салт-дәстүрлер, ырым-сырымдар көп. Атап айтар болсақ, *айғырдың сауырын майлау, ат майлау, қос майлау, желі майлау* деген сияқты ырымдар күні бүгінге дейін сақталып келе жатыр.

Айғырдың сауырын майлау ырымы – үйірге бірінші рет айғыр қосқанда, *ат майлау* – аты бәйгеден озып келгенде, *қос майлау* – жылқышылар жаңа қонысқа көшіп барып, қос тіккенде жасалынады. Ал *желі майлау* – алғаш бие байлаған күні істелетін ырым. Желінің бір шетіне май жағып, көрші-қолаңдарына шай (тамақ) береді. Сондағы ниет – «ақ мол болсын", «май көп болсын", «асымыздан май үзілмесін» деген ақ тілек. Бұл – «құт, береке, байлық майға тұрақтайды (жұғып қалады)» деген ұғым-түсініктен шыққан болу керек.

Бие байлауға байланысты тағы да бір-екі дәстүр бар. Олар – *қымыз мұрындық* пен *сірге жияр*. *Қымыз мұрындық* – алғашқы қымызға ауылдастарын, көрші-қолаңдарын шақыру дәстүрі. Ал *сірге жияр* – күзде бие ағытылар алдында соңғы қымызға шақыру дәстүрі. Екеуінде де дастарқан жайылып, тамақ беріледі, қымыз құйылады.

Қазақ мал (соғым) сойғанда оның төс шемішегін «ат жүйрік болсын» деп, үйдің маңдайшасына ұрып жапсырады. Ол маңдайшаға жабысса, мал сойған адамның «аты жүйрік болатын болды» деп ырымдаған.

Алыс жолға шығар алдында жолы болуы үшін, аман барып, сау қайтуы (оралуы) үшін, жолға шыққалы отырған адам ырымдап, бір жылқысын құрбандыққа шалатын болған. Оны халық *айтұяқ* деп атайды.

Әдетте құрбандыққа негізінен ақ боз түсті жылқыны, оның ішінде ақ боз түсті биені шалады. Өйткені қазақтар ақ боз түстің сакралдық күші мықты деп есептейді. Халқымыздың байырғы түсінігі бойынша, көк тәңірісі – Күн. Күнге ақ түс тән. Жердегі ақ (боз) түсті жылқы – Күннің шапағаты. Тіліміздегі «боз қасқа шалды", «бозарып таң атты", «ағарып күн шықты", «қызарып күн батты» деген тіркесімдердегі *боз, бозару, ағару, қызару* сөздерінің бәрі де күннің түсі. Халқымыздың ақ жылқыны *ақ* деп атамай, *боз, ақбоз, қызыл, көк* деп атауының сыры осында жатса керек.

Ақ түсті Күннің нұрына балаған ата-бабаларымыз ертеде ауырған адамдарды, азып-тозған, қалжыраған жандарды боз биенің сүтіне шомылдыратын болған. Оған «Алпамыс батыр» жырында батыр жорықтан келген соң, азап көріп, жадап-жүдеген ата-анасын боз биенің сүтіне шомылдырғаны дәлел. Боз биенің сүтіне шомылдырса, адам бойындағы ауру-сырқау, қайғы-қасірет кетеді-мыс [Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж., 2005, 57 б.].

Ә. Ақкөзов: «Жылқының аурудан сақтау үшін *ақ* демей, *боз ат, боз бие деп,* атты *қара* деп атамай, *қарагер, қара торы* деп атайды", – деп жазыпты өзінің кітабында [Ақкөзов Ә., 2005, 117 б.]. Автордың ақ түске байланысты айтқан пікірімен келіскен күнде де, қара түске байланысты айтқан пікірімен келісу қиын. Өйткені қазақ тілінде, біріншіден, *қара ат* деп айта береді. Екіншіден, қара түсте тұрған ешқандай сакралды күш жоқ. Қайта, керісінше, қара түсте «жамандық» реңкі байқалады.

Жаугершілік заманда жаушы ауылға ақ боз ат мініп келсе, ол – жеңістің, ал қара түсті ат мініп келсе, ол – жеңілістің белгісі.

Қазақ ақ түс сияқты көк түсте де магиялық күш бар деп сенеді. Оның сыры, жоғарыда айтқанымыздай, көкке, яғни көк тәңірісіне, аспанға табынудан қалған, тәңірлік діннің ізі екендігі аян. Тіліміздегі *көк қасқа шалды* деген тіркес сол сенімнің ізі. «Қобыланды батыр» жырында баласы жорыққа аттанар алдында ата-анасы «баламыз жорықтан аман-есен оралсын» деген ырыммен көк түсті егіз айғырды құрбандыққа шалады. Мысалы: Егіз туған көк қошқар, Ол да сенің жолыңа. Егіз туған *көк айғыр,* ол да сенің жолыңа (Қобыланды батыр).

Әдетте жылқы егіз тумайды. Егер егіз туа қалса, оны жаман ырымға балап, ондай биені құлынымен қосып, тасып жатқан арынды өзеннен өткізген. Құлынның біреуі не екеуі де суға ағып кетсе, «оны су ағызып кетті, жаманшылықтан құтылдық» деп сенген [Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж., 2005, 45 б.].

Бала дүниеге келгеннен кейін кіндік шеше оның кіндігін кесіп алып, кіндікті жылқының қылымен байлаған. Бұл – «бала аман-есен ер жетіп, атқа мінер азамат болсын» деген тілектің жоралғысы.

Баланы (ұлды) бесікке салғанда, бесік үстіне жүгенді, қамшыны көлденең тастайтын болған. Оның мәні – «өскенде ел қорғайтын батыр бол", «ер азамат бол» деген тілек.

Баланың тұсау кесер тойында да кейде жылқының қылын пайдаланған. Бұл да – «жылқыдай ұшқыр", «жылқыдай қасиетті бол» деген ниеттің белгісі.

Дүниеге келген баланың кім екендігін білдіру үшін де, қазақ жылқыға қатысты сөздерді пайдаланып отырған. Мәселен, *ат ұстар, ноқта ұстар, тізгін ұстар* десе, ол – «ұл туды» деген сөз.

Ал *жылқышы, қырықжеті* десе, ол – «қыз туды» деген сөз.

Бала туа салысымен оған ырым етіп, бір құлын немесе тай арнайды. Оны *бәсіре* деп атайды. Бәсіренің мәні «баламыз аман-есен ер жетіп, бәсіре атына мінетін болсын» деген адал ниет.

Құда түсуге, үйленуге байланысты да жылқыға қатысты әр түрлі жора-жоралғылар бар. Онда да жылқы сан қилы символдық қызмет атқарады.

Айталық, ертеректе құда түсу үшін жігіт жағынан ақ боз атқа мінген адам қыздың әке-шешесіне келеді. Құда түсушінің *ақ боз* атқа мінуінің өзіндік мән-мағынасы бар. Ол «ақ тілеумен келдім", «ниетіміз ақ» дегендіктің нышаны. Сөйтеді де, келген кісі «құдалығымыздың басы осы болсын» деген ишарамен қыз атасына бір жорға байлайды (сыйлайды). «Құдалықтың белгісі болсын"деп, төріне қамшысын іліп кетеді. Егер қыз әкесі айнып қалса, сыйлаған боз жорғасымен қосып қалдырып кеткен қамшысын жігіт жағына қайтарады. Мұны қазақ *қамшы қайтару* деп атаған [3. Нұрғали., 2009, 252 б.]

Ұрын тойға келген күйеу жігіт күмістелген ертұрманы бар бір жақсы атқа мініп келіп, ауылға жақындағанда атынан түсіп, оны қыз әкесіне жолдастарынан жетектетіп жібереді де, өзі сол жерде қалады. Жетектетіп жіберген ат – қыз әкесіне тартылған сыйлық. Егер әлгі ат қыз әкесіне ұнап, оны қабылдар болса, қалыңдықтың сіңлілерінің біреуі әлгі атты кермеге апарып байлайды. Бұл – «жігіттің ауылға келуіне рұқсат» деген белгі. Атты кермеге апарып байлаған қыз артынан *ат байлар* кәдесін алатын болады.

Күйеу жігіт қайын атасына неге астындағы атын берді (сыйлады)?

Астындағы аты ер адамның азамат болғандықтың, ер жеткендіктің белгісі, оның ең басты байлығы. «Міне, мен де ат жалын тартқан азамат болдым, ер жеттім. Сіздер сияқты жасы үлкен адамдардың ауыртпалығын көтеруге жараймын", дегендіктің ишарасы.

Ж. К. Каракузова мен М. Ш. Хасанов өздерінің «Космос казахской культуры» деген еңбектерінде жылқыны жоғары әлемге, сиырды өлілер әлеміне (о дүниеге), ал қойды материалдық әлемге жатқызыпты [Каракузова Ж., Хасанов М., 2008, 32 б.].

Қазақтың дүниетанымы бойынша жылқы шындығында да жоғарғы әлемнің, ата-бабалар әлемінің символы. Оны ежелден бері келе жатқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан анық байқауға болады. Дүниеге келу де, кету де, тіпті үйлену, туған күн сияқты үлкенді-кішілі тойлар да жылқы малынсыз өтпейді.

Өлікті жерлеуге байланысты да жылқы малы анимистік қызмет атқарады. Қайтыс болған адамның қонақасына, азасына, жетісіне, қырқына, жүзіне, жылына арнап сойған жылқыларды былай қойғанда, ертеректе өлген адамның жан серігі болған төл атын «о дүниеге барғанда серік болады» деп, онымен бірге жерлейтін салт болған. Археолог ғалымдар оны бұрын да дәлелдеген, қазір да дәлелдеп жүр. Бұл аз болғандай өлген адамның жанына балаған жүйрігін (бәйге атын) немесе жорғасын тұлдап жіберіп, оның асына соятын салт та әлі күнге дейін сақталып келе жатыр.

Атын бірге жерлеудің культтік мәні: мифологиялық көне таным-түсінік бойынша, жылқы жоғарғы әлемнің (Күннің, Аспанның), ал оның иесі төменгі әлемнің (Жердің) ишарасы. Осы ұғым, осы түсінік жылқы қайтыс болған иесінің рухын о дүниеге (аруақтар әлеміне, тәңірге) апарып салушы, жеткізуші тетік деген әдет-ғұрыпты қалыптастырады. Яғни жылқы бұл жерде жалғастырушылық (медиаторлық) қызмет атқарып тұр.

Ал *ат тұлдау* дегеніміз қайтыс болған адамның жанына балаған жақсы атының жал-құйрығын күзеп, асына союға жіберу деген сөз. Тұлдаған атты ешкім мінбейді.

Қазақ сакралды күшке тек жылқының өзі ғана емес, сонымен бірге оның әр түрлі ат-әбзелдері де магиялық күшке ие деп біледі. Енді соларға қатысты кейбір наным-сенімдер мен салт-дәстүрлерге тоқталалық.

Көнеден келе жатқан дәстүр бойынша, қазақ жылқыға қажетті *құрық, жүген, желі, шылбыр, қыл арқан* сияқты бұйымдарды аяқпен баспаған, үстінен аттап өтпеген. Тоқымды астыға төсеп отыруға тиым салған. Ат байлайтын мама ағашты отқа жағуға болмайды. Олай етсе, кесір болады; жылқының өніп-өсуіне зияны тиеді.

Қазақ жүген мен ноқтаны біреуге бермейді. Берсе, «байлық пен ырыс сол заттармен бірге кетеді» деп ұғады. Әсіресе ноқтаға ерекше мән беріледі.

Ноқта – жылқының (малдың) басына кигізіліп, оны жетектеп жүретін тұрман. Ол «жетекшілік", «басшылық" деген сияқты мәндерге (семантикаға) ие. Қазақ тіліндегі *ноқта ағасы* (басты тұлға, жетекші ру) тіркесінің шығу себебі осы түсінікке байланысты. Халық жазушысы С. Мұқановтың айтуынша, көшкен кезде қазақ көштің алдында бірінші болып жүретін ноқталы көлікті (түйе, ат) отбасының бәйбішесі немесе үлкен ұлы жетектеген [Мұқанов С., 1979, 304 б.].

Қазақтың сенімі бойынша, жылқының қылынан есілген арқанға жылан жуымайды. Айдалаға түнегенде айналасына қыл арқанды шұбалтып тастап, ортасына тоқымды төсеніп, ерді жастанып, төңірегін айыл-тұрманмен қоршап қойып ұйықтайды. Өйткені әлгі заттардың бәріне жылқының тері сіңген.

Құрық та қасиетті құралдардың бірі. Қазақ құрықты еш уақыт жерге тастамайды, ылғи бір нәрсеге сүйеп қояды. Егер ол кездейсоқ жерде жатса, одан аттамаған. Жерден алып, бір нәрсеге сүйеп қояды.

Ер жігіттің қаруы болып саналатын қамшыға байланысты да әдет-ғұрыптар мен наным-сенім-

дер аз емес. Айталық, ер адам қамшысын ешқашан сыртқа тастап кетпейді, өзімен бірге үйге алып кіріп, босағаға қалдырады.

Ал егер босағаға қалдырмай, екі бүктеп, жамбасының астына басып отырса, ол әлгі адамның бір нәрсеге дауласып, араздасып келгендігінің белгісі.

Қазақ тілінде *қамшы тастау* деген тіркес бар. Оның мәні: екі жақ болып, бір нәрсеге таласқан, айтысқан кезде, бидің алдына барып жүгінген кезде сөз кезегін алу үшін, ортаға қамшысын тастау салты болған.

Жылқының тері сіңген тобылғы сапты қамшы бар жерге жын-шайтан, пері, албасты, марту деген сияқты қаскөй күштер жоламайды, деген ұғым қалыптасқан. Сондықтан да, бақсылар жын-періні қуу үшін әдетте қамшыны пайдаланған.

Қазақта *қамшының сабы сынды* деген тіркес «әйелі өлді» деген мағынада қолданылады.

Құдайдан бір нәрсе тілеген кезде мойынға жылқының қыл арқанын немесе қыл шылбырын салып, тілейтін болған. Сонда тілек орындалады-мыс деп түсінеді.

Жолда келе жатып, аттың тағасын тауып алса, «сәттілік болады» деп ырымдап, әлгі тағаны алып келіп, үйдің маңдайшасына қыстырып қояды.

Ат әбзелдерін қасиет тұтқан қазақ халқы «жайдақ ерге мінбе", «ер-тоқымды аударып тастама", «жүгенмен атты ұрма", «жатқан жылқыны аяқпен теппе» деп, ылғи ескертіп отырады.

Қазақ «адамның, малдың түрлі ауруларын жылқының магиялық күшімен емдеуге болады» деген сенімде. Сондықтан болар, емшілер жылқының еті мен майын әр түрлі ауруларға ем ретінде пайдаланып отырған. Суық тиген, үсіп қалған адамның денесін жылқының іш майымен сылаған. Бұл әдіс қазіргі күнде де кең түрде қолданылады.

Сыныққшылар жылқы қазысының майын сынып, қисық бітіп қалған сүйекке таңып, оны жұмсартады да, сүйекті екінші рет сындырып, қайтадан түзетіп салады. Жылқы қазысының осы қасиетіне қарай сыныққшылар жылқы еті мен майын сүйегі сынған, мертіккен адамдарға жегізбеген. Жылқының көкбауырын немесе оның жас терісін ісікке (шиқанға, сыздауыққа) басқан. Жылан шаққан адамға жылқының терін ішкізген, болмаса әлгі жерге жылқының терін жаққан.

Ертеректе сары аурумен, ревматизммен ауырған адамдарды сары немесе құла, болмаса шабдар аттың зәріне шомылдырған деген деректер де бар [Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж., 2005, 151б.].

Жылқының қымызы мен саумалының, етінің емдік қасиеті ертеден-ақ белгілі. Қазақ оны 40 түрлі ауруға ем деп біледі. Патшалық заманда да, кеңес өкіметі кезінде де құрт (туберкулез) ауруымен ауырған Ресейліктер Қазақстанға келіп, қымызбен емделгендігі елдің бәріне аян. Өйткені жылқының еті мен қымызы адамның бойындағы суықты қуады, құртты өлтіреді; саумалы қан тамырларды кеңейтеді, асқазанды тазалайды.

Халқымыз жылқы түлігінің қимыл-қозғалысына, қылығына орай ауа райын да болжап отырған. Білетіндердің айтуына қарағанда, жылқы малы кемінде жарты жылдың ауа райын сезеді екен.

Айталық, қыстың соңғы күндерінде жылқылар оқыранса, жабағылар ішін тартса, онда көктем ерте шығады. Жаз айларында жылқы топталып жайылса, онда қыс жылы болады. Ал шашырап жайылса, қыс қатал болады. Күзде жабағылар жерден бас алмай көп жайылса, қыс ерте түседі. Қыста жылқы топталып жайылса, оқыранса, онда боран болады, қар жауады.

Суатқа келе жатқан жылқылар ойнақтаса, ауа райы бұзылады: боран болады, аяз түседі. Жылқы түнде көп пысқырынса, жаңбыр жауады т. б. [Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж., 2005, 71-74 б.].

Қысқасы, жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлері қазақ дүниетанымының айнымас бір бөлшегі. Халықтың көнеден келе жатқан наным-сенімі бойынша, жылқы магиялық күшке, культтік мәнге ие.

Мұндай ұғым-түсініктер жылқының өзінде де, түр-түсі мен ащы терінде де, қала берді оған қажетті ер-тұрмандар мен құрал-саймандарда да сакралды күш бар деп біліп, олардың тылсым күшіне, магиялық әсеріне сенуден туған. Ендеше, бұл сияқты халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді жинау, оларды құрметтеу және сақтау туған халқымыздың дүниетанымын, рухани мәдениетін құрметтеу болып табылатындығы сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы, 1969. - 170 б.
2. Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. Алматы, 2005. – 190 б.
3. Каракузова Ж., Хасанов М. Космос казахской культуры. Алматы, 2008. – 78 с.
4. Аққозов Ә. Сапалық сын есімдердің семантикасы. Алматы, 2005. – 168 б.
5. Күйеу келтір, қыз ұзат / Құраст. З. Нұрғали. Алматы, 2009. - 252 б.
6. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы, 1979. - 304 б.

ӘОЖ82. 03; 82:81’255. 2

АХМЕТОВА Ж. А.
PhD докторант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АБЛАЕВА Р. Б.
магистр-оқытушы
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҰЛЫ АБАЙДЫ ТАНУ ЖӘНЕ ТАНЫТУ АРНАЛАРЫ

Түйін. Биыл қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының мерейтойы – ақынның туғанына 175 жыл толды. Ол – қазақ әдебиетін бұрын-соңды болмаған биікке көтеріп, жазба әдебиетінің негізін қалаушы, өлең сөз реформаторы, әлеуметтік-философиялық ой-толғамдар арқылы тыңдаушыларының өресін биіктетіп келе жатқан ағартушы данышпан. Мақалада Абай Құнанбаевтың бүгінгі таңдағы әлем елдеріне танылу деңгейі сөз болады. Ұлы ақынның ұлылығын алғаш танып, кейіннен Абайтану деген сүбелі ғылым саласының негізін қалаған Алаш қайраткерлері екендігі зерделенеді. Қазіргі таңда Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет деген Президентіміз Қ. Тоқаевтың ел алдына қойып отырған міндеттерінің орындалу мүмкіндіктері,яғни ақын шығармаларын сапалы да ұлы ақын деңгейінде аудару мәселелері сөз болады.

Түйінді сөздер: Абай Құнанбайұлы, Алаш қайраткерлері, аударма, «Абай жолы», аударма теориясы, қара сөздер.

Резюме. В этом году исполняется 175 лет со дня рождения великого казахского поэта Абая Кунанбайулы. Он – основатель письменной литературы, реформатор стихотворного слова, просветитель, возвышающий слушателей через свои социально-философские мысли, гениальный мыслитель, который поднял казахскую литературу на небывалую высоту. В статье рассматривается уровень осведомленностисовременных стран мира об Абае Кунанбайулы. Раскрывается, что первыми, кто познал величие великого поэта и были основоположниками фундаментальной отрасли литературоведения Абаяведение являются деятели Алаша. Речь идет о возможностях выполнения задач, которые ставит перед страной Президент К. Токаев о широком представлении Абая мировому сообществу как нового бренда Казахстана, то есть о качественных переводах произведений Абая на уровне великого поэта.

Ключевые слова: Абай Кунанбайулы, деятели Алаша, перевод, «Путь Абая», теория перевода, слова назидания.

Summary. This year marks the 175th anniversary of the birth of the great Kazakh poet AbayKunanbayuly. He is the founder of written literature, a reformer of the poetic word, an educator, a genius thinker who raised Kazakh literature to an unprecedented height, elevating listeners through his socio-philosophical thoughts. The article examines the level of awareness of modern countries aboutAbayKunanbayuly. It is revealed that the first who knew the greatness of the great poet and were the founders’os the fundamental branch of literary studies Abay studies are the figures of Alash. We are talking about the possibilities of fulfilling the tasks set for the country by President K. Tokayev about the wide presentation of Abay to the world community as a new brand of Kazakhstan, that is, about high-quality translations of Abay’s works at the level of the great poet.

Keywords: AbayKunanbayuly, Alash figures, translation, «The Way of Abay», translation theory, words of edification.

Биыл қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл. Абай Құнанбайұлы – күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлаған қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер [1]. Ол – қазақ әдебиетін бұрын-соңды болмаған биікке көтеріп, жазба әдебиетінің негізін қалаушы, өлең сөз реформаторы, әлеуметтік-философиялық ой-толғамдар арқылы тыңдаушыларының өресін биіктетіп келе жатқан ағартушы данышпан. «... Ол қазақтың әдебиет көгінде күндей жарқырап, алтын шапағын шашып жіберді де, осы жарығымен өзге ақындар творчествосын тасалап тастады. Ол осыншалық озық ойға, идеяға, мазмұнға, терең сезімге, кереметтей көркемдік түрге, аса бай шебер оралымды тілге құрылған шығармаларымен – мүлде жаңа әдебиет жасауымен өзіне дейінгі әдеби ортадан өте үздік суырылып шығып, сондайлық биіктеп көтеріліп кетті» [2. 59-б.]. Абай көшпелілер әлемінің көркем ойлау жүйесін адамзаттық парасат деңгейіне көтерді.

XIX ғасырда Абай өлеңдері халыққа үш түрлі жолмен тарап отырған: біріншісі – ауызша, екіншісі – хат танитындарының бір-бірінен көшіруі

арқылы, үшіншісі – сирек те болса баспасөз арқылы. Мысалы, ақынның «Жаз» өлеңі қазақтың алғашқы газеттерінің бірі «Дала уалаятының газетінің» 1889 жылғы санында Көкбай ақын атымен жарияланғаны белгілі. Ал XX ғасырда «өлмейтұғын артында із қалдырған» ақынның екінші өмірі басталады. 1909 жылы Абайдыңнемере інісі Кәкітай Ысқақұлы мен ұлы Тұрағұл Құнанбаевтар Петербургте ақынның алғашқы өмірбаяны мен өлеңдерін жинап, бастырған. Бұл жинақтың шығуы қазақ ақындарының шығармашылығына керемет ықпал еткен, ақынның қазақтың өлең құрылысы мен мазмұнына әкелген жаңалықтары оны жас ақындардың үлгі тұтар ұстазына айналдырады. Себебі «ұлы ақынның шығармаларында ойшылдық пен суретшілдік ажырамас бірлік тауып, аса маңызды қоғамдық, адамзаттық, халықтық мәселелерді терең толғайтын жаңа сапалы поэзияның тууына негіз болды» [3. 287-б.].

«... Абай Құнанбайұлының әдеби тілдің дамуына қосқан үлесін осындай көркем сөз дүниесі шеберлігінің нәтижесінде танылғанын көреміз. Бұл ұлы ақынның қазақ әдеби тілінің қалыптасуына алғашқы бастамалардың бірі болса, екіншіден, көркем сөз дүниесін құрауда қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтеруі. Сондықтан оны қазақ әдеби тілінің тарихында ұлттық сипатын танытатын бастау дәуірі деп санаймыз» [4. 92-93-бб.]

Бүгінгі күні абайтану аталған әдебиеттанудың іргелі саласыақын қайтыс болғаннан кейін XX ғасырдың басында-ақ өз бастауын ала бастады. Абайдың ұлылығын, данышпандығын алғаш тани және таныта білгендер Алаштың зиялылары болды.

Дөрекі социологиялық, таптық, атеистік көзқараспен келген кезде зерттеушілер абайтануда толып жатқан солақайлыққа, сан алуан қателікке ұрынғаны белгілі. Ал Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезовтер ұлы ақын шығармаларын тануда ұлттық, халықтық, эстетикалық таза талғаммен ешқашан мәнін жоймайтын бағалы байламдар жасай алды. Абай шығармаларындағы сарын-әуезді, ой-пікірді, идея-нысананы алаш азаматтары терең сезіп, тебірене насихаттай білді.

Қазақтың данышпан ақыны Абай туралы баспа жүзін көрген алғашқы ең толымды, терең, ғылыми еңбек Әлихан Бөкейханның 1906 жылы «Семипалатинские областные ведомости» газетінің №250-252 сандарында жарияланған «Абай (Ибрагим Құнанбаев)» деген орыс тілінде жазған мақаласы. Әлиханның Абайды, оның айналасын, шығармаларын өте терең білгендігін айтылмыш мақаладан анық көреміз.

Бұл өзі, көлемді болмағанмен, деректерге, мәліметтерге, тұжырымдарға, ой-пікірге аса бай еңбек. Абайдың Семейдегі Ахмет Риза медресесінде 4 жыл, орысша 3 ай оқумен мектептік білімінің шектеліп, қалған уақытта өз бетімен ізденіп араб, парсы, тілдерін үйреніп, ислам, шығыс байлығын игеріп, орыс тілі арқылы, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Тургенев, Достоевский, Белинский, Салтыков-Щедрин, Крылов, Толстой, Добролюбов, Писарев, Чернышевский шығармаларын оқып, терең аударып, Спенсердің «Тәжірибелер", Льюистің «Позитивті философия", Дрепердің «Европаның ақыл-ой дамуы» кітаптарын зерттеп, еуропалық биік мәдениет деңгейіне көтерілгенін көрсетеді. Абай ізденістеріне ықпал еткен, әр түрлі кітаптар оқуына жөн сілтеген Грос, Михаэлис секілді саяси қуғындағы адамдар есімі айтылады.

Абайдың қоғамдық қызметі, ескілікпен күресі, ел арасындағы даңқы, бірте-бірте ақындыққа мүлде ден қоюы, шығармаларындағы басты сарындар, Пушкинның «Евгений Онегин", Лермонтовтың «Ой", «Қанжар", «Желкен", «Дұға", Крыловтың мысалдары секілді туындыларын қазақшаға аударуы, оларға музыка шығаруы, қазақ әншілерінің бұларды орындауы – осылар түгел сөз болған.

Балаларына білім беруді мақсұт еткен Абайдың ұлы Әбдірахманды Петербургта оқытуы, ол азаматтың қыршын кетуі, Мағауияның өлімі, тіршіліктің көп күресінің қажытып, ақыры данышпан ақынның опат болуын айта келіп, Әлихан Бөкейхан Абай шығармалары Еуропаның ең атақты ақындарына абырой даңқ әперер еді деген байлам жасайды.

Алаштың көрнекті қайраткері, «Ұлт ұстазы» А. Байтұрсынұлының 1913 жылы жазылған «Қазақтың бас ақыны» еңбегінде Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттар дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырманының алдына тартылды. Ол Абайды «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп өте жоғары бағалаған. Өзінің Абай өлеңдерімен 1903 жылы кездейсоқ танысқанын, алғаш оқығанда әуелгі кезде жатырқап, біразға дейін тосаңсып отырғанын, кей сөздерін ойланып, дағдыланбаған адамдар мың қайтара оқыса да түсіне алмайтынын, жалпы адамның түсінуіне ауыр, сөзі аз, мағынасы көп, терең екендігін айтады. Абай сөзіндегі ауырлық ақынның кемшілігі емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан деп түйеді. «Не нәрсе жайында жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады... Абай сөзі замаманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік артық» дейді. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген» [5. 301-б.], - дей келе «Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ», - деп түйеді.

Сондай-ақ өзінің әдебиеттану мен әдебиет тарихы ғылымының негізін салушы ретіндегі іргелі еңбегі «Әдебиет танытқышында» қазақ әдебиетінің дамуына әсіресе әсері күшті болған Абай шығармалары екенін, сындар дәуірдің басы Абайдан басталатынын кесіп-пішіп тиянақтайды. Абайдың сөзге талғау кіргізгені, әдебиеттің басты-басты сипаттарын анықтағанын «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» өлеңін мысалға келтіру арқылы көрсетеді. «Әдебиет танытқыштың» айрықша бір ерекшелігі – көркем текстерді берудегі дәлдік, талғампаздық. Бұл зерттеуде мысал үшін ең көп алынатын Абай мен Мағжан шығармалары. Кейде олардың тұтас туындысы берілсе, көбіне қажетті үзінді келтіріледі. Қара сөзбен әңгімелеудің шежіре, заманхат, жаддерек (мемуар), өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме секілді түрлерін ажыратып, заманхат түріне Абай қара сөзі мысалға алынады [5].

Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен айтқанда «ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл» ақын Мағжан он екі жасында Қызылжар қаласындағы Бегишев медресесіне түскеннен бастап әдебиетпен қатты шұғылданған. Баспадан 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып, оған «сиынған», Ш. Елеукеновтің сөзімен айтсақ: «Мағжан бақыты – ол өзінің поэзиядағы уыз сүтін Абай өлеңдерінен ғана ішті» [6. 333-б.]. Абайға арнап 1912 жылғы Қазанда шыққан «Шолпан» жинағына енген «Алтын хакім Абайға» деген өлең жазды, Абайға деген махаббаттың нәзік қылын шертті. Ақын болуды арман етті. Бұл өлеңнен Мағжанның ұлы ақынға қалай табынатынын анық көруге болады:

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның,
Әлемнің құлағынан әні кетпес [7], - дейді.

Мағжан бұл өлеңінде Абайға тек табынып қоймаған, бұл өлеңде оның көрегендігін де көреміз. «Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» деп қалай дәл айтқан. Абай уақытпен шектелмейтін, ғасырдан ғасырға өтсе де дәл сол заманға лайықты сөз арнаған данышпан боп қала береді.

Сондай-ақ Мағжан «Алқа» әдеби ұйымының айқындамасы ретінде жазған еңбегінде «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқанкапитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап, өмірден үміт үзуге, тұңғиық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиесі де тереңдігі осындай. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолмен, екі үміттен алысқандығы, сондықтан қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі» [8. 173-б.], - деп жоғары бағалаған.

Ал Дулатов Міржақыптың Абайға арналған алғашқы қысқа ғана мақаласы татардың «Уақыт» газетінде 1908 жылы жарияланған. Онда ақынның ой-өрісі, білім деңгейі, туған жері, шыққан ортасы айтылып, әдеби мұрасына жалпылама баға беріліп, оның орыс әдебиетімен, әсіресе Лермонтовпен үндестігі ескертілді.

1914 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай» мақаласы ақынның опат болғанына он жыл толуына орай арналып жазылған. Мұнда әдебиеттің, оның көрнекті өкілдерінің халық тарихында алатын орны айрықша бағаланады. Абайдың қадірін білмеу, оны елеп-ескермеу ұлттың үлкен кемшілігі ретінде аталады, әдебиет елдің жаны деп көрсетіледі. Абайдың ғұмыр жолын қысқаша баяндап, тұңғыш кітабының шығу тарихы, оған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхан және ақын балалары мен інілерінің қатысуы, Семейде Нәзипа Құлжанова өткізген әдеби кеш туралы сөз болады.

Ең құнарлы ой – Абай қазақтың жаңа әдебиетінің басы, негізін салушы деген тұжырым, алғашқы жарық жұлдыз деген балама. Орыстың бірінші жазушысы Ломоносов деп санап, Абайдың өз халқының тарихындағы орны онымен қатарлас деген салыстырма жасайды. Абай шығармаларын жариялау, насихаттау, оның есімін мәңгі есте қалдыру үшін мұражайлар салдыру керектігін толғана сөз етеді.

Абайдың қазақ халқы тарихындағы мәртебелі орнын басқа елдер әдебиетімен сабақтастықта алып қарап, дәл тауып, дұрыс бағалап берген Міржақып келешек заманда ұлы ақынның атақ-абыройы, мерей-даңқы өсіп, жаңа буынмен емірене табысатынынерекше әулиелікпен көре білген: «Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артар. «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар» [9].

XX ғасырдың басында жалындай жарқ етіп шыққан талантты ақын С. Торайғыров Абайдың ұлылығын:

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге, -

деп жазбай танып, оның шығармаларының эстетикалық та, тәрбиелік те мән-маңызын көрсетіп кеткен. Сондай-ақ 1913 жылы «Айқап» журналының бірнеше санында жарияланған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты мақаласында көркем әдебиет талаптарына жауап беретін биік үлгі ретінде Абай өлеңдерін ұсынған.

Ұлтымыздың заңғар жазушысыұлы Мұхтар Әуезов алты жасында Абайды көріп, батасын алып, кейінгі саналы өміріне өмірлік қуат алғаны анық.

Абай мұраларының толықтай жиналып, бүгінгі күнгі мұрагері, бізге жетуіне бірден-бір се-

бепкер – М. Әуезов. Себебі 1909 жылғы Абай жинағы мен Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары толық емес және текстологиялық ауытқуларының болғаны белгілі. Ал М. Әуезов ақынның 20-жылдарда көзі тірі шәкірт достары аузынан осы жинақ пен қолжазбаларға енбеген 45 шығарманы немесе 1086 жол өлеңді хатқа түсіріп, қайта тіріліткен екен [10]. Сондай үлкен ізденіс жұмыстарының арқасында ақынның толық шығармалар жинақтарын шығарды.

Сонымен қатар М. Әуезов – Абайдың ғылыми және шығармашылық өмірбаянының авторы. Бұл да талмай, тынбай еткен еңбек, ізденістерінің жемісі екені түсінікті. Ол ақынның туып-өскен ортасын, мекенін, білім алған қайнарларын, шығармаларын, замандастарының естеліктерін тауып, зерттеп-зерделеу арқылы Абай Құнанбаевтың ғылыми өмірбаянын, соның желісімен көркем өмірбаянын жасап, қазақ халқының мақтанышы, қазіргі тілмен айтсақ «бренді» ұлы Абайды әлемге танытты.

XX ғасырдың басында, дәлірек айтқанда, большевиктер күшіне ене бастаған шақта көненің бәрі мансұқталып жатқанда, солардың ағынымен Абай Құнанбаев та бай шонжар тұқымы ретінде келмеске кете жаздағаны белгілі. Демек, бүгінгі күні ұлтымыздың мақтанышына айналған ұлы Абай үшін М. Әуезовке борыштармыз.

Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов «1922 жылдан бастап Мұхтар Әуезов Абай шығармаларының толық жинағын құрастыру, Абай өмірбаянынан деректер жинау, ақын мұрасы жайлы ғылыми мақалалар жазып, Абай өмірі мен шығармашылығын баспасөз бен дәріс оқу орны арқылы насихаттау жұмыстарын қатар жүргізеді», – деп орынды байлам жасайды. Оның үстіне, Ташкенттегі Орман шаруашылығы техникумында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ бере жүріп, 1922 жылы Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Шолпан» журналында Абай, Сәкен Сейфуллин шығармалары жайлы толымды мақала да жариялайды. Сөйтіп ол, Абай жайлы алғашқы ізденулерінде, сондай-ақ «Қараш-Қараш оқиғасы», «Шекарада» атты повестері мен «Абай» драмасы туралы ой түйіндерін де Ташкентте бастайды.

Ерекше ескеретін жайт – Мұхтар Әуезов 1922-1923, 1928-1930 жылдары Ташкентте, өзбек өлкесінде жүрген шағында «Қараш-Қараш» атты повесі мен Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұматтар жинай бастаған.

Сол кездерден Абай тақырыбы жазушының өмірлік тақырыбына айналады. Ұлы ақын жайлы ғылыми да, көркем әдеби де шығармаларын жазады, қазақ әдебиеттану ғылымында Абайтану ғылымының негізін салады. Кейіннен қазақ халқын әлемге танытқан «Абай жолы» эпопеясын өмірге әкеледі.

«Өкінішке орай, Абай даңқын әлемге танытқан оның өлеңдері емес, М. Әуезовтің «Абай жолы» екендігін де мойындамасқа шара жоқ. Себебі ұлы ақынның өлеңдерін әлі күнге талассып-тартысып жүріп орыс тіліне өз дәрежесінің ширегіне де жеткізіп сөйлете алған жоқпыз», - деп өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында сыншы С. Әшімбаев қамыға жазған болатын [11. 306-б.].

Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармалары жайлы Ұлы Қазан төңкерісіне дейін де, әсіресе төңкерістен кейін қалам тербеген қаламгерлер баршылық. Олардың қатарында жоғарыда аталған Алаш қайраткерлерін атамағанда, Ы. Мұстанбаев, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Ғ. Тоғжанов, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов (бұл кісілердің XX ғ. 20-30-жылдарда жазған мақалалары туралы айтып отырмыз), т. б. атауға болады. Ал Абайтанудың ғылыми бағыт алып, сүрлеуге түсуі көрнекті ғалым, жазушы М. Әуезовтің бастамасымен Ұлы Отан соғысынан кейін басталады. М. Әуезов өзінің Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай жазған «Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері» және «Қазақ халқының ұлы ақыны» атты мақалаларында абайтанудың алдағы уақытта ізденіп, зерттелуі тиіс ғылыми проблемаларын анықтап көрсетіп берген [12]. Абайтануға үлкенді-кішілі үлес қосқан ғалымдар: Ә. Қоңыратбаев, Қ. Мұқаметханов, Х. Сүйіншәлиев, Н. Сауранбаев, Т. Әлімқұлов, Қ. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Ғ. Мүсірепов, Ә. Марғұлан, М. Қаратаев, З. Ахметов, М. Мырзахметов, Қ. Өмірәлиев, С. Қирабаев, Р. Бердібай, Т. Кәкішев, А. Нұрқатов, Т. Нұртазин, Р. Сыздықова, Т. Жұртбай, М. Әліпхан, Ж. Шойынбет, т. б. болып бұл тізім жалғаса береді. Себебі ұлы Абайдың «жұмбақ жан» екендігі де рас. Оның жұмбағын шешу үшін әлі талай еңбектер жазылатыны ақиқат.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Абай Құнанбаевты әлем жұртшылығы шығармаларымен емес, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы арқылы таниды. Ендігі кезекте Президентіміз Қ. Тоқаев алға қойып отырған міндеттер аясында ұлы ақынның өзін әлем тілдерінде өз деңгейінде сөйлету, солай таныту қоғамдық қажеттілік болып отыр.

Әрине, Абай шығармалары төңкеріске дейін де, одан кейін де, кеңес үкіметі тұсында да, еліміз егемендік алғаннан кейінгі тұста да орыс тіліне, көбіне сол орыс тілі арқылы өзге тілдерге аударылған. Алайда аударма жұмысының жалпы қиындығы мен Абай тілінің, ой-толғамдарының күрделілігі ақын шығармаларының өз дәрежесінде аударылуына кедергі болып келді.

Абай өлеңдерін орыс жұртшылығына таныстыруға алғашқы талпыныстарды төңкеріске дейінгі кезеңде көреміз. Мысалы, 1914 ж. орыстың белгілі ғалымы А. Н. Веселовский құрметіне арналған «Восточный сборник» атты кітапқа ақынның төрт шығармасының аудармасы қара сөзбен берілген. Олар: «Желсіз түнде жарық ай», «Жаз», «Адамның кейбір кездері», «Өлсем орным қара

жер» өлеңдері [13. 130-б.].

Абай шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Абай шығармалары кеңес үкіметі жылдарында одақтас елдердің тілдеріне де аударылған. Мысалы, Абайдың 100 жылдық мерейтойына орай ақынның таңдамалы шығармалар жинағы татар тілінде жарияланады. Оған ақынның 40 өлеңі мен екі поэмасы енген. Ал 1981 жылы Абай шығармаларының жинағы толықтырылып қайта шыққан. Онда 134 өлең мен 2 поэмасы және қара сөздері ендірілген. Бұл жинақтардың ерекшелігі ақынның шығармалары орыс тілінен емес, түпнұсқадан тікелей аударылған. Белгілі татар ғалымы Х. Миңнегулов жинаққа енгізілген татар мәтіндерін түпнұсқамен салыстырғанда аудармашылардың түпнұсқаның тек мағынасы мен мазмұнын ғана беруге талпынбағанын, сондай-ақ қазақ мәтінінің поэтикалық байлығын беруге келгенін,татар тіліндегі өлеңдер аударма секілді емес, толыққанды поэтикалық шығарма ретінде оқылатынын айтады [14. 212-б.].

Ал Абайдың қара сөздерін В. Шкловский, С. Санбаев, Р. Сейсенбавтар орыс тіліне аударса, неміс тіліне Л. Захарова 2001 жылы аударған. Х. Янковский 2013 жылы Абай қара сөздерін поляк тіліне аударған,К. Серикбаева, Р. Сейсенбаева орыс тіліне аударған. Испанияда Қазақстан-испан дипломатиялық қарым-қатынасына 25 жыл толуына орай қазақ ақындарының антологиясы жарық көрді. Онда Абай Құнанбайұлынан бастап басқа да ақын-жазушылардың еңбектері енген. Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздерін түрік ғалымы Зафер Кибар түрік тіліне аударған. Ақын, аудармашы Әуезхан Қодар Абай өлеңдерін орысшаға аударды. Абай шығармаларын қытай тіліне аударған Қабай ақсақал. Абайдың қара сөздерін Клара Серікбаева орыс тіліне, ал Ричард Маккейн ағылшын тіліне аударды.

Кеңес үкіметі кезінде аударылған Абай шығармаларының сапасының төмендігі негізінен мазмұн жағынан алшақтығы мен көркемдік сипатының дәрменсіздігінің көптігі, ұлттық ерекшеліктермен санаспау екендігін ғалымдар айтып келді. Оның себептері, ең басты кедергі аудармашылардың қазақ тілін білмеуі, соның салдарынан Абайдың ақындық сыр-сипатын, өзіндік ерекшеліктерін тани алмауынан және аудармалардың негізінен ақынның мерейтойлары қарсаңында асығыс жасалатыны. Осы кемшіліктерден арылудың жолдарын да ғалымдар айтып келеді: ақын шығармаларын өзге тілге аударудың өзін ғылыми жолға қою керек, алдымен, жолма-жол аударманың сапасын көтерумен бірге, ақын туындыларындағы көркемдік қасиеттерді, өткендегі қазақ тұрмысының аудармашыға жат, кейде жұмбақ жақтарын түсіндіретін көмекші материалдар дайындалуы міндетті [13. 139-140-бб.]. Сондай-ақ аударманың сапалы болуы аудармашының аударылатын тілді барынша жетік білуін де талап етеді. Әйтпегенде аударма мағынаны бергенмен, көркемдігі жағынан солғын болу қаупі бар.

Жалпы аударма теориясына тоқтала кеткен жөн болар. Аударма, оның ішінде әдеби аударма, көркем аударма – бір халық пен екінші халықтың арасындағы көпір іспетті, олардың арасындағы әдеби, мәдени байланыстарды орнатып, қалыптастыратын құрал. «Аударма ол бір халықтың неше ғасырлардан бері жинаған байлығын, ұлттық санасын, психологиясын, салт-дәстүрін екінші халыққа жеткізу деген сөз... бір халықтың рухи санасын екінші халықтың тілінде сөйлету, екінші халықтың симпатиясын, құрметін, сүйіспеншілігін ояту» [15. 332-б.], яғни сол халықтың ұлттық колоритіаударма тіліндегі оқырмандарға жеткізілуі тиіс. Ал бұл деген аудармашы аударып отырған шығарма тілінің иесі – халықтың бүкіл тұрмысымен, таным-болмысымен, дүниетанымымен етене таныс болуын қажет етеді. Олай болмаған күнде аудармада ұлттық рух, ұлттық болмыс көрінбей қалады. Яғни аудармашы жеткізуші ретінде аударылатын мәтіндегі ақпаратты мүмкіндігінше толық түсініп-түйсінуге ұмтылады. Ол үшін аудармашының түпнұсқа тіл тұтынушыларына тиесілі фондық білімі жеткілікті болуы керек. Аударманың сәтті шығуы аудармашының сол халық тарихы, әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрлері мен тұрмысы секілді реалиялар жайлы жан-жақты таныс болуын талап етеді. Ал екінші жағынан оқырманның басқа тілдік ұжымға жататыны, олардың тарихы мен тұрмыс-салтының, өмір сүру тәжірибелерінің басқа екендігі ескерілуі қажет. Түпнұсқа мәтінді түсінуде қиындықтар туатын болса, аудармашы ұлттық колоритті сақтай отырып, тиісті өзгерістер енгізеді [16]. Аудармашы екі тілдегі сәйкестіктер мен ерекшеліктерді анықтай алуы керек. Соған байланысты еркін, баламалық, сөзбе-сөз, толыққанды аудармалар жасалады. Аударма жасау түрлері, тәсілдері аударматану теориясында жан-жақты қарастырылады. Аударманың жоғары деңгейде жасалуы аудармашының лингвомәдени құзыретіне байланысты [17].

Абай Құнанбайұлы шығармаларының өзге тілдердегі аудармаларындағы кемшілік те осыдан келіп отырғаны түсінікті.

Жалпы Абай шығармаларын аудару өте қиын екенін аудармашылар да, ғалымдар да мойындайды. Ақын, лермонтовтанушы, «Простор» журналының бас редакторы В. Михайлов: «Абай өлеңдерін дәл аудару мүмкін емес десем, артық айтқандық болмас. Себебі бұндағы қатпар-қатпар терең ойлар, ғажап идеялар, кесек-кесек философиялық түйіндер адамды таң қалдырады. Таң қалдырып қана қоймай, оқырманды ұлы істерге шақырады... . Абай биігі – әлем ойшылдығы мен поэтикасының биігі. Бірақ әлі күнге дейін осы биіктікті, хакім шыңын бағындыра алмай келеміз» [18], - десе, Қазақстан аударма академиясының шақыртуымен аударма бойынша арнайы курс авторы Д. Моссоп өз сұқбатында: «Иә,көр-

кем аудармамен айналысу маған ұнайды. Бұл қиын, өйткені көркем аудармамен айналысатын адам екі мәдениетті де терең білуі керек. Өз тіліңнің мәдениетін біліп, өз тіліңді жоғары дәрежеде білу керексің. Көп жағдайда аудармашылар өз ана тілін ұмытып кетеді де, ана тілінде жазған кезде өздері аударып отырған басқа тілдің құрылымы мен грамматикасы көрініп тұрады... . Мен Абайды оқимын, тіпті оның орыс және ағылшын тіліне аударылған шығармаларын салыстыра да бастадым. Ағылшын тіліне аудармасы бірнеше жыл бұрын жасалғандықтан, формасы аздап ескірген... . Бұл аударма өткен ғасырдың 60-70-жылдары жасалған, бұл уақыт ішінде тіл өзгерді... . Ең сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін қазіргі уақытта қазақ тілінен тура аудару керек... Менің идеямның мәні – қазақ тілінен ағылшын тіліне аударма жасау үшін қазақ тілді студенттерді даярлау»[19], - деп осы күнге дейінгі Абай аудармаларының денінде көрініс тапқан кедергіні тап басып айтып берді. Сонымен бірге Абай шығармаларының аудармалары ұлттық дүниетаным мен рухты көрсетуге қабілетті болу үшін аудармашының қазақ тілді болуы тиістігін айтып қана қоймай, ондай мамандарды өзіміз даярлауымыз қажеттігін дұрыс көрсетіп берді.

Ал ақын, аудармашы Әуезхан Қодар орыс аудармашылары жасаған аудармалардың кемшіліктерін талдап көрсетеді:«Олар Абайдың жағдайын білмейді, дүниетанымын білмейді. Абайды аудару үшін оны түсіну керек. «Өлең –сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырарер данасы» дегенді орыс аудармашылары жеріне жеткізе аударды деп ойламаймын. Абай оны жайдан-жай жазып отырған жоқ. Поэзия – әдебиеттегі ең ұлы, ең ұлық өнер. Абай сол деңгейге көтерілген адам. Ал орыстар Абайды аударғанда сөзбе-сөз аудара салды. Стилін түсінбеді. Шығыстық стильді жалғастырған шеберлігін түсіне алмады. Абайды аудару үшін оны сіңіру керек» [20]. Ол жай ғана сынап қоймай, Абай Құнанбайұлы шығармаларын орыс тіліне өзі аударған.

Жоғарыда айтылған сапалы аудармаға деген сұраныс әдебиетші ғалым Ш. Елеукеновті де толғандырады: «Абай мен Мағжан арқасында көркем санамыз азаматтық биік өреге көтерілді. Әттең, соны өз сапасында былайғы жұртқа жеткізе алатын аударма дүниеге келсе. Пушкин мен Лермонтовты – Абай, Фет пен Горькийді – Мағжан қазақшалап, орыс тіліндегі тума қалпынан түсірмей қалай сөйлете алса, сол қазақ ақындарын да басқа тілдерде түпнұсқасындағы күйіндей сөйлете аларлық поэтикалық қуат табылса... » [21. 15-б.].

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.

Жаратылыстағыдан да жарасты көрінетін жазғы түн бізді қақаған қыс ортасында да әндете қалсақ, рахатқа бөлейді. Бұл туралы жаза қалсақ, Абай, Лермонтов, Гете жүректері үндестік тауып, әлем ырғағына қосылып бірге соғатынын сүйсіне, тебірене айтамыз. Мағжан поэзиясынан да әлем поэзиясының қан тамырының соғуы естіліп тұрады» [21. 6-б.]. Ш. Елеукенов тамсанатынындай бар. Абай аударма саласында да мол жетістікке жеткен, аударма жасауда үлгі боларлық туындылар тудырғаны сөзсіз. Көркем аударма Абайдың жағдайында нағыз өнер туындысы. Солардың бірі жоғарыда аталған Гетенің Лермонтов аудармасы арқылы аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі. Бұл өлеңнің мазмұны да, танымы да, күй сазыайқын берілген. Бұл өлеңде Гетеде жоқ, Лермонтов қосқан жолдар және Абайдың өзі қосқан жолдар бола тұра, Абай аудармасы Гете нұсқасымен үндесіп жататыны керемет. Абай барлық аудармаларында түпнұсқадағы негізгі ой мен мазмұнды бере отыра, өзіне тән шалқар шабытпен еркін аударған. Сондықтан оның аудармалары өзінің төл туындысындай қабылданады. Абай Д. Ю. Лермонтовтан оның төл шығармаларын да: «Жартас», «Демон», «Теректің сыйы», т. б., сонымен қатар И. А. Крылов мысалдарын, А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер аударған. Ол осы аудармалары арқылы қазақ халқын орыстың озық ойлы, көрнекті ақындарымен, олардың шығармаларымен алғаш таныстырды. Абайдың сазгерлік қасиеті де болғаны белгілі. Ол өз өлеңдерімен бірге А. С. Пушкиннен аударған «Татьяна хатын» да әнге қосып, қазақ даласына таратты.

«Әрбір келер заманның күн тәртібіне қойып отыратын өз проблемалары болады да, ол проблемалардың өз қажеттіктері Абай сияқты ұлы ақыл иелерін сөзсіз іздетіп тапқызып отырады. Себебі бұл данышпандарда әрбір жаңа келер буынның қажетіне табылып отыратын, олардың өзі алдарына қойған міндеттерін шешуіне көмекке келетін дайын күйіндегі қағидалар, танымдар болады. Мұндайда әрбір жаңа буынның сергектігі қажет-ақ» [2. 53-54-бб.], - деп көрнекті ғалым Қ. Өмірәлиев атап өткендей, Абай Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздері кез келген дәуірде өз маңызын жоймайды. Бүгінгі жаһандық үдеріс заманында да ұлы Абай біздің жол нұсқар темір қазығымыз.

Данышпан ақынның 175 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлы ақынның шығармаларын өзге халықтарға насихаттау жұмыстары қарқынды қолға алынуда. Бұл ретте Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтылған ой-толғамдар мен тапсырмаларды атап өтуіміз керек. Онда Абай Құнанбайұлының ел тарихында өшпес із қалдырғаны, Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланғаны айтылады. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған қоғамдық сананы қайта түлетуде Абай мұрасының тигізер пайдасының зор екендігін айтады. Ұлы ақын шығармаларының бүгін

де өзектілігін жоғалтпай, ой-тұжырымдарының баршамызға рухани азық болатыны зерделенеді. Ол мақаласында Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліседі.

«... Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», - дейді Президент. - Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз... . Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?» - дейді. - Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Ол әлемнің кең таралған негізгі тілдеріне барлық бояуын сақтай отырып аударылуы тиіс. Бұған біз толық қол жеткізе алдық деп айту қиын. Нағыз ұлт ақындарын өзге тілдерге аудару – оңай шаруа емес. Аудармашы да сол ойшылдың деңгейіндегі талант болуы керек. Біздің абайтанушы ғалымдарымыз, тіл мамандары мен жанашыр азаматтар осы мәселеге ерекше мән бергені жөн [1], - деп, Президентіміз Қ. Тоқаев терең білімдарлығы мен көрегендігін байқатып отыр.

Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық. Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы, дей келе ұлы ақын шығармаларын әлемнің он тіліне аударуды, ақын туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалын түсіруді тапсырды.

Мемлекет және қоғам қайраткері М. Жолдасбеков Президенттің бұл тапсырмасы жайында: «Абайдың шығармалары дамыған 10 елдің тіліне аударылады екен. Бұл өте жақсы. Абайдың шығармаларын орыс тіліне, басқа тілге аудартамыз деп кезінде біз де билікте жүргенде әрекет жасадық. Бірақ бір ғажабы Абайды аудара алмайды. Абайды аудару үшін сол елдің Абайы болып тууы керек. Өкініштісі, ондай жоқ. Дей тұрғанмен, бұл талапты мен өзім қолдадым» [22], - деп өз қолдауын білдірді.

Абай – шет-шегі жоқ ғажайып құбылыс. Оның мұрасы бір ғасырдан асса да әлі де талай қырынан тануды қажет етеді. Ендігі жерде өзіміз де тануға тырысып, әлемге де танытуға, танытқанда да Абай өресіне жете-қабыл танытуға талпыну қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тоқаев Қ. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» // www. akorda. kz
2. Өмірәлиев Қ., Мырзахметов М. Абайды танудың жайы мен міндеттері. Кітапта: Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 124 б.
3. Ахметов З. Абайдың тіл ұстарту өнегесі. Кітапта: Классикалық зерттеулер. – 15-том. Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. Әдебиет теориясы (1960-1970 жж.). – Алматы: Әдебиет әлемі баспасы, 2013. – 412 б.
4. Мансұров Н. Абайдың көркем сөз дүниесі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №1(115). – Б. 84-93.
5. Ахмет Байтұрсынов шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
6. Елеукенов Ш. Мағжан (өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
7. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер / Құраст. Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
8. Қамзабекұлы Д. «Алқа» – Алаш жазушыларының ұйымы // Жұлдыз. – 1998. – №2. – 165-175 бб.
9. Сақ Қ. Абай мен Шоқан жайлы очерктері – «Абайтану», «Шоқантану» ғылым салаларының бастау көзінде тұрған сүбелі үлес // Аңыз адам. Міржақып Дулатұлы. – 2013. – №3(63).
10. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 262 б.
11. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. – 624 б.
12. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.
13. Дүйсенбаев Ы. Мұхтар Әуезов (мақалалар, естеліктер). – Алматы: Ғылым, 1974. – 220 б.
14. Миннегулов Х. Тюрко-татарская словесность в контексте межлитературных связей. Монография. – Казань: Изд-во «Ихлас», 2017. – 360 с.
15. Бахадырова С. Әдеби аудармаларда ұлттық ерекшеліктерді беруде туылатын проблемалар // «Қазақ мемлекеттілігіндегі Қазақ хандығының орны» Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткен

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. 19-21 мамыр 2015 ж. – 332-б.
16. Гумбольт В. Язык и философия культуры. – М. : Прогресс, 1985. – 456 с.
17. Сулейменова Э. Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – 2-е изд. – Алматы: Демеу, 1996. – 208 с.
18. Михайлов В. Абайды аудару мүмкін емес // Қазақ әдебиеті. 25. 08. 2015 / qazaqadebieti. kz
19. Моссоп Д. Абайды аударудың формасы аздап ескірген. / e-history. kz
20. Қодар Ә. Біз Абайдан алыстап кеттік. kitap. kz
21. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 1997. – 368 б.
22. Абайдың шығармалары дамыған 10 елдің тіліне аударылады // qazaqstan. kz

ӘОЖ 419. 992. 71
МҒТАР 16. 21. 47

БАЛТАБАЕВА Д. Е.
оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АШИРБЕКОВА Л. А.
оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ХАМИДОВА Ш. Х.
оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА «ЕР АДАМ» ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТІРКЕСТЕР

Түйін. Тіл мен мәдениет сабақтастығын зерттеуде гендерология саласының алатын орны ерекше. Қазақтың ұлттық философиясында «адам» шеңберіндегі адамды этика, адамгершілік тұрғысына қарай білімділік, парасат ерекшеліктеріне де аса назар аударған.

Бүгінгі таңда гендерологиябағытында қарастырылатын адам, кісі, тұлға, пенде ұғымдарына байланысты қолданысқа енген сөздерге аса мән бере отырып олардың қолданыс мағыналарына қарай классификафиялаймыз.

Адам баласына қатысты ұғымдардың әлеуметтік қасиеттері мен субъектілік бейнесін айқындау мақсатында оның жақсы, жаман (оң, теріс) мінездері мен кішілік пен кісілік белгілерін бейнелеуде қолданылатын сөз тіркестері жайында кеңінен тоқталатын боламыз.

Түйінді сөздер:гендерология,тіл, мәдениет,білімділік, мінез.

Резюме. При изучении взаимосвязи языка и культуры сфера гендерологии занимает особое место. Национальная казахская философия рассматривает этические качества человека в кругу «человека», также особое внимание уделяет его воспитанию и разумности.

В настоящее время в области гендологии слова «мужчина пожилой человек, человек (индивид) верующий» используются в повседневной жизни и классифицируются по значению.

Мы пытаемся дать больше информации о словосочетаниях, которые используются в описании личности, таких как хорошее и плохое (позитивно-негативное), вежливость и высокомерие, чтобы определить концепцию человечества и его социальные качества и субъективный образ.

Ключевые слова: гендология, язык, культура, образование, персонажи.

Summary. In the study of the relationship between language and culture, the sphere of genderology takes a special place. The national Kazakh philosophy is considering human ethical qualities in the circle of «man» also special attention to his education and reasonableness.

Nowadays, in the field of genderology, the words «man elderly person, person (individual) believer» are used in everyday lifeand they are classified by using them in meaning.

We are trying to give more information about the collocations that are used in the descriptions of the of a person, such as good and bad (positive-negative),politeness and arrogance, in order to determine the concept of humanity and its social qualities and subjective image.

Keywords: genderology, language, culture, education,characters

Гендерология тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыт лингвомәдениеттанумен тығыз байланысып жатады. Өйткені тіл мен мәдениет сабақтастығын зерттеу мәселесі адам факторына негізделеді. Адам мәселесі ұғымдарға жататындары: адам, кісі,тұлға, пенде, мен.

«Пенде» ұғымына терең талдауды Ғ. Есім береді: «Алла адамға өзі ерік берген соң, ол пенделікке бармай тұра алмайды. Пенде дегеніміз- бойында міні, күнәсі бар адам. Пенде фәни өмірдің басыбайлы тәуелділігінде болады, оның мақсаты тек иелену. Мәңгілікке пенде емес, текадам ғана жете алады».

XIII ғ. Ойшылы Ахмет Иүгінеки жазғандай:
«Дүниеқор жияр байлық: мал-жайды,
Қартайса да ол әдеті қалмайды.
Қояды тек аш көздігін сол кезде
Қашан оны су топырақ жалмайды».

Ұғым талдауды әрі қарай жалғастырайық. «Тұлға» адамның әлеуметтік қасиеттерін білдіретін ұғым және еуропалық философиядағы «субъект» ұғымына жақын мағынада қолданады. Қазақ тіліндегі философиялық әдебиетте тек XX ғасырдан бастап қолдана бастады.

Қазақ философиясындағы адам мәселесіне қатысты әлі де мағынасы терең ашылмаған, зерт-

теуді қажет ететін ұғымға «кісі» жатады. Бұл ұғым туралы сан алуан түсіндірмелер бар. Қазақ даласының ойшылдары мен хакім Абай да адамның теріс қылықтарына сай «кісі» деген ұғым қолданылады дейді де мынадай қорытындыға келеді: «әдетте хакім де пендені адамнан бөліп алады да оны адам қатарына жатқызбай, ол туралы тек «кісі» деген ұғымды қолданады».

Жоғарыда келтірілген түсіндірмемен келісу қиын. «Кісі» ұғымы жақсы адамды бейнелеуге де қолданады. Қазақтың «Кісі болар баланың кісілерде ісі бар, кісі болмас баланың кісілерде несі бар» деген мақалын еске алайық. Немесе халық: «Жақсылыққа жақсылық-әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық- ер кісінің ісі» дейді.

Семантикалық жағынан алғанда «адам»мен «кісі» синонимдер іспеттес және қазақ дүниетанымына тән синкретизмнің көрінісі (Тәңірі, Құдай, Алла сияқты). «Адам» - мұсылмандық мәдениеттенкелсе, «кісі» -түркілік атау.

«Кісілік» термині көп мәнді, көп деңгейлі болып келеді. Ұғымды айқындау мақсатында оны арнайы зерттеген ғалымдардың пікіріне назар аударалық.

Ғ. Есім «Сана болмысының» 6-шы кітабында«Жақсы кісі» деген кім және қандай ісі арқылы ол осылай аталады, деген сұрақ қойып, жауабын іздейді. Ғалым Абайдың жақсы кісіде үш қасиет: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек болу керек деген ойын ары қарай жалғастырады. Адамгершілік ұстанымы қашанда кісілік қасиеттерде көрініс табады.

Еркек адамзатмәдениетінің түпкілікті іргетасы болыптабылады. Қазақ халқында ер кісінің жас ерекшеліктеріне қарай танытатын әлеуметтік роліне байланысты төмендегі сөздер қолданылады:

1. Ұл

- Ер бала
- Ұлан
- Жас ұлан
- Бозбала
- Жігіт
- Жас жігіт
- Жігіт ағасы
- Ер
- Еркек
- Ері
- Байы

2. Әке-Күйеу

- Отағасы
- Күйеу жігіт

3. Ата

Әрина еркек жыныстыларға қатысты атаулар көп. Олардың қатарына азамат, мырза, атшы, атқосшы, көшір, палуан, атпаз, атбегі, молда, аңшы,ұста, етікші, салсері, атқа мінер, малжанды, әйелжанды т. б. сөздер мен сөзтіркестерін жатқызуға болады. Алайда тек еркек жынысты адамға қатысты атаулардың тек негізгілеріне ғана тоқталып, оларды:

1) ұл-жігіт;

2) күйеу-әке;

3) ата-шал деген үш кіші тақырыпшаларға бөліп қарастырғанды жөн көрдік.

1. Ұл- жігіт

Бұл тақырыпшаға ұл, ұлан, бозбала, жігіт, жігіт ағасы, ер(ер бала, ер жігіт), еркек сөздері жатады.

Ұл сөзіне қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде [5] екі мағына берген:

- Еркек бала, ер бала;
- Халық қамын ойлайтын ер азамат;

Байқағандарыңыздай анықтамада «әкесінің баласы» деген сөз жоқ. Онда керісінше, «ер бала», «ер азамат» деген тіркестер бар. Ендеше ұл сөзі туыстықты емес, жыныстық ерекшелікті білдіреді.

«Ұл»сөзіне байланысты мақал- мәтелдер мен ақын- жыраулардыңөлең жырларына қарап отырсақ, олардан мынандай мән мағына табуға болатын сияқты.

1) Ұл – өмір жалғасы. Оған дәлелдер:Ұл туған-ға- күн туған;Қос ұл туған қатынды, ханым десе болады, Ел қорғаған батырды, нарым десе болады.

2) Ұл – ата жолын қуушы: Атаның ізін ұл басар, ананың ізін қыз басар;

«Атқа қалай мінесің, Атадан ұл болып тумасаң.

Адам боп қалай жүресің, Атаның жолын қумасаң» деуі тегіннен тегін емес.

3) Ұл тәрбиесі- ұядан. Біз «ұя»деп – ұлдың отбасы, әке-шешесін, өскен шаңырағын, елін айтып отырмыз. Ұлдың жақсы-жаман болуы өз ортасына байланысты.

Жігіт – ер жеткен, кәмелетке толған ер азамат депті ҚТТС-та. Жігіт болу үшін «ер жету», «кәмелетке толыу» аз, сонымен бірге ол есейген, бойы да, ойы да өсіп,күш- қуаты артқан, әбден жетілген, қалыптасқан ер адам болу керек. Бұл әрине, жігіттің физиологиялық жағынан толысуы. Әлеуметтік жағынан да оның осындай биіктікте тұруы шарт. Ол туралы көрнекті ақынымыз Т. Молдағалиев: «Жігіт болу-ер көгінде шарықтау,Жігіт болу- сол ел үшін арықтау,Жігіт болу- семсер болу от шашқан, Не семсердің айбатынан қорықпау» -депті.

Тұрақты тіркестер: жас жігіт, ер жігіт, күйеу жігіт, нар жігіт, алпамсадай жігіт, зіңгіттей жігіт, қылшылдаған жігіт, жігіт болды, жігітшілік құрды т. б.

Конфуций өзінің «Ақыл сөз» деген кітабында, нағыз ер жігітте тоғыз қасиет болу керек дейді. Олар: 1) көрегендік, 2) қағылездік, 3) мейірбандық, 4) инабаттылық, 5) сөзінде тұрушылық, 6) жұмысқа икемділік, 7) білмегенді сұрай алатындық, 8) ұстамдылық, 9) байлыққа басы айналмаушылық.

Қазақ ұғымында жігітке қандай қасиеттер тән екендігін мына төмендегі мақал-мәтелдерді көруге болады:

Шалға қарттық жарасады, жігітке жастық жарасады; Жігіттің жолбарысы – жол тормайды, ер қориды; Жігіт жүрегіне, жарлы білегіне сенеді; Жабағы тайды қорлама, жазға шықса ат болар. Жас жігітті қорлама, жұртына ертең бас болар.

Тебенгіні теріс тағып,
Темір қазық жастанып,
Қарындас үшін қан жұтса
Ол ер жігітке жарасар!
(Мұрат Мөңкеұлы)

Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы.
Бей жігітке жарасар
Халқына тиген пайдасы
(Бұхар жырау)

Қазақ ұғымында жігіт екіге бөлінеді: жақсы жігіт және жаман жігіт.

Нақтылай айтар болсақ, қазақ «жақсы жігіт» ұғымына: батыр жігіт, батыл жігіт, күшті жігіт, нар жігіт, қайсар жігіт, өткір жігіт, мәрт жігіт, жомарт жігіт, ақылды жігіт, арлы жігіт, намысты жігіт,талантты жігіт, пысық жігіт,іскер жігіт,шешен жігіт, еңбекқор жігіт, мінезді жігіт, бірсөзді жігіт, абыройлы жігіт деген сияқты «жігіттерді» жатқызады.

• **Батыр (батыл, ержүрек) жігіт:**Батыр жігіт қол бастар, Ақын жігіт той бастар,Ғадыл төре ел бастар,Батыл жігіт жол бастар,Шешен адам сөз бастар (Шалкиіз жырау).

• **Нар (күшті) жігіт:**Нар маяның жүні – жібек, сүті- бал, Нар жігіттің аймағы-ел, алды-мал; Арыстанды арыстандай жігіт алар. т. б.

• **Қайсар жігіт (бір бет, тура айтатын, өткір, бір сөзді) жігіт:** Қайсар жігіт болғаның, Қолбасының арқасы. Жайсаң жігіт болғаның, Жолдасыңның арқасы; Тура ағаш үйге тіреу, Тура жігіт елге тіреу; Жігіт-жігіт емес, Бір сөзінде тұрмаса (Нұржан Наушабаев).

• **Ақылды (есті, жетелі, көреген) жігіт:** Ақылды жігіт атқа да мінер, таққа да мінер; Әдепті бала өсірсең, Ақылдың абыройы; Жемісті ағаш жер бауырлап өседі. Жетелі жігіт ел бауырлап өседі.

• **Арлы (намысты)жігіт:** Жігіттің құны – жүз жылқы, Ары- мың жылқы;Жүйрік алысқа, Жігіт намысқа шабады.

• **Іскер (пысық) жігіт:** Жігіттің іскерлігі ісінен мәлім, Жылқы жақсысы тісінен мәлім; Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра.

• **Мінезді (жаны жайсаң, жайдарлы, жарқын) жігіт**: Жібек мінезді жігіт жұртқа жағады, Жылан мінезді жігіт жұртта қалады.

Ал «жаман жігіт» ұғымына келсек, оларға халқымыз мынандай ұғым- түсініктерді жатқызады:

• **Жарлы (кедей) жігіт**: Жарлы болатын жігітке, Қазалы мал тап болар, Жалғыз болатын жігітке Бедеу қатын тап болар;Жалғыз туған жігіттен Сырым тіккен тал артық,Жарлы болған жігіттен Бесіктегі бала артық. (Бұқар жырау), т. б.

• **Сорлы (сормаңдай) жігіт:** Соры бар жігітке Сортаң жер кез келер; Қырын салған жігітке Қыз қасынан ит қабар,т. б

• **Жетесіз жігіт:**

Кәріден абырой таярда,
Аңдығаны ас болар.
Жетесіз туған жігіттер
Жиырма бесте жас болар (Шал ақын)

• **Өркөкірек (өркеуде, тәкаппар, өзім білем) жігіт:**

Өрлеген балық ауға жолығар,
Өркөкірек жігіт дауға жолығар.
«Өзім білем» деген жігіттің
Басына ойран салғаны,
«Көп біледі» деген жігіттің
Басына қорған салғаны, т. б.

• **Қыңыр (қырсық) жігіт:**

Қисық арба жол бұзар,
Қыңыр жігіт ел бұзар;
Қисық ағаш үй болмас,
Қыңыр жігіт би болмас.

• **Сылбыр (сабан) жігіт**:

Шабан ат дегенше,
Жаман ат десеңші.
Шабан жігіт дегенше,
Жаман жігіт десеңші.

Біз жоғарыда «жақсы жігіт» пен «жаман жігітке» тән қасиеттердің бастыларынжеке жеке санап көрсетті. Қазақ мақал-мәтелдері мен афоризмдерінде бұл қасиеттер көбінесе қатар алынып,біріне-бірі қарсы қойыла, салыстырыла беріледі. Мысалы:

Жақсы жігіт ағайынның басын қосады, Жаман жігіт жақсы ағаның жолын тосады;Жақсы жігіт досының қамын ойлайды, Жаман жігіт басының қамын ойлайды;Жақсы болар жігіттің жұмыссыз жүрген күні жоқ, Жаман болар жігіттің еш жұмысқа қыры жоқ; Намысы бар жігіттің нар күшіндей күші бар, намысы жоқ жігіттің намыспенен несі бар?! Болатын жігіт-епшіл, болмайтын жігіт-кекшіл; Бір жан бар-тірі жан, бір жігіт бар-жігіт жан. Құр жан дейтін жігіт-кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді. Тірі жан дейтін-бар тапқанын киім мен асқа сатар, жақын көрген досын жатқа сатар. Жігіт жан дейтін жігіт-сегіз қырлы,-бір сырлы болар,- дейді Шал ақын. Әрине, қазақ халқының жігітке байланысты ұғым-түсініктері, таным-түйсіктері бір бұлармен ғана шектеліп қоймайды. Ол жан-жақты, әрі сан алуан. Солардың тағы бірнешеуіне мысал келтірер болсақ:

• **Жігіт ел-сәні, халық намысы.** Мысалы: Жібек белбеу-белдің көркі, батыр жігіт-елдің көркі; Алтын белдік-бел сәні, асыл жігіт-ел сәні; Жаңбыр жауса-жерге сый, жігіт туса-елге сый, т. б.

• **Жігіт-көпке ортақ.** Ол халқының қамын, жерінің жайын ойлайды; Жігіт жүзге жеткен елді, жүзіқара кемітеді; Екі түрлі жігіт бар: елінің намысын қорғайды, торғайының қамысын қорғайды; Жігіттің халқына жаққаны шырақ жаққаны, т. б.

• **Жігіт көркі**-бес **қару (соның бірі пырақ):** Жау жеңетін жігіттің жарағынан танимын, Дау жеңетін жігіттің талабынан танимын; Жақсы жігіт бір мінер ат сақтайды, жақсы әйел бір ішер ас сақтайды, т. б.

• **Жігіт–сында шыңдалады:** Жігітті бірде майданды сына, бірде бейғамда сына;

Жігіт жауда өлер, шешен дауда өлер, т. б.

• **Жігіттің осал жері әйел:** Жігіттің бір басы екеу болмай, жиғаны жетеу болмайды; Аты шабан болса, қатыны жаман болса, жігіттің көрген күні құрсын; Қатыны би жігіттің қайын елі қадірлі; Түйе мойнын түз кесер, жігіт мойнын қыз кесер, т. б.

Қысқасы, жоғарыда келтірілген таңдаулардан бір ғана «жігіт» сөзінің астарында қазақ халқына тән осыншама мол ұлттық таным-түсінік, салт-сана жатқанын байқауға болады.

2. Күйеу-әке

Бұған күйеу, күйеу бала, күйеу жігіт, күйеуі, байы, ері және әке лексемалары жатады. Күйеу сөзін ҚТТС-та:

• Әйелдің ері жұбайы;

• Қызды айттырған және алған жігіттің қыз еліне туыстық қатысы деген екі мағына берілген.

Күйеу, күйеу бала, күйеу жігіт деген сөздер тегін шықпаған. «Күйеу» атану үшін жас жігіт алдымен өзіне өмірлік жар бола алатын қыз таңдап, оны айттыру (құда түсу) керек, содан кейін той жасап, үйлену керек, отау тігу керек. Сонда ғана ол «күйеу» аталынады. Үйленгенге дейін ол «күйеу бала» немесе «күйеу жігіт» болатын. Яғни, баланың-жігіт, жігіттің-күйеу болуы деген сөз.

Ер/ері (күйеуі мағынасында) сөзі де дәл осындай. Одан ерлі, ерсіз, ерсі, ерсіре(у) деген туынды сөздер, ерлі-әйелді, ерлі-байлы, ерлі-зайып, ерлі-қатын деген қос сөздер және ер жанды деген тіркес түзіліпті.

Әке-балалы болған ер адам. Әке сөзінен әкежан, әкешім, әкесіз, әкей, әкетай деген сияқты толып жатқан туынды сөздер мен әке-шеше, әке-көке, әкелі-балалы деген қос сөздер туындаған.

Әкенің жаманы болмайды. Әкенің бәрі-қадірлі, құрметті. Ол қадірлілік әкенің бала алдындағы атқаратын роліне байланысты.

• **Әке-қамқоршы.** Оған мына мақал-мәтелдер куә. Әкеге баланың алалығы жоқ;әкеден безген ұл болмас, анадан безген қыз болмас, т. б.

• **Әке-тәрбиеші, үлгі, өнеге.** «әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді халық. Бұл дегеніміз ұл–әке ісін жалғастырушы ұғымын білдіреді.

Әкенің үлгілік міндеті мына мақал-мәтелдерден көрініс тапқан: Шешеге қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер; Әкесі қой баға білмегеннің баласы қозы баға алмайды. Сайысына қарай-саласы, әкесіне қарай-баласы.

• **Әке-ақылшы:** Әкеден-ақыл, анадан-мейір.

• **Әке-пана:** Әкең жақсы кісі еді, жел жағыңа пана еді. Анаң жақсы кісі еді, жетімдерге ана еді.

• **Әке-абырой, даңқ**: Әкең өлсе өлсін, әкеңді көрген өлмесін.

• **Әке-ырыс:** Әкесі бардың ырысы бар, інісі бардың тынысы бар.

3. Ата-шал

Бұл тақырыпшаға ата (арғы ата, бергі ата, түп ата) баба, ақсақал, шал сөздері жатады.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде «Ата» сөзіне 7 түрлі мағына беріпті:

1. Туған әке, өз әкесі;
2. Үлкен әке, әкенің әкесі;
3. Адамдардың туыстық;
4. Тегі, нәсілі, шыққан жері, тұқымы;
5. Ерлі-зайыптардың қайын әкесі;
6. Қария, қарт, ақсақал (құрметтеу, сыйлау мағынасында);
7. Ауыс. Бір нәрсенің негізі, басы, түп төркіні;

Сөздіктен «ата» сөзінен атеке, атай, атала(у), аталас, аталастық, аталы, аташ туынды сөздердің, ата-ана, ата-баба, ата-ене деген сияқты қос сөздердің туындағанын көруге болады.

• **Ата-біздің тегіміз.** Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді. Атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді.

• **Ата-асқар тау (ата-бәйтерек):** Ата-асқар тау, ана-баурайындағы бұлақ, бала-жағасындағы құрақ; Ата-бәйтерек, бала-жапырақ, т. б.

• **Ата-қорған (панаң):** Балаға-ата қорған, ана құрбан; Атасы жоқ-мас жетім, анасы жоқ-қас жетім, т. б.

• **Атадан-өсиет (нақыл):** Атадан-өсиет, анадан-қасиет; Ағадан-ақыл, атадан-нақыл;

• **Ата жолы-даңғыл жол:** Атаңның салған жолы бар, анаңның тіккен тоны бар; Атадан бала туар, атасының жолын қуар;


• **Атаға-құрмет:** Ата алдында-құрмет, ана алдында-қызмет; Атаңа не қылсаң, алдыңнан сол келеді, т. б.

Бұл жоғарыда айтылғандардан еркек жынысының жас ерекшелігіне қарай қоғам және мәдениетте алар өз орны болып, ол тілдік таңбалар арқылы нақты көрініс тауып отырғандығын көруге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мамаева Г. Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктер. Филологияғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2003, 146 б.
2. Ахметжанова Ф. Р. Кудрявцева В. А. Слова в системе словарей русского и казахского языков. - Усть-Каменогорск: ВКГУ, 1996.
3. Сейілхан А. Қ. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2001.
4. Бес ғасыр жырлайды. 1-2 том. - Алматы: Жазушы, 1984.
5. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. 1-том. - Алматы. Ғылым, 1974.
6. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. 2-том. - Алматы. Ғылым, 1976.

ӘОЖ 004:378. 1



БЕЙСЕМБАЕВА С. Б.
филология ғылымдарының кадидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЕРАЛИЕВА А. Е.
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

СЕМБАЕВА Г. П.
аға оқытушы
Тараз Мемлекеттік педагогикалық университеті

БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫ

Түйін. Бұл мақалада тәрбие теориясы педагог-практиктерді кәсіптік біліммен қаруландыра отырып, әр жастағы топтардағы балаларды оқытып, тәрбиелеу ерешеліктерін, әдіс-тәсілдерін меңгеруге, тәрбие ісінің нәтижесін алдын ала болжауға және оны жоспарлап, іске асыруға мүмкіндік туғызады, тәрбиенің нәтижесін анықтаудың тиімді деген ғылыми жолдарын қарастырады.

Түйінді сөздер: Жеке тұлғаға бағытталған білім беру, бағалау, білім нәтижелері, тәрбие, білімгер.

Резюме. В данной статье теория воспитания, вооружая педагогов-практиков профессиональными знаниями, способствует усвоению особенностей, методов и приемов обучения и воспитания детей в разных возрастных группах, предвидению результатов воспитательной работы, ее планированию и реализации, рассматривает эффективные научные пути определения результатов воспитания.

Ключевые слова: Личностно-ориентированное образование, оценка, результаты образования, воспитание, студент.

Summary. In this article, the theory of education, equipping teachers-practitioners with professional knowledge, contributes to the assimilation of features, methods and techniques of teaching and raising children in different age groups, anticipating the results of educational work, its planning and implementation, considers effective scientific ways to determine the results of education.

Keywords: Personality-oriented education, assessment, educational results, upbringing, student.

Педагогика ғылымында тәрбие терминіне әрқашан ерекше үлкен мән берілген болатын. Көптеген жылдар тәрбиеге тұлғаның дамуын басқару деген анықтама беріліп келді. Педагогика деген сөздің мәні, мазмұндық ауқымы біртіндеп кеңейіп, баланы өмірге үйретудің шеберлігі деген мағынаға ие болды, яғни ол баланы оқытып тәрбиелеу, оның рухани және физиологиялық жағынан өсіп-жетілуін басқарып, бағыттау деген сөз. Сонымен, бүгінгі педагогика ғылымына ең қысқа және дәл анықтама беру керек болса, оны адам тәрбиелеу жөніндегі ғылым деп атаған болар едік. Бұл жерде тәрбие сөзі кең мағынада балаға әрі білім беруі, әрі тәрбие беру, әрі дамыту мағынасында қолданылып отыр [1, 8 б].

Тәрбие теориясы педагог-практиктерді кәсіптік біліммен қаруландыра отырып, әр жастағы топтардағы балаларды оқытып, тәрбиелеу ерешеліктерін, әдіс-тәсілдерін меңгеруге, тәрбие ісінің нәтижесін алдын ала болжауға және оны жоспарлап, іске асыруға мүмкіндік туғызады, тәрбиенің нәтижесін анықтаудың тиімді деген ғылыми жолдарын қарастырады. Тәрбие мәселесін ғылыми тұрғыдан анықтауда педагогика оны жалпы тұрғыда қарастырмайды. Қоғамның тарихи даму сатысындағы тәрбиенің белгілі мақсаты мен міндеттерін айқындай отырып, оның сол қоғамның тілек-мүдделеріне сай келуін зерттеп іздістереді. Бұл жағынан алғанда педагогика іргелі ғылым болып саналады, сондай-ақ тәрбие теориясына сүйене отырып, оқу-тәрбие жүйесін құрудың жолдарын, оны іске асырудағы әдіс-тәсілдері сөз етеді. Сөйтіп, қолданбалы ғылымның ролін атқарады. Педагогика ғылымы теориялық жағынан іргелік сипатта болса, тәрбие мен оқытудың теориясын іске асыру жағынан қолданбалы сипат алады.

Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады. Біріншіден, оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру; екіншіден, адамзаттық өркениеті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру; үшіншіден, жеке тұлғаны іс-әрекетке

ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент тығыз бірлікте қызмет етеді.

Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда, тәрбиеге қоғамдық бақылау және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып бағыттайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне мақсаттылықпен даярлау ісі деп қараймыз. Тәрбие ісі адамның қабілетін қоршаған ортада және оның санасында қалыптастыруды мақсат ететін болғандықтан, ол- психологиялық процесс[2, 505 б].

Тұлғаның танымдық белсенділігін арттыру мен оны қоршаған ортаға бейімдеу, әлеуметтендіру мақсатындағы қарым-қатынастың алатын орнын басқа адамдармен өзара бірлескен іс-әрекеттегі жағдайы арқылы білуге болады. Ол қарым-қатынасқа түсуші жақтармен ұйымдастырылатын жұмыстар негізінде жүзеге асырылады. Осындай дамыту іс-шараларына тренингтерді, топтық пікір таластарды, іскерлік ойындарды және т. б. жатқызамыз. Мысалы, топтық пікірталастар түрлі мақсаттарға қол жеткізуде қолданылады: мәселенің түпнұсқалы шешімін табу, оқыту мақсаттарында пікірлерді сәйкестендіру және бірыңғай шешім жасау. Пікірталастың басты мақсаттарына жетудің қолайлы шарттарын қамтамасыз ететін негізгі өлшемдерге біз келесілерді жатқызамыз:

1) тұлғалық, мотивациялық және когнитивті құрамдас бөліктерден тұрады;

2) топтық;

3) логикалық;

4) құрылымдық.

Бұл өлшемдер бірінші реттегі факторлар болып табылады. Ал екіншілік факторлар - коммуникативті тор құрылымы, пікірталасқа қатысушылардың сөздік белсенділігі, қарым-қатынас процесінің қарқындылығы, қарым- қатынастағы белсенділік және т. с. с.

Тұлғаның таным стилінің коммуникативтік іс-әрекет тәсіліне ықпалын зертеген И. А. Иванчук оны ұйымдастыратын әдістердің өзара әрекет ету индивидуалдылығын, педагог пен насихатшының іс-әрекет тәсілдерінің маңызды жүйесінің аспекті ретінде, әлеуметтік қамтамасыз ететін танымдық құрылымының дифференциалдылық және интегралдығына байланысты болатындығын тұжырымдаған[3, 142 б].

Тәрбие адамдарға тән әлеуметтік категорияға жатады және тұлғаны дамытуда шешуші рөл атқарады. Тұлғаны қалыптастырудың тиімді жолдары баланы белсенді түрде демеп отырған жағдайда ғана сәтті болады. Баланың жеке басындағы әлеуметтік-психологиялық өзгерістер оның өзінің белсенділігін арттыру жолымен іске асырады. Кез-келген тәрбиелік міндет белсенділікті арттыру арқылы шешіледі. Мәселен, дененің дамуы дене шынықтыру жаттығулары арқылы, ал адамгершілік тәрбиесі адамгершілік тәрбиеге тұрақты түрде бағыттау арқылы іске асырылады. Тәрбие ісі екі жақты байланыс арқылы жүзеге асады.

Тәрбиенің екі жақты байланысы. Тәрбие жүйесіне оқушы мен оқытушың қатынасы екі жақты байланыс арқылы іске асырылады. Біріншіден, тәрбиешіден тәрбиелінушіге дейін тікелей байланыс арқылы іске асырылатын, міндетті саналатын іс-әрекет. Екіншіден, тәрбиеленушінің жауабы, іс-әрекеті арқылы тәрбиеші ұстазға келіп жететін ақпараттар, білім, білік үлгілері. Мұны кері байланыс деп атайды. Тәрбиеші- ұстаздың қолында кері байланыс арқылы жинақталған хабарлар неғұрлым көп болса, тәрбиелік ықпылдың солғұрлым мақсаттылықпен іске асырылғанына айғақ болады. Сондықтан, оқу-тәрбие жүйесіндегі мұғалім мен оқушының қарым-қатынастық іс--әрекеті мұғалімнің шебер ұйымдастыра білуін қажет етеді. Тәрбие жүйесіндегі істің нәтижесі- оқушының сабақ үстіндегі белсенділігі мен оның мінез-құлық, іс-әрекетіндегі көрінісінен байқалады. Тәрбиелік қызмет неғұрлым қарқынды, саналы түрде жүргізілсе, тәрбиенің сапасы да соғұрлым жоғары болады. Бұл үшін тәрбиеші өз шәкіртін жақсы көруі және тәрбиелеушінің жеке басын жоғары адамгершілікпен бағалай білуі қажет.

Тәрбиенің Ұжымдық бағыттылығы. Бұл заңдылық әзірге мектеп өмір сүріп отырған жағдайда өзінің мәнділігін жоғалтпайды. Мектептің жаңа ұйымдастырушылық құрылымы, оқу-тәрбие үрдісінің мақсаты мен мазмұны, оқушылармен жүргізілетін жекелей, топтық, сонымен қатар ұжымдық іс-әрекет сол қалпында сақталуға тиіс. Әрбір адам ұжымда қолайлы жағдайға ие болу үшін және өзінің қабілеті мен іскерлігін, күш-қуатын, неге икемділігін көрсету үшін ұжымдық қарым-қатынасты қажет етеді. Адам бойындағы қабілет пен икемділік ұжымдық қарым-қатынаста еркін ашыла түседі.

Ұжымдық қарым-қатынасты орнатудың тиімділігі, ұжымішілік қатынастардың стихиялық түрде болуы баланың көңіл-күйіне ықпал ететін түрлі факторларға байланысты. Ондай факторларға мыналар жатады: оқушының өзінің ерекшелігі (дарындылығы, әсерленушілігі, көпшілдігі немесе өзімшілдігі, өжет немесе ұяңдығы, өмірге сенімділігі, сыртқы түрінің тартымдылығы), оның адамгершілік бейнесін сипаттайтын белгілері (күші, көркі, еркі, батылдығы,ептілігі). Бірақ өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай нарық, еңбек, өмір жолын (мамандық, еңбекке қатысу т. б.) таңдау кезінде бәсекелестік көп болуы керек. Ұжымдық-серіктік қарым-қатынасты орнатудың тиімділігі, алған білім мен дағдырлардың дәрежесіне, ойдың шығармашылық стиліне, кез-келген күтпеген жағдайларда өздігінен қабылдаған шешімнің дұрыстығына байланысты.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мектептің, отбасының және ортаның тәрбиелік ық-

палын ұштастыруда педагогикалық ынтымастық қажет. Әр жеке тұлға өзін өмірде сирек кездесетін тұтас бір ерекше жан (феномен) түрінде сезінеді. Бұл заңдылық мектеп мұғалімдерінің, отбасының және қоғамның педагогикалық күш-жігерінің бірлігі мен келісушілігін жүзеге асыруды күні бұрын белгілейді[4, 112 б].

Тәрбиелік үрдістің күрделілілгі, оның төтенше және дер кезінде түзету ендіру қажетсінетін көшедегі теріс ықпалдарының етек алуы, нашақорлық, темекіге, ішімдікке, саудаға үйірлік, оқушы жастардың әдепсіздік, дөрекелік іс-әрекеттермен жиі айналасуына, бұзықтық жолға түсуіне мүмкіндік туғызып отырғанын да жасыруға болмайды. Олай болса, мектеп қоғамның заң орындарымен, әкімшілік, үй басқаларымен, баспасөз мекемелерінің бірлесе отырып, пәрменді тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолын қарастыруы қажет. Бұл жағдай тұлғаны тұтастай қалыптастыру идеясына бағындырылған тәрбие үрдісінің мақсатын, міндетін, мазмұнын, түрі мен әдісін бірлікте қарасатырудың қажеттігін туғызды.

Әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктері бар. Ол әр ұлт өкілдерінің санасында материалдық және рухани өмірінің ерекше қалыптасқан жағдайлармен, тарихи даму жолының өзгешелігімен, географиялық және климаттық ерекшеліктерімен, адамдардың мінез-құлық, сезім, темперамент, қажеттілік, талғам сияқты басқа да психологиялық құбылыстардыңкөмегімен әдет-ғұрыптар, дәстүрлер арқылы мәдени өмірінен орын алып ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Ұлттық психологияның шын мәнісіндегі феномен ретінде ұлттық элементтерден тұратын өзіндік ерекше құрылым бар. Бұлардың қатарына ұлттық мінез, сезімдер, салт-дәстүрлер жатады және бұлар жеке тұлғаға үлкен әсерін тигізеді.

Ұлттық мінез-құлық белгілері дегеніміз-этникалық бірлік ерешеліктердің оған қатысты адамдардың психологиясында бейнеленуінің ерекше түрі. Қазіргі кезде білім берудің мемлекеттік стандарттары оны этномәдени компонеттермен толықтыруға мүмкіндік береді. Ұлттық сана-сезімді дамытуға бағытталған өзгерістерге берілген талдауларға сүйенсек, қазіргі кезеңде мектептер көп қиыншылықтарға кездесіп отырғаны байқалады. Берілетін ұсыныстар көбіне идеалды концепция түрінде болып келеді; мектептерде болып жатқан өзгерістерге байланысты әртүрлі пәндерге қосымша аспектілерді ұсыну енгізеді, бірақ мұндай үзік-үзік, әрі кездейсоқ түзетулер проблемалар эволюциясын толығымен түсінуге кедергі жасайды.

Жеке тұлғаны қалыптсатыру дегеніміз оны мәдениетке үйрету, білім, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту. Ұлттық көркемөнермен, әдебиетпен, ғылыммен айналыстыру, адамгершілік құндылықтар жүйесін ұғына білуге, сөйтіп жеке бастың тәжірибесін үздіксіз байытып отыруға себін тигізу. Мәдениетке араласу, сайып келгенде, адамның шығармашылық дамуы деуге болады [5, 18 б].

Қазақ мәдениеті жас ұрпақты тәрбиелеп дамытудың өте маңызды, бай қайнар бұлағы. Оның ғасырлар бойғы тарихы, адам өмірінде болатын маңызды оқиғалар, жеке тұлғаның даму ерекшеліктерін айқындайтын ұлттық салт-дәстүрлері, оның ғылымы, шығармашылығы мен өнері, ғажайып бай тілі даналық, адамгершілік, парасаттылық сияқты қасиеттерге толы, ал ол қасиеттер өнегелі, творчестволық жағынан дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға үлкен себін тигізеді. Бұған әрине, тәрбие жұмысы отбасында да, мектепте де дұрыс және толық іске асырылғанда ғана жетуге болады. Бұл жерде балалардың этникалық ерекшеліктердің ескере отырып, оқытып тәрбиелеудің айтарлықтай икемді және белсенді әдіс-тәсілдерді үлкен роль атқарады. Жеке тұлғаның белгілі бір мәдени ортада болуы оның тұлғалық және танымдық дамуына ерекше әсерін тигізеді. Осыған байланысты, жеке тұлғаның белгілі бір мәдениеттің субъектісі ретінде дамуына себепші болатын екі түрлі факторлар бар. Оның біріншісі- сол халықтың мәдени ерекшеліктері болса, екіншісі- сол ерекшеліктерді түсініп меңгеруге себепші болатын баланың ойлау қабілетін, танымдық процестерін, темпераментін, мінез-құлқын саналы түрде танып ажырата білу.

Қазақтардың этнопсихологиялық ерекшеліктеріне адалдық, ақниеттілік, жаужүректілік, шыдамдылық, қарапайымдылық, жомарттық деген сияқты т. б. тарихи қалыптасқан қасиеттерді жатқызуға болады. Бұл қасиеттердің барлығы жеке тұлғалық белгілер болып саналады.

Тәрбие- әлеуметтік үрдіс. Ол жеке адамның ақылымен және топпен бірге әлеуметтік тұрғыда жасалынған өлшемдерді, құндылықтарды, тәжірибені қабылдау. Оған қатысушылардың саналы және мақсатты қызметінің нәтижесінде біртіндеп және жүйелі түрде өзара әрекеттесудің нәтижесін қоғамдық игілікке айналдырушы үрдіс.


Тәрбие бірлескен қызмет үрдісі ретінде нақты міндетте емес оған қатысушылардың міндетін, қатысын тәрбиелік үрдісте жасалатын процесс деп қарауға тура келеді. Олардың міндеті бәріне ортақ мақсатқа іске асырылатын, бірақ ақыл-ой, іс-тәжірибе жағынан оған қатысушылардың біркелкілігі сақталмайтын тұтас, бірлесе әрекеттесетін күрделі процесс.

Тәрбиелік міндеттерді шешуде педагогтар жалпы педагогикалық заңдылықтарды басшылыққа алады. Тәрбиенің осы заманғы жүйесінің негізіне төмендегі идеялар жатады: тәрбие мақсаттарының реалистік идеясы; тәрбиенің қоғамдық бағыттылығы; оқушылар мен үлкендер қызметінің бірлестіктегі идеясы; тұлғаның өзін-өзі билеу идеясы; тәрбиедегі оңды істерге сүйену; тәрбиенің ізгілендірілуі; тәрбиенің тұлғалық бағыттылығы; тәрбиелік әрекеттердің бірлігі; тәрбиедегі еркіндік және ұжымдық бағыттылық идеясы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ақпанбек Г. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы, Қазақ университеті, 1989.
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – А., 1991.
3. Айтмамбетова Б., Бейсенбаева. Тәрбиенің жалпы әдістері. – А.,1991.
4. Айғабылова Н. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары. – А., Өнер.
5. Ахметов Ж. Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары. // Қазақстан мұғалімі, А., 1994.
6. Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. – Алматы, 1988.

ӘОЖ: 37. 01:32 Т 42



БЕЙСЕМБАЕВА С. Б.
филология ғылымдарының кадидаты., доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЕРАЛИЕВА А. Е.
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ТАДЖИБАЕВА Ж. С.
аға оқытушы
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасы
Тараз Мемлекеттік педагогикалық университеті

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін. Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе – жаңартылған білім берудің ерекшеліктері, дискрипторлар, критералды бағалау жүйесі, білім берудегі төрт дағды туралы баяндалады. Жаңартылған білім беру бағдарламасын дәстүрлі жүйемен салыстыра келе, екі жүйенің де артықшылықтары мен кемшіліктері тілге тиек болады.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, жаңартылған білім беру, шиыршықты қағида, критериалды бағалау, дескриптор, интерактивті оқыту технологиялары, сыни оқыту, АКТ пайдалану, креативтілік.

Резюме. В данной статье излагаются актуальные проблемы современной системы образования – особенности обновленного образования, дискрипторы, система критериального оценивания, четыре знания в образовании. Сравнивая обновленную образовательную программу с традиционной системой, речь идет о преимуществах и недостатках обеих систем.

Ключевые слова:Духовная модернизация, обновленное образование, спиральные принципы, критериальное оценивание, дескриптор, интерактивные технологии обучения, критическое обучение, использование ИКТ, креативность.

Summary. This article describes the current problems of the modern education system – features of updated education, descriptors, criteria assessment system, four knowledge in education. Comparing the updated educational program with the traditional system, we are talking about the advantages and disadvantages of both systems.

Keywords: Spiritual modernization, updated education, spiral principles, criteria assessment, descriptor, interactive learning technologies, critical learning, ICT use, creativity.

1991 жылы тәуелсіздік алған жылдарға дейін Қазақ елінің білім беру жүйесі кеңестік дәуірдің құрсауында болды. Ескі жүйемен білім алдық. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде екі үрдіс – саяси қайта құру мен экономикалық өзгерістер бірге жүрді. Қазіргі еліміздің тәуелсіздіктің алғашқы төрттен бірін жүріп өткен алғашқы қадамында жаңа тарихи кезең – Рухани жаңғыру кезеңі жүріп жатыр. Биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. Рухани жаңғыру еліміздің ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болып, былайша айтқанда ұлтымыздың біртұтастығын сақтай отырып өркендеуімізді қажет етеді. Рухани жаңғырудың ең негізгі мақсаты – «ақыл-парасаты жетілген, саналы, өз ойын нақты білдіре білетін, креативті болуға ұмтылу». Өйткені, ҚР Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [1, 18].

Бұл тұрғыда айтылған ой халқымыздың келешегі жайлы. Еліміздің ертеңі – жас буынның еншісінде. Олай болса, еліміздің мұғалімдер қауымы оқытудың заманауи технологияларын пайдаланып, білім беруді жетілдіріп, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге қосылудың негізінде, білім беруді саналы, сапалы ете алып, мамандарды өз ісінің кәсіби шебері етіп танытқанда ғана қоғамымыздың өркендеуіне айтарлықтай үлесін қоса алады. Бұл аталған қызметтерді жүзеге асырушы еліміздің ең интеллектуалды қауымы – біздің оқытушыларымыз. Демек, бүгінгі мұғалім тұлғасына қойылатын талап та

осыға сәйкес болуы орынды. Ұстаздар жан-жақты, жалпы қоғамдағы жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыратын өзіндік көзқарасы қалыптасқан, соны қорғай білетін жігерлі азамат, білімді әрі сауатты, көп ізденетін, алған білімін күнделікті қызметінде орынды қолдана білетін, тәрбиеленушісін өмір сүру ережелеріне үйретететін кәсіби жетілген маман болуы тиіс.

Біздің заманымыздан екі ғасыр бұрынырақта өмір сүрген әйгілі орыс педагогы К. Ушинскийдің сөзімен айтсақ: «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады», - деген қағидасын дәл осы тұста орынды пайдалану керек секілді. Бүгінгі заманауи мұғалімінің бейнесі білімі мен білігі толысқан, жаңа технология құралдарын жетік меңгерген, жас ұрпақ өкілдерінің жүрегіне жол таба білетін, интеллектуалды қорымен қатар эмоционалды коэффициенті де дамыған тұлға болуы тиіс.

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге қажетті факторларды айтатын болсам, ол:

-әлемстандартынасайбілім беру;
-бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу;
-табыстыөмірсүрудағдаларын қалыптастыру;
-әлемазаматынтәрбиелеу;
-тәжірибелікдағдылардыдамыту;
-функционалдықсауаттылықтыарттыру;
-мұғалімніңкәсібишеберлігінжетілдіру.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы мақсаты мен міндеттерін айқындады. Айтакететін болсам, бағдарламаның мақсаты:

Мектепте оқытылатын пәндер бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критери алды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Қазіргі таңдағы білім беру мекемелеріне енгізіліп отырған жаңартылған білім беру бағдарламасының өзгешелігі – шиыршықты қағидамен жасалуы. Шиыршықты қағидаға сәйкес жасалған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) деп аталатын ғылыми еңбегінде айтылатын таным теориясына сәйкестендірілген. Демек, берілетін білім қарапайымнан күрделіге қарай спираль бағытымен күрделене түсіп, біртіндеп күрделі тапсырмаларды орындауға машықтанып, тілдік құзыреттіліктері жайлап дами бастайды. Спиральді қағидаттың ерекшелігі - мәлімет қарапайым түрде беріліп, бірте-бірте мазмұнының қиындай түсуінде. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы ЖОО ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі студенттердің әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда студент – таным субъектісі, ал оқытушы студенттердің танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Мәселен, дәстүрлі сызықтық жүйе бойынша, ЖОО білім беру үрдісінде әр пәннің жұмыс оқу бағдарламасында бір семестрде кредиттік технология бойынша он тақырып қарастырылған болса, әр тақырыпта әр түрлі мәселе қамтылған. Әр тақырып бойынша негізгі мәліметтер және сол тақырыпқа қатысты нақты бөліктері ғана қамтылады. Тақырып толық зерттелмейді, оның тек негізгі бөліктеріне ғана тоқталып кетеді. Ал, жаңарған программаға сәйкес сол он тақырыпты алатын болсақ, әр апта сайын негізгі ұғымның басқа сипаттары толықтырылып, бір семестрдің ішінде алынған тақырып толық, жан-жақты қарастырылып, терең зерттеледі.

Жаңарған білім беру жүйесінің тағы бір ерекшелігі, жас ұрпақтың ойлана білу дағдысын дамытып, ғылыммен шұғылдануға қызығушылығын арттырады.

Жалпы жаңарған білім беру қазіргі білім беру кеңістігіне бірнеше жаңалықтар ала келді: критериалды бағалау, дескриптор, интерактивті оқыту технологиялары, сыни оқыту, АКТ пайдалану, коммуникативті өзара байланыса білу, қалыптастырушы, жиынтық және қорытынды бағалау т. б. Критериалды бағалау дегеніміз – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі. [2, 5]

Интерактивті оқыту тәсілдерінің дәстүрлі тәсілдерден айырмашылығы: мұнда оқушы мен оқытушының арасында қарым-қатынас белсенді жүргізіледі, әрі әдіс-тәсілдер балалардың ақыл-ойына әсер ететін болуы тиіс. Мысалы сабақта, мына әдістерді қолдану тиімді нәтиже беретіні анық: «Ыстық орындық», «Хикаялар картасы», «Драма әдісі», Домино тәсілі, CLIL тәсілі, «Оқиға шыңы», «Тоқта кадр» т. б. CLIL тәсілі баланың үштілді сауатын дамытады және тіл мен сөзді кіріктіре отырып, пән бойынша терминдердің мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді. «Домино тәсілі» бойынша балалар өткен тақырыптарды қайталайды, сұрақтарға нақты жауап береді, ой-қиялдары дамиды. «Хикаялар картасы» тәсілін сабақта қолдану да тиімді нәтиже беретіні анық. Баланың шығармашылығы дамиды, нақты оқиғаларды жеке бөліктерге бөле отырып, тұтас түсінікке қол жеткізуге мүмкіндік туады. «Жалпы қазіргі уақытта жас ұрпаққа сауат та, дағды да керек деген пікірде барлығы бірауыздылық танытып отыр. Жас буынның білімді қарапайым ғана меңгеруі жеткіліксіз, себебі жаңа дәуірдің талаптарында балалардың меңгерген білімінің аумағына емес, ол білімді қажетті жерінде пайдалана білуіне басымдылық беріледі». Жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі ерекшелігі де осында – яғни алған білімді нақты өмірде қолдана алу.

Жаңарған білім беру аумағындағы тілдік білім мен дағдыларды дамытудың негізгі мақсаты осы аталған төрт дағдыны дамытып, сабақта тиімді қолдана алу және бір-бірімен байланыстыру болып табылады. Сөйлеу әрекетінің түрлері (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) дағдылары

– жаңартылған білім беру жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі екендігі анық. Дағдылардың арасында басқа дағдылардан бұрын қалыптастыруды қажет ететін – тыңдалым әрекеті. Өйткені, басқа дағдылар тыңдалым әрекеті негізінде қалыптасады. Себебі, күн сайын бала бірнеше мәліметті сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Қандай болса да мәліметті бірінші тыңдап түсіну, сөйлеу дағдысының бастамасы болып табылады. Тыңдалым дағдысы дұрыс қалыптасқан бала сырттан естіген ақпаратты дұрыс қабылдап, дұрыс талдау жасай біледі, сөйлегенде нақты ақпаратқа сүйеніп ойын дұрыс жеткізе біледі.

Қызықты ақпарат айта кететін болсам, жазылым дағдысы негізінен жаймен ойлап, шабан қимылдайтын балаларға тән дағды екендігі нақтыланған. Бұл балалар әрбір сөз тіркестеріне тоқтала отырып, ойларын жинақтап, асықпай айтуға тырысады және бұл істе айтарлықтай жауапкершілік танытады. Табиғаты жылдам оқушылардың жазылым дағдысы кеш дамитыны дәлелденген екен. Жазылым дағдысына мысал келтіретін болсақ, «Шығарманы өзіңше аяқта», «Эссе жазу», «Кейіпкерге хат жазу», «Бес жолды өлең» т. б. тәсілдер өте нәтижелі. Сондай-ақ, жазылым дағдысын арттыру мақсатында жазылған жұмыстар тексеріліп біткенде, ертесіне ең жақсы жазылған жұмысты (эссе, ойтолғау) топ алдында оқу нәтиже беретіне сөзсіз. Өзге аталған дағдыларды қалыптастыру үшін ең бірінші тыңдалым әрекеті қажет деп жоғарыда айтып кеткендей, басқа балалар тыңдай отырып, жазудың нәтижесінде жазылым әрекеттерін жетілдіреді. Сондай-ақ аталған төрт дағдыны қалыптастыруда топтық, жұптық жұмыстарды қолдану тиімді нәтиже берері анық. Өйткені, топта балалар бір-бірінің ойларын ести отырып, өз ойларын топта ұсыну арқылы талдаулар жасап, ашық өзара диалогтік байланыс жасай бастайды. Диалогтық қарым-қатынаста әрбір бала ситуацияға өзінің сыни көзқарасын білдіре отырып, сөздік қоры молаяды.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және білім алушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған. Мен өзімнің іс тәжірибемде «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып,бағалаудың қалыптастырушы түрін кеңінен қолданамын. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану балалардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы балалардың кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету. Балалардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған, бірін-бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, балалардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор деп ойлаймын.

Қазақстанда білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді.

Жаңартылған білім беру бойынша студенттермен жүргізілген мастер-класс сабағының үлгісін ұсынамыз.

Сабақтың мақсаты:

Студенттерді жаңартылған білім берудің ерекшеліктерімен таныстыру, тілдік дағдыны дамытуда төрт дағдыны қолданудың тиімділігін меңгерту.

Сабақтың міндеттері:

– жаңартылған білім беру мазмұнының заманауи білім беру кеңістігіндегі басымдылығын ұғындыру;

– тілдік төрт дағдыны сабақ барысында қолданудың артықшылықтарын білу;

– білім берудің дәстүрлі тәсілдері мен жағартылған тәсілдердің ұқсастықтары мен айырмашылығын түсініп, тиімдісін сабақта қолдана білуге баулу.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру: сәлемдесу, түгендеу, студенттерді топтарға бөлу. Бөлінген екі топқа ат қою. Екі топтан топ басшыларды таңдау. Топ басшылары стикерлерге жазылған дағдыларды таңдап алады. Екі топтың мақсаты да өздеріндегі дағдылар бойынша барынша түсінікті болатын ақпараттар беріп, дағдылардың мәнін ашу керек.

Негізгі бөлімге келетін болсақ, топ басшылары стикерлерге жазылып атауы жасырылып, тақтаға ілінген дағдылардың атауларын екі-екіден таңдап алады. Екі топқа екі дағды бойынша өз жобаларын интерактивті тәсілдерді пайдалана отырып қорғап, аудиторияға ұсыну қажет. Бірінші топ жазылым және тыңдалым дағдылары бойынша өз ойларын ортаға ұсынбақшы, екінші топ болса оқылым және айтылым дағдылары бойынша дайындалу үстінде. «Жазылым» сөзі «жазу» деген мағынада емес, «жаза білу», «ойыңды өзгеге анық болу үшін, парақ бетінде сауатты білдіру» деген мағынаны береді. Жазылым дағдысы бойынша аудитория тыңдаушыларына май шамды жағу арқылы эссе жазу тапсырмасы берілді. Май шам жанып біткеше, әр бірі өз ойларын қағазға түсіріп үлгерулері керек. Тақырып еркін, кез келген мәселені жазуға болады. Мысалы, балалық шақтағы оқиғаны, болашақты, бүгінгі көңіл-күйін т. б. Эссе жазылып біткен соң топ басшысының нұсқауымен өз қалаулары бойынша бірнеше адам жазылған эссені дауыстап

оқиды. Яғни бұл жерде қойылып отырған мақсат, жазу арқылы ойды дамыту, көркем сөйлеу дағдысын қалыптастыру, баланың шығармашылық қиялын дамыту болып отыр. Және эссені дауыстап оқу барысында бұл тапсырманың өз мақсатына жеткеніне куә болып отырамыз. Ал жағылған май шам баланың қиялын дамытуға өзіндік үлесін қосары анық.

Келесі дағды тыңдалым дағдысының ерекшелігі, баланың-ақыл ойын дамытудағы ролі т. б. презентация материалдары арқылы түсіндіріледі. Екі топтың мүшелерімен тыңдалым дағдысына қатысты практикалық ойын-сабақ жүргізіледі. Екі топқа да мынадай тапсырма беріледі ұлы ақын Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін мұқият тыңдай отырып, өлеңнің желісі бойынша, сурет салу керек. Сурет салынып біткен соң оның өлеңнің мазмұнына сәйкестігі талданады. Алдын-ала даярланған дискрипторларға сүйене отырып, салынған суреттердің критериалды бағалау жүйесі бойынша бағалары қойылады. Сол кезде суреттің бағасына сәйкес, тыңдалым дағдысының қаншалықты деңгейде орындалғанына көзіміз жетеді және тыңдалым дағдысының айтарлықтай маңызды екендігін түсінеміз.

Айтылым дағдысын түсіндіру мақсатында «Суретті сөйлету» әдісі қолданылды. Тақтаға ілінген суреттің желісі бойынша топ басшылары өз ойларын түсінікті етіп аудиторияға жеткізеді. Нәтижесінде, білім алушылардың сөйлеу машықтары одан бетер артып, сын тұрғысынан ойлана білуге, сауатты сөйлеуге дағдыланып, шығармашылық қабілетінің одан әрі артуына жол ашылатынын да атап кету керек.

Жазылым дағдысы даму үшін алдымен оқылым дағдысының қажеттігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Осыған мысал ретінде газет-журнал беттеріндегі материалдармен жүргізілетін жұмысты келтіруге болады. Мәселен, «Негативтен-позитивке» тәсілі арқылы мақаланың мәтінін қайта қарастырып, ондағы ойды қарама-қарсы жаққа өзгертіп, кейбір грамматикалық ұғымдарды түзетуге де болады. Бұл тәсілді жүзеге асыру үшін ұнамсыз мағынада жазылған мақаланың бір бөлігін пайдалануға болады. Әр топ мүшесіне түрлі жағымсыз тақырыпта жазылған мәтінді беріп, дауыстап оқу тапсырамасы жүктеледі. Мақаланы оқи отырып, жағымсыз мағынада айтылған сөздерді тауып, ол сөздерді тізіп жазып, қасындағы бағанға сол сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздер жазылады. Осылайша, кейіннен жазған сөздерден мәтін құрастырғанда, позитивті мағынада жазылған мақала шыға келеді.

Төрт дағдыны түсіндіруге бағытталған мастер-класстың соңғы бөлімдерінде аудиториямен кері байланыс жасау мақсатында «Алақан» тәсілі жасалды. Қатысушылар сабақтан алған әсерін, сабақтың жаңалығын, бүгінгі көңіл күйін және болашаққа деген жоспарын жазып, өз тілектерін білдірді.


Қазақ тілінің жанашыры алғашқы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз» – деген болатын. Яғни біз өмір сүріп отырған XXI ғасыр – білім мен ғылым ғасыры. Сондықтан жаңартылған мазмұнда білім беру – жеке тұлғалық дамуды жүзеге асыратын негізгі құрал. Ал дүниежүзілік стандартқа сай жаңартылған мазмұнда білім беру – жеке тұлға ретінде креативті, жаңашыл, бәсекеге қабілетті адамзаттың дамуын жүзеге асыратын тиімді жол болып табылады! Бұл педагогикалық ізденісте тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара қарым-қатынасы, балалардың бір-бірімен интерактивті әрекеттесуі, білім алудағы коммуникациялық байланыс жасауы өзге дамыған елдердің білім көшінен артта қалмаудың бірден-бір жолы.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру болып отыр. Білім алушы өзінің өмір бойын алған білімінары қарайғы өмірінде қажетке асыра білуі тиіс. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына негізделіп жасалған. Тағы бір айта кететін жай, мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктелді. Білім алушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында алдағы орындарда болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, педагогтар қауымы тынымсыз еңбектенулері қажет. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты дамыған, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, жаңалыққа жаны құмар ұстаз ғана табысты болып, жақсы нәтижеге жетеді. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне тоқталатын болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақтың қолында.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». ҚР Президентінің ресми сайты. 12 сәуір 2017ж.
2. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық Оқу-әдістемелік құрал. - Астана, 2017ж.
3. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы. 2013ж.

УДК 400: 491. 7
Б-37



БЕЙСЕМБАЕВА С. Б.
кандидат филологических наук, доцент
Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжи Ахмеда Ясави

КУПЕШОВА А. Ж.
Шымкент қаласы филиалының тренері
Педагогикалық шеберлік орталығы

КИНЕСИКАЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУДЕ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Мақалада қазақ тіліндегі кинесикалық компоненттер және олардың ауызша сөйлеуде берілу жолдары қарастырылған. Автор қазақ тілінің құрылымы мен қазақ тіліндегі кинесикалық элементтердің қаншалықты ұқсас екендігін анықтауға тырысты. Зерттеу барысында автор параллелизмді негізгі лексикологиялық түсініктердің бәрінен дерлік көруге болады деген тұжырымға келеді.

Түйінді сөздер: ым, ишарат, дене қалыбы, мәнмәтін, дене тілі, табиғи тіл, констативті, тактильді, синкретизм, кинесика, кинесикалық қатынас.

Резюме. В статье рассматриваются кинесические компоненты казахского языка и способы их передачи в устной речи. Автор пытался выяснить, насколько идентичны структура казахского языка и кинесические элементы в казахском языке. В ходе исследования автор приходит к выводу, что параллелизм можно увидеть практически во всех основных лексикологических понятиях.

Ключевые слова: жесты, жесты, формы тела, контекст, язык тела, естественный язык, констативный, тактильный, синкретизм, кинесика, кинесика.

Summary. The article considers kinesic components of the Kazakh language and ways of their transmission in oral speech. The author tried to find out how identical the structure of the Kazakh language and kinesic elements in the Kazakh language are. In the course of the research, the author comes to the conclusion that parallelism can be seen in almost all major lexicological concepts.

Keywords: gestures, gestures, body shapes, context, body language, natural language, constative, tactile, syncretism, kinesics, kinesics.

Ең алдымен тілдік қатынас пайда болды ма, әлде ымдық қатынас па деген пікірталас әлі де жүріп келеді. И. А. Бодуэн де Куртененің тұжырымдауынша: «біз сондай-ақ адам тілінің алғашқы кезеңінде адам сезімдерінің осы екі түрі де – көру және есту үнемі және бір мезгілде қызмет істеген; дауысқа қазіргі уақытта да тайпалық сипат немесе жеке ерекшелік ретінде жиі ұшырасатын тірі мимика, яғни бет қимыл-қозғалысы көмектескен деп топшылауымызға құқығымыз бар» [И. А. Бодуэн де Куртене,1963, 210 б.]. Біз тіл беттің және басқа қалған дененің әуелгі моторлы қимылдарымен қажетті жағдайда байланысқан, үндескен дыбыстық-интонациялық дауыс сигналдарымен қарым-қатынас жасаудан пайда болды және дамыды деген болжамды пікірді қуаттаймыз. Тілдің бұл синкретизмі белгілі дәрежеде бүгінгі күнге дейін сақталған.

Коммуникативті кинесикалық құралдар нақты ситуациямен тікелей бай-ланыста мимика мен ым, ишаралардың қатысуымен интонацияның үлкен экспрессивті күші арқылы тілдік, сөздік баяндауда белгілі бір жекелеген мүшелері айтылмай контекс пен ситуациядан белгілі, айқын болатын сөйлемдердің құрылымдық түрлері жасалатын тілдік сөйлеуде анағұрлым белсенді қолданылады. Еркін қарым-қатынас жағдайында қолданылатын және кітаптың кодталған тіліне қарама-қарсы қойылатын ауызекі сөйлеу тілі әдеби тілдің өзіндік ерекшелігі бар бір түрі ретінде оның басқа түрлерінен салыстырмалы түрде, әдеби тілдің синонимдік мүмкіндіктерін елемей, ең қарапайым, ең көп тараған, мағынасы жағынан тым жалпы, көп реттерде хабарланатын сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасын нақты ашып та бермейтін лексикалық сөз қорының аздығымен ерекшеленеді. Сондықтан да ауызекі сөйлеу тіліне артық тілдік элементтерді қолданбай-ақ айтылымның бір мағыналылығына жету үшін кинесикалық компоненттер қажет. «Тілге қатысы жөнінен қатынастың бейвербалды құралдарының бағыныштылығының түрлі дәрежелері бар – толық бағыныштылықтан бастап толық дербестікке дейін (дыбыстық сөйлеумен қатар жүріп, тілдік айтылымның орнын алмастырып, бір айтылымда вербалды құралдармен

тіркесіп келу арқылы)» [С. Бейсембаева, 2018, 123-б.]. Диалогтарда ым, ишаралардың дербес репликалар есебінде қатысуын ескере отырып зерттеушілер ым, ишаралардың ақпараттық та, сондай-ақ экспрессивті де бай қоры барын мойындайды. Тілдің кинесикалық компоненттерінің сөздік қоры тым тапшы жеке адам деңгейінде де, оратор немесе дарынды актер деңгейінде де қолданыла алатындығы оның объективті сипатын танытады.

Оның үстіне, тілге қарағанда паратіл кейбір функцияларды орындауға жарамдырақ екені анықталған (салыстырыңыз: қарапайым әдеттегі диалогта фактілік және когнитивті функциялардың басты ауыртпалығы (бремя) «тілдік элементтермен салыстырғанда ым, ишаралардың анағұрлым қысқалығы нәтижесінде сол бір уақыт кезеңінде үлкен ақпаратты беруге мүмкіндік беретін» кинетикалық коммуникацияға жүктеледі).

Әдеттегі тілдік жағдайда, яғни әңгімелесушілердің кеңістіктік жақындығы, салыстырмалы тыныштық, сөйлеу және есту қабілеті болу, олардың тілдің сөздерін білуі жағдайларында, егер бұл қандай да бір ережелерге қайшы келмесе, жағымсыз салдарларға алып келмесе, қасындағы адамдардан ойын жасырудың еш қажеттігі болмаса ойды ауызша жеткізу қолданылады. Ал кинетикалық сөйлеу жоғарыда санамаланған жағдайлардың ең болмаса біреуіне қарама-қайшы келген жағдайларда қолданылады. Ымдық сөйлеу дыбысталмайды, ым, ишаралар сөздер естілетін қашықтықтан алысырақтан көрінеді немесе сөздер естілмейтін жерлерде көрінеді, көп реттерде сөздерге қарағанда көрнекі болады. Осындай сипаттамаларына байланысы кинетикалық сөйлеу ауызша сөйлеу тиімді емес немесе мүлде мүмкін болмаған жерлерде қызмет атқара алады. Әдетте коммуниканттардың қарым-қатынасында егер олар кеңістіктік жақындықта орналасса, еркін сөйлей және есті алатын қабілетте болса, қатынас тілін жеткілікті дәрежеде білсе, егер қатынас жасау жағдайы еркін сөйлесуге мүмкіндік беретін болса (коммуниканттар жиналыста, кеңестерде, т. б. отырмаса) ойды ауызша жеткізу қолданылады. Ал аталған жағдайлардың бірінің болмауы жағдай-ында кинетикалық қатынас қолданылады.

Ауызша және кинесикалық қатынастардың қолданылуының аталған шарттары бір-бірін ауыстырады немесе бір ғана уақыт кезеңінде бірге жүре береді. Сол себепті де сөздік және кинесикалық белгілер күнделікті сөйлесу тәжірибесінде бір-бірімен араласып, қабаттасып жүреді.

Ым тілі толық дерлік ауызша тілге ауыса алады. Кез келген ым, ишара немесе ым, ишаралар тіркестері фонема-интонациялық тәсілмен беріле алады. Ым, ишаралар барлық уақытта сөздердің көмегімен (сөздік сөйлемдермен) де айтуға болатын ой-пікірлер мен сезімдерді береді. Мысалы, бір адамды саусағымен нұсқап, одан соң қолын самайына апарып айналдыру ым, ишараларының тіркесін «мына кісінің басы істемейді» деген сөздік тіркеспен, яғни сөйлеммен беруге болады. Ал ауызекі сөйлеудің көптеген үлгілері кинетикалық тіл арқылы беріле алмайды. Мұндай мысалдар тым сирек кездеседі. Мысалы, «мен келіспеймін» деген тіркес өзінің көкірегін қолымен нұсқап, басын олай-бұлай шайқау қимылдарының бірінен соң бірін жасау арқылы дәлме-дәл беріледі. Алайда кинетикалық сөздік қордың аздығы мен ым тілінің грамматикалық жүйесінің өте дамымағандығына байланысты көпке түсінікті ым, ишаралармен «мен философ болғым келеді» деген секілді дерексіз терминдері мен абстрактілі түсініктері бар тіркестерді қанағаттанарлықтай етіп жеткізуге болмайды.

Сан алуан жүріс-тұрыс, қимыл-қозғалыстарды бақылау коммуни-канттардың тікелей қарым-қатынасында, яғни диалог кезінде ым, ишараларды сөздермен жеткізудің еш қажеттілігі жоқ деген тұжырым жасауға себеп болады. Мұндай жағдайда ақпарат кинетикалық белгілер арқылы еркін түсініле алады. Ым, ишараларды сөздермен жеткізу ол ым, ишараларды көрмеген өзге адамдарға түсіндіру қажеттігі туған жағдайларда қолданылады. Басқаша айтқанда, кешірек, уақыт өте келе баяндаған кезде кинесикалық элементтерді сипаттау үшін белгілі бір сөздер, сөз тіркестері, оралымдар қолданылады (салыстырыңыз: ым, ишарасы бар төл сөз: « - Қойшы, масқара» + «бет шымшу» ишарасы мен төлеу сөз: « - Қойшы, масқара, деп шешем бетін шымшыды”).

Ауызекі сөйлеу тілі әдеттегі өмірлік жағдайларда кинесикалық сөйлеуге айналмайды; тек сөйлесушілердің сирек кездесетін сөзді білмеу жағдайында ғана оны белгілі ым, ишарамен түсіндіруге болады (мысалы, «ақымақ» деген сөзді түсінбегенде жұдырығының иілген саусақтарымен басын тоқылдатуға болады).

Кинесикалық сөйлеуді ауызекі сөйлеуге айналдырудың өзіне тән бірнеше әдіс-тәсілдері бар:

1) ым, ишараларды бір ғана сөздік бірлікпен беруге болады;

2) ым, ишараларды фразеологиялық тұрақты тіркеспен беруге болады;

3) ым, ишараны еркін сөз тіркестерімен жекізуге болады.

Бірінші жағдайда, ым, ишараның бір сөздік бірлікпен берілу жағдайында, бұл ым, ишараның формасы мен мәнін арнайы сипаттауға арналған сөздер болуы мүмкін (жымию, адыраю, бақыраю). Сондай-ақ бұл ым, ишараның баламалы мағынасын ғана беретін, бірақ оны сипаттамайтын арнайы қолданылмайтын сөздік бірлік болуы да мүмкін (салыстырыңыз: сөздер – Иә! Жоқ! мен ым, ишаралар – «бас изеу”, «бас шайқау”).

Екінші жағдайда, коммуникацияның ауызекі сөйлеу тәсілі үшін арнайы бірлік ретінде жасалған фразеологиялық бірліктер арқылы беріледі.

Фразеологизмнің компоненттері көп жағдайда ым, ишараларды жасауға белсенді не сылбыр қатысатын дене қимылдарының, дене мүшелерінің анағұрлым тән қимыл-қозғалыстарын белгілейді. Мысалы, «бас ию» фразалық тіркесіндегі бас компоненті бұл пантомиманы жасауда белсенді түрде қатысатын дене мүшесі. Ал «ию» компонентіне осы дене мүшесінің төмен қарай бағытталған қозғалысы сәйкес келеді. Осыған ұқсас жағдайларды басқа да фразалық тіркестер мен олардың кинетикалық сыңарларын талдау кезінде анықтауға болады (бас шайқау, шашын жаю). Әрине, сәйкестілік барлық уақытта толық, абсолютті бола бермейді. Мысалы, «шаш сипар» тұрақты тіркесінде қимыл-қозғалысты жасаушының белсенді мүшесі (қол) сөз жүзінде көрінбейді, «қол бұлғау» тіркесінде бұл мүшенің нақты қимылы айқын көрінбейді. Сондықтан мұндай фразеологизмдер әдетте ым, ишаралардың оғаштау лингвистикалық жобасы деуге болады. Бұл соңғылардың да жеткіліксіз дәрежеде мүшеленіп, сараланып көрініс табуына алып келеді. Мысалы қоштасқанда және әлдекімді қасына шақырғанда қолданылатын «қол бұлғау» ым, ишарасы түрліше жасалатынына қарамастан, ауызша сөйлеу тілінде бір ғана омонимдік тіркеспен беріледі.

Үшінші жағдайда ым, ишара белгілі бір дәрежеде кинесикалық комплексті толық суреттеп, сол арқылы қабылдаушыға оның мағынасын түсіндіретін еркін сөз тіркестері арқылы беріледі: «Бұқар жырау атынан түсті. Мойнына белбеуін салып, бір тізерлей отырып, Алласына «ақсарбас» айтып, жалбарына бастады» [І. Есенберлин, 1976, 252б.].

Ым, ишаралардан туған дыбыстық тілдің бірліктерін санасақ, олар бірнеше жүзге жетеді. Бұл, ең алдымен, фразеологтар назарын аударатын қомақты санды құрайды.

Ал кинесикалық тілде, өз кезегінде, ауызша сөйлеуден пайда болған бірліктер – ым, ишаралар өте аз. Біздің қазақтың ұлттық ым, ишараларының картотекасын қарап шығып, біз, онда да үлкен күмәнмен, мұндай бірлі-екілі жағдайды ғана көрсете аламыз. «Қолын құлағына апарып тыңдау", «алақанымен аузын басу", «құлағын қолымен жабу» секілді ым, ишаралар да ауызша тілдің ықпалымен пайда болған, бірақ жеке бірліктер емес, оның бүтіндей толық дыбысталуы себеп болған.

Ым «тілін» олардың жүйелері мен қызметтеріне қарап дыбыстық тілмен жақын деуге болады. Бұл аспект А. В. Филипповте жақсы ашылған. Автор өз зерттеуінде бұл екі ќарым-қатынас құралдарының құрылымының қаншалықты ұқсастығын, олардың категорияларының қаншалықты сәйкес келетінін (дыбыстық тілдің әрбір деңгейі бойынша) анықтауға тырысқан. Біз де қазақ тілінің құрылымы мен қазақ тіліндегі кинесикалық элементтердің қаншалықты ұқсас екендігін анықтауға тырыстық.

А. В. Филипповпен келісе отырып біздің де ым тілінде естілетін дыбыстық тілдің дыбыстарына (фонемаларға) сәйкес келетін ештеңенің жоқтығына күмәніміз жоқ. А. В. Филипповтың тұжырымынша, «тіл дыбыстары (фонемалар) – көптеген сөздерде кездесетін органикалық санның жүйелі бірлігі. Киндер (кинемалар) саны жағынан дыбыстардан әлдеқайда көп және көптеген ым, ишараларда тіпті қолданылмайды; фонемалардан ерекшелігі олар мағына ажыратқыштық қызметті өте сирек атқарады» [А. Филиппов, 1975, 256].

Сөзжасамдық деңгейге келсек, біз түбірлер мен аффикстердің ым, шараларда баламалары тіптен жоқ деп есептейміз.

Сөзсіз параллелизмдер сөздік қорда, лексикада кездеседі. Осы деңгейде ым, ишаралар сөздердің баламалары деп тұжырымдауға болады. Сөздер секілді олар да түрлі түсініктерді беруі мүмкін, эмоцияларды, көңіл-күйді, адамның тілек-қалауын білдіре алады.

Параллелизмді негізгі лексикологиялық түсініктердің бәрінен дерлік көруге болады.

Жеткілікті дәрежедегі органикалық сан-мөлшер жағынан, сондай-ақ белгілі дәрежедегі семантикасының бұлыңғырлығы себебінен қазақ тіліндегі көптеген ым, ишаралар көпфункционалды (көп қызметті) болып табылады. Осыған байланысты олар тілдік бірліктердің полисемиясына ұқсас. Келесі мысалдарға назар аударайық:

а) «жұдырық түю» деген моносемантикалық ым, ишара белгілі бір адамға ашлануды, қоқанлоққы көрсетіп, қорқытуды білдіреді:

– Оңбаған-ау, мені мазақ қылғың кеп отыр ма? – деп Бекен қуланған кескінмен жұдырығын түйді [С. Мұқанов,1970, 168б.].	– Ах негодник, передразнивать меня вздумал? – Бекен шутливо показал кулак.

б) «бас ию» деген полисемантикалық (көп мағыналы) ым, ишара:

1) Сәлемдесу ишарасы: Орнынан тұрып, беті қып-қызыл боп ду ете түсіп, сәл бас ие амандасқандай белгі етті.	Слегка покраснев, он склонил голову, приветствуя вошедших.

2) Біреуді құрметтеп, сыйлаудың, біреудің алдында кішіреюдің белгісі:

Ұлы Отан соғысындағы совет халқының ерлігіне бас иеміз.	Мы преклоняемся перед героичес-ким подвигом советского народа в Великой Отечественной войне.

3) Бағыныштылықтың, белгілі бір адамның билігін мойындаудың белгісі:

Жігітек жаны болатын болса, жалтақтамай жетсін де, алдымызға келіп бас исін! – депті [М. Әуезов, 1977, 23].	Если жигитекам дорога жизнь, то пусть без раздумий головы перед нами склонят.

Алайда, көптеген ым, ишаралардың көпқызметтілігі қатынас процесін қиындатпайды және әңгіме барысында, әдетте, ым, ишараларды қолдануға байланысты түсінбестіктер туындамайды. Кез келген уақытта әңгімелесуші адам не жөнінде айтып тұрғанын айқындай алады.

Жазба мәтінде де ым, ишаралардың «полисемиясы» көрініс тапқан ым, ишараны түсінуге қажетті контексті жасайтын ерекше тілдік құралдардың арқасында алынып тасталады.

Ым, ишаралар сөзсіз синонимдес бола алады. Мысалы, бағытты «қас-қабағымен нұсқау", «иегімен нұсқау", «қолымен нұсқауға» да болады. Сәлем-десу: бас изеу, қол бұлғау, қол алысу, құшақтасу, иек қағысу, төс соғысу.

Екі құрылымның осы деңгейдегі ұқсастығын антонидік ым, ишаралар да дәлелдейді. Мысалы, «бас изеу» келісу ишарасы мен «бас шайқау» келіспеу ишарасы. Антонимдік үйлестірілген формалармен салыстыру арқылы белгілі бір лексикалық мағынасы анықталатын ым, ишаралардың нөлдік формаларына ерекше назар аудару қажет, «қолын ұсынды» және «қолын ұсынбады» ым, ишараларын салыстырыңыз. Ауызекі сөйлеуде бір сыңары нөлдік компонентті антонимдік сыңарлар кездесетінін атап өткен жөн, амандасу (сөзбен) және қасақана амандаспауды салыстырыңыз.

Зерттеу барысында сондай-ақ омонимдік ым, ишаралар да анықталды. Омонимдік ым, ишаралар саны жағынан ең көп кинесикалық топ болып табылады. Мұның себебі бейнелеуіш дене қимыл-қозғалыстарының салыстырмалы түрдегі шектеулілігі болса керек.

Ым, ишаралар парономиялық (қос мағыналы) болуы мүмкін. Мысалы, тоқтауға өтініш:

Қуғыншылар қатты желіске салып лекіте тартқанда, Жайық атын тежеп, қолын көтерді. Тасемен де қатарласып бөгеле берген [С. Жүнісов,1981, 36б.].	Как только преследователи бросились в погоню, Жайык, придержав коня, поднял руку. Тасемен, поравнявшись, тоже остановился.

және жиналыста шешімді жақтап не қарсы дауыс беру:

Бауыржан: – Қарсы көтерген қол жоқ!. . Сонымен бұл шешіміміз бір ауыздан қабылданды.	– Против никто не поднял руку, поэтому данное решение принято единогласно, - произнес Бауыржан.

Осы деңгейдегі ым тілінің дыбыстық тілге сәйкестігін сонымен бірге ым, ишаралардың варианттылығы да дәлелдейді. Мысалы, қоштасу кезінде келе-сідей ым, ишараларды қолдану: *қол бұлғау, орамалын бұлғау, тымағын бұлғау*.

Ым, ишаралар сөздер секілді төл және кірме болуы мүмкін. Яғни бір халықтан екінші халыққа, бір говор, диалект немесе тілден басқа говор, диалект немесе тілге ауысуы мүмкін. Орыс тілінен енген ишараға «*қол соғу, қол шапалақтау*» жатады.

Сол бір жарасымды көрініс кезін-де залдағылар ұзақ қол соғып өз сүй-сініс терін білдірген болатын [Қ. Байсейітов,1977, 78б].	Зрители в восторге зааплодировали.

Сондай-ақ архаизм ым, ишаралар, оның ішінде тарихи ым, ишаралар да бар. Мысалы, «*тізерлеп, қол қусырып, тағзым ету*» – сәлемдесу ишарасы.

Тізерлеп, қол қусырып, тағзым ету (уәзір) [З. Шашкин,1957, 107б.].	Встав на колено, прижав руки к груди, поздаровался (визирь).

Дыбыстық тілде кәсіби сөздер болатыны секілді кинесикалық «тілде» де кәсіби ым, ишаралар бар. Олар нақтылы жағдайларда және негізінен бағынышты адамдарға техникалық тәсілдер мен операцияларды түсіндіру үшін қолданылады. Кәсіби ым, ишаралардың басты қызметі – жұмыс әдіс-тәсілдерін қайталау.

Ым, ишаралар, оның ішінде табу тұрпайы болуы мүмкін. Мысалы, «қолын шығару".

Оларға міне су! – деп Қылышбай қолын шығарды [Қ. Исабаев, 1971, 443б.].	– Вот они получат воду! – Кылышбай показал фигу.

Морфологиялық деңгейге келсек, морфологиялық мән-мағыналардың, оның ішінде әсіресе, олардың көрсеткіштерінің (септік, сандық, шақтық, т. б.) баламалары, сәйкестіктері ым, ишараларда тіпті жоқ.

Ым, ишараларды түрлі морфологиялық категориялардың сөздеріне ұқсатуға болады. Олардың кейбірі есімдіктерге (өзінің кеудесіне нұсқау – «мен"), үстеулерге (бағытты нұсқау), сан есімдерге (сандарды саусақпен көрсету) ұқсайды, сирек те болса сын есім-предикаттарды ("ақымақ» ишарасы), зат есімдерді ("ақша» ишарасы).

Енді синтаксистік деңгейдегі сәйкестіктерді қарастырамыз. Ауызша тілде синтаксистік бірліктер сөйлемдер мен сөз тіркестері болып табылады. Кинесикалық элементтер өте сирек жағдайларда сөйлемдерді құрауы мүмкін. Осындай кейбір «сөйлемдерді» келтірейік. Өзін нұсқау + мақұлдап бас изеу, қашықта тұрған адамды нұсқау + керісінше бас шайқау (Мен келісемін, анау келіспейді), белгілі бір адамды нұсқау + «бр-р-р» одағайының мағынасын беретін ишара (Ол маған ұнамайды), «ақша» ишарасы + ашық алақан + алақанды төменнен жоғары қарай көтеру (Ақша бар ма?), өзін нұсқау + «ақша» ишарасы + ашық алақан (Мағаң ақша берші).

Синтаксистік терминдерді қолданып, мұнда «баяндауыш", «бастауыш» және «толықтауыш-

тың» қатысып тұрғанын көруге болады.

Т. М. Николаеваның пікірінше, «бейвербалды құралдар нұсқағыштық та, дейктикалық та, сонымен қоса бейнелеуіштік те қызмет атқарады. Тілдік емес бейнелеуіш құралдар көп жағдайда баяндауышты алмастырады, ал дейктикалық – субъект және объектіні» [Т. Николаева, 1969, 626.].

Кинесикалық сөйлемдер мақұлдауыштық, сұраулық (ол сұраулы көзқарас арқылы немесе иектің төменнен жоғары қарай қозғалысы арқылы беріледі), лепті болуы мүмкін.

Зерттеу барысында біз бір қызықты тенденцияға назар аударды. «Сәлеметсіз» деп бір-бірін қарсы алатын адамдар әдетте басымен (иегімен) жоғарыдан төмен қарай (мақұлдау), ал бір-бірін «қалайсыз?» деген сөзбен қарсы алған адамдар иегімен төменнен жоғары қарай (сұраулы) қимыл жасайды. Біз сондай-ақ «Не болды?", «Не керек?", «Не дейсің?» деген секілді айқын сұраулы сөйлемдер де иектің төменнен жоғары қарай қимыл жасауымен бірге айтылатынын байқадық, осыған сүйеніп біз оны сұраулы ишараларға жатқыздық. Төменде мысал келтірейік:

Жұрт қозғалақтап бір-біріне қарасып, «бұ не сөз» дегендей бір-біріне иек қағысты [С. Жүнісов, 1981, 299б.].

Лепті сөйлемдер бұдан жігерлірек артикуляциямен беріледі немесе ол ым, ишараға өз-өзінен тән болып келеді (қуану мәніндегі «санын шапалақтау» ишарасы).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бодуэн де Куртене И. А. Избранные труды по общему языкознанию. Т. 1, - М. : Акад. наук СССР, 1963.
2. Бейсембаева С. Тілдік қатынастың проксемикалық компоненттері. Наука и жизнь Казахстана, 2018. №6.
3. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: Жазушы, 1976.
4. Филиппов А. Звуковой язык и «язык» жестов // Лингвист. сборник / МГПИ им Н. К. Крупской. - М, 1975. – Вып. 3.
5. Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алма-Ата, 1970.
6. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы, 1961.
7. Жүнісов С. Ақан Сері. – Алматы: Жазушы, 1981.
8. Байсейітов Қ. Құштар көңіл. – Алма-Ата, 1977.
9. Исабаев Қ. Соңғы ерлік. –А. : Жазушы, 1971.
10. Николаева Т. М. Невербальные средства коммуникации и их место в преподавании языка// Роль и место страноведения в практике преподавания русского языка как иностранного. – М. : Изд. МГУ, 1969.

ӘОЖ 372. 52 045

БЕЙСЕНБЕКОВ Ж. Ж.
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Бейнелеу өнері кафедрасы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АУЕЛБЕКОВ Е. Б.
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры
Бейнелеу өнері кафедрасы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ОҚУШЫЛАРҒА ДҮНИЕНІ КӨРКЕМ ТАНЫТУДА ПЕЙЗАЖ ЖАНРЫН ПАЙДАЛАНУ

Түйін. Мақалада бейнелеу өнерінің пейзаж жанры негізінде оқушылардың көркем дүниетанымын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Оның мектептегі оқыту-тәрбиелеу барысындағы өзіндік ерекшеліктері мен маңыздылығы айқындалып көрсетіледі.

Түйінді сөздер: бейнелеу өнері, көркемдік білім, пейзаж, таным, дүниетаным.

Резюме. В статье рассматриваются проблемы формирования художественного мировоззрения учащихся на основе пейзажного жанра изобразительного искусства. Расскрываются его особенности и значимость в учебно-воспитательном процессе школы.

Ключевые слова: изобразительное искусство, художественное образование, пейзаж, познание, мировоззрение.

Summary. The article deals with the problems of forming the artistic worldview of students based on the landscape genre of fine art. Reveals its features and significance in the educational process of the school.

Keywords: visual art, art education, landscape, knowledge, worldview.

Қазіргі таңда қоғам өзгерістерінің жаңа талаптарына сай білім беру бағдарламасы көркем-эстетикалық тәрбие беру мен көркемдік білім беру мәселелерін шешу міндеттерінде алдыға қойып отыр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жалғастырып «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялап, онда еліміздің болашағы жастардың ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді қастерлеуге бағытталған күрделі де, келелі мәселелерді шешу міндеттері қойылды. Елбасы тәуелсіздік кезеңінде халқымыздың өткені туралы зерттеу бойынша өте ауқымды жұмыстар атқарылғандығын көрсетті. Еліміздің тарихындағы кейбір ақтаңдақтарды қалпына келтіру үшін жасалған «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылып жатқандығын айтты. Дегенмен, ата-бабаларымыздың өмірі, олардың ғажайып өркениеті туралы мол деректі құжаттар әлі де ғылыми айналымға түспегендігін, олар әлемнің көптеген мұрағаттарында өз іздеуші, зерттеушілерін күтіп жатқандығы туралы өз мақаласында терең тарихи белестерден бастау алатын еліміздің мәдениеті мен өнерін дәріптеудің жоспарын жасап берді[1, 4].

Жас ұрпақтың танымын арттыру ел табиғаты мен қоршаған дүниені танып, білуіне, нәзік сезімдері мен ұшқыр қиялының дамуына, рухани жағынан дамуына, жетілуіне ықпал етеді. Бала жүрегін ұғатын педагог-ұстаз өз ісінің білгірі және өнерге жаны құмар болса, онда бала тәрбиесіндегі өнердің мәні мен маңызын түсінеді әрі өз қызметін шығармашылық іс-әрекеттермен ұштастырды. Әртүрлі көркемөнер салалары бойынша көркемдік білім беру, танымдық көркемдік іс-әрекеттер жқніндегі зерттеулер мен ғылыми талдау мәселелері Л. С. Выготский, Б. М. Неменский Т. Я. Шпикалова, Б. Юсов, С. Герасимов, М. Н. Ростовцев, А. Қамақ, Қ. Ералин, Қ. Жеделов, Ж. Балкенов, Қ. Болатбаев, Қ. Амирғазин, т. б. еңбектерінде қарастырылған.

Көркемдік білім танымдық-көркемдік іс-әрекеттің жасалу негізі болады, ал жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда көркемдік танымдық іс-әрекет жинақталады. Сөйтіп, көркемдік білім қоғамдық, эстетикалық тәрбие тәжірибесінде кеңірек қолданылады, сапалы білім арқылы жаңа білімдер жасалады, көркем еңбек дағдылары қаланып, рухани мәдениеттің дамуына өзіндік үлестер қосылады.

Мектептегі оқыту-тәрбиелеу барысында шығармашылық жұмыстар мазмұны да көркем-эстетикалық тәрбие беру мақсат-міндеттеріне сай болуы қажет. Мектепте көркем-эстетикалық тәрбие беру көркемөнер бағытындағы оқыту-тәрбиелеу жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Көркем-эстетикалық тәрбие беру көздерінің бірі - бейнелеу өнері арқылы оқушыларды әсемдік пен сұлулыққа, көркемдікке тәрбиелеумен қатар, дүние-

ні тану міндеттері де шешіледі. Осыған сәйкес, бейнелеу өнеріндегі табиғат жанры да өзіндік танымдық ерекшелігіне маңызды роль атқарады. Сондықтан табиғатты бейнелеу өнері, яғни пейзаж жанры оқу жұмысының бір түрі ретінде ғана емес, сонымен қоса оқушылардың табиғатты қабылдап, дүниені түсіну және бейнелеудегі көркем-шығармашылық үдерісі ретінде қарастырылуы қажет.

Пейзаж - бейнелеу өнерінің жеке дара өзіндік ерекшелігі бар көркемдік танымдық жанры болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін өнердің әр түрінде қалыптастырып дамытуды көздеу үшін сол оқушыларға сабақ беретін болашақ мұғалімдер де табиғат жанрын етене білуі заңды талап ретінде қабылданады. Суретші педагог үшін табиғат жанры оқушылардың көркемдік танымдық мақсаттарды шешу үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Мұғалім пейзаждық жанрды шеберлікпен меңгерумен қатар оны оқыта, үйрете алатындай және сол арқылы оқушыларды көркемдік дүниетанымын дамытуға қажетті оның әдістемелік негіздерін жан-жақты меңгеруі тиіс.

Оқушылардың дүниені танып-білуде пейзаж өнері А. А. Федоров-Давыдов, П. К. Суздалев, Н. А. Дмитриева, В. И. Ракитин, А. Ягодовский т. б. ғалымдардың тарихи, ғылыми-теориялық еңбектерінде жан-жақты қарастырылып, пейзаж жанрының тарихы, даму ерекшеліктері, мазмұны анықталған. Мектеп тәжірибесінде көркем-эстетикалық тәрбие көзі ретінде пейзаж жанрын оқыту жолдары мен тәсілдері, теориялық негіздері әлі де жан-жақты оқытылмайды. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі пейзаж жанрының оқушылардың көркем танымдық, дүниені тану барысындағы алатын орны әсіресе қазақ мектептеріне қажетті деңгейде толық зерттеле қойған жоқ.

Еуропаның көптеген белгілі педагогтары пейзажды жоғары тәрбие құралы деп санаған. Сол сияқты орыстың ұлы педагогі К. Д. Ушинский жас өркендердің тәрбиесінде сұлу ландшафт, яғни табиғат көрінісі педагогтың тәрбие ықпалымен пара-пар келетіндігін жазады [2, 5]. Соған сәйкес, қазақ даласындағы сұлу табиғатқа бай өлкелер де талай суретшілер мен шығармашыл өнер саңлақтарын дүниеге әкелгендігін және әкеле беретіндігін айтуымыз керек.

Осыған байланысты пейзаж жанрының теориялық негіздерін қарастыруда Қазақстан суретшілерінің табиғат көрінісі тақырыбында орындаған туындылары, еліміз бен жеріміздің сұлу табиғаты, ерекше табиғат ерекшеліктері, ондағы көркемдік-поэтикалық бейнелер қамтылған. Пейзаждық жанрдың қазақ көркемөнері мен мәдениетіндегі орны, оның тарихи дамуы А. К. Канапин, Л. Г. Плахотнов, Б. Барманқұлова, Л. Марченко, Н. А. Полонская, И. А. Рыбакова, Г. Сарықұлова, С. Құмарова, М. Ғабитова, Р. Ерғалиева т. б. тарихи және ғылыми теориялық тұрғыдағы зерттеу еңбектерінде жан-жақты талданып көрсетілген.

Қазақстан суретшілері табиғат көрінісі жанрының пейзаж, өлке табиғаты, ауыл, дала көрінісі, индустриалдық пейзаж, өнеркәсіптік пейзаж, сәулет құрылыстары көріністері, қала пейзажы сияқты түрлі салаларында еңбек етіп, үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Отандық пейзаждық туындылар әлемдік бейнелеу өнері шығармаларының қатарынан орын алып, адамның туған елдің табиғат сұлулығын сезінуіне, ұлттық мәдениетті, өнерді, әлемдегі әсемдікті тануға ықпал етіп отыр. Қазақстан бейнелеу өнерінде пейзаж жанры ерекше орын алады. Суретшілердің шығармаларында туған елдің дархан даласы мен кең байтақ жері, сулары мен өзен-көлдері, орман-тоғайлары мен тау-тастары көркем танымға әсер етерліктей сұлу бейнеленеді.

Оқушылардың көркем танымын қалыптастырудағы Қазақстан ұлттық пейзаж жанры Н. Хлудов, Ә. Қастеев, А. Ысмайлов, А. Черкасский, Ж. Шарденов, А. Жусупов, Қ. Телжанов, С. Айтбаев, Г. Исмайлова, О. Таңсықбаев, С. Романов, А. Дячкина т. б. мектебімен, шығармашылық еңбектерімен байланысты қарастырылады. Олардың шығармашылығында пейзаж шығармалары халық тарихы, ұлттық дәстүр, туған жер сұлулығы негізінде ерекше лирикалық сарында суреттеледі.

Оқушыларды суретшілер туындыларымен таныстырғанда табиғат жанры да ұлттық нақышта орындалып, дала, ауыл, тау пейзаждары, құрылыс, индустриалды-өнеркісіптік пейзаж сияқты әртүрлі салаларын қамтитындығымен танысады. Қазақстан суретшілерінің бұл саладағы суретшілерінің туындыларында ауыл, дала көріністері ерекше сарынмен жырланып, қазақ ауылының, дала сұлулығының ұлттық ерекшеліктері бейнеленіп, сонымен бірге, сұлу қала көріністері, ел индустриясы мен өнеркәсібі паш етіледі.

Оқушылар табиғатты бейнелеу бойынша орындайтын практикалық жұмыстарында, сурет салу барысында пейзаждың кескіндемелік және композициялық шешімін табуда танымдық іскерліктерін қолдануы қажет. Оқушылардың табиғатты, дүниені танудағы бейнелеу жұмыстары көркемдік ой-талғамына үлкен әсер етіп, қоршаған ортаны қабылдау, бейнелеудің әртүрлі формалары негізінде жүзеге асырылады. Олардың табиғатты бейнелеу іс-әрекеттерінде шығармашылық, танымдық қабілеттерін анықтауға, оны дамытуға үш негізгі факторлар әсер ететіндігі дәлелденген. Яғни, бұған табиғатты тікелей өз қалпында бақылап қабылдау, осы сезімдерін, алған әсерлерін анықтап, әңгімелермен, репродукцияларды көрсетумен бекітіп отыру, табиғатты суреттеу үлгілерімен, поэтикалық мысалдармен таныстыру тікелей ықпал жасайды. Пейзажды бейнелеу барысында бейнелеу іс-әрекетімен бірге, оқушылардың дүниені көркем тану және шығармашылық ептіліктері мен дағдылары жұмыс барысы мен табиғат түрткілерінің ерекшеліктері, табиғатты және оның күйін қабылдау ерекшеліктері, заттар мен обьектілерді сипаттауы, реңдік, түстік және кеңістіктік ерекшеліктері, жұмыс ба-

рысы мен табиғат күйінің әсер ету ерекшеліктерінің сәйкестік формасы, бейнені елестету және қалыптастыру ерекшеліктеріне қарай анықталады.

Оқушылардың дүниені тануын арттырудағы пейзажды бейнелеуге үйрету түрлері табиғат жанрын, сосын бейнелеу өнерін оқыту әдістемесімен тығыз байланысты болып келеді. Оқушылар пейзаж жанрын танымдық жанр ретінде аса қызығушылықпен, зор ынта-ықыласпен игеруге тырысады. Пейзаж жанры қоршаған ортаның, табиғаттың сұлу әсері арқылы оқушылардың көркемдік талғамын, бейнелік-кеңістіктік ойлау қабілеттерін, көркемдік дүниетанымын арттыруда мол мүмкіндіктер береді. Қоршаған орта мен дүниені эстетикалық тұрғыдан сезініп қабылдауда, көркемөнерді түсініп қабылдауда сурет салу дағдылары өзіндік ықпал жасайды. Жүйелі оқу әдістемесіне негізделген пейзаж жанрына үйрету оқушыларды эстетикалық тәрбиеге баулумен қатар, олардың танымын дамытуда ұтымды әрі басымдық қызмет атқарады. Оқушылар өмірінде табиғат, қоршаған дүние, орта олардың дүниетанымы мен көркем танымдық негізін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосады. Ал оның көркемдік-эстетикалық, сезімдік әсері өнер туындылары ретіндегі табиғат жанрына ерекше тәуелді болып келеді.

Ш. Ә. Ақбаева өз еңбегінде оқушылардың үлкендерге қарағанда кеңістік пен уақытқа қатынасы бөлек болатындықтан, олармен тиімді байланысқа өзіндік кеңістігі мен уақытында түсу керектігін көрнекті педагог Ш. А. Амонашвилидің дөп басып айтқандығын жазады. Ол оқушыларға сурет салғызуға жақсылап үйретумен ғана оларды өнерге тәрбиелеуге болмайтындығын айта келе, көркем образды қабылдай білуге, оны шығармашылықпен сомдай білуге түйсіндіру қажеттілігін көрсетеді. Яғни, пейзаж арқылы суреттер салғызу барысында оқушыларды көркемөнер дүниесіне ендіруде олардың өзіндік танымдық, түйсіну мүмкіндіктерін де ескеру қажеттігін анықтайды[3, 82].

Пейзаж жанры негізінде оқушылардың дүниені тануы мен көркем дүниетанымын қалыптастыру оқыту мен тәрбие үдерісінің біртұтастылығы, оқушыларды бейнелеу өнеріне оқытудағы көркем образдылық принципі, оқушыларды бейнелеу өнеріне оқыту үдерісінде оларды ұлттық мәдениет үлгілері арқылы тәрбиелеу т. с. с. көркем образдар жасау принциптеріне сүйене отырып жүзеге асырылады.

Дүниені тануға оқушыларды үйретуде табиғаттың суретін салу, яғни пейзаж салу натюрморт, тіпті адамның портретін салуға қарағанда анағұрлым қиын міндеттерге жатады. Себебі, күннің мезгілі мен ауа райына байланысты өзгеріп отыратын күшті табиғи жарық ерекшеліктері, бір мезгілде бейнеленетін заттың өзін суретші қай жағынан қарағанына байланысты әртүрлі қабылдану жағдайлары пейзаж салуды қиындата түседі. Сондықтан пейзаж салуда оқушыларды күн мезгілі мен сурет салу бағытын жазып отыру тәсілін қолдану тәжірибесін ұмытпау керек. Бұл тәсіл жарықтың түсу, өзгеру ерекшеліктерін тезірек тануға көмектеседі.

Оқушыларға дүниені таныту барысындағы пейзаждың басты элементтеріне аспан, жер, тау, су, өзен, ағаштар, гүлдер т. с. с. алуан түрлі табиғат заттары мен нысандары жатады. Пейзажды жақсы салуда осы элементтерді дұрыс сала білуге үйретудің маңызы зор. Олардың суретін салуды дұрыс үйренбеу сұрықсыз пейзаж салуға, табиғат заттарының өзіне тән формаларын жоғалтуға алып келеді. Пейзажда көзге табиғат кеңістігі сезіліп тұруы тиіс, яғни әрбір салынатын зат өзіне тән белгілерімен бейнеленіп көрінуі қажет. Мәселен, ағаштың өзіне ғана қатысты діңгегі мен қабықтары, бұтақтары мен жапырақтары сияқты белгілері өз сипатында салынуы тиіс. Сөйтіп, пейзаждағы ағаштың суреті сурет пен түпнұсқаның (табиғат көрінісі) арасындағы дәлме-дәл сәйкестікті қиналмай-ақ табуға болатындай салынуы керек. Егер сурет салушы оқушы пейзаждағы ағашты бұтақтар мен жапырақтардың өте сымбатты жүйесі ретінде сезінбесе, онда суреттің дүниені танудағы мәні ашылмай қалады. Жақсы пейзаж суретінде ағаштың бұтақтары мен жапырақтарының мөлшері, өзара орналасуы дәл берілсе, онда сонымен бірге ағаштың көлемі, түсі, пішіні де дұрыс бейнеленуге бағытталады. Сөйтіп, мәселен, ағаш жапырақтарын бейнелеуде қандай ағаш түрі екендігін түсінуге мүмкіндік беретіндей графикалық шешімін таба білуге үйрету керек. Осы орайда, Б. В. Лушников қағаз бетін шартты түрде суретшінің бейнелеу кеңістігі ретінде түсіну қажеттілігін айта келе, сурет салуда бейнелеу кеңістігіне сене отырып сурет салу көптеген танымдық қателіктерді жасамауға тәрбиелейтінін жазады [4, 91].

Пейзаж арқылы дүниені тануды игеруге кіші пейзаж элементтерінің, яғни тастар, бұталар, жер қыртыстары, шөптер мен гүлдер сияқты кіші табиғи пішіндердің суретін салу ерекше көмектеседі. Әсіресе суреттің алдыңғы бетіндегі детальдар пейзажда танымдық үрдісті күшейтеді. Сол сияқты, алыстағы таулар мен бұлттардың өзіне тән сыртқы құрылысы мен пішінін, жарық арқылы көрінетін пластикасын ажырату да маңызды. Жалпы әлемдік бейнелеу өнері тарихы мен теориясында табиғат жанры ең өзекті орын алады, сол себепті бейнелеу өнеріндегі табиғат жанрына көбірек көңіл аудару, оны жан-жақты зерттеп, түрлі әдістемелер қолдану оқушылардың дүниені тану ептіліктерін арттырып қана қоймай, көркемдік білімдерінің негіздерін ұштауға көмектеседі.

Оқушылар бойындағы кеңістіктік ойлау қабілеттерін күшейту олардың ойлау қабілеттеріне, дүние келбетін шынайы түсіне білуіне, көркемдік

танымын, дүниетанымын кеңейтуге көмектеседі [5, 232].

Бейнелеу іс-әрекеті айналадағы дүниенің бейнелеу және оны көркем бейнелеу әрекеттерінде қолдана білуді қалыптастыруды меңзейді. Бұл жұмыстың мазмұны мектептің оқыту-тәрбиелеу жұмыстарыдың талаптарымен байланысып жатады. Сондықтан әрбір сабақтағы оқыту және тәрбие үдерісінің тығыз бірілігі осы өнерді меңгертудің де негізі болып табылады. Оқушылардың дүниені тануға бағытталған пейзаждың суретін салған кезде ең алдымен бейненленетін көріністің шегін анықтап алу маңызды шарт болып табылады. Табиғаттың суретін салуда ортасынан тік бұрышты етіп кесіп алынған картонды немесе қағазды пайдалану кеңінен пайдаланылатын картина табу тәсілі болып табылады.

Бейнелеу іс-әрекеттері оқушылардың сурет салуда көркем білімі мен сұлулықты түсінуін үйлестіре білуге, олардың дүниедегі, өнердегі әсемдікті дұрыс сезінуін, түсіне білуін, шығармашылық ынтасын, өнерге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыруға, дүниені көркем тану ептіліктерінің қалыптасуына оң ықпал жасайды. Айналадағы дүниенің шынайы көріністерін көркем тани отырып бейнелеудің әдісін, тәсілдерін меңгеру, нақты танымдық-шығармашылық жұмыс жасау оқушыларды көркем-эстетикалық еңбекке тәрбиелейді, дүниедегі заттарға эстетикалық талғаммен қарауға, табиғаттың және адам қолымен жасалған қайталанбас сұлулық пен көркемдікті қорғай білуге баулиды. Қоршаған табиғаттағы сұлулықты, оның танымдық әсері, дүние құбылыстары, заттар мен пішіндер, түстер мен жарық-көлеңке әсерлері барлығы оқушылардың көркем табиғат заттары мен құбылыстарын танып білуіне әсер етеді.

Казіргі кезең сұраныстары жас буындарды қоғам дамуының жаңа сатыларына сай тәрбиелеп, оқыту жолдарын ғылыми негізде зерттеп белгілеуді мақсат етеді. Сондықтан қазіргі қоғамымыздың жаңару кезеңінде бейнелеу өнеріндегі пейзажды оқытудың көркемдік танымдық мазмұндағы жаңа оқыту жолдары белгіленіп көрсетілуі қажеттілігі де туындауда.

Сонымен, оқушыларға пейзаж жанры арқылы дүниені көркем таныту мәселесін талдай келе мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- бұл жанр оқушылар білім-танымына, жан дүниесіне әсер етіп, оны оқытуда өте жоғарғы ынта-ықылас пен қызығушылық туғызады;

- оқушыларды көркем эстетикалық тәрбиеге баулуда пейзаж жанры эмоционалдық сезімдік негіздері жағынан жоғарғы нәтижелер көрсетеді;

- пейзажды бейнелеу барысында түрлі көркем танымдық әдістемелер жүйесін қолдану қажет;

- қоршаған орта дүниесімен етене байланыста болғандықтан, пейзаж жанры оқушылардың білімдерін, бейнелеу іс-әрекетінің танымдық ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыруға қолайлы жанр болып табылады;

- пейзаж жанры арқылы табиғатты бейнелеуде оқушыларды қоршаған ортамен, дүниемен таныстыру жүйелі түрде жүзеге асырылып, оқушылардың эстетикалық талғамдарын қалыптастыруға ыңғайлы мүмкіндіктер мен алғышарттар пайда болады.

Қорыта келгенде, бейнелеу өнеріндегі пейзаж жанрының оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамдарын арттырып, дүниені көркем танытуға үйретудегі алатын орны ерекше екендігі анықталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н. Ә. «Ұлы Даланың жеті қыры». Егемен Қазақстан. Астана, 21 қараша, 2018. https://turkystan. kz/article/72793-ly-dalany-zheti-kyry.

2. Бесчастнов Н. П. Графика пейзажа: учебное пособие для студентов вузов. –М. : Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2008. -301 стр. : 32 с. ил –(Изобразительное искусство).

3. Ақбаева Ш. Ә. Қазақтың дәстүрлі өнерінің негізінде оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру. Монография. –Алматы, 2007. -176 бет.

4. Лушников Б. В. Рисунок. Изобразительно-выразительные средства: учеб. пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности «Изобразительное искусство» /Б. В. Лушников, В. В. Перцов. –М: гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2006. -240 стр.

5. Ауелбеков Е. Б., Буркитбаев Т. С., Сәдібек А., Шаханбаев М. Бейнелеу өнерін оқытуда оқушылардың көркемдік танымын қалыптастыру. Қазақстан ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. №6(50), 2017. -241 бет.

ӘОЖ 81 (091)
ҒТАМР 16. 21

БЕКЖАН О. Д.
филология ғылымдарының кандидаты
Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкер
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халақаралық қазақ-түрік университеті

УКРАИНАДАҒЫ МАНЫЧ ӨЗЕНІНЕН ТАБЫЛҒАН КӨНЕ ТҮРКІ РУНА ЖАЗУЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ

Түйін. Еуропадан табылған көне түркі күлбізік жазуларының оқылуы жайындағы пайымдар сілтемеде көрсетілген С. Я. Байчоровтың кітабында баяндалған. Ол алғашқы еңбек болғандықтан әлі де қосымша зерттеуді қажет етеді. Украинадағы Маныч өзенінен табылған жазудағы таңбалар түгелге жуық орқұн-енесей жазуының таңбаларына сәйкес келеді. Онда түркілік ата-бабалар ақыл ойының озықтығы және **қазақ** ұлттық есімінің ежелгі түпкі нұсқаларының бірі болып табылатын және ең алғашқы рет ұшырасқан **қассақ** сөзі жазылған.

Түйінді сөздер: Руна. Орқұн-енесей жазуы, Күрделі графема, Маныч-Іжазуы.

Резюме. Выводы о прочтении древнетюркских рунических надписей, найденных из Европы, были изложены в книге С. Я. Байчорова, указанной в ссылке. Так как эти выводы были первоначальными, требуют дополнительных уточнений. Звуковые знаки в надписи, найденной у реки Маныч из Украины, почти полностью соответствуют звуковым знакам орхоно-енисейских надписей. В ней написаны о прогрессивности мышлений предков тюрок и о слове **кассак,** которое так же было встречено впервые и оно является одним из древнейших оригиналов этнонима **казах**.

Ключевые слова: Руна, Орхоно-енисейское письмо, Сложная графема, Надпись Маныч-I.

Summary. Conclusions about reading of ancient turkic Rune inscriptions found from Europe, were expounded in a book S. Ya. Baychorov, indicated in reference. Because these conclusions were primary, require additional clarifications. Voice signs in the inscription found at the river Manich from Ukraine almost fully correspond to the voice signs of Orkhon-Yenisei inscriptions. In her written about progressiveness of thinking of ancestors of Turks and about the word of **Kassak**, that was similarly met first and it is one of the most ancient originals of name ethnic group**Kazakh**.

Keywords: Rune, Letters of Orkhon-Yenisei, Difficult grapheme, Inscription of Manich-I.

1986 жылы Маныч өзенінің бойындағы Житков-II қорымының № 4 обасынан археолог А. И. Семенов [1] көне түркі күлбізік (руна) жазуы бар садақ қаптамасын тапқан. Қазбаны Е. И. Беспаловтың жетекшілігімен Азов музейінің археологиялық тобы жүргізген. А. И. Семеновтің анықтауына қарағанда бұл – Шығыс Еуропадан табылған, датасы анық белгілі болған көне түркі күлбізік жазуларының бірі.

Жазудың датасы басқа да заттармен бірге табылған екі теңгенің арқасында анықталған. Оның бірі – Нахр-Тир дирхемі (98 хижра ж. с., И. Г. Добровольскийдің анықтауы)болса, екіншісі, константинопольдік Лев III-іншінің ертеректегі солиді (717-720 ж., А. И. Семеновтің анықтауы) екен. Енді садақ қаптамаларының суретін келтірейік:





Рис. 8. Обкладки лука хазарского (центральноазиатского) типа (Житков-II, курган 4, погребение 1, раскопки П. И. Кречмара).

А. И. Семенов жазуда 24 әріп-таңбасы болған дейді. Біздің анықтауымызша одан едәуір көп. Өйткені онда екі күрделі графема (КГ) жазылған, оның біріншісінде 7,екіншісінде5, жалпы 12 әріптаңбасы бар. Оған екі шеттегі бөлек жазылған екі НЧ таңбаларын қоссақ, барлығы 36 таңба саны шығады. Енді таңбалар жазылған бөлікті келтірейік. Бұл А. И. Семеновтің интернеттегі жарияланымынан тікелей көшірілді және төмендегі барлық жазу таңбалары осыдан алынды:




Маныч-1 жазуының қол көшірмесі

Жоғарыда келтірілген А. И. Семеновтің кескіні қолдан салынған сурет екені көрініп тұр, оны өзі де «рисунок» деп атап көрсеткен. Яғни, жазу – қолмен жазылған көшірме, фотосурет емес. Сондықтан жазу таңбаларының кескінінде толық анықтық болмайды, қолмен көшіруші таңбалардың кейбір бөлшектерін байқамай қалдырып кетуі әбден мүмкін жәйт. Дегенмен, бұл көшірмедегі таңбалар салыстырмалы түрде алғандаанық жазылған. Тек А. И. Семенов 24 деп келтірген таңбалардың үшінші таңбасының оң жақ шеткі шығыңқы бөлшегі осыған ұқсас оныншы таңбада табиғи әсермен өшкен тәрізді. Бұл таңба ОҚ[4] болып оқылады. Енесей жазуындаОҚ[4] , болып оқылатын мына таңбалар жоғары және төмен қаратып қолданыла береді. Келтіріліп отырған Маныч-1 жазуының өзіндік ерекшелігі бар, ондағы ОҚ[4] таңбасының сол жақтағы, қиғаш, төмен түсірілетін бөлігі ұзынша, доғал болып төмен түсірілген.

Тағы бір ерекшелік деуге келетін таңбалар мыналар: Қ, НҚ, Б[1][2]. Бұлардың ішіндегі Қ, Б[1]таңбаларын ерекшелік деп атап айтуға келе бермейді. Ондай өзгешеліктер енесей жазуларында кездесе береді. Ал НҚ таңбасына келетін болсақ, егер бұл таңба бұзылып жазылмаған болса, онда оны ерекшелік деп атап айтуға болады. Өйткені бұл таңба орқұн-енесей жазуындағы НТ таңбасына ұқсас келіп тұр. Алайда дөңгелек болып жазылатын НҚ[2, 191] таңбасы да кездеседі. Бұл жазуда Қ таңбасы төрт жерде, екеуі жеке таңба (12, 22) ретінде, екеуі күрделі графема (8, 24) құрамында кездеседі. Осы жазудың өзіндегі Қ таңбаларының өзі екі ерекшелікпен жазылған. Екі жеке таңба мен сегізінші күрделі графема құрамындағы Қ таңбалары өзара ұқсас келсе, төртіншісі, 24нөмірлі күрделі графема құрамындағы Қ таңбасы ҰУ таңбасының жазылуына орай өзгертілген.

Жазудағы келесі ерекшелік үшНЧ таңбасына қатысты болып отыр. Бұлардың бірінші ерекшелігі үшеуінің де ұштары, енділігі қанша алыс немесе жақын болса да, қаптаманың шеткі жиектеріне ұштасады. Екі шеткісінің аралары тұтас мәтіннен қашық орналасқан. Сондықтан да А. И. Семенов оларды табиғи әсер арқылы түскен сызықтар деп мәтінге қоспаған сияқты.

Ортадағысы күрделі графеманың құрамында болса да, екі ұшы екі жиекке жалғасқан. Біздің ойымызша, бұның үлкен себебі бар. Яғни, үшеуі жиектер арқылы жалғасады да, бірінен кейін бірі қосылып, күшейтпелі мәнмен оқылады. Сөздің өзі де күшейтпелілікті қажет ететін мәндегі АНЧА сөзі. Бұл сөздің мәтіннен араларының ашық қалдырылуы да осы күшейтпелілікке байланысты жасалған деп ойлауға болады, себебі ол орындарға да НЧ таңбалары жазылып оқыла алады. Ол аралықтарға шамамен 7 таңба жазуға болады. Мәтін соңындағы ұзын енді таңбада екі НЧ таңбасы бір-біріне қосылып жазылған, сонда бәрін қосқанда АНЧА сөзі қатарынан он бір рет айтылып күшейтіледі деуге болады. Бұл да мәтінде айтылатын бабалар даналығының бір белгісі екені сөзсіз. Қазір суреттің өзінен алынған мәтіннің күрделі графемалы түрін келтірейік:




Жай және күрделі графемалымәтін

Күрделі графемалардың бөлшектенуі (КГБ): КГ I - ; КГБ – 1) - Қ; 2) - С[1]; 3) - РТ; 4) - ҰУ; 5) - ОДЖ[4]; 6) - Л[2]; 7) - НЧ.

КГ II - ; КГБ – 1) -ҰУҚ[4];ОҚ[4]; 2) - ҰУ; 3) - Ч; 4) - Қ; 5) - Л[2].


Күрделі графемадағы жай таңбалармен толықтырылған мәтін(КГЖТТМ)**:**



Транскрипциясы:аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа... ҰУЧҰУҚ[4] АПаеС[2]іаШыҚ,аС[1]...,аРТҰУ...,ОДЖ[4]... ... ... еЛ[2]і, аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа... ОДЖ[4]ҰУҚ[4]аПа-,аҚа,аМаҰУМЫ аНҚаЙ[1], АБ[1]а,аҚа,аМаҰУҚ[4]ҰУЧы Қ... ... ... еЛ[2]... аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа.

Аудармасы: Сонша, сонша, сонша, сонша... ұшқыр ата-баба-мама-ана есі ашық, ас..., арты..., оз... ... ... елі, сонша, сонша, сонша, сонша... озық ата-баба-мама-ана, әке, шеше ом-ойы анық, ай(қын), ата-баба-мама-ана, әке, шеше ұғұмы қ... ... ... (б... ... ...) ел... сонша, сонша, сонша, сонша.

Күрделі графемадағы жай таңбалармен және сол жай таңбалардың қайталанып оқылуы арқылы толықтырылған мәтін:



Транскрипциясы: аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа... ҰУЧҰУҚ[4] АПа еС[2]і аШыҚ, аС[1]ы**К**$_{6}$ аРТҰУ**К**$_{6}$, ОДЖ-[4]**ҰУ**$_{6}$**К**$_{6}$**К**$_{6}$**аС**[1]$_{6}$**С**[1]$_{6}$**аК**$_{6}$ еЛ[2]і, аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа... ОДЖ[4]ҰУҚ[4] аПа, аҚа, аМа ҰУМЫ аНҚ аЙ[1], АБ[1]а, аҚа, аМа ҰУҚ[4]ҰУЧы Қ**ОҚ**[4]$_{6}$**ҰУ**$_{6}$**Ч**$_{6}$ еЛ[2]... аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа.

Аудармасы: Сонша, сонша, сонша, сонша... ұшқыр ата-баба-мама-ана есі ашық, асы**қ**, арты**қ**, озы**ққассақ** елі, сонша, сонша, сонша, сон-

ша... озық ата-баба-мама-ана, әке, шеше ом-ойы анық, ай(қын), ата-баба-мама-ана, әке, шеше ұғұмы қ**оқұш** (б**иік**) ел... сонша, сонша, сонша, сонша.

Келесі міндет мәтін оқылымына түсініктеме жасау мәселесіне келсек, көне түркі күлбізік жазба ескерткіштерінде өнікті де жиі қолданылатын күрделі графема арқылы жазудыең алғаш ашқан және ғылым әлеміне қосқан ғалым С. Я. Байчоров [3]болатын. Оның сол жаңалығын оқыған 2000 [2, 161-249] жылдан бергі көне түркі жазба ескерткіштері бойынша жүргізген зерттеулеріміз арқылы көптеген күрделі графемалар ашылып, бұрынғы ғалымдар оқи алмаған жаңалықтар ғылыми айналымға қосылды. Онда күрделі графемалардағы таңбалар қайталанып оқылып, мағынаны толықтырып отыру жиі кездеседі. Яғни, күрделі графема жай таңбаларды қайта-қайта жазудан құтқарып, көп орынды алмау үшін қолданылатын өте тиімді әдіс. Бұл біздің ата-бабаларымыздың даналықтарының нақты айғақтарының бірі екенін көп жылғы тәжірибеміз арқылы нық қуаттай аламыз. Жоғарыдағы КГЖТТМ-де күрделі графемада оқылған таңбаларды ғана келтірген мәтіннің мағынасы толық болмай қалғаны анық көрініп тұр. Ал таңбалардың қайталанып оқылуы қолданылған мәтіннің анағұрлым толықтығыайқын аңғарылады. КГЖТТМ-дегі көп нүктелер қайталанып оқылуға тиіс таңбалардың орнына және жобамен шамаланған АНЧА сөздерінің орнына қойылды. Транскрипциядағы (**$К_6$**) алты саны таңбаның қайталанып оқылуын білдіреді. ҚАССАҚ сөзіндегі таңбалардың қайталанып оқылуының қажеттігін мәтіндегі ЧеЛ[2]і болып оқылатын таңбаның жазылуы анық дәлелдейді. Өйткені ЕЛ сөзі елдің атын келтіруді керек етеді.

Мәтіндегі таңбалардың қайталанып оқылуы арқылы ашылған ұлтымыз үшін **ҮЛКЕН, ОРАСАН-ЗОР, ҰЛЫ ЖАҢАЛЫҚ,** ұлттық атымыз **ҚАССАҚ**-тың көне түркі күлбізік жазба ескерткішінде жазылып, оқылғанынағайындардан сүйіншілеп жариялаймыз. Бұл –қассақ-қазақ ұлтесімі (этноним) Күлтегін жазуындағы алғаш жазылған *ҚЫРҒЫЗ* ұлтесімінен аттай 12 жылға ерте бізіктелген. БіздіңҚАЗАҚ атты ұлтесіміміздің дәл осылай, ҚАССАҚ болып айтылудан туғаны жайындағы зерттеу жұмысымыз студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша өткен конкурста жеңімпаз болып, бірінші дәрежелі дипломмен марапатталуға игі үлес қосқаны есімізде. Олкезде мен 1983-1984 жылдары дайындық курсында оқып жүрген едім, тақырыпты жетекшім, сол кездегі филология ғылымдарының кандидаты Берікбай Сағындықұлына өзім ұсынған болатынмын. Ағайымыз қазір доктор, профессор, Әл-Фараби атындағы Қаз ҰМУ-да қызметін жемісті еңбектерімен жалғастыруда. Ол зерттеу қысқа түрде баспасөзде жарияланған [4] болатын.

Ол кездегі зерттеуімізде, білім деңгейіміздің шамасына қарай сөздің ҚАС және САҚ тайпаларының қосылып айтылуынан пайда болғаны туралы ғана сөз болған еді. Кейінгі мақалаларымызда қазақ атауы*қанқ-сақ> қай-сақ > қасақ> қазақ*[5] болып өзгерген деген де ой білдірген едік. Бұл да бір жаңа сөздің тууының бір нұсқасы болып қала берер, өйткені тарихымызда қайсақ аталу кезеңі де кездескені мәлім.

Қазір біз аталмыш түбірлердіңмағынасы және қалай пайда болғаны жөнінде сөз қозғаймыз. Жалпы бұрынғы еңбектерде ҮҰУДЖ[4], ОДЖ[4] [6] таңбасы менҰУМ, ОМ (ақыл, ой) [5],[6] сөзі хақында және топан судан кейінгі адамзат тарихы **НУХ** (а. с.) пайғамбар бабамыздан басталатыны жайында да айтып келеміз. Оның үш ұлы – **САМ**, **ХАМ**, **ЙАПЕТ**терден қазіргі бүкіл адам баласы тараған. Самның мағынасы – **КҮН**, Хамның мағынасы – **АЙ**, ал Йапеттің мағынасы – **ЖҰЛДЫЗ** болады. Бұл Йапет есімі қазақ тілінде қосымша ҚҰЗ болып та аталған. Құз атауы ұяңданып ОҒЫЗ болып айтылуға көшкен. Біз бұл Йапет-Оғызды ОҒЫЗ-І деп, ал бұл кісінің ұлы ҚҰЗ-ОҒЫЗды ОҒЫЗ-ІІ деперекшелеп айтуды ұсынамыз. Осы дәстүр ұласа келе,бабамыз Йапет~Жұлдыз~Құз (ОҒЫЗ-І) балаларының аттары да қазақ тілінде ҚҰНҚ (күн), САҚ~САР (ай), ҚҰЗ (жұлдыз) болып қойылуға жалғасқан. Яғни, үлкен ұлға үлкен, ортаншыға ортаңғы, кішіге кіші космоним атаулары қойылған. Құз сөзінің нұсқатүрлері Қаз~Қас// Қыз~Қыс болса, бұлардың жіңішке нұсқалары Кез~Кес// Кіз~Кіс болады. Келтірілген нұсқатүрлердегі З – Ж- ға, С –Ш- ға сәйкес дыбыстар болғандықтан бір-бірімен алмаса береді. Бұл сөздердің мағыналары негізінен кішілікті, қысқалықты білдіреді. Бұларды өз антонимдерімен салыстыра мысалға келтірсек, түсініктірек болады: Қыз↔Жігіт, Қыс↔Жаз, Кісі~Кіші (өзбек)~Кіжі (алтай)↔Үлкен. Бұндағы Кісі сөзі қазақ тілінде Кіші (маленкий) сөзінің мағынасын білдірмейді, бірақ өзбек тіліндегі Кіші (человек) сөзінің мағынасын білдіре алады. Өзбек тіліндегі Кіші (человек) сөзі қазақ тіліндегі Кісі сөзінің сәйкес түрі, ал қазақ тіліндегіКіші (маленький) сөзі өзбек тілінде **КИЧИК** болып айтылады, бұл – ежелгі заманнан қолданылып келе жатқан нұсқа. Сонда бабамыздың қосымша аты Кічік~Кісік// Құзық~Қасақ~-Қазақ деген ежелгі түбірлерден туғаны белгілі болады. Сонымен қысқарта айтқанда Қаз~Қас – жұлдыздық мәннен шыққан кішілікті білдіретін-,ал Сақ сөзіҚас сөзінің керісінше айтылуынан туған сөздер деп тұжырымдаймыз. Тілімізде оның да кішілікті білдіретін Шақ~Шек (құлыншақ, түлкішек), Шағ(қ)ын тәрізді нұсқалары қолданылады. Ежелгі дәуірде ұлтесіміміз жалпы атау түрінде ҚАС болып та, сондай-ақ САҚ болып та атала берген. Кейін бірте-бірте екеуі қосылып ҚАССАҚ болып айтылуға көшкен.

Сонымен ғасырлар бойы шешімін таппай келген **ҚАЗАҚ// ҚАССАҚ~ҚАЗЗАҚ> ҚАЗАҚ** атты ұлттық есіміміздің шығу төркіні анықталды, нықталды деп нық сеніммен айта аламыз. Бұл мәселе кең түрде баяндалатын ауқымды жұмысты талап ететіні аян. Алла жазса, оған алдаарнайы уақыт бөлетін боламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Семенов А. И. К выявлению центральноазиатских элементов в культуре раннесредневековых кочевников Восточной Европы. // АСГЭ (Археологический сборник), вып. 29. L. : 1988. С. 97-111. Kronk. spb. ru/library/Semenov-ai-1988. htm

2. Бекжан О. Д. Түркі күлбізік жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері. Алматы: «Қазығұрт», 2015, 131- б.

3. Байчоров С. Я. Древнетюркские руничеcкие памятники Европы. Ставрополь:1989, С. 73, 136.

4. Бекжанүбірі О. Қазақ атауы қалай шыққан. «Ана тілі», 1994, 18 сәуір.

5. Бекжанүбірі О. Қанқ елінің жазуы: 1. Күлтөбе – IV жазуы. // «Түркология», 2008, № 1-2, 11- б.

6. Бекжан О. Д. Күлтегін жазба ескерткішінің жаңа қырлары. Түркістан: «Мырза», 2016, 21-51-бб.

7. Бекжан О. Күлтөбеден табылған қыш кітап сынықтарындағы қысқа жазулардың мағынасы. «Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері» атты ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті және Л. Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2010, 21 желтоқсан. Астана: 2010, 176-187- бб. ; Есік жазуына 2009 жылғы түзетпе және ондағы жаңа ұсақ жазудың мағынасы // «Түркология», 2010, № 1-2, 3-35-бб.

УДК 81’1



БЕРДАЛИЕВА Р. Ш.
кандидат филологических наук, и. о. доцент
Кафедры мировых языков
Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжи Ахмеда Ясави

АБДУРАХМАН Н. С.
магистр филологии, преподаватель
Кафедры мировых языков
Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави

УСЕНОВА Н. А.
учитель русского языка и литературы
малокомплектной общеобразовательной
средней школы «Каражон»

НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СРЕДСТВА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Түйін. Мақалада қазақ тілі негізінде коммуникацияның бейвербалды емес құралдарын оқыту мәселесі қарастырылады. Мақалада белгілі бір қайшылықтарды қамтуы мүмкін әртүрлі арналар бойынша алынған бір ақпараттың мазмұнының көп маңызы туралы қорытынды жасалады. Қазақ тіліндегі ым-қимыл жүйесі тек осы тіл қоғамдастығына ғана әлеуметтік негізделген және оған тән, яғни ым-қимыл тілі нақты ұлт адамдарының кинесикасы ретінде беріледі. Өз тарихында адамзат көптеген мінез-құлық белгілерін жасақтады, онсыз бірде-бір қызмет түрі мүмкін емес. Адам үшін бұл белгілер мен таңбалы жүйелерді иелену оны басқа адамдарменқарым-қатынас жасауға және мәдениетке қосылуын білдіреді.

Түйінді сөздер: ымдау тілі, бейвербалды амалдар, ақпараттық жүктеме, ұлттық мәдениет, нақты ишараттар, ишарат мәдениеті.

Резюме. В статье рассматривается проблема изучения невербальных средств коммуникации на примере казахского языка. В статье делается вывод о многозначности содержания одной и той же информации, полученной по различным каналам, которая может содержать в себе определенные противоречия. Система жестов в казахском языке социально обусловлена и присуща лишь данному языковому сообществу, т. е. язык жестов дается как кинесика людей конкретной нации. На всем протяжении своей истории человечеством было создано огромное количество знаков поведения, без которых невозможен ни один вид деятельности. Для человека владение этими знаками и знаковыми системами означает включение его в отношения с другими людьми и в культуру.

Ключевые слова: жестовый язык, невербальные средства, информативная нагрузка, национальная культура, жесты-реалии, этикет жеста.

Summary. The article deals with the problem of studying non-verbal means of communication on the example of the Kazakh language. The article concludes that the content of the same information received through different channels is ambiguous and may contain certain contradictions. The system of gestures in the Kazakh language is socially determined and inherent only in this language community, i. e. the sign language is given as the kinesics of people of a particular nation. Throughout its history, humanity has created a huge number of signs of behavior, without which no activity is possible. For a person to possess these signs and sign systems means to include them in relationships with other people and in culture.

Keywords: sign language, non-verbal means, informative load, national culture, gestures-realities, gesture etiquette.

В настоящее время невербальная сторона коммуникации стала предметом изучения как традиционных, так и развивающихся направлений лингвистики, как семиотика, социолингвистика, психолингвистика, сопоставительное языкознание, этнолингвистика и т. п. Речевое общение нельзя представить без участия в нем проксемических и кинетических средств коммуникации, которые наряду со словом несут большую информативную нагрузку, передавая чувства, эмоции и отношение говорящего к предмету речи. Процесс коммуникации протекает как на вербальном (словесном) уровне, так и на невербальном уровне (жесты, мимика, телодвижения).

В процессе контактирования представите-

лей различных культур в сфере общественной жизни интерес к изучению национально-культурной специфики межкультурной коммуникации заметно возрастает. Специфические черты в общении проявляются, соответственно, не только на вербальном, но находят отражение и на невербальном уровне (языке мимики и жестов). Различные народы по-разному используют паракинесические средства как знаковые элементы. Значения этих паракинесических средств бывают обусловлены определенной средой, соответственно представители разных народов отличаются друг от друга картиной мимического поведения и характером жестов.

Некоторые жестикуляционные и мимические знаки нередко охватывают большую географию, что позволяет говорить об универсальности определенных жестов и мимики, но их значение может и не совпадать у разных народов, быть универсальными по своему содержанию, но по своему изображению отличаются своими национально-культурными особенностями. Таким образом, язык и сопровождающие его кинетические знаки имеют ярко выраженный национальный признак и связаны с этнической, географической, профессиональной, социально-культурной средой. Южане, как известно, больше жестикулируют, выражая различные эмоции и чувства, чем северяне. Не зная тонкости общения на невербальном уровне можно совершить грубую ошибку, которая может привести к «культурному шоку».

Несмотря на множество универсальных, общих для всех культурных сообществ паралингвистических средств общения, которые иногда могут совпадать полностью как в плане выражения (исполнение), так и в плане содержания (информация), а также не совпадать в обоих планах, существует большое количество специфических, характерных только для данного лингвокультурного сообщества, жестов. Каждая национальная культура развивает свои модели поведения и имеет определенный набор значений невербального общения. Невербальное поведение представителей тюркского мира, география которой охватывает огромную территорию, имеет свои уникальные особенности. Невербальное поведение в том или ином социуме довольно сложное явление. В целях выявления национально-культурной специфики невербальных способов коммуникации необходимо межъязыковое сопоставление.

В каждой культурной традиции существует стереотип как на уровне образов, так и на уровне моделей вербального и невербального поведения. Во многих паралингвизмах проявляется сходство внешнего проявления различных чувств и эмоциальное состояние, что связано с «единой биологической основой человеческих эмоций. Примером могут служить присутствующие в любой лингвокультурной общности «совпадающие паралингвизмы», *как махнуть рукой, опустить голову, закрыть глаза, кусать губы* и т. п. эмоциональное состояние человека передают симптомические жесты, волнение, радость, досада, ненависть, огорчение, растерянность, определяющим для которых является эмоция [4,138].

Невербальное поведение казахов, узбеков, турков, уйгур и других представителей тюркского мира имеют наряду с другими народами совпадающие жесты приветствия, прощания, согласия, удивления, отрицания и т. д.

Г. Колшанский по поводу становления и развития жестов высказал мнение о том, что образование языка сменило прежнюю систему общения, превратив ее в «привесок» к тотальной системе вербального языка [1,79]. Лишь в некоторых районах Австралии можно встретить равное общение, как на словесном уровне, так и с помощью языка жестов, причем последний вид коммуникации для них является предпочтительным.

По мнению В. В. Андриянова все жесты национальной культуры можно разделить на 3 группы: 1. жесты - реалии – это жесты специфичные и понятные только для данной культуры; 2. эквивалентные жесты; 3. ареальные жесты – идентичные жесты и в плане выражения и плане содержания. Анализ жестов представителей различных языковых сообществ позволяет утверждать правильность данной классификации: универсальность предметных и эмоциональных жестов человека.

Жесты-реалии имеют генетические связи с национальными обычаями народа, например, кочевым образом жизни казахов, а также их религиозными представлениями (обряды шаманства и ислама).

На сегодняшний день жестовая коммуникация отдельно взятого народа более или менее изучена. Об актуальности изучения различных средств коммуникации между людьми для создания более адекватной теории коммуникации высказано множество точек зрения. «Поиск в этом направлении должен содействовать уяснению того, как меняются прежние знаки и появляются новые...». [2. 14].

Жестовая коммуникация народов тюркского мира на данный момент изучена крайне мало. Представляет интерес историческое прохождение, условия развития, функционирование, роль в общей системе коммуникации, причины заимствования и специфика жестовой коммуникации с точки зрения их общности, объединяющаяся эти народы по

особым признакам.

Как известно жесты могут сопровождать речь, иллюстрировать ее или выступить в качестве самостоятельной реплики в общей структуре разговора.

С древнейших времен у тюркских народов особое значение придавалось движениям головы, как наиболее важной части: казахские жесты «бас изеу, бас шұлғу, бас шайқау, бас көтеру, басын салбырату» имеют аналогии в жестовой культуре многих народов тюркского мира.

Кивок головой (по-казахски «бас изеу») – однократный жест служит выражением согласия, одобрения, подтверждения или является синонимом к слову «да». Кивок головой находит себе близкую аналогию в ритуале приветствия тюркских народов. Прямой противоположностью голове, склоненной вперед в знак повиновения, у многих представителях тюркского мира (в частности у турков) служит голова, откинутая назад в знак несогласия и отказа, чего нельзя наблюдать у представителей других языковых сообществ.

Утвердительный кивок головой – положительный жест, используемый для выражения согласия «да», а также отрицательное покачивание головой со значением «нет», одинаковый почти у всех народов мира, по мнению многих ученых, считаются врожденными жестами.

«Бас шұлғу» - многократное кивание головой вперед-назад соответствует многократному «да-да-да» и соответствует абсолютному, эмфатическому одобрению («Не правда ли мое Абиш?»- спросил.... . Абиш слушая с большим вниманием, соглашаясь с ним, многократно кивал головой») [5,19].

«Басын шайқау» - покачивание головой в значении удивляться, восхищатся, сокрушатся, («-Эй, сынок, сынок! – сокрушенно покачал головой Жумаке: -Что же, доброй тебе дороги») [6,36].

Сравнивая жесты народов тюркского мира с жестами других европейских народов, следует отметить, что тюрки в основном пользуются синхронными движениями обеих рук, где большая роль отводится правой руке. Правая рука доминирует в повседневной жизни и связывается с благополучием, счастьем, тогда как левая – с неблагополучием, несчастьем. Начинать движение полагалось с правой руки («оң қолмен амандасу» - здороваться правой рукой), с правой ноги («оң аяғымен кіру» - переступать через порог дома), что нашло свое отражение и в Коране, и в Библии.

В истории коммуникативного поведения особая роль отводится руке. Рукопожатие как наиболее распространненый жест, используемый при встрече, прощании, заключении договора, знакомства, поздравлении, выражении согласия производится правой рукой. У народов тюркского мира (казахи, уйгуры, узбеки, татары и др.) часто рукопожатие производится не одной рукой (как у европейских народов), а обеими руками. Рукопожатие обеими руками является знаком почтительного отношения друг к другу.

Однако раньше не только рукопожатие, но и другие прикосновения расценивались как нарушение правил приличия. В культуре казахского народа приветствовать можно также следующим образом: обе руки прижимаются к груди или скрещиваются на груди, голова наклонена вниз *қол қусырып, бас иіп сәлем беру*, становиться на одно колено, обе руки прижимать к груди *тізілеп, қол қусырып, тағзым ету*, раскрыв объятия, коснуться плечами *құшақ жайып, иық тоғыстыру*. Из современных заимсвованных жестов приветствия следует отметить: 1) кивнуть подбородком *иек қағу,* 2) поднять руку *қолын көтеру***,** 3) махать поднятой вверх рукой *қол былғап амандасу*.

Жесты прощания аналогичны с жестами приветствия. Однако в казахской культуре существует жест *терiс бата беру,* который используется очень в редких случаях и расценивается как жест крайне огорченного человека.

Существуют национальные жесты такие как *санынсоғу* ударить ладонью по бедру, которое имеет значение сожалеть, раскаиваться, гневаться, тогда как в аналогичной кинеме других народов в него вкладывают другой смысл: радость, восторг, удивление, а выражение лица может варьироваться в зависимости от значения жеста. [6].

«Жест национален, поэтому существует этикет жеста» [7, 14]. Жестовое общение не является устойчивым, так как постоянно подвергается экономическим, политическим, социально-культурным изменениям в обществе и влиянию других культур.

Одним из наиболее привычных этикетных жестов для киргизской этнокультуры является **рукопожатие**, или **пожатие руки**. В языках жестов многих народов **рукопожатие** считается актом проявлением уважения и одновременно рассматривается как жестовый знак уважения. Киргизы с давних времен тоже считали руку основной и исключительно важной частью тела и говорили, что «рука – это роспись богов» (букв. кол кудайдынмёёръ). Поэтому они рассматривали жест рукопожатия как имеющий значение непоколебимой крепости и верности данному человеком обещанию.

В традиции киргизского народа **рукопожатие**, вообще говоря, не очень частый жест, к тому же имеющий ограниченную сферу использования. Пожимали руки, как правило, только тем людям, которые побывали в священных местах, например в Мекке. До священных вещей и предметов дотрагивались только

чистыми руками, а потому, зная, что болезни нередко передаются через руки, люди в своем поведении как бы ориентировались на следующую поговорку: *Все болезни передаются через рукопожатие* (букв. котурколдонжугат, жооржондонжугат). Поэтому, здороваясь, они лишь прикладывали руку или руки к груди и чуть склоняли голову вниз. Исключение в этом плане составляли близкие родственники: с близкими родственниками, приехавшими издалека, и обычно только с ними люди обнимались и прикасались друг к другу, впрочем и здесь только грудью. Традиция пожатия рук появилась у нас, у киргизов, лишь с приходом европейской культуры. Рукопожатиями, однако, в первое время пользовались только для закрепления того или иного договора и обещания.

Позже ритуальное **рукопожатие** в качестве знака приветствия распространилось довольно широко, причем в разных формах. Так, с давних времен киргизы перед тем, как отправиться на войну, или перед тем, как приступить к решению какой-либо сложной проблемы, в знак достигнутого с другими людьми соглашения о совместных действиях резали белую кобылу и собирали ее части и кровь в какую-нибудь посуду, после чего, засучив рукава, опускали в посуду с кровью руки. При этом люди произносили слова клятвы и говорили, что в случае, если они не сдержат данное слово, то пусть их постигнет участь белой кобылы. После закрепленного таким способом договора люди долго жили потом в дружбе и согласии.

Киргизы никогда не переступали через это данное ими священное обещание. И длилось это вплоть до 1925 года. В народном эпосе «Манас» мы несколько раз встречаемся с описанием этого ритуала, например:

Ай туягынчалышып,
Качкандардынбаарысы,
Как ушундайболсундеп
Карысынанкандарыь,
Канга колун малышып.

Сонымен, қазақ халқы ат қоюға үлкен мән берген, кез келген сөздің киесі бар деп түсінген. Ел арасында жүрген Алпамыстардың есімдері сол қазақ батыры секілді елін сүйетін, елінің жоғын жоқтайтын, шыншыл да тура мінезді, жүректі, қайратты, бір сөзді, адал, батыр тұлғалы болсын деген ізгі ниеттермен қойылса керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мұсылман дінінде де балаға жақсы ат қою ата-ананың үлкен парызы екендігі айтылған. Адам есімінің оның тағдырының құрылуына тікелей әсері бар екендігі белгілі. Осы себептен әр аттың түпкі мағынасын, оның аталу себебін, уақыт өте жамаған мағыналарын білген жөн. Әр қойылған атаудың уәжіне, оның қасиеттілігіне мән беру студенттің кәсіби қызығушылығын арттырады. Атаудың қойылуына, шығуына түрткі болған жағдаяттарға қанығу арқылы студенттің өзінің мамандығының майталманы болуына көп пайдасы тиеді.

Қорыта айтқанда, фольклорлық жалқы есімдердің идиоэтникалық бояуы қанық, этностың рухани-материалдық мәдениетінен мол танымдық ақпарат береді, сонысымен де студентке елжандылық тәрбие берудегі маңызы зор құрал болып есептеледі. Эпикалық ономастикалық концептілердің өн бойында сақталған этномәдени және лингвомәдени мазмұн, ментальдық келтірімдер, мәдени коннотациялар, білім, адам мен этнос тәжірибесі, сол замандағы ұлттық және қоғамдық сана болашақ маманға елдің ежелгі тұрмысынан хабар береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тілеубердиев Б. М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: филол. ғыл. док... . автореф: 10. 02. 02. –Алматы, 2004. – Б. 49.
2. Мадиева Б. М. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. - С. 190.
3. Кондыбай Е. Казахская мифология. Краткий словарь. –Алматы: Изд. «Нурлы Алем», 2005. - 272 с.
4. Қоңыратбай Т. Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. - Алматы: Ғылым, 2000. –264 б.
5. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. Қазақ мифологиясына кіріспе. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – Т. 1. - 376 б
6. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. - Алматы: «Арыс», 2006. - 168 б.
7. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. Арғықазақ мифологиясы. –Алматы: Арыс, 2008. – Кітап – 4, Т. 12. - 536 б.

УДК 811. 161



ЕРКИБАЕВА Г. Г.
доктор педогогических наук, профессор
Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжа Ахмеда Ясави

ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ – УСИЛЕНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА

Түйін. Мақалада орыс тілін оқытуда сөйлеу белсенділігінің қалыптасуы талқыланады. Орыс тілін оқытуда сөйлеу әрекетін қалыптастыруда маңыздысы – орыс тілін оқытуда коммуникативті бағытты күшейту.

Коммуникативті құзіреттілік - сөйлеуді дамыту техникасының жетекші қағидасы. Бұл қағидатты сәтті іске асырудың шешуші факторы – тілді меңгерудің, сөйлеу дағдысының жеткілікті жоғары деңгейі, өйткені дамыған сөйлеу таным үшін тамаша құрал, ыңғайлы және қажетті байланыс құралы, адамның мәдениеті мен ақылының көрсеткіші.

Түйінді сөздер: коммуникативті құзіреттілік, сөйлеу белсенділігі, байланыс құралдары, индикатор, ақыл.

Резюме. В статье рассматривается формирование речевой деятельности в преподавании русского языка. В формировании речевой деятельности в преподавании русского языка главным является усиление коммуникативной направленности в преподавании русского языка. Коммуникативная компетенция является ведущим принципом методики развития речи. Решающий фактор успешной реализации этого принципа – достаточно высокий уровень владения языком, речевыми умениями, так как развитая речь – это прекрасный инструмент познания, удобное и необходимое средство общения, показатель уровня культуры и интеллекта человека.

Ключевые слова: коммуникативная компетенция, речевая деятельность, средство общения, показатель, интеллект.

Summary. The article discusses the formation of speech activity in the teaching of the Russian language. In the formation of speech activity in the teaching of the Russian language, the main thing is to strengthen the communicative orientation in the teaching of the Russian language.

Communicative competence is the leading principle of speech development techniques. The decisive factor for the successful implementation of this principle is a sufficiently high level of language proficiency, speech skills, since developed speech is an excellent tool for cognition, a convenient and necessary means of communication, an indicator of a person's culture and intelligence.

Keywords: communicative competence, speech activity, means of communication, indicator, intelligence.

ВВЕДЕНИЕ

Формирование у учащихся потребности в овладении знаниями и способами действий с ними в соответствии с познавательными установками - одна из приорететных задач школы на современном этапе.

Главный фактор успешной реализации этой задачи – достаточно высокий уровень владения языком, речевыми умениями, так как развитая речь – это прекрасный инструмент познания, удобное и необходимое средство общения, показатель уровня культуры и интеллекта человека.

Проблемы развития связной речи нашли всестороннее освещения в трудах выдающихся лингвистов и методистов прошлого (Ф. И. Буслаева, К. Д. Ушинского, И. И. Срезневского, В. Я. Стоюнина, А. Д. Алфёрова, Л. И. Поливанова, В. И. Чернышова, К. Б. Бархика, М. А. Рыбниковой и др.).

В настоящее время целенаправленное, системное опирающееся на лингвистические знания обучение школьников различным видам речевой деятельности находится в центре внимания ученых-методистов и учителей- практиков В трудах Л. П. Федоренко, Т. А. Ладыженской, О. В. Сосновской, В. И. Капинос, Н. А. Пленкина , М. Р. Львова, Е. И. Никитиной, Е. В. Архиповой были отражены различные аспекты методики обучения связной речи.

Речь является убедительным показателем духовной культуры личности поэтому проблема развития устной речи обучающихся приобретает все большее общественное значение.

Начавшийся процесс возрождения духов-

ности, возвращения к истокам и традициям отечественной культуры, освобождение от догматических и односторонних оценок явлений искусства меняют стиль общения между людьми, преобразуют его в сторону расширения тематики, более полного использования богатства устной речи, внимания к личности собеседника.

В образовательных организациях также усиливается внимание к личности обучающегося, его духовному развитию, культуре, стилю мышления и речи, способности к творчеству. Обществу необходимы люди, владеющие словом, умеющие отстаивать свои убеждения, взгляды, вести дискуссию, творчески включающиеся в процесс межличностной коммуникации.

В данное время в обществе и системе образования, зеркально отражающей состояние государства, заметно развитие и других тенденций - бездуховного развития значительной части молодежи, ее нравственно-эстетического оскудения, отстранения от культурных ценностей. Резко понизились требования к культуре устной и письменной речи. Крайней бедностью отличается язык ораторских выступлений на различного рода съездах, заседаниях, собраниях, в телевизионных передачах (однообразие лексического состава, отсутствие образности, обилие штампов, ненужных заимствований, введение диалектных слов, выражений откровенно грубых, неверная расстановка ударений).

Пассивное познавание произведений через средства массовой информации, что заменяет и само чтение и речевое общение интеллектуально-эстетического характера во многом препятствует формированию речевой культуры подрастающего поколения. Поэтому особо важно проводить работу по развитию устной речи в контексте деятельности, создавая такие ситуации речевого общения обучающихся на уроках литературы, которые бы формировали умение владеть теми или иными жанрами устных высказываний.

На уроках русского языка и не только, надо научить ребят пользоваться русским словом, понять и почувствовать его, стремиться развивать свою речь, совершенствовать свое речевое творчество.

В Казахстане проблемой развития речи занимались Г. Ж. Серікбаева, Р. С. Кенжекова, Б. Ш. Мешімбаева, Г. Бейсенбекова, М. Мукамбетқалиева К. Кадашева, Г. К. Камиева. Г. Г. Еркибаева и др. [1-8].

Профессор Г. Г. Еркибаева в своем учебном пособии «Методика преподавания русского языка I: учебное пособие» пишет: » Развитие речи учащихся – это процесс длительный и сложный, требующий систематического и целенаправленного вмешательства учителя.

Основная задача работы по развитию речи – вооружить учащихся умением содержательно, грамматически и стилистически правильно выражать в устной и письменной форме свои и чужие мысли» [8, с. 154].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Речевая деятельность имеет несколько разных видов:

1. Говорение (процесс формирования и формулирования мысли в момент произнесения высказывания).

2. Слушание (смысловое восприятие устного высказывания).

3. Письмо (смысловое восприятие устного высказывания).

4. Чтение (смысловое восприятие письменного текста, результатом которого становится понимание).

Речевую деятельность можно представить в виде следующей таблицы.

Таблица №1. Речевая деятельность

П/№	Виды речи	функции
1.	Говорение.	процесс формирования и формулирования мысли в момент произнесения высказывания
2.	Слушание	смысловое восприятие устного высказывания
3.	Письмо	смысловое восприятие устного высказывания
4.	Чтение	смысловое восприятие письменного текста, результатом которого становится понимание

Цель обучения связной речи - подготовить учащихся к речевому общению в устной и письменной форме.

Задачи обучения связной речи:

1. Учащиеся должны овладеть нормами русского литературного языка. 2. Учащиеся должны обогатить свой словарный запас 3. У учащихся должны быть сформированы навыки и умения связного изложения своих мыслей в устной и письменной форме, то есть коммуникативные навыки, нужно усилить коммуникативную направленность в преподавании русского языка

Как отмечает автор статьи в своем пособии «Методика преподавания русского языка I: учебное пособие»: «В теории и практике преподавания русского языка выделяются компетенции: языковая, лингвистическая, коммуникативная, культуроведческая (лингвострановедческая, этнокультуроведческая, социокультурная)» [8, 20].

Предлагаем виды компетенций в виде таблицы №2.

Таблица №2. Виды компетенций

языковая	лингвистическая	коммуникативная	культуроведческая
Способность учащихся употреблять слова, их формы, синтаксические структуры в соответствии с нормами литературного языка, использовать его синонимические средства, - владение богатством языка как условие успешной речевой деятельности	Знание основ науки о русском языке, результат осмысления речевого опыта учащимися предполагает усвоение комплекса лингвистических понятий	Способность понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения, адекватно целям, сферам, ситуациям общения, которая включает знание основных понятий лингвистики речи: стили, типы речи, строение описания, повествования, рассуждения, способы связи предложений в тексте и т. д. ; умения и навыки анализа текста	способствует формирова нию языковой картины мира, помогает овладеть националь но-маркированными единицами языка, что, в конечном счете помогает использо вать русский язык соответственно речевым требованиям [14].

Коммуникативная компетенция является ведущим принципом методики развития речи, что нашло отражение в принципах обучения связной речи.

1. *Коммуникативный* (ведущий принцип методики развития речи). Подготовка школьников к полноценному речевому общению, как в устной, так и в письменной форме.

2. *Принцип единства различия речи и мышления*. Язык - средство общения и одновременно познания мира. Развивать речь ребенка - это значит учить его мыслительным операциям, таким как синтез, анализ, абстрагирование, обобщение, индукция, дедукция).

3. *Принцип единства изучения языка и обучения речи*. Язык и речь объединены понятием «речевая деятельность». Усваивая единицы языка в единстве их значения, формы и функции, школьники учатся употреблять эти единицы в речи. Выполняя упражнения, направленные на усвоение норм русского литературного языка, школьники развивают свою речь.

4. *Когнитивно-коммуникативный принцип* речевого развития реализуется в предлагаемой методике через формирование языковых обобщений. В качестве наиболее общих понятий избраны речь, текст, слово, которые усваиваются в результате осознания номенклатуры более частных понятий, а интегративными понятиями являются значение (смысл) и функция.

5. *Контекстный принцип*. Анализ языковых единиц в их связях. Языковые единицы необходимо рассматривать в контексте, так как каждая единица обусловлена семантикой и грамматическими свойствами. Только контекст может показать семантику языковой единицы всех уровней).

6. Принцип непрерывности работы. Развитие речи учащихся происходит на уроках регулярно, являясь аспектом изучения русского языка. Развивая речь учащихся, школа придерживается четко определенных характеристик речи, к которым следует стремиться, и которые служат критериями оценки ученических устных и письменных высказываний. Это требование простоты и ясности, логичности и точности, информативности и сжатости, богатства и разнообразия, благозвучия и интонационной выразительности.

Представим критерии оценки ученических устных и письменных высказываний в виде таблицы №3.

Таблица №3. Критерии оценки ученических устных и письменных высказываний

Критерии оценки ученических устных и письменных высказываний	Требования к ученическим устным и письменным высказываниям
1. Информативная насыщенность	одни высказывания значительны, другие никакого интереса не представляют. Многословие, речевая избыточность может присутствовать даже в неинформативной фразе.
2. Логичность речи	В соответствии с законом тождества в процессе рассуждения одно знание о предмете не должно подменяться другим. Другой закон логики – закон противоречия. Причиной нелогичности речи может стать подмена понятия, которая часто возникает в результате неправильного словоупотребления.

3. Точность и ясность	точность речи придает ей ясность, ясность речи вытекает из ее точности. Критерий точности высказывания определяется также и его достоверностью: насколько объективно, верно мы отражаем в речи факты, события.
4. Богатство речи	Самый первый критерий богатства и бедности речи – количество слов, которое мы используем. В одном из самых известных русских словарей – «Толковом словаре живого великорусского языка» В. И. Даля, собранном еще в XIX в., – около 250 тыс. слов.
5. Чистота речи	Язык – стройная система средств общения; приведенная в динамику, которая становится речью. А речь подвержена разнообразным влияниям, в частности оскудению, засорению. Засоряют нашу речь диалектные слова, профессионализмы, просторечные слова, вульгаризмы, речевые штампы.
6. Уместность речи	это такая организация языковых средств, которая более всего подходит для ситуации высказывания, отвечает задачам и целям общения, содействует установлению контакта между говорящим (пишущим) и слушающим (читающим).
7. Правильность речи	Требование правильности речи относится не только к лексике – оно распространяется на все уровни языка: на грамматику, словообразование, произношение, ударение, а в письменной речи – на орфографию и пунктуацию. На всех «ярусах» языка требуется соблюдение нормы. За норму принимают наиболее распространенные из числа существующих, закрепившихся в практике образцового использования, наилучшим образом выполняющих свою функцию языковых (речевых) вариантов.
8. Образность речи	Образное, живое, эмоциональное слово не оставляет равнодушным ни слушателя, ни читателя.

Главная цель развития речи в средней школе основана на преемственности и усилении речевой подготовки учащихся, на формировании осознанно строить тексты разных типов и стилей речи, используя при этом языковые средства, наиболее характерные для каждой коммуникативной ситуации.

Большая роль в программе отводится компетенциям.

Коммуникативная компетенция в образовательном лингвистическом направлении является ведущей для развития речи, так как предполагает формирование способности учащихся к реальному речевому взаимодействию и взаимопониманию жизненно важных для данного возраста ситуаций общения.

Языковая и лингвистическая (языковедческая) компетенции в средней школе направлены на овладение знаниями о языке как знаковой системе и общественном явлении. На каждом занятии школьники постигают основные нормы русского литературного языка, овладевают словарным запасом и грамматическим строем речи.

Культуроведческая компетенция способствует формированию языковых понятий как формы выражения национальной культуры, подчеркивает взаимосвязь языка и истории русского народа, культурой межнационального общения [9, 25].

Работа по развитию речи осуществляется на уроках русского языка и на специальных уроках по развитию связной речи. Все они направлены на усиление коммуникативной направленности в преподавании русского языка.

Таблица №4. Совершенствование речевой деятельности для усиления коммуникативной направленности

п/п	**Овладение нормами литературного языка.**	**Словарная работа**	**Обучение различным видам речевой деятельности**
1.	Письменное изложение или устный пересказ текста содержащее необходимые для усвоения языковые средства;	Работа со словами фразеологизмами, данными в учебнике;	*Обучение оптимальному чтению.*

2.	Свободный или творческий диктант;	Различные виды диктантов: - словарный диктант (1 раз в неделю); - диктант по памяти (проверка домашнего задания); - диктант «Угадай словечко»; - зрительный диктант	*Обучение устной и письменной речи.* 1. Сочинение-репортаж на актуальную тему современности; 2. Составление лингвистической сказки, басни на уроках русского языка, при объяснении новой темы); 3. «интервью с литературным героем, героем фильма, актером, с известным политическим или общественным деятелем. 4. Портретный и психологический очерк (о себе, своих друзьях, классе).
3.	Письменный пересказ с дополнительным заданием: употребить в тексте данные слова или конструкции;	Сочинение миниатюра по опорным словам;	
4.	Конструирование словосочетаний, предложений, небольшого текста с языковыми средствами	Карточка с разнообразными заданиями;	
5.	Замена ошибочных вариантов нормативными	Объясни разницу – работа с парами слов, сходных по звучанию, но разных по значению;	
6.	Сопоставительный анализ нормы и её нарушений;	Работа со словарями, оформление карточек и знакомство класса с новым словом, работа с толковым словарём учебника	
7.	Выбор или поиск одного из данных (нормативного и ошибочного) языковых средств.	«Справочное бюро» работа со словарями, поиск «адреса» слов в словаре, объяснение его толкования, правописания и произношения;	
8.	Заучивание стихотворных строк, включающих в себя слова для запоминания.	Традиционная словарная подготовка к изложению или сочинению.	
9.	«немые диктанты» (орфоэпические)	Упражнение на построение определенных словосочетаний, предложений, мини – сочинений	
10.	Проговаривание вслух по слогам необходимого материала;	Упражнения на замену одних конструкций более уместной с точки зрения задачи высказывания, его стиля.	
11.	Объединение слов в определенные группы по смыслу с одинаковым ударением, с одной и той же формой и т. д.		

Все виды работ в указанной таблице могут способствовать развитию и формированию речевой деятельности, тем самым помогают усилить коммуникативную направленность речи.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Центральным понятием, рассматриваемым в данной статье, является понятие «развитие речи». Оно дается в современном понимании – значительно шире, чем раньше: это не просто традиционное развитие связной речи, обогаще-

ние словаря и обучение культуре речи, но и выполняет коммуникативную функцию.

В методическом понятии развитие речи входит формирование и совершенствование коммуникативной, языковой, лингвистической, культуроведческой компетенций. Поскольку язык – это культуросообразное, ценностное понятие, то развитие речи предполагает овладение языком как культурным кодом нации, овладение всеми видами речевой деятельности, ценностными понятиями (культурными концептами) и актуальным дискурсом. Развитие речи – это способ адаптации личности в обществе, это важнейший компонент и условие личностного становления, а потому оно неразрывно связано с развитием интеллектуальной и духовной, эмоциональной и волевой сфер личности.

Именно такое широкое понимание термина «развитие речи» может обеспечить реализацию требований современных стандартов, ориентированных на развитие у выпускников школ коммуникативности, на приобщение к культуре, формирование национального самосознания и идентичности, на осознание ценностей русского народа посредством родного языка.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Серікбаева Г. Ж. Орыс бөлімдеріндегі студенттерді казақша сөйлеуге үйрету әдістемесі (жай сөйлем синтаксисі негізінде): Пед. ғыл. канд. диссерт. - Алматы, 1998. — 191 б.

2. Кенжекова Р. С. Жоғарғы оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде есімдіктерді оқытуда қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырудың теориялық негіздері: Пед. ғыл. канд. диссерт. - Алматы, 1998. - 152 б.

3. Мешімбаева Б. Ш. Гуманитарлық бөлім студенттерін казакша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: Пед. ғыл. канд. диссерт. - Алматы, 1999. -163 б.

4. Бейсенбекова Г. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі: п. ғ. к.,... дисс. . -Алматы, 2001-147 б.

5. Мұқамбетқалиева Макин. Оқу мәтіндегі арқылы қазақ тілін үйрету әдістемесі. (ЖОО орыс бөлімдеріне арналған). Пед. ғыл. канд. диссерт. - Алматы, 2001. 154 б.

6. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. докт. диссерт. - Алматы, 2001. -301 б.

7. Камиева Г. К. Орыс топтарындағы студенттердің сөйлеу тілін мақал-мәтелдер арқылы дамыту (гуманитарлық факультет, орташа топқа арналған). – Алматы, 2003. -24 б.

8. Еркибаева Г. Г. Методика преподавания русского языка I: учебное пособие. – Туркестан: ГиГаТРЭЙД, 2019. – 154 стр.

9. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2016-2019 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан № 205 (далее ГПРО) от 1 марта 2016 года // Казахстанская правда от1 марта 2016 года.

ЖАЛМАХАНОВ ШАПАҒАТ ШАРАПАТҰЛЫ
ф. ғ. д., профессор,
Қарағанды медицина университеті

МАРЕТБАЕВА МАРИНА ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ
ф. ғ. д., профессор,
Қарағанды медицина университеті

ТОЛЫСБАЕВА ӘДЕМАУ ТҰРДЫБАЙҚЫЗЫ
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ КӨСЕМ СӨЗДЕРІНДЕГІ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Түйін: Мақалада А. Байтұрсынұлының 1912-1930 жылдары баспасөзде жарияланған оннан астам көсемсөзіндегі қазақ тілінің әліпбиі, емлесі, тіл тазалығы, әдеби нормалардың сақталуы, тіліміздің қоғамдық-ағартушылық салаларда қолданысы жайлы пікірлері сараланып талданады. Әліпби құрастыруда дыбыстық қағидаға (усул сотие) сүйене отырып, емледе тілдегі үндестікті дауыссыздарды дауыстыларға бағындыру қажеттігін, баланың бастауыш білімді ана тілінде алуы керек, іс қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуі міндетті деген ұстанымдарды заң-ереже етіп ұсынды. Ұсынып қана қойған жоқ, бұл азаматтық позициясын Алаш қозғалысы, партиясы және автономиясы мен Алашорда үкіметінің заң-ереже, жарғы, үкімдерінде берік сақтап іске асырды. Түйіндей келгенде, А. Байтұрсынұлы – ойы, сөзі және ісі ұлты үшін бір мақсатқа бағытталып, сол мақсатқа жетудің міндеттерін атқарған ұлы қайраткер.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, әліпбі, ана тілінде, Алашорда, баланың бастауыш білімі.

ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ПУБЛИЦИСТИЧЕСКИХ ТРУДАХ А. БАЙТУРСУНУЛЫ

Резюме: В статье анализируются мнения А. Байтурсунулы в статьях, которые были опубликованы в период 1912-1930 годы, об алфавите и орфографии, чистоте, соблюдении литературных норм и о применении в общественной и образовательной сферах казахского языка. Он придерживался принципам: в составлении алфавита к фонологическому (усул сотие), в орфографии – сингармонию гласных звук, обязательного обучения детей в начальных классах на родном языке, ведение официально-деловых бумаг на казахском языке. Эти позиции он отстоял в решениях, положениях и уставах движении партии и автономии Алаш, правительства Алашорды. В заключении можно сказать, что А. Байтурсунулы великий деятель у которого мысль, слово и дело – не расходились, они были нацелены для цивилизованного будущего своего народа, и для достижения цели он достойно выполнял свои задачи.

Ключевые слова: образование, статья, казахский язык, алфавит, Алашорда.

PROBLEMS OF KAZAKH LANGUAGE IN THE JOURNALISTIC WORKS OF A. BAUTURSUNULY

Summary: The article analyzes the opinion of A. Bautursunuly, in articles that were published between 1912-1930, about the alphabet and spelling, cleanliness, compliance with literary norms and the use of the Kazakh language in the public and educational fields. He adhered to the principles: in compiling the phonological alphabet (usul sotie), in spelling – the synergy of vowels of sound, compulsory education of children in primary classes in their native language, conducting official business papers in the Kazakh language. He defended these positions in the decisions, regulations and charters of the movement, party and autonomy of Alash, the government of Alashorda. In conclusion, we can say that A. Bautursunuly is a great figure whose thought, word and deed not diverge, they were aimed at the civilized future of his people and to achieve the goal he adequately performed his tasks.

Key words: alphabet and spelling, kazakh language, literary norms.

Ғасырлар тоғысындағы қазақ тілінің тағдыры жайындағы толғаныстарды «Айқап» журналы, «Қазақ» газетіндегі мақалалардың, Алаш партиясы, Алашорда документтерінің Алаш көсемі А. Байтұрсынұлы, М. Дулатовтардың еңбектерінің тарихи шешуші мұраттар атқарғаны аян болып отыр. Ал арнайы жинақ болып басылған еңбектегі [*Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, 1993, б. 232*] Клапрот, А. Құрманбаев, Д. Сұлтанғазиндердің мақаларларынан байқалары – үстіміздегі ғасырдың нәтижелері. Ендеше, А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары тіл тазалығын сақтау, әдеби тілді қалыптастыру және ұлттық тілдің көркемдік деңгейін, қоғамдық өмірдегі ролін көтеру жолында жанашыр ғана емес, жасаушысы да болды деуге толық негіз бар.

А. Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ұйымдастырғанға дейін «Айқап", «Шора» журналдарында жарияланған еңбектерінде Ы. Гаспринскийдің 1884 жылы ұсынған «Усул жадидін» қолданғанымен, оның көзсіз еліктеушісі болмай, араб әліппесі негіздегі қазақ жазуы қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесіне сүйенетіндігін, тіліміздегі арабизм, парсизм, татаризмдерге қарсы шықты [*Байтұрсынов А., 1992, б. 387-395, б. 432-434; Дулатов М., Омаров Е. А.,1991, б. 223-326*].

С. Мұқанов күрделі кезең, 1932 жылдың өзінде «Қазақ» газеті «Айқап» шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындап, сонымен қатар «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды... көпшіліктің пікір көші «Айқаптан» «Қазаққа» ауды» [*Мұқанұлы С., 1986, б. 52*] деуінен газеттің қазақ тілі мәселелерін сөз етіп қана қоймай, өзі үлгі бола білгендігін бағамдаймыз.

А. Байтұрсынұлы 1912-1926 жылдар аралығында қазақ тілінің келелі мақсат-міндеттер жайында «Жазу тәртібі", «Шаһзаман мырзаға» (1912), «Жазу мәселесі", «Қазақша сөз жазушыларға", «Қазақша оқу жайынан", «Оқыту жайынан» (1913), «Бастауыш мектеп» (1914), «Шекіспей, бекіспейді» (1916) атты тарихи мақалалары жарияланды.

Араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қарап түзу мәселесін 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» атты мақаласында [*Байтұрсынов А., 1992, б. 380-385*] алғаш көтеріп, тұңғыш қадам жасады. Қазақ тілінің 43 дыбысын 28 таңбадан тұратын араб әліппесі негіздегі қазақ жазуын ұсынды. Ахаң жасаған әліппенің Енисей, Орхон. Талас (бұдан былай – ЕОТ) жазулары мен М. Қашқаридың еңбектерімен бірнеше үндес сабақтастықта, салаластықта бағамдауға болады. Мәселен: 1) ЕОТ жазуларында дара дыбыстар саны – 12 [*Айдаров Ғ., 1986, б. 16*] (А мен Е, Ы мен І,Ө мен Ү әріптері 4-ақ таңбамен белгіленген), ал М. Қашқари ұйғырлар туралы айта келіп, «олар 24 дыбыстан туратын түркі жазуын пайдаланады» [*Кононов А. Н., 1972, с. 13*] дейді. Әріптердің ЕОТ жазуында 22, М. Қашқари заманында 24, А. Байтұрсыновта 28 болуы – Ү-ҮІІІ, ХІ және ХІХ ғасыр соңы – ХХ ғасыр басында түбі бір түркі тілдерінің дыбыстық құрамының өзгергенімен, көп алшақтай қоймағандығы, түркі тілдік артикуляциялық базаның берік болғандығының айғағы; 2) ЕОТ жазуы негізінен силлабикалық (буындық) және фонетикалық (дыбыстық) жазу түрлеріне негізделгендіктен, сөздердің дыбыстық құрамының жуан не жіңішке екендігі қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан не жіңішкелігіне қарай ажыратылады, себебі сөз мағыналарын ажыратуда дауыссыз дыбыстар шешуші роль атқарған [*Айдаров Ғ.,1986, б. 20*]. Байтұрсыновтың әліппелік реформасында керісінше: «Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы» [*Байтұрсынов А., 1992, б. 381*], себебі Ахаң тек қана фонетикалық жазуды басшылыққа алған. ЕОТ жазуы, М. Қашқари пайымдауы мен А. Байтұрсыновтың қазақ әліппесін негіздеуіндегі ең басты ортақтық – сингорманизм, ассимиляция заңдылықтары түркі тілдерінің айнымас ережесі болғандығын дәлелдеулері: 3) М. Қашқари араб әліппесі түркі тілдерінің дыбыстық құрамын толық қамтамасыз ете алмайтындығын ХІ ғасырда-ақ атап көрсетсе [*Кононов А. Н., Советская тюркология, 1972, №1 с. 3-17*], А. Байтұрсынов осы мәселенің шешімін қазақ тілінің негізінде канондық қасиетте деп саналып келген араб әліппесіне 938 жылдан соң өзгеріс енгізуі – ерлікке пара-пар іс.

"Шаһзаман мырзаға", «Жазу мәселесі» атты «Айқап» журналында жарияланған мақалалары – Ш. Жияшев пен Ғ. Мусилердің қазақ әліппесіне қатысты қарсы да қияпастау пиғылдағы жарияланымдарына жазған жауаптары. Ш. Жияшев өз мақаласында Ахаңның араб әліппесіне қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін дыбыстарына графикалық өзгеріс енгізу арқылы жаңа әліппе түзуін «бірге қозғалмаудың", бұра тартудың белгісі деп түсінеді. «Белгілі бір тілге әліппе құрастыру жеке адамдардың еркі емес, «тіл болса, оның законы боларға керек. Менің ... жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер» [*Байтұрсынов А., 1992, 391-392 б.]* деп, тілдік фактілерден пайымдалған теориялық тұжырымдар екенін баяндайды. «Сізден білімі кем емес» Бөкейханов й және у дыбыстарына «Англия тілінде» де өз алдына әріптер алынбайтынын, себебі олар дауысты дыбыстардан кейін келгенде жарты дауысты болатынын [*Байтұрсынов А., 1992, 393 б*] сіз секілді күлкіге көтермей кеңес етіп айтты деп салиқалы пікір алысу мен әдептен озбауға шақырады. Екінші мақалада [*Байтұрсынов А., 1992, 385-387 б.]* Ғ. Мусиге у, о, ы, е дыбыстарын жазуда графикалық таңбаларды белгілеуде қазақ тілінің табиғатын ескергенін түсіндірді.

1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақаласында Ахаңның өзі де профессор Яковлевтің жақсы әліппе 2 талапқа: 1) тіл дыбысына әріптер түгел жетуі керек, 2) әріп белгісі аз болуы керек. Бұл қасиеттер қазақ әліппесінде бар екендігін айтқанын баяндайды [*Байтұрсынов А., 1992, 413 б.]*.

А. Байтұрсынов жасаған әліппе ғылыми және практикалық жағынан негізделген іс екендігін өз заманында, кейінгі кезеңдерде небір білімпаздар ерекше бағалап жүр. Оған дәлел: А. В. Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» І және Ү томдарында «Казахский алфавит» деген кесте беріліп, «Байтурсыновский алфавит» деп көрсетеді. Орыс лингвисі Н. Ф. Яковлев 1928

жылы «Математическая формула построения алфавита (Опыт практического применения лингвистической теории)» атты мақаласында Ахаң еңбегін «лингвистикалық тапқыр жаңалық» ("лингвистическое изобретение") деп, Е. Д. Поливанов: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся, в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещение – создатели реформы, как крупным культурным завоеваниям» (8:36) деп бағалаған. Байтұрсынұлы әліппесін А. А. Реформатский, А. М. Барулин [*Джусупов М., 1995, б. 7*], А. Н. Кононовтар [*Кононов А. Н.,/Советская* тюркология/ 1972, №1 с. 3-17] және Германия, АҚШ ғалымдары жоғары бағалап, оның өміршеңдігі сондай Қытай, Түркия, Монғолия, Иран қазақтары әлі күнге дейін қолданады. А. А. Реформатский Байтұрсынұлының сингармоорфография принципінің орыс және АҚШ лингвисі, әдебиеттанушысы Р. О. Якобсонның дыбысты графика арқылы беру методынан көп бұрын жасалғандығын ескертеді. Өзбекстандағы қазақ профессор Махамбет Жүсіпов Ахаң жайындағы тұңғыш монография жазып, А. Байтұрсынов әлемдік лингвистика тарихында алғашқы соны жаңалық – сингармоалфавит пен сингармоорфографияның негізін қалап, сингармониялық тілдердің әліппелерін әуелде латын, содан кейін кириллица негізінде құрауға түпқазық болды [*Джусупов М., 1995, б. 5*] деген батыл да байсалды пікір айтады.

"Шора» журналындағы (1913 ж.) «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласының мазмұны түркі тілдеріндегі емле де түрік-татар тілдерінің жөнімен жүруі керек деген ойға жауап іспетті. Онда «емле – жазу үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді ... емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [*Байтұрсынов А., 1992. 395 б.]*, «егерде Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлық іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек» [*Байтұрсынов А., 1992. 399 б.]* дейді.

"Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында мұғалімдердің «көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харыфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды» [*Байтұрсынов А., 1992, 434 б.]* деп дыбыс пен әріпті, оның ішінде араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйесін айыра білмегендерді сынға алады. Екінші кемшілігі ретінде оқуды, сауаттандыруды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтындығын айтып, «Оқыту жайынан» деген мақаласында у с у л – ж а д и т (төте оқу) жүйесімен сауаттандырудың 2 түрлі әдіске: у с у л м ә д и е - әріпті таныту арқылы сауаттандыру, у с у л с о т и е – дыбысты таныту арқылы сауаттандыру болып бөлінетінін, оның ішінде графикалық әдіспен (усул мәдие) емес, фонологиялық әдіспен (усул сотие) үйретудің тиімді екенін ескертеді [*Әбдіманов Ө., 1993, 77 б.]*. Ал Ахаңның 1912 жылдан бастап бірнеше рет қайта басылған оқу құралдары усул сотие әдісімен жазылғаны белгілі.

"Бастауыш мектеп» атты мақаласында (1919) [*Байтұрсынов А., 1992. 435-438 б.]* патша үкіметінің бодан елдер мен отар халықтардың ана тілдеріне деген қитұрқы саясатын сынап, бастауыш мектептің оқу тілінің қандай болуы керек екенін мәселе етіп қояды. Мәселен, Россиядағы орыстан басқа елдерде бастапқы білім, алғашқы екі жыл ана тілінде болуға тиіс деген ереже мен жарлықтың екі рет (1906 жыл 31 наурыз; 1913 жыл 14 маусым) шыққанына қарамастан, оқу министрінің «бірден орыс тілімен оқытуды ұнатуы", «хүкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда» болғанын да ұнату саясатын жүргізіп отырғандығына, ал «әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу» деген мұратты қарсы қояды. «Араб әрпі дінімен бірге келіп қазаққа арналған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазаққа газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газет, журналы шығып, кітаптары басылып ... жатқанда, қазақ тілі жоғалмас» дейді. Сонда алдымен араб әліппесінен, содан соң дінінен айыру Кеңес өкіметінің отаршыл патшалық Россиядан алған авантюристік шовинизм мұрасы болғандай. Дінмен байланысқан жазу жоғалғандықтан, дін жоғалды, екеуі жоғалғандықтан, тіл жоғалуға бет алды... 11 жылдың ішінде (1929-1940 жылдар аралығында) бір халықты 3 рет сауатсыздандыру, яғни 3,5 жылда 1 рет әліппе ауыстыру, халық зердесін жадыбастандырудың «жетілген» түрі болды. Осы тұста «Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақтың 2 %-і ғана сауатты болды» деген жала фактіні Ахаңның 1914 жылы жазған мақаласындағы «қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары» [*Байтұрсынов А., 1992, 435 б.]* деген пікірімен салыстырсақ, арабша хат танығандар сауатсыздарға жатқызылған ба деген ой туындайды. А. Байтұрсынұлы мақаласын түйіндей келіп: «бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуы үшін бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға тиіс. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек» дейді. Қазақ тілінде үйретілетін пәндер оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруакәсіп, жаратылыс жайы деген нақты ұсыныстар жасайды.

Осы кезеңдегі (1914-1916 жж.) тілге қатысты түйткілдердің бірі – татар зиялыларының 1914 жылы Петербургтегі мұсылмандар съезінде «рухани мекеме қағазы» (баспасөз ісі – Ш. Ж.) татар тілінде болсын деп ұсыныс жасап, ақыры «татар-

түрік тілімен» жазылатын болып қабылдануы. Бұл жөнінде Ә. Бөкейханов 1914 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында жазып [*Әбдіманов Ө., 1993, 156-157 б*], жақтасы Жаһанша Досмұхамедов, қарсыласы Бақытжан Қаратаев болғандығына налып жазды. Келесі бір «мүйіздеудің» сорақысы тағы да осы татарлардан 1916 жылы шықты. Қазақ тіліндегі «рухани мекеме қағаздарының» татар баспаханаларына кіріптарлығын пайдаланып, басына түскісі келіп, олар мұсылмандар съезінің шешімін қазақ тіліндегі баспа өнімдерінен талап етті. Алаштың ардақтыларының бірі, орыстарға қазақ тілін үйретудің негізін салушы Телжан Шонановтың 1923 жылы жазғанындай: «Ол кезде мәдени жағынан жоғары тұрмыз деп есептеген татар интелегенциясы өзге түркі халықтарын татарландыру, ішінде қазақ та бар, басқа да ұсақ түркі тайпаларын да ешқандай себеп-салдарсыз татар тектес жұртшылықта татар тілін қабылдасын дегеннен басталған еді. Кезек қазақ тіліне де таянған еді» [*Шонанов Т. А., 1992, 126 б.]*. Мұндай пиғылдардың «сыбағасын» А. Байтұрсынұлы өзінің «Шекіспей, бекіспейді» атты мақаласында [*Әбдіманов Ө., 1993, б. 157-158*] берді.

Байтұрсынов 1926 жылы Түркологтардың I съезінде 1905 жылғы революцияға дейін қазақ тілінде баспасөздің болуына рұқсат етілмегендігін өкінішпен еске алады [*Байтұрсынов А., 1992, 422 б.]*. Қазақ баспасөзінің кенжелеп қалыптасуы, Ахаңның алғашқы оқу құралының 1912 жылдан бастап қана жарық көруі – осы зұлмат фактінің кесапаты.

Алаштың айбынды ардагерлерінің бірегейі Міржақып Дулатов 1912-1926 жылдар аралығында қазақ тілінің түрлі мәселелерін қозғаған «Жазу тәртібі» (1912), «Мұғалімдерге", «Манап» драмасы (1914), «Тіл құрал» (1915), «А. Байтұрсынов» (1922), «Қазақ-қырғыз білімпаздарының I съезінде сөйлеген сөзі» (1924), «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» (1925), «Қазақ тілінің мұңы» (1926) деген мақалалары жарық көріп, оларда істің, сөздің бәрі А. Байтұрсынұлымен байланыстырыла баяндалған.

"Жазу тәртібі» [*Дулатов М., Омаров Е. А.,1991, 223-226 бб*] – Ш. Жияшевтің «Бірге қозғалайық!» атты мақаласына қарсы жазылған мақала. Мұнда М. Дулатов А. Байтұрсынұлына жақтастықтың жөнімен емес, өзіндік пікірлерімен ой тастайды. А. Байтұрсыновтың қазақ тілінде неше дыбыс болса, сонша әріп белгілегенін, сөйтіп артық әріптерді кемітіп, қазақша оқуды оңайлатқаны; не айтылса, соның жазылуы керек екенін ұстанғанын айта келіп, қазақ әліппесіне ф және х әріптері де кірсе екен деген ұсыныс білдіреді. Ш. Жияшевқа «кемшілігімізді көрмей, қатемізді түземей, құр «біз де түркі баласымыз» деп атаның әруағына сүйенумен қазіргі өнер-білімнің қызу заманында бәйгеге қосыла аламыз ба [*Дулатов М., Омаров Е. А.,1991, 222-225 б.]* деген сауалжауап береді.

"Мұғалімдерге» – 1914 жылы «Қирағат» кітабына жазылған алғы сөз. Бұл кітаптың негізгі мақсаты – «өзі білу мен өзгелерге білдіру екі басқа. Білгенін кісіге білдіру, яғни балаларды оқыту - өз алдына бір ғылым. Ғылым – педагогика» [*Дулатов М., Омаров Е. А.,1991, 238 б.]*, демек қирағат – баяндап оқыту әдісі деген сөз. Көркем шығарманы құр саулатып оқыта бермей, оқығанын есте сақтауға, мағына-қасиетін ұғынуға, ойлануға үйрету керек екенін, бұл ретте келтірілген жазу тәртібі негізіндегі ана тілінде оқытудың басты мақсаты екенін түсіндіреді.

"Манап» драмасы» атты мақаласында «Айқап» журналының, біріншіден, бұл драма аудармасын жариялау арқылы «қазақ тілін түзетіп сақтау» мақсатынан ауытқығанын, екіншіден, Алматы уезінің начальнигі Лиханов шығарған драмада қазақ тіршілігінің сорақы, арсыз түрде бұрмаланғаны, аудармасының тіпті сын көтермейтінін, үшіншіден, «әдебиет өрнегі болғандай» журнал алқасына қазақ тілі мен қазақ туралы жазылған материалдарға талғампаздықпен қарауы қажет деген талап қояды.

"Тіл құралы» атты мақаласында А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы қазақ тілінің жалпы қағидаларына сүйеніп, жүйелі тәртіппен баяндалғанын, Ш. Жияшевтің Ахаң дауысты, дауыссыз деп бөлген дыбыстарын оның барлығы жарты дауысты деп «ешуақытта естілмеген жаңа хабар» жеткізіп отырғанын айта келіп, Бұқара, Мекке, Мәдине, Стамбулда оқып қайтқандардың арабшылап, сартшылап, ноғайшылап қайтып жүргенін, олардың шәкірт тіліне кері әсер етіп жүргенін; тіпті өзінің «Оян, қазақты» жазып жүргенде әлгі «әдеби тілдерді» көбірек кіргізгенін, Абайды, Ахметтің «Қырық мысалын» оқып өзінен-өзі ұялғанын, адасып жүргенін; сол кезеңдегі шын қазақша жазып, «тіл мәселесін қолына ала туған» «Қазақ» газеті екенін сөз етеді.

М. Дулатовтың Е. Омаровпен бірігіп жазған «А. Б. Байтұрсынов» атты орысша мақаласы (1922) – ұлы ғалым жөніндегі ең алғашқы биографиялық очерк. Очеркте Ахаңның өмірлік кредосы «Қазақ» газетінің алғашқы санындағы бағдарламалық мақаласында өз тәуелсіздігімізді сақтау үшін бар күшімізді біріктіріп, білім мен мәдениетке жетуге ұмтылуымыз керек; бұл үшін алдымен ана тіліміздегі әдебиетті дамытуымыз қажет болғанын ерекше атап өтеді.

"Қазақ тілін жүргізетін комиссияға ...", «Қазақ тілінің мұңы» атты мақалаларында мемлекеттік тіл қазақ тілін жүзеге асыруға тиісті орындардың жеткілікті көңіл бөлмей отырғандығын және іс қағаздарының, әсіресе аударма іс қағаздарының қазақ тілінде дұрыс жүргізілмейтінін сынайды.

Қазақ тілінің қадір-қасиетін арттыруда Алашорда мен Алаш партиясы орасан еңбек етті. Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш партиясы және Алаш автономиясының құрылуы

тарихи қажеттілік болды. Оған Е. Омаров пен Ә. Бөкейхановтардың сөздерін ғана тілге тиек етсек те жеткілікті. Алашорданың Қостанай уезінің комиссары Елдос Омаров Бүкілроссиялық құрылтай жиналысының 1918 жылғы 5 қаңтардағы қаулысына сәйкес Қостанай уезі шаруаларына үндеуінде құрылтай жиналыс Россияны федеративтік демократиялық республика деп жариялап, халықтардың өзін-өзі билеуіне (автономияға) право бергендігін баяндады. Бұдан әрі үндеуде 1917 жылғы ақпан революциясын Петроград жұмысшылары, 1917 жылғы Қазан революциясы большевиктер төңкерісі екені, оған Петроград жұмысшылары мен 4 жылдық соғыстан шаршаған солдаттар қосылды, бұл революция мен төңкеріске халық қатыспай-ақ жаңа өкіметті үнсіз ғана мойындады дей келіп, Россия масқара болып Брест келісімшартына қол қойды, халық онда да қалғыған күйі қалды. Бұдан шығар қорытынды – Россия халықтары мүлгіген ұйқыда, халық өз Отанының тағдырын шешуге қатыспай, қатыса алмай отыр деген сөз. Ендігі міндет халықтарды өз автономиялы мемлекеттерін құруға, сол арқылы Россия мемлекетін қайта нығайтуға, қатысу екенін, ол үшін Қостанай уезі Алаш автономиясына қосылып, Алашорда мен бүкілроссиялық үкіметтердің өкіметін мойындайтынын жария етеді. Ал 1919 жылы 11 ақпанда Әлихан Бөкейханов, бөкейлік Уәлихан Танашев, омскілік Айдархан Тұрлыбаевтар Ішкі істер министрі П. Ф. Коропачинскиймен қазақ халқының мемлекеттік құрылымы жөніндегі ведомство аралық алдын ала жасалған мәжіліске қатысады. Ә. Бөкейхановтан ең алдымен Алашорда үкіметінің пайда болуы тарихын баяндауын сұрайды. Сондағы Әлекеңнің берген жауабының мазмұны: қазақ халқының шын мағынасында өзін-өзі билеуге көшуінің негізі революциялар кезіндегі облыстық қазақ съездерінде алынған болатын. Бүкілроссиялық құрылтай жиналыстың болу мерзімі кейінге қалдырыла берді. Россияны күтпеген оқиғалар жайлап алды. Өкіметті большевиктер басып алғаннан-ақ елде анархияның басталғаны белгілі болды. Сондықтан біз 1917 жылдың желтоқсанында II жалпы қазақ съезіне жиналып, елімізде анархияны болдырмауға, жерімізде большевизмнің таралуына жол бермеуге қаулы қабылдадық. 1918 жылдың маусымында Сібірдегі большевизм билігі құлап, орнына Сібір уақытша үкіметті құрылды. Бұдан кейін Уфадағы мәжілісте директория ұйымдастырылды. Директорияның жеке-дара облыстық үкіметтер өз қызметтерін тоқтатсын деген жарлығына саяси жағдайды түсінгендіктен бағынып, 1918 жылғы 4 қарашадағы жарлықтан соң қол қусырып бос отырмыз дейді. Демек Алашорда үкіметі жік-жік болып атысып-шабысқан Россиядағы нәубеттің қазақ еліне жайылмауы, өз жолдарымен тарихи сәттілікті пайдаланып, тәуелсіз мемлекет болуға талпынғандығын танытады.

Алашорда үкіметі мен Алаш партиясы және автономиясы аласапыран заманда да қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік функциясы, тіпті тарихи миссиясын іске асыруды күн тәртібінен еш түсірген жоқ. Ол үшін Алашорда үкіметінің мемлекеттік мәртебедегі тіл ретінде қызмет ету мәселесі 1917 жылы (2-8 сәуір) Орындорда, осы жылы 19-22 сәуірде Оралда, жазда 21-28 шілдеде тағы да Орынборда, 20-25 тамыз аралығында Ақтөбеде, Орынборда 5-13 желтоқсанында өткен қазақ съездерінің бастауыш білім, сот ісі, оқу-ағарту, баспа, діни істеріне қатысты қаулыларында, Алашорда үкіметі, Алаш партиясының «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 21 қарашасында жарияланған Бағдарламасының 5,9-параграфтарында мәселе ретінде қойылып, іске асырыла бастады. Бірінші съезде бастауш мектеп жөнінде ұлдар мен қыздар бірге оқып, алғашқы 3 жылда ана тілінде оқу керек десе, үшінші, төртінші съездерде екі жыл болсын деген де шешімге келеді. Сот процесі және істер қазақ тілінде жүргізіліп, қазақ балаларының білім алуы үшін мектептен бастап университеттерге дейін ашылуы керек екенін мақсат етеді. Қазақ тілінде газет-журнал, кітаптар мен оқулықтар жасалып, жазу тәртібі «Қазақ» газетінің ережелерін басшылыққа алып, баспаханаларды қазақша шрифтермен қамтамасыз ету керек екенін нақты адамдарға міндеттейді. Алашорданың 1917 жылғы желтоқсанында болған, жалпы қазақтың съезінде М. Дулатовтың қазақта медресе мен мектептің, молда мен мұғалімнің тапшылығын, оқулықтың жоқтығын көтерген баяндамасы бойынша бастауыш және орта қазақ мектептері үшін оқулық жазу жөнінде 5 адамнан тұратын комиссия құрылды. Комиссияға оқулық құрастырумен бірге: 1) ұлттық мектеп бағдарламасы, 2) мұғалімдерге арналған нұсқаулар, 3) бала тәрбиесіне қатысты кітаптар, 4) қазақ мектептеріндегі халық ағарту ісінің ережесін белгілеу, 5) қазақ тілінің жазу тәртібін түзу, 6) халыққа пайдалы деген кітап-кітапшаларды қазақ тіліне аудару сияқты міндеттерді жүктейді. Бұл істі 1918 жылдан бастап, комиссия ісінің барысын газет бетінде жариялап отыруға қаулы қабылдайды.

Алаш партиясының Бағдарламасының 5-параграфы сот ісіне арналып, «соттар жергілікті тілді білуге тиісті. Әртүрлі ұлттар аралас жерлердегі жауап алу мен сот шешімі саны жағынан басым ұлттың тілінде болуы керек. ... Ал қазақтар көп жердегі іс қарау қазақ тілінде жүргізіліп, заседательдер қазақ болуы керек» дейді.

Жергілікті халықтың табиғи да заңды қызметіне тұсау салу 1918 жылғы 4 қарашада (Омбыда) Бүкілроссиялық уақытша үкіметі Алашордаға арналған Жарлығында бұл үкіметтің таратылып, барлық мемлекеттік басқармаларының бір Министрлер кеңесіне бағынатынын жариялаудан басталады. Осы жарлықтың негізінде «Сібірдегі ұлттар автономиясының шекаралары жөніндегі негізгі ережелер» деген қаулы қабылдайды.

Қаулының 4-тарауының І-тармағында жекелеген ұлттарға: «Бастауыш оқу орнынан бастап жоғары оқу орындарына дейін ұйымдастыруға мүмкіндік беріліп, оларда жергілікті тілмен қатар арнайы оқылатын пән ретінде орыс тіліне де жеткілікті орын берілуі тиіс делінсе, 3-тармағында: «Халықтың 50%-ті жергілікті тілде сөйлесетін ауылдық, қалалық басқару орындарында және іс қағаздарын жүргізуде де орыс тілі жергілікті тілмен тең дәрежеде қолданылады, «жергілікті басқару органдары мен соттары мемлекеттік мекемелермен орыс тілінде қатынас жасайды", ал 7-тарауында: «Жергілікті тілмен сөйлеушілер саны 50%-тен аз жерлерде елге қолайлы болу үшін лауазым иелері мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мүмкіндігінше жергілікті тілді жеткілікті дәрежеде білетін адамдардан тағайындалады» деген солқылдақ сөздермен мәймөңкелейді. Ерекшеленген тұстардың мазмұны уақытша ғана ғұмыр кешкен «уақытша үкіметтің» орыс тілін қазақ еліне ұлы орыстық шовинизм пиғылымен таңа түсуінің кеселді де кесапатты жалғасы болды.

Тарихқа ой көзімен қарасақ, ұлттық мемлекеттің нығаюы, ұлттық мәдениеттің өркендеуі және ұлттық тілдің қалыптасуы (тілді сақтау, тілдің тазалығы, әдеби тіл қалыптастыру), оның ғылыми грамматикасының жазылуы, мәселен XIY-XYII ғасырлардағы Қайта өрлеу дәуірінде, феодализмнің күйреп, діни мәдениеттің әлсіреуімен, рухани мәдениет философиямен, жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысқа көшкен жағдайда іске асады...

Тілдің жалпы мәселелері тілдің әлеуметтік-қызметтік (функционалдық) рөлін айқындаудан, яғни тіл мен оның иесі болып табылатын халықтың қарым-қатынасы мен қоғамдық өмірдегі қызметтерін айқындаудан басталады. Осы тұрғыдан алғанда, А. Байтұрсынов бас болып бағдарламалы түрде қолға алған қазақ тілінің мәселелерін оның ұлттық әдеби тіл болуын, әдеби тіл болудың басты шарттарының бірі жазбаша түрде дамуын, жазу мәдениеті даму үшін жетілген әліппенің болуы керек екенін; ұлттық әдеби тіл қалыптасып даму үшін қоғам өміріне белсене қызмет етуі қажет екенін, ұлттық мемлекетке қызмет ету үшін көркем әдебиет, ғылыми-педагогикалық еңбектер (мектептен бастап жоғары оқу орындарының оқулығына дейін және ғылыми-көпшілік кітаптардың жазылуы) мемлекеттік құрылымның іс қағаздарының тіліне айналуы керек екенін, демек тілдің қоғамдық-әлеуметтік және тарихи функциясын жете түсініп, жетілдіре түсуге бүкіл ғұмырын сарп еткендігіне жоғарыда баян еткен еңбектерінің мазмұнынан-ақ зерделеуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993. – 232б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 455 б.
3. Дулатов М., Омаров Е. А., Байтурсынов (библиографический очерк) // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 353 б. – Б. 295-302.
4. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932. –180 б.
5. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 182 б.
6. Кононов А. Н. М. Кашгарский и его «Дивани луғат ит-турк» //Советская тюркология, 1972, №1. – С. 3-17.
7. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. –Алматы: Қазақстан, 1993. –168 б.
8. Поливанов Е. Д. Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография. Бюллетень Средеазиатский гос. университет. – Вып. УІІІ. –Ташкент, 1924.
9. Джусупов М. Фонемография А. Байтурсынова и фонология сингармонизма. -Ташкент: 1995. – 223 с.
10. Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (До октябрьский период). Подготовил Кононов А. Н. – Москва: Наука, 1974. –300с.
11. Шонанов Т. А. Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында // «Жұлдыз» журналы, 1992. – №2. Б. 123-128

ЖАЛМАХАНОВ ШАПАҒАТ ШАРАПАТҰЛЫ
ф. ғ. д., профессор,
Қарағанды медицина университеті

МАРЕТБАЕВА МАРИНА ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ
ф. ғ. к., доцент,
Қарағанды медицина университеті

ТОЛЫСБАЕВА ӘДЕМАУ ТҰРДЫБАЙҚЫЗЫ
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

«КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗ» ҰҒЫМЫ МЕН ТЕРМИНІНІҢ ТҮСІНДІРІЛУ ТАРИХЫНАН

Түйін: Мақалада «көп мағыналы сөз» ұғымы мен терминінің тілдік құбылыс ретінде тіл білімінің тарихында қарастырылуының тарихына шолу жасалады. Шолу қазақ тіл білімінде, түркі тілдері лингвистикасында, түркітануда, орыс және алыс шетел тіл туралы ілім мамандарының пікірлерін ой елегінен өткізуге арналған. Авторлар «көп мағыналылық» құбылысының лингвистикалық және лингвистикалық емес себеп-салдарлары, типтері мен түрлері, қолданылуы мен қызметі жайлы анықтамалар мен теориялар, көзқарастар мен бағыттар сараланып, аталмыш құбылыстың тілдік, тілдік емес табиғатын түсінуді, түсіндіруді мақсат еткен. Авторлар «көп мағыналылық» құбылысының лингвистикалық және лингвистикалық емес себеп-салдарларын, типтері мен түрлерін, қолданылуы мен қызметі жайлы анықтамалар мен теорияларды, көзқарастар мен бағыттарды саралай келе, аталмыш құбылыстың тілдік, тілдік емес табиғатын түсінуді, түсіндіруді мақсат еткен. Қорыта келе, адамның қатынас құралы қандай сан қилы болса, оның бір ғана бірлігі көп мағыналы сөздер сондай күрделі деген тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: көп мағыналы сөз, полисемия, лингвистер.

ИЗ ИСТОРИИ РАССМОТРЕНИЯ ТЕРМИНА «МНОГОЗНАЧНОЕ СЛОВО»

Резюме: В статье рассматривается история термина многозначное слово, как одного из сложных явлений в языке. Обзор охватывает труды ученых казахского языкознания, лингвистики тюркских языков, тюркологов, русских и специалистов дальнего зарубежья и анализируются основные проблемные вопросы полисемии. Авторы проводят аналитику путем выявления лингвистических и не лингвистических причин и последствий приемлемые природе языковой единицы. А также целью является лингвистический обзор в разных определениях и теориях, взглядах и направлениях, определение типов и видов, использование и функционирование вышеназванного понятия. В итоге авторы приходят к выводу о том, что многозначное слово так же многранно как средство общения человечества.

Ключевые слова: многозначное слово, полисемия, языкознания.

FROM THE HISTORY OF THE TERM «POLYSEMANTIC WORD”

Summary: The article discusses the history of the polysemouse word, as one of the complex phenomena in the language. The review covers the works of scholars of Kazakh linguistics, linguistics of Turkic languages, Turkologists, Russians and foreign specialists and analyzes the main problematic issues of the polysemy. The authors conduct analytics by identifying linguistic and non-linguistic causes and effects that are acceptable to the nature of the language unit. And also the goal is a linguistic review in different of types, the use and functioning of the above concepts. As a result, the authors conclude that a polysemantic word is as multifaceted as a means of communication between mankind.

Key words: polysemouse, phenomena, linguistics.

«Көп мағыналы сөз» терминін тұтастай түсіну үшін «сөз», «мағына», «көп» категорияларының лингвистикалық анықтамаларына қысқаша шолу жасаған жөн. Тіл білімінде сөзге бес түрлі: 1) тіл мен ойлаудың байланысына, 2) оның тілдік жүйедегі орнына негізделген, 3) сипаттама, 4) жалпылаушы, 5) қызметтік анықтамалар. Сөз мағынасына үш түрлі: 1) қатынастық (реляциялық), 2) қызметтік (функциялық), 3) заттық (субстанциялық) анықтамалар беріледі. Сөзге берілген анықтамалардан сөздің басты қызметі негізінен лексикалық мағына беру де, лексикалық мағынаға берілген анықтамалардан мағынаның басты қасиеті атауыштық құндылығы екенін түйіндеуге

болады. Біз сөзге берілген сипаттамалық, яғни сөз бір бүтін тұлға ретінде ұғым не зат таңбасы болып, басқа сөздермен грамматикалық қатынасқа түсуі керек деген анықтаманы, мағынаға берілген субстанциялық, яғни мағына дегеніміз дыбыстық кешенге бекітілген ақиқат өмірдің нәтижесі деген анықтаманы негізге алдық.

Лингвистер зерттеулерін қорыта келіп, сөздің көп мағыналы болуының: 1) заттың бір не бірнеше сипатының басқа затқа, әсіресе, жаңадан танылған затқа ұқсауынан, бастапқы зат атауынан, кейінгі зат атауының туындауы не ауысуы; 2) тілдің сөз байлығының жетіспеуі «сөз саны шектеулі де, заттар көп» (Аристотель) деген экстралингвистикалық, лингвистикалық себептері бар екенін көреміз. Таныс заттың дәстүрлі атының жаңа затка қойылуы адам психикасының табиғи қасиеті, ұқсату, салыстыру арқылы, белгіліден белгісізге қарай танылады. Бұл себептер көп мағыналы нақты түбір зат есімдердерге де тән.

Сөз мағынасының өзгеруінің (кеңеюі, көбеюі, тарылуы, көмес-кіленуі, жаңаруы, жойылуы, ауысуы, тұрақталуы), жоғарыда атап өткеніміздей, себептері мен жолдары, өзгеру сипаттары мен механизмдері тіл білімінде басы ашық мәселелер. Дегенмен полисемияға анықтама беруде зерттеушілер үш түрлі бағыт ұстанады. Бірінші бағыт өкілдерінің (К. С. Аксаков, Н. П. Некрасов, В. А. Звегенцев) сөздің көп мағыналылығын жалпы мағына немесе тілдік инварианттардың сөйлеудегі варианттары деген тұжырымдарын Е. Р. Курилович, С. Д. Кацнельсон зерттеулері, лексикография практикасы жоққа шығарып отыр. Екінші бағытты ұстанушылар А. А. Потебня, Л. В. Щерба, М. Арсеньева, Т. Р. Строева, А. П. Хамзина көп мағыналы сөздің әрбір жеке мағынасын жеке сөз деп омонимиямен қос қабат қарастырады. Үшінші бағыттағылар Р. А. Будагов, М. П. Муравицкий, У. Вейнрейх көп мағыналы сөз тілдік единица, сондықтан ол контекст арқылы жасалмайды және оған байланысты да емес дейді. Жоғарыдағы түрлі бағыт өкілдерінің пікірлерін тұжырымдасақ, біріншіден, көп мағыналы сөз мағыналары контекст арқылы жасалмағанмен, контексте айқындалады. Контекстің айқындауыштық рөлі мағыналардың синсемантикалығынан емес, бір таңбамен, ортақ дыбыстық комплекспен белгіленетіндігінен. Ал мәндер үшін контекстің айқындауыштық рөлі олардың атауыштық қызметінің контекстік ситуацияда ғана жасалатындығынан, автосемантикалы болмауынан. Екіншіден, көп мағыналы сөз құрамындағы мағыналар басқа зат-құбылыстарға атау, сондықтан дербес сөз (лексема) қызметін толық атқара алады.

Полисемия мен омонимияның ара қатысы, айырмашылығы турасында ғалымдар этимологиялық және тарихи негіздерге сүйенетін екі қарама-қарсы бағытқа бөлінеді. Біз бұл мәселеде этимологиялық негізге, яғни В. И. Абаевтың: «Полисемия омонимияға, омонимия полисемияға ешуақытта айналмайды» деген [1] кесімді пікірін ұстанбақпыз. Өйткені омонимия – фонетикалық, тіпті графикалық құбылыс, полисемия – семантикалық тектестік. Яғни омоним сөздер формалық қана, синоним сөздер мазмұндық қана бірлікте болса, полисемалық сөздер – формалық та, мазмұндық та бірліктегі құбылыс.

А. А. Реформатский ғылым дамуын материал жинақтау – ретсіздік кезеңі; түрлі сипаттағы материалдарды реттеу, классификациялау – плюрализм кезеңі; қордаланған материалдарды жүйелеу – монизм кезеңі деп бөледі [2]. Көп мағыналы сөз проблемасының зерттелуі тұрғысынан алғанда, қазақ тіл білімі қазір монизм сатысында тұр. Оған шолу жасағалы отырған тілші ғалымдарымыздың еңбектері айғақ. Ол еңбектерде сөз мағынасының түрлері, олардың бір-бірімен ара қатысы, айырмашылығы, сөздікте берілуі, лексикалық мағына мен стильдік қолданыс, омонимия мен полисемия құбылыстарының ерекшелігі сияқты сауалдар жеке-жеке сөз етіледі. Жарты ғасырға жуық мерзім ішінде жарық көрген ғылыми-зерттеу еңбектерде ымыралы ортақ шешімдер де, қым-қиғаш қайшылықты пікірлер де баршылық. Бұл мәселелер бойынша С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Г. Бегалиев, К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Т. Қордабаев, Р. Барлыбаев, Б. Хасенов, Ш. Мұхамеджанов, Р. Садықбековтер елеулі зерттеулер жүргізді. Ә. Болғанбаев «Сөз мағынасы жөнінде» деген еңбегінде лексикалық мағынаның негізгі, туынды, ауыспалы деген үш түрін көрсетеді. Ал І. Кеңесбаев тура (еркін немесе атауыштық), ауыспалы (еркін емес немесе туынды атауыштық), фразеологиялық шартты, мағыналық және қолданыстық, реңкті деп төрт түрге бөледі. Алғашқы тура және ауыспалы дегендер тіл фактісі болғандықтан, мағына түрлері де, соңғы фразеологиялық шартты, мағыналық және қолданыстық реңк деген түрлерге жіктеуін мақұлдауға болмайды. Себебі сөз фразалық тіркес компоненті болғандықтан, сөз семантикасы емес, сөз тіркесі не фразеологиялық семантика, мағыналық, қолданыстық реңк болғандықтан, стилистика аспектісінде қаралуы қажет. Сонымен қатар олар сөйлеу фактісі, сондықтан сөз мағынасының түрі емес, сөз мәнінің ғана түрі бола алады. Түйіндей айтсақ, І. Кеңесбаев В. В. Виноградовтың мақаласының [3] ізімен сөздің атауыштық қызметі мен құндылығын есепке алмаған. Яғни А. А. Потебняның «екі мағына – екі сөз» дегенін [4] полисемияға катысты алсақ, екі зат — екі мағына. Р. Барлыбаев сөз мағынасын негізгі, тұрақты, контекстік, абстрактылы, көп мағыналы, омонимия деп жіктейді. Тұрақты мағына дегені — «негізгі мағынадан өрбісе де ауыс мағынадан алыстап, ауыстың қасиеті күңгірттеніп, дербестік ұғымға, мағынаға ие болған туынды, номинативті мағына». Бұл мағынаның түрінің негізгі белгісі тұрақтылық қана емес, туындылық, атауыштық, сондықтан «туынды атауыш мағына» дегенмен алмастырудың негізі жоқ. Контекстік мағына деп отырғаны «сөзге жеке адамдардың өзінше арнайы мән бере қолдану стилінен туған сипаттағыш мағына» [5]. Бұл жерде Р. Барлыбаев сөз мағынасы мен сөз қолданыс арасына теңдік белгісін қойып отыр. Мағынаның келесі бір түрі

— абстрактылы мағына. Бірақ автор абстрактылы, конкретті деп мағына емес, зат-құбылыстардың табиғи күйі жіктелетінін ескермейді. Біздің пайымдауымызша, кез келген құбылысты саралағанда не гносеологиялық тегі, не лексикалық-грамматикалық тобы, не атауыштық қызметі негіз болуы шарт. Қазақ тіл білімінде фразеологиялық шартты, мағыналық және қолданыстық реңк (І. Кеңесбаев), контекстік мағына (Р. Барлыбаев) және стильдік көп мәнділік (Н. Сауранбаев) деген түрлі терминдермен аталып жүрген құбылысты отандық тіл білімінде қалыптасқан дәстүрге сүйене отырып, мән (смысл) (мәннің соны және сирек қолданыс, экспрессивті және эмоционалды реңк деген екі түрі бар) деген терминмен атаған жөн. Сөз, сөз мағынасының анықтамасы, сөз мағынасының түрлері, полисемия мен омонимия, ауыспалы мағына, оның жасалу жолдары, сөздің көп мағынаға ие болуының алғы шарты жайында Т. Қордабаев жалпы және қазақ тіл білімі тұрғысынан сөз етеді [6]. Сөзге беріліп келе жатқан алуан түрлі анықтамаларды қорыта келіп, жеке қолдануға болатын, мағынаны я ұғымды білдіретін тілдің мағыналы бөлшегі деген анықтама береді. Сөздің ең негізгі қызметі атауыштық қызмет екенін атап өтеді. Лексикалық мағынаны тура (туынды), келтірінді мағына деп екі түрге бөледі. Этимологиялық жағынан төркіндес, лексикалық-грамматикалық жағынан әр басқа сөздер полисемиялы сөз болмайды. Өйткені сөз шығуы жағынан төркіндес болып, әр сөз табына жататын болса, конверсия болар еді. Н. Сауранбаев сөздің көп мағыналылығын омонимдік көп мәнділік, стильдік көп мәнділік деп жіктейді. Омонимдік көп мәнділік деп сөздің жеке тұрғандағы, стильдік көп мәнділік деп түрлі контексте өзгеруін айтады [7]. Омонимдік көп мәнділік – сөздің көп мағыналылығы, полисемия, стильдік көп мәнділік – сөздің көп мәнділігі.

Келесі бір қыдыру мәселе көп мағыналы сөздің жасалу жолдарына байланысты. Ә. Болғанбаев полисемия метафора, метонимия, синекдоха, калька арқылы жасалады деп көрсетсе [8], Р. Садықбеков көп мағыналы сөз жасаудың метафоралық, метонимиялық және функционалдық жолдары болатынын дәледдейді [9]. Ш. Мұхамеджанов бұл тәсілдерді ауыспалы мағына жасаудың [10, 84], Р. Барлыбаев сөз мағынасының кеңеюінің тәсілдері деп тұжырымдайды [5]. Демек метафора, метонимия, синекдоха — сөз мағынасының өзгеруінің (кеңеюі, тарылуы, көбеюі, ауысуы және т. б.) тәсілдері. Н. Сауранбаев пен Г. Бегалиевтердің «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқу құралында «қазақ тіліндегі сөздердің көпшілігі бір мағыналы емес, көп мағыналы, яғни кейбір сөздердің бірнеше мағынасы болады. Мұндай тұлғасы бір әр түрлі сөздерді омоним дейміз» [7] деген анықтама ғана кездеседі. Қысқаша шолудан, генеологиялық жағынан бірінші кезекте сөз болуы қажет, сөздің көп мағыналылығы нендей дәйектемелер негізінде пайда болатыны, лексиикалық-тақырыптық топтарға жіктелу заңдылықтары, көп мағыналы сөз құрамындағы мағыналардың түрлері мен байланысу сипаттарының арнайы қарастырылмағандығын көруге болады.

Диахрониялық тұрғыдан алғанда, лексикалық мағынаның түрлерге жіктелуі – мазмұндық-денотаттық анализ, көп мағыналы сөз – лексикалық мағына түрлерінің мағыналық-семиотикалық синтезі. Оған Ә. Т. Қайдаровтың қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер мен негіздердің семантикалық құрылымының жалпыдан жекеге, бүтіннен бөлшекке қарай дамуда болатынын, олардың түрлі ұқсастықтар мен жақындықтар нәтижесінде ауыспалы мағыналар жасайтынын, олар тілде кейде негізгі атауыш мағынамен қатар, кейде оны ығыстырып қолданылады деген қорытындылары дәлел. Бір буынды түбірлер мен негіздердің семантикалық құрылымына полисемия тенденциясы да тән. Полисемия құрамы екеуден бесеуге дейін, кейде одан да көп мағыналарды қамтиды деп тұжырымдайды. Ғалым бір түбірлі морфемадан жасалған мағыналар жиынтығы олардың бір-бірімен мағыналық сабақтастықта болуында ғана емес, *семантикалық құрылым* жасауында екенін қазақ тіл білімінде алғаш рет ескертеді [11]. Бұл зерттеушінің бір буынды түбірлер мен негіздерге салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша ретроспективалық талдау жасау нәтижесінде жасаған тұжырымдары. Біздің мақсат — көп мағыналы сөздің мағыналық құрамының қазіргі қалпын қарастыру. Түркі тілдеріндегі синкретизм, корреляция, конверсия, полисемия мәселелері Н. К. Дмитриевтің, Н. А. Баскаковтың, Б. М. Юнусалиевтің, Э. Р. Тенишевтің, А. М. Шербактың, Э. Н. Наджиптің, Ж. М. Гузеевтің, Е. З. Қажыбековтің, К. Сейдакматованың және Б. И. Татаринцевтің еңбектерінде тарихи аспектіде зерттеледі.

Теория – практикалық ақиқаттың жиынтығы, практика — ақиқат критерийі. Бұл аксиоманы семасиология теориясы мен лексикография практикасына да қатысты айтуға болады. Қазақ тіл біліміндегі сөздіктің семантикалық-лексикографиялық сауалдарына арналған еңбектер, аймақтық лексикографияға арналған монографиядан басқалары негізінен белгілі бір сөз табының сөздіктерде берілуі жайында, сөздікке нұсқау, қазақ лексикографиясының тарихына, деншілігі сөздіктердің жарық көруіне байланысты жазылған рецензиялар мен сын мақалалар болып келеді.

Түсіндірме сөздікте сөзге төмендегідей төрт түрлі сипаттама беріледі: формалық, морфологиялық, семантикалық, стилистикалық. Үшінші, мағыналық сипаттама, сөз мағынасын түсіндіру, оны түрлерге жіктеу, оларды лұғаттық мақалада орналастыру мәселелерін қамтиды. Жалпы филологиялық сөздіктердің басты мақсаты – сөз мағынасын түсіндіру. Сөздіктердегі барлық қиындықтар көп мағыналы және көп мәнді сөздерді түсіндіруден туындайды. Кейбір ғалымдар бұл мәселенің шешілмеуін лексикография теориясының практикасынан артта қалып келе жатқандығымен, яғни қазақ тілі лексикография теориясы бойынша ғылыми еңбектердің әлі де аз екендігі

байқалады. Түркі тілдерінің ішінде тұңғыш рет он томдық түсіндірме сөздік жасаған лексиикографтарымыздың «Нұсқауға» ғана сүйенгендігі тағы мәлім.

Түсіндірме сөздіктің «Сөздікті пайдаланушыларға жөнеуіндегі»: «Сөздің негізгі мағынасы тірек-таяныш саналады да, оның қосымша және ауыспалы мағыналары соңынан келеді» [12, 25] деген нұсқау сөздікте үнемі орындала бермейді. Көп мағыналы термин, кәсіби сөздердің қандай принцип негізінде берілуі керектігі туралы да ештеңе айтылмайды. Қазақстан ғалымдары сөздік жасаумен көптен бері айналысып келе жатқанмен, оның негізгі қағидаларын, әдісі мен әдістемесін күні бүгінге дейін зерттеп, белгілі бір тұжырымға келмегендігін, оның тәжірибелері мен қорытындылары, теориялық жағы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері» деген жинақта бірінші рет сөз болады. Зерттеу объектімізге тікелей қатысты мақалада сөз мағынасын ашудағы кемшіліктер атап көрсетілгенмен, оларды келешекте болдырмаудың ғылыми-практикалық жолдары ұсынылмайды.

Лексикографияның практикалық мәселелері түркологияда алғаш рет 1956 жылы Баку қаласында өткен мәжілісте сөз болып, онда әзірбайжан, қазақ, түркімен, татар тілдерінің түсіндірме сөздіктерін құрастыру принциптері талқыланады. А. А. Оруджев мағына анықтамасы, мағыналарды саралау, мағыналық реңк және сөз қолданыс, ауыспалы мағына анықтамасы деген семантикалық-лексикографиялық мәселелерді теориялық тұрғыда әзірбайжан тілінің материалында негіздесе, түркімен лингвисі С. Алтаев өз еңбегінде [13] түркімен лексикографиясы тарихына шолу жасай отырып, сөздіктегі сөздердің семантикалық, грамматикалық, стилистикалық сипаттамаларын тарамдап талдайды. Түркімен тілінің фактілері мағынаны:

- тура (еркін немесе атауыш), ол бастапқы және жанама мағыналар деген түрлерге бөлінеді;

- ауыспалы (еркін емес немесе туынды атауыш) мағына;

- жетекші және шартты мағына реңктері және сөз қолданысы деген түрлерге жіктеуге негіз беретінін дәлелдейді [14, 9-11].

Түсіндірме сөздіктің семантикалық-лексикографиялық мәселелерін өзбек тіл білімінде И. Хамдамова, қырғыз тіл білімінде Д. М. Муратәлиевалар қарастырды.

Көптеген еңбектерде лексикографияның кейбір мәселелері немесе жекелеген түркі тілдері қамтылса, Ж. М. Гузеевтің еңбектері түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінің жалпы және негізгі де көкейтесті жайларын қозғайды. Ж. М. Гузеев көп мағыналы сөздің мағыналық құрамын жетекші және туынды мағына деп бөледі. Басқа мағыналар жетекші мағынадан туындайды, сондықтан туынды мағыналар төмендегіше бөлінеді: 1) еркін емес мағына (фразеологиялық байлаулы; шартты мағына; синтаксистік шартты, байланысуы шектеулі); 2) ауыспалы мағына (төркіні ауыспалы, нағыз ауыспалы); 3) арнаулы мағына; 4) стилистикалық бояулы мағына (қолданыс, мағыналық реңк); 5) диалектілік мағына.

Көп мағыналы сөздің мағыналық құрамын жетекші (бастапқы-первичное) және туынды (кейінгі-вторичное) мағына деп бөлуі мағынаның шығу төркіні бойынша классификациялауы болса, туынды мағынаның бірінші түрінің, «еркін емес мағына» деп аталуынан көрініп тұрғандай, тілде парадигмалық, синтагмалық дербестігі жоқ категория. «Стилистикалық бояулы мағына» — сөйлеуде белгілі бір парадигмалық, синтагмалық қатынаста ғана көрінетін контекстік, ситуациялық құбылыс, сондықтан көп мағыналы сөздің мағыналық құрамында дербес мағыналы жеке сөз (лексема) құзырына ие бола алмайды. Төркіні ауыспалы (біздіңше, туынды мағына: *күн* — тәуліктің жарық болып тұратын бөлігі); нағыз ауыспалы (біздіңше, ауыспалы мағына: түлкі — қу; көбелек — жеңілтек); арнаулы (біздіңше, сараланған мағына: *қазан* — балығы көп көл, теңіз шұңқыры (кәсіптік); *шылау* — лингвистикалық термин (терминдік); диалектілік *(құық* — шамның шынысы; *тырнақ* — шамның шынысын ұстап тұратын тарбақ қаңылтыр) мағыналар тілде парадигмалық, синтагмалық дербестігі бар, көп мағыналы сөздің құрамдық мүшесі.

Белгілі бір зат-құбылысты таңбалайтын жеке сөз болғандықтан, атауыштық қызметі болады. Бастапқы таңбадан бөлек ұғым, түсінік беретін дербес мағыналы болғандықтан, лексикалық мағына болады. Демек көп мағыналы сөздің мағыналық құрамының мүшесі үшін *дербес мағыналы жеке* сөз болуы керек.

Мағына түрлерін лұғаттық мақалада орналастыру реті туралы бағыттар да әр түрлі. Көп мағыналы сөз мағыналарын лексикографиялаудағы белгілі бір принциптің сақталмауы семасиология теориясының төмендегідей кемшіліктерінен туындайды. Бірінші, сөз бен заттың қатынасын денотаттық қатынасты жоққа шығару, екіншіден, сөз мағынасы мен мәнінің арасына айырым белгі қоймау полисемияны моносемия, моносемияны полисемия ретінде беру, түсіндіру; үшіншіден, грамматикалық семантиканы лексикалық семантикадан, семантикалық сипаттарды стилистикалық сипаттардан айырмау оларды бір-бірімен шатастыруға әкеліп соқтырды. Сөз етіп отырған мәселе турасында Д. М. Мұратәлиева көп мағыналы сөздің мағыналарын анықтау, түсіндіру, олардың орналасу тәртібі сөз мағынасының даму процесімен сәйкес келуі керек деген қорытынды жасайды. «Қазақ тілінің түсіндерме сөздігіндегі «бас» сөзінің берілуін: «Бұл жерде сөз мағынасының реті ғана емес, сөздің нақтылықтан абстрактылыққа қарай ішінара даму заңдылығы сақталмаған» деп дұрыс сынға алады [15, 70-76]. С. И. Ожегов: «Сөз мағынасының тарихи ретінің бұзылуы сөз мағынасының бұрмалануына әкеп соғады. Сондықтан алдымен жалпыи халықтық тілдегі мағынасын орналастырып, қалған мәнмағыналарын содан соң келтірген жөн» дейді [16]. Н. И. Фельдман да осы көзқарасты ұстанады

[17]. Ж. М. Гузеев те осы пікірді қостай отырып, сөз мағыналары сөздік мақаласында генетикалық принциппен (көне, көнере бастаған, қазіргі мағыналары) орналастыруды ұсынады [18, 33]. К. А. Карулис мағыналардың орын тәртібі таралу және қолданылу деңгейіне қарай орналасуы керек десе [19], С. Алтаев қолданылу деңгейі принципіне сүйенгенді жөн көреді [14, 10]. Х. Касарес төмендегідей ретпен: 1) таралу және қолданылу, 2) ауызекі, 3) ауыспалы, 4) көнерген, 5) арнайы мағыналар деп қарастырады [20, 141].

Бұл мәселеде С. И. Ожегов, Д. М. Мұратәлиева, Н. И. Фельдман, Ж. М. Гузеевтердің тарихы-этимологиялық, генетикалық принципті сақтай отырып, көп мағыналы сөздің мағыналық құрамына енетін ауыспалы мағына негізгі мағынаға арналған лұғаттық мақала құрамында, ал сараланған, диалектілік және туынды мағыналарға жеке-жеке лұғаттық мақала арналып (омоним сөздер сияқты), цифрлармен ерекшеленуі қажет. Омоним тек қана фонетикалық, графикалық сәйкестік болғандықтан, еш белгі қоюдың керегі жоқ. Неге десеңіз, ауыспалы мағына тілде атауышы бар затқа синоним атауыш қана. Ал туынды, сараланған, диалектілік мағыналар объектілерінің тілімізде басқа атауы жоқ. Жасалуы жағынан туынды болғанмен, қызметі жағынан дербес заткұбылыстардың атаулары. Яғни мағына түрлерін сөздікте орналастыру генетикалық, оларды түрлерге жіктеу атауыштық құндылығы принциптеріне негізделуі керек.

Көп мағыналы сөздің мазмұндық құрылым, мағыналық құрам екендігі, мағыналық құрам дербес мағыналы жеке сөздерден құралатындығы, мағыналық құрамдағы мағыналарды жіктегенде, оларға анықтама бергенде сөздікте орналастыруда генетикалық, этимологиялық принциптерді сақтаудың міндеттілігі оның біртұтас мазмұндық құрылым екендігінен. Жоғарыдағы шолудан байқағанымыздай, көп мағыналы сөз мағыналық құрам ретінде түркологияда да, қазақ тіл білімінде де ішінара мойындалғанымен, оның лингвистикалық статусының белгіленбегендігін көруге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абаев В. И. О подаче ононимов в словаре // Вопросы языкознания. — 1957. - № 3. - С. 31-43.
2. Реформатский А. А. Опыт анализа новеллистической композиции. — М., 1922.
3. Виноградов В. В. Основные типы лексических значений слова // Вопросы языкознания. — 1953. — № 5.
4. Потебня А. А. Мысль и язык: Хрестоматия но истории русского языкознания. — М. : Высшая школа, 1977. С. 179-204.
5. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі сөз мағыналарының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы: Мектеп, 1963. – 120 б.
6. Қордабаев Т. Тілдің структуралық элементтері. – Алматы: Мектеп, 1973.
7. Сауранбаев Н., Бегалиев Ғ. Қазақ тілінің грамматикасы. — Алматы, 1944. Б. 17-23.
8. Болғанбаев Ә.
9. Садыкбеков Р. Проблемы многозначности слов в казахском языке: АКД. — Алма-Ата, 1972.
10. Мухамеджанов Ш. Переносное значение слова в казахском языке. – АКД. – Алма-Ата, 1964.
11. Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. — Алма-Ата: Наука, 1986. С. 164-165.
12. Ысқақов А. Көп томдық түсіндірме сөздіктің маңызы мен мақсаты және ғылыми-теориялық маңызы жайында // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (А-Ә). — Алматы: Ғылым, 1974.
13. Алтаев С. Вопросы туркменской лексикографии. – Ашхабад: Ғылым, 1986.
14. Алтаев С. О принципах составления толкового словаря современнного туркменского литературного языка // Координационное совещание по вопросу составления толковых словарей тюркских языков: Тезисы докладов. – Баку, 1956.
15. Мураталиева Д. М. О подаче и раскрытии значений слов в толковых словарях (на материале имени существительного) // Советская тюркология. – 1972. - №5. – С. 70-76.
16. Ожегов С. И. Вопросы лексикологии и лексикографии // Лексикология. Лексикография. Культура речи. – М. : Высшая школа, 1974. – С. 228-244.
17. Фельдман Н. И. Об анализе смысловой структуры слова в двуязычных словарях // Лексикографический сборник. – М. : Гос. изд. иностранных и национальных словарей, 1957. – вып. 1. – С. 8-35.
18. Гузеев Ж. М. Семантическая разработка слова в толковых словарях тюркских языков. – Нальчик: Эльбрус, 1984.
19. Карулис К. А. Толкование значений в некоторых иноязычных толковых словарях // Проблема толкования слов в филологических словарях. – Рига, 1963. – С. 92-101.
20. Касарес Х. Введение в лексикографию. – М. : Иностранная литература, 1958.

УДК 420

KASYMBEKOVA A. K.
senior teacher
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

COMPARISON OF USING TROPES IN ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES

Түйін. Мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі троп немесе құбылту атаудың мағынаның ауыспалы түрде қолданылуы қарастырылады. Автор ағылшын және қазақ тілдеріндегі сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп жеткізу тәсілдерінзерттеген ғалымдардың теориялық тұжырымдарын талдай отырып сипаттауға тырысады. Мысалдар ағылшын және қазақ тілдеріндегі тропты қолдану жолдарымен салыстырылады.

Түйінді сөздер: троп, ауыспалы, құбылту, эпитет, салыстыру, бейнелеу, метафора, метонимия.

Резюме. В статье рассматривается использование тропа - риторическая фигура, слово или выражение, используемое в переносном значении с целью усилить образность языка, художественную выразительность речи. Примеры сопоставлены с тропами литературы на английском и казахском языках.

Ключевые слова: троп, выразительный, фигура речи, эпитет, сравнение, образность, метафора, метонимия.

Summary. The article discusses the use of trope - a figure of speech, word or expression used in a figurative meaning in order to enhance the figurativeness of the language, the artistic expressiveness of speech. Examples are compared with tropes of literature in English and Kazakh languages.

Keywords: trope, expressive, figure of speech, epithet, comparison, imagery, metaphor, metonymy.

Every evolved language with a long cultural way of life, provides the speaker with wealthy expressive opportunities, consisting of stylistic ones. But, learning those language assets requires understanding, advanced linguistic stylistic means and gadgets in the use of language units. The stylistic manner of language and the strategies in their use are shaped gradually, representing a traditionally converting phenomenon. It is not now and again that they are, for a long time, starting to be studied with the aid of researchers, scientists, writers and cultural figures. There are separate observations and pointers in this regard. however, even in advance, the intuitive use of language units that are unequally stylistic is determined, because of the content of the paintings and the obligations of the style. At times, along side stylistic ones, many different regulatory phenomena are described them, that is a result of the inaccuracy of defining the problem of stylistics. The stylistic assets of the modern English literary language are available in any respect tiers of the linguistic shape and are observed inside the modern normally regular strategies of using linguistic stylistic units.

One of the richest method of expressive speech is the so-known as approach of verbal imagery, basically stylistic figures of speech. it's far a mistake to recollect stylistic figures handiest as decorations, even though they're used for adornment. there is no manner to specific it genuinely: talking or writing, when building a speech, seeks to provide particular phrases and thoughts a special that means: to highlight, pay attention a notion in one bright and convex expression, or, conversely, defuse the concept, unfolding and repeating its content material. now and again a concept fulfilled is expressed in a verbal rhythm that isn't even noticed through the author and is discovered in the direction of speech. Stylistically, the figures are various, and the approaches of classifying them are exclusive and regularly arbitrary, because the figures are classified on the idea of exams - as «calming ears", «captivating feelings", and many others. greater contemporary classifications are very complicated, considering that a sophisticated clinical equipment is used in the examine of figures, and, nevertheless, they do now not cowl many figures that appear almost important [Jose Ortega-y-Gasset 1966, p. 83].

Language media which are characterized by using the transference, transformation, enrichment of that means resulting in imagery are united in stylistics underneath the term tropes.

1. Tropes are understood as approach of creating a textual content material which can be realized at the extent of a phrase or word, and as figures of speech, means of creating a text material which might be found out in a certain semantic section identical to a sentence or greater than a sentence. The class is based totally on the concept that a few strategies can be no longer handiest tropes or figures, but additionally belong, depending on the author's intention and the grammatical and stylistic features of the textual content, to both businesses. Transitional strategies we talk over with the

schemes. In our know-how, the scheme is a «sliding» of text-formation (from the lat. ziisii ^ transition), i. e. relying at the purpose of the author, the scheme may also interpreted in a single text as trope, and in any other as a parent of speech.

Secondly, each literary text contains tropes and figures of speech, their dynamics of use depends on the writer and the opportunity from the factor of view of semantics, grammar to switch them adequately to the goal language. A special function in linguistic transformation is performed via the cultural factor, especially with the trails of antonomasia and allusion.

Third pointto speak are tropes and figures of speech shape categories which includes personality, concord and coherence. The interrelation of these classes proves the reality that a few tropes and figures of speech can participate within the formation of several classes of textual content concurrently, for instance, asyndeton and polysindeton shape all three categories, and the hyperbola is private and coherence.

The primary forms of tropes are as follows:

1. Epithet is the defining word, specially while it provides new qualities to the meaning of the phrase being defined (a decorating epithet). An instance of the epithet: «rosy dawn"; Theorists pay unique attention to the epithet with a figurative which means ("my harsh days") and an epithet with the other that means — the so-called oxymoron ("wretched luxurious").

2. comparison - disclosure of the that means of a phrase by comparing it with every other for some commonplace feature. An example of assessment: «faster than a chicken is a children". The disclosure of the which means of a word by means of defining its logical content material is referred to as interpretation and refers to figures.

Lexical imagery started out to be studied even through the historic Indian philosophers, they known as them adorns of speech, which have been divided into tropes and figures. Tropes encompass 1 phrase, and figures from a mixture of phrases. current scientists have picked up this department. that is a distinction among paradigmatic and syntagmatic manner: to the paths - a metaphor, metonymy, synecdoche; to figures - comparison, epithets. This division is conditional: 1) such an method expresses the subjective mind-set of a student of a specific school, 2) the project of the research is to discover the mechanism of formation of a verbal photo. The interaction among lexical and contextual may be based on the similarity of principles (metaphor), at the adjacency of two ideas (metonymy), on competition (irony) [Kharchenko V. K. p. 25-50].

In assessment to the indexed tropes, constructed on the enrichment of the unchanged fundamental meaning of the word, the following tropes are constructed on shifts of the basic meaning of the word:

1. Metaphor - «the usage of the phrase in a figurative meaning. "

The conventional instance mentioned by using Cicero is the «murmur of the ocean. » The confluence of many metaphors bureaucracy an allegory and a riddle.

2. Synecdoche - «the case whilst the entirety is recognizable by a small part or whilst a whole is identified by way of a element". Quintilian's conventional example is «feed» in preference to «deliver. "

three. Metonymy - the alternative of 1 object via any other, borrowed from associated and close gadgets ("read Virgil").

The most important tropes are metaphor, metonymy, synecdoche, irony, hyperbole, litotes and personification.

The language metaphor is based totally on goal associative links pondered in connotative features that offer information either approximately the everyday realistic enjoy of a given language institution or approximately its cultural and historical understanding. as an example:"sea» is an immeasurable water vicinity, so an immeasurable quantity can be referred to as the ocean. Motivation for metaphorical switch can function a waste inside the language of the logical-syntactic scheme of the structuring of classes of activities or juxtaposition in the shape of real world items – their concern-logical relationships that replicate the language experience of the speakers [Arutyunova N. D., p. 29]

The primary distinction between the language metaphor and the speech metaphor is specifically that the primary is created on the idea of connotations accompanying the phrase in its standard use. in addition, assigned to the semantic capability of the word language usus, which incorporates what constitutes language revel in. This experience stays out of doors the gadget of lexical meanings fashioned via their identities and variations and rules of normal compatibility. Linguistic metaphor and due to the fact it's so clean to wash and loses its dwelling imagery that it's miles «normal", and its motivation is transparent, widely recognized and no specific attempt to recollect, because of the history know-how of audio system. It suits into the framework of syntactic systems by way of rethinking the properties of formal subjects or gadgets and receives new semantic and syntactic features. on the same time, the position of the subjective thing (inside the case of language metaphor) is balanced by means of the objectivity of the rethinking linguistic meanings and meanings of reference names, semantic regulations governing the compatibility of words, and partly by using the norms of use, their defensive feature. The linguistic nature of the metaphor manifests itself in fixing the reproducibility of the reinterpreted meaning of the language form within the speech chain [Shipley, Joseph T. ; p. 78].

Poems of Abay are also used plenty of

metaphors for example, «жастықтыңоты", «жүректіңкөзі", «дүниеесігі'' and conventional metaphors like «жаназығы, табиғат-ана, өмір-өзен, өмірсыбағасы, асаутолқын". The metaphor is consumed to empose the idea.

Usually poet expresses his emotions and feelings with the help of embodiment, metaphors and other figurative and expressive approach. This makes it possible to transfer his emotions and internal spirit via the skill, potential and glory of lyrics, it helpsto correct and transfer his emotions. The author puts questions to himself, he comforts himself, shoe up for evidence - all factors to the precipice and comprehensiveness of his thoughts and ideas at the impact and impressive pleasure, awe and confusion. the use of an expansion of tropes, the poet turns the poem initiation into a unique masterpiece. The poems starts with the phrases «What are you seeking out, my coronary heart, what do you are seeking?". To bring his mind in one quatrain, the writer affords metaphors right here. «existence is a wave» and «proper or horrific it's all of the same, it's complete of poison anyway».

What an excellent world the writer has given us!

He magnanimously and generously gave us his light.

whilst mother-earth fed us from her breast,

our Father in heaven thoughtfully inclined over us. {1}[AbaiKunanbaev, Index notes, website].

Metaphor is the principle constructive techniques, the dominant fashion

of his work, the hallmark of Abai, in widespread. Abai's poetic masterpiece distinguishes with its particular, strangescopes. Metaphor isn't always simplest device of making poetic, metaphorical meaning is concrete thought, concept, conclusion, end result. There is no doubt that phrases with figurative meanings in Abai's paintings are used to switch descriptive, figured beauty of his notions. Metaphor is used to donate ideas and mind with correct and particular clarity first of all, metaphor differs with cognitive content, its first of all reason to create beauty, in addition to to reveal a few aspect of existence from the opposite aspect. foremost capabilities of metaphors in Abai's poetry: 1. Nominative function 2. Compressive function three. Expressive feature 4. Evaluative a laughction Nominative feature. Nominative metaphor creates nicknames and aliases of people, that can then develop into proper names, as an instance, Owl, Gold, velocity. Getting to know the nominative function, the metaphor loses its imagery. The metaphor in this case is the technical technique of extraction of the brand new name of the vintage vocabulary. Abai's poem «The tick of a clock is not something moderate» ("Sagattynshikildagyemesermek") has deep philosophical meaning. This creation is whole metaphoric replacement surprising image of the poet's world is within the content-conceptual statistics of the textual content. «The clock is a theft ticking", / «without showing it steals lifestyles every day» are strains that depict important information of the textual content: «the clock's thievery", «it steals life» are metaphors, stylistic usages in figurative meanings. there may be hidden implicit appear in the semantics of the phrase «Clock": it is the component, which steals the most treasured for you it's far a robber, theft; it ticks now not for pleasure and amusing, a clock's ticking is an interest, stealing motion. It behaves itself like a burglar, acts like him partially, insensibly, invisibly. «One minute» is a metaphorical trade. « here.

Minute resembles a person's existence» / «surpassed, died, there is no fate that returns". this is complete lifestyles of a person. Passing of a minute is sort of a human-being' sdecease, in line with the writer's conceptual belief, international's picture is seen exactly like this. The following concept in man or woman-writer's metaphors of AbaiKunanbayuly.

Metaphor's function, which offers great exquisite information or which means in succinct, terse and breaf manner. «Abai's person competencies, peculiarities fluctuate him from different humans,Abai can substantiate separate word mixtures, human beings. Abai takes grammatical combinations and sure sentences, once in a while even words, makes them as an item, then substantiate them". for instance, Abai's metaphor «guys kalaygasalynbau» stands for no longer to hesitate, to be resolute and determined. This extract changed into taken from the poem «Жастықтың оты жалындап". different words within the textual content also clear the that means «no longer to hesitate, not to doubt". therefore, in order now not to be hesitant, we need to be willful and forceful, the subsequent implicit context is offered like here: «Қайратқа сеніп қақтықтпай... / Майданға шықса жарасар.... these lines drive us to be crucial and sturdy, emphatic and forthright. it is sort of route-role. within the language character of Abai, each phrase has tangible, considerable, convincing weight. Pragmatic query, which comes from the notion of the textual content: «What offers us now not to hesitate? What for is it? What cause does it purpose at?» Abai's reaction is on the fifth verse:

«energy leaves the body,
The child isn't always eternal,
the arena is ancient.
try to be glad in it"

Expressive feature. In assessment to the phrases, which have weak expressiveness, units with expressive- emotional coloring make more have an impact on on us. among plenty of techniques that are used skillfully within the thesaurus of language persona, metaphors actively register turnover. Expressive metaphors impact on a man's feelings, emotions, experience; they make him concern, hassle, thrill, contemplate, muse. Expressive impact, undeniably, appear due to union of connotative components in the word's semantics. We consider

that unbounded, unlimited opportunity of a person's cognition and his potential to suppose associatively can be soil for prevalence of expressions with emotional power, power, emotionality. someone combines simple meaning of words and lots of associations, then this manner can open way for growing new metaphors, new ideas. it is clean that poetry's firepower is in its aesthetic loveliness. allow us to take lexeme «drunkenness". In AbaiKunanbayuly's poem «Mensinbeushiemnadandi", heart and mainstream concept is gathered in lexemes like «drunkenness", «drunkard". these metaphors display author's ccomprehension and receptivity. the author attempts to correct his humans, his time, his epoch. via using conceptual analysis, we realize that lexemes like «drunkard", «to be trunk» do no longer imply situation of a man, who drank too much. these metaphors own figurative, indirect that means. It stands for passion, wish for being wealth; admiration for fun, satisfaction, game, enjoyment; keenness for authority, electricity. Metaphor «drunkenness» means an action inside the meaning of addiction, possessionT. Zhurtbay expresses his opinion approximately the following poem for that reason: «Drunkenness isn't being under the impact of alcohol due to strong liquids, dependency isn't always due to opium, under the influence of alcohol guy isn't always, who makes use of alcohol, it's miles drunkenness for false and misleading praise, authorities, electricity, birthday celebration, speaking Abai's language, It's far drunkenness for revenge"[T. Zhurtbay,107].

Our next task is to consider the secondary putpose inside the novel «The adventures of Tom Sawyer» with the help of M. Twain. On the basis of the given information, we are able to try to prove the lifestyles of a secondary nomination in the novel and at the analysis of examples:

Table of «The adventures of Tom Sawyer» by M. Twain with Kazakh translation

English	Kazakh
"Saturday morning was come, and all the summer world was bright and fresh, and brimming with life"[17, II ch., 13].	"Күн сенбі. Жазғы табиғат тамылжып тұр – тып-тымық, қайнап жатқан өмір. "[18, 2-тарау, 14]
"There was cheer in every faceand a spring in every step"[17,ch. II, 13.]	- *«Әрбір дидарда қуаныш шуақтайды, адамдардың әрқайсысы нық басып кетіп барады".* [18, 2-тарау, 14]
"The blackness of darkness reigned, the perfect stillness was interrupted only by occasional mutterings of distant thunder» [17, XXVIII ch., 218]	"Көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық пен өлі тыныштықты ара-тұра алыстан естілетін күннің күркілі ғана бөліп тұр. » [18, 28-тарау.,187]
You're a coward and a pup"[5, 11]	-Сен қорқақсың, әрі күшіксің. [М. Твен, «Том Сойердің басынан кешкендері»19б]
2. «I dare you to step over that, and I'll lick you till you can'tstand up. Anybody that'll take a dare will steal sheep. "[5, 11]	"Мен сенің жаныңды шығаратыным сондай, орныңнан тұра алмай қаласың! Бұл сызықтан аттаған адам оңбайды!» [6, 12]

Specifically, we've got clarified the 2 structures of organizing speech language — tropes and figures. In historical instances, in rhetoric, processes of tropes were considered: one considers the tropes and the figures as a unmarried entity, the alternative separates the tropes from the figures of speech. Such separation is explained by way of the reality that the peculiarity of the trope is composed within the function of expressing plasticity and imagery; instead of the manner of visualization than expressiveness.

However, stylistic figures (comparisons, metaphors,) aren't only a figurative grid through which the world is perceived, but additionally a positive subjective mindset to the world, which conditions no longer handiest the individual of the world's imaginative and prescient, but also its perception. normally, a trope makes use of contrast, association, or wordplay to play with the literal that means of words or to layer any other that means on pinnacle of a phrase's literal which means.

REFERENCES:

1. Jose Ortega-y-Gasset. Las dos grandes metaforas. - In: Ortega-y-Gasset J. Pbras Completas. Tomo 2., Madrid, 1966, p. 83.
2. Kharchenko V. K. Metaphor functions. - Voronezh, 1992, p. 25-50.
3. Arutyunova N. D. Language and the world of man. M., 1999, p. 29.
4. AbaiKunanbaev, Index notes, website
5. Zhurtbay T. K. Kuyesinzhurek,... suyesin. - Almaty: Sanat, 2001. – 107p.

УДК 811

КАЙЫРБАЕВА ЖАЗИРА КУАТБЕКОВНА
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Өскемен қаласы, Қазақстан Республикасы

БАРБОСЫНОВА КАРЛЫГАШ ТУРКЕСТАНОВНА
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Өскемен қаласы, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АКЦЕНТУАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ тілінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын акцентология табиғатының негізгі ерекшеліктері ашылады.

Түйін сөздер: акцентология,екпін, сөз екпіні, буын екпіні,музыкалық екпін, просодика, фонология.

Аннотация. В статье раскрываются основные особенности природы акцентологии, являющиеся одной из актуальных проблем современного казахского языка.

Ключевые слова: акцентология, ударение, ударение слова, ударение слога, музыкальное ударение, просодика, фонология.

Abstract. The article reveals the main features of the nature of accentology, which are one of the actual problems of the modern Kazakh language.

Keywords. accentology, accent, the emphasis of the word, the accented syllable, musical stress musical stress, prosodic, phonology.

Сөйлеу легі сегменттерге, яғни сөйлеудің белгілі бір қысқа бөліктерінің сан алуан ерекшеліктеріне байланысты. Нақтылай түссек, сөйлеу легі тіл бірліктерін әр қырына: буынға, сөз екпініне, акцентке, байланыстырып сөйлеу бірлігі – фразалық интонацияға қатысты болып келеді. Осыған орай, интонацияның сөз екпіні және буын акцентін қарастыратын саласы – акцентология, ал фразалық интонацияны зерттейтін саласы интонология деп аталады.

Акцентологияның зерттейтіні сөз екпіні, буын акценті дедік. Сөз екпіні ең алдымен буынға байланысты. Белгілі бір дыбыстың сөз екпініне сай ерекшеленуі түрлі-түрлі болады. Соған орай тіл-тілде динамикалы, квантативті немесе сандық, музыкалық немесе үнді (тонды), сапалы екпін түрлері бар. Екпін негізінен фонетикалық құбылыс. Екпін дегеніміз-сөз немесе сөз тіркесі құрамындағы белгілі бір буынның ерекше үнмен айтылуы. Жалпы тілде сөз ішіндегі бір буын басқалардан айқынырақ, көтеріңкі және созылыңқы үнмен айтылады. Сөз ішіндегі екпін түскен буын екпінді буын деп аталады [1, 3 б]. Акцентология (лат. accentus дауыс көтерілуі, екпін, грек. logos – ілім)–екпіннің табиғатын, түрлері мен қызметін зерттейтін тіл білімінің саласы [2, 13 б]. Акценттелу дегеніміз просодикалық тәсілмен фразадағы бір сөздің екпінмен ерекше берілуі [3,3 б].

Акценттелу типін реттеу барлық тілдерде дәстүрден тыс әдістерді пайдалануды қажет етеді. Тіл иеленушінің қалыпты ережеден ауытқи отырып екпінді орналастыруын, екпінді орналастырудағы ережелер жиынтығын акценттік база деп атаймыз. Акценттік базаны зерттеудің ең тиімді амалы, дыбыстар кешенінің акценттік базасын эксперимент арқылы зерттеу болып табылады.

Түркі тілдерінің просодикасы бүгінгі күні шешілген мәселе қатарына жатады деу қиын. Бүгінде бірқатар зерттеулер жүргізіліп түрлі пікірлер қалыптасты. М. Жүсіпұлы қазақ тіл білімінде қалыптасқан пікірлерді үш ғылыми мектеп, бағыт айналасына жинақтайды:

1) Акцентті-фонемалық (дәстүрлі фонологиялық) теория (Қ. Жұбанов. І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев);

2) Сингармониялық (сингармонологиялық) теория (А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ә. Жүнісбеков, М. Жүсіпұлы);

3) Сингармониялық фонология (сингармофонология) теориясы (А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Жүсіпұлы) [4, 23 б. .

Қазақ тіл білімін ұлттық таным-түйсік тұрғысынан қарастырған А. Байтұрсынұлы мен Х. Досмұхамедұлы просодиканың негізгі, доминантты қызметін сингармонизм атқаратынын түсініп, оның теориясының фундаментін қалады. Сол себепті де екінші, үшінші бағыт-мектепті қалаушылар қатарында көш басында тұрған ғалымдардың да есімдері аталған. Осы мәселеде зерттеушілердің пікірлерінде - терминдерінің аталымы мен зерттеу әдіс-тәсілдерінде, фонологиялық теориялардың жетістіктерін қолданындаөзгешеліктер кездеседі. Олардың пайымы алғашқы кезде өзара ұштасса да, нәтижесі, шыққан қорытындысы бірімен-бірі түйіспейді.

Жалпы түркі тілдеріндегі екпіннің табиғаты, қызметі және орны туралы сұрақты зерделеуде

көптеген отандық және кеңестің түрколог ғалымдар зерттеу жүргізді: В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, Е. Д. Поливанов, Н. А. Баскаков, И. А. Батманов, Б. Я. Владимирцев, Н. К. Дмитриев, У. Ш. Байчура, А. М. Щербак, Г. Шараф, О. Бетлингк, В. Преле, Х. Педерсен, Г. Ракетт [5, 7 б] т. б.

Н. А. Баскаковтың жұмысынан біз түркі тілдеріндегі екпін мәселесінің нақты талдауын таба аламыз. Ол былай жазады: «Қазіргі кезде түркі тілдеріндегі екпіннің табиғаты және түрі, өзгешелігі туралы екі негізгі ілім бар. Олардың біріншісі, түркі тілдеріндегі негізгі екпін экспираторлы болып табылады яғни, осы бағыттағы өкілдердің пікірінше, тонды жоғарлату яғни музыкалық екпінмен ілесетіндігін бекітеді. Екінші ілімнің (теория) өкілдері, Н. А. Баскаков сөздегі негізгі екпін ретінде эксперираторлы емес, музыкалық екпінді бөліп көрсетеді. Олардың ойы бойынша негізгі музыкалық екпін соңғы буынға түседі, ал күшті екпін бірінші буынға [6, 107 б].

Н. А. Баскаков былай деп жазады: «Үшбуынды және көпбуынды сөздерде сөздің түбірі мен сөзтудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтардың қосылуы, соңғы буындағы екпіннен басқасы, күшті және негізгі екпін болып табылады және қосымша, әлсіздеу, екінші кезектегі екпін пайда болады. Сөздегі буын санына байланысты осы қосымша екпін бір, екі және одан да көп бола алады. Мысалы, бесбуынды және көпбуынды сөздерде». Осылайша, ғалым көпбуынды сөздерде белгілі бір қарақалпақ екпін градациясының бар екендігін белгілейді. Осы сияқты жағдайларда негізгі екпін соңғы буынға түседі, яғни ол ең күшті буын немесе экспирацияның күшті шыңы болып табылады. Бұдан басқа тағы бір буын түрі бар, оған әлсіз және екінші кезектегі екпін түседі. Оларда тағы үшінші кезектегі екпін белгіленеді.

Түрлі екпін дәрежесі дауыстылардың түрлі сапасын көрсетеді. Негізгі екпіндегі күшті дауысты буындарға қарағанда әлсіз, екпінсіз дауыстылар әлсізденген, редуцияланған және қысқарақ болып келеді. Дегенмен, жоғарыда аталған лингвистер екпінді тек қана есту мәліметтері негізінде, зерттеудегі эксперименталды әдісті қолданбай зерделеді.

В. А. Богородицкийдің эксперименталды фонетикалық мәліметтері бойынша тон соңғы буында негізгі екпінде төмендетіледі және екінші кезектегі екпінде жоғарылатылады. Бұл жерде бізге маңыздысы ғалымның татар тіліндегі екінші кезектегі екпіннің бар болуын белгілеуі.

Соңғы кездегі түркі фонетикасысының ұсынылған еңбегі «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы болып табылады. Фонетикада «Екпін» бөлімінің авторы В. Д. Аракин: «Күшті екпіннің өзгешелігі мен үдемелілігіне қарай негізгі екпінге яғни ереже бойынша соңғы буынға түсетін және екінші кезектегі яғни көпбуынды сөздерде төрт және одан да көп буыннан тұратын және сөздің бірінші буынына түсетін екпінге бөлінеді» деп тұжырым жасады. Ол мұндай тұжырымға түркологиядағы екпін (акцентуация) жұмыстарының талдау нәтижесінің негізінде келеді. Ғалым, жалпы түркі тілдерінде екінші кезектегі екпін, агглютинативті қатардың дамуы, сөз тәсілінің дамуына бір аффиксалды морфеманы тіркеу кезінде шыққан деп есептейді. Яғни, түркі тілдерінде екінші кезектегі екпіннің пайда болуының ұзақ тарихы бар деген сөз. Кейбір түрколотардың ойы бойынша ол соңғы жалпы түркі кезеңіне қатысты.

Соңғы кездері, түркологияда, атап айтқанда, өзбек, азербайжан, түркімен, қырғыз тілдерін зерделеуде негізгі екпінге эксперименталды фонетикалық зерттеулер жүргізілді. Екпінге байланысты қазақ тілінде осындай монографиялық жұмыстар жоқ. Кейбір тіл үйретуші қазақ фонетистері осы уақытқа дейін қазақ екпінінің табиғаты толық шешілмегенін және эксперименталды фонетика осы сұрақты шешуге тиіс екенін айтады.

Қазақ тілінде екпінге арналған арнайы тәжірибе жұмыстары жоқ болса да, мынаны атап айтқан жөн, екпін көптеген қазақ тілін зерттеушілерін І. К. Кеңесбаев, Ж. А. Аралбаев, А. Жүнісбектовты, М. Исаев. М. Райымбеков және т. б. қызықтырған және қызықтырады да. Ал, түркі тілдерінде екінші кезектегі екпін және олардың негізімен қатынасына байланысты бұл сұрақ эксперимент жүзінде қарастырылмаған. Біздің зерттеуіміз қазақ тіліндегі акцентуацияның фонетика-фонологиялық сипатын зерделеуге арналғандықтан, жоғарыда көрсетілген зерттеулерде бізді осы сұрақ қызықтырады.

Өзбек екпінінің зерттеушісі А. А. Махмудов тәжірибе негізінде мынадай қорытындыға келді: «көпбуынды сөздерде сөз соңында тұрған екпінді дауыстының үдемелілігінің басқа сөз басындағы дауыстының үдемелілігінен екінші кезектегі екпін пайда болады. Екпін алдындағы түбір буынның үдемелілігінің өсуі екінші кезектегі екпінге сәйкес болады». Кейін оны былай деп жалғастырады: «Өзбек тіліндегі екінші кезектегі екпіннің табиғаты, негізгі сияқты, үдемелілігінен, негізгі тонның жоғарылығынан және ұзақтығынан тұрады» [7, 32 б].

Осы диссертацияның сөздегі екпінді эксперименталды фонетикалық зерделенуіне арналғанына қарамастан, негізгі мәселемен қатар зерттеу кезінде негізгі және екінші кезектегі екпін қатынасы мәселесі де қаралды.

Азербайжан тілінде Ш. М. Абдуллаевтың қорытындысы бойынша: «құрамында екіден төрт буынға дейін сөздерде екпін кезкелген буынға түсе алады. Сөздік пен мәтіндердің статистикалық талдауы, екпіннің соңғы буынға түсуінің көп таралғанын көрсетеді, көпбуынды сөздерден төртбуынды сөздердің айырмашылығы бастапқы екі, үш буын (түбір буындар) екінші кезектегі

екпінге ие, ал негізгі не соңғы, не оның алдындағы буынға түседі». Сонымен, Ш. М. Абдуллаев тәжірибе бойынша мынадай тұжырым жасайды, «әзірбайжан тілінде екпін әртүрлі орында болады және түбір буында екінші кезектегі екпінге ие, ал соңғы және оның алдындағы буынға негізгі екпін түседі» [8, 12 б].

Қырғыз тілінде де екінші кезектегі екпіннің бар екендігі белгіленді. Мысалы, А. К. Орусбаев: «Екінші кезектегі екпіннің пайда болуына байланысты көпбуынды қырғыз сөздерінде таза негізгі және соңғы аффикс бөлігінде үдемеліліктің түсуі жиі байқалады» деп белгіледі [9, 7 б].

Алғаш рет тәжірибе негізінде қазақ сөзіндегі екпіннің фонетикалық табиғатын анықтау мүмкіндігін А. А. Есентемірова алды. Ол оқшауланып айтылған екі және көпбуында сөздерді зерттейді. Мысалы, *«ұраншылар»* сөзін келтіре отырып, А. А. Есентемірова: «сөз буыннан тұрады. Негізгі екпін ақырғы буынға, екінші кезектегі буын екінші кезекке түседі» деп белгілейді [10, 187 б]. Қорыта келе, ол қазақ сөзіндегі екпін табиғаты туралы мынадай тұжырым жасайды.

«Эксперименталды мәліметтер, қазақ тілінде сөздегі басты екпін мынадай физикалық құралды бөліктерден негізгі тонның жоғарылығынан және ұзақтығынан тұрады» деп көрсетеді, екпіннің жасалу кезінде үдемеліліктің фонологиялық мағынасы болмайды. Ары қарай екінші кезектегі екпінге ауысады: «Екінші кезектегі екпінді буындар, негізгі екпінді буындармен салыстырғанда ұзақтығының және үдемелілігінің азайюы және негізгі тонның жоғарғылығымен сипатталады». Бірақ та, негізгі екпін мен олардың арасында қандай қатынас бар екені туралы өкінішке орай ештеңе айтылмаған.

А. А. Есентемірованы оқшауланған сөздердегі екпін қызықтырады. Біз алдымызға екпіннің тек қана оқшауланған сөздерде ғана емес сонымен қатар фразадағы екпінді зерделеу міндетін қойдық. Басқа мәселе сияқты негізгі және екінші кезектегі екпіннің табиғаты (ортасы) қызметі, орны және олардың қазақ тіліндегі қатынасына тиісті сұрақтар бұның барлығы эксперементалды тексеруді талап етеді.

Көптеген зерттеушілер қазақ тіліндегі бар деректерді ғана мойындайды. Осы сұрақ бойынша академик С. К. Кеңесбаевтың көзқарасы қазақ тіліндегі екінші кезектегі екпіннің бар екендігі бірақ әлі күнге дейін осы екпіннің орны туралы сұрақ зерттелмегенін айтады. Ал қазақ тілін зерттеуші Ж. Аралбаевтың көзқарасы бойынша қазақ тілінде екінші кезектегі екпіннің бар екендігі туралы күдік туады. Ол өзінің «Вокализм казакхского языка» кітабында – «Қазақ сөзінде екінші кезектегі екпіннің бар екендігі оның орны мен өзгешелігі туралы сұрақ белгісіз болып қалады» деп жазды [11, 68 б]. Осы айтылғандардан қазақ тіліндегі екпін туралы зерттеушілер ойының қарама-қайшы екенін көруге болады.

Кейбір түркологтар (Л. Старостатов, А. Кишенко, т. б) әртүрлі түркі тілдерінде күрделі сөздерде тек қана негізгі екпін бар екенін және оның күрделі сөздегі соңғы буынға түсетінін айтады.

Осы ойға профессор И. А. Батманов та қосылады: «Түркі тілінде екі немесе бір ғана екпін бар, бірақ оқшауланыу екі полюс аралығында, қалыпты жағдайы әрекетте соңғы буынға түседі, ал орын ауыстырғанда алғашқы буынға түседі». И. А. Батманов екпін өзінің тұрақты орын күшінің сөйлемдегі сөздің шекарасын анықтау үшін қызмет атқарады деген тілдер тобына түркі тілін де қосады. Оның ойы бойынша, негізінен сөздерді бөліп көрсететін экспираторлы екпін қолданылады, ал көпбуынды сөздерде музыкалық екпін қолданылады.

И. А. Батманов түркі екпінінің градациясы туралы жазады. «Көпбуынды тіркесетрдің негізімен аффикстерінде (сөз екпінді қабылдайтын аффикс туралы) дауыстылар экспирациясының әртүрлі дәрежесі белгіленеді. Басты (жоғары дәрежелі) экспираторлы екпін соңғы буынға түседі, екпінділерге қарама-қарсы екпінсіз дауыстылар құрамында сөз градациялары бөлініп көрсетіледі, олардан біз екінші кезектегі екпінді және эксперациясы төмендетілген буын топтарын бөліп қараймыз (әртүрлі дәрежелерін). Одан әрі қырғыз тіліндегі көпбуынды сөздер егжей-тегжейлі талданған: үшбуынды сөздерде негізгі екпін соңғы буынға түседі, ал екінші кезектегі бірінші буынға түседі, бірақ 4-5 буынды сөздерде екінші кезектегі екпін негізгі екпіннен бірінші буынға қалып отырады, 6 және одан да көпбуынды сөздерде – екі буынға қалып отырады.

И. А. Батманов өз пікірін айтады. Мысалы, *ал* өзінің «Соврменный киргизский язык» кітабында түркі тілінде екінші кезектегі екпіннің екі түрі бар екендігін ұсынады: эксператорлы және музыкалық.

А. Н. Кононов сонымен қатар өзбек тілінде сөз екпінін анықтайды. Күшті (динамикалық), екпінді буын екпінсіз буынмен салыстырған дауысты дыбыс артикуляциясының шиеленісу есебінен айқындалады. Ол да: «... үш және көпбуынды негіздерде және сөздерде, түбірден немесе екпінді аффикстер тіркесіндегі негіздерден тұратын, соңғы буындағы екпінмен қатар – негізгі, күшті, тағы әлсіздеу, екінші кезектегі екпін туындайды» деп белгілейді. Негізгі екпінге ілесетін екіншіі кезектегі екпін музыкалық болып табылады және бірінші буынға түседі. Екінші кезекте екпіннің дыбыстық сипаты, ғалымның ойы бойынша, дауыстылар сапасына тәуелді. Ол көпбуынды сөздерде үшінші кезектегі екпіннің бар екендігін жоққа шығармайды. Көпбуынды сөздерде екінші кезектегі екпіннің орны тұрақты емес, яғни негізгі екпіннің өзінен кейін екінші кезектегі екпінді ілестіреді.

Осылайша екінші кезектегі екпіннің орны туралы И. А. Батманов пен А. Н. Кононовтың ойлары толығымен сәйкес келеді. В. Н. Зиновьев үшін «қазақ тілінде негізгі соңғы екпіннен басқа сөздің бірінші буынында екінші кезектегі екпін бар екендігі туралы» күдік жоқ. Ж. А. Аралбаев: «түркі тілдеріндегі сөз бір емес екі акцентуациялы шыңға ие: негізгі – соңғы буынға, қарама – қарсы - бастапқы буын» деп белгіледі [12, 153б.].

Келесі бағыттың өкілі ғалым Ж. Аралбаев: «Қазақ тілі сөз бен сөздің жігін ажыратады, демек, сөзді айқындайды. Кейде синтаксистік бірлігіндегі бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажыратып тұрады. Оның үстіне екпін сөздегі агглютинативтік элементтерді тарқатпай, матастырып ұстау үшін қызмет етеді», [12,109б] деп екпіннің сөз ажыратушылық қызметімен катар, сөздегі жалғанған қосымшаларды тарқатпай тұру үшін қажеттігін айтады. Қазақ тілінің материалы негізінде арнайы зерттеген А. А. Есентемирова: «Ударный слог в произносительно-слуховом отношении становится как бы центром слова, подчиняющем себе другие слоги слова. Тем самым ударение имеет большое значение в оформлении слов, так как оно характеризует слово не только со звуковой стороны, но использует и для выражения его лексико-грамматических значений", [13, 183б] деп екпін сөз буындарын тарқатпай ұстап тұрумен коса, сөздің лексика-грамматикалық мағынасын білдіретінін айтады. Осындай пікірді «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасынан» да кездестіреміз. Сондай-ақ, Қ. Бейсенбаев: «Сөз екпіні - әр сөздің жеке ұғымын, сөздік бейнесін танытатын, сол *сөзді*даралап тұрған ұғымы арқылы бір сөз бен екінші сөздің ілегін бөліп, жігін ажыратын негізгі жолдың бірі", - [14,65б] десе,ғалым Б. Қалиев екпінді дауысты дыбыстардың редукциясымен байланыстырады.

Түркі тілдерінде сөз екпіні қыметін сингармонизм атқаратынын ғалым В. В. Радлов та дұрыс аңғарған: «Гармония гласных является важнейшим средством выделения и ограничения слова и, следовательно, выполняет те же функции, что и «резко выделяемое ударение» в индоевропейских языках» [15, 97б].

Акцентті-фонемалық (дәстүрлі фонологиялық) теорияны қолдаушы ғалымдардың пікірінше, екпін сөзді ажыратуда, сөзді тануда, айқындауда басты қызмет атқарады І. Кеңесбаев - түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілінде екпін негізгі просодикалық қызметті атқаратынын айтып, оған жан-жақты зерттеулер жүргізген ғалым. Екпін мәселесі жөнінде жазылған орыс және түркізерттеушілерінің О. Бетлингк, В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, Ф. Е. Корш, Б. Я. Владимирцов, Н. К. Дмитриев, М. Рясянен, Г. Педерсен, Ғ. Шараф т. б. -еңбектерімен танысқан ол Ленинград фонолагиялық мектебінің ілімін басшылыққа ала отырыпқазақ тілінің акцентуация мәселесін 1948 жылы «Қазақ тілінің екпін категориясы» атты мақаласымен тұжырымдады.

І. Кеңесбаев қазақ тілінің екпіні акценттіфонемалық теория неізінде зерттеді. Сондықтан да еңбектерінде сөз екпіні просодиялық доминант ұғымында көрсетіледі. Мұндай пікір, ғылымикорытынды сол кездегі қазақ және жалпы түркі тіл білімінде үлкен орын алған. Қазір, сингармофонологиялық теория қалыптасқан кезде, казақ (түркі) тілі екпіні сөздің просодиялық доминантасы болады.

Екпін – сөз ішіндегі бір буынның күшті, көтеріңкі естілуі. Екпіннің тілдегі басты қызметі: сөздің лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасын айқындау, сөзді бір бүтін етіп көрсету, тілдің орфоэпиялық нормаларын айқындау. Қазақ тілі сөз екпіні жағынан лебізді екпінді тілдерге жатады. Сөз ішінде екпін түсетін буынды екпінді буын деп атайды. Екпін түспейтін буын екпінсіз буын деп аталды. Қазақ тілінде жіктік жалғауларына, сын есімнің –дай, дей жұрнағына қосымшасыз шылау сөздерге т. б. екпін түспейді. Бір буынның оқшауланып күшті айтылуы нәтижесінде сөздің бір бүтін дыбыстық бейнесінің қалыптасуы екпіннің шарықтау қызметі деп аталады (кульминативная лат. culmen шарықтау) шарықтау деп аталады. Қазақ тілінде бұл қызметті сөздің соңғы буынына түсетін тұрақты екпін атқарады.

Сөйлеу ағымындағы екпіннің көрінуі көп жағдайда тілге байланысты. Кейбір тілдерде екпінді буындар тым жоғары немесе тым төмен тонға ие, ол тондық немесе музыкалық екпін болуы мүмкін. Көптеген тілдерде олар сөйлемнің типіне қарай оны қоршаған буындарға қарағанда біршама жоғары немесе төмен тонда болуы мүмкін. Сондай-ақ динамикалық (күшті), сапалық (дауыстылардың редукциясының болмауы) және сандық яғни, дауыс ұзақтығының өсуі түрінде болады. Сондай-ақ екпін бір сөйлемдегі түрлі сөзде түрлі дәрежеде іске асады. Кей жағдайда екпінді және екпінсіз буындардың акустикалық білгілері арасында айырмашылық сондай көп болмайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1994. – 82 б.

2 Қалиев Б. Тіл білімінің терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Сөзік-Словарь, 2005. –440б.

3 Николаева Т. М. Семантика акцентного выделения М. ;1982. –С. 3

4 Жүсіпұлы М. Сингармонизм фонологиясы (Үндестік фонология) // Тілтаным. –2001. -№ 2. -23-34 б.

5 Калиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы. –Алматы;1984. –45 б.
6 Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. –М. ;. –С. 107
7 Махмудов А. А. Словесное ударение в узбекском языке: автореф. дисс... канд. филол. наук. – Ташкент;1957. –С. 32
8 Абдуллаев Ш. М. Место и природа словесного ударения в современном азербайжанском языке: автореф. дис... . канд. филол. наук. –Баку;1964. –С. 12
9 Орусбаев А. К. Из материалов экспериментального исследования киргизского ударения // А. К. Орусбаев. –Советская тюркология. –1972. –№4. –С. 7
10 Есентемирова А. А. О фонетической природе казахского словесного ударения // Вопросы казахской фонетики и фонологии. –Алма-ата: Наука, 1979. –С. 187
11 Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. –Алма-ата: Наука, 1970. –С. 68
12 Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. –Алматы; 1988. –109б.
13 Есентемирова А. А. О фонетической природе казахского соловесногоударения // Вопросы казасхкой фонетики и фонологии. –Алматы;1979. –183б.
14 Бейсенбаев Қ. Казіргі казақ тілінің фонетикасы. –Алматы; 1995. –65б.
15 Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизмказахского слова: автореф. дис... докт. филол. наук. - Алма-Ата; I988. -58 с.

УДК 81’373; 001. 4
МҒТАР 16. 21. 47

МАНСҰРОВ Н. Б.
филология ғылымдарының кандидаты
Түркология ғылыми-зерттеу институты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралыққазақ-түрік университеті

ТЕМІРХАНОВ Б. Н.
магистр оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТАҚЛИДИ ИМАН ТАНЫМЫ

Түйін. Мақалада қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзін талдап, мағыналық түсінік беру қарастырылған. Талдау барысында қара сөзде айтылған тақлиди иман танымы сараланып, сол ойдың негізінде иманның ақиқатына жетудің жолдары қарастырылған. Аз сөзбен көп мағынаны ұғындыру тәсілі негізге алынған бұл бөлімде ақиқатты табу адамдық борыш екені айтылған. Міне осы ой-тұжырымдарды ұсынуда қолданылған араб сөздері арқылы ақынның шығыс тілін қаншалықты білгендігі әрі шеберлігі айқындалған. Бұл ретте қара сөздерде өзінің негізгі нұсқасымен берілген діни терминдердің үлгілері қазақ тілінде мағыналық сипаты ашып көрсетілген. Нәтижесінде ақынның «тақлиди иман» танымы діни ғалымдардың дін исламдағы орнын көрсетуде әрі олардың қара сөздегі мәнін ашуда басшылыққа алынғандығы анықталған. Мазмұндық сипаты негізінде шығыс тілдерінен енген кірме сөздердің қолданысы мен мағыналық сипаты, яғни түп нұсқадағы ұғымы қазақша ұсынылған. Абай Құнанбайұлының «Әрбір ғалым - хакім емес, әрбір хакім – ғалым» тұжырымындағы ғалымдардың нақлиясындағы «тақлиди иман» танымына қазақ тілінде түсінік беріліп, мазмұны айқындалған.

Түйінді сөздер: қара сөз, тақлиди иман, якини иман, иманның ақиқаты, хақты тану, хақиқаттың негізі.

Резюме. В статье дан анализ и семантическая интерпретация тридцатьвосьмое слова казахского поэта Абая Кунанбаева. В ходе анализа анализируется знание имитации веры, выраженной в слова назидание, и на основе этой идеи рассматриваются способы достижения истины веры. В этой главе говорится, что найти истину - человеческий долг, которая основана на концепции нескольких значений в нескольких словах. Именно через арабские слова,использованные для выражения этих идей, было открыто знание и мастерство поэта восточного языка. В то же время примеры религиозных терминов, представленные в их основных версиях в неясных словах, раскрывают их смысловую природу в казахском языке. В результате было установлено, что религиозное учение руководствовалось представлением поэта о «подражании вере», показывая место религии в исламе и раскрывая их значение в богохульстве. На основании семантической природы употребления и семантической природы ключевых слов из восточных языков, понятиепредставлено на казахском языке. Соображение Абая Кунанбаева «Каждый ученый – неправитель, но каждый правитель – ученый» интерпретируется на казахском языке.

Ключевые слова:слова назидание, подражание вере, истинная вера, правда веры, признание истины, основание истины.

Summary. The article gives an analysis and semantic interpretation of the thirty-eighth word of the Kazakh poet AbayKunanbaev. The analysis analyzes the knowledge of imitation of faith expressed in the words of edification, and on the basis of this idea, ways to achieve the truth of faith are considered. This chapter says that in a few words they are based on different meanings. It was with the help of Arabic words used to express these ideas that the knowledge and skills of the poet of the Oriental language were discovered. Examples of religious terms that reveal their meanings in obscure words, reveal their meanings in the Kazakh language. As a result, it was established that religious teaching was guided by the poet’s idea of «imitation of faith”, showing the place of religion in Islam and revealing their significance in blasphemy. Based on the semantic nature of use and the semantic nature of keywords from eastern languages, the concept is presented in Kazakh. AbayKunanbayev’s point of view «Every scientist is not a ruler, but every ruler is a scientist» is interpreted in the Kazakh language.

Keywords: words edification, imitation of faith, true faith, truth of faith, recognition of truth, foundation of truth.

Абай Құнанбайұлының иман түсінігінде хақты тану – дінді біліп, оның амалдарын орындау адамдықтың сипаты негізінде қаралады. Адамдықтың басты ұстанымы – мал, мақтан, құрмет-қошамет емес, хақиқаттың негізі – шындық. Сондықтан ақын жаны иман дегенде құр мақтанды қолдамайды, адамдықты, адалдықты, шынайылықты қалайды. Ал осы айтылғандар өзі келіп адам баласына тағылса, онда ол адам көркі деп қабылдайды. Қараңыз: *«Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі ізден тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егерде адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады. Енді хақиқат сүйіп, шынды білмек құмарың бар болса, адамдыққа лайықты ықыласты құлағыңды қой. Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін»*[1].

Өмір қысқа болса, сол қысқа өмірдің ішінде адамзат баласы дұрыс өмір кешіп, адамдық сипатқа ие болу жайын Абай Құнанбайұлы өз түсінігі бойынша мұнда ғиззат, құрметке махаббатпен қарауды дұрыс деп қабылдамайды. Оның түсінігінде адамның ғылыммен айналысып, ихсан жасауы себепті мақтан, құрмет сынды сипаттар өздігінен келсе, онда адамдықтың асыл мақсатына қол сұқпай жеткені деп біледі. Күллі адамзат баласына керегі де осы. Абай Құнанбайұлы мұндай адамдыққа жетуде ақиқатқа құмартып, шынайы ғылымды тануда ыждахатты болуы шарт деп есептейді.

Ұсынылған қара сөздегі адам баласының «өзі табынып іздеуі» тіркесінің қолданысы мақтанның, мақтан құмарлықтың сипаты ретінде ұғынылады. Себебі мұндай ізденісте шынайылық көрінбейді, сырт көздің мақтаны, құрметі мен іззеті болып қалады. Ондай болмақ үшін ақынның сөз еткен *«мал, мақтан, ғиззат-құрмет»* адамды өзі ізденіп табуы керектігін айтады. Мұндағы ұғым ақиқатқа бойсұну, адами қасиетке лайық болу, қашанда оған бас ұру, одан бас тартпау, т. т. Ал оның негізін дін исламнан табуды ұсынады. Өйткені Исламды дұрыс ұғынған әрбір жан осы жоғарыда айтылғандарға өзі жететін болады. Бірақ онда да иманның ақиқатын білуі шарт деп ұғады.

Иман сөзінің тілдік мағынасы араб тілінде гіlمَنْ(*әмәнә*) *сенімді болу, адал болу* етістігінен туындаған lيٖمَاnْ(*иман)сенім* (Аллаға сену) мағынасындағы есім сөз[2, с. 34]. Сөздіктегі ұғым Жаратушы Алла тағалаға сену мағынасын берсе, ақын қолданысында иман тек қана сену ғана емес, оның барлығына, бірлігіне, елшісіне сенудің шариғи қолданысын ұғындырады: *«Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне уә Құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне инандың»* [1].

Қасиетті Құран Кәрімде «Адамдар тек қана «иман еттік» деумен сыналмайтынын ойлай ма?» «اَحَسِبَ النَّاسُ اَنْ يُّتْرَكُوْا اَنْ يَّقُوْلُوْا اٰمَنَّا وَهُمْ لَا يُفْتَنُوْنَ» деп келетін аят бар[3, 396 б.]. Бұл аяттағы сыртқы мәнде дінге тек иман етумен толық иман етудің жолына жетелемейтінін ұғуға болатынын аңғарамыз, осы ұғымды Абай Құнанбайұлы «Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес» деп аятта берілген сенім сипатын әрі қарай тәпсір жасап отырғандай көрінеді. Себебі, қарасөзде тек иманмен тоқталмай Аллаға және пайғамбарға иланған соң Оның есім-сипаттарының сырын шынайы көңілге бекітіп сонымен амал жасау керектігін нұсқайды. Сірә, бұл Құран Кәрімдегі иман сөзінің 800-ден астам жерде сөз болуы да бұған бір маңыздылық артса керек [4, 214-216 s.].

Иә, бізге иманның ақиқатына жету мақсатымыз деп белгілеп алсақ, ондағы ақиқатты қалай түсінбекпіз? Бұл мәселені ақын бізге сұрақ қою әдісімен ұғындырғысы келеді. Жарайды, иманды білгің келсе, оны білудегі мақсатың не үшін?! Мұндағы сенің иман етуің де өзің үшін, одан жаратушыға келер пайда бар ма? Әрине, жоқ. Ал сенің пайдалануыңдағы сенім ол – кәміл иман: *«Жә, не бітті? Сен Алла тағалаға, Алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де, Алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек»*[1].

Міне осындай сұрақтарды қою арқылы, тек қана тілімен әрекет етіп, жүрекпен бекіте алмайтын көптің қарасы бар екенін ақын тағы да растай түседі. Оны тіпті мынадай өлең жолдарымен келтіреді:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес[5].

Тілдік һәм шариғи сауаты тұрғысынан білімі жетік ақын өз өлеңдері мен қара сөздерінде түпкі қолданысты дәл береді. Бұл оның шариғи білімділігі һәм ақындық шеберлігі. Ол «Әмәнту биллаһи кәма һуә би әсмайһи уасифатиһи» деп таза араб тілінде, Аллаға есім-сипаттарында баяндалғанындай инандым деп, Алла тағаланың әрбір сипаттарын жүрекпен ұғу керектігін айтады. Оның мағынасын ашып, тек тілмен сендім, инандым демек адамға ешбір манфағат әкелмейді әрі Алла тағалаға пайда не зиян да келтірмейді деп ұғындырады. Қараңыз: *«Сіз «Әмәнту биллаһи кәма һуә би әсмайһи уасифатиһи» дедіңіз. Ол есім Аллалар һәмма ол Алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз, кәміл үйрен. Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе муслим ат қойып, тәслим болғаныңа раст боласың да. Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды*

шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәлбірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ. Оның үшін Алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Кәлам, Тәкин. Бұл сегізінен Алла тағаладағыдай кәмәлат-ғазамат бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты»[1].

Абай Құнанбайұлы қазақ қоғамының ақиқатты үйренерде алдымен жаратқан Алланың есім-сипаттарын өз бойында шыңдап, Оның сипаттарын жеке-дара ұғыну керектігін айтады. Ия, қате түсініп қалмас үшін пенде ол сипаттарға ұқсауға тырысуы дәл солай болуға алып келмейтінін сөз етеді. Мұндай тұжырым имам Ғазалидің «Ихия-и Улумид-Дин» және хадис кітаптарындағы «Алланың ахлағымен ахлақтаныңыздар» сөзіне өте ұқсас әрі мәндес келеді [6].

Мұны кеңінен түсіндірер болсақ, бұл мінездеулу Жаратқанның тәкәппар, құдірет сипаты емес, керісінше, Оның кешірімшіл (ғафур), мейірімді болу (рахим) және біреудің айыбын әшкере жасамау (саттар) т. б. сияқты мінездерімен өз бойын толықтыру арқылы Алла тағалаға жақын құл болу жолын ұсынады[7].

Тарихта белгілі болғандай, Айша анамыздан бірнеше сахаба келіп, пайғамбарымыз қандай еді деп сұрағанда, оларға «сіздер Құран оқымайсыздар ма? Оның мінезі Құран едіғой» деп жауап қатып, Мұхаммед пайғамбардың (с. а. у.) мінезін Алланың кәләмына сәйкес екенін жеткізген. Сол себепті тек тілмен сендім (*әмәнту*) деу бізді кәміл адам етпейтінін біліп, Алла тағаланың ұлылығын сезінуге шақырған.

Әрі қарай тілмен сеніп қана қоймай, оған иман келтіру, сегіз сипаттың мағынасын ұғып, оған құл болу, яғни құшылық жасау арқылы өзіңді мұсылман санайсың дегенді ұқтырады. Сондай-ақ сенің жасаған құшылық ғибадаттарың Алла тағалаға деген сенімнің кепілі екенін алға тартады.

Қазіргі күні көп жастардың ойында мұсылмандық тәуелсіздік арқылы құлаш жайып келе жатыр деген жаңсақ пікірлердің бар екені ащы болса дашындық. Кешегі кеңестік кезеңде ата-бабаларымыз діннен алшақ болғандығын қашанда сөзге арқау етеді. Ал сырт елден діни білім алып келген кейбір қандастарымыз болса ата-бабасын діннен шығарып, өздерінше үкім айтып жатқандарын көреміз. Бұл жөнінде біздің өз айтар уәжіміз жетерлік. Абай Құнанбайұлы сөз өнерімен айтар болсақ, алдымен кеңес кезеңіндегі ата-бабалардың жолын оқысын, сөйтіп діни түсініктеріне бойласын да рухани азықтансын! Мұны айтуымыздың да өзіндік себебі бар.

Алланы шынайы сипаттарымен ұғынып сенген пендеге муслим, яғни мұсылман деп ат қойған болса, мұнымен шектеліп қалмай, Оның сипаттары мен әрекеттерін ақылымыз жеткенше түсінуіміз қажет дейді ақын әрі қарай: *«Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәррә аттас сипатымызды ол Алла тағаланың сегіз ұлық сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақпенен біздің атымыз муслим бола ала ма? Болмаса керек. Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм ол аттары бірлән ағламланған фиғыл құдаға фиғлымызды ертпек неменен табылады, қалайша табылады, оны білмек керек. Ол – Аллатағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап танымаққа керек. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифламасақ, бізге мағрифатулла қиын болады. Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады»*[1].

Рас, Алла тағалада шектік сипаты әсте болмайды. Ал пендеде бұл ұғым бар. Тіпті Алланы түсінуде де солай. Осы сипаттарды қажетінше білмесек, Жаратқанды тану қиынға соғады. Тіпті Алланың есім-сипаттарын үйренуге талаптанған құлдың Жаратқанның хикмет сырларын үйрене бастауы десек те артық болмас. СебебіЖаратушы ие ешқандай сипатқа мұқтаж емес, керісінше, оның пенделері саналатын біз оны тануға мұқтажбыз. Егерде біз оның осы сипаттарының мәнін түсіне алмасақ, онда біз оны толық тани алмаймыз. Міне ақын Абайдың тұспалдап отырған адамның зати-субути сипаттарға қанық болып, нағыз муслим атына сай болады дегені осыны аңғартады[8].

Алла тағалаға жақындау мақсатында Оның сипаттарына бойлаған құлдың жайы туралы айтқаны атақты хадисші Әбу Хурайрадан жеткен пайғамбардыңмына хадис құдсисіне дәл келіп тұр: «Алла тағала былай бұйырады: Мен құлымды бір рет жақсы көрдім бе Мен оның есітетін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы (ойланатын жүрегі, сөйлейтін тілі) боламын... » [9]. Яғни, нәтижесінде құлдың әрбір іс-әрекеті жақсылық шеңберінде бола бастайды. Әйткенде адам баласы қанша тырысып үйренсе де, ешбір істе шексіздікке ұласа алмасы анық.

«Алла тағала - өлшеусіз, біздің ақылымыз - өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» дейді ақын. Бұл қасиетті кітаптың Зүмәр сүресінің тоғызыншы аятындағы «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?» дегенге сай келеді*(- Зүмәр сүресі, 9-аят)*. Расында, жаратушымен жаратылғандар тең бола алмасы анық. Себебі Жаратушыны өзінің пендесі жаратылғандармен салыстырудың өзі де әбестік болса керек.

Бүкіл ғаламды жаратқан Алла тағаланы «бар», артынша «бір» деумен толыққанды мұсылман болмасымыз анық. Қара сөзде келтірілген Алла тағаланың ужуді жаратылғандарға ұқсамау қағидасын негізге алар болсақ, онда Алла тағаланы бір деудің өзіне де аса мән берген жөн. Онда ақын мынаны ұсынады: *«Біз Алла тағала «бір»*

дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те - ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демеклік те Алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін мүмкинаттың ішінде не нәрсенің ужуді бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір хадиске айтылатұғын бір қадимге тағриф болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде, құдай табарака уатағала кітаптарда сегіз субутия сипаттары бірлән, уә тоқсан тоғыз Әсмаи хұсналар бірлән білдірген. Бұлардың һәммасы Алла тағаланың затия субутия уә фиғлия сипаттары дүр. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі - ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы - бұларға шарх. Ол алтауының бірі - хаят, яғни тірлік»[1].

Осы келтірілген қара сөздегі Алла тағаланы «бір» деп сипаттағанда, әлемде ешбір ұқсасы жоқ «бір» ұғымын аңғарумыз қажет. Алла тағаланың бір екенін ұғу әдісінде ең бірінші ұлылыққа аса мән берілуі керек. Өйткені Абай Құнанбайұлы келтірген «Жаратушының іс-әрекеттері туралы ой жүгіртіңдер» дегені қасиетті Құран Кәрімдегі аяттың мағынасын ұқтырады: «Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол аса қамқор, ерекше мейірімді» l وَاِلٰهُكُمْ اِلٰهٌ وَّاحِدٌ ۚ لَآ اِلٰهَ اِلَّا هُوَ الرَّحْمٰنُ الرَّحِيْمُ *(Бақара сүресі, 163-аят).*

Жаратқанды кемел танудың жолы Алла тағаланың зати-субути сипаттарынан бөлек, 99 есім сипаттарына да терең ой жүгірту қажет-ақ. Өйткені бұл есімдер Алла тағаланың негізгі сипаттары дей келе, сегіз сипатына түсінік береді. Онда ғылымды ерекше атап, оған құдіретті қосып, қалғандары осыларды ұғуға жетелейтінін айтады.

Мұндағы Абай Құнанбайұлының ақида-сенімдік тұрғыда терең ғылым иесі екенін аңғаруға болады. Онда ғылымды қадір тұтып, оған жетуде құдіретті қайрат күштің болуын қалайды. Егер адамда ғылымды игеруге күш-жігері болмаса, онда жоғарыда сөз еткен бос мақтаннан басқа ештеңе болмайтынын аңғартады. Себебі, талқыланып отырған бұл мәселе қазірде көпшіліктің назарынан тыс қалғанын байқаймыз. Бүгінде көпшіліктің ғылымға деген құмарлығының жігерсіздігінен Абай Құнанбайұлы айтқан мақтан, ғиззат-құрметті адамдар өздері іздеп табуды қолға ала бастағандай. Яғни, меңзегендері ғылым-білімді айналып өтіп, оңай жолмен үлкен жетістікке жету. Жұмсақ орындықтарды арман еткеннен бөлек, ғылымда өзіндік жолын анықтамай, зерттеу нысаны ретінде қарастырған бағыты жайлы құнды тұжырымдар жасамай-ақ, құр мақтан, ғиззат-құрметке ие болуды, атақ-лауазым, даңқ, мақтау мен қошаметті қалайтындар саны артқандай бүгінде. Әрине, көпке топырақ шашуға болмас, десе де мұндайлардың да табылатынын әрі олардың саны біршама екенін айтқан орынды.

Иә, Алла тағала пенделеріне сиратул-мустақим тура жолды берді. Алайда оны ұстанып, соған бойсұнған жандар аз. Көпшілігі одан ада, білмейді, тіпті білгісі де келмейтіндер жетеді. Мұны да ақын өткір жеткізеді: *«Алла табарака уа тағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Тәфаккару фиғла иллаһи» деген хадис шарифтің «инналаһу йухиббул муқситин» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. «Әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсәну инналаһу йухиббул мұхсин», «уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улайка асхабул жәннәти һум фиһа халидун» деген аяттар құранның іші толған ғамалус-салих не екенін білмейміз. «Уа әммәлзина амәну уәғамилус саликати фә йуәффиһим ужурәһум уаллаһу лә йүхиб-буз-залимин» аятына қарасаң, ғамалус-салих залымдықтың зидды болар. Олай болғанда ғадаләт рафғат болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, пайғамбарымыздың салаллаһу ғалайһи уәссәлләмнің хадис шарифі «мән-лә хаяун лаһу» деген дәлел дүр»*[1].

Расында, Алла тағала тура жолды ұсынды, тіпті көрсетіпте қойды. Алайда ол жолмен жүруді көпшілігі біле бермейді. «Тәфаккару фиғла илаһи» деген хадис шарифтің «*инналаһу йухиббул муқситин*» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ дегені көп ретте біз қасиетті аяттарға амал етпейтініміздің дәлелі. Ол сол ақын заманында да, одан алдыңғы замандарда да болған, бұдан кейінгі замандарда да бола береді. Себебі «*Жаратушының әрекеті туралы ойлаңыз*»(*хадис*) өйткені «*Жаратушы жақсы амал жасағандарды ұнатады*» (Бақара сүресі, 44-аят) деп айтса да оған ешкімнің көңіл қоймағанын ақын өз нұсқасында, өзгертпей, қалай келсе солай береді.

Абай Құнанбайұлы бұл хадис пен аят арқылы адамзат баласының салих, яғни жақсы амалдар жасау керектігін түсіндіреді. Ол үшін Пайғамбарымыздың (с. а. у.) хадисін келтіріп, оны қысқаша Құран аяттары арқылы мағынасын ашып, пендешіліктен арылып, жақсы амалдар жасауға шақырады. Әрі қарай аяттарды сатылай келе, бірін бірі толықтырып тұрғанын ұсынады: «*уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улайка асхабул жәннәти һум фиһа халидун - сондай иман келтіріп, жақсы амал жасағандар жәннаттық болады, олар онда мәңгі қалады*» (Бақара сүресі, 82-аят) деп түйеді.

Мұнда Абай Құнанбайұлы адам баласын жақсылық жасауға үндеуде хадис пен аяттарды сол негізгі нұсқада беріп, яғни таза араб тілінде беріп, оның қарама-қарсы ұғымда берілген Құранның «*уаллаһу лә йүхиб-буз-залимин – Алла тағала залымдарды жақсы көрмейді»деген аятымен сабақтастырады*. Себебі Алла тағаланың залымдарды, жаман амал жасаушыларды ұнатпайтынын келтіреді. Яғни, ғамалус-салих (жақсы амал) пен зұлымдық бір-біріне қарама-қарсы. Сондықтан зұлымдық жасаған адамда ұят болмайды, ұяты жоқтың иманы болмайды деп ой

түйеді. Бәрі бір-бірімен байланысты болғандықтан, зұлымдық жасайтын адамның иманы жоқ не әлсіз деп айтуға негіз бар. Абай Құнанбайұлы айтып отырған ой түйіні Пайғамбарымыздың (с. а. у.) хадисімен «*Ұят-иманнан, иманы жоқтың ұяты жоқ*» дегені дәлел болатынынкелтіреді(Бұхари хадис кітабы. Иман бөлімі, №16).

Енді белгілі, иман құр инанышпенен болмайды, ғадалат уа рафғат бірлән болады. Ғамалус-салих ғадаләтті уә мархамәтті болмақ күллі тән бірлән қылған құлшылдықтардың ешбірі ғадаләтті, мархаматты бермейді. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәттә екендіктерін, оған дәлел керек емес. Бәлки ғадалат барша изгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят - бұл ғадаләттен шығады. Оның үшін ғадаләті адамның көңіліне келеді: мен өз көңілімде халық менімен, сондай-мұндай қылықтарымен мұғамәла қылса екен деп ойлап тұрып, өзім сол халықтармен мұғамәла қылмағандығым жарамайды ғой деп, сол өзі әділет те және нысап та емес пе? Ол һәмма жақсылықтың басы емес пе? Жә, олай хұлық пенен сол ойды ойлаған кісі халлақыны шүкірді неге ойламасын?[1].

Шындығында, жақсы амал (ғамалус-салих) тек әділеттілік пен барлығына сүйіспеншілікпен қарауға негізделеді. Абай Құнанбайұлы иман құр сеніммен болмайтынын негізге алып, салих (жақсы) амалдар құлшылықтар арқылы өлшенбейтінін әрі оның ешбірі әділеттілікті меңзей алмайды деп біледі. Мұнда өз тәржірибесін қосып, қанша ғибадат қылып, ораза ұстап, әділетсіздік жағдайларын баса айтып, көпке ой салады.

Әділеттілік барлық істе көрініс табуы қажет. Адам әділдік иесі болған кезде онда ұят та, иман да болмақ. Мұнда әділдік Алла тағаланың есімсипатының бірі екеніне назар аудару қажет. Өкінішке орай, Абай Құнанбайұлы толғап отырған кезеңдегі жағдай қазіргі кезеңге де тиесілі. Қоғам арасында көптеген әділетсіздіктер орын алуда. Сондықтан Абай Құнанбайұлының пікірлері ұштасатын Қожа Ахмед Ясауидің өзі де «кәпір болса да, оған зиян бермеу сүннет» болатындығын жеткізсе, сол адамдардың ұлты мен дініне қарамастан барлығына әділдікпен қарым-қатынаста болғанда жақсылықболатынын түсіндіреді. Адам бойындағы ынсап, ұят секілді сипаттар тек әділеттілік болған кезде өз орнын таппақ.

Бұл әсіресе, халықты басқару кезінде қатты көзге түседі. Сонда әділдікті таптамау үшін халықпенен санасып, бәріне тең дәрежеде қарау міндеттеледі. Тағы бір айта кететін жайт, Абай Құнанбайұлы бұл жерде өзінің шеберлігін қолданып, «хұлықыменен сол ойды (әділдікті) ойлаған кісі халлақыны шүкірді неге ойламасын?» деп турашылдарға өзіндік сипаттама береді. Яғни, хұлықы деп көркем мінезді кісіні айта келе, ондай жандардың халлақына шүкіршіл болтынын жеткізген. Халлақы дегенде жаратушысы сөзін меңзеп тұр. Абайдың бұл сөздері пайғамбарымыздың дұға ретінде үмметіне үйретіп кеткен мына хадисіне тұспа-тұс келеді. Ол хадистің мағынасы мынадай: «Уа, Аллаһым, жаратылысымды көркем еткеніңдей хұлықымды (мінезімді) да көркем етегөр» [10].

Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің қазығы - осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде бұлардың истихражы бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі - дүние ісі, ләкин осы хакімдердің жасаған, таратқан істері. Әддүния мәзрәғатул-ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым - хакім емес, әрбір хакім - ғалым. Ғалымдарының нақлиясы бірлән мұсылман иман тақлиди кәсіп қылады. Хакімдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини болады. Бұл хакімдерден мұрат - мұсылман хакімдері, болмаса ғайри діннің хакімдері - әгәрше фатлубни тәжиду-ни делінсе де, дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына жете алмағандар. Бұлардың көбі - иманның жеті шартынан, бір Алланы танымақтан ғайри, яғни алтауына кімі күмәнді, кімі мүнкір болып, тахқиқлай алмағандар. Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадис шарифі, хайру н-нас мән йанфагу н-нас деген[1].

Сөздің басы «басшысыз халық жетім демекші, дінде де бір жол сілтер ғалымдар болмаса адамдар адасып, азғындыққа бой алдырар»дегенге саяды. Себебі, көбіне сол мейірімділік, ынсап, ұят, әділдік, т. б. секілді сипаттарды дінде бұйырылғанын жақсы білеміз. Абай Құнанбайұлы айтып отырған оларсыз дүние ойран болатын еді сөзінің мәні де осы болар...

Абай ақынның қарасөздеріне зер салғанда мынаны ұмытпағанымыз жөн! Ол, адамдықтың кемелдікке жету жолын түсіндіргенде тек дінмен шектелу керектігін ешқашан нұсқамаған. Ол тек әрбір істе ынсаппен, адамдық сипаттан алшақтамай дүние ризықтарын ізденуге шақырады. Оған жоғарыда айтылған «*әддүния мәзрәғатул-ахирет*», яғни,«*бұл дүние ақырет егістігінің алқабы*»дей келе, қандай істе болса да туралықтан арылмауымызды түсіндіруге тырысып бағуда. Бұған туралыққа кім себепкер болмақ деген сұраққа ғалымдарды көрсетеді. Өйткені халықтың діни білімі жоғары болмағандықтан мұсылман ғалымдардың нұсқағандарын негіз етіп басшылыққа алады. Оны діни терминнің қолданысымен «тақлиди иман» деп атайды. Тақлид сөзі араб тілінде *еруұғымын* білдірсе, дінде, яғни иман мәселесінде «*ғалымның артынан ұю (еру)*» болып шығады. Ал Абай Құнанбайұлы бұл ғалымдардан хәкімнің дәрежесі жоғары екенін айтып, хәкімнің айтқандарына еретін болса, онда олардың «якини иманға» қол жеткізетінін баяндайды. Якини иман *шынайы, нағыз иман* деген мағынаны білдіреді.

Адамзат баласының кемелдікке жетем деп

мұсылман емес ғалымдардың артынан еру жайын Абай Құнанбайұлы дұрыс деп есептемейді. Себебі, адамдарға менде нағыз білім бар, менен талап қылыңдар десе де, олар адамдық сырларды үйреткенімен нағыз мағрифатқа, яғни Алла тағаланы тануға жетелей алмайды. Мұндай ғалымдар иман шартынан Алла тағаланы танығанымен, басқаларына күмәнмен қарап мойындамайтынын айтады.

Бір қызығы Абай Құнанбайұлы туралықта бізді таң қалдыратын тұсы, басқа дін ғалымдарынан Жаратушыны тануға болмайтынын айтса да, олардан дүнияуи ілімдерді алуға болатынын теріске шығармай, керісінше, оған пайғамбарымыздың мына хадисін дәлел ретінде келтіреді. «*Хайру н-нас мән йанфагу н-нас - адамдардың ең қайырлысы адамдарға (дінге бөлмей) пайдасы тигендері*»дегенмағынада бізге дініне, ұлтына қарамай ғылым ізденіп, үйрену керектігін ұсынады.

Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде адамның Алла мен әлем арасындағы қатынасы жайлы көп сөз қозғайды. Бұл тұрғыда Абай Құнанбайұлы да өз пікірлерін білдіріп, Алла тағаланың әлемдегі барлық жаратылысты тіпті адамды да хикметпен жаратқанын айтады. Мұндағы хикметтің бір мағынасы себеп болса, халық былай тұрсын ғалымдардың өзіне де ғылым ізденуде ыждахаттылық басты себеп болатынын жеткізген. Бұлардағы маңызды себеп ізгілік пен жақсылыққа жету ниеті болып отыр. Әр фиғылға ниет қажет. Пайғамбар хадисінде айтылғанындай «расында, амалдар ниетке байланысты». Ниетпен ғибадатқа бастау бұл – адамның сыртқы (захири) көрінісі болады.

Абай Құнанбайұлы адамды рух пен тәннен тұратынын баяндап, тек ниет етумен шынайы иманға қол жеткізе алмайтынын, бұған қоса ішкі дүниенің тазалығына да мән беру керектігіне көңіл аудартады. Тек сыртқы жағымен шектеліп, ішкі жандүниесін байытуды мақсат тұтпаса, иман қайта нұрланбай сөну қаупін түсіндіріп, бұған бейжай қарауға болмайтынын жеткізген. Қараңыз: «*Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрияны тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уахсусан адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасынафиғлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жоқ*»[1].

Абай жазған хакім сөзінің мағынасы, жалпы ізгілік жолын мұрат еткен жандарға айтылған. Мұны екі түрлі түсінуге де мүмкіндік туып отыр. Бірінші мәнде, Абай қазақ қоғамын әділ, иманды, қамқор, мейірбан, т. б. қасиеттерге баулумен қоса, басқа да әлем елдерінің жасап жатқан ұмтылыстарына тоқталып, сондай жаңалық пен жетістіктерге бізді де шақырады. Мұны басқа бір сөзінде Абай «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп, аталған қасиеттерді бойына сіңіргенде барша адамзатқа пайдасы тиетініне ишарат жасайды. Ал нағыз ғылымның ақиқатына жеткен адам Алла тағаланы танитыны туралы өткен тарих беттерінен де байқаймыз.

Екінші бір мәнде, хакім дәрежесіне ұласқан тұлғаларды бүкіл адамзатқа оң серпіліс жасайтындай жаңаша жағдайларға мұрындық бола білетін адамға теңеп, хакімнің жақсы мен жаманды һәм ақиқат пен жалғанды бір-бірінен бөліп мұны қарапайым халыққа үйрететінін жеткізеді. Мысалы, хакімдерден алынған діни білім мұсылманды тақлиди иманннан иақини иман дәрежесіне ұластырады. Демек, хакімдердің әрбір іс-әрекеті адамзаттың игілігіне жарайды деген сөз[11].

Айтылған сипаттамалар мен теңеулерден түйетініміз, олардың игі амалдарына адам баласы қарыздар екенін ұмытпау керек. Себебі, бір кісінің пайдасы қанша жанның жақсылыққа жетуіне себепкер болады.

Белгілі, Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтиһад ләзім, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд етіп, ниет етесіз. Ниет оның парызынан хисап, пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәлламнің хадис шарифі «иннама-л-ағмал, бин-нииа» деген. Енді ниет еттіңіз тәһарат алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтпаққа, бұл тағаттарды ниетіңіз заһирынан қалыпсыз ғибадатқа жетпегендігі кемшілік емес пе? Сіздің батиныңыз таза болмағы әуелі иман болып, бұл заһир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана, парыз болған, сіздің заһирыңыздағы ғибадат -батиныңыздағы иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған. Оның үшін ғұламалар иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі тағатпенен нұрланады, тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлки, сөну хаупі де бар деген. Егер надандар ол ғибаттың ішкі сырын ескермей қылса, соны қылып жүріп, иманы сөнер деген[1].

Алла Тағала Құранда «адам баласы өзін еш мақсатсыз, босқа жаратылдым деп ойлап қала ма?!» аятын баяндап, күллі жаратылыстардың ішінде ең ардақтысы адамды белгілі бір себеп хикметпен жаратқанын жеткізеді. Сондай-ақ адамның қандай міндеттері бар екені жайлы да Құранда ашық түсіндіріліп өтілген. Сондықтан Абай Құнанбайұлы хикмет сөзін себеп, мақсат, талап мағыналарында қолданып, қарапайым халық былай тұрсын ғылымда да ыждахаттылық дейтін қасиеттің адамға қажетті басты мақсат екенін түсіндіргісі келеді. Сол айтылып отырған

себеп мақсаттан бұрын тағы бір қажетті деп табылатын ниетті алға тартады. Ал мұның маңыздылығын пайғамбарымыздың (с. а. у.) хадисіне сүйеніп, «*иннама-л-ағмал, бин-нииа - амалдар ниетке байланысты*» дегенді айтқан. Бұл ниет әр іске қарай айтыла береді. Мысалы, ғибадаттарды орындаудағы басты мақсат осы сөз еткен арнайы ниетке байланысты.

Қара сөздер арқылы Абай Құнанбайұлы біздің қайда жетелейді немесе бізге нені ұқтырғысы келдідегенге келсек, онда еріксіз мыналар ойымызға оралады: бірінші, адам ұғлына ақиқатты таныту; екінші, иманның ақиқатын (хақиқат) ұқтыру. Сондағы Абайдың мұраты адамның кемелдікке (кәмәлат) жетуі, ал ол иманның ақиқатына жету арқылы ғана жүзеге асатынын үйрету. Міне бұл қазақ халқын адамдыққа тәрбиелегісі келген парасатты Абай Құнанбайұлының жақсы адам қалыптастыру жолындағы озық мақсаты.

Иманның ақиқатына жету жолы екі жақты толықсу керек. Айталық, ниет адамның сыртқы амалдарына көрік болса, ішкі дүниесін көріктендіру үшін тағат қажеттігін нақтылайды ақын. Тек сыртқы (захир) тарапқа мән беріп, батини (ішкі) мәндіұмыт қалдырса бәрі бекер болмақ. Тіпті ол иманды сөндіруге дейін алып баруы мүмкін. Қара сөздегі «батиныңыз таза болмағы» тіркесі, тікелей жүректі меңзеп тұр. Өйткені, адам бойындағы жұдырықтай бір парша еттің сау болуы, адам аузынан сүбелі сөздердің шығуына едәуір әсер ететіні анық. Ал сыртқы ғибадат ішкі иманның келбеті. Иманның келбеті тағатпен өлшенеді, тағат болмаса, онда иман әлсіз болады. Әлсіздіктің смоңы да иманның жоғалуына жол ашады. Бұл ақиқатында да солай. Иманға берік жанның ғибадаты шынайы саналады. Міне көп ретте сырт көзге ғибадат-құлшылықтар жасалып, тақуалықтың сипаты ретінде танылса, онда ол иманның әлсіздігін танытады. Сондықтан иман мәселесінде адамның ішкі жандүниесі сыртқы келбетімен тікелей байланысты болуы тиіс. Ондай байланыс сенім мен құлшылықтың арақатынасынан көрініс табады. Егер осы екі ұғым бір-бірімен қабыса байланысса, онда иман кәміл болады дегенді келтіреді Абай Құнанбайұлы.

Түйіндей келгенде, Абай Құнанбайұлы қара сөздерінде араб тіліндегі сөздер, діни терминдер өзінің негізгі нұсқасымен қолданылғанын көреміз. Бұл өз кезегінде араб тіліндегі жауамиғұлкәләмстилі үлгісінде жазылғандығын аңғартады. Жауамиғұл-кәләм стилі – аз сөзбен көп мағынаны ұғындыру тәсілі. Біз негізге алған отыз сегізінші қара сөз міне осы сипатта жазылған деуге болады. Өйткені Абай Құнанбайұлының түсіндіруге негіз еткен әрбір сөзі бір-бірімен байланысып, мағыналық сипаты ұштасып, мазмұны да орынды берілген. Бастысы, иманның хақиқатын білуге шақырмай, әуелі хақиқатты іздеу адамдық борыш екенін, кейіннен мұның бастауы иманның ақиқатына жетумен болатынын ұқтырады. Яғни араб сөздерін қолдану арқылы айтар ой мен тұжырымға нақты дәлел беруде тілдік қолданыста шеберлік танытады. Тіпті өзінің араб тілінің нағыз маманы екендігін де көрсетеді.

Ал біз сөз еткен ақынның «тақлиди иман» танымы діни ғалымдардың дін исламдағы орнын көрсету әрі олардың қара сөздегі мәнін ашу басшылыққа алынған. Сондықтан Абай Құнанбайұлының «Әрбір ғалым - хакім емес, әрбір хакім – ғалым» тұжырымындағы ғалымдардың нақлиясындағы мұсылмандардың кәсіп еткен «тақлиди иман» танымын ақын келтірген араб нұсқасындағы сөздердің қазақ тілінде мағынасына түсінік беріп, барынша қазақша нақышта ұғындыру негіз етілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. II том. – Алматы, 1977.
2. Арабско-руский словарь. II томах. I т. – Ташкент: «Камалак», 1994. – 484 стр. – С. 34.
3. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Сауд Арабиясы, Медине: Fahd патшаның баспасы, 1991. – 604 бет. «Әнкабут» сүресі, 2.
4. Mustafa Sinanoğlu. İman. – İstanbul: TDV İslâm Ansiklopedisi, 2000. XXII, 214-216 s.
This level may additionally coincide with the nice and cozy-up. those obligations might also encompass:

Pre-coaching the most complex phrases from the textual content. There must now not be many such words, since one of the desires of running with a literary work is to broaden the ability of language guessing. in case you enter too many new phrases before studying, it both approach that the textual content is simply too complex, or you'll have little or no time to work with the text itself.

Anticipation of contents. show college students some keywords from the textual content and ask them to bet what the snippet is ready. if you are operating with a play, supply them some strains from it for the same reason.

Prediction. examine the primary paragraph of

the textual content to students (their books have to be closed). Ask them to predict what is going to appear next.

Step three. reading for fashionable informationthe primary analyzing can be accomplished by way of the trainer (if you are operating with a quick story or poem) and must no longer require college students to complete a big and complex mission. it is vital that they experience studying, and too many obligations can deprive them of this. allow them to examine the fragment and test their predictions, or answer a very trendy query approximately the text.

Step 4. studying to understand the details

Simplest while college students have read the text once, mentioned the general that means and checked their predictions, can they be shown pre-organized inquiries to understand the details. let them examine the questions and try to find answers to them within the textual content. when answering questions, inspire the usage of your words by way of using quotes from the textual content.

Questions to recognize the info can also incorporate multiple inquiries to interpret the text. for example, upload the following inquiries to the list:

Why do you suspect X stated this?

How do you watched the female feels?

What made him try this?

but, you could depart them for the talking level.

Step 5. working with the text language

At this degree, you can exercise session the vocabulary from the textual content in more element. choose a few words and / or expressions from the paintings and ask college students to discover them within the text and guess their meaning from the context. This exercising will assist them expand the language guesswork they need to preserve studying literature in English for amusement.

REFERENCES:

1. Banford, J & Day, R. R. (2004) Extensive Reading Activities for teaching Language, Cambridge University Press

2. Day, R., Bassett, J., Bowler, B., etc. (2010) Bringing extensive reading into the classroom, Oxford University Press

3. Nuttall, C. (1996) Teaching Reading Skills in a Foreign Language, Macmillan Heinemann

4. Silberstein, S. (1994) Techniques and Resources in Teaching Reading, Oxford University Press.

5. Urquhart, S. & Weir, C. (1998) Reading in a Second Language: Process, Product and Practice, Longman

6. Gamezo, M. V., Petrova, Ye. A., Orlova, L. M. Vozrastnaya i pedagogicheskaya psikhologiya: Ucheb. posobiye dlya studentov vsekh spetsial'nostey pedagogicheskikh vuzov. – M. : Pedagogicheskoye obshchestvo Rossii, 2003. – 512 s.

7. Dubravina I. V. Vozrastnaya i pedagogicheskaya psikhologiya: Uchebnoye posobiye – M. : Akademiya, 2002.

8. Zimnyaya, I. A. Psikhologiya obucheniya inostrannym yazykam v shkole / I. A. Zimnyaya. - M. : Prosveshcheniye, 1991. - 222s.

9. Il'ina I. Metodikaprepodavaniyaangliyskogoyazyka: uchebnoyeposobiye: rek. MO inauki RK dlya org. tekh. i prof. obrazov. / I. Il'ina, R. Nurgaliyeva. - Astana: Foliant, 201s. -

10. Klychnikova Z. I. Psikhologicheskiye osobennosti obucheniya chteniyu na inostrannom yazyke. Posobiye dlya uchitelya – 2-ye izdaniye. – M. : Prosveshcheniye, 1993.

ӘОЖ:372. 882. 151. 212. 2
МҒТАР 17. 82. 10.

ТОЛЫСБАЕВА А. Т.
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м. а.
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Қазақстан, Түркістан қ.,
e-mail : adema-28@mail. ru

ЖАЛМАХАНОВ Ш. Ш.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қарағанды медицина университеті,
Қарағанды қаласы,
e-mail: szhalmakhanov@bk. ru

ЖУНДИБАЕВА А. К.
философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м. а.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Семей қ.
e-mail: arayzhkz@gmail. com

«АБАЙТАНУ» КУРСЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Мақалада «Абайтану» курсын орта мектепте оқыту мәселелері қарастырылады. Абай шығармаларын оқытудың түйінді сұрақтары сарапталады. «Абайтану» курсы мазмұны бойынша орта мектепте қарастырылатын курс мақсаты туралы талданады.

Сонымен қоса, орта мектепке арналған 9-11 сыныптардың «Абайтану» оқу курсының 34 сағаттан тұратын жаңартылған мазмұны ұсынылған. Мақала авторлары күнтізбелік жоспар мазмұнын жаңартылған орта мектептегі білім беру жүйесіне сәйкес, шиыршық әдісімен ұсынған.

Кілт сөздер: Абай Құнанбайұлы, Абай қара сөздері, Абайдың лирикалық шығармалары, Абай поэмалары.

ТОЛЫСБАЕВА А. Т.
кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави,
Казахстан, г. Туркестан,
e-mail :adema-28@mail. ru

ЖАЛМАХАНОВ Ш. Ш.
доктор филологических наук, профессор,
Карагандинский медицинский университет,
г. Караганда,
e-mail: szhalmakhanov@bk. ru

ЖУНДИБАЕВА А. К.
доктор философии (PhD), ассоциированный профессор
Государственный университет имени Шакарима города Семей,
Казахстан, город Семей,
e-mail: arayzhkz@gmail. com

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ КУРСА «АБАЕВЕДЕНИЕ»

Резюме: В статье, рассматриваются проблемы обучения курса «Абаеведения» в средней школе. Анализируются ключевые вопросы об обучении произведении Абая. Говорится об особенностях обучения в средней школе в соответствии с целями темы, содержащиеся в «Абаеведения».

Так же представлены календарные планы по обновленной содержания образования для учащихся 9 - 11 классов на 34 часа. Авторы статьи предлагают руководствоваться методу спирали представления календарного плана.

Ключевые слова: Абай Кунанбайулы, слово назидания, лирические произведениий Абая, поэмы Абая Кунанбаева

TOLYSBAYEVA A. T.
candidate of philological sciences, associate professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh Turkish University
Kazakhstan, Turkestan,
e-mail :adema-28@mail. ru

ZHALMAKHANOV SH. SH.
doctor of Philology, professor,
Karaganda medical university,
Karaganda,
e-mail :szhalmakhanov@bk. ru

Zhundibayeva A. K.
Doctor of Philosophy (PhD), associate professor
Shakarim State University of Semey city,
Kazakhstan, Semey city,
e-mail: arayzhkz@gmail. com

FEATURES OF TEACHING THE COURSE «ABAY STUDIES"

Abstrakt: In the article deals with the problems of teaching the course of «Abaytanu» in school. Analyzed of the key questions about of teaching Abay's works.

It is spoken about features of training in the school according to the objectives of the topic, contained in the «Abai study".

There are also calendar plans for the updated content of education for pupils for pupils of 9-11 classes for 34 hours.

Key words: Abay Kunanbayuly, word of edification, lyrical works of Abay, poems of Abay Kunanbayev

КІРІСПЕ

Орта мектепте Абайтануды оқыту - бүгінгі ақпараттық заманда педагог алдына үлкен міндет жүктері сөзсіз. Жалпы, абайтану нені оқытуы тиіс? Абайтануды мектепте оқытуда нені басшылыққа алуымыз қажет?

Жалпы орта білім беретін мектептерде абайтану пәні жеткіншектер бойына руханилықты сіңіруде үлкен рөл атқарады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған (2013 жыл., 84 бет) «"Абайтану» курсын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» әдістемелік құралында курс бағдарламасы мен мақсаты, мазмұны толық талданып, ұсынылған.

Ұсынылған әдістемелік құралда жалпы білім беретін мектептерде «Абайтану» таңдау курсының қызметі мен мақсаттарын жүзеге асыру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатын көздейді. Әдістемелік құралда Абай Құнанбайұлының шығармашылығын толық игеру, ақын поэзиясының құдіретін таныту, ақын шығармашылығын әлем әдебиетімен салыстыра білу мәселелері қамтылып, оқушылардың сөз өнерін зерделеу, ізгілік, адамгершілік, әсемдік, отансүйгіштік және іскерлік құндылықтарын қалыптастыру, оқырмандық мәдениетін жетілдіру жақтарына басымдылық берілген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қолданыстағы негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11 сыныптары үшін «Абайтану» курсының типтік оқу бағдарламасында Абай мұрасының XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылған және ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілген.

Аталған оқу-әдістемелік құралының ерекшелігі де сонда: жалпы абайтану курсында оқытылатын тақырыптардың сан алуандығында және абайтану ілімін, зерттелуін, методологиясын жетікілікті түрде қамти білуінде.

"Шын білім... әрдайым ақиқат, анық болатын білім» - деп әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби айтқандай, Абай шығармаларын зерделей білу - анық білім.

Ұсынылған құралдағы 34 сағатқа арналған бағдарлама мазмұнында 9-11 сыныптардағы оқыту стандарттық оқуды қайталамайтын оқу әрекеті болып табылғандықтан, оқушы жас ерекшелігіне сай, мектеп мұғалімдеріне көмекші бағдар ретінде төмендегі оқу-күнтізбелік жоспарын ұсынамыз. Күнтізбелік жоспардың басты ерекшелігі: бүгінгі жаңа буын оқулықтарындағы басты принцип болып табылатын шығыршық әдісіне негізделуінде.

Мысалы, 9-11-сыныптарға арналған:

№	9-сынып	10-сынып	11-сынып	Сағат саны
1-2	Кіріспе. Абайдың ата тегі	Кіріспе. Абайдың өскен ортасы	Кіріспе. Абай сусындаған бұлақ	2
3	Көңіл-күй лирикасы *(жазылуының хронологиялық кезеңі*	Махаббат лирикасы	Абайдың арнау өлеңдері	1
4	Саяси лирикасы	Әлеуметтік лирикасы	Абайдың саяси-сатиралық шығармалары	1
5	Абайдың имандылық әліппесі	Абайдың ақыл-ой лирикасы	Адамгершілікке насихатталған лирикалық шығармалары	1
6	Табиғат лирикасы	Абай лирикасындағы табиғат және адам / салыстыру/	Абай лирикасындағы психологиялық параллелизм *(«Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай»)*	1
7	Абай лирикасының XXғ б. ғылыми зерттеулер	Абай лирикасының XXғ IIжарт. 1990-ж. дейінгі зерттеулер	Абай лирикасының XXI ғ. Абайтану әлемінің зерттелуі	1
8-9	«Ескендір» поэмасы	«Масғұт» поэмасы	«Әзім әңгімесі» поэмасы	2
10	«Ескендір» поэмасы / зерттелуі/	«Масғұт» поэмасы /зерттелуі/	«Әзім әңгімесі» поэмасы	1
11	Қара сөздері - 1	Қара сөздері -2	Қара сөздері -4	1
12	Қара сөздері -3	Қара сөздері -5	Қара сөздері -7	1
13	Қара сөздері -6, 29	Қара сөздері -9, 30	Қара сөздері -10	1
14	Қара сөздері -15	Қара сөздері -11,32	Қара сөздері -13, 43	1
15	Қара сөздері -16, 31	Қара сөздері -12	Қара сөздері -14, 33	1
16	Қара сөздері -17, 35	Қара сөздері -19, 41	Қара сөздері -18, 34	1
17	Қара сөздері -20	Қара сөздері -24, 36	Қара сөздері -21, 37	1
18	Қара сөздері -25, 38	Қара сөздері -23, 39	Қара сөздері -22, 40	1
19	Қара сөздері -26, 42	Қара сөздері -27, 44	Қара сөздері -28, 45	1
20-21	Абай және орыс әдебиеті /аудармалары/	Абай және шығыс әдебиеті	Абай және батыс әдебиеті	2
22-23	Абай әндері	Абай әндері	Абай әндері	2
24	«Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы»... . . әндерінің зерттелуі	«Сегізаяқ», «Желсіз түнде жарық ай»... . . әндерінің / зерттелуі/	Абай әндері /зерттелуі/	1

25-26-27	“Абай жолы» бөлімдері бойынша оқыту	“Абай жолы”	“Абай жолы”	3
28	«Абай жолы» романындағы Абай бейнесі (драмалық қойылым)	«Абай жолы» романындағы ел басқару және кедей-жатақтар	«Абай жолы» романындағы аналар бейнесі	1
29	«Абай жолы» романындағы өнерлі жастар және ақын шәкірттері	«Абай жолы» романындағы Абайдың достары	«Абай жолы» романындағы Абай өмірінің соңғы кезеңі. Абай және Қазақ Елі (драмалық қойылым)	1
30-31	Абай әлемін зерттеушілер (ХХғ б. ғылыми зерттеулер)	Абай әлемін зерттеушілер. ХХғ II жартысы 1990-ж. дейінгі зерттеулер / ғылыми еңбектерге шолу/	Абай әлемін зерттеушілер. XXI ғ. Абайтану әлемінің зерттелуі /ғылыми еңбектерге шолу/	2
32-33	Жыл бойы ізденген жоба жұмысын қорытындылау	Жыл бойы ізденген жоба жұмысын қорытындылау	Жыл бойы ізденген жоба жұмысын қорытындылау	2
	Жоба жұмысын қорғауға дайындық, қорғау	Жоба жұмысын қорғауға дайындық, қорғау	Жоба жұмысын қорғауға дайындық, қорғау	
34	Курсты қорытындылау	Курсты қорытындылау	Курсты қорытындылау	1
Барлығы				34

Сынды тақырыптарды қамти отырып, кешенді оқыту көзделген. Бұл күнтізбелік жоспардың тиімділігі: Абай шығармаларының жанрлық ерекшеліктеріне сай топтай отырып, толық қамти білуінде, сонымен қатар, абайтану ілімінің зерттелуі методологиясының оқушы жас ерекшелігіне сай негізделуінде. Күнтізбелік жоспардың толық кешенді талдауы біздің «Абайтануды орта мектепте оқыту» зерттеуіміздегі толық қамтылу көзделген.

Абай атамыздың артына қалдырған мол мұрасы ұшан-теңіз. Осы мұралардың ішінде ең бірегейі - қара сөздері десек қателеспек емеспіз. Осы күнтізбелік жоспардағы тек бір ғана ұғым, Абай қара сөздерін оқыту ерекшеліктеріне тоқталсақ, бүгінгі күні жас ұрпаққа осы нақылға толы ақыл сөздерін оқытудың маңызы зор.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Абай қара сөздерімен танысу мектеп жасынан бастау алады. Дегенмен ақыл-ой, өнегеге толы сөздердің мағынасы мен мазмұнын бірден түсініп, тереңіне зер салу бүгінгі жас жеткіншектерге оңай соқпасы артық.

Оқыту барысында бүгінгі жас ұрпаққа Абай қара сөздерінің мәнін түсіндіру, ерекшелігін айқындау, сонымен бірге, мағынасын аша білу педагог үшін үлкен ізденісті, сонымен қоса жауапкершілікті қажет етеді.

Қара сөздермен таныспас бұрын ең бірінше кезекте мазмұнындағы мағынасы түсінуге қиын сөздермен жұмыс жасалады. Екінші кезекте мазмұнын рөлге бөліп оқыту сынды технологиялар қолданылса, оқытудың негізі ретінде ілмек сөздерді таңдап алу әдісі қолданылады.

Ілмек сөз – шығарма мазмұнына тірек болатын, сол шығарма мазмұнын, ойын ашатын тірек сөз. ҚАРА СӨЗДЕР МАЗМҰНЫН ілмек сөздер арқылы есте сақтау оқушы жадына қара сөздердің мағынасын тез есте сақтауға көмек етеді.

Абай атамыздың қара сөздеріне негіз болатын сөздерге кезек берсек.

Бірінші сөз: «Мал бағу, ел бағу, дін бағу”,

Екінші сөз: «Сарттың өнеркәсібі, қазақтың жаман қылығы”,

Үшінші сөз: «Жалқаулық, қорқақтық, қайратсыздық”,

Төртінші сөз: «Ғафилдік(бейқамдық) , күлкі мен уайым-қайғы”,

Бесінші сөз: «Қазақтың қайғысы – мал үшін қам жеу”,

Алтыншы сөз: «Бірлік, татулық”,

Жетінші сөз: «Тән құмары мен жан құмары”,

Сегізінші сөз: «Ақыл үйренушілер мен насихат тыңдаушылар”,

Тоғызыншы сөз: «Қазақты жақсы көру , қазақты жек көру”,

Оныншы сөз: «Бала тілеу, байлық тілеу”,

Он бірінші сөз: «Ұрлық, бұзақылық”,

Он екінші сөз: «Жақсы-жаман ғибадат қылу”,

Он үшінші сөз: «Иман келтіру, таклиди иманы”,

Он төртінші сөз: «Жүрек, жүректі кісі, қасқыр жүрек”,

Он бесінші сөз: «Ақылды мен ақылсыз адам”,

Он алтыншы сөз: «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын”,

Он жетінші сөз: «Қайрат, ақыл, жүрек”,

Он сегізінші сөз: «Кербез адамның түрлері”,

Он тоғызыншы сөз: «Есті адам, дүниенің жақсы-жаманын тану”,

Жиырмасыншы сөз: «Пенденің жалығу ісі",

Жиырма бірінші сөз: «Үлкендік, мақтаншақтық",

Жиырма екінші сөз: «Байды қадірлеу, мырзаны қадірлеу, мықты мен естіні құрметтеу",

Жиырма үшінші сөз: «Қуаныш пен жұбаныш",

Жиырма төртінші сөз: «бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таппайтын ел",

Жиырма бесінші сөз: «Білім, өнер, орыс ғылымы",

Жиырма алтыншы сөз: «Жүйрік ат",

Жиырма жетінші сөз: «Алла тағалаға құлшылық қылу",

Жиырма сегізінші сөз: «Әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз",

Жиырма тоғызыншы сөз: «Арлы адамның ісі, адамшылдық",

Отызыншы сөз: «Қырт мақтан",

Отыз бірінші сөз: «Берік болу, ғибрәтлану, тұшыну",

Отыз екінші сөз: «Талап қылу, білім-ғылымды көбейту, ақылды сақтайтын сауыт",

Отыз үшінші сөз: «Өнер, қолөнер",

Отыз төртінші сөз: «Ахирет пен дүниенің қайғы-қуанышы",

Отыз бесінші сөз: «Қажылық, сопылық, молда",

Отыз алтыншы сөз: «Ұят кімде болса, иман сонда",

Отыз жетінші сөз: «Хикмет сөздер - өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады,өшкені де болады",

Отыз сегізінші сөз: «Адам ұғылының мінездері",

Отыз тоғызыншы сөз: «Осы күнгілердің атабабадан ерекше мінездері",

Қырқыншы сөз: «Қазақтың өлген кісісін де жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ",

Қырық бірінші сөз: «Зор үкімет, жарлық, есепсіз байлық",

Қырық екінші сөз: «Қазақтың жұмысының жоқтығы",

Қырық үшінші сөз: «Жибили, кәсіби",

Қырық төртінші сөз: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз",

Қырық бесінші сөз: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім» сынды сөздерді ілмек сөз ретінде ала отырып, оқушыға көрнекі құрал ретінде қолдануымызға болады.

Абай шығармаларын жанрына қарай оқытудың тағы бір форматы бұл - 360 айналымдағы фильмдерге бейне түсірілімдер жасау арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру болып табылады.

Қорыта айтқанда, Абайтану курсын орта мектепте оқыту мақсаты ақын шығармашылығын зерттеу мәселелерін қараудан бұрын, ақын шығармаларының мәніне, айтар ойына үңілуге жете мән беруге назар аудару болмақ керек де есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Абайтану» курсын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» әдістемелік құралы (ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған), Астана: 2013. - 84 б.

2. «Асыл мұра", Алматы: 2010. - 520 б.

3. Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: 1957. - 368 б.

4. Жақсылықова Г., Каженова А., Исмагилова Н., Интербелсенді әдіс-әсілдер. Өскемен., 2014

5. Оқыту үшін бағалау құралдары. Майк Гершон- mikegershon@hotmail. co

6. Жоламанова Т., А. Байтұрсынов шығармаларын оқыту жолдары, Көкшетау, 2011

REFERENCES:

1. «Abaıtaný» kýrsyn oqytýdyń ǵylymı-ádistemelik negizderi» ádistemelik quralы (QR Bilim jáne ǵylym mınıstrligi Y. Altynsarın atyndaǵy Ulttyq bilim akademıiasy usynǵan), Astana: 2013. - 84 b.

2. «Asyl mura", Almaty: 2010. - 520 b.

3. Qunanbaev Abaı. Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy. Óleńder men poemalar. - Almaty: 1957. - 368 b.

4. Jaqsylyqova G., Kajenova A., Ismagılova N., Interbelsendi ádis-ásilder. Óskemen., 2014

5. Oqytý úshin baǵalaý quraldary. Maık Gershon- mikegershon@hotmail. co

6. Jolamanova T., A. Baıtúrsynov shyǵarmalaryn oqytý joldary, Kókshetaý, 2011

ТОЛЫСБАЕВА Ә. Т.
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.
ademau. tolysbaeva@ayu. edu. kz

ЖАЛМАХАНОВ Ш. Ш.
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қарағанды медицина университеті,
Қарағанды қаласы,
szhalmakhanov@bk. ru

М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАН ЛҰҒАТ АТ-ТҮРК» СӨЗДІГІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ОРТАҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ФОНОМОРФОЛОГИЯСЫ

Резюме. Мақалада мәтіннен тыс және контексте, яғни М. Қашғарскийдің «Диван лугат ит-түрк» жалпы лексикасының (анлаутта, инлаутта, ауслаутта) сөздерінің әртүрлі ұстанымдарында дыбыстардың ұқсас ерекшеліктері талданады. Талдау барысында түркі тайпаларының дыбыстық әртүрлілігі ескеріледі, өйткені сөздіктің тілдік материалдары X ғасырдың деректері болып табылады,жалпы лексиканың дыбыстық құрамының заңдылықтарын, динамикасын анықтауға және сандық және сапалық өзгерістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мақала соңында авторлар дыбыс құрамының серпіні мен деривациясы сөздердің барлық позицияларында, дыбыстардың позициялық өзгерістеріне акустикалық, артикуляциялық және фономорфологиялық аспектілерде 30-дан астам (ч-ш, й-ж, т-д, у-ұ, с-ш, б-п, о-ұ, и т. б.) өтті, дыбыстық өтпелер негізінен дауысты-дауысты және дауысты-үнсіз.

Түйінді сөздер: дыбыстар, жалпы сөздік, талдау.

Резюме. В статье анализируются особенности схожие черты звуков вне контекста и в контексте, т. е. в разных позициях слова (в анлауте, в инлауте, в ауслауте) общей лексики «Диван лугат ит-турк» М. Кашгарского и современного казахского языка. В процессе анализа учитываются звуковые разнообразии тюркских племен, т. к. языковые материалы Словаря являются данными X века, дают возможность определить закономерности, динамику и уточнить количественные и качественные изменения звукового состава общей лексики.

В конце статьи авторы приходят к мнению, что динамика и деривация звукового состава происходили во всех позициях слов, позиционным изменениям звуков подверглись более 30-ти переходов (ч-ш, й-ж, т-д, у-ұ, с-ш, б-п, о-ұ, и т. д.) в акустическом, артикуляционном, и фономорфологических аспектах, звуковые переходы в основном происходили между гласным-гласным и согласным-согласным.

Ключевые слова: звуки, общий словарь, анализ.

Resume. The article analyzes the peculiarities of similar features of sounds out of context and in context, i. e. in different positions of the word (in unloud , inloud , in outloud) of the general vocabulary «Divan lugat it-turk» M. Kashgar and modern Kazakh language. In the process of analysis, the sound diversity of Turkic tribes is taken into account, since the language materials of the Dictionary are data from the 11th century, makes it possible to determine patterns, dynamics, and clarify quantitative and qualitative changes in the sound composition of general vocabulary.

At the end of the article, the authors come to the conclusion that the dynamics and derivation of the sound composition occurred in all positions of words, more than 30 transitions underwent positional changes in sounds (ч-ш, й-ж, т-д, у-ұ, с-ш, б-п, о-ұ, and etc) in acoustic, articulatory, and phonomorphological aspects, sound transitions mainly occurred between the vowel-vowel and the consonant-consonant.

Keywords: sounds, general vocabulary, analysis.

М. Қашқари – араб жазуын түркі тайпалары тілдерінің дыбыстық жүйесіне ыңғайлап реформалаудың алғашқы негізін салушы ғалым. Ол өз «Сөздігінде»: «Күллі түрік тілдерінде қолданылатын негізгі әріптер он сегіз (дз, к, и, қ, з,у, х, ф, а, л, т, ш, р, ж, б, с, н, м). Бұл негізгі әріптерден басқа, жазуда жоқ, ауызша қолданылатын, негізгі әріптердің қатарына қосылмайтын және жеті әріп бар. Түрік тілдері бұларсыз оқылмайды. Бұлар: қатаң п әрпі, арабша ж әрпі - бұл әріптер түрікшеде аз қолданылады; з мен ш аралығында шығатын ж әрпі; арабша ф әрпі; нүктелі ғ әрпі; қ мен к аралығындағы ұяң, жұмсақ г әрпі мен ғ аралығындағы және н мен қ аралығында пайда болатын ң әрпі. Бұл әріпті дауыстап айтуға түріктерден басқалар қиналады. Бұл жеті әріп жоғарыда

көрсетілген негізгі әрптерге ұқсас жазылады, шекесіне ноқат белгілер қойылып ажыратылады» [Қашқари М., 1997, 34-35 б] деген түсініктеме береді. Бұл тараушаны «Түрік сөздерін түзгенде қолданылатын әріптер жайында» деп атайды.

h әрпінің түрік тайпаларының ешбірінде кездеспейді, h әрпі кейде тыныс белгісі үшін сөздің аяғына қосылып келеді. Мәселен, лашын құсты шақырғанда «tah-tah», құлын-тайды шақырғанда «құрруh-құрруh» дейді. Бұл әріп хинд тілінің әсері болғандықтан қотандықтар тілінде кездеседі, кенжек тілінде бұл әріптің кездесуінен оның таза түрікше емес тіл екенін білдіреді, Бұл әріп тек араб тіліне ғана тән деген түйін жасайды.

М. Қашқари түркі тілдерін фонетикалық-морфологиялық белгілері бойынша 2 топқа бөледі. Фонетика белгілері бойынша:

1) шығыс топ: чигил, тухси, йағма, Қашқарияның қала тұрғындарының тілі – хақан-түрік тілі және Машынға дейінгі басқа тайпалардың тілдері;

2) батыс топ: йемек, қыпшақ, оғыз, печенек, бұлғар, сувар және т. б. Румнан шығысқа қарай мекендейтін тайпалар.

М. Қашқари «Сөздігінің»құрастырылу қағидасы мазмұндық жағынан морфологиялық, формалық тұрғыда фонетикалық принциптерге негізделген. Мазмұндық жағынан морфологиялық принцип басшылыққа алынған деуіміздің себебі – «Сөздік» құрамындағы 8 кітаптың да есімдер және етістіктер деген негізгі сөз таптарына жіктелуі. Ал формалық тұрғыда фонетикалық принципке сүйенген деуге еңбектің 8 кітапқа бөлінуінен бастап әр кітаптағы есімдер мен етістіктердің әрқайсысы екі әріптіден жеті әріптіге дейін бөлінген. Еңбек иесі әріп санын араб әрпімен жазылған нұсқасымен, яғни дауыссыздар мен созылыңқы дауыстыларды санаумен анықтаған (ат, ер – 2 әріпті, азұқ (азқ) – 3 әріпті, иағмұр (иғмр) – 4 әріпті, құрұғсақ (қрғсқ) – 5 әріпті, көмүлдүрүк (кмлдрк) – 6 әріпті, зарғұнжмұд - әдемі гүлді, хош иісті өсімдік. (зрғнжмд) – 7 әріпті). Демек сөздерді фонетикалық құрамына жіктей келіп, « жеті әріптен түзелетін есімдер аз ұшырасады. Түркі тілдеріндегі сөздердегі (сөз құралатын) әріп саны жетеуден көп болмайды» [Қашқари М., 1997, 43 б] деген қорытынды жасайды.

Автор күллі түркі тілдерінің жазуында негізгі 18 әріп (дз, к, ч, қ, з, у, х, ф, а, л, т, ш, р, ж, б, с, н, м) қолданылса, жазуда жоқ, ауызша қолданылатын 7 әріп (қатаң п; арабша ж; з мен ш аралығынан шығатын ж; қ мен к аралығындағы ұяң, жұмсақ г; ғ әрпі; арабша ф; н мен ғ, н мен қ аралығынан шығатын ң әрпі) бар. Түркі тілдері бұларсыз оқылмайды. Сонымен қатар ң әрпін дауыстап айтуға түркілерден басқалары қиналатынын айтады. Демек 25 дыбыс бар деп отыр.

Еңбек авторы h көмей дауыссызының түркі тайпаларының тіліне тән емес екенін айта келіп, қыпшақша «үкі» сөзін «үhі» дейтіндер аз. Бұл дыбыс бар сөздің қотандықтар тілінде кездесуі – хинд тілінің әсері, ал кенжектердің шақпақты «жаһа» деуі, басқа сөздерде де қолдануы олардың таза түркі тілі еместігі деген түйін жасайды. Бұл дыбысты түркілер лашынды шақырғанда (mah - mah), құлын-тайды шақырғанда (құрруh-құрруh), яғни шақыру одағайы құрамында ғана қолданылатынын айтады.

«Сөздіктен» қазақ тіліне жеткен сөздің жалпы саны – 1221 сөз, оның 995-і (81,5%) дыбыстық құрамы өзгеріске түспеген сөз болса, 226-сі (18,5%) дыбыстық құрамы өзгеріске түскен сөздер. Дыбыстық құрамы өзгерген сөздерді 1 буынды, 2 буынды, 3 буынды сөздерге бөліп талдаймыз. 1 буынды сөздердің құрамын басқы (анлаут), ортаңғы (инлуат) және соңғы (ауслаут) буындар деген буындық позицияларға бөліп қарастырамыз (1-кесте). 1 буынды сөздердің жалпы саны – 95 сөз. Бұл сөздердің *басқы позицияда* ч~ш (13 сөзде), й~ж (21 сөзде), т~д (1 сөзде), у~ұ (4 сөзде), с~ш (3 сөзде), б~п (1 сөзде) секілді 6 түрлі дыбыс алмасулары; *ортаңғы позицияда* і~ы (11 сөзде), у~ұ (13 сөзде), и~ы (1 сөзде), ү~і (1 сөзде), о~ө (1 сөзде), н~ң (1 сөзде), п~б (1 сөзде) сияқты 7 түрлі дыбыс алмасулармен қатар +і, +ы, +а дыбстарының қосылулары; *соңғы позицияда* ғ~қ (4 сөзде), д~й (1 сөзде), ң~н (1 сөзде), ш~с (10 сөзде), ч~ш (7 сөзде), д~т (1 сөзде), с~ш (1 сөзде) деген 7 түрлі дыбыс алмасулары, +ел, +і, +ғыт, +із, +ыс, +аң, +ла, +ба, +у, +ы, +йқы, +ею, +ле, +е, +а, +қ, +іс, +ың, +ғы, +ек, +лар, +б, +ал, +у дыбстары мен буындарының қосылулары бар. Басқы буында ең көп кездесетін дыбыс алмасулары й ~ж, ч~ш болса, ортаңғы буында ең көп кездесетіні у~ұ, і~ы, ал соңғы буында көбірек кездесетіні ш~с, ч~ш дыбыс алмасулары екені байқалады. Оның басты себебі артикуляциялық жасалу орны жақын, жуық дыбыстардың алмасатынын, ауысуға бейім болатындығынан деп білеміз. Алмасулар негізінен дауыстылар мен дауыстылар (у~ұ, и~ы, ү~і, о~ө), дауыссыздар мен дауыссыздар (ч~ш, й~ж, т~д, с~ш, б~п, н~ң, п~б, ғ~қ, д~й, ң~н, ш~с, д~т) арасында болады. Алмасқан дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық сипаттары 9 түрлі. Олар: ашық-ашық (о~ө, у~ұ), қысаң-қысаң (и~і), ашық қысаң (ү~і), қатаң-ұяң (т~д, п~б), ұяң-қатаң (б~п, ғ~қ, д~т), қатаң-қатаң (ч~ш, с~ш, ш~с), үнді-үнді (н~ң, ң~н), еріндік-еріндік, еріндік-езулік. Демек, 1 буынды сөздерде (ч~ш, й~ж, т~д, у~ұ, с~ш, б~п, и~ы, ү~і, о~ө, н~ң, п~б, ғ~қ, д~й, ң~н, ш~с, д~т) 16 түрлі дыбыс алмасулары болған.

Дыбыстық құрамы өзгеріске түскен сөздерді позиция борынша тарамдасақ, басқы позицияда ғана өзгеріске түскен 19 сөз, ортаңғы позицияда – 16 сөз, соңғы позицияда – 31 сөз, басқы-ортаңғы позицияларда – 8 сөз, басқы-соңғы позицияларда – 10 сөз, ортаңғы-соңғы позицияларда – 5 сөз, басқы-ортаңғы-соңғы, яғни барлық позицияларда өзгеріске түскен 5 сөз ғана кездеседі.

Бұдан сөздің соңғы позициялары өзгеріске түскіш келеді деген түйін жасауға болады.

Түркі сөздерінің көне түбірінің фонологиялық немесе фономорфологиялық құрылымы қандай құрамда болған деген сауалға жауап беруде түркітанушы ғалымдардың пікірі әр алуан [Қайдаров А. Т., 1986, 323 б]. Г. Вамбери, Н. А. Баскаковтардың пікірінше, түркі түбір сөздерінің барлық типтері ДсДтДс (дауыссыз-дауысты-дауыссыз - СТС) түрінен таралған, яғни түбірлердің тек дауыстыдан, дауысты-дауыссыздан, дауысссыз-дауыстыдан тұруы осыдан бастау алған деген қорытындыға келеді. В. Котвич, А. Зайончковский, А. Н. Кононов, Э. В. Севортяндар түбірдің құрылымдық типтерінің белгілі бір түрін барлығының басы, алғашқы ата типі деп абсолютті пікір айтуға болмайтындығын ескертеді.

Ал, Н. А. Баскаковтың түркі тілдеріндегі дауыстылар 2 негізгі фонемадан, а мен у дыбыстарынан, олардың палатальдық аллофондарынан а-е, у-о, ө; ұ, ү тарайды деген Л. Базэннің пікірін қолдауы [Баскаков Н. А., 1988,14 б] өзінің бұрынырақ жазған еңбегіндегі (Введения в изучение тюрских языков. 2 – е изд. – Москва: Наука, 1969) егер сөзді құрайтын дыбыс үшеуден көп болса, онда ол не басқа тілден енген сөз, не тарихи даму нәтижесінде қалыптасқан түркі тілі сөзі деген ойына қайшы келеді. Мұнда адамның артикуляциялық базасы сөйлеуді дыбыстық құрамы аз сөздерден бастап игергендігі жөніндегі глоттогоника ережесі және Ф. Боптың сөздер әуелде бір буынды болған деген болжамы ескерілмеген.

Түбірдің фонологиялық құрылымында 2 дауыссыздың немесе 2 дауыстының қатар келуіне байланысты Х. Досмұхамедұлының 1923 жылы жазған еңбегіндегі [Досмұхамедов Х., 1991, 220 б] қазақ сөзінде дауысты да, дауыссыз да қатар келмейді, қатар келсе, онда ол не түбір сөз емес, туынды сөз, не қазақ сөзі емес деген көреген пікірін тыңдаған жөн. Осы тұрғыдан келгенде, 1 буынды сөздердің фономорфологиялық құрылымына талдау жасап көрелік.

1 буынды сөздердің фонологиялық құрылымының Дт, ДтДс, ДтДсДс, ДсДтДс, ДсДтДсДс деген типтері бар. Олар: Дт типті 1 сөз (у) ғана, ДтДс типті 14 сөз (әй,ая, ар, уч, іш), ДтДсДс типті 2 сөз (алп, ірк), ДсДтДс типті 73 сөз (бод, чаң, йяз, тең, қат), ДсДтДсДс типті 5 сөз (йурт, кірт, санч, йулық, көрк). «Сөздіктің» 1 буынды сөздерінің фономорфологиялық құрылымына ДсДтДс типі тән деген сөз. Академик Ә. Т. Қайдаров қазақ тілі лексикасының базисі ретінде қызмет ететін 6 типті, яғни Дт, ДсДт, ДтДс, ДтДсДс, ДсДтДс, ДсДтДсДс (Г, СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС) деп айқындаған [2: 9-19]. Ғалымның пайымдауынша, Дт,ДсДт, ДтДс (Г, СГ, ГС) типтері ең құрылымға жатады да, қалғандары осы жай типтерден туындайды. Бұл пікірді М. Қашқари «Сөздігіндегі» 1 буынды сөздердің өзінде 2 компонентті құрылымдағы сөздердің аз кездесуі де дәйектей түседі.

М. Қашқари «Сөздігі» мен қазіргі қазақ тіліне ортақ сөздердің келесі 1 парасы – дыбыстық құрамы өзгерген 2 буынды сөздер. Олардың жалпы саны - 200 сөз. 2 буынды сөздердің де фонетикалық құрылымын дәстүрлі 3 позицияға бөліп қарастырамыз.

Бұл сөздердің *басқы позицияда* у~ұ (24 сөз), ч~ш (13 сөз), й~ж (26 сөз), о~ұ (2 сөз), ө~о (1 сөз), ә~е (1 сөз), у~о (1 сөз), ө~ы (1 сөз), д~й (1 сөз), ч~с (1 сөз), і~ы (4 сөз), у~а (1 сөз), к~қ (1 сөз), ү~ұ (1 сөз), с~ш (1 сөз), а~о (1 сөз), б~м (2 сөз), е~ө (2 сөз), қ~к (1 сөз), е~и (1 сөз), т~с (1 сөз), у~ү (1 сөз), у~ы (3 сөз) деген 23 түрлі дыбыс алмасулармен бірге +н, +ж, +с дыбыстарының қосылулары, -й дыбысының түсіп қалуы; *ортаңғы позицияда* у~ы (24 сөз), ү~і (12 сөз), қ~ғ (3 сөз), ч~ш (16 сөз), а~о (1 сөз), ій~и (1 сөз), ғ~қ (3 сөз), і~ұ (1 сөз), ә~е (13 сөз), ү~ө (1 сөз), н~ң (1 сөз), ш~с (5 сөз), і~ы (6 сөз), і~а (1 сөз), ы~у (1 сөз), п~б (1 сөз), у~а (5 сөз), г~й (1 сөз), ү~е (1 сөз), д~т (1 сөз), б~п (1 сөз), л~д (1 сөз), ғ~у (2 сөз), т~с (1 сөз), ғ~й (1 сөз), і~е (1 сөз), у~і (3 сөз), ы~а (1 сөз), о~ө (1 сөз), у~ұ (1 сөз), ә~і (1 сөз), е~ә (1 сөз), а~ә (1 сөз), д~й (1 сөз), к~г (2 сөз), ч~с (1 сөз), ғ~у (1 сөз), й~и (1 сөз) секілді 38 түрлі дыбыс алмасулармен қатар +ы, +і, +ш, +л, +ғ дыбыстарының қосылулары және –ғ, -г,-д дыбыстарының түсіп қалуы; *соңғы позицияда* ш~~с (10 сөз), ұ~ы (1 сөз), а~е (1 сөз), ү~і (3 сөз), ә~е (23 сөз), г~к (4 сөз), ч~с (1 сөз), ч~ш (5 сөз), ү~е (1 сөз), ғ~қ (6 сөз), ғ~у (1 сөз), у~ы (5 сөз), к~қ (1 сөз), у~а (1 сөз), н~м (1 сөз), а~ы (2 сөз), ә~а (3 сөз), ы~а (1 сөз), г~м (1 сөз), у~і (3 сөз), і~ы (3 сөз), ң~м (1 сөз), и~і (1 сөз), с~ш (1 сөз) сияқты 24 түрлі дыбыс алмасулар және +і, +ы, +қ, +н дыбыстарының қосылулары мен –ы, -ғ, -ә, -і, -ығ дыбыстары мен буындарының түсіп қалуы бар. Басқы позицияда ең көп кездесетін дыбыс алмасулар у~ұ, й~ж, ч~ш болса, ортаңғы позицияда ең көп кездесетіні у~ы, ч~ш, ә~е, ү~і, ал соңғы позицияда көбірек кездесетіні ә~е, ш~с деген дыбыс алмасулыры. Дыбыстық алмасулар дауыстылар мен дауыстылар, дауыссыздар мен дауыссыздар деген қағида 2 буынды сөздерде де сақталған. Алмасқан дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық сипаттары 9 түрлі. Олар ашық--ашық, қысаң-қысаң, ашық-қысаң, еріндік-еріндік, еріндік-езулік, езулік-езулік дауысты дыбыстар, қатаң-ұяң, ұяң-қатаң, қатаң-қатаң дауыссыз дыбыстар болып келеді. Түйіндей келгенде, 2 буынды сөздерде 61 түрлі (у~ұ, ч~ш, й~ж, о~ұ, ө~о, ә~е, у~о, ө~ү, д~й, ч~с, і~ы, у~а, к~қ, ү~ұ, с~ш, а~о, б~м, е~ө, қ~к, е~и, т~с, у~ү, у~ы, ү~і, қ~ғ, ғ~қ, і~ұ, ү~ө, н~ң, ш~с, і~а, ы~у, п~б, г~й, ү~е, д~т, б~п, л~д, ғ~у, ғ~й, і~е, у~і, ы~а, о~ө, ә~і, е~ә, а~ә, д~й, к~г, й~и, ұ~ы, а~е, г~к, н~м, а~ы, ә~а, г~м, у~і, і~ы, ң~м, и~і) дыбыс алмасулары болған.

Дыбыстық құрамы өзгеріске түскен 2 буынды сөздерді позициялар бойынша талдап көрейік.

Басқы позициясы ғана өзгеріске түскен 26 сөз. Ортаңғы позициясы – 48 сөз, соңғы позициясы – 22 сөз, басқы-ортаңғы позициялары – 34 сөз, басқы-соңғы позициялары – 9 сөз, ортаңғы-соңғы позициялары – 32 сөз, басқы-ортаңғы-соңғы, яғни барлық позициялары өзгеріске түскен 24 сөз ғана кездеседі. Демек 2 буынды сөздерде басқы-ортаңғы және ортаңғы позициялары өзгергіш келеді деген сөз.

2 буынды сөздердің фонологиялық құрылымының ДтДсДтДс (адаш), ДтДсДсДт (адна, еснә), ДтДсДтДсДс (есүрт), ДтДсДсДтДс (андуз), ДсДтДсДт (чақа), ДсДтДсДтДс (бөлүк), ДсДтДсДсДт (қарғу), ДсДтДсДсДтДс (булғақ), ДсДтДсДтДсДс (йүкүнч), ДсДтДсДсДсДт (қуртға), ДсДтДсДсДсДтДс (қылдруқ) деген 11 түрі бар.

«Сөздіктегі» қазақ тіліне ортақ 3 буынды сөздің саны – 26 сөз.

Бұл сөздердің *басқы буынында* ч~с (2 сөз), к~г (1 сөз), й~ж (5 сөз), у~ұ (3 сөз), т~д (1 сөз), ы и (1 сөз), ө~ү (1 сөз), ғ~и (1 сөз), і~е (1 сөз), қ~к (1 сөз), а~ә (1 сөз) деген 11 түрлі дыбыс алмасулары, +и дыбысының қосылуы; *ортаңғы буында* ү~і (4 сөз), д~т (1 сөз), б~п (1 сөз), ә~е (1 сөз), ғ~у (1 сөз), і~ы (1 сөз), у~ы (1 сөз), ч~ш (1 сөз), ү~е (1 сөз), ғ~л (1 сөз), л~ғ (1 сөз), і~е (1 сөз) секілді 12 түрлі дыбыс алмасулары, +ырыл жұрнағының қосылуы, -с, -а, -г, -ғ, -уғ секілді дыбыстар мен буындардың түсіп қалуы; *соңғы буында* г~к (1 сөз), ә~е (5 сөз), қ~ғ (2 сөз), ч~ш (2 сөз), ү~е (1 сөз), у~а (1 сөз), ү~і (1 сөз), ғ~қ (1 сөз), ш~с (1 сөз), л~т (2 сөз), л~д (2 сөз), д~ш (1 сөз), у~ы (1 сөз), қ~к (1 сөз), і~и (1 сөз) сияқты 15 түрлі дыбыс алмасулары, +рт, +ан деген буындардың қосылуы бар. Басқы буында ең көп кездесетін й~ж, у~ұ, ортаңғы буында жиі кездесетін ү~і, соңғы буында ә~е дыбыс алмасулары. 3 буынды сөздерде де алмасушы дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық сипаттары 1 және 2 буынды сөздерге жақын, ұқсас. 3 буынды сөздерде 30 түрлі (ч~ш, к~г, й~ж, у~ұ, т~д, ы~и, ө~ү, ғ~й, і~е, қ~к, а~ә, ү~і, д~т, б~п, ә~е, ғ~у, і~ы, у~ы, ү~е, ғ~л, л~ғ, г~к, қ~ғ, у~а, ғ~қ, ш~с, л~т, л~д, д~ш, і~и) дыбыс алмасулары болған.

Дыбыстық құрамы өзгерген 3 буынды сөздерді буындық позициялар бойынша талдап көрейік. Басқы буыны өзгеріске түскен 1 сөз, ортаңғы буыны – 3 сөз, соңғы буыны – 5 сөз, басқы-ортаңғы буындары – 3 сөз, басқы-соңғы буындары – 1 сөз, ортаңғы-соңғы буындары – 4 сөз, басқы-ортаңғы-соңғы, яғни барлық буындары өзгеріске түскен 8 сөз кездеседі. Демек 3 буынды сөздердің 3 бірдей позициясы басқы-ортаңғы-соңғы буындары бірдей өзгеру құбылысы жиі ұшырасады.

3 буынды сөздер түбір сөз емес, туынды сөз болғандықтан, ол сөздердің фонологиялық құрылымын талдаудың практикалық та, теориялық та мән-маңызы жоқ деп таптық.

Қазақ тіліне дыбыстық өзгеріспен жеткен 4 буынды 4 сөз ғана.

Басқы буынында й~ж, *2 – буынында* б~п, ү~і, у~а, қ~ғ, *3 – буынында* ү~і, у~ы, *4 – буынында* ү~і, ш~с, у~ы дыбыс алмасулары, -құ буынының түсіп қалуы кездеседі. Алмасушы дыбыстардың акустикалық артикуляциялық сипаттары 1,2 және 3 – буынды сөздермен бірдей десе де болады. 4 буынды сөздерде 7 түрлі (й~ж, б~п, ү~і, у~а, қ~ғ, у~ы, ш~с) дыбыс алмасулары бар. 1 – буыннан басқа буындардың барлығы дерлік өзгеріске түскен. 4 буынды сөздер туынды сөздер болғандықтан, фонологиялық құрылымын қарастырудың қажеті шамалы.

М. Қашқари «Сөздігінен» қазіргі қазақ тіліне дыбыстық өзгерістермен жеткен лексиканы фонетикалық, фонологиялық және фономорфологиялық белгілері бойынша түйіндер жасасақ:

1. 1) басқы позициядағы дауысты дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

2) ортаңғы позициядағы дауысты дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

3) соңғы позициядағы дауысты дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

4) басқы және ортаңғы позициялардағы дауысты дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

5) басқы және соңғы позициялардағы дауысты дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

6) ортаңғы және соңғы позициялардағы дауысты дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

7) басқы позициялардағы дауыссыз дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

8) ортаңғы позициялардағы дауыссыз дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

9) соңғы позициялардағы дауыссыз дыбыста өзгешелігі бар сөздер,

10) басқы және ортаңғы позициялардағы дауыссыз өзгешелігі бар сөздер,

11) басқы және соңғы позициялардағы дауыссыз өзгешелігі бар сөздер,

12) ортаңғы және соңғы позийиялардағы дауыссыз өзгешелігі бар сөздер,

13) басқы позицияда дауысты және дауыссыз дыбыстардың ауысуы,

14) ортаңғы позицияда дауыты және дауыссыз дыбыстардың ауысуй,

15) соңғы позицияда дауысты және дауыссыз дыбыстардың ауысуы деген 15 түрі бар.

2. Дыбыстық алмасулар негізінен дауыстылар мен дауыстылар, дауыссыздар мен дауысыздар арасында болады,

3. Алмасатын дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық сипаттары 9 түрлі. Олар: ашық--ашық, қысаң-қысаң, ашық-қысаң, қатаң-ұяң, ұян-қатаң, қатаң-қатаң, үнді-үнді, еріндік-еріндік, еріндік-езулік. Н. К. Дмитриев айтқандай: «Законченный звуковой комплекс, обладающий определенным семантическим единством, должен быть выдержан и с формальной стороны, т. е. состоять из звуков максимально близких в отношении артикуляции» [Дмитриев Н. К., 1948].

4. «Түркі тілдері сөздігінен» қазақ тіліне дыбыстық өзгеріспен жеткен сөздердің дыбыс алмасу кестесі:

р/с	Басқы позиция не буын	Ортаңғы позиция не буын	Соңғы позиция не буын	Басқы-ортаңғы позиция не буын	Басқы-соңғы позиция не буын	Ортаңғы-соңғы позиция не буын	Басқы-ортаңғы-соңғы позиция не буын
1.	ч~ш	+	+	і~ы; қ~ғ, б~п; ү~і; ы~и, -ғы	ң~н, ғ~қ, ш~с	ү~і, г~к, ә~е, у~і, ш~с	і~ы, +қ; а~о, ұ~ы; ій~и, а~е; ғ~қ, -ы; і~ы, +ы, -і; -с, ү~і, +рт, г~к, ә~е;
2.	й~ж	-	-	у~ұ, и~ы, і~ы, о~ө, +ы, і~ұ, і~ы, ә~е, д~т, у~ы	+ы, ғ~қ, +ын, ә~е, г~к, -ығ, у~і; у~ұ, ч~ш	-	п~б, +а; у~ұ, +ы; ү~і, +і, ч~с; о~ө, ә~е; у~ұ, у~ы; г~й, у~і; б~п, -а, +ырыл, қ~ғ, +ан; і~ы, ғ~қ
3.	т~д	-	-	-	-	-	+и, -г, ә~е
4.	у~ұ	+	-	қ~ғ, ч~ш, у~ы, ш~с, -уғ	+йқы, ч~ш, ш~с, ғ~қ, +қ	+а, ш~с	ш~с, ғ~қ; у~ы, н~м; у~ы, ғ~қ; у~ы, ш~с; д~й, а~ы; у~ы, ң~м; у~ы, ғ; ч~ш
5.	с~ш	-	+	-	ч~ш	-	-
6.	б~п	+	-	-	-	-	-
7.	о~ұ	-	-	-ғ	-	-	-
8.	ө~о	-	-	-	-	-	і~а, к~қ
9.	ә~е	+	+	ә~е	-	ч~ш, -г, к~п, +л, +с; ү~е	-
10.	у~о	-	-	ғ~қ	-	-	-
11.	ө~ү	-	-	ү~і	-	-	г~й, ү~і, ә~е
12.	д~й	+	+	-	а~ы	-	-
13.	ч~с	+	+	-	-	-	і~ы, ә~е
14.	і~ы	+	+	ч~ш, ғ~қ; і~ы	-	ғ~қ, -ғ, с~ш, і~ы	л~д, ә~е
15.	у~а	+	+	й~ж, у~ы	-	ч~ш	-
16.	к~қ	-	+	-	ү~ұ, ә~а	-	-
17.	ү~ұ	-	-	-	-	-	-
18.	а~о	+	-	ч~ш	-	-	-
19.	б~м	-	-	у~ы	-	-	-
20.	е~ө	-	-	у~і, ә~е	-	-	-
21.	қ~к	-	+	а~ә	-	-	і~е, қ~к, і~и
22.	е~и	-	-	-	-	-	-д, ә~е
23.	т~с	+	-	у~ы	-	-	-
24.	у~ү	-	-	у~і	-	-	-
25.	у~ы	+	+	-	-	+ы	+ж, ғ~қ; ч~с, у~ы
26.	к~г	+	-	-	-	ә~е	-
27.	ы~и	-	-	-	-	-	-
28.	ғ~й	+	-	-	-	ә~е	-

29.	і~е	+	-	-	-	+ш, г~к	-
30.	а~ә	+	-	-	-	-	-
31.	-	-	а~е	-	-	-	-
32.	-	и~ы	-	-	-	-	-
33.	-	-	і~и	-	-	-	-
34.	-	ү~і	+	-	-	+і, ч~м; г~к; -г, ү~і; ә~е, ш~с	-
35.	-	о~ө	-	-	-	-	-
36.	-	н~ң	-	-	-	+іс, ш~с	-
37.	-	п~б	-	-	-	-	-
38.	-	-	д~ш	-	-	-	-
39.	-	қ~ғ	+	-	-	+ы, ч~ш	-
40.	-	ғ~қ	+	-	-	-	-
41.	-	і~ү	-	-	-	-	-
42.	-	-	л~т	-	-	-	-
43.	-	ү~ө	-	-	-	ү~е	-
44.	-	ш~с	+	-	-	-	-
45.	-	і~а	-	-	-	-	-
46.	-	-	и~і	-	-	-	-
47.	-	ы~у	-	-	-	-ғ	-
48.	-	г~й	-	-	-	ә~е	-
49.	-	-	г~м	-	-	-	-
50.	-	ү~е	+	-	-	ш~с; ә~е	-
51.	-	д~т	+	-	-	-	+с, ә~е, ш~с
52.	-	л~д	+	-	-	-	-
53.	-	-	ә~а	-	-	-	-
54.	-	ғ~у	+	-	-	-	-
55.	-	у~і	+	-	-	-	-
56.	-	-	а~ы	-	-	-	-
57.	-	ы~а	+	-	-	-	-й, ч~ш
58.	-	-	н~м	-	-	-	-
59.	-	ә~і	-	-	-	-	-
60.	-	е~ә	-	-	-	ү~і	-
61.	-	-	г~к	-	-	-	-
62.	-	й~и	-	-	-	и-~і	-
63.	-	б~п	-	ш~с	-	-	-
64.	-	-	ң~м	-	-	-	-
65.	-	ғ~л	-	-	-	-	л~ғ, ч~ш
66.	-	л~ғ	-	-	-	-	-
67.	-	-	ң~н	-	-	-	-
68.	-	-	ұ~ы	-	-	-	-

1) 7 позициядағы дыбыстардың ауысу, алмасу варианттары 67 түрлі. Алмасатын дыбыстарды түркі тілдеріндегі буын үндестігі (сингармонизм) заңдылығы бойынша, яғни еріндік, езулік үндесу тұрғысынан бажайласақ, сөз буындары мен позицияларында бір-бірімен алмасатын дыбыстардың 67 түрлі вариантының 8 түрі еріндік, 49 түрі езулік, 6 түрлі еріндік-езулік, 4 түрі езулік-еріндік болып келеді. Бұл фактілер түркітанушылардың түркі тілдеріне сөзжасам және сөзөзгерім аффиксациялары еріндік сингармонизмнен езулік сингармонизмнің бастапқы және тұрақты деген теориялық тұжырымын дәлелдей түседі [Тенишиев Э. Р., 1984, 484 б].

2) 67 түрлі дыбыс алмасудың ең көбі бастапқы-ортаңғы-соңғы позицияларда (89 вариантты) болса, қалған басқы, ортаңғы, соңғы, басқы-ортаңғы, басқы-соңғы, ортаңғы-соңғы позициялардағы алмасулар саны шамалас, жуық (сәйкесінше 30,40,33,37,22,41 вариант).

5. Дыбыс алмасулардың жүйелілігін, ереже жасайтынын айқындау үшін ең жиі кездесетін дыбыс алмасулар, ауысулар кестесін жасау қажет (1 – кесте):

1 – кесте

Ең жиі кездесетін дыбыс алмасулар кестесі

позициялар Буын саны	басқы	ортаңғы	соңғы
1 буынды сөздер	й~ж, ч~ш	у~ұ, і~ы	ш~с, ч~ш
2 буынды сөздер	у~ұ, й~ж, ч~ш	у~ы, ә~е, ч~ш, ү~і	ш~с, ә~е
3 буынды сөздер	й~ж, у~ұ	ү~і	ә~е
4 буынды сөздер	й~ж	б~п, ү~і, у~а, қ~ғ	ү~і, ұ~ы

Басқы позицияда й~ж) 1,2,3,4 буынды сөздердің бәрінде), ч~ш (1 және 2 буынды сөздерде), у~ұ (2 және 3 буынды сөздерде) дыбыс алмасулары жиі кездеседі,

Ортаңғы позицияда ү~і (2,3 және 4 буынды сөздерде), у~ы, і~ы (1 буындыда), у~ы, ә~е, ч~ш (2 буындыда), б~п, у~а, у~ұ, і~ы (1 буындыда), у~ы, ә~е, ч~ш (2 буынды да), б~п, у~а, қ~ғ (4 буындыда) дыбыс алмасулары көбірек болған,

Соңғы позицияда ш~с (1 және 2 буындыда), ә~е (2 және 3 буындыда), ч~ш (1 буындыда), ү~і, у~ы (4 буындыда) дыбыс алмасулары көптепұшырасады.

Бұдан ең жиі кездесетін дыбыс алмасулардың ішінде ч~ш, у~ы дыбыс алмасулары сөз позициясы немесе сөз буынын таңдамайды, қалған дыбыс алмасулары буын немесе позиция таңдайды деген түйін жасауға болады.

6. Кез келген дауысты немесе дауыссыз дыбыс бір-бірімен алмаса бермейді. Оған дәлел – белгілі бір дыбыстың өзі алмасатын дыбыстарының тізбегі. Олар: 1) *у~ұ/а/ү/ы/і, а~о/ә/е/ы, о~ұ/ө, ә/е-/і/а, ө~о/ү, ү~ұ/і/е/ө, і~ы/е/ұ/а/и, ы~и/у/а, ұ~ы* – дауыстылардың дауыстыларға алмасу тізбегі, 2) *ч~ш/с, к~қ/г, қ~к/ғ, г~ң/м, ң~м/н* – дауыссыздардың дауыссыздарғаалмасу тізбегі.

Жалпы айтқанда, дыбыстық алмасулардың,-түсіп қалу (элезия) мен қосылу (протеза), құбылыстарының тіл мен сөйлеудің, жазу мен айтудың белгілі бір заң ерекшелерге бағынатыны тіл туралы ілімде дәлелденген қағида. Бұл қағида М. Қашқари «Сөздігінен» қазақ тіліне дыбыстық өзгеріспен жеткен сөздерге де тікелей қатысты. Дегенмен де дыбыстық (буындық) алмасулар, қосылу және түсіп қалу белгілі бір кезеңде қалыптасқан жазу ерекжелері мен қағидаларына байланысты болуы мүмкін. «Сөздік» құрастырылған дәуірде сөздерді айтылуы бойынша, яғни орфоэпикалық принциппен жазған болса керек (көрүн, очүр, көчүр, қотур, қопур), сондықтан да айтылуы бойынша жазылған. Немесе жазушы адамның, көшірушінің тілді білуі мен түсіну сауаттылығына, жазу өнеріні дәстүріне мектебіне де байланысты болуы мүмкін. Бұл пікірімізді түркітанушы Э. Р. Тенишевтің түркі жазба ескерткіштерінің жазуға дейін немесе жазу енді қалыптаса бастаған кезде, әлі де әдеби тілдер қалыптаса қоймаған дәуірде жазылғанын ескеру керек деген озат ойы [Теншиев Э. Р., 1984] дәйектей түседі. М. Қашқари «Сөздігі» жазылған кезеңге соңғы екі белгі тән болумен қатар, «Сөздік» материалы ретінде 30-ға жуық түркі тайпасының сөздері пайдаланылғанын да есте ұстаған жөн. Жоғарыда санамаланған экстралингвистикалық факторларды негізге ала отырып, сөздердің дыбыстық құрамындағы өзгешеліктерді (редукция, элезия, протеза, эпентеза) диохрониялық тұрғыда салыстырылып отырған тілдердің фонологиялық заң ережелері санатына қоса беруге болмайды. Бұл тұжырым, әсіресе фонетикалық құбылыстар аз, сирек кездесетін, яғни ортақ жүйелі заңдылыққа айналмаған бірді-екілі рет, кейбір сөздерде ғана кездесетін сөздерге тікелей қатысты.

7. «Сөздіктен» қазақ тіліне жеткен лексикалық фономорфологиялық құрылымын 1 және 2 буынды сөздерге негіздеп тұжырымдаймыз, себебі 3 және 4 буынды сөздер туынды сөздер болғандықтан, оларды негізге алудың практикалық та, теориялық та маңызы жоқ екенін ескерткен болатынбыз. Сонымен 1 буынды сөздерде Дт, ДтДс, ДтДсДс, ДсДтДс, ДтДсДс деген, 2 буынды сөздерде ДтДсДтДс, ДсДтДсДт, ДтДсДсДт, ДтДсДтДсДс, ДтДсДсДтДс, ДсДтДсДтДс, ДсДтДсДсДт, ДсДтДсДсДтДс, ДсДтДсДтДсДс, ДсДтДсДсДсДт, ДсДтДсДсДсДтДс деген 16 түрлі фономорфологиялық құрылым бар. Бұл құрылмдарды Х. Досмұхамедұлы мен Н. А. Баскаковтардың дәлелді тұжырымдары тұрғысынан алғанда, 1 буынды сөздер тарихи түбір сөздер болса, дыбыстық құрамы 3 дыбыстан артық және 2 дауыссыз қатар келген сөздер туынды түбірлер немесе негіздер болып шығады. «Еснә, есүрт» сөздерінің тарихи түбірі – «ес», «бөлүк» сөзінің – «бөл», «йүкүнч» сөзінің – «йүкүн», «қылдруқ» сөзінің – «қыл» түбірі екендігі белгілі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1 – том. Қазақ тіліне аударған А. Егеубаев. –Алматы: ХАНТ. – 1997. – 590 б.;

2. Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1986. – 323 с.

3. Баскаков Н. А. Историко-типологическая фонология тюрских языков. – Москва: Наука, 1988. – 208 с.

4. Досмұхамедов Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы// Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 220 б.

5. Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. – Москва-Ленинград, 1948.

6. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. Отв. ред. Теншиев Э. Р. – Москва: Наука, 1984. – 484 с.

ТОЛЫСБАЕВА ӘДЕМАУ ТҰРДЫБАЙҚЫЗЫ
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

МАРЕТБАЕВА МАРИНА ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ.
қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қарағанды медицина университеті

ЖАЛМАХАНОВ ШАПАҒАТ ШАРАПАТҰЛЫ.
қазақ тілі кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қарағанды медицина университеті

М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ТҮРКІ ТІЛДЕРІ СӨЗДІГІ» – ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ ТАРИХЫ МЕН СӨЗ ТӨРКІНІНІҢ ДЕРЕККӨЗІ

Түйіндеме: Мақалада X-XIII ғасырлардағы Қарахан мемлекетінің заманында өмір сүрген энциклопедист ғалым Махмұт Қашқаридың түркі тайпаларының тілі туралы ғана емес, олардың сол кезеңдегі тарихы мен географиясын да білгірлікпен талдағаны жаңа заман тарихшыларының (В. В. Бартольд, Ә. Марғұлан, Б. Е. Көмеков) пікірлермен салғыстыра баяндалады. М. Қашқари түркі тайпалары тілдерінің жалпы туыстық деңгейін, жекелей айтқанда, алыс-жақын туыстықтарын олардың географиялық мекендерінен байланыстыра жіктейді. Демек тілдердің туыстықтарын айқындауда ареалдық принципті негізге алады. Тіпті топоним, гидроним, антропоним және т. б. жалқы есімдердің шығу төркінін тарихи оқиғалармен, тарихи аңыз-әңгімелермен негіздейді.

Мақала авторлары М. Қашқаридың сөздігі қазіргі түркі халықтары тарихының дереккөзі ғана емес, сөздерінің этимологиялық негізі, бастауы деген тұжырымға келеді.

Кілт сөздер: тарихи дереккөз, географиялық мекен, ареалдық принцип, тарихи оқиға мен аңыз-әңгіме, этимологиялық негіз.

Резюме: В статье дается обзор о том, что труд ученого-энциклопедиста М. Кашгарского, жившего во времена эпохи Караханидского государства (X-XIII вв.), посвящен не только языкам тюркских племен, но вместе с тем ученый глубоко анализирует историю и географию того периода этих племен, об этом свидетельствуют мнения, высказанные в исследованиях современными историками (В. В. Бартольд, А. Х. Маргулан, Б. Е. Кумеков). В своем произведении М. Кашгарский общее родство, близкое и дальнее родства яыков тюркских племен классифицирует их в зависимости от географического обитания. Словом, в определении уровня родственности наречии основывает на ареальный принцип классификации языков. Историю наименовании таких собственных имен, как топонимов, гидронимов и антропонимов обосновывает на примере исторических событий, рассказов и легенд. В заключении авторы приходят к мнению, что словарь М. Кашгарского не только источник истории современных тюркских народов, но и является началом и основой этимологии их лексики.

Ключевые слова: исторический источник, географическое обитание, ареальный принцип, историческое событие, рассказы и легенды, этимологическая основа.

Summary: Articles Maretbayeva M. A., Tolysbayeva A. T., Zhalmakhanov Sh. Sh. «Sofa Meadow It-Turk» by M. Kashgar (11th century) - as a source of the history of Turkic tribes and the etymology of their words ”

The article reviews that the work of the encyclopedic scientist M. Kashgar, who lived during the era of the Karakhanid state (X-XIII centuries), is devoted not only to the languages of the Turkic tribes, but at the same time the scientist deeply analyzes the history and geography of that period of these tribes, this is evidenced by the opinions expressed in research by modern historians (V. V. Bartold, A. Kh. Margulan, B. E. Kumekov). In his work M. Kashgar classifies the general kinship, close and distant kinship of the languages of the Turkic tribes according to their geographical habitat. In a word, in determining the level of affinity of an adverb, it is based on the areal principle of language classification. The history of the name of such proper names as toponyms, hydronyms and anthroponyms is justified by the example of historical events, stories and legends.

In conclusion, the authors come to the opinion that the dictionary of M. Kashgar is not only the source of the history of modern Turkic peoples, but also is the beginning and basis of the etymology of their vocabulary.

Key words: historical source, geographical habitat, areal principle, historical event, stories and legends, etymological basis.

М. Қашқари «Сөздігінде» негізінен Қарахан мемлекеті құрамындағы тайпалардың мекендеген жерлері, олармен шекаралас болған елдер баяндалады. X-XI ғасырларда оғыз тайпалары, оның ішінде селжүк және түркімен тайпалары кең көлемді жерді мекендеген. Оғыз тайпаларының негізгі бөлігі Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне дейін көшіп жүрген, одан әрі Хорезмді, Әмудариянның төменгі ағысынан Каспий теңізіне дейін қамтыған. XI ғасырда қыпшақ тайпалары да оғыз тайпалары секілді кең байтақ жерді алып жатты. Көне замандарда батыс қимақтарының бір бұтағы болған шығыс қыпшақтардың негізгі бөлігі көшпелі оғыз және печенек тайпаларының солтүстігінде орналасқан. Оғыз тайпаларының батысқа жылжуына байланысты қыпшақтар Сырдариянның төменгі ағысын, шығысқа қарай Ертіске дейінгі жерлерді иеленді. Шігілдер Ыстық көлдің солтүстігінен Іле өзеніне дейін, батысқа қарай Шу өзеніне дейін мекендеді. Шігілдердің оңтүстіктегі көршісі қарлұқ тайпалары Тараз-Таласқа дейін, солтүстігінде Шу өзеніне дейін орналасты. Қарлұқ тайпалары Жетісуға Тарбағатай асып Ертіс бойына, одан батысқа жылжып Іле өзеніне, яғни Ыстықкөлдің оңтүстігіне орнығып, Нарыннан Шу өзені бойына жайылған. Арғулар Испиджаб пен Баласағұнның аралығын, яғни Талас, Шу өзендерінің орта ағысының тұсын мекен етіпті. Арғу тайпалары жартылай көшпелі тұрмыс кешкен. Иағма тайпасы солтүстікке қарай Іле өзенін бойлай орналасқан, оғыздар Әмудария мен Қытайға дейінгі барлық түркілерді шігіл атағандығын, ол атаудың шығуы Таразға жақын жердегі Шігіл қаласымен байланысты. Ол заманда қарлұқтар мен оғыздарды «түркімендер» деп те атаған. Испиджап, Тараз, Баласағұн қалаларының тұрғындары соғды және түркі тілдерінде сөйлеген, соғдылардың мекені Самарқанд пен Бұхараның аралығында болған. Қытай Түркістанының бастапқы отырықшы тұрғындары кенжектер болған, олар Қашқари заманында түркіленіп болған. Қарахан дәуіріндегі Шығыс Түркістанның мұсылмандық иеліктерінің шекарасы екі басты жолдың бойында болған. Олар: солтүстік бағыт Хотаннан (Кучадан) Тұрпанға қарай, оңтүстік бағыт Хотаннан Тарым өзені құятын Лобнорға қарай. Иабақу (Өзгенттің жанындағы шағын өзеннің де атауы) тайпасы солтүстікке қарай аққан Иамар (Еміл) өзені бойын, қазіргі Чукучак қаласы тұрған жерді жайлаған. Иабақу тайпасы таза түркі текті емес, олардың өз тілдері болған. Басмылдар – Орхон жазбаларында Шығыс Түркістандағы Бешбалық қаласының ұйғырларға дейінгі тұрғындары. Олар да таза түркі текті емес, өз тілдері болған. Татар түркі текті тайпа емес, ол атау Орхон жазуларында да бар, бірақ олар өздерін кейін «монғол» деп атаған. Печенектер батысқа қарай IX ғасырдың аяғына қарай жылжып, хазарлардың шығыс көршісі болған, Русьтің оңтүстігін мекендеген. Иемектер мен қыпшақтар Ертіс бойын жайлаған. М. Қашқари түркілер негізінен 20 ұлыстан құралғандықтан, тайпалар туралы емес, тұрғылықты, негізгі ұлыстар жайлы жазғанын ескертіп, олардың қалай орналасқанын нақты баяндайды. Мәселен, батысқа қарай печенектер, олардан әрі қыпшақтар, оғыздар, иемектер, башғырттар, басмылдар, қайлар, иабақулар, татарлар мен қырқыздар орналасса, солтүстік пен оңтүстік аралығын шігілдер, тухсилер, иағмалар, ығрақтар, чаруқтар, жумулдар (чомулдар), ұйғырлар, таңғұттар, қытайлар мен табғачтар мекендеген. Тарихшы В. В. Бартольд М. Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігін» Орта Азия түркі халықтарының тарихы үшін XI ғасырдың тарихи дереккөзі санатында сөз етеді [Көмеков Б. Е. . 392 б]. Сөз етіп қана қоймайды, Қарахан мемлекетіне дейінгі, оның кезіндегі және одан кейінгі кезеңдерді тарихи бағалы деректермен толықтырады. Ол Шығыс және Батыс Түркістанның әуел баста түркі елдері болмағандығын, бұл жерге түркі тектес тайпалардың Монғолиядағы мемлекеттілігі алдымен құлаған оғыз түркілердің, одан кейін ұйғырлардың келіп қоныстануы, көшпенділердің отырықшы елге айналуы экономикалық қыспақтан болған қажеттілік екенін, мұндай қажеттілік әсіресе Шығыс Түркістанға тән екендігін, себебі ол өлкеде жайылымның жоқ қа тәндігі, суармалы егістік жерлердің шөлейтті құм екені, бұл жерлер егістікке қандай жарамсыз болса, мал шаруашылығына да сондай қолайсыз екендігі еді. Жазба ескерткіштерде «қала» мағынасындағы «балық» сөзінің қазіргі Қытай Түркістанының шығысында «Бешбалық» қаласының атауында кездесуін, ол сөзге М. Қашқари түркіше «балшық» деген мағына беретінін, яғни «қала» ұғымы құрылыстар тұрғызылған материалдар негізінде аталғанын баяндаған дей келіп, тарихшы ғалым арабтарда «көшпенділерді» «киіздің адамдары», отырықшыларды «балшық адамдары» деп аталатынымен анология жасайды. Сол заманда Бешбалықта тұрған, қытай тарихында да еске алынатын «басмыл» деген халық болған. Дюканжаның европалық орта ғасырлық сөздігінде басмыл «метис», яғни «шыққан тегі түрлі ұлыс-ұлттан туған адам» деген мағына беретінін дәйектей келіп, автор отырықшылыққа алғаш үйренген түркі халқының таза болуы, жергілікті отырықшы елмен аралас-құраластықта болмауы мүмкін емес деп мақұлдайды да, М. Қашқаридың өзі басмылдарды таза түркі емес халыққа жатқызатынына сілтеме жасайды [Бартольд В. В., 1993, 28-296].

Тарихшы X–XI ғасырларда ұйғырлар қалай аталды, қандай дінді ұстанды деген сұрақ төңірегінде де М. Қашқари еңбегіне сүйенеді. Араб авторларының (Бируни, Масуди) ұйғырларды «тоғыз-оғыз» деп атағанына, ол заманда ұйғырлар манихей болмаса да не будда, не христиан дінін ұстанғанын, ал олардың батыстағы көршілері исламға кіріп жатқандығын баяндай келіп, М. Қаш-

қари ұйғырларды ешкім, Қытай Түркістанында да, «тоғыз-оғыз» деп атамағандығын айтады. М. Қашқариды «Замечательно, что этот едва ли не единственный арабский автор, пишущий о средней Азии не по книжным источникам, а на основании личного знакомства с этой страной, совершенно не употребляет слово тугузгуз, а только слово уйгур» [Бартольд В. В., 1993, 44б], деп бағалайды. Тарихшы қарахандықтар әулеті қалай пайда болды, оның пайда болуы түркінің қай тайпаларының көші-қонымен байланысты, хандар қай тайпаның өкілдері еді? деген сауалдарға М. Қашқари шығармасы әлемге белгілі болып басылса да жауап жоқ, оның басты себебі М. Қашқари еңбегі жазылған кезде Қарахан әулеті үстемдігінің әбден орныққан кезі болғандықтан деген түйін жасайды. М. Қашқаридың «түркімен» сөзінің төркініне парсылардың үлгісімен «түркіге ұқсайтын» деген түсіндірме беруімен келіспейтінін де баяндайды. В. В. Бартольд Баласағұн қаласы соғдылар салған қалалардың бірі екенін айта келіп, соғдылардың түркіленуі М. Қашқари кезінде әлі де аяқталмағандығын, Исфиджаб, Тараз және Баласағұнның тұрғындары соғды және түркі тілдерінде сөйлегендігін, Орхон жазуларында «соғдақ» аталған халық Соғдыдан, яғни Самарқанд пен Бұхараның аралығындағы елден шыққандығын, соғдылардың түркінің киімі мен әдет-ғұрпын қабылдағанын «Сөздіктен» оқуға болатынын; М. Қашқари өз еңбегінде сонымен қатар Исфиджабтан (басқа бір жерге Тараздан) Баласағұнға дейінгі жерді Арғу деп атағанын, мұндай атауды басқа ешбір еңбектен кездестірмегенін ескерте келіп, М. Қашқари «арғу» сөзіне «екі таудың арасындағы шатқал» деген түсініктеме бергенін айтады. Тарихшы «Сөздік» авторынан Қытай Түркістанының алғашқы, түркі емес отырықшы тұрғындары екен деген сауалға жауап тапқандаймыз; «Сөздік» бойынша олар – кенжектер; басқа дереккөздерден мұндай атауды кездестірген емеспіз; кенжектер М. Қашқари заманында түркіленіп болған, тек қана өз тілдерінен аздаған сөздер мен дыбыстық ерекшелігі бар сөздер сақталған еді деген тұжырым жасайды. Қараханидтер әулеті заманындағы Шығыс Түркістанның мұсылмандық иеліктерінің шекарасы туралы деректерді тек М. Қашқаридан ғана білуге болады. Шығыс Түркістанның мәдени өлкелері екі басты жолдың бойында болатын: солтүстік бағыт, яғни Хотаннан (Кучадан) Тұрпанға қарай, оңтүстік бағыт, яғни Хотаннан Тарым өзені құятын Лоб-Норға қарай. М. Қашқари Усми-Таримге «ислам өлкесінен ұйғырларға қарай ағып, құмға сіңіп кететін үлкен өзеннің атауы» дейді. Тарихшы В. В. Бартольд М. Қашқари деректерін негізге ала отырып, «XI ғасырда ислам Тұрпанға да, Лоб-Норға да жеткен жоқ»; солтүстік бағыттағы шекаралық пункттер Куча мен Бүгүр болса, оңтүстік бағыттағы шекаралық пункт Черчен еді» дейді. М. Қашқари ұйғыр қалалары туралы нақты деректер береді. Олар: Кочо (қазіргі Қарақожа), Бесбалық, Сульми, Жанбалық және Янгибалық. Ұйғырлар мұсылмандарды «чумак» деп атаған. Бұл сөзбен Бартольд кейінгі замандарда Оңтүстік Ресейде тауарларын арбамен жүріп сататын саудагерлерді атаған, бұдан мұсылмандардың басқа да елдердегі секілді ұйғырлар жерінде де сауданың өкілдері болғандығын білуге болады деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар тарихшы «Сөздік» авторының еңбегіне сын пікірлерін айтады. Мәселен, исламның шығыста таралу шекарасын нақты анықтағанмен, Шығыс Түркістаннан солтүстікке қарай мекендеген халықтар туралы деректер толық емес; солтүстік пен солтүстік-шығыста исламның таралу және түркі тайпаларының орналасу шекаралары айқын айтылмаған. Соған қарағанда X ғасырдың географтары қазіргі Жетісу облысының оңтүстік бөлігі мен Шу алабымен солтүстікте шектесетін тауларға дейін ғана жақсы білген болуы керек [Бартольд В. В., 1993, 70б] дейді В. В. Бартольд. М. Қашқаридың Іле өзеніне ерекше маңыз бергендігі сонша, он екі жылдық жыл сонау циклының шығуын Іле өзенімен байланыстырады. Ол патшаның аң аулауы туралы аңызда патша ізіне түскен аңдар мен жануарлардың Іле өзенінен жүзіп өту ретіне қарай жыл санау ретінің жасалғандығын әңгімелейді. М. Қашқари «Сөздігінде» өз әкесінің Ыстықкөл маңындағы Барысхан қаласының тумасы екендігін тілге тиек ете келіп, «Барысхан» деген, біріншіден, Афрасиабтың баласының аты, екіншіден, ұйғыр ханының ат айдаушысы деген мағыналар береді деп түсіндіреді. Екінші түсініктемеге сүйене отырып, В. В. Бартольд «демек ұйғырлар бір кезде батыста Ыстықкөлге дейін жеткен, бұл туралы XI ғасырда да ұмытылған» [Бартольд В. В., 1993, 72б] деген түйін жасайды. «Барысхан» атауын тарихшы Гардизи «парсы және хан» сөздерінен біріккен атау деген деректі Александр Македонский Қытайға жорығы барысында Барысханға парсыларды орналастырып, оларды қайтар жолда ертіп кетемін дегенмен, Македонский батысқа Үндістан арқылы қайтып уәдесін орындай алмаған деген аңызбен түсіндіргенін де еске алады. Тухси, иағма және шігіл тайпаларының Іле бойын мекендеп, олар мұсылман болса керек, исламның алғы шептері Іледен солтүстікке қарай Балқашқа іргелес жерлерге тарады. Балқаш «Тереңкөл» деген атпен белгілі болды, «терең» сөзі «молшылық» деген мағынадағы оғыз сөзі екендігі де айтылған. Балқаштың «Тереңкөл» деп аталуы оның осы өлкедегі ең үлкен көл болуымен байланысты болар деген түйінге келеді В. В. Бартольд. Солтүстікке қарай ақ-қан Иамар, дұрысы Еміл болар, өзені бойында, қазіргі Чугучак қаласы тұрған жерді иабақу тайпасы жайлаған. Сонымен қатар «Ябақу» деген атау Ферғана шекарасына жақын Өзгенттің жанындағы шағын өзен атауымен кездейсоқ сәйкес болуы да мүмкін дей келіп, ұлы тарихшы иабақу

М. Қашқари шығармасында Бұқа-Будражда дегеннің басшылығындағы 700 000 кәпірдің әскері құрамында Арыслан тегін қолбасшылығындағы 40 000 мұсылманның әскерімен соғысып жеңілгенін, кәпірлер жағында басмыл деген тайпаның соғысқанын, бұл жорық туралы «Сөздіктің» құрастырылуынан сәл ілгері мерзімде болғандықтан, М. Қашқари оқиғаны сол соғысқа қатысушының айтуынан жазып алған болуы керек деген болжам жасайды. Оқиғаның болғанына сәл уақыт өтсе де аңыздар құрастырылып үлгерген. Ұрысқа қатысқан кәпірлер әскерінің саны көшпелі ғұмыр кешкен заманда болуы мүмкін емес. Мұндай қиял-ғажайыптық саны бар әскерді көшпелілермен соғыс туралы, Шыңғыс ханның жорықтарынан да кездестіреміз дейді [Бартольд В. В., 1993, 73б]. «Сөздік» авторы иабақу тайпасының да, басмыл тайпасының да таза түркі текті емес екенін, бірақ олардың өз тілдерімен қатар түркі тілін де білгенін ескертеді. Басмыл тайпасы Орхон жазбаларында Шығыс Түркістандағы Бешбалық қаласының ұйғырларға дейінгі тұрғындары екендігі айтылған. Таза түркі текті емес тайпалардың бірі ретінде татар тайпасы аталады. «Татар» атауы Орхон жазбаларында да кездеседі, олар өздерін кейін келе «монғолдар» деп атаған. М. Қашқари «таза түркі тектес емес» деп атағандардың ішінде иабақу тайпасы да бар. Демек монғолдар батысқа қарай жан-жағын түркі тайпалары қоршаған аудандарға дейін келді деуге болады. Енисейдің жоғары ағысын баяғыша мекендеп жатқан қырғыздар таза түркі тайпасы болып саналды. М. Қашқари Монғолиядан түркілерді монғолдардың ығыстырғаны жайлы деректі дәйектей түседі. Өтүкен таулары Орхон жазбалары заманында түркі ханының бас ордасы болған, енді ол жерлерді «ұйғырлар еліне жақын маңдағы татар далалары» деп атайды. Қытай дереккөздеріне қарағанда, Монғолияны соңғы болып билеген соңғы түркі тайпасы 840 жылы ұйғырларды жеңген қырғыздар болды. 1020 жылдар шамасында Ганьчжоудағы ұйғыр иелігін басып алған тангуттар туралы, олардың Қатын сыны («Әйел бейнесі» немесе «Ханшайым бейіті») қаласының тұрғындарымен соғысып жеңілгені туралы ғана айтылады. Түркі тайпаларының тарихында ерекше тарихи орны бар тайпаның бірі печенегтер жайлы да В. В. Бартольд басқа тарихи мәліметтермен М. Қашқари деректерін салыстыра, сабақтастыра әңгімелейді. VI–VIII ғасырлардағы түркі империясынан кейін батысқа оғыздардың жылжуының ең ертесі IX ғасырдың аяғына қарай печенегтердің жылжуы болды. X ғасырдың I жартысында жазған Византия императоры Константин Багрянородныйдың баянында бұл оқиғаның өзіне дейін елу жыл бұрын болғанын баяндаған. Печенегтер Рашид ад-динде де, М. Қашқарида да оғыз руларының ішінде аталады. Араб географтары печенегтерді IX ғасырда-ақ жеке тайпа ретінде хазарлардың шығыс көршілері болып, Жайық өңірінде тұрғандығын баяндайды. Соған қарағанда печенегтер оғыздардан бөлініп көшпей тұрып оқшауланған болуы керек. 922 жылы араб саяхатшысы ибн Фадлан хазарлар елінен печенегтердің дені олардың билігінің келісімімен де, келесімінсіз де өтіп, Оңтүстік Ресейге тұрақтаған дейді. Орыс жылнамаларында печенегтердің Руське жасаған шабуылдары мен орыс князьдарының олармен күресі жиі еске алынады. Киевтегі Святославтың өзіне қауіп төндіріп тұрған. К. Багрянородный печенегтер жайлы көптеген мәліметтер келтіріп, печенег руларын санамалайтын тұстары бар. М. Қашқарида сөз болатын тайпалардың бірі татарлар. Бұл атау орхон жазуларынан, яғни VIII ғасырдан бері белгілі. Татар монғол диалектілерінде сөйлеген тайпалардың жиынтық атауы болған. Қытайлар татарларды үшке бөліп атаған. Олар: 1) Қытай мен оңтүстікте көрші тұрғандарды ақ татарлар, 2) солтүстікке қарай тұрғандарды қара татарлар, 3) ал қиыр солтүстіктегілерді жабайы татарлар, оларды монғолдардың өздері «орман халықтары» деп атаған. Қара татарлар – көшпенділер, ақ татар мен жабайы татарлар аңшылар болған. М. Қашқари «Сөздігіндегі» оғыздарды В. В. Бартольд көне тарихтағы оғыздармен түбегейлі баланыстыра сөз етеді. Түркі халықтарының тарихында IX ғасырдың ортасы мен XI ғасырдың басында өмір сүрген Оғыз мемлекеті – Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойы мен оған шектес Батыс Қазақстан жерінде пайда болған оғыз тайпаларының ежелгі феодалдық мемлекеті. Оғыздардың бастапқы қоныстанған жерлері Орта Азияның оңтүстікшығыс аймақтары болса керек. В. В. Радловтың түркілер VI–VIII ғасырларда оғыз халқына жатқан деген пікірін ескерсек [Бартольд В. В., 1993, 23б], оғыз түркілер мемлекеті Шығыс түркі қағанатын қазіргі Монғолия жерінде 745 жылы ұйғырлар құлатқанға [Бартольд В. В., 1993, 29,35б] дейінгі тарихтың IX ғасырда аңызы да қалмағандығын В. В. Бартольд: «Среди огузов в то время уже не было преданий о господстве их народа в прежние времена в Монголии» [Бартольд В. В., 1993, 81б] дейді. Жалпы ертедегі оғыз топтары Жетісу өңірінен көше бастады. Бұл негізінен Батыс түркі, Түркеш қағандықтары құлағаннан кейінгі тайпалар арасындағы өзара қырқысулар және Жетісуда қарлұқ бірлестігінің құрылуына байланысты болды. IX ғасырдың басында оғыз көсемдері қарлұқтармен, қимақтармен одақтасып, қангор-печенег бірлестігін қиратып, Сырдария мен Арал маңындағы жазықтықты, IX ғасырдың соңында хазарлармен одақтасып, печенегтерге қайта соғыс ашып, Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын жаулап алды. Астанасы Сырдарияның аяққы ағысында орналасқан Янгикент [Жаңакент – Көмеков Б. Е., 197б; Жанкент – Марғұлан Ә., 1999, 79б] қаласы болған. Жаңакент Еділ жағалауы мен Маңғышлақ, Үстіртті басып өтіп, Еуропа мен Азияны жалғас-

тыратын тоғыз жолдың торабында орналасты. Жаңакент арқылы маңызды керуен жолдары қимақтар еліне, Хорезм мен Мауреннахрға өтетін. Оғыз мемлекетінің тайпалық құрамы да әр текті болды. Оғыздардың құрамына ежелгі тайпалар ретінде негізінен түркіленген Сырдария алқабы мен Арал–Каспий далаларын мекендеген этникалық топтар және Жетісу мен Сібірдің жартылай көшпелі және көшпелі рулары кірді. Оғыздар бірнеше тайпаға, тайпалар бірнеше руға бөлінді [Көмеков Б. Е., 365 б]. М. Қашқари оғыздар бастапқыда 24 рулы ел болғанмен, XI ғасырда оның 2 руы бөлініп кетіп, 22 ру қалғандығын ескертеді. 24 рудан бөлінген 2 рудың бірі – қалач (халадж). Қалач руының бір бөлігі ауған халқына араласып, «гильзай» аталып, тілін жоғалтқан, екінші бөлігі Үндістан мен Иранға кеткен. Үндістанда олар «хильдж» деп аталған, осы елдің саяси тарихында біршама уақыт ерекше рөл атқарған, Ирандағы қалачтар кейін келе оғыздармен қосылғандықтан, түркі тілін сақтап қалған дейді В. В. Бартольд [Бартольд В. В., 1993, 76б]. 24 рудан бөлінген 2 ру: Рашид ад-дин бойынша қайық, М. Қашқарида көне атауы қынық руы. Қынық (қайық) руы – кейін келе Осман династиясы шыққан ру [Бартольд В. В., 1993]. Бұған дейін түркі тарихында М. Қашқари таза түркі тектес емес ру атаған қай тайпасы монғол тайпасы болғандықтан, қай және қайық тайпаларын бір тайпаға санап, Маркварт деген зерттеуші османдықтарды монғолдың қай тайпасынан шыққан деп қате болжам жасап келген болатын. В. В. Бартольд: «После Махмуда Кашгарского, как основательно разъяснено и в турецкой науке, должно отпасть мнение Маркварта... » [Бартольд В. В., 1993. 81б] деп бұл қажеттіліктің төрелігін айтты. Оғыз мемлкетін ябғу (жабғу) басқарды. Жабғу билігі ұрпақтан ұрпаққа мирас болып беріледі. Бұл мемлекет Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарды. 965 жылы оғыз жабғуы мен Киев князы Святославтың арасында хазарларға қарсы одақ жасалды. Киев Русінің оғыздармен әскери-саяси одақ жасауы олардың саяси, сауда-экономикалық мүдделерінің бір екенін көрсетті. X ғасырдың аяғында оғыз жабғуы орыс князьдарымен бірлесе отырып, Еділ бұлғарларына үлкен соққы берді. Ауыр салыққа наразы оғыз тайпаларының арасында көтерілістер жиіледі. Көтерілістер шамамен X ғасырдың ортасында билік құрған Әли ханның тұсында болды. X–XI ғасырларда Оғыз мемлекеті әлсірей бастады. Наразылықты селжүк көсемдері тиімді пайдаланып, Жент қаласын басып алды. Селжүктер Сыр бойында ұзақ тұрақтамағанмен, олар бұдан кейінгі замандарда түркі тайпаларының тарихында ғана емес, Еуразия тарихында ерекше орын алғаны белгілі... Оғыздардың ең соңғы жабғуы Шахмәлік селжүктердің қолынан қаза тапты. Оғыз мемлекеті қыпшақ тайпаларының соққыларынан соң біржола күйреді. Қыпшақтардан ығысқан оғыздардың едәуір тобы шығыс Еуропа мен Кіші Азия жерлеріне өтіп кетті де, қалғандары Қарахан мен Селжүк билеушілердің қол астына көшті. Ал қалғандары XI ғасырдың ортасында түркі тілдес Дешті Қыпшақ тайпаларының арасына тарады. Оғыз руларының аттары қазақ руларының, кіші жүз, орта жүз тайпаларының аттарында сақталып қалды. В. В. Бартольд оғыздар Сырдария бойынан халық даналығының кеніші, жырау Қорқыт туралы аңыздарды батысқа апарып таратты, Қорқыттың бейіті Сыр бойында болса да, ол туралы аңыздар түркімендерде, орта ғасырларда Кіші Азияда да, тіпті Осман дәуірінде, XVII ғасырға дейін әзірбайжандарда таралды, Қорқыт есімі X ғасырда печенегтерде де болған [Бартольд В. В., 1993, 82б] дейді. В. В. Бартольд араб географтарының деректері бойынша оғыздардың солтүстігінен батыстағы Еділ немесе Камаға дейінгі (ол кезеңде Кама Еділ өзенінің жоғарғы ағысы болып саналған) кең байтақ өлкені Ертіс бойындағы қимақтар алып жатқанын, қимақтар іштей бірнеше руға бөлінгенін, олардың арасында қыпшақ пен иемектердің де болғанын айта келіп, М. Қашқари еңбегінде «қимақ» сөзінің де жоқ екенін, Ертіс бойын қыпшақ тайпасы мен иемектердің жайлайтынын тілге тиек етеді.

Тарихшы М. Қашқарида «қаңлы» сөзі тайпа аты (этноним) ретінде емес, қыпшақтардың ұлы адамы (антропоним) және «арба» мағынасында қолданылғанын, Сығанақты оғыз өлкесінің қаласы деп ескертеді. М. Қашқари «Сөздігінде» түркі жұртының көптеген жыр үлгілері, мақал-мәтел, қанатты сөздері, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен наным-сенімдері, мемлекет басқару деректері және т. б. мәліметтер келтірілгенмен, олардың қай жерде, қай түркі тайпасында қолданылатыны жайлы ештеңе айтылмағанына өкінішін де білдіреді. Қашқарида парсы поэзиясының, араб тілі мен ислам дінінің түркілік сипатты ығыстыра алмағандығына, дәстүрдің берік сақталғандығына сүйсініс білдіреді. Оған дәлел ретінде Орхон жазуларында кездесетін Ұмай культінің М. Қашқарида Ұмайды анасының жатырындағы сәбидің қорғаушы рухы деп түсіндіріп, «Ұмайды қастерлесең, ұл табасың» деген мәтелін де келтіреді. «Йог» сөзінің «марқұмды еске алу», «адамдарға мәйітті жерлеп келгеннен кейін және үш күнге немесе жеті күнге жалғасатын ас беру» деген мағыналарын; түркілерде екі жақ соғысардан бір күн бұрынғы түнде екі жақтың рухтары шайқасады, сондықтан сол күні түнде сарбаздар өз күркелерінен рухтардың жебесі тиеді деп далаға шықпайтын болған, рухтардың оғы «джави» (жебе – Ш. Ж.) деп аталғанын; сәби дүниеге келгенде «Ұл ма, қыз ба?» деп емес «Қасқыр туды ма, түлкі туды ма?» деп сұраған деген секілді этнографиялық ерешеліктерді қадау-қадау баяндайды. М. Қашқаридің мемлекет басқару істері жайындағы түсіндірмелеріне де тарихи негіз артады. Мемлекеттік басқару мәселесінде хандық өкіметтің

сыртқы белгілерінің бірі ту (туғ) туралы ұқыптап баяндайды. Бір ханда ең көбі тудың саны тоғыздан аспауы керек болған. Олар «тоғуз туғлуқ хан» деп аталып, ханның, хандықтың күш-қуатын білдірген. М. Қашқари еңбегінде мұсылман емес түркі тайпасы ұйғыр ханына қатысты дерек те әңгімеленеді. Олардың туы «қамду» деп аталып қағаз бен мақта матадан жасалып, ұзындығы 4 білек (2 метрдей), ені 1 қарыс (шибр) болған. Оларға ұйғыр ханының мөрі басылып, сауда ісінде құндылықтың өлшемі қызметін атқарған. Ту тігілген матаның әрбір бөлігі жеті жылда бір рет қайта тігіліп, жуылып, мөр жаңадан басылып отырған. Қағаз бен мақта матаның жұрнақтары Қытай Түркістанында жаңа заманға дейін ақша орнына жүрген. Кейде мемлекеттік басқару терминдерінің Қарахан мемлекеті мен селжүк ұрпақтары, яғни Оғыз мемлекеті аралығында айырмашылық болған. Мәселен, шығыс түркісі шігілдерде монғол империясының салдарынан ярлық термині қолданылғанмен, оны оғыздар білмеген, ал оғыздарда «мөр және мөр қоюшы» деген мағынадағы туғрағ (туғра) сөзі қолданылған. Қашқари бұл сөзді «түркілер білмейді, оның қайдан шыққанын мен де білмеймін» дейді. Туғра сөзін тек селжүктер, олардан кейін Осман түркілері қолданған, Орта Азия еліне тіпті белгісіз еді. Шығыстанушы академик В. В. Бартольд М. Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігін» тарихи дереккөз ретінде орта ғасырлардағы, әсіресе Қарахан мемлекеті тарихына қатысты мәліметтер ретінде пайдаланады [Бартольд В. В., 1993]. IX-XIII ғасырларда өмір сүрген Қарахан мемлекетінің шығысындағы Монғолиядан, оңтүстік-шығысындағы Қытайдан басқа шекарасын айнала түркі тілді тайпалардың мемлекеттері қоршап тұрды. Мәселен, оңтүстік-батысындағы Ғазнауи мемлекетінің (977–1186) батысы Каспий теңізінің оңтүстігін, солтүстігі Әмударияның батысын түгел бойлай Арал теңізінің оңтүстігін, солтүстік-шығысы Әмударияға дейін, шығысы мен оңтүстігінде Үндістанның солтүстігі мен батысында Инд өзенінен өтіп, Пенжаб өлкесін жартылай алып жатса, оңтүстік-батысы Персияның шығыс бөлігін мекендеді. Солтүстік-батысындағы Қыпшақ хандығының (XI ғ. I ж. –XIII ғ. басы) солтүстігі Ока өзеніне дейін, батысы Қара теңіздің солтүстігі мен шығысын қамтыды. Қарахандықтардың батысынан солтүстікбатысына қарай, Бұхарадан солтүстікке қарай, Әмудариянның төменгі ағысының екі жағалауын ала, Арал теңізіне дейін Хиуа мен Үргеніш шаһарларын қамтыған Хорезм хандығы орналасты. Ал Қарахан мемлекетінің өзі батысы Әмударияға дейін, солтүстігі Балқаш көліне дейін, оңтүстігі Балхқа дейін, оңтүстік-шығысы Хотанға дейін, солтүстік-шығысы Іле өзенімен шектеліп, солтүстік-батысы Үргеніш, Отырарға дейінгі жерді алып жатты. М. Қашқари өз еңбегінде Қарахан қағанаты өмір сүрген кезеңдегі Ғазнауи, Хорезм және Қыпшақ хандықтарында тіршілік кешкен түркі тайпалары тілдерінің барлығын қамтыды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бартольд В. В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.

2. Көмеков Б. Е. Қарахан мемлекеті //Қазақ ССР-і. Қысқаша энциклопедия. 1-т. – Алматы: ҚСЭ. -Б. 289-290.

3. Марғұлан Ә. Қорқыт: аңыз және ақиқат //Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. Б. 34 – 89.

4. Көмеков Б. Е. Оғыз мемлекеті //Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия. 1-том. – Алматы: ҚСЭ-сы бас редакциясы. – 592 б. – Б. 365 – 366.

UDC: 338. 24

ZHAKSYBAYEVAA.
senior-teacher
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

DAULIYEVA G. R.
associate Professor
al-Farabi Kazakh National University

YERALIYEVA A. Y.
researcher
al-Farabi Kazakh National University

METHODOLOGICAL APPROACHES TO ASSESS THE EFFECTIVENESS OF PUBLIC ADMINISTRATION OF THE DIGITAL ECONOMY

Түйін. Қазақстанның үкіметімен мемлекеттік органдары қоғамды ақпараттандырудың және сандық технологиялардың ұзақ мерзімді экономикалық өсуді анықтаудағы маңыздылығын мойындай отырып, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде осы саланы дамытуға белсенді қатысады. Алайда, қазіргі уақытта цифрлық экономиканы мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалауға ешқандай тәсіл жоқ.

Мақалада сандық және цифрлық емес факторларға негізделген Қазақстандағы цифрлық экономиканы мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалаудың әдіснамалық әдісі ұсынылған.

Түйінді сөздер: цифрлық экономика, мемлекеттік басқару, тиімділігі.

Резюме. Правительство и государственные органы Казахстана, осознавая важность информатизации общества и развития цифровых технологий в определении долгосрочного экономического роста, принимают активное участие в развитии цифровой экономики как одного из ключевых направлений государственной политики. Однако на данный момент нет подхода к оценке эффективности государственного управления цифровой экономикой.

В статье предложен методологический подход к оценке эффективности государственного управления цифровой экономикой в Казахстане на основе цифровых и нецифровых факторов.

Ключевые слова: цифровая экономика, государственное управление, эффективность.

Summary. The governmentof Kazakhstan, recognizing the importance of informatization of society and the development of digital technologies in determining long-term economic growth, are actively involved in the development of digital economy as one of the key areas of state policy. However, at the moment there is no approach to assessing the effectiveness of public administration of the digital economy.

The article proposes a methodological approach to assessing the effectiveness of public administration of the digital economy in Kazakhstan based on digital and non-digital factors.

Keywords: digital economy, public administration, effectiveness.

Methodological approaches to assessing the effectiveness of public administration of the digital economy are designed to identify key gaps, problems and opportunities for future growth, as well as areas requiring a more thorough analysis.

The digital economy - an economy based on the development and use of digital technology - is built on a foundation that provides economic and social transformation. It consists of [1]:

- non-digital factors, including policy and

strategic planning, leadership and institutions, legislation, human capital, innovation, the business environment, trust and security, and ensuring the creation of an enabling environment in which digital transformation can take place;

• digital factors, including digital infrastructure, shared digital platforms, and emerging digital technologies;

• the digital sector of the economy, which includes the information and communication technology sector (ICT sector), as well as the content and media sector (media).




Fig. 1 The structure of the methodology for assessing the country's readiness for the digital economy

The first non-digital factor that should be used to assess the effectiveness of public administration of the digital economy is the factor of public policy and strategic planning.

Despite the fact that Kazakhstan has developed a clear vision and strategy for digital transformation and set ambitious goals, much work needs to be done to prepare detailed action plans and roadmaps for implementing this strategy. Significant efforts must be made to optimize the management of this process (for example, to ensure responsiveness to create units responsible for strategic forecasting) and to develop monitoring and evaluation tools to ensure the effective implementation of the strategy.

It is also important to develop a mechanism for the active participation of the state in the transition to a digital economy and constant coordination at the state and regional levels.

The next indicator is Leadership and Institutions. Kazakhstan has a very high commitment and responsibility of the country's leadership to accelerate digital transformation. The President of the Republic of Kazakhstan each time marks digitalization as a strategic priority of the country. However, the commitment to the figure on the part of the traditional sector of the economy, as well as small and medium businesses, is not so great. A number of measures may be required to stimulate the increased use of digital tools and strategies by the private sector and society at large.

Legislation and regulation is the next non-digital factor in assessing the effectiveness of public administration of the digital economy. It is impossible to influence the development of the digital economy through a standard set of legislative reforms. The peculiarity of the Kazakhstani economy is that the pace of digitalization in different industries is significantly different, due to this, a change in the legislative framework should be implemented gradually. The state acts not only as the main regulator, but also the entity responsible for protecting the interests of market participants and solving the problem of social imbalance.

At the initial stage of the legal regulation of the digitalization process, an analysis and evaluation of existing legislative norms is made with regard to their relevance to the regulatory models used. Developed countries, when choosing a methodology for legal regulation of the digital economy, prefer not to create a single comprehensive regulatory document, but to amend existing laws. Such an approach is characteristic of Great Britain and France.

To digitalize the economy at the state level, it is necessary to remove a number of restrictive administrative barriers. In this case, it is necessary to conduct constant monitoring to maintain a balance

of interests of society, business and end users of digital services. Obstacles can be expressed in barriers when new entrants enter the market or when a new product is introduced, when the latest developments are introduced.

The hard work to improve legislation over the past decade in Kazakhstan has led to the development of updated regulations regarding digital payment systems, digital infrastructure and information security policies.

In June 2017, the Government of the Republic of Kazakhstan approved the Concept of Cybersecurity ("Cyber Shield of Kazakhstan") [2]. It defines the main directions of the implementation of state policy in the field of protection of electronic information resources, information systems and telecommunication networks, ensuring the safe use of information and communication technologies.

In 2019, the draft law of the Republic of Kazakhstan «On Amendments and Additions to Some Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on the Regulation of Digital Technologies» was submitted to the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan.

At the same time, additional work needs to be done to protect the rights of Internet users and regulate digital transactions. Another area that needs to be developed is the creation of incentive mechanisms for the use of digital goods and services. Existing regulatory gaps hinder the introduction of digital technology in the private sector, which in turn slows down the digital transformation.

The next non-digital factor in assessing the effectiveness of public administration of the digital economy is human capital. Over the years of independence in Kazakhstan, much has been done to develop human resources. Kazakhstan ranks 56th out of 188 in the human development index, and 29th out of 130 according to the 2017 World Economic Forum [3].

High places in international ratings on human capital development reflect the advantages in this area that have remained from Soviet times. But the training of specialists in the field of digital competencies is insufficient, so there are not enough qualified graduates in the field of digital economy. Most educational programs are not updated and do not provide for the development of key competencies in the field of digital transformation. Human capital development issues became one of the topics for discussion at the Astana Economic Forum in May 2019. Participants' speeches noted that in the world of global digitalization, knowledge is becoming more accessible, competition is gaining a new look: the human economy comes first. In accordance with the new tasks, the Government of Kazakhstan is currently developing a new State program for the development of education and science. In the Message of the First President of the Republic of Kazakhstan - Leader of the nation N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan «New Development Opportunities in the Conditions of the Fourth Industrial Revolution» the development of human capital is defined as the seventh priority direction of the country's development.

The first President talks about modernizing the country, relying on the development of a «smart economy", which, in turn, requires a new quality of a person, his knowledge, competencies, and skills. In fact, the entire Message addresses the issue of the development of human capital in Kazakhstan, giving it a new qualitative level. Moreover, it outlines the measures necessary to create systemic conditions for the modernization of the country through the modernization of human resources designed to implement it.

The last non-digital factor is research and development. The overwhelming majority of employees of scientific institutions and university professors see ways to improve the situation in Kazakhstani science by increasing government funding and strengthening government support for science. Far in the background in their minds and ideas are market mechanisms for increasing the effectiveness of science, such as the formation of a competitive environment in the scientific sphere, the creation of flexible forms of material stimulation of research, etc. The results obtained make us regret to note the prevalence of conservative and paternalistic sentiments in the scientific community.

Digital factors for evaluating the effectiveness of public administration of the digital economy include digital infrastructure, shared digital platforms, and emerging digital technologies.

In recent years, Kazakhstan has invested in the development of broadband Internet access and has built a fairly powerful and well-developed digital infrastructure, including a competitive telecommunications market. Such infrastructure has allowed the creation of large domestic and localized digital platforms and can be further used to launch the next generation mobile networks (4. 5G and 5G) to create a more efficiently distributed network of data centers, the development of local companies involved in data analysis, and the introduction of nascent digital technologies such as the Internet of things, artificial intelligence, robotics and blockchain.

Interest in emerging technologies in Kazakhstan is very high. However, more broadly, this interest does not yet extend to specific strategies, new products and services, commercialization models and national projects that could lead the country to leading positions in this field.

Experts emphasize that the digitization of business and entire industries is not just fashionable words, but a real pragmatic process, the effectiveness of which is calculated by specific figures of GDP growth:

a) it is predicted that the cumulative effect of

the implementation of digitalization projects will be up to 30% of GDP growth since 2025. The program has significant potential for creating added value and reducing costs in the economy, which will allow achieving a country's GDP growth rate of 4. 5–5% per year on the horizon since 2025;

b) it is assumed that, thanks to the relevant processes, between 2018 and 2022, 200 thousand new jobs will be created;

c) according to preliminary estimates, the direct effect of the state program «Digital Kazakhstan» by 2025 will allow creating an added value of 1. 7-2. 2 trillion tenge, thus ensuring a return on investment of 4. 8-6. 4 times by 2025 to total investment, taking into account private investment[4];

d) it is expected that Digital Kazakhstan will not only introduce technologies such as Big data, Blockchain, the Internet of Things within the framework of state projects, but also create favorable conditions for their use by the market. It also creates a «greenhouse environment» for the development of the sphere of «IT startups» by creating an ultramodern AstanaHub based on the EXPO infrastructure;

e) it is noted that «through the progressive development of the digital ecosystem, it is possible to improve the quality of life of the population and the competitiveness of the economy of Kazakhstan".

CONCLUSION

Governments can improve the country's performance in science, technology, and innovation by correcting the uncertainties inherent in the digital economy. However, only a few governments can confidently answer the basic questions about how much money is spent, by whom, for what purpose and with what results, and especially about whether public policy brings the expected results and what impact it has on sustainable development. An assessment of the above digital and non-digital factors, as well as an assessment of the degree of digitalization of individual sectors of the economy on a five-point scale, can be a powerful tool for improving the system of public administration of the digital economy [5].

Based on this methodological approach to assessing the public administration of the digital economy, several comprehensive conclusions can be drawn. To ensure the success of digital transformation, the state must take measures in several directions. These measures are necessary both at the national and regional levels, as well as at the sectoral level.

REFERENCES:

1. The website of the World Bank. URL: http://www. worldbank. org/ru/events/2016/02/01/central-asialaunch-wdr-2016.

2. State program «Cyber Shield of Kazakhstan» 2017 Electronic resource] Access from the Information and Legal System of Normative Legal Acts of the Republic of Kazakhstan «Adilet". Access mode URL:http://adilet. zan. kz/rus/docs/P1700000407.

3. Thompson S. H. Teo. Understanding the Digital Economy: Data, Tools, and Research// Springer// Asia Pacific Journal of Management, 2001. volume 18. – p. 553–555.

4. State program «Digital Kazakhstan» 2017 [Electronic resource] Access from the Information and Legal System of Normative Legal Acts of the Republic of Kazakhstan «Paragraph". Access mode URL: https://online. zakon. kz/document/?doc_id=37168057#pos=5;-106.

5. Krasilnikov D., Sivintseva O., Troitskaya E. Modern Western Management Models: Synthesis of New Public Management and Good Governance// ArsAdministrandi, 2014. issue 2, 45-62.

ӘОЖ 378 (075,8):1
МҒТАР 21. 31. 51

ҚАРАТЫШҚАНОВА Қ. Р.
философия ғылымдарының кандидаты, доцент
Дінтану кафедрасы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЖАНДАРБЕК З. З.
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Дінтану кафедрасы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘБУ МАНСҰР ӘЛ-МАТУРИДИ МЕН ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ АЛЛАНЫҢ БОЛМЫСЫ МЕН ИМАНҒА ҚАТЫСТЫ ПАЙЫМДАУЛАРЫ

Түйін. Мақалада Алла болмысының онтологиялық мәні Әбу Мансур әл-Матуридидің «Китабут-Таухид» еңбегін талдау арқылы қарастырылады. «Дене» түсінігінің мазмұны анықталады, оның жаратушы мен жаратылғандарға қатысты қолданысы анықталады. Мақаланың ғылыми жаңашылдығы ақылдың рөлі, иман, ажал және адам еркі тақырыптарының қазақ ақын-жыраулarының шығармашылығымен салыстырыла беруінде жатыр. Имам Ағзам Әбу Ханифа жолымен жүрген Әбу Мансұр ал-Матуридидің амалдан гөрі иманға мән беруі баса айтылады.

Түйінді сөздер: Алланың болмысы мен сипаттары, Әбу Мансұр әл-Матуриди, дене, ақыл, иман, ажал, қазақ ақын-жыраулары.

Резюме. В статье исследуется онтологическая сущность природы Аллаха путем анализа работы Абу Мансура аль-Матуриди «Китабут-Таухид». Определено содержание понятия «тело», определено его применение к создателю и созданиям. Научная новизна статьи заключается в рассмотрении вопросов разума, веры, смерти и воли человека с привлечением трудов казахских мыслителей и поэтов. В результате исследования была основана приоритетная позиция веры по отношению к действию.

Ключевые слова: Бытие и атрибуты Аллаха, Абу Мансур аль-Матуриди, тело, разум, вера, смерть, казахские мыслители и поэты.

Summary. The article explores the ontological essence of the nature of Allah by analyzing the work of Abu Mansur al-Maturidi «Kitabut-Tawhid. » The content of the concept of «body» is defined, its application to the creator and creatures is determined. The scientific novelty of the article is to consider the issues of reason, faith, death and human will with the involvement of the works of Kazakh thinkers and poets. As a result of the study, the priority position of faith in relation to action was founded.

Keywords: Existence and attributes of Allah, Abu Mansur al-Maturidi, body, mind, faith, death, Kazakh thinkers and poets.

КІРІСПЕ

Қазақ топырағына исламдық тақырыптарға арналған зерттеу еңбектерінің дінмен бірге келуі екіталай. Олай дейтініміз, араб-парсы тілдері ғылым нілі ретінде қолданысымызға етене енбеді. Діни санамыздың қалыптасып, діндарлыққа бет алуымыздың астарында Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың ілімін мойындап, оның танымын бөлісу тұрғаны анық. Бұдан былай мұсылман болудың шарты араб мәдениетін қабылдау деп қаралмайтын болды. Түркілік идеясын хикметтеріне арқау еткен Қожа Ахмет Ясауи түркілердің өз мәдениеті мен өркениеті шеңберінде мұсылман бола алатындығын дәйектеді. «Менің хикметтерім Алладан пәрман, оқып-ұққанға бар мағынасы - Құран» деуімен алғаш түркі жұртын діни жаухарлармен сусындатты. Ясауилік дәуірден басталған топырағымызда исламдық ренессанс бой түзеді, Бағдад, Самарқанд, Бұқара медреселерінде білім алғандар фәлсафи және метафизикалық терең ойға құрылған калам, сопылық, фәсафа сынды ғылым мұраларын меңгеріп, дүниепанымдарына арқау етті.

Түрлі діндердің тоғысында орналасқан Самарқанд, Мауараннахр жері түрлі көзқарастардың сұқбат алаңына айналды. Бағдадта негізі қаланғанымен калам ілімі осы Самарқанда жерінде шарықтап дамыды. Ақылды ежелден өздеріне дос еткен түркілер самарқандтық ғұлама Әбу Мансұр ал-Матуридидің еңбектерін оқып, иман негіздерін күшейтті. Әбу Ханифа жолымен жүрген Әбу Мансұр ал-Матуриди амалдан гөрі иманның маңыздылығын алға тартады. «Китаб ат-Таухид» еңбегінің бірқатар жерінде Алла та-

ғаланың болмысына қатысты орын алған көзқарастарды саралап, өз пікірін білдіреді. Ендігі жерде сол көзқарастарда қарастырып, талдау жасасақ.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Аллаға дене (жисм) түсінігінің қолданылуы және ақылдың бағалануы

Әбу Мансұр әл-Матуриди Алла Тағаланың сипаттарының ішінде «дене» сипатына талдау жасап, бұл «дене» түсінігінің Алла атымен байланыстырылу себептерін түсіндіреді. Ол былай дейді: «Дене сөзі екі түрде қолданылады. Бірінші, дененің сезімдер әлеміндегі маңызы. Бұған қарағанда, дене аспектілері бар немесе шектерінің табылу ерекшеліктерін арқалаған немесе үш өлшемді нәрсенің атауы деген сөз. Бұл мағынаға сай келген «дене» сөзін Алламен байланысты қолдану мүмкін емес. Өйткені, бұлар жаратылғандықтың көрсеткіштері және соңынан пайда болған құбылыстар (белгілер). Сөз тақырыбы болып отырған ерекшеліктер кейіннен пайда болғандығын білдіреді, қалыптастырушы бөліктерге бөліну және шекараларға ие болғандық сипатын көрсетеді. Алдында ешбір нәрсенің О-ның ұқсасы болмайтынын түсіндіріп едік. Ал, «денеге» қатысты мәселелерде болса, Аллаға қатысты нәрселердің көбінде ұқсату сипаты бар. «Дене» сөзінің екінші мағынада қолданылуына келсек, бір нәрсенің болмысын түсіндірерде оның басқа айқындалған бір маңызының болмауы формасына келеді. Бұл жағдайда, басқа нәрсенің табылу ықтималдығы табылмағанда Аллаға қатысты қолданылуы мүмкін болар еді. «Дененің» дәлелді есімдерінен қабыл еткен ешбір адам жоқ. Егер дәлел түсінігі ішіне кіргенде, белгі мен сипаттар дене деп аталмас еді. Бұл себептен осындай қолданыс қабылдауға лайықты болар еді.

Аллаға «жасаушы», «ғалым» және де осыған ұқсас бір есім қолданар болсақ, былай делінеді: Мұның жауабы бар. Біріншісі, мағынасын түсінбестен, осындай есіммен Алланы атауымыз дұрыстық болар еді. Екіншісі болса, жасаушы және ғалым сөздерінің мағыналары сезімдер әлемінде қолданылып, мұнда жаратылғандарға дәлел ете алатындай айғағы болмаса. Иә, «жасаған» мен «ғалым»-ның мағыналары ішінде жаратылғанның дәлелі табылмасы анық. Бұл себептен Алланың сипатталмасы бұлардың әрбірімен мүмкіндік шеңберіне кіреді. Сондықтан, ұқсас емес басқа жаңа жаратылыстарға ұқсатпау шартымен бұл сөздерді Алламен байланыстыра қолдану (настарда барына қарап) қажет болады.

Егер былай айтылса: Аллаға «жасаған» деп есім берілгендігіне қарағанда, Онда да дене болған деген шешімге неге келмедің? Мәселен, «қадір» және «ғалым» да осы сияқты. Өйткені, сезімдер әлемінде бұлармен аталғанның барлығы дене болып табылады. Мұның жауабы мынадай: Сезімдер әлемінде адамның бұл атаулармен аталуының себебі, оның есім болғандығынан емес. Өйткені, біз дене болғандар жағдайында сөз етілген түсініктермен есім берілмеген заттарды да танимыз. Бұл себептен, жалғасып келе жатқан нәтижеге бару қажет емес. Мынаны да еске салайық, Алланың белгілі түсініктермен есімдендірілуінің негізгі тіректерін ортаға шығарған нақыл мен ақылдың тәсілдері екендігін мұның алдында анықтап көрсеткен болатынбыз. Бұларға қарсылардың пікірлерінің жалғасуына біз балама бола алмаймыз. Егер осылай қарсылықтар айтылса, басқасының да «адамның денесі, адам» және ұқсас сөздермен ілгері жалғасып, қатарласқан пікірмен қарсымызға шығуы мүмкін болар еді. Мұнда сол да бар, сезімдер әлемінде «дене» ұғымы белгі, қозғалыс, әрекет және тұру түрлерінен ұсақ элементтерге (жуз, бааз) және бөліктерге айырылу сипатын алып жүрген нәрселер үшін қолданылмайды. Демек, дене «ұзындық» және «кеңістік» сияқты өлшем элементтеріне ие болған және айрықша түрлі бөліктерден құралған заттың атауы. Егер Алла туралы О-ның белгілі бөліктерден тұратындығы туралы жорамалдайтын болсақ, тіпті және де О-ған байланыстырылатын бөліктер түсінігінің ашықтығы өзіне де қандайда бір қозғалысқа дәлел бола алмас еді. Егер біздің шешіміміз жаңылыс болса, әуелден өздігінен бар болған нәрсені бір өтпелі нәрсеге теңеп, сөз ету жаңылыс болар еді (ондай түрлі заттардан құралған нәрсе әуелден және өздігінен пайда болма алмайды). Егер жағдай ұсынылған шеңберде қаралса, Ол үшін ұзындық, дене, түр, дәм, және ұқсас нәрселерден тұратындығы туралы сөз ету мүмкіндік шеңберіне кірер еді. Себебі, сезімдер әлеміндегі құралған заттарда бұлар бар. Біздің бұл айтқандарымыз түрлі элементтерден құралған құрам түсінігі өзгерсе, тіпті табиғатында болмай қоймайтын бір формада табылуына қарағанда, бұлардың Алламен байланыстырылуы мүмкін емес. Бұл жағдайда дене түсінігі жағдайы да осындай» [1, 90-92 бб.]. Біз бұл жерде Әбу Мансұр әл-Матуридидің «дене» түсінігі туралы пікірін толығымен беріп отырмыз. Өйткені, бұл мәселе күні бүгін де өзінің өзектілігін жоймай отыр. Алла Тағаланы «пәлен қат аспанда екен, арышта, тақта отырады екен» деген түсінік әлі күнге жалғасып келеді және қаншама адамды иманынан адастыруда. Бұл мәселе қазақтың дәстүрлі діни танымына да қайшы екендігін түсінуіміз керек. Ол үшін мына мысалдарға назар салып көрелік. Абай атамыз өзінің «Лай суға май бітпес қой өткенге» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Берген бе саған Тәңірім өзге туыс?
Қыласың жер-жиһанды бірақ-ақ уыс.
Шарықтап, шартарапқа көңіл сорлы,
Таппаған бір тиянақ неткен қуыс.

Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңрі,
Өзіне құмар қылған оның әмрі.

Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі дәһрі.

Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір Тәңріні болдырады.
Талып, ұйықтап, көзіңді ашысымен,
Талпынып, тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шәк-шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән,
Түп Иесін көксемей болама екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойлаймын,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен? **[**2**].**

Абай атамыздың бұл өлеңі Алла Тағалаға «дене» атауының берілуінің қате екендігін айқын көрсетіп тұр. Бұл өлеңде келтірілген ақынның Жаратушы құдірет туралы ойлары мен бірге Оның мекенсіздігі туралы мәселе қоса айтылып тұр. Демек, Ол уақыттан да, мекеннен де тәуелсіз. Еш нәрсеге мұхтаж емес. Оған ұқсас ешнәрсе жоқ. Ал, бұл Жаратушы туралы қазақ иманының түп қазығы.

Қазақтың классикалық поэзиясының асқар шыңы болып саналатын – Абай шығармашылығында ақылдың орны ерекше және Әбу Мансұр әл-Матуридидің пікірімен үндестік тауып тұр. Ең көп имандылық пен ақыл туралы жазған «Қара сөздері» маңызды орын алады. Қырық бесінші қара сөзінде Абай «Бұл ғадалет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекбіз, көзбен көріп, ақылмен біліп», деуімен [3,118 б.]. ойшыл әрбір қаланып істелген әрекеттің міндетті түрде зерделеніп, ақылға сәйкес жасалатынын көрсетіп тұр. Бұл матуридиліктегі «саналы негізі болмай бірде бір әрекетті ойлау мүмкін емес» сипаттамасына сәйкес келеді. Абайда бұған нақты сипаттама бар: «Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып қарап табады. Бұлай етіп бұл әрекетке түсінген адамды ақылды дейміз» [3, 112 бет.]. Жиырма сегізінші сөзінде: «Әрбір ақылы бар кісіге иманы бар кісіге ғибадат парыз екен. Жә, енді біз ақылды еркіне жібермесек, Құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады. «Мені танығын ақылменен танып» дегені қайда қалады?», деуімен имандылық болмысын ақылмен байланыстырады [3, 55 бет.]. Және де қоғамның болашақ көрінісін ақыл мен ғылым жеңісімен байланыстырады: «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» [Он сегізінші қара сөзі]. Ақылсыз адам баласы ешнәрсені іске асыра алмайды. Және басқаруы мүмкін де емес. Өйткені, адамды жаратылыстан ажыратып тұрған да осы ақыл. Алайда, сол ақылды көп жағдайдпа адам өз орнында пайдалана алмйды [4, 97-103бб.].

Әбу Мансұр әл-Матуридидің сенімде, күпірде, қажет болса жақсылық жасағанда, не жамандықты жасағанда адамға еркіндік берілу керек деуі осы пікірді қуаттап тұр. Адам өзі қалап жасаған істе Тәңірдің қалауы болмауы мүмкін емес. Адам Тәңірмен арасында байланыс орнатқысы келсе, тек өзі мұны шешеді. Бұлай болмаған жағдайда адам амалдарын мәжбүрлі түрде жасайтын болып шығады. Яғни, жаратылыста адамға ақылдың берілуі арқылы адамға ғана жауапкершілік жүктеліп отыр. Осы себептен, Матуриди дұрыс амалға бағыштайтын ақыл Тәңірдің мақсат еткен нәрселеріне лайық келген таңдауларды ғана жасайды. Дегенмен, ақыл сенім тақырыбында маңызды болғанымен, амалда ол тек тәсіл болып қалатынын айтқан Әбу Мансұр әл-Матуриди амалда нақылдың қажеттілігін де айтып өтеді.

Қазақ ақын-жыраулар поэзиясында талантты ақын Ұлжан Бекенқұлқызының (1869-1953) жастарды оқу-білуге шақыруда ақылға мән беретінін көруге болады:

... Білім қуған жастарға ақыл керек,
Сонан соң ой көрігі – нақыл керек.
Жас жігіт - өз елімнің болашағы
Жаңа бөрткен жайқалған жасыл терек... **[**5, 170 б. .]**.**

Қазақтың маңдай алды ақыны, Жүсіп Көпейұлы Алланың ақ жолымен жүретіндер еріктің Алладан екендігін қабылдағандар екенін түсіндіреді:

Алланың ақ жолымен жүретұғын,
Ерік Аллада екенін білетұғын.
Қызылшыл, жемтікшілді жібермеңдер,
Ит секілді жетекке еретұғын,
Дініңді кім қорласа – сол өш, қасың,
Қорлықтан ақпап па еді көзден жасың,
Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай,
Жұрт үшін арманың не кетсе басың... [5, 195 б. .]**.**

Қазақтың дарынды ақыны, сопы-ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының (1858-1931 жж.) заманы қаншалықты аласапыранды қиын болса, оның бай шығармашылық мұрасының соншалықты күрделі, сан-салалы әрі жаңашылдығы мол болды. Сонымен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақтың ұлы ақыны Абайдың қан жағынан ғана емес, сондай-ақ шығармашылық жағынан да жақын туысы болды. Адам үшін ақыл мен ғылым маңыздылығын ақын «Ғылымсыз адам - айуан» өлеңінде сипаттап кетеді:

Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса, ғылым тұл.

Ақылға еркін ой керек,
Матудан ойды азат қыл.
Әдеттеніп ертерек,
Өрісін кеңіт жылма-жыл [6,251б.].

ИМАН, АЖАЛ ЖӘНЕ АДАМ ЕРКІ

Исламда сенімді «итиқад», сенім жүйесін «ақида», ал осы салаға қатысты мәселелерді зерттейтін ғылымдар «кәлам» делінсе, сенім жүйесінің шарттары «әмәнту билла» делінеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген Абай Құнанбайұлы, - Әмәнту айтпаған кісі бар ма, Уә кутубихи дегенмен ісі бар ма? – деп дұрыс иман қажеттілігін айтады.

Иман негіздерін өлең-жырларымен бекіткен қазақ ақындары бұл мәселенің маңыздылығын түсінген. «Он екінші қара сөзінде» Абай иман тақырыбына маңыз береді де, иманды өмір бойы оқумен жүрекпен сенімін бекітіп отыру керектігін, онсыз ғибадат толық болмайтынын, тіпті иманы берік болмай ғибадатын тастаудың келеңсіздігін баса айтады. Мына жолдарда бұл ойларын бекіте түседі: «Ләкин сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуел – иманның ифтихатын махкамлемек керек, екінші – үйретіп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде – кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Уа ләкин, кімде-кім иман неше нәрсе бірлән кәмелет табатұғынын уа неше жерден бұзылатұғынын білмей, басқа шалма орап, бірәдар атын көріп, рузашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып жыртысын салғанға ұқсайды» [3, 27б.]. Әбу Мансұр әл-Матуридидің амал-иман қатынасында «амалдар иманның бір бөлшегі болмайды, иманның сыртындағы парыз болады» деуі мен Абайдың «кімде – кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды» деуінде адамның қашанда Құран мен Сүннетке қажеттілігі тоқтамайтынын, ілім үйренуге маңыздылық беруде сабақтастық табады.

Және он үшінші қара сөзінде: «Иман деген – алла табарака уатағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллаһуһалайһи уа саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне матын сұнып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуел не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып ақылы дәлел испатқыларға жараса, мұны яқини иман десек керек. Екінші - кітаптан оқу бірләл яки молдалардан есту бірләл иман келтіріп, сол иман келтірілген нәрсесіне сынулық, бірліктік керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып көңілі қозғалмастай берік боларға керек. Бұл иманды иман тақлиди дейміз» [3,28б.]. Мұнда Абай адамдардың санасына байланысты дінді түсінуіне, яғни ақыл дәрежелеріне нұсқап тұр. Бұл Әбу Мансұр әл-Матуридидің «Дін - ақыл мен сананың ісі» деген қағидасына лайық келіп тұр. Естумен, еліктеумен, үйренумен, жүрекпен сенумен болатын иманның негізінде ақылдың ерекше орын алатынын сипаттап тұр.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты» атты еңбегі 1911 жылы Орынбор қаласының баспасынан алғаш жарық көрген. «Мұсылмандық шарттарын» жазу үшін Шәкәрім ұзақ жылдар бойы араб, парсы тілдердегі әдебиеттерді зерттейді. Шәкәрімнің осы еңбегіндегі басты тақырыптар мыналар болды: әлемді жаратушы Алла және оның пайғамбары Мұхаммед (с. а. с.), әсіресе, иманның мағынасын ашылады: «Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, онан басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ықыласпен нанбақ».

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1926 жылы жазған «Адамның еркі қайда, деп ақылдан сұрағаным» деген өлеңіндегі жолдарда ойланбастан істің болмайтынын айтады, ой-санадан өтпеген, себепсіз амалдың Тәңірге де лайық еместігін мысалға алады:

Салмақта ойлан,
Себебі жоқ бір іс қайда бар?
Бәрі Соған байланар,
Ерік жоқ, атқан оқ.
Бір мен емес, барша әлемге жол.

«Ақылдан бойға сыр тарап» деген өлеңінде Ш. Құдайбердіұлы былай дейді:

Ақылдан бойға сыр тарап,
Үміттің шамы жанған күн.
Жар есіркеп, бері қарап,
Нұрына жүрек қанған күн.

Ескі иманды отқа өртеп,
Асыл иман алған күн.
Асық жарды таптым деп,
Хақиқатқа нанған күн [6, 250б.].

XYIII-XIX ғғ. маңғыстаулық қазақ ақыны Абыл Тілеуұлы Өтембеттегі (1777-1864) төсек тартып жатқанда көңілін сұрауға келген ауыл молдасы: «Абылеке, жақсымысың?» – деп сұраса ақын оған былай деп жауап қайырыпты:

«Лә иләһә иллалла» – иманымыз,
Бір имандай болмады жиғанымыз.
«Кун» деген бір әмірге жолыққасын,
«Фаякун» енді міне, болғанымыз! [7,27б.].

Халықтың терең ойлы ұлы армандарын жырлаған ақын-жыраулары туралы айта келіп, «Олардың ішінде түрікмен классигі Мақтымқұлының замандастары Адай Абыл мен Бұқар жырау, Нұрым, Марабай, Жанақ XYIII-ғасырдың айтулы ақындары ретінде ерекше орын алады» деп академик-жазушы Мұқтар Омарқанұлы Әуезов жазғандай, Абыл ақпа-төкпе ақберен сөз зергерлерінің, Қазақстанның батыс аймағындағы

өнер ортасының көрнекті өкілдерінің бірі болды. Ол Маңғыстау елі арасында өз дәуірінің «Бес жүйрігінің» бірегейі ретінде халқының ерекше қадір тұтқан перзенті болып мәңгі есте қалды [6,6 б.]. Имам Матуриди «Китабут-Таухид» еңбегінде адам танымы жаратылыстың мәнін ұғынуы мүмкін емес, бұл мәселеде дәлелді түрде ұғынула алатын бір нәрсе ғана бар, ол әрбір нәрсенің «бол» (кун) әмірімен бар болуы ғана дегенді айтады. Абыл ақынның айтпағы да сол, иманымыз да, жиған амалымыз да жаратылысты түсінуге қауқарсыз.

Қара сөздерінде Абай ақын Алланың жаратушылық хикметін былай суреттейді: «Ғақлия дәлелін құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін акли ісі бірлән жаратқан анан басқа бірінен – бірі пайда алатұғын қылып жаратты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ғақылды инсанды жаратыпты [3,. 816.]. Абай ақын қара сөздерінде Алла тағала болмысы мен сипаттары турасында ой жүгіртеді: «Біз Алла тағала «бір» дейді «бар» денекілік те – ғақылымызға уәпленің бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демекілік те алла тағалаға лайықты келмейді. Аның үшін мүликті аттың ішінде не нәрсенің ужуді бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір хадиске айтылатуғын бір хадимге теғриф болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам тағы ішінде құдай табарака уа тағала кітаптарда сегіз субутия сипаттары бірлән, уа тоқсан тоғыз ғаман хусналар бірлән білдірген. Бұлардың һәммәсы алла тағаланың затия субутия уа фиглия сиппаттары дүр [3,776.]. Абай Алланың бір және бар сипаттары төңірегіндегі тиянақты ойлары Әбу Мансұр әл-Матуридидің «Алланы ақылмен тану уәжіп» деуіне келеді. Адамға уахи келмеген тұста, адам Алланы ақылмен тани алады, ал уахи келген болса, ақылдың күші еш терістелмейді, маңызды қосымша әдіс болады.

Қазақ ақыны Абыл Тілеуұлы «Алланың ыйланыңыз бірлігіне» өлеңінде Алланың бірлігі мен жарату құдіреті туралы былай деп кеткен:

Алланың ыйланамыз бірлігіне,
Көңілдің күйінеміз кірлігіне.
«Құдай бір, Құран шын» деп хақ білмесе,
Бейғапыл сол пенденің тірлігі де.
Алланың атасы жоқ, анасы жоқ,
Өзімен бірге туған ағасы жоқ.
Жаратқан жұмла жанды жалғыз өзі –
Ешкімнің онымен таласы жоқ.
Алланың ғажап етем шеберіне,
Пенденің ойы жетпес өлеріне.
Жұмла жан «Не бол» десең сол болады,
Хақ-кәміл, пендесінің көнеріне [7,276.].

Қазақ ақыны Мыңбай «Алланың аялы алақаны» деген өлеңінде Алланың жаратушылық құдіретін былай дәріптейді:

Бар адам Алланың балапаны,
Тек Алла адамды жаратады.
Мұсылман мөмінді аялайды,
Алласыз батпайды әр күнің де,
Алласыз шықпайды әр үнің де [5,153б.].

Байқап отырсақ, қазақ ойшылдарының шығармалары түгелімен матуридилік ақидасына үндес болып тұр. Сенім тақырыбының басты мәселелері, яғни Алланың бары мен бірлігі, Оның құдіреттілігі, болмысты жаратуы, амал мен иман қатынасы, т. б. қазақ ойшылдарының еңбектерінде жан-жақты көрініс тапқан.

Әбу Мансұр әл-Матуриди мұсылманның ажалы тақырыбын қаза-тағдыр және илм-и илахи мәселелерімен байланыста қарастырады. Ол бойынша адамдардың Алланың өлшеп берген белгілі өмірі бар. Ажал дегеніміз «өлшенген уақыттың бітуі», яғни «адам өмірінің уақыт тұрғысынан аяқталуы» деген сөз [8, S. 322.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қобызым неге сарнайды?» өлеңінде бұл туралы былай деген:

Қобызым неге сарнайды? -
Ажалдан хабар береді.
Сыбызғым неге зарлайды? -
Деп тұр ием өледі [6,252-б.].

Қазақ ақыны Аралбай Оңғарбекұлы (1857-1918) баласы Берекеттің мазарының басында шығарып айтқан өлеңінде осы тақырыпқа тікелей қатысты жолдар бар:

Он сегіз мың ғаламнан
Өлмей қалмас туған жан.
Ғұмырың озбас сызғаннан.
Базарында дүниенің
Кімдердің тауы шағылып,
Кімдердің сағы сынбаған?
Пенделіктің күшімен
Көңілің көшіп қозғалған.
Жапырағы ұшса жайқалған
Бәйтерек солып қураған [7,356-б.].

Әбу Мансұр әл-Матуриди «Иман келтірушілердің іс-әрекеттерінің жаратылуын қарастырғанда иман келтірушілердің іс-әрекеттері жаратылудан бұрын Алланың қалауы мен құдіреті арқылы жаратылатынын, адам көп түрліліктен біреуін ықтиярымен таңдайтынын» айтады [8, S. 318.]. Әбу Мансұр әл-Матуридидің «Китаб ат-таухид» еңбегінің төрттен бір бөлігі осы тақырыпқа арналғанын айтқан Х. Өзжан «Матуриди бойынша, зұлымдық пен тәртіпсіздіктің жамандық екенін, әділдік пен даналықтың жақсылық екенінде күмәні жоқ. Бір адам жақсылықтың жақтасы, біреуі жамандықтың жақтасы болатыны сияқты. Тіпті кейбір нәрселердің қарама-қарсылықтардан құрылуы да мүмкін. Яғни, илахи әрекеттер даналықтан алыс еместігін түсінумен қатар, адам үшін жақсылық не жамандық қасиеттерді тану мүмкін еместігі алға тартылады».

Бұл тақырып Абайда адамға жақсылық пен жамандыққа қатысты білім берілгені, соған орай ойы мен қабілетін жұмсау керектігі түсіндіріледі: «Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орын-

ға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді. Оны оқымайсың» [9,290б.].

Қазақ ойшыл-ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы сопылық сарында жазылғандықтан, исламдық қағидалар да кей тұстары сопылық терминология ауқымында берілген. Алла тағалаға ғашықтығын сипаттағанда бұл «дерттің» өзі жаратылудан бұрын оған берілгенін айтып, Әбу Мансұр әл-Матуридидегі тағдыр қалыбындағыдай «ықтиярымен» бұл дертті қабылдағанын, ешбір емші бағытынан қайтара алмайтынын баяндайды:

Жарға ғашық болғаныма
Таңданатын түк те жоқ.
Жер жаралмай тұрғанында
Менде асықтың нұры бар.
Жан денеме кіргенінде,
Бірге кірген осы дерт.
Жан беретін дәрігерің де
Ем таба алмай қор болар [10,253б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1926 жылы жазған «Адамның еркі қайда, деп ақылдан сұрағаным» деген өлеңінде жақсылық пен жамандық Алладан екенін айтады:

Жақсылық, жамандық
Бәрін себеп билеп алған зат.
«Мен білдім, іс қылдым өзім билеп», дегеніңіз, тіпті ұят! [6,223б.]

Қазіргі заманның көптеген мәселелері діни мәдениетімізге немқұрайдылықпен қараудан болып отыр. Біздің ойымызша, Әбу Мансур әл-Матуридидің мұрасын терең зерттеу, дін ережелерін дұрыс түсіндіру мен қоғамымызда туындайтын проблемалардың оң шешімі үшін қажет, бастапқыда осы тәсілмен ортаазиялық қоғамдарда ислам тарап, ханафи мазхабы орныққан болатын: «бұл мектеп алдымен Куфада пайда болды, содан кейін ислам әлеміне таралды, әсіресе калам мен фикх әдіснамасы туралы оның ғылыми тәсілі Орталық Азияда негізі қаланды, кейіннен ол Шығыстық Ханафи мектебі деп аталды» [11, с. 166]. Әбу Мансур әл-Матуридидің мұрасын жан-жақты зерттеу оның қазақ ойшылдарының рухани мұрасындағы көзқарастарының сабақтастығын түсіну үшін қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөз соңында, матуридилік ілімінің қазақтардың рухани ой-санасына ықпалы терең болғанын көруге болады. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда қазақтардың ұлттық ой-танымына қарсы келетін ұстанымдары бар ағымдар тарала бастаған тұста, шынайы келбетімізді ұмыттыратын, тұтастығымызға зарар беретін пікірлердің таралатыны да хақ. Сондықтан, санамызды уландырар көзқарастарға тойтарыс беретін бірден-бір жол – Имам Матуридидің жолын жан-жақты танытып, тарихымыздағы орнын анықтау маңызды болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Kitabü't Tevhid. El-Matüridi Ebu Mansur / açıklamalı tercüme yapan B. Topaloğlu, beşinci baskı. Istanbul: ISAM yay., 2013. - 613 s.

2. Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Алматы: Жазушы, 2005. 160 бет.

3. АБАЙ. Қара сөздері. - Алматы : Өнер, 2006. – 124 бет.

4. З. Жандарбек, Қ. Қаратышқанова Имам Матуридидің ақыл мен нақылды негіздеген пікірлерінің қазақ дін ойшылдарының рухани танымымен сабақтастығы //Ясауи университетінің Хабаршысы. №3 (109), 2018. -97-103бб.

5. М. Әбілұлы // Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия (монография). Тараз: «Қайнар», 2003 жыл, 206 бет.

6. Шәкәрім Құдайбердиев, Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер, Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, (А. Құдайбердиев) - Алматы: Жазушы, 1988. – 560 бет, суретті, портр.

7. Тіл таңбалы Адайдың ақындары. 1-кітап. (XYIII-ғасыр мен XIX-ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін өмірге келген Маңғыстау ақын-жырауларының шығармалары.) Алматы: Жазушы, 2006. —528 бет.

8. İrade Hürriyeti ve İmam Matüridi, Dr. M. Saim Yeprem, İstanbul: Marmara üniversitesi İlahiyat Fakültesi vakfı yayınları-1984, 376 s.

9. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. -384 бет.

10. Қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия. Ахметбекова А. Алматы, 2011, -312 бет.

11. Akimkhanov A. B. Principles of Abu Mansur al-Maturidi, Central Asian Islamic theologian preoccupied with the question of the relation between the Iman/Credo and the action in Islam / A. B. Akimkhanov,A. A. Frolov,Sh. A. Adilbaeyva, K. Yerzhan//European Journal of Science and Theology. - 2016. - Vol. 12, № 6. - P. 165-176.

УДК 398. 2

MOLDATAYEV K.
Türk Filoloji Bölümü
Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

NUH TUFANI ÜZERİNE BAZI ARAŞTIRMALAR

Түйін. Мақалада Нұх топан суы жайлы зерттеулердің б. з. б. III ғасырдан бастап Вавилон ғалымдары тарапынан қолға алынып, уақыт өте келе ол туралы көптеген зерттеулердің жасалғандығы, әсіресе өткен ғасырда бұл жайындағы зерттеулердің үдей түскендігі жайлы сөз қозғалады. Кейбір шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне қысқаша тоқталады.

Түйінді сөздер: Нұх пайғамбар, Арарат тауы, ұшқыш, орыс патшасы, Кеңес Одағы, АҚШ, саяхатшылар.

Резюме. Статья посвящена изучению исследований о Ноевом потопе, начиная со времен ученых Вавилона с III века до н. э. до современности. Особое внимание уделяется исследованиям прошлого века, когда данная проблема была особенно актуальной. Автор подробно останавливается на трудах многих зарубежных ученых.

Ключевые слова: Пророк Нух, гора Арарат, летчик, русский царь, Советский Союз, США, путешественники.

Summary. The article deals with research on the FLOOD of Nuh from the third century BC, which was undertaken by Babylonian scientists, and over time, numerous studies were made about it, especially in the last century. Briefly discuss the research of some foreign scientists.

Keywords: The prophet Nuh, Mount Ararat, pilot, Russian king, Soviet Union, USA, travelers.

Öncelikle bu tufan gerçekten oldu mu? Bilim adamlarına göre bu olay gerçekleşmiştir. Hatta bir tarih vererek günümüzden 2369 yıl önce olduğu söylenmektedir. Bazen, hatta tam olarak, 2 Nisan diye günü de belirtilmektedir. Bu sadece bilim adamlarının tahmini ve Nuh'un Gemisinin tam olup olmadığını söylemek için ilmi delillere ihtiyaç vardır.

Tufandan sağ kalan gemiyle ilgili efsaneler çok önceden yazıya geçirilmişti. M. Ö. 3. yüzyılda yaşayan Vavilon aydını Berrosusu (bazen Beros diye yazılır) bu konuyu ele alan ilk yazardır. Dört asır geçtikten sonra meşhur eski tarihçi İyosif Flaviy bu konuda yazmıştır. Bu iki aydın geminin nerede yapılıp, nereye durduklarını tam göstermişlerdir. Bilim adamlarına göre orası Ararat Dağı'dır.

Nuh'un Gemisi ve Tufan'la ilgili İncil'de de söz edilmiştir. Kitabın «Vethiy Zavet» adlı bölümünde Tanrı'nın planı ve emriyle yapılan tufanda Nuh peygamber'in ailesiyle (eşi ve üç çocuğuyla) beraber gemiye bindiği söylenir. Ayrıca gemiye alınan hayvan ve bitkilerin yedi çiftin «temiz", yedisinin de «temiz değil, karanlık» olduğu da belirtiliyor. Gemi üç kattan oluşuyordu. Alt katta hayvanlar, ortada gıda malzemeleri ile yem, üst katta ise Nuh peygamberin ailesi yerleşmişti. İncil'de geminin uzunluğu bile gösterilmiştir: uzunluğu 157 m, eni 26 m, yüksekliği de 16 m. Burada da kırk gün durmadan yağmur yağar, su seviyesi ancak yüz elli gün sonra çekilmeye başlar. Sonunda yedinci ayın on yedisinde gemi durabilir. Hrıstiyanlar da bu dağın Ararat olduğunu ileri sürerler.

Şimdi de son yıllarda Ararat Dağı'nın başında kalan gemiyle ilgili gazete ve dergilerde yazılan haberlere bir gözatalım. Milletin dediğine göre Ararat Dağı'nın başında kalan gemi kalıntılarını ilk görenler Rus pilotları Zabolotskiy ve Lesin olmuştur. 1916'da bu iki pilot keşif uçuşu yaparken dağın başındaki belirsiz nesneler dikkatlerini çeker. Aynı zamanda gördükleri nesne de bir gölün içinde bulunmaktaydı. Haberi duyan komutan (o zamanları Ararat Dağı'ndan 40 km'lik yerde Çarlık Rusya'nın III Havacılık Askerî Keşif Üssü bulunuyordu) Aleksandr Koor Rusya Çarı olan II Nikolay'a haber gönderir. Bunu duyan Çar, hemen araştırma grubunu Ararat'a gönderir. 1916'nın yazında bir grupta 50 asker, ikinci grupta 100 asker olmak üzere iki grup, Ararat Dağı'nın iki tarafından yola koyulurlar. Sonunda 4800 m yükseklikte yatan gemi kalıntılarına ulaşmışlar, geminin içini-dışını ölçmüşler ve malzemeleri de kontrol etmişler. Gemide kullanılan sutunların diyametri 60 sm'e kadar ulaşan oleandar ağacından yapılmış ve vernik boyası gibi karışık maddelerle boyanmış olduğunu görürler. Askerler gemiye girdiklerinde büyük-küçük birçok odalar görürler. Sonunda araştırmacılar 11 ay boyu dağ başındaki buzularda yatan geminin hiç çürümediği kanısına varırlar. Çar Nikolay, gemiyi dağdan indirerek, başkente getirmek ister, ancak o dönemde başlayan ihtilâl buna mani olmuştur [Ergun Metin, 1997, s. 63-65].

Gel gelelim, ikinci habere. Bunda da pilot var. Ancak bu pilotun adı – Roskovitsiy. Bu pilotla yapılan sohbet, 1939 tarihinde Amerika'nın Kaliforniya Eyaleti'nde çıkan «Nyü Eden Magazin» dergisinde yayınlanır. Konuşmada: «*Ben onun üzerinden birkaç defa dönerek uçtum. O ebatı açısından şehrin bir semti (mahallesi) veya bir askerî gemi kadardır. Geminin dörtten bir kısmı göldedir. Gemi gövdesinin bir tarafından tek tek alınan ağaç izleri görülür. Bordında biçimi 6 m şeklinde olan dik dörtgen kapı*

çukuru vardı. Bu beni çok şaşırttı. Çünkü günümüz gemilerinde bu kadar büyüklükte kapılar bulunmaz ki» [Biçurin N, 1997, s. 37]. Olaylar daha sonra böyle gelişir: Roskovitskiy, gördüklerini komutanına söyler, o ise bunun Nuh'un Gemisi olabileceğini düşünerek, Çar'a haber salır ve Roskovitskiy'i mühendislik grubu ile birlikte dağa gönderir. Gruptakiler bir ay sonra gemiyi bulurlar. Uzmanlar gemiyi inceledikten sonra sonuçları Petersburg'a gönderirler. Roskovitskiy, konuşmasında aklında kaldıklarını şöyle anlatır: «*Geminin içi birçok parçalardan oluşur. Bazıları ufak, bazılarının ise tepesi yüksek ve geniştir. Ağaçlar vosk gibi maddelerle yağlanmıştır. Gemi inşaatı üst düzey bilgilikle yapılmıştır. Uzmanların belirlediklerine göre, gemi kiparis sınıfına ait, çürümeye dayanıklı oleandar ağacından yapılmıştır»* [Biçurin N, 1997, s. 42].

Nuh'un Gemisini gördüğünü iddia edenlerden birisi de George Hagopiyan. Dediklerine göre, dedesi 1905'te on yaşındaki George'yi kendisiyle birlikte Ararat Dağı'na götürür. «O zamanları ben dağın eteğindeki köyde yaşardım» diyerek anısına başlayan Hagopiyan: «*Biz, dedemizle yukarıya doğru çok yürüdük. Aniden sol taraftan şekil olarak gemiye benzeyen büyük bir nesne göründü. Onun tüm gövdesi karlar altındaydı, tepesinde ise uzunca gelen bir delik vardı. Dedem beni iterek bir buz parçasının üstüne çıkardı. Oradan da atlayarak gemiye çıktım. Dedemin bana: «Bu bir kutsal gemi, insanları ile hayvanları ise burayı çoktan terk etmişlerdir» dediği sözü hâlâ aklımdadır. Biz köye dönerek, gördüklerimi çocuklara anlattığımda, herkes benimle alay ediyordu. Meğerse, onlar orayı benden çok önceden görmüşler*". Hagopiyan 1972'de vefat eder. Maalesef, topografiden haberi olmadığı için, o haritadan geminin tam yerini gösterememiştir.

Bir başka kaynağa göre de Nuh'un Gemisini dünyaya duyuran Türk askerleri olmuştur. 1959 yılının yazında keşif amacıyla Ararat Dağı'nda uçuş yapmakta olan Türk pilotu A. Kurtis, dağın yamacında yatan geminin iskeletini görür. Uçaktan çekilen fotoğraflara bakıldığında, geminin biçimi İncil'de söz edilen gemiden büyük olduğu görülür: uzunluğu - 167 m, eni – 50 m'den daha geniştir. Ancak yüksekliği İncil'deki gibi 16 m'dir. Bir sene sonra 428. Birliğin pilotu, kaptan Gregor Şvinghammer Ararat'ın üstünden uçarken üsse şu bilgileri verir: «*Büyük yük vagonunu veya dubayı (yük gemisi) görüyorum...* » [Seyfullan Yıldırım, 2012, s. 2101-2120]

1984 yılında Ron Vyat[1], Ararat'a çıkar, gemiyi bulur ve taşa dönmekte olan gemi kalıntılarını alarak Nev-York'teki sergide sergiler. Türkiye Cumhuriyet'i bunu millî yasayı bozmanın kaba hareketi sayarak, Ararat'a yapılacak olan tüm araştırmalara yasak getirir. Nitekim, Vyat 1985 yılında David Fesold'la birlikte bir daha Ararat'a çıkar. Bu sefer onlar, aralarındaki mesafenin aynı olarak çakıldığı demir çemberleri görünce, bunun Nuh'un Gemisi olduğu kanısına varırlar. Onlar geminin göze görünmeyen alt tarafını radyolokatsiya yöntemiyle denetlediklerinde radarın ekranında beş sıra kil belirlenir. Bu geminin büyük fırtınalardan hiç korkmadığının belirtisidir. Onlar bu yöntemle geminin iç kısmını da denetlerler, maketini çizerler. Ancak bu bilgiler, Türk pilotlarının verdiği bilgilerle hiç uyuşmaz. Bu yüzdendir ki, Türk pilotlarının verdiği bilgilerle ilgili Batılı yayın kuruluşları: «Onların 1960'ta ne buldukları hâlâ muamma olarak kalmaktadır» demekle yetinmiştir.

Nuh'un Gemisini bulmak için 15 yıl durmadan çalışan bir başka adam da, İtalyan kimyacısı Ancelo Palego'dur. O, 1985'te ilk defa Ararat Dağı'na gelerek, gemiyi hemen bulmak ister. Ancak kutsal sayılan gemi, birden göze görünmez, onu beş yıl uğraştırır. Bu yıllar içerisinde Palego, Ararat'a beş kez seyahat organize eder. Onların içerisinde Everest'in zirvesine ilk çıktığı için ünlü dağcı ünvanına sahip olan Reynhold Messner de varmış. Sonunda 11 Temmuz 1989 tarihinde 4300 m. yükseklikte birbirine paralel bulunan iki buz çatlağına rastlar. Onlar dikdörtgen şeklindeydi. Ancak bu buz çatlaklarının buzluklar arasında bulundukları için onlar bu hazineye ulaşamazlar. Dikdörtgen şeklindeki buz çatlağının ebatı 100x55 m'dir. Böylece Palego şu tahminlerde bulunur: «1848'de karların erimesinden dolayı buzlar tutmaz olmuş, deprem bölgesi olduğu için de Ararat Dağı'nın boyundan sular akmış, patlama olmuştur. Bundan dolayı gemiyi kaplamakta olan buzlar ikiye ayrılarak, 100 m. ve 55 m. 'lik parçalara bölünmüştür. Büyük buz parçası 4300 m. yükseklikte kalmış, küçüğü de kayarak, o da o yükseklikte kalmayı başarmıştır. Palego gördüğü 100 m. buz parçasını, büyük buz parçası diye sayar. 55 m. buz parçası ise ikiye bölünerek, kayarak, 4065 m. yükseklikteki Parrav zirvesinde durabilmiştir. Palego, Nuh peygamberin ve çocukların bulunduğu gemi odasının bu küçük buz parçasında olduğunu iddia etmiştir".

Ancak ona bu bulmacayı çözmekte başka nedenler engel olmuştur. O da, dağın doğu kısmının teröristlerin bulunmasıdır. Teröristler, İtalyan bilim adamı ile arkadaşlarını esir alarak 27 gün esirde tutmuşlardır. Ancak Palego, teröristlerin liderini kendi sözlerine inandırtarak, silahlı birkaç adamın denetimde Agora derbentine gitmeye izin alır. Burada çekilen film, daha sonra olay yaratır. Filmdeki nesneleri gören bilim adamları, Palego'nun dediği gibi, iki küçük parça olarak değerlenirirler.

Şimdi de bu gemiyle ilgili konuşmaların tekrar canlanmasına sebep olan durumlara gelelim. Bu, ABD istihbaratçılarının hareketlerinden kaynaklanan bir durumdur. 1949 tarihinde Türkiye üzerinden Sovyetler Birliği'ni araştırmakta olan amerikan casus uçaklarından biri, Ararat Dağı'nın batısında yatan bir nesneyi görür ve onu incelemeye başlar. İncelemenin sonunda bunun bir buz veya kar yığıntısı olduğunu düşünerek oradan ayrılırlar. Ancak 70'li yılları fotoğraf makineleri daha da gelişmiş durumda

[1] N. Biçurin, «Srednyaya Aziya i Vostoçnıy Turkestan", «Sanat» yay., Almatı, 1997.

olan bu casus uçaklarının çektikleri fotoğraflar arasından, bu nesne tekrar görünür. Uzmanlar resimleri dikkatli bir şekilde inceleyerek, bunun çok büyük bir kaşalotun (balık türü) iskeletine veya bir gemiye benzediğini tespit ederler. Bu nesneye «Ararat anomaliyası» adını vererek, arabanın plaka numarasını bile gösterebilecek kapasiteye sahip olan KN-9 ve KN-11 uydularıyla takibe alırlar. Bu takiplerin sonucu ise askeri sırdır.

İnsanların bu belirsiz nesneyi tekrar incelemelerinin sebebi, 1978'de olan depremin etkisidir. Buz kaplamalarından kurtulan gemi, artık net bir şekilde görünmeye başlar. ABD askerleri bu sırrı ne kadar gizli tutsalar bile, bu haber bilim adamlarının kulaklarına kadar ulaşır ve onlar hükümetten bu resimlerin yayınlanmasını talep ederler. Sonunda ABD Savunma Bakanlığı'nın istihbarat bölümü bu resimleri bilim adamlarına teslim ederler (Bunlar 1949 ve 1987 tarihlerinde çekilen fotoğraflardır). Resimlerle birlikte uzmanların görüşleri de verilir: «Anomaliyanın koordinatları 3 942 10 C 044 16 130 B. Rakım – 4000 m'dir. Anomaliya, Ararat Dağı'nın zirvesini kaplamakta olan buzların kenarında bulunmaktadır". Askeriler en son çekilen fotoğrafları bilim adamlarına vermekten vazgeçerler. Nitekim, 1997'de «Vashington Post» gazetesi, CİA çalışanlarının bizzat gördükleri resimler hakkındaki söyleşilerini yayınlar. Araştırmacı, hem yazar olan Charls Berlits, Ararat'a giden son ekibe rehberlik yapan Arslan isimli bir şahısla röportaj yapar: «Ben, son 50-60 yıl içerisinde Nuh'un Gemisini görenlerin çok olduğuna inanıyorum. O, gerçekten de insanların tahmin ettiği yerde-Ahora derbentinin sağ tarafında 2000 m. yükseklikte bulunmaktadır".

İşte, bunlar son zamanlarda yurt dışında Nuh'un Gemisi ile ilgili çıkan hikayelerdir. Bunların hangisinin ne kadar gerçek olduğu bilinmez. Bu yabancı bilim adamlarının çalışmaları hiç kuşkusuz önemlidir. Çünkü onlar, iyi veya kötü, bir araştırma içerisindeler. Diğer bir makalde ise Nuh'un Gemisi ile ilgili olaylar doğrudan Hristiyan dinine aitmiş gibi gösterilerek, geminin Ararat Dağı'nda olduğu yazılır. [Jas Alaş, 1998, s. 2-3]

Makaleyi incelediğimizde verilen kaynakların sadece Rusya'da yayınlanan gazete-dergilerden alıntı olduğu tespit edilmiştir. Bizim babalarımız çok önceleri «Kazıgurt'un başında gemi kalmış» diye boşuna mı söylediler?

Bundan 10-15 sene önce Rusya'da yayınlanan «Vokrug Sveta» dergisi, Nuh'un Gemisi ile ilgili olayları yazıp, insanlarla hayvanların ağırlığı ile boyunu ölçeyerek, bunun bir şemasını bile çizmişlerdi.

1997'de Rusya'nın «Argumentı i faktı» gazetesinde[1] yayınlanan bir makalede şunlar belirtilir: Nuh'un Gemisi ile ilgili bir soru soran okuyucuya bir bilim adamının verdiği cevaptı bu makale. Bilim adamı verdiği cevabında, Ararat Dağı'nın başında yatan belirsiz nesnenin incelendiğini ve bunun bir gemi olmadığını, aksine eşya saklamak veya savunma amaçlı yapılan bir yapı olduğunu savunur. Her gün değişen bu dünyada, böyle şeylerin olabileceğini ve bunun derin bir şekilde araştırılmasını ileri sürer. Gemiyle ilgili hikayelerin birçok ülkede var olduğunu ve bunların hangisinin gerçek olduğunu ispatlayabilecek ilmî delillerin olmadığını yazmayı da ihmal etmez.

1997'de birçok gazete ve dergilerde Kazıgurt Dağı'nın güneyinde büyük taşlardan inşa edilmiş haç resminin olduğu yazılır. Bununla ilgili Rusya'nın «Karavan gazetesi[2]» şunları yazar: «Derbentin güney tarafında yer yüzeyinde taştan süslenmiş çift dilli dik bir haç resmedilmiştir. Onun kanatlarının uzunluğu 40 m'dir. Haç, çapı 100 m'lik çift sıralı kaleyle çevrilmiştir. Yakın gelen adama haç ve kale pek görünmüyor, ama etraftaki tepelerin üstüne çıkarak bakıldığında, bunu görmek mümkün olabiliyor. Bununla ilgili, hâlâ bilim adamları arasında bir tahmin bile yürütülmemiştir» (yazar A. Gonçarev). Kazak gazeteleri ise bununla ilgili bir haber yazmamışlardı. Fakat Çimkent'ten bir grup bu haçın yanında fotoğraf çekilmişlerdi, ancak buralarda çekilen resimler daha sonra iz bırakmadan silinmiştir.

Nuh'un Gemisinin Ararat'ın başında kaldığını ileri sürenlerin içerisinde ünlü seyyah Marko Polo ve Gilyom de Rubruk vardır. Marko Polo'nun, kendisinin «Milyon» adlı çalışmasında Ararat'a gelip, dağın başındaki buzlardan siyah leke gibi birşeyler gördüğünü ve onu tasvir ettiğini yazmıştır denilmektedir. Gilyom Rubruk ise Ararat'ın başına çıkmamıştır, sadece dağın eteğinde yaşayan halklarla konuşmuştur. Hem seyyah, hem elçi olan Rubruk, Moğol Kaanlığına gidip, dönüşünde Nahiçevan şehrine geldiğinde, işittiği hikayelere dayanarak yazılar yazmıştır. Rubruk: «yukarıda adı geçen şehre (Naksuva) yakın yerdeki dağda Noy (Nuh)'un Gemisi bulunmaktadır. Ancak dağ bir tane değil, ikidir. İkinci dağ biraz büyüktür. Dağların eteğinde Araks nehri akmaktadır. Orada Tsemanum adlı bir şehir vardır. Şehrin adı «sekiz» anlamını vermektedir. Sebebi de gemiden inen sekiz kişinin bu büyük şehri inşa etmesidir. Birçok adam bu dağa çıkmak istemiş, ancak çıkamamıştır. Bana rastlayan papazın dediğine göre, illa da bu dağın başına çıkacağım diye tutturan bir karabaşa, gemiden küçük bir parça getiren melek, ona bu işten vazgeçmesini söylemiştir» der. İlk bakışta, çok da yüksek olmayan ve niyet eden her insanın kolay kolay çıkabileceği bir dağdır. Ancak bir günü ihtiyarın biri, bana bu dağa hiç kimsenin çıkmadığını ve bunun yanlış bir şey olduğunu söylemişti. Dağın adı Massis'ti. İhtiyar: «Massis'e, çıkmaya hiçkimsenin hakkı yoktur, çünkü o – dünyanın anasıdır» demişti[2]

İşte bunlar Rubruk'un kitabında yazılan sözlerdir. Rubruk'un yazılarında geçen bazı

[1] «Estestvennaya istoriya", kniga VII, 23

[2] «Puteşestviye v Vostoçnıye stranı", Alma-Ata, «Gılım» yay., 1993.

adlara açıklama getirmemiz gerekecektir, çünkü bunlar ileride karışıklığa neden olabilir. Birinciden Rubruk, kendisinin ilk geldiği şehre Naksua diyor. Bu, şuanda Nahçivan'dır. Arap coğrafyacılarının yazılarında bu şehrin adı Naşeva'dır. Dağın büyük kısmında Tsemanum olarak adlandırılan bu şehir, Rubruk'un elyazmalarının çeşitli nüshalarında farklı yazılmaktadır: «Semeniyum, Semenim, Semaurum". Bunlar, özellikle son isim arapçadaki Temain sözüne çok yakındır. Ararat Dağı'nın eteğinde bulunan bir şehri, orta asır Fars yazarlarından İbn Haukal, Masudî böyle adlandırıyorlardı. Massis ise Ararat Dağı'nın ermenice adıdır. Hristiyanlar için bu dağ, kutsal sayılır. Rubruk bu dağın eteğine 13 Ocak 1255 yılında gelmiştir.

Genel olarak, burada söylediklerimiz Rubruk'la ilgili olduğu için o dönemlerdeki coğrafyacıların yaptığı bir yanlışlıktan bahsediliyor. Ayrıca Rubruk Kazıgurt Dağı'nı görmüş, ancak onu Kavkaz Dağı olarak saymıştır. O devrin coğrafyacılarından birçoğu Kazıgurt Dağı'nı (veya Batı Tanrı Dağları) Kavkaz Dağlarına kadar uzanan dağlar diye saymışlardır (Hint Okeyanusu'ndan Karadeniz'e kadar). Hatta, Oral Dağlarını bile bu büyük dağın bir kolu olarak görmüşlerdir. Bu yüzden Rubruk: «Ancak yedinci günü bizim güney tarafımızdan çok yüksek dağlar görünmeye başladı. Aynı zamanda bağ-bahçe gibi ekin için kolaylı sulak yere ulaştık. Biz saratsinlerin Kinçat dedikleri bir şehre geldik... Ertesi gün biz dağa çok yakın olan bir şehre geldik. İnsanlardan sorarak, dağın Kavkaz Dağları olduğunu öğrendik". Tabi ki, yerel halkın bunları Kavkaz Dağları diye anlatması mümkün değildi. Onlar Kazıgurt veya Karjan diyebilirler.


Rubruk, burada başlangıcını dağdan alarak tüm bozkırı sulayan ve kuma sinen büyük bir nehirden söz eder. Aynı zamanda yerel halkın da bu nehirden arıklar yaparak ekincilikle uğraştığını, burada üzümleri gördüğünü ve iki defa şarap içtiğini yazar. Ayrıca bu bozkırlarda sürü halinde gezmekte olan eşekleri gördüğünü, yerel halkın onları «kulan» dediklerini söyler.

Bilim adamları Rubruk'un dediği Kinçat şehrinin yerini hala bulamamışlardır, ancak onlar bu şehrin başka yazarların yazılarındaki Kenjid şehri olabileceğini düşünürler. Bu Kenjid şehrinin yeri de belli değildir. Birileri bu şehri Arıs'ın boyuna götürse, birileri Badam'a, bazen de Boralday ile Bögen'in boyuna götürürler. Bu arada Rubruk çok görmek istediği Taraz şehrine uğrayamamıştır. O, kendi yazılarında Talas ırmağını sorduğunu ve onun yukarıda adı geçen dağın eteğinde bulunduğunu, bu yoldan çok uzak olduğunu söylediklerini yazar. Yani, Rubruk'un yolu Kumkent, Baykadam üzerinden geçse gerek. Oradan da İle'ye varmıştır.

KAYNAKÇA:

1. Ergun Metin, Türk Dünyası Efsanelerinde Değişme Motifi, C. I-II, TDK Yay., Ankara. 1997
2. Biçurin N., «Srednyaya Aziya i Vostoçnıy Turkestan", «Sanat» yay., Almatı, 1997
3. Yıldırım, Seyfullan. (2012). Kazak Türklerinin Toponomik Efsaneleri, Turkish Studies Dergisi, 7/1 2012, s. 2101-2120.
4. «Estestvennaya istoriya", kniga VII, 23
5. «Puteşestviye v Vostoçnıye stranı", Alma-Ata, «Gılım» yay., 1993.
6. «Jas Alaş» gazetesi, 13 şubat, 1998.
7. http://www. bilinmeyenler. org/nuhun-gemisi-nerede. html 14. 12. 2014.

ӘОЖ 316. 43



ТҰРСЫНА. Т.
PhD докторант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

БЕКБУЛАТОВА Э. Р.
магистр
Абай жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

АБДРАХМАНОВА Г. М.
Абай жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Түйін. Қазіргі герменевтика буржуазиялық идеологияның жемісі, диалектикалық және тарихи материализм алдында есе қайыру, гуманитарлық ғылым мен жаратылыстану ғылымдарын методологиялық және гносеологиялық негізде бір-бірінен алшақтау, гуманитарлық «түсінікті» жаратылыс-ғылымдық «түсіндіруге» қарсы қою деп айдар тағылғаны белгілі. Дегенмен де, біз герменевтикалық тұрғыдан танудың бір көзі ретінде алып қарастырдық.

Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық санасын герменевтикалық тұрғыдан зерттеу мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: ұлттық сана, қазақ халқы, герменевтика, социология, философия.

Резюме. Как известно, нынешняя герменевтика являлась плодом буржуазной идеологии, отставанием перед диалектическим и историческим материализмом, удалением гуманитарных наук и естественных наук друг от друга на методологической и гносеологической основе, противостоянием гуманитарному «понятному» естественно-научному «толкованию». Тем не менее, мы ее рассматриваем в качестве одного из источников герменевтического познания.

В этой статье рассматривается национальное сознание казахского народа с точки зрения герменевтики.

Ключевые слова: национальное сознание, казахский народ, герменевтика, социология, философия.

Summary. As you know, the current hermeneutics was the fruit of bourgeois ideology, lagging behind dialectical and historical materialism, removing the Humanities and natural Sciences from each other on a methodological and epistemological basis, opposing the humanitarian «understandable» natural-scientific «interpretation". Nevertheless, we consider it as one of the sources of hermeneutical knowledge.

This article deals with the national consciousness of the Kazakh people from the point of view of hermeneutics.

Keywords:national consciousness,the Kazakh people, hermeneutics, sociology, philosophy.

Қазіргі әлеуметтануда ұлттық сана ұғымының әлеуметтік топтар мен ұлттардың ойлау бейнесіне, іс-қимылы мен мінез-құлықтарында кездесетін стериотиптерге, құндылықтарды қабылдау ерекшеліктеріне, өмір сүру салты мен дәстүріне байланысты көптеген құнды ойлар айтылуда. Қоғамның даму деңгейіне қарай ұлттық сана ұғымын ортағасырлық, феодалдық, кеңестік, капиталистік; саяси құндылықтардың дамуына байланысты тоталитарлық, демократиялық, құқықтық; әлеуметтік-экономикалық қатынастарға сай нарықтық; өркениет дамуына сәйкес тұрпайы, жабайы, тайпалық, батыстық, шығыстық, көшпенділік, еуразиялық деп жіктеу қалыптасқан. Көріп отырғандай сана мен ой арасындағы байланыстың тұтастығын белгілеуден шыққан ұлттық сана категориясы қоғамдық ғылымдар саласына, оның ішінде социологияға осылай ене бастады.

Қоғамдық ғылымдар тарапынан ұлттық сана ұғымын зерттеу әр салаға бөлінуде. Мәселен, тарихшылар ұжымдық ментальдық сандық тәсілмен зерттеуді қолға алса [1, 25.], социологтар, керісінше, жеке бастың ментальдығын сандық тәсілмен зерттеудің маңыздылығын алға тартуда [2, 75.]. Олардың ойынша, жеке бастың ментальдығы мынадай деңгейлерге бөлінеді: социологиялық, психофизикалық, психикалық, мәдени-тарихи, рухани-діни және космостық.

Социологиялық деңгейді зерттеуде О. Конттың жеке тұлғаның әлеуметтік-психикалық құрылым моделі негізге алынса, мәдени-тарихи деңгейде квантификациялық зерттеуді пайдалана отырып, тарихи процесс динамикасындағы жеке тұлға ментальдығына ұжымдық бейсаналылықтың әсерінің бары айтылады. Сонымен бірге мәдени-тарихи фактор синхрондық және диахрондық деп екіге бөлінеді. Жеке бастың ментальдығына тұрмыстың материалдық факторы, мінез-құлық стереотиптері, дүниені эмоциональдық тұрғыдан қабылдау, дүниені көркем өнер тұрғысынан қабылдау, лингвистикалық фактор, дүниені рационалдық тұрғыдан қабылдау, дүниетанымдық факторлар әсер ететіні айтылған [2, 76.].

Сонымен, әлеуметтану ғылымының өкілдері ұлттық сананы әлеуметтік тұрғыдан талдаудың маңыздылығын айта отырып, оның төрт тәсіліне мән берген: бірінші, ұлттық сананы басқа санамен салыстыру арқылы зерттеу; екінші, ұлттық сананы жеке адамдар мен әлеуметтік топтарға сай зерттеу; үшінші, ұлттық сананы табиғилық пен мәдениеттіліктің, эмоционалдық пен ақылдың, иррационалдық пен рационалдықтың, жеке бастылық пен әлеуметтіліктің жиынтығы ретінде; төртіншіден, ұжымдық бейсаналылық ретінде қарастырған [3, 155.]. Біздіңше, ұлттық сана категориясын социологиялық тұрғыдан қараудың маңызы зор. Ұлттық сана мазмұны жеке мағынасы жағынан ауқымы кең, тұтастыққа негізделген интегралды ұғым. Онда ұжымдық және жеке сананың, сана мен бейсаналылықтың өзара байланысы, ойлау түрлері мен дүниені қабылдау әдістері, сезіну мен түсіну, бейімделу ерекшеліктері мен құндылықтарға деген қатынасы бар. Ұлттық сана мәселесін социологиялық тұрғыдан талдап алмай, оның ішкі құрылымының өзара байланысын түсіну мүмкін емес.

Социологиялық зерттеу ұлттық санадағы сана, ой, ақыл тәрізді құндылықтарды қабылдау сабақтастығын даму принципі негізінде түсіндіруге мүмкіндік береді және олардың тарихтың әртүрлі кезеңдерінде өзгерістерге ұшырап, белгілі бір символдар мен архетиптерге айналатынын көрсетеді. Ұлттық санадағы сабақтастық, бір жағынан, әлеуметтік дамудың нәтижесі болса, екінші жағынан, өзіндік ішкі тұтастықты сақтаудың бір жолы. Сабақтастық ескі мен жаңаның бірлігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен бірге адамдардың, әлеуметтік топтардың құндылықтарды таңдау мен қабылдауына әсер етеді.

Ұлттық сана – рухани болмыс тарихының сығымдалған және тұрақты негізінде қордаланған, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың дүниетанымында орын алатын ерекше көрініс. Оны қалыптастыруда мәдениеттің, өнердің, діннің, социологияның, философияның, ұлттық салт дәстүрдің, қоршаған ортаның, тұрмыстың, қоғамдағы әлеуметтік ортаның, саясат пен идеологияның, экономикалық қатынастардың маңызы зор.

Қазақ халқының ұлттық санасын герменевтикалық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Социологияда герменевтика «тіл ойына», антисцентистік бағыттағы социологиялық ілім, социологияның негізгі мәселесін иррационалдық тұрғыдан шешуге талпыныс деп қарастырылады. Оған өзара келіспейтін қарама-қарсылықты қосудан туындайтын «эклектикалық» қасиет деп баға берілді. Ал, қазіргі герменевтика буржуазиялық идеологияның жемісі, диалектикалық және тарихи материализм алдында есе қайыру, гуманитарлық ғылым мен жаратылыстану ғылымдарын методологиялық және гносеологиялық негізде бір-бірінен алшақтау, гуманитарлық «түсінікті» жаратылыс-ғылымдық «түсіндіруге» қарсы қою деп айдар тағылғаны белгілі. Дегенмен де, біз герменевтикалық тұрғыдан танудың бір көзі ретінде алып қарастырдық.

Социологияда хрестоматиялық тұрғыдан герменевтика – түсінік туралы ілім, құжаттарды талдау, интерпретациялау деп анықталады. Герменевтикалық өнер социологияда грек мифологиясындағы құдай хабаршысы, тіл мен жазуды ойлап табушы Герместің атымен байланыстырылып қарастырылады. Дегенмен де мұндай ұстанымның бүгінде негізсіз екені социология тарихында дәлелденіп, оны антикалық философ Аристотель шығармаларымен байланыстыра қарау кең етек алды [4, 234.]. Қалай болғанда да, біз үшін герменевтикалық талдаудың маңыздылығы қазақ халқының салты мен дәстүрінде, аңыз ертегілері мен мифтерінде, фольклоры мен халықтың білім жүйесінде өзіндік қызмет атқарып келген рухани құндылықтарды қалпына келтірумен және оларды адамдардың дүниеге қатынасының өзегіне айналдыруымен байланысты болып отыр. Сонымен бірге герменевтиканың логикалық және гносеологиялық танымдардан ерекшелігі оның рухани болмысқа тұтастық тұрғысынан қарауға мүмкіндік беретіндігі. Нақтырақ айтар болсақ, қазақ ұлттық санасындағы «Ақыл», «Қайрат», «Жүректің» социологиялық, психологиялық, онтологиялық, тілдік, коммуникативтік, диалогтық, метафизикалық, мінез-құлықтық, тәрбиелік, танымдық, моральдық жақтарын ашуға көмектесетіні. Сондықтан да ұлттық санасы әлеуметтік мәдени контексте қарау барысында герменевтиканың өзегі болып табылатын «түсінік» ұғымының маңызы зор. Түсінік – осы тұрғыдан келгенде, тек танымдық ұғым ғана емес, сонымен бірге қазақ ұлттық санасының онтологиялық сипаты. Ол – бүкіл ұлтымыздың болмыстық негізі, ұлттық идеямыздың қайнар бұлағы, бірлік пен ынтымақ бастауы. Сондықтан да қандай да болмасын социология түсінікке ұмтылуы тиіс. XX ғасырдағы адамзат баласының дамуы осыны көрсетіп отыр.

Герменевтика, Ф. Шлейермахердің айтуынша, рухты танудың әмбебаптық әдісі. Зерттеуші және мәтін авторларының ішкі жан дүниесіне кіре отырып, қандай да болмасын тарихи оқиғалар-

ды қалпына келтіре алады. Оның ойынша қандай да болмасын мәдени ескерткіштердің екі астары бар: заттық мазмұндық және жеке тұлғалық. Біріншісі, диалектиканың құзырында болса, екіншісі, герменевтиканың құзырында. Сондықтан герменевтика өзінің барлық ойын автордың рухына, оның жан дүниесі мен көзқарасына, ойлау жүйесі мен тілдік стиліне бағыттауы тиіс. Демек, жеке тұлғаның ойлау дағдыларын ұғыну арқылы ұлт сананың ішкі астарын тануға, түсінуге қол жеткізуге болады. Мәселен, М. Әуезовті, Оноре де Бальзакты, Л. Н. Толстойды, Ф. М. Достоевскийді, Ш. Айтматов оқу арқылы ұлт менталитетінің табиғатынан мағлұматтар алуға болады.

Огюст Конт кезінде Оноре де Бальзактың «Адамшылық комедиясы» атты еңбегінде жоғары баға бере отырып: «Бальзак бізге француз қоғамының шынайы тарихын бере білді. Ол 1816 жылдан 1848 жыл аралығын хронологиялық тұрғыдан сипаттай отырып, көне француздың талғамының қалай жойылып бара жатқанын, оның орнын байлардың тұрпайы мінезі басып бара жатқанын сарказммен келемеж етеді» – деп жазады [5, 36-37.]. Сол тәрізді М. Әуезов шығармаларын оқу арқылы да қазақ ұлттық санасының даму ерекшеліктерін тани аламыз. «М. Әуезов... адамның психикасына әсер ететін, жүрек қылын шертетін қазақ әні мен күйінің тәрбиелік мәнін жоғары бағалайды. Халқымыз жақсы ән мен тәтті күйдің қандай тас көңілді болса да жібітіп жіберетінін, көзден жас ағызатынын, жан дүниені нұрландырып, ләззат пен рахат сыйлайтынын терең түсінген. Ән мен күйді «халық өнерінің асыл қазынасы» – деп жоғары баға бере келіп, ғылым зерттеуші бұларды халықтың көңіл-күйі мен сезімінің барометрі, қуанышы мен күйініші, арманы мен мұңы деген қарытындыға келеді, оны белгілі бір халықтың ұлттық ерекшелігін айқындайтын мәнді белгілердің қатарына қосады» [6, 84.].

Сонымен қатар герменевтиканың қазақ халқының ұлттық санасын танудағы бір ерекшелігі – оның «өмір философиясымен» байланыстығы. Батыс философиясында бұл байланысқа кезінде мән берген В. Дильтей болды. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ болмысындағы өмір – мәндәк маңызы бар «құт» ұғымының орны ерекше. «Құт» деген ұғымның мәні «Бақыт» дегеннен әлде қайда терең. Түркілер «құт» ұғымын субстанция мінінде қолданған [7, 185]. Күнделікті өмірде қазақтар «құт» ұғымына сәйкес мынадай сөз тіркестерін пайдаланады. Мысалы, «құт-береке», «құтты қоныс», «құтты іс», «құтты қадам» немесе «құты қашқан ел», «қонақ келсе құт келер» және т. б. Шындығында, ұлттық санасындағы «құт» ұғымына адамдардың іс-әрекетінің өлшемі бейнеленген, жақсы мен жаманның, бақ пен сордың, дұрыс пен бұрыстың арақатынасы межеленген. «Құт» ұғымын ғылыми тілмен түсіндіру қиын. Олай болса, «құт» ұғымын түсінуде герменевтикалық танымның маңызы зор.

Герменевтикалық социологияға өзіндік үн қосқан М. Хайдегтер болды. Ол тіл мен түсінікті адам мінез-құлқының астары емес, керісінше, адам өмірінің болмысы деп қарастырылып «түсінікке» онтологиялық сипат берді. М. Хайдегтердің осы бір ойын ұлттық сананы әлеуметтік тұрғыдан даму ерекшелігін кеңірек ашуға пайдалануға болатын тәрізді. Мәселен, түсінікті қазақ ұлттық санасының онтологиялық негізі деген кезде мынадай тарихи-мәдени жағдайларға назар аударғанды жөн санадық. Біріншіден, қазақ табиғатты танумен бірге, түсініп өскен халық. Ол өзін ешқашан табиғатқа қарсы қоймаған, керісінше, табиғатпен сырласып, гармониялық тұрғыдан өзінің іс-әрекетін, дүниеге көзқарастарын реттеп отырған. Екіншіден, әке мен бала, келін мен ене, ру мен ру, ел мен елдің араласуы да осы түсінікке тікелей байланысты. Қазақ ежелден араласуға, іштесуге, бірін-бірі іздеуге әсте құмар. Бұл оның бауырмалдығын да көрсетеді. Басқаша айтқанда, қазақ үшін араласу – ұлттың өмір сүру тәсілі, болмысының мәні. Үшіншіден, түсінік негізінде бөтенді жатсынбай, оның тілі мен өнерін қабылдай білу қасиетін үнемі дамытып отырған. Төртіншіден, түсінік бар жерде тұтастық бар екені белгілі. Қазақ халқы ұлттық санасындағы тенгризм мен исламның, халықтық білім мен ғылымның, өнер мен социологияның, дін мен философияның синкреттік жағдайда өмір сүру түсінігін ұлт болмысының онтологиялық негізі деп қарауға көмектеседі. Бесіншіден, ұлттық сананы герменевтикалық тұрғыдан талдаудың ең бастысы, ұлт болмысын логикалық және гносеологиялық шеңбердегі жасанды субъект – объекті қатынастары негізінде қарамай, керісінше, оны «Адам мен Әлем» жүйесіндегі шынайы нақты өмірлік қатынастар негізінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының ұлттық санасының экзистенциялық астары социологиядағы адам мәселесімен тікелей байланысты. Қазақ ойшылдары адам мәселесіне, оның ішкі болмысы мен өмір-мәндік мәселелеріне қашанда мән беріп отырған. Сонау Қорқыттан бастап күні бүгінге дейінгі аралықта адам мәселесін айналып өткен ақын, жыршы, философ жоқ десе де болады. Абай, Шәкәрім, Шоқан, Ыбырай, Сүйінбай, Шәңгерей, Ғұмар-Қараш және т. б. ақын, жыршы мен жыраулар шығармаларындағы дүние, өмір, тіршілік туралы ойлары ұлттық сананың экзистенциялық мәселелерге толы екенін және оның басты рухани арқауы екенін бұлжытпай дәлелдейді. Аталған құбылыстар астарында адамгершілік пен имандылықты, даналық пен көрегенділікті, кісілік пен кішілікті, ар мен намысты асқақтау принциптері жатты. Бұларды туралаусыз өмірге мән беретін, адамның өмірінің мәнін құрайтын рухани байлық ретінде қарастырып қана қоймай, соған әр қазақтың ұмтылу қажеттілігін ұлт санасына сіңірудің өміршеңдігін дәлелдеді.

Бұдан шығар қорытынды: қазақ үшін экзистенциялық мәселелердің бүгін пайда болмағаны. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ бұл мәселелермен үнемі айналысып отырғын және осы мәселелерді шешудің өзіндік жолдарын іздестірген, тыңнан жол тартып әлемдік социологиялық үрдіске өзіндік үн қосқан. Тарихтың қатал сынына қаншама ұшыраса да, өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, ізгіліктің ең биік шыңдары болып табылатын құндылықтарға өз ұрпағын тәрбиелеп отырған. Ақын-жыраулары, небір даналары елін осы мақсатта белсенді іс-әрекет жасауға шақырған, рухын шыңдап төзімділікке, шыдамдылыққа, сабырлылыққа үйреткен. Дүниеге «Адам болып келіп, адам болып кетуге» тәрбиелеген. Күйзеліс, қайғы, уайым, бақытсыздықты жеңе білуге, келешекке үмітпен қарауға үйреткен. Бүгінгі нарықтың қыспағына қанша түссе де, қазақтың осынша төзімділік пен шыдамдылық көрсету феноменінің бұлақтарын экзистенциялдық ойлардың ұлт менталитетінде нық орныққанының көрінісі деп білгеніміздің артықтығы жоқ.

Қазақ халқы ұлттық сананың рухани түбірі болып келетін осы бір күштердің әлеуметтік қатынастарды позитивтік негізде қалыптастыруға да өзіндік әсері бары көп жағдайда ескеріле бермейді. Тіпті ұлттық санасының экзистенциялық мотивінің күштілігі ұлттың енжарлығы мен жігерсіздігіне де тосқауыл бола алады. Ол – өмір белсенділігінің көзі, болашаққа сеніммен қарайтын, тірлік пен үмітке бағдар берер және құнарландырар рухани күш. Өзінің табиғи жаратылысында әр нәрсені білуге құмар және ұғымпаз, зерек халқымызды батыстың «жалған» құндылықтарымен улау арқылы өзінен «жеріндіруден» тазартып, өзін тану мен өзгертуге бағытталған ой, сана, рух еркіндігін қалыптастырудың уақыты жетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Киселев И. Н., Мироненко С. В. Социальный портрет высшей бюрократии первой четверти XIXв. Количественный анализ. Комплексные методы в изучении истории с древнейших времен до наших дней. Тезисы докладов совещания. - М. Изд-во,1984. - С. 25. -173б.

2. Манекин Р. В. Некоторые аспекты методологии квантификационного исследования менталитета. Вестн. Моск. Ун-та. Сер. 7, Философия. -1992 -№1. -С. 75.

3. Редель А. И. Российский менталитет: от политико-идеологических спекуляций к социологическому дискурсу. Социально-гуманитарные знания. -2000. -№5. -С. 155.

4. Земляной С. Н. Герменевтика и проблема понимания. В кн: Проблемы и противоречия буржуазной философии 60-70 х годов. -М. «Наука». -1983. -С. 234.

5. Конт О. Позитивизм в социологии. Л. : ЛГУ, 1984.

6. Тайжанов А. ӘуезовМ. шығармаларының ұлттық психологияны танудағы рөлі. // Ақиқат. - 1994. - №4. - 84 б.

7. Есім Ғ. Сана болмысы. (Саясат пен мәдениет туралы ойлар)-Алматы: Ғылым. -1998. - 307 б.

ШАУЕНОВ Д. Ш.
PhD, аға оқытушы
Дінтану кафедрасы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

НАЗБЕКОВА С. Т.
Ахмет Ясауи атындағы «Дінтану» ҒЗО-ның ғылыми қызметкері
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ

Түйін. Бұл мақаланың негізгі мақсаты Екінші Мұғалімнің көзқарасының өзектілігін көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени қатынастағы Шығыс перипатетизмді анық көрсету. Әл-Фараби шығармаларындағы дін мәселесінің қазіргі таңда маңыздылығын анықтау. Әбу Насыр әл-Фарабидің дінге қатысты көзқарастары мен тұжырымдамаларын салыстырмалы түрде анықтау.

Түйінді сөздер: Әбу Насыр әл-Фараби, ислам, ислам философиясы, дін, Алла.

Резюме. Основная цель данной статьи заключается в том, чтобы не только показать актуальность взглядов Второго учителя, но и наглядно показать Восточный перипатетизм в культурных отношениях между Востоком и Западом. Определение значения религии в творчестве Аль-Фараби-сегодного дня. Сравнительное определение взглядов и понятий религии Абу Насира аль-Фараби.

Ключевые слова: Абу Наср аль-Фараби, ислам, философия ислама, религия, Аллах.

Summary. The main purpose of this article is not only to show the relevance of the views of the Second Teacher, but also to demonstrate Eastern peripatetism in cultural relations between East and West. Determination of the significance of religion in the works of Al-Farabi today.

Keywords:Abu Nasr al-Farabi, Islam, philosophy of Islam, religion, Allah.

КІРІСПЕ

Грек философиясының әсіресе космологиялық көзқарастарымен ислам сенімін біріктіру мәселесінде ислам философтарының кейбірі дінді, кейбірі де философияны негізге алып, осылайша түрлі дін философиялары пайда болды. Фарабиге Ғазали және т. б. ойшылдардың қарсы шығуының себебі де бір-бірінен алшақ көзқарастарды ымыраға келтіру әрекетінен туындаған деп ойлаймыз.

Фарабидің пікірінше философия бір және барлық нәрсені қамтитын әлем біздің алдымызға жайып салатын ғылым. Жанның тазалығы философиямен айналысудың әрі шарты әрі нәтижесі. Сол себепті ол өз нәпсісін тәрбиелеуге күш жұмсаған. Оның пікірінше табиғат ғылымдары мен рационалдық ғылымдар геометрия мен логиканың бақылауымен жасалуы керек.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ

Әл-Фараби бір-бірімен ымыраға келуі мүмкін болған әр түрлі жүйелерді синтездегені үшін эклектикалық бір методты жүзеге асырған. Ол Аристотель логикасына негізделген рационалдық метафизикалық жүйені құрды. Бұл жүйе нәтиже шығаруға (истинтаж)негізделген. Ол толықтай ақылмен ғана шектелмей, ой жүгірту (истидлал) жолын да ұстанады. Математикадан бастау алып мистицизмге ұласады. Осылайша бастапқыда рационалист, логик болған ойшыл кейіннен рухани хәл деп бағаланатын мистикке айналады. Оның мистицизмі философиялық жүйе емес. ол барлық материалдық оқиғаларды рухани принциптерге тәуелді етіп ымыраға келтіруші спиритуализм доктринасын құруға тырысқан.

Фараби дінге қатысты мәселелерде дүние мәңгі ме әлде жаратылған ба деген сұрақтарға жауап іздейді. Оның пікірінше мұсылмандар арасында айтыс-тартысқа себеп болған нәрсе, антикалық дәуірдегі екі грек ойшылының екі түрлі көзқараста болуы. Платон әлемнің жаратушысы бар десе, Аристотель әлем мәңгі деген көзқарасты жақтаған. Осы даулы мәселені шешу үшін Фараби тек бұл мәселені ғана емес, басқа мәселелерді де бір үйлесімділік бойынша қарастырады. Ішінде ақиқатты қамтитын бір ғана философия бар. Осы екі ұстаз дана деп аталады. Екеуі де өздерін қабылдату үшін және өздерін көрсету үшін жұмыс істемей, заттардың ақиқатын зерттеумен айналысқан.

Фарабидің түсінігінше «діндегі секілді философиялық ілімдердің арасында айырмашылық жоқ және философия иманның өлшемдеріне қарай қарастырылады»[1, 53 б.]. Иудаизмде құдай еврей халқын таңдаған. Өзіндік бір сүйіспеншілікпен оларды өз ұлы секілді сүйеді, кейде кінәлі болған балаларын жазалайды. Дегенмен баласын жақсы көретін әке секілді оларға жақын әрі мейірімді [2,526.]. Исламда болса әке-бала байланысының орнына құл мен оның иесінің арасындағы байланыс, құлдың иесіне бағынуы, иесінің құлына құқылық (хаққаният) принциптерге негізделген келісім идеясы орын алған. Құдай

ең алдымен адамның рухтарын жаратқан. Кейін олардан: «Мен сендердің Иелерің емеспін бе?»-деп сұрайды. Олар да «Иә» деп жауап береді. Осы сәттен бастап Жаратушы мен құлдары арасында өзара келісім (мисақ) жасалынған. Ислам діні күмәнсіз өмірді жан жағынан қарастыратын құқық жүйесі болып табылады. Оны құдай-адам, құдай-пайғамбар, пайғамбар-мумин, мүмін-мүмін еместердің қарым-қатынастарында жүзеге асырады. Христиандықта негізгі ұғымдарға мейірімділік пен шапағат жатса, исламның негізгі ұғымдары әділет пен құқық болып табылады [3,41-45б.].

Фараби философияның маңызды бөлігін оның метафизикаға қатыты көзқарастары құрайды. Өйткені бұл көзқарастары кәламға және сопылыққа қатысты көзқарастар болып табылады. Шындықтың ең ұшар төбесінде міндетті болмыс (уажибул ужуд) болып табылатын Алла Тағала бар. Алла - Бір және Ол барлық нәрсе, барлық болмыстың негізі де Өзі. Ол басқа болмыстан пайда болған жоқ. Сол себепті Фарабидің пікірінше біреу ғана болған болмыс я мүмкін яки міндетті. Үшінші нұсқасы жоқ. Мүмкін болған болмыс бар болуы үшін өзінен бұрынғы бір себепті қажет етеді. Себептердің тізбегі бір жерге барғанда тоқтауы керек. Сол жер де Міндетті Болмыс яғни Алла Тағала бар. Оған ешбір себеп қажет емес. Ол ежелден бері бар және ең ұлы кемел болмыс. Бір хәлден екінші хәлге өзгермейді. Ол таза ақыл, толықтай игілік. Оның бар екендігіне ешбір дәлел қажет емес, өйткені оның өзі барлық нәрсенің дәлелі және алғашқы себебі. Ол шексіз кемел. Бір және жалғыз. Бұл міндетті болмыстың бір дененікі секілді мәні, түрі, бөлігі және ұқсасы жоқ. Оны сипаттау мүмкін болмағаны секілді Оның мәнін де түсіну мүмкін емес. Оны сипаттары арқылы тану мүмкін болғанымен, нәтижеде тану мүмкін емес. Ол уақыт пен кеңістікке тәуелді емес. Ол Тірі (Хай), Хаким, Білуші (Амин), барлық нәрсеге күші жетуші (Қадир)... Өз мәнін біледі, өзінен басқа барлық нәрсені де біледі. Бұл білімі Оның мәніне тән сипат. Оның кемел болғаны соншалықты, бұл кемелдік бізді қайран қалдырып оны толықтай ойлауымызға кедергі келтіреді. Біздің оны қате ақыл қуатымыздың әлсіздігінен және қиялымыздың жеткіліксіздігінен туындайды. Ал Оның мәнінде кемшілік жоқ және болуы да мүмкін емес. Біз материядан алыстаған сайын Оны ұғына аламыз. Ләззаттардың ең жоғарғысы ақыл ләззаты болып табылады. Ақыл ләззатының ең жоғарғысы да ақылдың Алланы, Раббысын білуі болып табылады [2,75-76б.].

Оған «уажиб-ул ужуд» секілді ең жоғарғы және ең атақты мағыналары бар есімдер беріледі. Оған берілген сипаттарды тек қана салыстырумен және ауыспалы мағынамен түсіндіру мүмкін.

Фарабидің құдай туралы түсінігі Грек философияларына керісінше абсолютті, ұлы және барша әлем туралы түсініктерден тыс құдай болып табылады. Фараби космологиялық көзқарасын өз ойындағы Алладан туындатады және сезімдер әлемін де осы космологиямен байланыстырады.

Н. Данышманның пікірінше әл-Фараби әлемді ислам дініндегі таухид сенімін негізге ала отырып қарастырған. Барлық нәрсені Алланың бірлігі (таухид) негізі бойынша ойлап, сол бойынша түсінген. Оның дүниетанымында әлемдегі белгілі және белгісіз барлық нәрселер мен жанды-жансыз болмыстар Алланың сипаттары мен көріністерімен байланыстырған. Осы ұстанымымен Ислам дінінің принциптерімен ғылым және философия арасындағы органикалық байланысты түсіндіруге тырысқан.

Фарабидің жұмыстары мен зерттеу методикасы «Китаб-ул уахид уал-уахда ила рисалат-ул фи тақсим-ил уахид уал-уахда» атты еңбегінде атап көрсеткеніндей бірді (уахид) дұрысырақ түсініп ұғыну үшін оны бөлімдерге, оларды да кішкене бөлшектерге бөліп талдау жасау болатын. Бұл әдіс оның дүниетанымында өте маңызды орынға ие. Бұл мәселені назарға алмай Фарабиді толықтай түсіну мүмкін емес. Дәл осы методты кейінірек XYII ғ. Декарт та қолданған.

Фараби ғылым мен философияның алғаш рет (ата-бабалары болып табылатын шумерлер тарапынан) Месопотамияда дамып, кейін Мысыр мен Грецияға жайылғандығын, ол жерден де ассириялықтар арқылы арабтарға өткендігін жазған. Өзінің міндеті осы ілімді қайтадан түпкі төркініне қайтарып жандандыру болғандығын көрсеткен [4,3-16б.].

Фарабидің эманациялық (судур) теориясы Аристотель философиясымен байланысты. Аристотельдің пікірінше алғашқы материя мәңгі (ар. «әзали»), оның бастауы мен жаратушысы жоқ. Ислам сенімі бойынша ол Алланың еркін қалауымен жаратылған, басы мен соңы бар, мәңгі-бақилық емес. Фараби бұл жерде алға тартқан судур теориясында Алла мен қалған болмыс арасында байланыс орнатады, яғни Аристотельдің идеясы мен ислам сенімін байланыстырып, дінді философияға жақындатуға тырысқан. Бір жағынан Аристотель секілді материяның мәңгілігін (азали) қабылдаса, бір жағынан бұл мәңгілікті материяның Алладан туындағандығымен байланыстырады және Алла мен материя арасына материалдық емес ақылдар тізбегін қояды. Судурдың мәні мынадай: «Алланың мәңгілік таусылмас білімі бар. Бұл білім барлық болмыстардың жаратылу себебі болып табылады. Өйткені Фарабидің пікірінше білу істеу, жарату деген мағынаны білдіреді. Олай болса судур Алланың әрдайым әрекет үстінде болатын шексіз білімі мен ойының нәтижесі болып табылады [5,16б.].

Фарабидің пікірінше Алла білмей тұрып жарата салған табиғат та емес, немесе затты қалай болса солай, ойланбай, ретсіз-жүйесіз жаратқан ерік те емес. Алла өз-өзін білу арқылы шексізді

жаратады. Шексіздікте шексіз бір болмыс жаратады. Бұл алғашқы болмыс та алғашқы ақыл болып табылады. Ол да бұл жерде Аристотель логикасының «бірден тек бір шығады» қағидасына сүйенеді [6,103 б.; 7]. Бірақ алғашқы болмыста көптік (касрат) бар. Өйткені ол өзін мүмкін деп білсе, Алланы міндетті деп біледі. Олай болса осы алғашқы болмыста екі түрлі таным болады. Алдымен ақылдың өзін өзі тануы, кейін Алланың бір бөлігі болуы тұрғысынан таныуы. Өзін өзі тануы тұрғысынан ол міндетті емес, Алланы тану тұрғысынан міндетті болып табылады. Өзін міндетті деп тануы тұрғысынан екінші бір ақылды тудырады, өзін мүмкін деп тануы тұрғысынан алғашқы «фалактың» материясын жаратады. Өзінің мәнін білуі жағынан осы фалактың формасын немесе жанын тудырады. Екінші ақыл екінші фалакты, ол да үшінші ақылды жаратады және осылайша ай асты әлеміне жеткенге дейін жалғаса береді. Фалактар мен ақылдардың көмегімен пайда болу мен жойылу (каун-у фасад) әлемі пайда болады. Бұл тізбектің реті мынадай: 1)Алла. 2)Әл-ақл-ул ауал (әл ужуд әс-саин) ең үлкен фалакты қозғалысқа түсіреді. 3)Уқул-ул афлак-ис самания (чегіз фалактың ақылдары) дан көктегі денелер пайда болады. «Малаикат-ус сама» деп аталатын «әлуқул-ут тисға» (тоғыз ақыл) екінші болмыс мәртебесін құрайды. 4) Ақл-ул фаал. 5)Жан (нафс). 6) Форма (сурат). 7)Материя (мадда) [8,149б.].

Фараби көптеген мәселелер бойынша Аристотельдің ізімен жүрген. Ол метафизикаға қатысты түсіндірмелерінде де грек ойшылының көзқарастары мен ислам сенімін біріктіруге тырысқан. Бірақ осы біріктіру барысында Фарабидің Аристотельден ажырайтын және оның философиясында маңызды орынға ие болған 4 көзқарасты айта кеткен жөн.

1)Аристотельдің көзқарасы бойынша Алла әлемнің орталығы және материяға форма береді. Фарабиде бұған керісінше материя міндеттілігін Алладан алған.

2)Аристотель бойынша Алла алғашқы әрекетке түсіруші (мухаррик-ул ауал) және материяға механикалық тұрғыдан әсер етеді. Фараби бұл көзқарасты толықтай өзгертіп, дәл осы принцип бойынша метафизика мен физиканы түсндіруге тырысқан.

3)Аристотель бойынша Құдай тек қана «жақсы» мен «әсемдік» қағидалары бойынша механикалық жүйеде немесе білмей әсер етсе, Фараби Алланың танымы детерминизмді білдіретіндігін қабылдайды. Бірақ оның пікірінше Алла тек қана кулли (жалпы) нәрселерді, яғни әлемдердің заңдылықтарын біледі, бірақ табиғатта орын алып отырған жекелеген оқиғалармен шаруасы болмайды.

Фарабидің бұл көзқарасы кейіннен философтар мен кәламшылардың арасында айтыс-тартыс тақырыбына айналып, айрықша Ғазали тарапынан терең талданып, теріске шығарылды.

4)Аристотельдің пікірінше алғашқы қозғалысқа түсіруші фаал ақыл (белсенді сана) немесе Құдай. Бұл жерде белсенді сана мен құдай ұғымы бір. Фараби бойынша кулли ақыл Алладан шыққан алғашқы болмыс. Ол Алла бола алмайды. Өйткені шектеулі болмыстарды жаратқан нәрсе де шектеулі болып табылады [4,20-21б.].

Аристотельде Құдай мен әлем арасында байланыстырушы болмыстардың дәрежелері болмаса, Фарабиде судур теориясы бойынша осы байланыстырушы болмыстар арқылы Алладан әлемге жетуге болады.

Көптеген зерттеушілер Фараби философиясының қалыптасуына үш қайнар көздің әсер еткенін айтқан: 1) Ислам діні, 2) Грек философиясы мен жаңаплатоншылдық, 3) Көне Үнді, Иран және Византия мәдениеті, мифологиясы мен сенімдерінің ықпалындағы ислам мәдениеті.

Фараби философиясын таухидке негізделген (Құран, Ықылас сүресі) Ислам дінінің принциптері құрайды. Алланың бір екендігі, оның бар болуы еш нәрсеге мұқтаж емес екендігі, мәні мен болмысы өзіне ғана тән екендігі оның философиялық негізгі ұстыны [8,152б.] болып табылады. Алланың болмысы мен құдіреті шексіз кемел болғандықтан, оның болмысы мен құдіретін басқа болмыстардан кездестіру мүмкін емес. Оның серігі мен қарама-қайшылығы жоқ. Қасиетті болмысын анықтау мүмкін емес. Алла Тағала дана, хаким, төреші, хақ, тірі және өмірдің өзі болғаны секілді аса ұлы. Оның ешқандай серігі жоқ. Аса көркем [9,37б.] болмыстың иесі.

Бұл кемелдік ұғымы бір жағынан Алланың абьсолютті бірлігін ислам дінінің басты принципі таухид сенімін түсіндіруде. Екіншіден Аллаға серік қосуды (ширк), политеизмді жоққа шығаруда. Сондай-ақ христиандық пен неоплатонизмнің үштік сеніміне қарсы шығып, ислам әлеміндегі шииттер мен алевиттердің кейбір тармақтарының шектен шыққан көзқарастарынан ашық түрде ұзақ тұрады.

Белгілі болғандай Аристотель «орнынан қозғалмайтын қозғалысқа түсіруші» идеясын қолдаған. Фараби болса тікелей Алланың өзінен, оның шексіз кемелдігінен сөзді бастаған. Ол Алла ұғымы діннің негізі болғандықтан «кез келген ойшыл мен ғалым философияны бастамас бұрын Алланы толықтай тануы тиіс»[10,15-17б.] деген қағиданы ұстанады. Ол Бір және Бірдің аты мен мағынасына басқалардан ең лайықтысы. Сондай-ақ Ол материя болмағандықтан жayhарына байланысты әрекетшіл ақыл (ақл бил-фиил). Ол әрі ақыл, әрі мақул (ақылдардағы), әрі ақыл етуші (ақил) бір ғана мән мен субстанция (жayhар) [9,38б.]. Әл-Фараби кейбір мәселелерде қайран қалған Платонда болса құдай әлемнің жаратушысы, ислам ғұламалары көп қолданған ұғымдағы секілді Жасаушы (демиург), әлемді басқарып қадағалайтын ең кемел, ең жоғары және ең көркем идея болып табылады.

Дегенмен Фарабиде Алла ұғымы өте кемел, жоғары болғанына қарамастан ол тек абьсолютті, абстрактылы және әлемнен тыс, ілімі өзінен басқа нәрсені қамтымайтын, әлемнің жаратылуымен тікелей байланысы жоқ болмыс болғандығын алға тартқандар да бар. Бұл Аристотельдің «қозғалмайтын қозғалысқа түсіруші» ұғымына жақын түсінік. Ал Алла ұғымы Құран Кәрімде айтылғандай әлемнің және адамдардың қайнар көзі және себебі және барлық жаратқандардын, әсіресе адамдарды «қатты сүйетін» (Құран Кәрім. 85 сүре, 14-аят), олардың дұғаларын естіп, тәубелерін қабыл ететін, әрдайым кешіретін және рақымшылық жасайтын Аллаға деген сенімге жат екендігі де айтылған. Сол себепті Ғазали «Философияны терістеу» (Тахафут әл-фаласифа) атты еңбегінде Фараби мен Ибн Синаны «бұл жағдайда жаратушы (халиқ) жаратылғандардан да (махлуқат) төмен дәрежеге түсірілген» деп кәпірлікпен айыптаған.

Осы алшақтық пен кемшілікті түзету үшін Фарабидің адамдарды Аллаға, Алланы да адамдармен қауыштырудың шарасын ойластырғандығы айтылған: 1) Адамдарды Құдайға жақындату үшін Фараби сопылыққа жүгінгендігі, адамдардың нәпсілерін тәрбиелеу арқылы сезімдер әлемінен, тіпті ақылдар әлемінен де жоғары көтеріліп рухтарын кемелдендіруге, алғашқы ақиқат танымға жетуге, Алламен қауышып, Аллада өздерін ұмытып шынайы бақыттың дәмін татуға шақырған. 2) Аллаға адамдарды жақындату үшін «Ақылдар теориясын», файз (тасу, шығу) теориясын дамытқысы келген.

Шын мәнінде жоғарыдағы сыни пікірлер мен айыптауларға қарамастан Фарабиден кейінгі көптеген ислам ғұламалары сопылардың көпшілігі және шетелдік ойшылдар ең кемел бірақ әлемнен және адамдардан ұзақ секілді болып көрінген Алла ұғымы мен файз теориясын еш қарсылықсыз қабылдаған. Ибн Сина «Китаб әл-ишрат уәл-танбихат» атты еңбегінде осылай жазса, Алланың мәні туралы Ибн Рушд те осы негіздерді қабылдаған. Сонымен қатар ортағасырлық атақты еврей ғалымы, Батыстық ойшылдарға ықпал еткен андалусиялық Муса ибн Маймун (1135-1204) да Алланы дәл Фараби секілді суреттеген. Сол секілді XYII ғ. атақты голландиялық еврей ойшылы Спиноза [8,21-22б.]да Фарабидің ізімен жүргендігі айтылады.

Фараби ислам дінінің негізгі принциптерінің аясынан шықпай әлемнің, материялар әлемінің және барлық жанды болмыстардың ең кемел бір ғана Алла тарапынан жаратылғандығын айтқан[10,33 б.; 85б.]. Басқаша айтар болсақ әлемдегі барлық нәрсенің бастамасы бар. Барлығы да Алғашқы Бастаманың және Міндетті болмыстың қолынан шыққан. Барлық нәрсе мәңгілік болмағандықтан оларды жоқ деп те есептеуге болады.

Фараби болашақты болжаудың әлеуметтік тұрғыдан зиянды екендігін ескерткен[9,42б.]. Ол болашақтағы оқиғалардың белгісіз болуының адам ойының дамуында көп пайдасы бар екендігін айтады. Болашақты болжау адамның іс-әрекеттеріндегі екі маңызды факторға, яғни қорқыныш пен үміттің пайда болуына жол ашатындығын айтады. Оның пікірінше бұл жағдайда қоғамда бейберекетсіздік орнайды.

Әл-Фараби әлем мен көктердің құрылымын ақылдар, фалактар және фалактардың рухтары секілді үштікпен байланыстырғаны секілді адам мәселесінде де тән, рух және ақыл үштігіне де тоқталады [9,60б.]. Фараби «бір адамда дұрыс ойлау нәтижесінде шешімге келіп, оны жүзеге асыру үшін ерік күші бар болса, анда ол адам тәуелсіз адам. Керісінше дұрыс ойы мен еркі жоқ адам – жануар секілді (уахими) адам. Дұрыс ойлай алғанымен еркі мен қалауы жоқ адам құлдық рухқа ие адам. Ғылым мен философиямен айналысқандардың кейбірі де құлдық рухтары мен түсініктері арқылы алдыңғылардан қалыспайды. Олардың ілімдерінен пайда жоқ, олар үшін шынайы ғалымдар арланып, ұяттан өртенеді» - дейді [4,41б.]. Фарабидің пікірінше жақсыға тек жақсы болғандығы үшін қол жеткізуге ұмтылу ең үлкен жақсылық әрі үлкен бақыт. Міндетті болмыс (Алла) барлық нәрсе өзінен пайда болған таза жақсылық пен ең жоғары, шексіз кемелдік. Адамдар үшін алға қойған мақсаттары жақсылық пен бақыт болып табылады.

Адам кейбір мақсатқа жақсы болғандығы үшін қол жеткізгісі келеді. Адам іс-әрекеттерін ерік-қалауы арқылы істеуі керек. Адам кейде уақытша да болса жақсы істерді істейді. Немесе оны біреудің қысымымен істейді. Осы екі жағдайда да ол бақытқа жете алмайды. Бақытты болу үшін әрекеттер ерікті түрде жасалынуы керек.

Адам оқта-текте жақсы істер жасауы мүмкін. Адамдар өзіне ұнаған іс-әрекеттерді өмір бойы жасауы керек. Адам ақылы шынайы ілімді меңгеріп, жоғарылаған сайын өзінен жоғары тұрған ақылдар жүйесі ішінде белсенді санадан бастап Алланың ең жоғары ізгілігі мен көркемдігіне бет бұру арқылы шынайы бақытты өз рухында сезінуі мүмкін. Дәл көктердегі ақылдар өздері одан шыққан (файздан) «негізгі мәнге» бет бұрған сайын бақытты сезінуі секілді кемел және ізгі (фадил-абзал) адамдар да әрдайым шынайы таным мен ғылым иелері арасынан орын алатын болады [11,184б.].

Сонымен қатар Аристотель философиясының маңызды ерекшелігі адамның ақылға сиятын дүниені және табиғатты таза ойдың арқасында танып білу мүмкіндігін мақұлдады.

Әл-Фараби Аристотельдің осы пікіріне сүйене отырып «Бір (Болмыс) өзін өзі пайымдайды, ал Оның мәні белгілі бір шамада дүниедегі барлық нәрселерді қамтитын болғандықтан, ол өзін өзі пайымдай отырып, белгілі дәрежеде сол арқылы дүниеде бар барлық нәрсені пайымдайды, өйткені дүниеде бар барлық басқа нәрселердің әр-

біреуі өз болмысын Соның болмысынан алады» [9,826.]. Әл-Фараби «барлық нәрсенің болмысы – оның өзінен туындайды» [8, 26.]. дегенде «Өмір сүруі Соның өзінен туатын болмыс басқа бір нәрсенің болмыс үшін өмір Сүреді» [12,2426.].

Әл-Фарабидің әлем тануындағы космологиялық жүйесінің орталығындағы жер қозғалыссыз күйін сақтайды. Оны айнала тоғыз аспан денесі қозғалады. Әрбір аспан денесі ақыл-ой мен жанға ие. Жан ақылдан күш алып осы денелерді қозғалтады. Бірінші Болмыс өзі үшін бар, өзі арқылы бар, ол өзінің бар болуы үшін ештеңеге мұқтаж емес[13,556.]. Өзін өзі тану арқылы Ол - өзінің мәнділігі барлығымен ажырамас бірлікте екенін біледі. Өзін-өзі тану актісі сонымен қатар көптіктің туу актісі өйткені: өзін-өзі, өз болмысын тану арқылы Алғашқы себеп, Алғашқы Ақылды туғызады. Ол өз мәнісін тану арқылы жанды дүниеге әкеледі. Ол өз мүмкіндігін тану арқылы бірінші сфераны (аспан денесі) дүниеге әкеледі.

«Бірінші себептен, - дейді әл-Фараби, - Екіншісінің болмысы келіп шығады, бұл да – мүлде тәнсіз субстанция және материяда жоқ болмыс. Ол өз мәнін пайымдайды және Алғашқы себепті пайымдайды, ал оның өз мәнін пайымдайтыны – оның өз мәні ғана, бұдан басқа дәнеңе де емес. Мұның өзі алғашқы себептен әлденені пайымдайтындықтан, бұдан қажетті түрде Үшіншінің болмысы келіп шығады» [12,2426.].

Адам ай астындағы әлемдегі болмыс иерархиясында жоғары орынды иеленеді. Бұл дүниенің бүкіл заттары ол үшін және оған қызмет етуге арналған, ол өзінің ақыл иесі болуы себепті дүниедегі барлық заттарға қарағанда ерекше тәнтілікке ие.

Алланы жоғарғы Ақыл деп түсінумен байланысты, адамның құдай бейнесінде жаратылғандығы, адамның ақыл иесі болуына орай әл-Фараби он бір интелект теориясын дәлелдеуге тырысты. Олар адам ақылының жоғарғы ақиқатқа асқақтау жолындағы рәміздік сатылары болып табылады. Алла мен адам байланысы арасындағы байланыс кемелденген мен жетілуші арасындағы қатынас ретінде көрініс береді, яғни ол екі жақты болып келеді: құдайдан адамға, адамнан құдайға бағытталған қатынас ретінде байқалады.

Әл-Фараби бойынша, дүниенің иерархиялық құрылымында барлық тіршілік болмысының себебі Алла (Бастапқы себеп) болып табылады. Ол өзімен болмыс пен ойлау салтанатын көрсетеді, өйткені тіршіліктің онымен аңғарылуының басталуы осы тіршіліктің болмысының басталуын біліреді. Барлық тіршілік «ай үстіндегі» әлем мен «ай астындағы» әлемге бөлінеді. «Ай үстіндегі» әлемдегі жоғарыдан төменге қарай жүретін иерархияны әл-Фараби табиғи деп есептейді. «Ай астындағы» әлемде ол керісінше, төменнен жоғарыға жүреді. «Ең кеміс жетілген бастапқы материя болып табылады, одан кейін бірізділікпен кемелдіктің сатыларымен ақылдан кенде қалған элементтер, минералдер, өсімдіктер, жануарлар және соңында парасатты жануар – адам көтеріледі» [13, 786.].

Жаратушы мен одан шығатын идеалды жаратылыстарды қарастырғанда, әл-Фараби оларға тән сипат ретінде олардың үйлесімділігін бұзуға қабілетті қарама-қарсылықтардың жоқтығын баян етеді.

Әл-Фараби дүниетаным конструкциясының орталығы – адам деп біледі. Ол «төменге бағытталған жол» (Алладан, зердеден, сферадан, іс-әрекеттен жер әлеміне және адамға қарай) мен «жоғарыға бағытталған жол» (бастапқы материядан элементтерге, минералдарға, өсімдіктерге, жануарлар мен адамға) арасындағы аралық орынды қамтиды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әл-Фарабидің тұжырымдауынша, адам - өз сұлулығын өзі жасаушы, тек адам ғана әсемдікті жасауға қабілетті, себебі, ол ізгілікті іздеу және тудыру қабілетіне ие. Адам өзінің бар жаратылысымен бақытқа, өмірдегі әсемдікке ұмтылады және әсемдікке ие болып, сол әсемдікті аялауға қабілетті болғанда ғана бақытқа қол жеткізеді. Әл-Фарабидің тұжырымдамасындағы Ұлы Жаратушының сұлулығы – бұл адамның өзінің жердегі ғұмырындағы ұмытылуы тиіс ешбір кемістіксіз, кемелденген мұрат.

Көптеген зерттеушілер Фараби философиясының қалыптасуына біріншіден Ислам діні, екіншіден Грек философиясы мен жаңаплатоншылдық, сондай-ақ үшіншіден Көне Үнді, Иран және Византия мәдениеті, мифологиясы мен сенімдерінің ықпалындағы ислам мәдениеті секілді үш қайнар көздің әсер еткенін айтқан. Алайда біздің ойымызша ең басты қайнар көз – дәстүрлі түркілік дүниетаным мен Ислам дінінің синтезінен пайда болған дүниетаным болып табылады. Фараби Көне Грек ойшылдарының көзқарастарын жеткізуде өмірлік тәжірибесінде жинақталған түсінікті қолдана отырып, Таяу және Орта Шығыс үшін жаңаша бір тәсілді қолданған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Фараби. Илимлерин сайымы (Чев. Ahмет Атеш). - Стамбул, -1955.
2. Арслан, Ахмет. Ислам фелсефеси үзерине. - Анкара,1999.
3. Берлин, Исаиах. Фелсефеие бир гириш//Иени дүшүн адамлары. ауд. Илкай Сунар-Халдун Гүрсал. - Стамбул, 1979. - 41-45 бб.
4. Фараби. ел-Мединетүл-фазила (Ауд. Нафиз Данышман). Стамбул, -1956.

5. Корбин, Г. Ислам философиясы тарихы. Чевирен: Х. Хатеми, Илетишим йайынлары. - Стамбул, 1986.
6. Түркер-Күэл, Мүбахат. Аристотельес ве Фарабинин варлык ве дүшүнже өгретилери. - Анкара, 1969.
7. Атай, Хүсейн. Фараби ве Ибн Синая гөре яратма. - Анкара, 1974.
8. Үлкен, Хилми Зия. Ислам дүшинжеси. – Стамбул, 1946
9. Улутан, Бурхан. Фараби фелсефеси. - Стамбул, 1999.
10. Фараби. Уйун әл-масаил. Фелсефенини темел меселелери, чев. Мехмет Кая, Фелсефе аршиви. - Стамбул, 1984.
11. Тайлан, Нежип. Анахатларила Ислам фелсефеси–кайнаклары–темсилжилери–тесирлери. 4-баскы. - Стамбул: Енсар Нешриат, 1997.
12. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973.
13. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1975.

ӘӨЖ 373. 1. 02

ШЫНПЕЙІС Г. П.
магистр-оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АШЫҚБАЕВА Г. Д.
аға оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНІҢ ДІНМЕН ҰШТАСА ДАМУЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ТІРЕГІ

Түйін. Рухани тұтастық жоқ жерде ұлттық дүниетанымдық үзік пайда болады. Мақалада Қазақ халқы ұлттық салт-дәстүрді сақтаумен оныдіни ғұрыппенбайланыстырып, оның өміршеңдігін насихаттаумен келді. Дәстүрімізді жаңғыртып, жүрегімізде тек адамиқасиеттер мен еліміздеқалған құндылықтарымызды анықтау қарастырылған. Кеудесін отқа тосқан батырларымыздың ерлігі, ишан, қарилердің аппақ қардай жүрегі, билеріміз бен шайырларымыздың даналығы, данышпандарымыздың ой-толғамы, зиялыларымыздың ғұламалығы, осының бәрі рухымызды көтеріп, ұлттық санамыздың орнығуына, дамуына жол ашты. Ұрпақ сабақтастығы – ұлттық құндылықтарымызды дінімізбен сабақтастыра жаңғырту. Қазақ халқындағы дін мен дәстүрді бір-бірінен айырып қарауға келмейді. Ислам дініне кіргенімізге он екі ғасырдан асты. Қанша ғасырдан бері қазақтыңұлттық сана-сезімі, салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті ислам дінімен, құндылықтарымен бірге дамыды. Қазақ қоғамының әр кезеңінде өмір сүрген азаматтардың іс-әрекетінен ғасырлар бойы дін мен дәстүрін жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық рух жайында сипаттама берілген.

Түйінді сөздер:рухани жаңғыру, ұлттық сана, сабақтастық, дін мен дәстүр, қазақ қоғамы,ұлттық құндылық, адами қасиеттер.

Резюме. Развитие национальной традиции с ценностями религии является опорой духовного возрождения**.** Там, где нет духовной целостности, появляется национальныймировоззренческий разрыв. В статье рассматривается, что казахский народ соблюдал национальные традиции связывая его с религиозным обычаем, пропагандируя его жизнеспособности. Также рассмотрено возрождение культуры, традиции, ценностив наших сердцах и остальных человеческих качеств. Отвага наших батыров, богобоязненное деяние ишанов, кари, мудрость наших бийев и ораторов, слова назидания мудрых людей, премудрость нашей интеллигенции, все это поднимало дух, способствовало становлению и развитию национального сознания. Преемственность поколений – модернизация национальных ценностей в ногу со временем с нынешним поколением. При толковании бытия казахского народа нельзя рассмотреть, отделяя религию от традиций. Процесс исламизации казахов начался еще в 12 веке. В течение этого времени все следующие параметры такие как национальное самосознание, традиции, культура, литература развивался вместе с ценностями исламской верой. В статье дано описание национальному духу, передававшийся от эпохи к эпохе ценности народа без всяких потерь.

Ключевые слова:духовное возрождение, национальное сознание, преемственность, религия и традиции, казахское общество, национальные ценности, человеческие качества.

Summary. The development of the national tradition with the values of religion is the support of spiritual revival. Where there is no spiritual integrity, there appears a national ideological gap. The article considers that the Kazakh people observed national traditions by associating them with religious customs, promoting its viability. Also considered the revival of culture, tradition, values in our hearts and other human qualities. The courage of our batyrs, the God-fearing act of Ishans, Kari, the wisdom of our biis and speakers, the words of edification of wise people, the wisdom of our intelligent people, all this raised the spirit, contributed to the formation and development of national consciousness. The continuity of generations - the modernization of national values together with the current generation. When interpreting the life of the Kazakh people it can not be considered solely the religion apart from tradition. The process of Islamization of the Kazakh people began 12 centuries ago. During this time, all of the following parameters such as national identity, traditions, culture, literature developed along with the values of the Islamic faith. The article describes the national spirit, transmitted from epoch to epoch of people's value without any loss.

Keywords: spiritual rebirth, national consciousness, continuity, religion and traditions, Kazakh society, national values, human qualities.

Қазақстанның әлемдегі тоқтаусыз өзгерістер, құбылыстар үдерісінде, бәсекеге қабілетті бола алуының алғы шарттары ұлттық ерекшелігін жоғалтпайтын ел ретінде көрінуінде. Әрбір қазақстандық бұрынғы өткен ата-бабаларымызды ардақтау,мақтан ету,бүгінгі күнін жоспарлауы,арманынажетуге мақсат қою – келешегінің жарқын болуыныңкепілі. Кез келген қоғам ұзақ уақыт бойы жинақталған тәжірибені келесі ұрпаққа ізгі дәстүрінсіз жеткізе алмайтынын есте сақтағанымыз абзал. «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деп Елбасы кез келген қоғамдық,әлеуметтік үдеріске қазақы салт-санамен бейімделу қажеттілігін баса айтқан.

Салтымыз, ғұрпымыз,дәстүріміз болмаса қалай дамып, қалай жас ұрпақты тәрбиелемекпіз? Өткеннің бай тәжірибесін алмай, алға қадам басуға бола ма? Кез келген халық шариғатқа қайшы келмейтін дәстүрімен жаңаны жалғап барып қадам жасауы – оның өмір сүруінің алғашқы белесі. Осындай рухани тұтастық жоқ жерде ұлттық дүниетанымдық үзік пайда болады. Ұрпақ сабақтастығы- ұлттық құндылықтарымызды дінімізбен сабақтастыра жаңғырту. Біздің қазақ халқы салтдәстүрге бай елміз. Қазақ ежелден мұсылман халық. Ислам дініне кіргенімізге он екі ғасырдан асты. Қанша ғасырдан бері қазақтыңұлттық сана-сезімі, салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті ислам дінімен, құндылықтарымен бірге дамыды. Бір-бірімен астасып, ажырамас құндылыққа айналды.

Біз салт-дәстүр дегенде тек қана мәдени әдет-ғұрыптарымызды ғана емес сонымен бірге ұлттық мінез-құлық қағидаларын, әдептілік ұстындарын, адамгершілік қағидаттарына айналған моральдік принциптерін, тағылымды тәрбие ұстындарын, даналықты, ізгілікті насихаттайтын сан ғасырлық мұраларымызды айтамыз. Осы мұраларымызды көздің қарашығындай қорғап, кәдеге асырған жағдайда ғана ұлттық болмысымызды сақтап қаларымыз анық. Пайғамбарымыздың «ең әдепті адам-ешкімге кесірін тигізбеген адам»-деп айтқаны бар. Сен маған зиян жасамасаң, мен саған зиян жасамаймын деген тәмсіл де осыған саяды.

Ендеше халқымыздың асыл қазынасы болып саналатын игі дәстүрлеріміз орнықты болса, имандылығымыз да, дініміз де баянды болмақ. Өйткені қазақ халқындағы дін мен дәстүрді бірбірінен айырып қарауға келмейді. Мысалы,бойға сіңген қасиетіміз қанағатшылдықтың асылы дінімізде(қанағат-қарын тойдырар немесе әлем халқы аштан емес,тоқтықтан ауру табуда)қыз-келіншектеріміздің ибалылығының негізі де,қариялардысыйлау. үлкенге қарап құрмет ету, кішіге ізет көрсету, обал-сауапты білу, аманатқа қиянат жасамау, ешкімге зомбылықкөрсетпеуге тырысу, жапа шеккен жанның наласынан, көз жасынан, жетім-жесірдің ақысын жеуден қорқу сезімі, Құдай Тағаланың қаһарынан қорқу, ағайынгершілік, адал мен арам ұғымы – барлығының негізі дінде жатыр. Сол сияқты туған елге, жерге қатысты отаншылдық, сүйіспеншілік сезімдері де имани сезімдермен астасып жатқан дүние. Сәби туылған кезден бастап, мына салт-дәстүрлеріміз оны айналып өте алмақ емес. Шілдехана, қарын құда,бесік құда, қарсы құда,көріп, біліп құда болу,қалың мал,қалыңдық ойнау,той, жаназа, ас, дін және діни ғұрып-әдеттер және т. б. Әрбір салтдәстүрдің түбінде бір ой тұрады. Осы дәстүрдің түбінде не жатыр,ол неге қажет депойлауды мұрат етпейміз. Қалыптасқан әдет бойынша жасай береміз. Тек кішкене бала, не сырттан келген қонақ сұраса ғана, жауап іздемекке талпынамыз. Олжауап оңайлықпен келмейді. Бір ғана мысал: жаңа туған шақалақты «суға қырық күн түсіру» ертеден келе жатқан бір жоралғы еді. Хақ дініміз бұндай жоралғыны Аюп пайғамбардың басына түскен қиындықты сюжетіменисламтәрбиесіне әкеліп, сол уақиғадан ғибрат алуға шақырды. Періштелер Аюп пайғамбарды сабырлы деп мақтайды. Шайтан: «Басына тауқымет болса,жігері жасып,өз-өзімен болып, жүрегі қайғы-шерге толып, алла тағалағазікірде,құлшылығында жасап болмас»-деп бар дүние мүлкінен жұрдай қылады. Перзенттеріненажырап,тек соқа басы қалады. Қан жүріп тұрған ыстық денесі іріп-шіруге айналғанмен, тілі,қалпызікірінтоқтатпайды. МейірімдіАлла тағала сүйікті құлының қажымас қайратына, төзімділігіне,бек риза болғандықтан, емдік қасиеті шипалы бұлақ шығарды. Аюп пайғамбар бұлақ суына күн аралатпайқырық күн шомылады. Жаны да тәні де сауығады. Осыдан бастап өлі мен тірі арасында жатқан нәрестені тұзды суға шомылдыру дәстүрі пайда болды. Бұл ырымның мағынасы –Аюп пайғамбарымыздай төзімді, қиындыққа қарсы тұра алатын, жігерін жасымайтынкүшті, батыл өссіндеп арман-қиялға берілген [1,141-б.]. Қазақ мұны ырым етеді, ол кейде қырын кетеді-деп те айтады. Сәбидің дүниеге келуіне құрмет көрсететін жиын- шілдехана (шілле сөзі парсы тілінде 40 санын білдіреді) тойы сәби дүниеге келген соң қырық күннен соң өткізіледі. Сол уақытқа дейін қара күштер мен жақсылық арасында күрес үздіксіз жүріп отырады. Қырық күннен соң,жақсылық жеңіп, «бұл адам біздікі» деген мақсатпен ойын-тойын жасайды. Жас өркен бұл ғұрыптың астарындане мақсат жатыр,оны ойламайды, пайымдай алмайды. Ислам діні-парыз ғана емес, ол ғылым. Ғылым әрқашан дамып,өсіп, жетіліп отыру қажет. Өспеген, заманға лайықталмаған ілім-адамды тобырлыққа дайындамақ. Осы нәрсені дұрыс ұғынбаған жастарымыз түрлі діни азғырушы-

лардың жетегінде кете бермек. Мұхаммет пайғамбарымыз «Бесіктен бейітке дейін оқы» деген. Жастар кітап ұстап, мына ғалымның көзқарасы мынадай екен деп,талдай алмайтын халге жетті. Ғаламтордағы дүниені қаз-қалпында қабылдайды. Әр ұлттың, халықтың, діні мен сеніміне, менталитетіне, ұлттық құндылықтарғасәйкес замандар белесіненқалыптасып, тіршіліктің қажеттілігінен өмірге келгенәдеп, жоралғы, ғұрыптар жинағы - салт ретінде қалыптасқан. XXI ғасырды «ұлттық дәстүрдің сарқылған уақыты»деп теайтады. Заттық қажеттілікүстем боп тұрған сәтте, өмірімізде қазақы әдеп, салт-дәстүрге бос орын да қалдырмаған сияқтымыз. Жөн-жоралғыны да естен шығарғанбыз. Ғұрып болмаса, алланың мүміндері бір нәрсесін жоғалтқандай болары анық. Сондықтан халқымыз:

Ізетті ине етіп,
Иманды күйме етіп,
Жүрші жаным
Жамандықты күйретіп, - деп жырлайды.

Қарапайым халық арам мен адалдыайыра алмай қалады. Абай атамыздың жырлағанындай тоғышар, наданадамныңкейпін сол ғасырда-ақ көрсетті. XIX ғасырдың басында Абайдың әкесі, қоғам өмірінде өзіндік өрнегін қалдырған Құнанбай қажы Яссыдан Семейге Бердіқожа деген қожаны алдырады. Ол ғасыр жазушысы атанған М. Әуезовтің атасы еді. Құнанбай қажы:«Бұхара имансыздықтан азды. Пайғамбарымыздың сүннет жолымен жүрмейді. Дене тазалығы сақталмай жатыр. Тіпті арам өлген малдың датерісі жылы болса, оны тамаққа пайдаланабереді. Мұны тоқтату керек. Сол себептен имандылық дәрісін үйретіңіз, ауылдастарым сіздің ақыл-кеңесіңізді бойына сіңіріп, хақ діннің парыздарын орындасын»-деп ұсыныс жасаған. Мұнда ислам діні халықтың салт-дәстүріне қайшы келмейтіндей болып,бір-бірін толықтыра түскені байқалады [1,137].

Дәстүр - халықтың ұрпақтан ұрпаққа қалдырылып, жалғасып,өркендейберетінқоғамдықсаяси, әдеби, шаруашылық, кәсібилік, салт-сана, әдет-ғұрып, дін-жоралғы, мінез әдебі, отбасындағы тәлім-тәрбие, рухани іс-тәрбиелікәрекет.

Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор. Ислам діні – жеке адамдардың жақсы амалдарынкөкке көтерсе-,әдеп-ғұрпымыз – халық болып ұйысуымыздың шарты. Еркін дініміз әрбір ұлыстың, бұхараның-менталитетімен– өмір сүру әдебіне қарай пәтуә жасаған. Сол себепті де имамдар, найб-имандар салт-сананы жіті қадағалап, оларды өзінше бір мәселе ретінде берген. Ардақты Пайғамбарымыз: «Шын мұсылман – тілі мен қолынан ешкімге еш зияны тимейтін адам» – деген нақыл сөзін дін ғұламаларының сүйенетін бағдаршамыретінде қарастыруға болады.

Қазақы дәстүрде өліге Құран бағыштауға ерекше мән берілетіні белгілі. Бұл бір жағынан дін мен дәстүрдің тоғысуының ділдегі (менталитет) көрінісі іспетті. Ежелгі ата-бабаларымыздың берік ұстанып, тамыры тым тереңде жатқан Ежелгі Қазақстан жерін мекен еткен (ғұн, сақтар) халықтардың жақсы көріп әрі қарай дамытқын келетін ғұрыптың бірігейі – бақиға кеткендерді еске алып, ас беру, құдайы тамақ беру болған. Ертедегі грек тарихшыларының жылнамаларында жазылған осы бір іс-әрекет осы дәстүрдің жүйе-жүйесімен стырады: Скиф (сақ) данышпаны, атақты емші Токсаридке (б. д. д. VII-VI ғғ.) эллиндік (грек) ойшыл Мнесип мынадай сұрақ қойған: – Қайтыс болған бабаларыңа аруағына арнайыас жасадыңдар. Пұтқа табынғандай,жоғары баға бердіңдер. Оларды құдай дептабынасыңдар ма? Төтеннен келгенсұрауға Токсарид: – Аталарымыздың рухына тіпті де табынбаймыз, құдайы тамақ беріп, оларды еске алып, жақсы іс-әрекеттерін жер басып жүрген пенделерге ғибрат етеміз. Жеткіншектерді жақсы дүние жасауға үндеп, сол арқылы сөйтіп, тірі адамдардың рухын көтереміз, – деп жауап береді[2. 7].

Дамыған елде руханият бірінші орында тұрады. Ол – барлық адамға азық. Тек тұрмысқа ғана көңіл бөліп, рухани байлыққа көңіл бөлмеген қоғамның құрдымға кетері ақиқат. Рухани байлығы мол адам ғана шын мәдениеттің дамуына үлес қоса алады. Рухани байлық бар жерде елдің бірлігі де нығая түседі. Елбасы:Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды-деп қадап айтқан болатын. Ұлттың коды дегеніміз – сан ғасырлық бай тарихи тамырымыз, атамұра өнеріміз, салт-дәстүріміз, кісіге еткен жақсылықты міндет етпейтініміз,қонақжайлығымыз, кісі баласын алаламауымыз, білім-ғылымымыз және отбасымыз. Тек жақсылыққа ұмтылып,білім іздеп, жақсыны үйреніп, жаманнан аулақ болуды қазақ атамыз баяғыда айтып кеткен. Ырым-тыйым сөздерменақжаманнан аулақ болуды үйретіп кеткен [3. 85]. Міне, осы құндылықтар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы бүгінде ұлттық идеологиямызға айналып отыр. «Рухани жаңғыру» мақаласының жарыққа шыққанына да біршама уақыт болды. Осы аз ғана уақыт ішінде көп істі еңсердік деп ойлаймын. Мәселен, бәрі санадан басталады. Ұлттық код сол халықтың ішкі болмысы мен өзіндік төлтума сапалары арқылы сақталатын рухани кілті іспеттес. Мәдениетіміздің одан әрі өркендеуінің басты бағдарларының бірі де ұлттық кодқа тікелей байланысты. Ұлттық кодты негізге алып, рухани даму үшін болашаққа бағдар құру бірден-бір сенімді, адастырмайтын бағдар. Ұлттың мінезі мен дәстүрлері – егіз ұғым. Бірінен бірі туындап, бірін-бірі қалыптастырып жатады. Қазақы мінез бен дүниетанымда ізет пен құрметке ерекше мән беріледі. Президент Н. Назарбаев: Қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуіміз керек-деген болатын. Жастардың дінді бұрмалап түсіндірген-

нің жетегінде кетуінен келеңсіз оқиғалар көбеюде. Ал, бүгінде жасыратыны жоқ өзін мұсылманнамазханмын деп жүріп, ата-анасына «намаз оқымайтын адамдармен араласуға болмайды» деп ренжітіп, тамақты дәретсіз істеген деп ішпей, өз бауырларынан бөлініп,салт-дәстүрге шекесінен қарап жүрген жастарымыз бар. Ұлттық ғұрыпты харам деп, салт пен сүннеттімойындамай жүрген бауырлар бар.

Жастардың қай замандарда болмасын, әрқашан қоғамда үлкен әлеуметтік күшке ие болғанын байқаймыз. Олар әрдайым қоғамның ең белсенді мүшесі, әрі жұмыс күші болып табылған. **Болашағын бағамдайтын мемлекет жастарының санасының ояу, білімінің жоғары болуына басты мән береді.** Елбасы Н. Назарбаев: **«Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады» деп, атап көрсеткенболатын**. Дәстүрге теріс көзқараспен қарау және оны жоққа шығару тек бір ұлттың тамырына ғана балта шабу емес, дінді бұзушылық болып та табылады. Дініміз ислам – адамгершілік пен парасаттылықтың, қайырымдылық пен ізгілік діні. Осынау асыл дінімізді әр саққа жүгіртіп, бұрмаламай өзінің тұнық қайнарынан үйренуге тырысқанымыз жөн. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып келген дәстүрлі дінін, әдет-ғұрпын жоққа шығарып, іріткі салушы топтар бар, олар қайдағы бір ағым, секталардың сойылын соғып жүргендерДәстүрлі емес діни ағымдар жұмыстарын жаңа бағытта жүргізіп отыр. Республика аумағында сондай-ақ, дәстүрлі емес бағыттағы мынадай діни бірлестіктер жұмыс жасайды: «Бахаи» қауымдастығы, Соңғы күн әулиелерінің Иса Мәсіх шіркеуі (мормондар), Кришна санасы қоғамы (КСҚ) және Мун бірлестік шіркеуі (муниттер),салафиттер. Алдымен «салаф» сөзінің шығу төркініне қысқаша шолу жасасақ, оның бастапқы мағынасы «алдыңғы, бұрынғы» дегенді білдіреді. Демек, уақыт ағымының өткен кезеңі кейінгілер үшін «салаф» деп аталған. Алайда, бұл сөз ислам дінінен тұрақты орын алды да, арнайы ұғымға айналып, басқа мағынада қолданылмайтын сипатқа ие болды. Діни әдебиеттер «салаф» кезеңінің ислам дәуірінің ішіндегі ең абзал кезең болғанын дәлелдейді. Ол дәуір ислам үмметінің Мұхаммед пайғамбардан басталатын алғашқы үш буынының шағы еді. Себебі, Бухари мен Муслимде, Абдуллах ибн Мәсғудтан риуаят етілген хадисте Мұхаммед пайғамбар: «Адамдардың ең абзалы – менің заманымдағылар. Одан кейінгі абзалдары – олардан кейін келгендер. Олардан кейінгі абзалдары – олардан кейін келгендер. Бұлардан кейін куәлігінен бұрын анты, антынан бұрын куәлігі жүретін қауымдар келеді» – деген, яғни алдыңғы үш ұрпақтың бойында сақталған ізгілікті айтып кеткен [4. 137].

«Жихад» деп талай өрімдей қазақтың баласы Сирия асып кетті. Қазақтың еркін өскен қыздарын хиджап киюге,олардың мұраты-тек бала табу сияқты ұғымды зорлықпен таңа бастады. Түрлі мерекелер көбейіп кетті (Әулие Валентин). Әке-шешені тыңдамай, тек намаз оқымағандығы үшін айыптайтын, олардан теріс айналатын құбылысқа адамның көзі үйрене бастады. Ақыл-ойдыңкем тартуы(задержка) ғасыр ауруына алып келді. Бұлардың салдары-діни фанатизмтәуелсіз Қазақстанның конституциялық құрылымына қауіп төндіре бастады. Сондықтан Елбасы шұғыл түрде киелі географиялық аймақ картасын жасауды ұсынды. Әулиелі, киелі жердің барлығы Ясауи ілімінен нәр алған. Жанды-жансыз нәрсенің бәрінің пірі бар. Жылқының пірі – Қамбар ата, Сиырдың пірі – Зеңгі баба, қойдың пірі – Шопан ата, Ешкінің пірі – Сексек ата және т. б. [5. 8]. Бүкілтүркі жұртының пірі –Яссауи баба. Түркі халқына «Диуани хикмет» сияқты жыр қалдырып, өмірлік мұрат, ар-ождан, әдеп-ибаны дінменбайланыстырып, алтын көпір салып берді. Біздің мақсат-сол көпірді құлатпай,сындырмай, жарықшық салмай кейінгі ұрпаққа аманат ету. Қазақта аманатқа-қиянат етпеу деген бар емес пе?

Отанға дегенмахаббат алдымен өзіңді өсірген отбасынан және шыр етіп туған кезіңдегі кіндік қаның тамған жерден, сені өсіргенауылды, ортаны құрметтеуден басталады. Туған жерің, сол ауылдың, сол өңірдің адамдары, ағаштары,тастары, топырағы т. с. с. бәрі ыстық болып тұрады. «Туған жергетуыңды тік»деген де бар емес пе. Шынтуайтына келгенде бұл –мәні тереңде жатқан дүние. «Кіндігімнің жас қаны тамған жерім –ауылым» немесе «Бүлдіршіндей бір қызға сынар қылған –ауылым»деген жыр шумақтарында адамның ауылы алдындағы парызы нақты көрсетілген тәрізді. Адам баласының қабілет-қарымында шек жоқ. Мүмкін емес нәрселерді, небір ғажайыпты жасайтын да адам. Мұндай нәрсені жасау үшін адамда елге, жергедеген махаббатболу керек [6. 1].

Тамырсыз мәдениет болмайды. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру»мақаласында қазақ қоғамының мәдениетітереңде жатқанынанхабар береді. Бұл мәдениетті жойып, халықты қараңғы, сауатсыз етіп көрсету бағдарламалары жасалды. Ол үшін діни әдебиеттерді жою, молда, ишандарды ауыр жазалау еді. Қазақтың асыл ұлы Шәкәрім Құдайбердіұлы да бұның сұм тырнағынан құтыла алмады. Қазақ халқы үшін Яссауи мен сопылық бір дүние. Барлық түркі халқыЯсауиді рухани басшы деп санайды. Ясауидің хикметтері құранды түркі тілдеріне ұғынықты етіп, өлең түрінде берілген. Аллаға ғашық болу, пайғамбарымыздың көркем мінезі, кісі ақысын жемеу, әділдікті ту ету сияқтыгуманистік идеялартоптастырылған болатын. Бұлардың барлығы халықтың жазылмаған заңдылығы еді. Көпшілікбір алладан қорқып, тек соған бас иетін болды. Жүйеге түскен дүниені тамырынан құртпақшы болған большевиктерге Яссауидіңданқын жою оңай болмады. Яссауи ілімі тек мешіт не медреседе ғана өмір сүрмейтін, дала ұрпақтарының бойына, ошағының басына, дастархан басында, халық арасында кең қанат жайған ілім болды. Оның даңқы Орта

Азияны түгел алып жатты. Бұл ілімнің шырағын сөндіру үшінкөптеген жұмыстар атқарылған. Бірақшоқты өшірумүмкін болмады. Түрікмендерді шаман етіп көрсету үшін Сергей Демидов:Яссауи хикметтері Османлы Түркиясы мен Орта Орта Азия медреселеріндебасты орынды иеленіп келеді. Өзге түркі шайырлардың шығармашылығына да әсер етті. Практикалық қырынан алғанда хикметтері ортаазиялық және түркиялық сопылықтариқаттардың дәруіштік зікірлеріне ықпал етті... Оған «Ата» деген атақ берді. «Ата» сөзі тариқаттың басшысын білдіретін сопылық терминологияға енді. Ахмет Ясауидің тұлғасы қаншама ғасырларөтседе түркімен қоғамының діни сахнасынан өшпеді. Сопылықтың тарауымен пайда болған «Мәдинада – Мұқамбет, Түркістанда – Қожа Ахмет» сентенциясы арқылы көрініс тауып келді [7. 103-104].

Ясауи ғимаратында ертеде қызмет атқарған адамдар үш топқа бөлінген. Бұлар: әзлер, нахыб және шайхулисам деп аталады және олардың өздеріне тиісті жұмыстарды атқарған. Осылардың ішінде әзлер зікірге жетекшілік еткен. [8. 26]. Әзірет Сұлтанда зікірге басшылық еткенәздер тобының өкілі Шерімбет әздерден кейін де осы жоралғылардың жасалуы туралыкеліні Жаңылдың естелігінде берілген. Бұл рәсімге молда,ишан, қарылардың келіп, ол кісілер Алланы еске алып, көздеріне жас алып, зікір орындағанын айтады. Жоралғы біткен соң «кептер бүлкілдеді ме, бөдене бүлкілдеді ме» деген сұрақтар қойып, «иә» деген жауап алса қуанғанын және бұл рәсім үлкендердің көзі кеткен соң тоқтағанынайтады[9. 109]. Зікір салу жайлы С. Мұқановтың естеліктерінде көп айтылады[10. 81]. Зікір салу – жамағатпен намаз оқыған 10-15 адамбірлесіп,Аллаға құлшылық етуі. Ғайыс Егембердиевтің естелігінде жас балаәкесімен сұхбат түрінде зікір жайлы сұрағанына жауап түрінде берілген. ЗікірдеАлланы адалпейілментаза ниет,ықыласпен мадақтау болмақ. Онда алланың жоқтан бар еткені, аллаға деген құрметі, алланың 99 есіміқайталап айтылады. Мысалы;

Лә-иллаһа илалла

Илаллада пайда бар.

Жатар жерің –қараңғы,

Шамшырағың сайлап ал, - деп айтылатын түрі де бар.

Ғ. Егембердиев«Жарық дүниеге іңкәрлік » атты шығармасында зікір жайлы өзінің ой-толғамдарын келтіреді: Қолдың кірі жуса кетеді. Жүрек кірі зікір салумен тазарады. Зікір рухани қуат береді. Күшіне күш қосады, жанның рахат табады. Зікір шарапатынан адам бойындағы, ойындағы кінәраттардан тазартады. Нәпсіні тия бастайды. Таза адами қалыпқа түседі. Адамның мінез-құлқыөзгеріп, сыпайылық сипат алады [11. 84-85].

Қазақ халқының рухани астанасы – Түркістан. Мұны елбасымыз да шегелеп айтты. 2018 жылы 19 маусымда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» заңына қол қойды. Осылайша, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшіріліп, Оңтүстік Қазақстан облысы «Түркістан облысы» деп аталған еді. [12. 1]. Бұл кенеттен болған шешім емес еді. Қала біршама дайындықты өткізді. Ескі заманда қала–қазақ халқы үшін маңызды шешімдер алатынхандықтың орталығы болған. Жоңғар шапқыншылығы, түркілердің ауа көшуі сияқты немесе Ясауи ілімі т. б. Түркістан- ұлы тұлғаларды халыққа сыйлаған, әлемдік әдебиеттің жаухар үлгілерін әлемге паш еткен шығармалар келгенқала[13. 2]. Түркістан сөзінің түп-төркіні «түркілер елі, мекені,қаласы» мәнін білдірген. Қаланың алғашқы қазығыV-VI ғасырларда қағылған болатын. Тарихтыңнебір соқпақтарынан қаланың аты біраз өзгерді. Қала қазір «Түркістан» атымен әлемге белгілі. Қала ескі, көне қала болып саналады. Түркістанның 1500 жылдық тойы ЮНЕСКО көлемінде кең көлемде аталып өтті. Мыңдап келіп жатқан қонақтар әулиеге құран бағыштап, алладан тілек тілеп жатады. Исламның шарықтатқан әйгілі тұлғалары қасиетті қаладанкөптеп шықты. Ерекше атап өтетініміз: Құл Қожа Ахмет болатын. Ғұлама, ғалым, сопылық ілімніңОрта Азияда негізін салған, «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) көне түркі тіліндегі діни өлеңдер топтамасын жазған Қожа Ахмет Яссауи. Өлеңдер жазумен қатар, қолөнерші де болған. Мұндағы мақсат: өз еңбегіңмен күн көру деген ұғымды насихаттау болатын. Құл Қожа Ахметпен дидарласу үшін бай, сұлтандар көп келетін. Мешітке деп мыңдаған мал, дүние әкелетін еді. Сонда да пір өзінің қолөнерінтастамады. Мұнымен бұқараны адал еңбекке, біреуге алақан жаймау сияқты еңбексүйгіштікке тәрбиелеп отырды. Ғұламаның бұл ісі көпке үлгі,насихат болды. Түркістанның аты ғұламамен қатар шыға бастады. Әрбір хикметі жүректерге жетіп отырды. Бұл дүниеден өткен соң басына шағын қабір орнатылды. Кейін Ақсақ Темір әулиегешын мәнінде лайық кесене салдырды. Түркістан түркі халқының діни бірлестігі орналасқан қасиетті қалаға айналды. Ертеде қаланы Түркістандықіші Мекке аталғаны жайдан-жай емес. Бұл туралы ақын Ө. Сәуірбаев «Түркістанда тумақ түгіл адамдар, Түркістанда болғанына қуанған»-деп жырға қосқан. Құл Қожа Ахмет көптеген шәкірт тәрбиелеп, түркі даласына жіберіп отырған. Бұл дәруіштер аллаға құлшылық етудің символы еді. Сопылық әдебиеттен негізін салушы ретіндеАхмет Яссауи және оныңшәкірттері Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Иугнеки, Жүсіп Баласағұн аттары шығармаларымен ежелгі әдебиет тарихынан өз орнын, бағасын алды. Түркістан 1598 жылықазақ хандығының орталығына айналды. Ахмет Яссауи кесенесі төңірегіне қазақ хандары, батырлары мен билерінің жерленуі соның дәлелі іспетті. Атап айтсақ: Шығай хан,Еңсегей бойлы ерЕсім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан және қазақ халқының мемлекет болып қалыптасуында бар күш-жігерін аямаған Қазыбек би, Әйтеке би, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Тобықты, Мамай, Қоңырат Сырғақ, Нияз, Дулат сияқты батырлардың да құлпытасы бар. Сонымен қатар, Түркістан білім ғана емесөлкенің саяси және экономикалық орталығына да айналған.

Ежелденбұл аймақ тұрғылықтыотырықшылар арасындағы сауда-саттық және керуен жолын қамтамасыз ететінЖібек жолының бір парасы болған. Отырықшы мәдениет өркендеген кез-

де Қазақстанның әр жерінде қалалар саны арта бастады. Әсіресе, Оңтүстік Қазақстан өзінің тарихи орындарымен белгілі. Аймақ тарихы- көптеген халықтардыңқоғамның тегін дамуынтүсіну үшін де маңызды[14. 124]. Түркістан бүкіл түркі жұртының көз тігіп отырған жері. Елбасымыздың айтқан киелі жерлері, ұлы тұлғалары бұл өңірде өте көп. Түркістаннанжоғарыда айтып кеткендейжелгі дәуір әдебиетініңөкілдері және жаңа ғасырадамдары,әлемді және түркі әлемін мойындатқан саңлақтар бар (Б. Саттарханов,Р. Бердібай). Белгілі әдебиеттанушы ,фольклортанушы,-ғалым, әдебиет сыншысы, публицист Р. Бердібай шығармашылығын көп зерттеген профессор А. Қыраубаева:Бұл өңірде атақты адамдар неге көп. Бұндай бірегей тұлғаны қалыптастырған не болды екен?-деп таңданып, оған өзі жауап береді. «Мүмкін Ұлы Жібек жолымен ыңырана қозғалған керуен тізбегінің бірін шығысқа, бірін батысқа шығарып салып жататын екі дүниенің есігіндей,көне цивилизацияның мекені –Түркістан болар... Болмаса, бүкіл түрікжұртының көсемі Ахмет Ясауи бабаныңимандылық өсиетінен өсіп шықты ма?... Сірә бәрінің де белгілі дәрежеде әсері болса керек»,-деп ой қорытады[15. 54].

Дүниеде алпауыт мемлекеттің өзі Қытайтілі, ділі жоғалуынан қауіптеніп, мектеп оқушыларына ұлттық киім кигізуге ұсыныс берілуде. Жер бетіндегі бар халық жерін, ұлттық ғұрпын, тілін, дінін, мәдениет менәдебиетін,яғни ұлттық рухын көтеруге оны атадан-балаға мұра етіп қалдыруға ұмтылады. Ұлттық өзіне тән мәдениетінінен айрылған мемлекеттің жоғалтары да көп болады. Бұндай мемлекетті не бұхара халықтың өркениетке жетуі екіталай. Қаншама халықтың дүниетанымынан, жерінен, тілінен, дінінен айырылып, басқаларға тәуелді болатыны да белгілі. Елбасының «Рухани жаңғыру» аттымақаласында осындай ұлттық құндылықтарымызды сақтауымыздың маңыздылығын көтеруінің мәнісі де осында. Қазақ халқының әрбір басып өткен дәуірінде ұлтжанды ерлердің қимыл-әрекетінен ғасырдан ғасырғасөз мәйегін шашыратпай, әкеден балаға берілетінтұрғанұлттық рух сезіледі. Қазақ халқының бойындағыұлт рухы ешқашан жоғалмақ емес. Ұлттық рух парасаттыадамның ділінде, ол елінсүйгіштікте, ұрпағын, туған жерін, хақ дінін сүюге деген байламды берік сақтайды. Ұлттық қөзқарасы, қадірі жоғары дәрежедеболып, барлық жігерінхалқының тәуелсіздігін сақтауға, ұлт руханияты мен мәдениетін жоғары бағалауға, қазақтың ғұрпынжалғастыратынадамды рухы биікке санаған. Алаш қайраткерлеріМ. Шоқай «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тілге» санаса, А. Байтұрсынов осы ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын осы тіл екендігін баса айтқан [16, 75].

Қазақтың руханиятын аяқ асты қылғанқылған адамды тарих кешірмек емес. Халықты халық ететін топтастыратын өзек- ол халықтың руханимәдениболмысы. Халық одан ажырайтын болса,-халық ретінде тарих сахнасынан кетеді не тобырға айналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Керімбай С., Төлеген М., Нәби Ә.,Тасболат А. Яссауи феномені. – Алматы, 2017. – 456б.
2. Әбдірәсілқызы А., Әбдіраман Ж., Әділбаев А., Исахан М. Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 20 сұрақ-жауап. – Астана,2014. – 38 б.
3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 215б.
4. Әбуов Т. Т. Салафизм – бидғат жол // Бірінші ұлттық сайт. Тәуелсіз интернет басылым.
5. Оспанұлы Е. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. –Шымкент, 2013.
6. http://www. akorda. kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
7. Демидов С. М., История религиозных верований народов Туркменистана/ Отв. ред. А. А. Росляков. -А.; Ылым, 1980. – 1990. – 215с.
8. Қожаев М. Сұлтанның үш мөрі. – Шымкент: Жібек жолы,2000. – 64б.
9. Мұстапаева Д. Ахмет Ясауиге қатысты мөрлер туралы// Ясауи университетінің Хабаршысы. – №4, 2018. – 209б.
10. Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы: Жазушы, 1989. – 198б.
11. ЕгембердиевҒ. Жарық дүниеге іңкәрлік. – Алматы: Ғылым, 2004. – 205б.
12. https://tengrinews. kz/article/821/
13. ДолаеваК. Көне қаланың өткені мен бүгіні. Қолдабар деректерhttps://tengrinews. kz/article/821/
14. Балтабаева А. Ю.,БескемпироваА. Ұлы Жібек жолының мәдени мұраларын сақтаудың кейбір мәселелері // Ясауи университетінің Хабаршысы. – №4. – 2018. – 209б.
15. Ташимова А. Ғалым мұраты // Белгілі ғалым,ф. ғ. д., профессор ҚР ҰҒА академигі Р. Бердібайдың 75 жылдығына арналған конф. мат. – Түркістан, 2004. – 271б.
16. Алаш ұлағаты: Алаш қайраткерлерінің ел болашағын елестеткен қанатты, даналық, түйін ойлары. – Алматы, 2017. – 227 б.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ
ART SCIENCE

УДК 832. 516. 132. 0
ББК 84. 03(7Каз)
БЖ088

БОТАҚАРАЕВ Ә. Т.
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЖҮСІПБАЕВ М. Т.
магистр оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚАЗАҚ АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ ҚОРҚЫТТЫҢ АЛАТЫН ОРЫНЫ

Түйін. Е. Д. Тұрсынов ескі аңыз-жырау өнерін суреттей отырып, жазады: «Түркі-монғол» халықтарда эпос әруақтарды мадақтау мақсатымен орындалған, олар жырауды тыңдау үшін ғана жиналған;дастанды орындау даңқты батырларды әруақтарды ұрпақтарды ұрыста қолдасын деген соғыс сиқырынң әдет – ғұрпы болған. Дастанды жыраулар таза көркем – әдебиеттік жағымен қатар осындай мақсатты функция атқарған. Қазақтар арасында Қорқыт туралы бірқатар аңыздар сақталған.

Түйінді сөздер: эпос, әдет-ғұрып, қобыз, шаман, аңыз, домбыра, өнер, эпос, танбур.

Резюме. Е. Д. Турсынов, описывая искусство древних легенд, пишет: «Тюркско-монгольские» эпосы были исполнены для прославления духов народов, которые собирались только для того, чтобы послушать гимны.

Исполнение саги было ритуалом военной магии, в котором славные герои поддерживали дух в бою. Эпический жираус имел такуюцеленаправленную функцию, а также чисто художественную и литературную. Существует много легенд о Коркыт среди казахов.

Ключевые слова: эпос, обычаи, кобыз, шаман, легенда, домбра, искусство, эпос, танбур.

Summary. E. D. Tursynov, describing the art of ancient legends, writes: «Turkic-Mongolian» epics were performed to glorify the spirits of peoples who gathered only to listen to hymns. The performance of the saga was a ritual of military magic in which glorious heroes maintained their spirit in battle. Epic giraus had such a purposeful function, as well as purely artistic and literary. There are many legends about Korkyt among Kazakhs.

Keywords: Epic, customs, kobyz, shaman, legend, dombra, customs, art, epic, tanbur.

Е. Д. Тұрсынов ескі аңыз-жырау өнерін суреттей отырып, жазады: «Түркі-монғол» халықтарда эпос әруақтарды мадақтау мақсатымен орындалған, олар жырауды тыңдау үшін ғана жиналған;дастанды орындау даңқты батырларды әруақтарды ұрпақтарды ұрыста қолдасын деген соғыс сиқырынң әдет – ғұрпы болған. Дастанды жыраулар таза көркем – әдебиеттік жағымен қатар осындай мақсатты функция атқарған.

Қазақтар арасында Қорқыт туралы бірқатар аңыздар сақталған. Олардың кейбіреулері кеңес фольклористеріВ. Жирминскийдің және В. Бортальдтың еңбектерінде суреттеледі. В. Жирмунский халық аңызына сүйене отырып, Қорқыт барлық музыканттардың бірінші оқытушысы болды деп жазса, В. Бартольд қобыз бірінші халық музыканты және әншісі Қорқыттың аспабы болды деп көрсетеді.

Аңыздардың біреуі Қорқыттың өз басымен байланысты. Осы өте кең тараған аңызды Қорқыттың өлімінен қашқандығын айтады. Бірақ ал қайда барса да, өзінің жолында екі қабыршыны кездестіреді, олар кездескен сайын Қорқытқа көр қазып жатқандығын айтады. Жер бетінде

адамды тек қана өлім күтіп тұрғанына көз жеткізген Қорқыт өзінің сыйқырлы кілемінің үстіне ұшып Сырдарияға келеді, осы жерде ол жылан шағуынан өледі.

Басқа бір аңызға қобызға ие болуымен байланысты. Онда Қорқыт бірінші болып қобыз,-чанак музыкалық аспаптарымен жасап, оларды өзінің інгенінің терісімен қаптайды.

Қорқыт музыкасыың сиқырлы күшімен байланысты бір аңыз бар. Бұлаңызды Қорқыттың тамаша әуендерін есту мақсатымен орталық Қазақстаннан Сырдария жағасына қырық қыз атанғандығы айтылады. Жолда оларды бәрі шөлдеп өліп, бір қыз ғана Қарақұмның құмды арасынан өтеді. Осы қыздың қабырғасына қойылған ескерткіш «Ақсақ қыз бейіті» деп аталған, ал осы күнге дейінҚызыл-орда облысы, Қармақшы ауданы, Қорқыт станциясында сақталған. Бұл аңызды қарақалпақтың «Қырық қыз» аңызымен шатастырмау керек.

Қазақтар қобыздың күйлерін сиқырлы деп санайды. Бірде Қорқыт Арубика қыздың аты аталғанда атжарысқа өзінің қобызын қосты деп айтады. Қорқыт қобызын бір қайыңға байлап қойып думанда жүйріктердің келгеніне жалғастыра береді. Барлық аттар шауып өтіп, алыста көзден дара болған кезде, Қорқыттыңтуылған қобызы қайыңды тамырымен жұлып алып аспанға биік көтереді де, ең бірінші болыпауылға келеді. Қобыз ауылға жақындаған кезде орасан зор дауыл көтеріледі де, бүкіл үйлер аспанға ұшады. Қырғыздар мұндай сыйқырлы «Манас» дастанының-бірінші жартысы Келдібекке ғана болды деп айтады.

Шаман музыкасының халық музыкасының едәуір айырмашылығы болды, бірақ олар халықтың ең жақсы күйлерінің үзінділерін тиімді түрде пайдалана білді. Шамандар қобызды халыққа таратуға үлкен қарсылық жасады, оның халық тойларында пайдалануға тыйым салды, оған дәрігерлік – құпия мағына берді. Осы жағдайға байланысты шаман музыкасы басқа прогресті музыкалық аспаптардың жоғалуына әсер еткен басқа бір маңызды фактор – интелегацияның жоғары көтерілуі. Бұл туралы Б. Сарыбайев, С. Рыбаков, А. ЗАтаеевичтер бақсылардың жоғалуын «өткен қараңғылықтың қалдығы» деп жазған.

Қазақ даласындаҚорқыттың жақтаушылары өте көп, - олар Қорқыттың музыкалы-ақындық дәстүрін жалғастырды. Солардың бірі болып көрнекті ғалым Әбунасыр аль-Фараби саналды. Көне ойшыл, ақын және музыкант Қорқытпен жасалған «Музыкалы ақындық традиция- деп жазады. М. О. Әуезов-оның ұлы замандасы және жолын қуушы Әбунасыр әль-Фараби (Фараб немесе Отырар Сырдария бойындағы ныспысын алған қала) қолына алды». Басқалардан өзгеше Фараби музыка теориясын жобалайды, музыкалық үндерді жүйелейді, ол жасаған канон-аспап дүниеге кең тарап, Фарабидың «Музыка туралы үлкен трактат кітабы дүние жүзіне әйгілі болады, шет елдерде бірнеше рет басылып шығарады. Оның шығыс ренессанс дәуірінде туған ғылыми ұғымдары мен еңбектері көптеген көне грециялық ғылыми өкілдерімен жалғастырылды.

КейінірекXVIII ғасырда ақын-жырау өнерін жалғастырған және онымбайытқан көп жақтаушылар тобы пайда болды. Олар-Ақтамберді, Тәтіқара, Бұхар, Көтеш т. т. бұған дейін «бүкіл дала жырлары қобыз арқылы орындалса», олар өлеңдерді, аңыз-әндерді домбырға көшіреді, қазақ даласына домбыра музыкасын таратты. Жырау түрінің б. э. д. бірінші мыңжылдыққа, яғни Құшан империясы заманында тіпті қазақ халқы пайда болғанға дейін мүмкін кейінірек бүкіл эпостық жыраулар қобызға орындалған. Сондықтан музыкалық жанрға домбыраны қосқан жыраулардың тарихи рөлін ерекше атау қажет; домбыра қазақ музыкалық аспаптарында кейін келеді.

Домбыраның келу уақытымен байланысты бір жағдайды анықтау қажет. Өзбектерде және Орта Азияның оңтүстік-шығыс бөлігінде халықтарда ертеден домбыраның бір түрі – танбур бар, ол Садовниковтыңайтуынша б. э. д. IV ғасырдан бері белгілі. Бұл жағлай түсінік беруді талап етеді, өйткені қазақтар домбырасының жақын орналасқан өзбектерде жоқтығы күдік тудырады.

Егер танбур бұрын тек тиекті аспап ретінде белгілі болса, Ирандық ғалым аш-Ширази [76] (1239-1310) алғаш ысылу танбур туралы айтады. Сондықтан, кейінгі авторлар жазған суреттеген танбур ысылу аспабы толық мүмкін. Онда тиекті танбурдын кейінгі заманда пайда болғандығы дәлелценеді. Осы туралы Б. Уахатов [77] жазады: «Қазақтың дастан өлеңдері немесе бақсылар өлеңі көбінесе көне аспап қобыздың сүйемелдеуімен, ал кішкене жүректі әндер домбыра немесе сырнайдың сүйемелдеуімен орындалған». Дастан жыраулары көне қабаты, ал лирикалық өлеңдерді халық музыкалық творчествосын соңғы кабаты екендігін және айтылғандардың мәнін түсінуді есте үстау қажет.

XVIII ғ. музыкалық мәдениетінің жедел дамуымен байланысты мынадай жарқын аттар белгілі болды: Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Сейтек, Байсерке, Мамен, Сармалай, Әлшекей -аспаптарда орындаушылар; Сара, Мәди, Мүхит, Балуан-Шолақ, Жаяу-Мұса, Біржан сал, Ақан сері қазақ ән музыкасында. Бұл кемелдену халық музыкалық өнерінің ғасырлар бойы дамуындағы биікке шарықтауы болды.

Бул кезенде қобыз музыкасы да шарықтады. Академик А. Марғуланның айтуы бойынша мынадай қобызшылардың аттары белгілі: Жанар, Марабай, маңғыстаулықАбыл, шымкенттік Қойлыбай, Жамансары, Қарамырза, көкшетаулық Қамқожа, Шу арнасынан Ықылас, Сырдария жағасынан Нышан, т. б.

Соңғы жылдар деректері бойынша, Ықыластың Шымкент облысы, Созақ ауданы (Қарақыз-

Тама болысы), бүгінгі Сарысу ауданында туғандығы анықталды. Өз жерінде Ықылас қобызда орындаудың ең жоғарғы шеберлігіне жеті, оның шығармалары біздер үшін өте зор қазына.

Қазақ халқы ғасырларға созылған көшпелі өмірінде көптеген эпикалық шығармалар тудырып, оларда өздерінің ой-сезімдері мен атабабаларының іс-әрекегтерін жырлаған. Солардың ішіндегі үлкен мәдениэстетикалық бөлігі -жыртермелер. Мүнда қоғамға, ел болашағына деген үлкен сезім мен өмірдің сүйініші мен күйінішін көрсететін ғибрат басым келеді. Атадан балаға ауызекі жолмен беріліп отырған бүл жырлардың түрлі өзгерістер мен толықтыруларға үшырап отырғаны да белгілі.

Жыр мақамдарының күй сарындарымен байланысы туралы пікірлер бүрын да айтылған. Кезінде көрнекті ғалым, профессор Ә. Қоңыратбаевтың «ән мен айтыс, жыр мен күй егіз» деген ой айтқаны мәлім(Ә. Қоңыратбаев. Қазақ эпосы және түркология. А. :1987). Бул мәселеге құлақ түрген А. Қунанбаева да оны мақүлдап: «Добавим к этому гипотезу А. Конратбаева о единстве песни и айтыса с одной стороны, а кюя и жыра -с другой» (Кунанбаева А. Жанровая система казахского музыкального эпоса: опыт обоснования/ Музыка эпоса. йошкар-Ола, 1989. С. 92) -деп, жыр мен күй мақамдарының тектестігін сөз еткені бар.

Расында да көне дәуірден жеткен қобыз сарындарынан жыр мақамына тән музыкалық-речитативтік жүйені аңғару қиын емес. Күй эпикалық, жыр речитативтік жүйеге құрылса да, олардың бастауы үқсас, сабақтас болып отырады:

«Кертолғау

Бұл әуендік-интонациялық ұқсастық күй мен жырдың кіріспе бөлімдерінен кездесіп отыр. Бірақ қобыз бен жыр сарындарының ;ұқсастығы мұнымен ғана шектелмейді. Құрылымы, үн-әуені жағынан ұқсас сарындар аталған шығармалардың өзге тұстарынан да бой көрсетіп отырады. Мысалы, «Ерден» күйі (781 мен «Дад» дастанының музыкалықинтонациялық жүйесінен төмендегідейұқсастықтарды аңғаруға болады : «Дад» дастаны және музыкалық-эпикалық дәстүр

«Ерден»

«Дад» дастаны»

Мұндағы субкварталық форшлаг, бір биіктікте қайталанатын кең тыныcты созылмалы сарын, ұлғайтылған кварта шеңберіндегі жоғары бағышталған әуендік жүйе, төмен түсіп, қайтадан жоғары көтерілген әуенлік-тақырыптық қозғалыстар анық екі шығарманы жақындастырып түрған белгілер.

Төменнен жоғары бағышталған үлғайтылған квартаны төмендегі үзінділерден де анық көреміз:

Музыкалық-интонацияшқ құрылымдар бұл шығармалардың каденциялық құрылымдарынан да байқалады:

«Ерден»

«Дед» дастаны

«Қоңыр» күйі мен «Дад» дастанының да интонациялық байланысы жоқ емес. Таза квинта шеңберіндегі жоғары бағышталған интонация соның дәлелі:

"Қоңыр» «Дад» дастаны

Жыр мақамынан қобыз күйлеріне тән глиссандо элементтерін де аңғарамыз. Бірі -дауыс, екіншісі аспапқа арналса да, көне дәуір музыкасына тән мұндай белгілер бұл шығармалардың бойынада жақсы сақталған.

Төмендегі шығармалардың каденциялық құрылымдарды бір-біріне жақын. Төмен қарай бағышталған квинта шеңберіндегідеп музыкалық интонация

Ықылас жеткізген қобыз сарындары мен жыр мақамцарының әуендікинтонациялық байланысы щнымен де түйықталмайды. Жоғарыда көрсетілген мысалдар олардың тектестігін анық байқатую тиіс.

Жыр мақамдарының аспаптық музыкамен байланысы бұл шығармалардың стадиялығын да аңғартады. Мұның өзі жыр бұрын туған ба, әлде күй ме? деген сауал тудырады. Бұл арнайы қарастыруды қажет ететін күрделі мәселе болғандықтан, біз жыр мен қобыз сарындарының өзара сабақтастығын сөз етумен ғана шектелдік.

Бір ерекшелігі, жыр мен қобыз музыкасындағы ұқсастықгар шығармалардың белгілі бір композициялық бөліктерінде байқалады. Байланыс бірде шығармалардың бастауында, бірде каденциялық құрылымдарда, енді бірде трихордтық үндестіктерде глиссандо түрінде кездесіп отырады. Осы белгілерінің өзі бұл жанрлардың арғы жердегі тектестігін, сабақтастығын ашып көрсетеді.

Сонау Қорқыттен бастау алатын қобыз сарындары Сыр бойындағы жыраулық өнерге де арқау болған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аш-Шрази. – Алматы, 1996. – Б. 16.
2. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы, 1983. - Б. 182.
3. Ықыластың күйлері.
4. Банзаров Д. Черный веры. – Новосибирск: Наука.
5. Уалиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. -Алматы, 1985. -Б. 388.

ӘОЖ 7. 072. 3.
МҒТАР18. 07. 65

ЕРАЛИН Қ.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АЛПАМЫСОВА А.
магистрант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЭТНОДИЗАЙНЕРЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СӘНДІК БЕЙНЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ

Түйін. Мақаланыңмақсаты картинадағы өмір көріністерін, сәндік бейнелеу әдістерін, этнодизайнердің ерекше қызметі ретінде анықтау және этнодизайнерлер Ғ. Иляев, Қ. Тыныбеков, Б. Өтеп, З. Мұхамеджанұлы шығармаларындағы сәндік бейнелеу деңгейлерінің көркемдік өлшемдерінің көрсеткіштері бойынша өнертанымдық эксперимент нәтижелерін анықтау. Экспериментке дейінгі этнодизайнер қызметінде құрамдалған картинадағы өмір көріністерін, сәндік бейнелеу әдістерінің деңгейлерін шығару үшін бірқатар дәстүрлі әдістер қолданылды, эксперименттік зерттеуде жалпы және таратылымды талдау әдісі, салыстырмалы талдау әдісі, кешенді талдау әдісі, фрагментті талдау әдісі қолданысқа қосылды. Этнодизайнер қызметінде құрамдалған картинадағы өмір көріністерін, сәндік бейнелеу әдістерін талдау нысандары: шығарма идеясы, композициясы, колориті және орындау техникасы болды. Осы әдіспен өнер шеберлері Ғ. Иляевтың, Қ,Тыныбековтың, Б. Өтептің, З. Мұхамеджанұлының шығармаларындағы сәндік бейнелеу сипаттары айқындалды.

Түйінді сөздер: көркемдік өлшем, дәстүрлі әдістер, жалпы талдау, салыстырмалы талдау, кешенді талдау, фрагменттік талдау, форманы сәндеу, өрнектелген бейне.

Резюме. Целью данной статьи является определения методов декоративного изображения жизненных сцены на картинах как особого вида деятельности этнодизайнера и результаты экспериментально - искусствоведческого анализа работы автора, по выявлению критериев художественного измерение уровнев декоративного изображения в творчестве этнодизайнеров Г. Иляева, К. Тыныбекова, Б. Отеп, З. Мұхамеджанулы.

Для выявления уровения художественного измерение методов декоративного изображения жизненных сцен на картинах в творчестве этнодизайнеров сложившиеся до эксперимента, использовались ряд традиционных методов, в экспериментальном исследований включали использования: методы общего и развернутого анализа, методы сравнительного анализа, методы комплексного анализа, методы фрагментального анализа. Обьектом обсуждения были идея, композиция, колорит и техника выполнения декоративного изображения жизненных сцен на картинах мастеров этнодизайна. Такими приемами анализирована творчество этнодизайнеров Г. Иляева, К. Тыныбекова, Б. Отепа, З. Мұхамеджанулы.

Ключевые слова: художественное измерение, традиционные методы, общийанализа, сравнительный анализ, комплексный анализ, фрагментальный анализ, декорация формы, орнаментальное изображения, декоративное композиция.

Summary. The purpose of this article is to determine the methods of decorative depiction of life scenes in paintings as a special type of ethno designer's activity and the results of an experimental and art history analysis of the author's work, to identify criteria for artistic measurement of the level of decorative images in the works of ethno designers as G. Ilyaev, K. Tynibekov,B. Otep, Z. Muhamedzhanuly. To identify the level of artistic measurement of the decorative depiction methods of life scenes in paintings in the works of ethno-designers that took shape before the experiment, a number of traditional methods were used, in experimental research they included the use of: general and advanced analysis methods, comparative analysis methods, complex analysis methods, fragment analysis methods. The subjects of discussion were the idea, composition, color and technique of performing decorative images of life scenes in the paintings of ethnodesign masters. Such techniques have analyzed the work of ethno-designers G. Ilyaev, K. Tynybekov, B. Otep, Z. Mukhaedzhanuly.

Keywords: art dimension, traditional methods, general analysis, comparative analysis, complex analysis, fragment analysis, shape decoration, ornamental image, decorative composition.

Қазақ бейнелеу өнерінде жеке ою-өрнектер шығармашылығы туралы бірқатар мақалалар жазылғанымен, ою-өрнек мүмкіндіктері арқылы өмірдегі көріністер мен құбылыстарды көркем бейнелеу әдістеріарнайы зерттеу нысаны болған емес. Егер осыған еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы талаптары мен жастар тәрбиесіндегі бейнелеу өнерінің рөлін қосатын болсақ зерттеудің қажеттілігі мен көкейкестілігі онанда арта түседі. Қазақ халқының ою-өрнектері мен оның мазмұнын, бейнелеу техникасын, композиция құрастыруын, өнертану тұрғысынан зерттеу әлі күнге дейін қызығушылық танытып келеді. Сол себептен этнодизайнер шығармашылығындағы сәндік бейнелеу әдістерін өнертану тұрғысынанталдау қажеттігінің артуы бізге зерттеу проблемасын «Этнодизайнер шығармашылығындағы сәндік бейнелеу әдістері» деп қарастыруға мүмкіндік берді.

Этнодизайнерлер шығармашылығындағы сәндік бейнелеу тәсілдері өзіндік өрнектерімен ерекшеленеді. Бейнелеу өнері шығармаларындағы сәндік бейнелеу әдістері дегеніміз – кеңістіктіктегі, өнер шығармаларындағы өмір көріністерін оюға-өрнектерге ұқсас пішіндермен бейнелеу. Сән деген – сұлулық көріністері деген мағына береді. [1. 254 б.]. Сән адамға жағымды эмоция сыйлайтын нысанның жеке қасиеті. Сән мағынасын түсінуде форма, силует, пішін, пропорция, ұғымдары маңызды орын алады. Бұлар құбылыс пен заттардың көркемдік сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Көрініс формасының құрылымы, заттың, адамның және табиғаттың тұтас көрінісін көркем образға айналдыруда ерекше қызмет атқарады [2. 24 б.]. Безендіру – белгілі бір пішіннің бетін немесе нысанның сырт келбет пішінін әсемдік талаптарына сай көркейту іс - әрекетінің нәтижесін білдіреді [3. 43 б.]. Сонда сәндік безендіру – зат немесе құбылыстың жазықтық бетіндегі көріністерін әсемдік талаптары мен шығарма идеясына сай безендіру әдісімен бейнелеу деген мағынаны береді. Сәндік безендіру арқылы бейнелеу - реалистік өмірде, кеңістіктегі көріністердің жазықтық бетіндегі (қағаз, кенеп, қабырға, гобелен, кілем, киіз, текемет, т. б.) бейнелерін сәндеу мен безендіру, картина идеясы мен композициялық шешім табу талаптарына сай көркем образ жасау мүмкіндіктері болып табылады.

Қазақ бейнелеу өнерінің шебері Ғани Иляевтің ою-өрнек мүмкіндіктері арқылы өмірдегі құбылыстарды бейнелеу әдістері өнертану саласында ерекше мәселелердің бірі. Ұлы дала елінің бейнелеу өнерінде ою-өрнек мүмкіндіктері арқылы өмірдегі құбылыстарды бейнелеу әдістерін алғаш рет қолданған ою-өрнек шебері Ғани Иляев болды[4. 18 б.]. Өнертанушы Қ. Мұратаев, қазақ ою-өрнектерін екі бағытқа бөліп қарастырады. Бірінші бағыт - бұл көне жұмыстардың композициялық конондық жүйесінің айта қаларлықтай бұзылмаған дәстүрлі ою-өрнек мотиві, екінші бағыт – ою-өрнектердің заманауи пластикамен дәстүрлі өрнектер мотивінің интеграциясы арқылы берілуі. Ғани Иляев кезінде КСРО Халық суретшісі Орал Таңсықбаевтан ақыл кеңес алып тұрған. Ол: «... енді сен қазақтың ою-өрнектерін жина, ерте ме, кеш пе бұл сағаң абырой әперері сөзсіз, соған кіріс. Ендігі жерде сенің айналысатын жұмысың осы болсын», - деген екен. Бұл ретте Ғ. Иляевтің зерттеушілік, шығармашылық қызметтерін атап өтуге болады. Суретші ою-өрнекті жаңаша қарауға оның сұлулығы мен табиғи жаратылысын өрнектеу әдістерін, суретші шығармашылығын жоғарғы деңгейге көтерді. Шебер ою-өрнектерді жүйелеп қана қойған жоқ, ол өрнектерге композициялық сюжет құрастыру арқылы өзіндік бағыт бағдары бар жаңа көркемдік ойларды айқындайтын интерпритация жасады. Қолөнер шебері: «Әрбір ою белгілі ойы бар кодталған ақпарат әкеледі» - деп есептеді. Ол ою-өрнекке: «Ою-өрнек, кәсіп емес, ол өнер» деп баға берді. Ғ. Иляев кілем, сырмақ, алаша, басқұрларға арнап ою-өрнектердің он бес мыңға тарта үлгісін жасаған. 1958 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігінде шебердің 88 туындысы көрмеге қойылған. Біз ою-өрнектерді - табиғаттағы заттардың формасына, түсіне, пішіндеріне,қозғалысына ерекше назар аударып, өлшемдер, бағыттар, ритмдер, белгілер ескеріліп, стилдеу, ықшамдау арқылы алынған бейнелік қабылдауға негізделген, табиғаттағы белгілі бір зат немесе құбылыс туралы бейнелік ақпарат деп танимыз. Суретшінің ою-өрнектерін өмірдегі заттар мен құбылысты елестететін, оны еске түсіретін өлшемі, формасы бар, түр мен түске ие болған бейне ретінде тануымызға болады. Ою-өрнектер жүйесіне назар аударғанда олардың суға, айға, жұлдыздарға, жан-жануарлардың дене мүшелерінің формаларына ұқсастықтарын байқауға болады [5. 62 б.]. Олардың атауларының өзі осы заттар мен құбылыстар туралы мәліметтер береді. Суретші Ғани Иляевтің шығармаларындағы ою-өрнектермен бейнеленген көріністердің басым бөлігі – табиғат – адам – табиғат қатынастарына біріктірілген. Ғани Иляевтің шығармашылығында қолданылатын ою-өрнектерді «жануарлар әлемі», «өсімдік тектес өрнектер», «аспан әлемі өрнектері», «геометриялық өрнектер» деп шартты түрде төрт топқа бөліп қарастырамыз. Жануарлар әлемі формаларына ұқсас формалар: мүйіз, қосмүйіз, қыңыр мүйіз, қаз мойын, табан, өркеш, өрмекші, құсмұрын, құсқанат, түйе табан, қошқар мүйіз, жіліншік, омыртқа, ит құйрық сынды ою-өрнектер қарастырылған.



Ғани Иляев. «Қыз қуу»

Өсімдік тектес өрнектерге: тоғыз төбе, орақ, ағаш гүл, қызғалдақ гүл, жапырақ, үш жапырақ, өткізбе, шиыршық, гүл, жауқазын мотивтерін алған. Космогоникалық өрнектерге: шеңбер, шимай, төртқұлақ, шұғыла, жұлдыз, айшық, бітпес, аспан жарығы символдары жүйеленген. Геометриялық өрнектерге: сүйір, ирек, төрт гүл, балдақ, қармақ, тұмарша, шыны ою-өрнектерін топтастырған. Ою-өрнек шебері Ғ. Иляевтің шығармашылық форматы кең және дара, формасы мен мазмұны қайталанбас, элементтердің тұтастықта, бірлікте көрініс табуымен сипатталады. Суретшінің өмір көріністерін ою-өрнектермен бейнелеген шығармалары әлемдік бейнелеу өнері мен ұлттық бейнелеу өнеріне жаңашылдық әкелген жаңа бейнелеу әдісідеп батыл айтуға болады. Суретшінің «Қыз қуу», «Сәлем», «Айтыс», «Гүлденген Оңтүстік», «Кілем эскиздері», «Көктем» атты картиналары терең мазмұнымен қатар жоғары импровизациялық орындау техникасымен, жаңашылдық композициялық құрылымымен, қолтаңба даралығымен ерекшеленеді. Суретшінің жыл мезгілдерін ою-өрнектермен көркем бейнелеген «Жаз», «Күз», «Қыс», «Көктем» картиналарында поэтикалық -көркемдік ою-өрнектік, сюжеттік образ тұтастығыжасалған. Бұл композицияларда тепе-теңдік, симметриялық өлшемдік көріністермен шектеліп қалмай, шығарма мазмұнының тереңдігіне ұмтылыс пен тақырыптық бейнелеу дәстүрінің жалғастығының жоғары орындау деңгейіне көтергенін көрсетеді.

Ғани Иляевтің шығармашылық ерекшеліктерінің бірі – осы кезге дейін қалыптасқан ою-өрнектерді қабылдаудың дәстүрлі стереотипінен шығып, ою-өрнектердің безендіру функциясын жоққа шығармастан, шығарманың өмір шындығын бейнелеу мазмұнына баса назар аударуында[6. 74 б.]. Ғани Иляевтің қаламынан туған ою-өрнектерге негізделіп жасалған әрбір картина -адамзаттың көкейкесті мәселелерін қозғауымен, сыршылдығымен, шыншылдығымен, жаңашылдығымен, этносипатымен ерекшеленеді. Бұл көркемдік сапалар Ғ. Иляевтың «Қазақстан», «Қыз қуу», «Түйеші», «Байқоңыр», «Айлы аспан» атты картиналарында көрініс тапқан. Ғ. Иляев-қазақтың ұлттық ою-өрнектерін зерттеп, оны қайта жаңғыртып, қолөнер бұйымдарына ағаш, сүйек, металл, тері, жүн, киіз, мата, ши, қамыс, тас, қыш, шыны, т. б. материалдардан, сәндік қолданбалы бұйымдардан сандық, жан-торсық, қымыз ыдыс-аяқтары, ер-тұрман, алқа, білезік бұйымдарына ою-өрнектерді қолданудың жаңа да озық үлгілерін қайта тірілтті. Ол өзінің эстетикалық талғампаздығын танытумен бірге, нағыз суретші, ою-өрнек шебері екенін дәлеледі. Ол ою-өрнектер жинаумен, олардың көркемдік деңгейін толықтыру жұмысына да белсене ат салысты. Суретшінің 500-ден астам еңбегі республикамыздың галереялары мен көрмелер қорына алынған. Өнер шеберінің қолымен салынған ою-өрнек үлгілері қазіргі ақпарат құралдарында, медиадизайн саласында, безендіру жұмыстарында кеңінен пайдаланылуда. [7. 16 б.]. Ғ. Иляев қазақ халқының ұлттық мәдениетіне, бейнелеу өнеріне, дәстүрлі қолөнерінің дамуына, ұлттықою-өрнектерді жинап, зерттеп, жаңартып, заманауи дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ұлттық дәстүріміздің бір саласы – қазақ ою-өрнектері арқылы өмір шындығын бейнелеуден жасаған шығармашылық еңбегі жалпы Қазақстан халқы үшін ортақ қазына. Шебер қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, дәстүрлі ою-өрнектерінің жаңарып, дамуына орасан үлес қосты. Ұлттық дәстүріміздің бір саласы – қазақ ою-өрнектерін жасаудан шығармашылық еңбегі жалпы халыққа ортақ қазына болып ұлы дала өнері тарихына енді. Бүгін сол ою-өрнектермен салынған суреттерден халқымыздың ұлттық бай өрнек қазынасының бар екенін, ата–баба сәндік қолөнердегі көркемдік дәстүрінің жалғастығы үзілмегенін көруге болады [8. 83 б.].

Этнодизайнерлер шығармашылығындағы сәндік бейнелеу тәсілдерінің қолданылу үлгісін гобеленніңдаңқты шебері Қ. Тыныбековтыңшығармашылығын өнертанымдық талдаудан көруге болады. ҚұрасбекТыныбековшығармаларындағыҰлы далаөрнектері қазақ бейнелеу өнеріндегі ерекше назар аударатын құбылыс. Ұлы далада жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында еліміздің бейнелеу өнерінің дамуына үлес қосқан, өнерге өзіндік қолтаңбасымен келген, ұлттың болмысы басым, ата салт-дәстүрлер көріністерін бейнелеуге гобелен шығармашылығын дамыту арқылы етене жақын келген кәсіби шебер Құрасбек Тыныбеков болды. Қ. Тыныбеков қазақ бейнелеу өнеріндегі гобелен технологиясын дамытып, көркем тоқыманың гобелен саласынан өзіндік мектебін қалыптастырған шебер болды. Ол өзі аз жасасада көп із қалдырған дара тұлға. Ата–бабадан рухани мұра болып қалған тұрмыстық, ерлік, шаруашылық, қарым–қатынас, батырлық дәстүрлері, халықтың биік мақсаттарға ұмтылысы шебердің суреткерлік жолын айқындаған тақырыптар болды. Қазақстанда гобеленнің қалыптасуына К. Тыныбеков өз шығармашылығымен үлкен ықпал етті. Оның ертеректегі сюжетті гобелендері (“Шопан» 1969; «Дала әуен-

дері 1970; «Отбасы» 1972) айқын бейнеленген қоғамдық ірі ойлар берілген суреттерімен, шығарма идеясын ашуға бағытталған әр түрлі бояулардың өзара берік үйлесуімен және шебердің ішкі ой қуатының беріктігіменен ерекшеленеді. Сондай-ақ суретшінің «Дала хикаясы» (1970), «Аққу әні» (1980) гобелендері терең философиялық мазмұнымен, кең құлашты идеялылығымен, жеткізер ойының күрделілігімен айшықталады. Қ. Тыныбеков «Ғарыш» (1978), «Өмір ағашы» (1976), «Байқоңыр ырғақтары» (1977)гобеленде-рінде қазақ халқының жақсы қасиеттерін, қонақжайлылығын, батырлықпен бауырмалдылықты, ынтымығымыз бен бірлігімізді, кісілік келбетіміз-ді, достық пейлімізді шынайы да мөлдір күйінде мөлтектете көрсетіп, өзімізді өзгеде елдердің өнер сүйер қауымына танытты. Гобелен шеберінің шығармаларына тереңдеп үңілген сайын ұлы даланың кереметтері мен сан қырлы құпиясы жарқырап ашыла түседі. Керуен сарай, көне қала, шығыс базары, ежелгі сәулет өнері үлгісіндегі ғимараттар бабалар өмірін еске түсіреді. Қ. Тыныбеков қазақтың дәстүрлі қолөнер мектебін жалғастырушы ғана емес, ұлт руханиятының жаңашыры екендігін оның: «Ғарыш», «Тау мен дала аңызы» атты гобелендерін көргенде анық көз жеткізуге болады. Шығармаларының сюжеттері өмірде кездесетін ситуациялартұрғысынан келтірілген, нақты тіршілік көзімен тығыз байланысты. Бұл көріністер шебердің гобелендерінің композициялық құрылымынында үйлесімді өрнектелген. [9. 7 б.]. Бояулар жиынтығы гармониялық үйлесім тауып, жылы түсті қызғылт қоңыр колорит құрамдалған. Қ. Тыныбековтың гобелен шығармаларында ұлы даланың әсем табиғат көріністері, қиял ғажайып ертегілер мен аңыздардың кейіпкерлері, халқымыздың ерлігі, салт-дәстүрлері, тұрмыстық әдет-ғұрыптары, фольклорлық жыр-дастандары көркемдік көріністер тапқан. Құрасбек Тыныбеков гобелендерінің композициялық құрылымынында Ұлы дала көрінісі үйлесімді өрнектелген. Гобелен шеберінің «Дала балладасы», «Тау мен дала аңызы», «Әуен», «Ғарыш» атты шығармалары ұлы дала көрінісі, жыл мезгілдері, жан жануарлар бейнелері, ою-өрнек түрінде беріліп, тоқыма өнерінің бейнелеу мүмкіндіктерінің шексіздігін паш еткен шығармалар болды. Қ. Тыныбековтің шығармалары кең және дара, тұтас, бірлікте көрінуімен сипатталады. Суретшінің «Ғарыш» атты гобелені терең мазмұнымен қатар жоғары импровизациялық орындау техникасымен, жаңашылдық композициялық құрылымымен, тақырып мазмұндылығымен, жолының даралығымен ерекшеленеді. Суретшінің гобелендерінде поэтикалық көркемдік ою-өрнектік сюжеттік образ жасалынған. Құрас Тыныбековтың шығармашылық ерекшеліктерінің бірі, осы кезге дейін қалыптасқан көріністердің безендіру функциясын жоққа шығармастан, шығарманың өмір шындығын бейнелеу мазмұнына баса назар аударуы болып анықталады. Құрас Тыныбековтың қаламынан туған әрбір гобелен адамзаттық көкейкесті мәселелерді қозғаумен, сыршылдығымен, шыншылдығымен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ол өзінің эстетикалық талғампаздығын танытумен бірге нағыз гобелен шебері екенін дәлелдеді. Ұлттық дәстүріміздің бір саласы – гобеленнен жасаған шығармашылық еңбегі жалпы Қазақстан халықына ортақ қазына. Бүгін сол суреттерден халқымыздың ұлттық, бай, рухани, мәдени қазынасының бар екенін, ата–баба дәстүрінің жалғастығы үзілмегенін көруге болады.


Этнодизайнерлер шығармашылығындағы сәндік бейнелеу тәсілдерін талдау барысында Қазақстан бейнелеу өнерінде гобелен шебері Батырбек Өтептің «Түркі дастаны» шығармасының орны ерекше. Кеңес өкіметі билік құрып тұрған 1970 жылдардың соңы мен сексенінші жылдары Қазақ гобелен өнеріне қайталанбас қолтаңбасымен келген талантты, желкілдеп өскен құрақтай санаулы жастың бірі – Батырбек Өтепов болатын. Оның өнер туындыларына көпшілігі гобелен түрінде, ал кейбірі кілем, текемет, түскиіз ретінде дүниеге келген, ол туындылар: «Отбасы", «Шілде", «Өмір өрнегі", «Атамекен", «Өскен өңір", «Өркендер", «Біржан - Сара", «Бозторғай" деп аталады. «Той» атты гобелені болса, Мәскеудегі Орталық галереяға қойылған [10. 89 б.].

Суреткер шығармаларының ішінде шоқтығы биік тұрғаны - «Түркі дастаны» атты гобелені, оның идеялық мазмұнына ерекше назар аударылады. Бұл – триптих. Бейне бір бабаларымыздың жүріп өткен тарихи өмір жолын гобелен тілінде сөйлету. «Серт» деп аталатын бірінші бөлімінде ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен тұста Батыр қазақ ұланы, жау қолынан шейіт кеткен, ата-бабалардың ел азаттығы үшін күресін одан әрі жалғастыруға серт береді. Жауынгерлер болмысында шамырқаныс, ел тәуелсіздігі үшін күреске деген құлшыныс атойлап тұр. Олардың арқа тұсында жорық дүбіріне құлақ түре елеңдескен қаңтарулы жүйріктер. Әрине, сондай алмағайып заманның өзінде тұтас халық өмірі тек суық қару асынған жауынгерлер әрекетінен ғана құралмағаны белгілі. Соның бір дәлеліндей болып, «Серт» бөлімінде де жауқазын гүлдер әр жерде бүршік атып, осынау суық көріністе өзіндік жұмсақ леп бергендей. Екінші бөлім – «Жеңіс тойы» деп аталады. Жауын жеңіп қайтқан ер, ұландарын бар құрметімен қарсы алған ел, мәре-сәре. Сәби баланы ақ киізге көтерген жаужүрек жауынгерлер тұтаса сап түзеп тұр. Себебі олар туған жерді бүгін жаудан қорғаса, оның өзі әлгі сәбидің атамекенде еркін өсуіне жағдай жасау және еліне-жеріне деген иелікті оның қолына аманат ретінде тапсыру деген сөз. Алдыңғы қатарда қос батыр жеңіс тойын, кесе толы ағарғаннан дәм тата отырып, тойламақшы. Қобызшы қария өткен тарих қойнауына бір сәт бойлап, қо-

бызын бебеулетеді. Ал домбырашы-ақын болса ұрпақтар жалғастығы жайлы сыр шертуде, жыр төгуде. Мына бір шетте елігін жетектеген бүлдіршін қыз қос батырға қолындағы гүлін ұсынуға бата алмай тұрғандай көрініс бар. Ел-Ана, Жер-Ана бейнелерінен батыр ұландарына ризалығын білдіріп, көкке қолын жаю көрінісі айқын өрнектермен берілген. Жаратқаннан олардың амандығын сұрағандай, аспанда ақ көгершіндер қалықтап жүр. «Сүйіншілеп» атқа шапқан жастардың көңілі көкте, жалпақ жұрт думандатып жүр. Дей тұрғанмен, тойға жиналғандардың ту сыртында мазарлар көрінеді. Бейне бір Ұлы Жеңістің кісі шығынынсыз келмесін айғақтап тұрғандай. "Түркі дастаны» гобеленінің үшінші бөлімі - «Күрес» деп аталады. «Жеңіс тойында» жауынгерлердің аттан түспеуінің сыры енді мәлім болғандай. «Күресте» иық тірестіре қатар тұрып, жауына жебе кезенген жауынгерлердің болмысы аса сұсты. Қатарласа ұшқан құс екеш құс та туған жерлерін жау табанынан олардың амандықпен азат етуіне тілекші болып сайрайтындай әсер береді екен. Сонымен, Түркі даласының бостандығы үшін күрес одан әрі жалғасуда. Батырбек Өтепов шығармашылық дәстүрлерін оның ізбасарлары, бүгінгі белгілі суретшілер жалғастырып келеді[11. 10.].

Этнодизайнерлер шығармашылығындағы сәндік бейнелеу тәсілдерін ашып көрсетуде З. Мұхамеджанұлының шығармаларын қабылдауда,салыстыру арқылы талдау ерекше назар аударады. Қазақ сәндік қолданбалы өнері қазіргі кезде қарқынды дамып, жаңа туындылар өмірге келуде, жаңа есімдер анықталуда. Сол есімдердің бірі, сәндік қолданбалы өнерді кескіндеме өнерімен байланыстырған, кестені көркемдік көркем образдар арқылы бейнелеу дәрежесіне көтерген шығармашылық тұлға суретші-кестеші Зейнелхан Мұхамеджанұлы. Суретші шығармашылығы қазақ өнертану ғылымында зерттеліп, өз орнын алып болған жоқ, ол туралы баспасөз беттерінде мардымды ешнәрсе жазылмаған. Әсіресе оның ұлттық мазмұнға толы, абстрактілікбағыттағыүй лесімтапқанкестелісуреттерінің көркемдік ерекшеліктері туралы ой-пікірлер өнертанымдық айналымға түспеген.

Кесте ұғымы түсіндірме сөздіктерде – бетіне түрлі–түсті жіптермен ою–өрнектер салып тігілген матадан немесе басқа материалдардан жасалған бұйымдар жатады деп көрсеткен. Сонымен қатар кейбір сөздіктерде тюль, газа, кисеи, батиста сияқты нәзік материалдармен тері, кенеп, полотно, киіз сияқты қалың материалдармен маталарды әр түрлі өрнектермен инені, ілмек, бізді қолдану арқылы немесе машинамен тоқу арқылы безендіретін, көпшілікке танымал болған және кең таралған қолөнер түрі деп те қарастырамыз. Кесте киімді, тұрмыс заттарын безендірумен қатар кейде сәндік паннолар даярлауда да қолданылады. З. Мұхамеджанұлының кестелері–кәсіби кесте деңгейінен орын алатын




3. Мұхамеджанұлы «Қыз қуу»

шығармашылық ізденістер нәтижесінде туындаған жұмыстар. Суретшінің «Балалық шақ», «Аттылы адам», «Ана әлдиі» туындыларының тақырыптары - ұлттық мазмұнға құрылған және бұл шығармада өмір көріністерін бейнелеу маңызды орын алады. «Қызғаныш», «Серуен», «Отбасы» туындылары бізкесте тоқудың жаңа бір технологиясын, жаңа тынысының ашылуына мүмкіндік берген. Жүннен иірілген жіптердің тігу мүмкіндіктері анықталған. «Дала аруы», «Бал-бал», «Күлтегін», «Әуен» туындыларындағы бейнелердің композициялық құрылымының күрделілігімен ерекшеленеді.

Кесте шеберінің «Құрылым», «Түс», «Ақтабан шұбырынды» шығармаларындағы бейнелер композициясы абстракциялық бағытта сомдалған. Бейнелеу әдістері реализмнен алшақтағанымен, оқиғалардың өмірде болғаны нақты дәлелдермен берілген. «Періште», «Ғашықтар», «Кездесу» туындыларындағы әрбір өрнектер көріністері бір-бірімен тығыз байланыста үйлесім тапқан. «Айна алдында», «Көше музыканттары» композицияларындағы бейнелер кестемен тоқу технологиясына сай үйлестірілген. «Қыз ұзату», «Ана» атты кестелі сурет композицияларын суретші кесте тігудің өзіндік даму жолы бар заңды құбылысқа айналдырған. Картинада жарық пен көлеңке заңдылықтарын кестемен бейнелеу ұстанымдары сақталған. «Періште», «Үшеу» атты туындылары суретшінің жүннен иірілген жіптер арқылы мата бетіне кестемен сурет салу, жылы мен суық түстерді үйлесімділікте қолдану шеберлігін еркін меңгерген. «Томирис», «Түс» атты шығармашылық еңбектерде кестемен салынатын сурет, композиция заңдылығымен үйлесімділікте шешіліп шыншылдығымен картинаға соны серпін берілген. Бұл суреттерді жастарды өнерге баулу үдерісінде қолдану маңызды рол атқарады[12. 3 б.].

Кесте шеберінің «Күту», «Керуен» туындыларында кенеп бетін жүн жіптермен сәндеу арқылы, көркемдеп тігудің бізкесте, жүн жіппен көмкерудің әр түрлері, әдістері еркін пайдаланылған. Өлшемдер пропорциясының сипатын, ритмнің қозғалыс құрылымдарын, әсемдік ұстанымын көруге болады. «Құрылым», «Сарбаз» атты картиналарында кесте шебері түс пен жарықтың үйлесімділігін ұтымды шешкен. «Әуен», «Биші қыздар», «Скрипкашы қыз» атты кестелерді тоқу барысында суретші әуенді, әуезді композиция құрау іс-әрекетін жетік меңгергендігін көрсетеді. Әрбір туынды әсем ән салып тұрғандай болып көрерменге әсер қалдырады. «Мәңгілік», «Күнді айналу» жұмыстарында туынды мазмұны философиялық тереңдікпен берілген. Дүниенің үнемі даму үстінде болатынын, жоқтан бар пайда болмайтынын, бардың жоғалмайтынын көрермен назарына ұсынған. Суреткердің «Дала желі», «Атамекен» шығармаларында Ұлы даланың космологиялық символдық мәні, дәстүрлі кәсіби тоқу үдерісіне енгізілгені айқын көрінеді. Шынайы көріністер бейнелерін суретші ұтымды таңдап алуы арқылы дала мен әлем бірлігін көрсетеді. «Бақыт», «Күй туралы аңыз» туындыларында қазақтың ұлттық қолөнерін кескіндеме өнеріне кіріктіру арқылы, кестемен бейнелеу әдісі кескіндеу әдісімен бірлікте қолдануды еркін меңгергенін байқатады. «Таңба», «Дала әуені» картиналарындағы сызықтардың, дақтардың, нүктелердің сан алуан формалары мен түрлері композиция динамикасын меңгеруге негізделген. Картинадағы күрделі қозғалыстарды адамның қабылдауы кезінде жалықтырмайды, тартымдылықты арттырады.



3. Мұхамеджанұлы «Көш»

Кесте шеберінің «Сарқырама» картинасындағы сызықтар қозғалысы көрерменді жалықтырмайтындай, әрбір қимыл бағыты жаңа формада берілген, ал «Құрақ», картинасындағы негізгі композициялық элементтер тұтастығымен көз тартады. «Ай астындағы кездесу», «Дала биі» жұмыстарындағы түстердің композициясы шығарма мазмұнын рухани құндылықтар бағытында ашуға мүмкіндік берген. «Алғашқы олжа» туындысында түстердің мазмұндық, символдық мәні орынды қолданылған. «Бақсы»,«Ошақ» кестелерінде суретші өмір шындығындағы көріністерді стилизациялау әдісі арқылы оларды ою-өрнектерге айналдырған.

3. Мұхамеджанұлы шығармашылығы кесте өнерімен байланысты. Туынды тақырыптары ұлттық мазмұнға құрылған. Шығармаларда жаңа бір шығармашылық іс-әрекет - бізкесте тоқудың технологиясы ашылған. Бейнелердің композициялық құрылымы күрделі, көрініс композициясы абстракциялық бағытта сомдалған. Туындыдағы әрбір көрініс бір-бірімен тығыз байланыста үйлесім тапқан, композицияның көрініс бейнелері кестемен тоқуға лайықты болып ыңғайластырылған. Кесте шеберінің кестелі сурет композициясын салуы, өзіндік даму жолы бар заңды құбылысқа айналдырылған. Жүннен иірілген жіптер арқылы мата бетіне кестемен композициялық сурет салу шеберлігі жоғары деңгейде меңгерілген. Кестемен салынатын сурет, композиция заңдылығымен үйлесімділікте берілген. Мата немесе кенеп бетін жүн жіптермен сәндеп көмкеру барысында, көркемдеп тігудің әр түрлері әдістері пайдаланылған. Туынды мазмұны философиялық тереңдікпен ұсынылған. Ұлы даланың символдық мәні, дәстүрлі кәсіби тоқуға енгізілген. Әуенді композиция құрау іс-әрекеті жетік меңгерілген. Түс пен жарықтың үйлесімділігі кестелеп тоқу барысында ұтымды шешілген[13. 25 б.].

Этнодизайнерлер шығармашылығындағы сәндік бейнелеу тәсілдерін зерттеу нәтижелерін қорыта айтқанда, Ғани Иляев -өмірдегі шынайы көріністерді ою-өрнектермен салған шебер, Құрас Тыныбеков -Қазақстанға гобелен өнерін тұңғыш рет алып келген кәсіби гобелен шебері. Батырбек Өтеп - ата-баба салт-дәстүрлерін гобелен өнері арқылы бейнелеу үлгісін көрсеткен суреткер, Зейнелхан Мұхаммеджанұлы шығармаларының көркемдік өзегі -кесте өнерін жоғары шығармашылық деңгейіне көтерген шебер. Бұл суретшілерге ортақ қасиет ұлттық мәдени құндылықтар мен қазақ халқының салт-дәстүрлерін көркемдік мүмкіндіктер арқылы картина деңгейіне көтерген суреткерлер деп бағалау орынды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Гумбрих Э. Өнер тарихы. -Алматы:Өнер. Ұлттық аударма бюросы қоры. 2019. -680б.
2. Сайд Э. У. Орентализм. -Алматы:Өнер. Ұлттық аударма бюросы қоры. 2019. -328 б.
3. Әденова Л., Қожағұлов Т. Зергерлік өнер нақыштары. - Алматы:Аспантау, 2018. -209б.
4. Мұхажанова Г. «Иляев Гани» Альбом. - Алматы: Өнер. 1986. - 103 б.
5. Титенов В. З. Қазақстан халқының өнері. -Алматы:Өнер. 2017. -280б.
6. Ералин Қ. Суретші Ғани Иляевтің өмір көріністерін ою-өрнектермен бейнелеу әдістері. «Қазақ суретшісі Ғани Иляевтің туғанына 100 жыл» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері. // - Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ. 2016 12-14 б.
7. Труспекова Х. Жаңа заман сәулеті. -Алматы:Аспантау. 2018. -200б.
8. Зергерлік өнер әлемі. -Алматы. Қазақпарат. 2017. -246 б.
9. Құрасбек Тыныбеков 70 жылдығына арналған көрме каталогы. -Шымкент. :Бейнелеу өнері музейі. ОҚО мәдениет басқармасы. 2017. -25б.
10. Ералин Қ. Суретші Айнабек Оспановтың шығармашылығындағы концептуальдық стиль. // Ясауи университеті хабаршысы. №2 (108) Сәуір-маусым. -Түркістан:Тұран,2018-132-141 б.
11. Ералин Қ. Этнодизайн. Оқу құралы. -Алматы:Эверо. 2018. -240 б.
12. Kamak A., Auelbekov E., Beisenbekov Zh., Zholdasova. B., Sadibek. A. Perceptional Peculiarities and Selective Attitude of Teenagers towards the Pieces of Traditional Applied and decorative Arts. International Journal of Environmental and Science Education (Turkey). ISSN 1306-3065, vol. 11,no. 18,12099-12408,2016. Scopus
13. Ералин Қ. Өнер шығармаларын қабылдау. -Алматы:TechSmith, 2019, -120 б.

ЕЛЕУОВ САУРАН ЕРКІНБЕКҰЛЫ
Өнертану ғылымының доценті
А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті

ШАХАНБАЕВ МҰРАТ НҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ
А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті
Бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушысы
murat-515@mail. ru

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛ ӨНЕРІНДЕГІ ОЮ ӨРНЕКТЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Түйін. Бұл мақалада ұлттық өнер арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеу, сәндік қолданбалы өнер мен қолөнердің көркемдік білім берудегі алатын орны қарастырылады.

Түйінді сөздер: Қолөнер, ою-өрнек, бейнелеу өнері, ритм, колорит.

Резюме. В данной статье рассматривается роль воспитания подростающего поколения посредством национального искусства и о месте декоративно-прикладного искусства и ремесленничества в художественном образовании.

Ключевые слова: Ремесла, орнамент, изобразительное искусство, ритм, колорит.

Summary. This article discusses the role of educating the younger generation through national art and the place of arts and crafts in art education.

Keywords: Crafts ornament, fine art, rhythm, color.

Қазақстан Республикасының Елбасыі Н. Назарбаев өзінің 2003 жылғы 4 сәуірде Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біз өз мәдениетіміздің құндылықтарын сақтай отырып, байыппен алға жылжи беретін боламыз» деп, атап көрсеткен болатын. Қоғамдағы болып жатқан бетбұрыстар, саяси көзқарастар аясында қазақ елінің тарихын шынайы тұрғыда танып-біліп, салт-дәстүріне рухани мұрасына қасиетпен қарау ерекше маңызға ие болып отыр. «Болашақ - өткен тарихты білуден басталады» дейді, Баласағұн бабамыз, ал әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фараби: «Халық өткен өмір тарихын білмесе, өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің қадірін бағалай алмайды» - деген екен. [С. Кенжеахметұлы, 92 б]. Олай болса, тарихқа, тарихи бастауларға, мәдени мұраларымызға қаншалықты терең үңілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз. Сондай қажеттіліктің бірі – халықтың қолөнері [Самұратова Т.,15 б].

«Қазақтар - тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп, академик Әлкей Марғұлан айтқандай, халық мұрасындағы ұлттық өрнектердің үйлесімді реңдерінде ата-бабаларымыздың тұрмыс-салт дәстүрі бейнеленгені шындық.

Қазақ бейнелеу өнерінің бір саласын сәндік қолданбалы өнердің профессионал суретшілерінің жұмыстары құрайды. Бұл салада Г. Ильяевтің, Б. Зауырбекованың, Қ. Тыныбековтың, Д. Шоқпаровтың, Г. Жарылғаповтың, С. Бөлтіріковтың, М. Әлімбаевтың С. Ильяевтің, С. Төленбаевтың, Қ. Қарабдаловтың, О. Нәлібаевтың шығармашылық еңбектерін атауға болады. [Ералин Қ., 47 б]

Г. Ильяев қазақтың сәндік қолданбалы өнері шеберлерінің ішінде өзіндік қолтаңбасымен танылған ерекше тұлға. Оның шығармалары ою-өрнектерді безендіру функциясының жоғары дәрежеге көтеріліп, сюжеттік картина дәрежесіне дейін жеткен. Г. Ильяевьтің «Бау», «Сәлем», «Байқоңыр», «Айтыс», «Қыз қуу», «Космос», «Түйеші», «Алғашқы қар», «Көктем», «Күз» деп аталатын шығармаларында өмірдегі құбылыстарды ою-өрнек формасына айналдыра отырып, көркем образ жасаудың үлгісін көрсетті.

Қазақстың профессионал сәндік қолданбалы өнері саласындағы танымал шебері – Д. Шоқпаров шығармашылығы ерекше құбылыс. Д. Шоқпаров қазақтың ұлттық көркем бұйымдарын жасайды. Ол алғаш, темір, тері сияқты материалдарды өңдеу арқылы, тегене, ожау, ер, қымыз құятын ыдыстар, торсық, ат әбзелдері сияқты заттарды жасаумен қатар, қол-өнердің практикалық жағы мен теориялық мәселелерін жетік меңгерген маман. Суретші қолөнердің ескі нұсқаларын тауып, оны жаңа мазмұнда жасаған, жоғалып бара жатқандарын жазып жарыққа шығарып, қолөнерді зерттеуші, этнограф дәрежесіне дейін көтерілген суретші. Халық шебері Д. Шоқпаровтың Қазақстанда тұңғыш рет жекеменшік этнографиялық музейі өнер мектебі ашылды [Х. Арғынбаев. 51 б].

Зерттеушілердің қазақ ою-өрнектерін төрт топқа жатқызуы тегін емес. Өйткені, қазақ ою-өрнекті өзі үнемі көретін және байқайтын тұстардан табатын. Ою-өрнектің бірінші тобы жанжануарлар әлемінен алынған топ. Қазақ - ежелгі көшпелі халық. Көшпелі халықтар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Сондықтан оның дүниетанымында малға көп орын берілген. Қазақ малдың түсі мен түрін, тегі мен қаңқасын танудан әлемдік қазіргі ғылымдарға жауап бererліктей білім жинаған. Сол себепті малға қатысты оюлар біздің тұрмысымыздан елеулі орын алған. Оның үстіне көшпелі өмір малдан басқа да аң мен құстың сырын ұққызған. Бабаларымыз ежелден-ақ түз құстарын қолға баулыған. Олар-

ды даланың аңына салған. Сондай-ақ тіршілікте өздерін қоршаған аң мен құстың барлық қасиеттерін қапысыз зерттеген. Тіпті, үй маңында ұшқанымен қолға жуымаған қарға, сауысқанның да бүкіл қасиетін танып. Түлкі, қоян, қасқыр да бабаларымызға өздерінің мінездері мен қасиеттерін «танытқан». Осындай өмірлік мүдде мен қоршаған орта қазақтың оюы мен кестесінен орын алмауы мүмкін емес еді. Оюларда түйе, жылқы, бүркіт, сұңқар, бөрі және басқалары кейде олардың белгілі бір бөліктері - мүйізі, табаны, өркеші, тұмсығы, ізі, құйрығы кездесетін болған. Міне, оюлардың бұл тобы осылай қалыптасқан және олардың аттары ою-өрнектің дәл қайдан алынғанын қапысыз аңғартып тұрған. «Қошқар мүйіз» – қазақ дәстүрінде ең көп ұшырасатын ою. Ежелден қой баққан халықтың қошқар мүйіз оюға деген ықыласы бөлек болған. «Қос мүйіз» атты, «бұғы мүйіз» және «қыңыр мүйіз» атты оюлар тұрмыста көп пайдаланылған. «Атбас», «табан», «өркеш» аталатын оюлар да аты мен затын сақтап бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. «Жіліншік», «ботакөз», «төртқұлақ», «өрмекші», «қаңқа», «ит құйрық», «ит арқа», «тышқан із», «омыртқа» тектес оюлар мен таңбалар да тұрмыстан ұшырасып тырған. Мұндай оюларға негіз болудан құстар да құр қалмаған. «Қарға тұяқ» немесе «қаз мойын» аталған оюлар осыған куә болғандай. Бірақ, бір тарихи жәйт бар. Бұл мал мен жануарлар өмірінен алынған оюлармен қазақ еш уақытта киім безендірмеген. Бұл оюлар тек тұрмыста қолданылған. Олар әсіресе, киіз үйдің сырты мен ішін безендіруге пайдаланылған, кілемге, сырмаққа, текеметке, түскиізге салынған.

Ою-өрнектер - ритмдік түрде реттелген бейнелерден құралады. Ою-өрнектермен тұрмыстағы заттар - қару-жарақ, тоқыма бұйымдары, мебель, кітаптар, архитектуралық құрылыстың ішкі, сыртқы беті, сәндік қолданбалы өнер бұйымдары безендіріледі. Ою-өрнектер өмірдегі құбылыстар мен зат формасын стилдеу арқылы жасалады. Ою-өрнектер белгілі бір өмір қажеттілігінен туындайды. Ерте заманда адам өз ойын ағашқа, тасқа ойып түсірген. Бертін келе ою-өрнектер тұрмыста қолданылатын кілем, алаша, киіз сияқты заттардың бетін әшекейлеуге қолданылған. Қазіргі көркемөнер музейлерінде сақтаулы тұрған сәндік қолданбалы өнердің асыл бұйымдары бабаларымыздың жоғары дәрежедегі талғамы болғандығын, өз тұрмысына сай киініп, сәндене білгендігін көрсетеді. Соңғы уақытта қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің мазмұны заман талабына сай өзгеріп отыр. Мысалы, бесаспап шебер оюшыларымыз өз туындыларында мұнай мұнарасы, жұлдыз, көгершін бейнесін - бейбітшілік бейбіт еңбектің символы ретінде космосқа ұшқан ракета белгісін т. б. оюға түсірсе, суретшілер мен халық шеберлері ою-өрнек үлгісін өз шығармашылығында кеңінен пайдаланып келеді [Х. Маданов, 45].

Сәндік қолданбалы өнер саласында түстерді таңдап алудың маңызы ерекше. Түстердің символдық қасиеттері болатыны бұрыннан белгілі. Әр түрлі түстер адамға әр түрлі әсер етеді. Мысалы, күңгірт түстер адамға кері әсер етіп, көңіл күйін түсірсе, ашық түстер адамға жақсы әсер етіп көңіл күйін көтереді. Сонымен қатар түстер әр түрлі формаларға әр түрлі әсер етеді. Мысалы, қара түстер ауыр сияқты болып көрінеді. Бұған түрлі түсті машиналардың түсін мысал етуге болады. Сонымен қатар жылы түстер зат формасын үлкен болып көрсетсе, суық түстер зат көлемін кішірейтіп көрсетеді. Сондай-ақ жасыл түс адамды тыныштандыруға әсер етсе, ал қызыл түс адамды тез шаршатады. Түстер негізінен қызыл, сары, жасыл сары, көк, көгілдір болып бөлінеді.

Басқа халықтардың ою-өрнектері сияқты қазақ халқының ою-өрнектері де өзіндік ерекшелігі бар өнер туындысы. Ою-өрнектер ежелгі өнер туындыларымен қатар қазіргі көркем бұйымдарды безендіру элементі ретінде қолданылады. Ою-өрнектердің дамуы қазақ жеріне мұсылман дінінің таралуымен тығыз байланысты. Мұсылман діні бойынша тіршілік иесінің суретін бейнелеуге тыйым салынады. Шариғат бойынша суреті бейнеленген адамнан ол дүние салған соң құдай жанын сұрайды деген сөз бар. Бұл жағдай қазақ бейнелеу өнерінің дамуына кері әсер етті. Екінші жағынан бұл құбылыс тіршілік иесін өрнек түрінде бейнелеуге жол ашты.

Қазақтың ою-өрнектері өзінің құрылысы, формасы, түрі-түсіне байланысты төрт түрге бөлінеді. Олардың геометриялық ою-өрнектер, өсімдік тектес ою-өрнектер, жануарлар тектес ою-өриектер, аспан әлеміне байланысты өрнектер деп атайды.

Жан-жануарлар стиліндегі ою-өрнектер тіршілік иесінің мүшелеріне мойын, бас, табан сияқты дене мүшелеріне ұқсас болып келеді. Осыған байланысты мүйіз, қошкар мүйіз, қос мүйіз, қыңыр мүйіз, табан, өркеш, өрмекші, қаз мойын сияқты т. б. ою-өрнектер түрлері шыққан. Өсімдік тектес ою-ернектер түрлі өсімдіктердің формаларына ұқсас болып келеді. Олардың ішінде ағаш, жапырақ, үш жапырақ, өткізбе, шиыршық, шырмауық, гүл, жауқазын сияқты өрнектер бар. Көптеген қазақ ою-өрнектерінің түрі аспан әлемінің формаларына ұқсайды. Оларды космогендік ою-өрнектер деп атайды. Бұлардың қатарына ай, жарты ай, шеңбер, шимай, төртқұлақ, шұғыла, жұлдыз, айшық, бітпес өрнектері кіреді.

Қазақ ою-өрнектерінің ішінде үш бұрыш, төрт бұрыш, ирек сызық түріндегі өрнектер бар. Бұларды геометриялық ою-өрнектер деп атайды. Бұл өрнектерді сүйір, ирек, төртүшкіл, балдақ, қармақ тұмарша, шынжара деп атайды.

Ою-өрнектерді қолданудың әр түрлі ерекшеліктері бар. Мысалы кейбір бұйымдарда геометриялық оюлар мен өсімдік текті ою-өрнектер қатар қолданылуы мүмкін. Осы сияқты басқа да ою стилдерінің әр түрлері қатар қолдану құбылысы жиі кездеседі.

Ою-өрнектер белгілі бір табиғат құбылысын немесе қоғамдағы құбылысты символды түрде білдіреді. Мысалы: төрт құлақ өрнегі ертеден бері дүниенің төрт бұрышын, яғни оңтүстік, солтүстік,

шығыс, батыс бағыттарын көрсетеді. Сол сияқты өсімдік тектес шырмауық, өткізбе өрнектері ел арасындағы бірлікті, келісімділікті, жер бетіндегі шартты түрдегі себеп-салдарды білдіреді.

Қазақтың кейбір ою-өрнектері адамдар арасындағы қарым-қатынасты білдірген. Мысалы: жаңа түскен келін өзінің төркініне ою салған орамал жіберетін болған. Бұл оюға қанатын жайып ұшып жүрген құсты бейнелеу арқылы ол өзінің көңіл күйінің, жағдайының жақсы екендігін білдірген немесе осыған керісінше жағдайды меңзеген.

Қорыта айтқанда мұндағы мақсат, қазақтың ою-өрнек өнерінің тарихи сыры мен оны дамытушы шеберлердің маңызын аша түсу болып саналады. Бүгінде шын шебердің ою-өрнекке, яғни, халық өнеріне қосқан өзіндік ерекше өрнегін, жаңалықтары мен ой-кеңестерін зерделеп, талқылап, бұл ою-өрнек саласындағы қосқан шығармашылық үлесіне арнайы баға беру, әлі күнге дейін дұрыстап қолға алынған жоқ. Халықтың тарихын, шежіресін, географиясын, мінезін, ерлігін дәл бейнелейтін ою-өрнек құдіретті өнер. Бұл өнер халықтың болмысымен бірге туып, бірге қайнасып келеді. Қазақтың ұлттық қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Қазақстан жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған. Түркілер ою-өрнекті айрықша қастерлеген халық. Қолөнер халықтың ұлттық мұрасы. Қолөнер қашанда заман, өмір ағымымен бірге туындап, дамып, мәдениеттердің үлгілері дәлел бола алады. Кең байтақ Қазақстан Республикасы жерінде ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері ғана емес, сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Ою-өрнек өнері халықтың шынайы рухани-эстетикалық танымымен біте қайнасып кеткен этнографиялық мәнге ие көрінісімен ерекше, құнды болғандықтан, ұлт мәдениетін айқындайтын өте маңызды, және аса қажетті сала.

Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Оған Қазақстан жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел болады. Мұның өзі қазақ өнерінің республика жерінде мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн және тағы басқа көне түркі тайпаларының мәдениеті мен төркіндестігінің айғағы [«Қазақстан мектебі». 21 б].

Қазақстанның өркениет әлемінен орын алып, дамыған елдер қатарына қосылуға ықпал ететін, бірден бір шарт – білімді ұрпақ өсіру болмақ. Сондықтан қазіргі еліміздің алдында біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндетімен қатар, жеткіншектер санасында туған халқының мәдениетіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, тарихы мен өнерін қастерлеуге тәрбиелеу қажеттігі көрінуде.

Көркем өнердің бейнелік тілін меңгертуде, халқымыздың бай мұрасын игерудегі құнды педагогикалық ой-пікірлер мен татымды түйіндердің негізін қазақ ағартушыларының ой пікірлері мен көзқарастарынан байқаймыз. Мәселен: Шоқан Уәлихановтың эстетикалық көзқарасы қоғамдық саяси және философиялық көзқарастармен тығыз байланысты болды. Ол қазақ халқының өткен өмірі мен болашағы жайлы ой-арманын, тілегін көрсетіп, ұлттық қолөнерге көңіл аудару қажеттігін, оның болашақ ұрпақтар тәрбиесіне де қажет екенін ескерткен [«Қазақстан мектебі» 14 б].

Ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің ұлттық қолөнер бұйымдарын жасауға жас жеткіншектерді үйрету мәселесін көтергені белгілі. Ол қазақтың қол өнерін өте жоғары бағалаған және сол өнерге баулу мақсатымен бірнеше қолөнер мектебін ашқан. Ал Торғайдағы қазақ қыздары үшін ашылған мектепте ұлттық киімдер, кесте тігу, киім пішу, шәлі тоқу, жіп иіру және қазақ қолында көп болатын жүн, қыл сиықты материалдардан өрмек, тоқу, киіз басу, бау және басқұр, тақыр кілем тоқу сияқты жұмыстарға үйретілді. Оның өнердегі ұмыт болып бара жатқан дәстүрлерді тезірек меңгеріп, оның құнды, пайдалы деген жағын эстетикалық талғаммен қабылдап, өмір қажетінен шығара білуге шақыруы қазіргі заман талабымен ұштасып жатыр. Ы. Алтынсарин ұлтымыздың жас ұрпақтарының білімді, өнерлі, шебер болуын аңсаған, сөйтіп осы көркемдік білім берудегі ұлы мақсатты қазақ жерінде алғаш жүзеге асыру үшін көп еңбек еткен педагог-ғалым болды. (95)

Заманымыздың заңғар ақыны, А. Құнанбаев ұрпақ тәрбиесіндегі халық мұрасының тәрбиелік мәнін жоғары бағалады. Отыз үшінші қара сөзінде «егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек, мал жұтайды, өнер жұтамайды» – деп жастарды өнерге баулиды, оларға тәлім-тәрбие берумен қатар ұлттық өнер арқылы білім беруге ерекше көңіл бөлді. Абай ғақлияларының көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеудегі маңызы зор. Мысалы, жиырма жетінші сөзінде: «әуелі көзді көрсін-деп беріпті, егер көз жоқ болса дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззат алар едік?» десе, қырық үшінші қара сөзінде осы ойды әрі қарай толықтырады. «Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалыппен, ұнамсызы ұнамсыз қалыппен, әрнешік өз суретімен көңілге түседі", - дегені адамның көркемдік шығармашылықты сезініп қабылдауы әсемдікке, сұлулыққа сүйсіне білуі, рухани ләззат алуы баланың сәбилік шағының дамуымен, өсіп жетілуімен байланыстылығын айқындай келіп, ол таным арқылы адамның көркемдік сананың тереңдік деңгейі қаншалықты жоғарылайтындығын байқаймыз, деп көрсеткен [Ералин Қ., 33 б].

Қолөнер – қашаннан халықтың күнделікті тұрмыстық қамтамасыз етуге қызмет атқарады. XIX ғасырда және XX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрнек тоқу, киіз басу кең өрістеді. Бір ғажабы осы уақытта жастарға арнап ер-тұрман, белдік, қыз-келіншектерге арнап сәукеле, шашбау, біле-

зік, сырға жасауға сұраным артты. Бұл әрине, халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруы мен рухани жан-дүниесінің дүр сілкінген кезеңі болса керек. Жалпы қазақ қолөнерінің дамуында әр дәуірдің өзіндік табы бар.

Қолөнер халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Өнер туындыларының иесін шебер деп атаған. Қолөнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданған. Қолөнер дүние жүзінің әр халқында бар. Сонымен қатар әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді. Қазіргі кезде қолөнер элементтерін үй интерьерінде, киім сәндеу кезінде, бас киімді әшекейлегенде көп қолданып жүр. Оның орындалу технологиясына да ерекшеліктер еңгізіп отыр. Мысалы, ою-өрнекпен әшекейленген бұйымда қатырма жапсыру, моншақтармен, түрлі түсті тастармен безендіру жиі кездеседі. Неше түрлі жібек, жылтыр люрекс жіптері қолданылады. Дегенмен, көне заманнан келе жатқан қазақ қолөнері өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалған.

Жалпы қазақ халқының дәстүрлі қолөнері 18 түрлі. Олар негізінен мыналар: ағаштан бұйымдар жасау, жүннен бұйымдар жасау, арқан-жіп есу, киіз басу, киізден бұйымдар жасау, кілем тоқу, теріден бұйымдар жасау, сүйектен, тұяқтан және мүйізден бұйымдар жасау, металдан бұйымдар жасау, ши тоқу, ер-тұрман жасау, кесте тігу, киім тігу, аяқ- киім тігу, сабын жасау, бояу жасау [Ералин Қ., 21 б].

Қазақ қолөнерінде жас жеткіншектердің ой өрісі мен білімін, дүниетанымын кеңейтуде ою-өрнектің алатын орны айрықша. Этнограф ғалымдардың пайымдауынша осы уақытқа дейін ою-өрнектің 200-дей түрі анықталып отыр. Соның ішінде мүйіз тектесі қазақ ою-өрнектерінің төркіні деп саналады.

Қазақ қолөнерінде ою - өрнек өте кеңінен қолданылады. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың ою - өрнекпен безендірілмегені өте аз кездеседі. Ою - өрнек қолданбалы қолөнер бұйымдарының тұтыну және эстетикалық мән – мағынасын аша түседі.

Сондықтан қолөнер шеберлері жасаған заттардың әрқайсысының қалай әшекейленіп, өрнектелгеніне жеті зер салған жөн.

Ою - өрнек өнері ежелгі замандарда қалыптасып, халқымыздың тарихымен, тұрмыстағы әдет – ғұрып, салт - дәстүріне сай дамып, түрлендіріліп, жетілдіріліп отырған. Жер жүзіндегі барлық халықтарда дерлік ою - өрнек өнері көне замандарда қалыптасып, дамып бүгінгі күндерге дейін өз қасиетін жоймай, ірі рухани мәдениет үлгісі ретінде сақталып келеді. Халық шеберлері ою - өрнекпен, сәулетті ғимараттарымен, киім – кешек, жиһаз, қару – жарақ, ат әбзелдерін, зергерлік әшекей заттарын т. б. тұрмыста тұтынатын заттарын безендіріп отырған.

Әдемілік пен әсемдікке құштарлық адамзатқа тән. Көркем бұйымдар мен зәулім ғимараттар - көз қуанышы. Ол жанды сергітеді. Ежелгі адамдар жын – шайтаннан қорғану және өзін - өзі сәндеу үшін тәндерін нақыштап, киімдерін әшекейлеп, үйлеріне тұмар іліп қоятын. Осының нәтижесінде ою - өрнек пайда болды. Ою - өрнек латынның «ornamentum» сөзімен мәндес. Оның аудармасы әшекей, өрнек, бедер деген мағынаны білдіреді. Көшпелі қазақтар табиғаттың әдемілігіне сүйсіне отырып, өз айналасының сұлулығына аса мән берген. Оған дәлел халықтың ежелгі қолданбалы өнерінің маңызды бөлігін ою -өрнектердің құруы. Ежелгі шеберлер үшін шабыт көзі табиғат өсімдіктер мен жануарлар әлемі болған. Олар ыдыс – аяқты, киім – кешекті, қару – жарақты, үйлер мен ғибратханаларды тамаша әшекейлеген. Тіпті ұлттық билердің де өзіндік ерекшеліктері болған. Бишінің түрлі өрнектер жасап қозғалуы үлкен шеберлікті талап еткен [А. Ә. Сихаев. Н. Б. Раимов,. 21 б].

Өнер арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеп, еліміздің болашаққа деген сенімін нығайта түсу біздің міндетіміз. Туған еліміздің әлемдегі өркениетті елдермен терезесі тең болуына, еліміздің жастарының санасы терең, әрі жан жақты, білім жоғары, елінің патриоты болуы басты шарт.

Біз, болашақ жастарымызға әрбір елдің мәдениетін, өнерін дамытуға ықпал жасайтын, ерекше маңызы бар қолөнер бұйымдарын адамның рухани байлығын жетілдіретін ұлттық өнерімізді қастерлеуді қалыптастыруды, оқыту барысында қолөнердің алатын орны ерекше екенін білейік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сейт Кенжеахметұлы. Қазақтың мәдени салт дәстүрі, Алматы, 2006
2. Самұратова Т. Бейнелеу өнері тарихы. –Астана: ЕҰУ, 2010.
3. Ералин Қ. «Бейнелеу өнері шығармашылығы». Оқу құралы. Түркістан. Тұран. 2009-87 б.
4. Х. Арғынбаев. «Қазақ халқының қолөнері». Алматы. «Өнер», 1987 жыл, 168 бет.
5. Х. Маданов. «Қазақ мәдениетінің тарихы», Алматы. 1998 жыл, 45 бет.
6. «Қазақстан мектебі». Алматы. «Дәуір», №5 2004 жыл, 7 бет.
7. «Қазақстан мектебі». Алматы. «Дәуір», №2 2004 жыл, 54 бет.
8. Ералин Қ. «Бейнелеу өнері шығармашылығы». Оқу құралы. Түркістан. Тұран. 2009-87 б.
9. Ералин Қ. Композиция. Оқу құралы. Түркістан. Тұран. 2009. - 120 бет. .
10. ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ШЕБЕРІ С. А. ТӨЛЕНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.
А. Ә. Сихаев. Н. Б. Раимов , Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

ӘОЖ: 792. 028

ИБРАЕВА А. У.
оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

САХНА САЙЫСЫ БАРЫСЫНДА БІЛІМГЕРДІҢ ПСИХОФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Түйін. Бұл мақалада актердің пластикалық икемділігінің қалыптасуына көмегін тигізіп, физикалық және психофизикалық тұрғыда тәрбиелейтін сахна сайысын негізгі көрсеткіштері мен сахна сайысының негізгі тәсілдері, соққы түрлері көрсетіледі.

Түйінді сөздер: актер, сахна сайысы, пластикалық икемділік.

Резюме. В данной статье раскрываются основные показатели сценического боя и основные приемы сценического действия, виды ударов, способствующие формированию пластичности актера, физическому и психофизическому воспитанию.

Ключевые слова: актер, конкурс сцены, пластическая гибкость.

Summary. In this article, we show the main ways and scenarios of the main stage and stage contests, and the types of impacts that will help shape the actor's plastic elasticity, physically and physically-physically-upgrading scenarios.

Keywords: actor, stage competition, plastic flexibility.

Актердің сахналық икемділігін дамыту және тәрбиелеу оның мол психофизикалық мүмкіндіктерін қалыптастыру және дамыту мақсаты болып табылады. Сахна сайысының өнері білім беру жүйесінде сахналық қозғалыстың логикалық жалғасы ретінде қарастырылады. Актердің пластикалық икемділігінің қалыптасуына көмегін тигізіп, физикалық және психофизикалық тұрғыда тәрбиелейді. Сахна сайысы - бұл актерлік ойынның пластикалық жағы. Көптеген классикалық пьесаларда, сайыс сахналары оқиғалардың бағытын басқа бағытқа айналдыратын шыңдарға жетелейді. Студенттердің пластикалық және дене тәрбиесі процесінде келесі дайындық принциптерін сақтау қажет:

1. Дене дайындығының жан-жақты болуы
2. Дене дайындығының саналы болуы
3. Біртіндеп
4. Қайталануы
5. Тәрбие мен оқытудағы даралық

Физикалық әрекеттерді логикалық қозғалыс кешендері ұйымдастырады. Бұл бөлек қимылдарды біз бөлшек деп атаймыз. Әрбір физикалық әрекет белгілі бір мақсатқа ие. Бұл мақсатқа жету үшін әр түрлі құралдар қолданылады. Осы қозғалыс дағдыларын дәйекті пайдалану және логикалық байланыстыру сахнада кейіпкердің қалаған іс-әрекеттері мен сайыс сахналарын жүзеге асыратын мақсаттарға жетуге әкеледі. Сайысатын актердің сахналық міндеті – мен не істеймін? Сондай – ақ, алға қойған мақсатым – неге мен мұны таңдадым-мен мұны қалай жасаймын? Сахналық сайыста дәл осы құрылғыларды біз элементтер ретінде анықтаймыз. Үлкен айқындылық үшін оларды жеке жеке сахналық дағдыларға топтастыруға тырысамыз, оларды логикалық байланыстыру арқылы сахналық сайыстың фазалар құратын боламыз.

Сахна сайысы – студенттерді әр түрлі қауіпсіз суық қарумен күресу тәсілдерін үйретеді, актер үшін қажетті физикалық және психологиялық-физикалық қасиеттерді дамытады: назар аудару, жылдамдық реакциясы, икемділік, ептілік, ырғақ, мүсін сұлулығы, сайысты сезіну, көркем образ шығару. Рөлі бойынша берілген сайыс кезінде актердің қозғалысы әсерлі, батыл бірақ серіктесі үшін қауіпсіз болуы керек. Әрине, оны ойнап шығу үшін актер көптеген жаттығулар орындап, сахна сайысының техникасын меңгереді. Өйткені, бұл сахна сайысы арқылы көрерменді шынайы «өлім» қауіпі бар екендігіне сендіре білу қажет. Сахнаға қорғаныс киімсіз шыққандықтан әрбір актер өз қозғалыс координациясы мен шабуыл жасау техникасын сақтықпен, әрі шынайы жасауды меңгереді. Сахналық сайыс актер үшін ең маңызды актерлік қасиетті – белсенді әрекетке баруды туындатады. Алғашқы сабақтарда қимыл әрекет жаттығулары кезінде студенттің бұлшық еттері құрысып – тырысуы мүмкін. Бұл жағдайда студенттің бұлшық еттері сіресіп, қозғалыс «ағаш» секілденеді, актерге оның денесі, қолдары, аяғы кедергі келтіріп тұрғандай күй кешеді. Бұл, әсіресе, студенттің жүйке толқу және қобалжу жағдайында байқалады[1]. Физикалық көңіл-күй, дененің қалпы, актердің ішкі көңіл-күйіне үлкен әсер етеді.

Сахна сайысы сахналық шапалақ беруден басталады. Бетке шапалақ беру әдісін үйренгеннен кейін қолмен күресу, екі адам, үш адам, бірнеше адаммен күрес этюдтерін өтеді. Әр этюд ақталу керек. Не үшін шапалақ бердің, не үшін күрес туындады? Соңы немен бітеді? Жұдырықтасу этюдтері, қаншар салу этюдтері бірнеше сызба бойынша жасалады. Сайыс түрлі дене бөліктері-

не және әртүрлі әдіспен соққы беру арқылы жасалады. Соққыны белгілеу, құлау, қолды қайыру, кеудеден қапсыра құшақтап соққы беру, аяқпен шалу, жамбасқа лақтыру, шаншу, қорғану, жалтару әдістерін меңгеру үшін арнайы нұсқалармен жаттығу жасап дайындалуды қажет етеді. Суық қару түрлерімен танысып, оларды қауіпсіз қолдану ережелерін меңгереді. Қолына алғаш суық қару алған студент белсендірілген жүйке жүйесін дереу іске қосып күресуге әрекет етеді. Бұл белсенділік сезімі рөлмен жұмыс жасау үшін актерге қажет. Сахналық сайыс қарумен де қарусыз да өтеді. Бір кейіпкер қарумен, екіншісі қарусыз болуы да мүмкін. Сайыс тәсілдері алдын ала сызылған сызба бойынша режиссердің шешіміне сәйкес құрылады. Сахна сайысын меңгеру үшін білімгер:

– сахналық сайыс негіздерін білуі;

– ұсынылатын акробатикалық элементтерді орындауы;

– сахналық күресте қорғанудың негізгі әдістерін игеруі;

– ауқымды және әртүрлі қозғалыс палитрасын игеруі;

– әр түрлі сахналық қозғалыс (трюк) техникасын үйренуі;

– шығармашылық жұмыстарды дайындауда өз бетінше білімі мен білік дағдыларын іске қосып, тақырып бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізуі тиіс.

Суық қарумен жұмыс жүргізу үшін сол қаруларды қолдану тәсілімен қоса, шығу тарихын да білген жөн. Қару түрлері дәуіріне қарай тарихи, отандық пен әлеуметтік жағдайларға қарай анықталды және әлеуметтік қоғамның даму деңгейіне сәйкес болды. Суық қару шабуыл мен қорғаныс құралы болды, антикалық дәуірде ол аң аулау мен күнделікті өмірде қолданылды және зайырлы рәсімнің қажетті нысаны болды. Еуропа, Шығыс, Батыс елдерінің сайыс техникалары және қолданылатын қару түрлері де әртүрлі. Сондықтан, сахналық сайыстың әдістерін меңгерудің алдында кейіпкердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, костюм және сайыс кезінде орындалатын этикет ережелері туралы ақпаратты білуі керек.

Сахна сайысының түрлерін анықтайтын бірнеше көрсеткіштер бар. Олар сайысты орындайтын актер және режиссер үшін де қажет. Шайқас түрін нақты анықтау арқылы, сайысу тәсілдері мен техникасы, таңдау компоненттері іріктеледі. Сахна сайысының көрсеткіштері:

Бірінші көрсеткіш уақытша болып табылады: режиссер шығармадағы сахна сайысы өткен уақытты (кезеңді) дәл анықтауы керек. Өйткені, өткен дәуір және заманауи сайыс үлгісі деп бөлеміз.

Екінші индикатор визуалдық өнер түріне байланысты, сайыс қандай алаңда өтеді: театр, кино немесе үлкен алаңда жасалады.

Үшінші көрсеткіш - жанр. Сіз сайыс сахнасы бар драмалық туындылардың қандай жанрда екендігін дәл білуіңіз керек: комедия, трагедия, оперетта, драма, фарс, сатира немесе балет, опера, цирк, сахналық, музыкалық, т. б.

Төртінші көрсеткіш қару-жарақпен, қару-жарақсыз немесе қандай қаруды қолданасыз сол анықталады.

Бесінші көрсеткіш – күреске, сайысқа (екі қарсылас, бір қарсылас, күрес немесе шайқас тобына) тартылған күштің тәуелділігі.

Алтыншы индикатор - шайқас орны: тар бөлмеде, көшеде, тауларда, суда және т. б, уақыты: күндіз немесе түнде, жаңбырлы...

Жетінші көрсеткіш кейіпкердің жасына және дәуір сипаттамаларына байланысты.

Сегізінші индикатор - стилистикалық режиссердің шешімі және актерлік сипаты, түрі[2].

Сахна сайысын сахна қоғалысының негіздерін өтпеген студенттерге құру өте қиын. Актерлік пластика болмаса және қозғалыс, құлау, күрес техникаларын білмесе студент бойындағы епті-ліктің болмауынан жарақат алуы мүмкін. Мұндай жағдайда серіктестің денесіне ұқыптылықпен шабуыл жасай білуді қадағалау керек. Бұл актердің іс-әрекетін бақылап, серіктесіне зиян келтірмеу жолын қарастыруды міндеттейді. Сонымен қатар, нақты қозғалыс жасап, өзін-өзі бақылауы шарт. Сайыс техникасын меңгеру кезінде әзіл-қалжың мен көңіл көтеругеорын жоқ. Күлкі бақылауды жоғалтып, қажетсіз релаксацияға алып келеді, бұл орындаушылар үшін қауіпті[3]. Қауіпсіз қозғалыс жаттығуларын меңгергеннен кейін, қорғаныс және шабуыл жасау тәсілдерін үйретеді. Сахна сайысының бірнеше тәсілдері бар: қорғану тәсілдері, шабуылдау тәсілі, қарусыздандыру тәсілі, шегіну тәсілі, соққы беру тәсілі, т. б. . Соққылар жоғарыдан, солдан, оңнан, төменнен, орында тұрып, сол аяқпен және оң аяқпен, аттап түсіп, соққыдан тұлғаны ауытқытып және артқа секіріп, оң жаққа және сол жаққа, төменге иіліп қорғану, қарулы және қарусыз қолмен қорғану. Осындай сайыс тәсілдеріне құрылған арнайы сызбалар мен этюдтер бар. Әр нұсқада нақты қимыл-іс әрекеті қойылған. Сайыс техникасын игергеннен кейін, қару түрлері(қылыш, қанжар, сойыл, қамшы, найза, шоқпар) мен плащты(бас киім, мата, лента) қолдану ұсынылады. Сахна сайысы қолданылатын сахналар аз емес. Мысалы: М. Әуезовтің «Еңлік - Кебек» пьесасында Кебек пен Есеннің, Ғ. Мүсіреповтің «Қозы көрпеш – Баян сұлу» пьесасында Қодар мен Қозының, В. Шекспирдің «Гамлет» пьесасында Гамлет пен Лаэрттің, «Ромео мен Джульетта» пьесасында Ромео мен Меркуцио, т. б. Әр сайыс сахнасынаарнайы сызба жасалады. Білімгер әртүрлі бағыттағы шаншу түрлерін мұқият орындау қажет. Бір орнында, алға, артқа, қадам жасау арқылы шаншу түрлері мен арақашықтық (жақын, орта, алыс) координациясын берілген сызбалар бойынша орындайды.

Соққылар: оң жақтан, сол жақтан, айналма, жоғарыдан, бүйірден орындалады. Шабуыл жасау, соққы берумен қатар, сахна сайысында қорғану, жалтару тәсілін де үйретеді. Сахна сайысында жалтару қорғаныс тәсілі болып табылады. Жалтару арқылы қорғану тәсілі тік шаншу шабуылы кезінде және ауыстырып шаншу сәттерінде қолданылады[4]. Актер шеберлігімен қоса актердің пластикалық икемділігі, ұшқыр қиялы жетілу керек. Техникасы неғұрлым жетілген сайын шығармашылық қиялы өрби түседі де, санасында жеке өзі туындатқан кейіпкердің пластикалық сапалы қимылы туындайды. Ол шынайы әрі сенімді түрде орындалады. «Актер әрекетінде әрбір сахналық бояудың әрбір ишара мен екпіннің дәлдігі, сайып келгенде олардың сахналық көркемдік тиянақтылығы қажет», - дейді Б. Захава[5]. Білімгермен жұмыс жасау барысында техникаға баса көңіл аударып, актерге қажетті физикалық және психофизикалық сапаны нығайту керек. Олар: зейінділік, реакция жылдамдығы, иілгіштік, ептілік, ырғақтылық, мүсінділік, сайысты сезіну, серіктеспен қарекеттестікті игеру. Жылдамдықтың, ырғақтың алмасып отыруысеріктестер арасында органикалық процестің туындауына әсер етеді. Епті, алғыр, сөз арқылы әрекетін ақтай алатын актер сахнада өзін де ақтап ала алады. Бұлшық еттің құрысып-тырысуынан бастап, сайыс сахнасының техникасын зерделеп, нұсқа бойынша ұқыпты жұмыс жасау арқылы көп жетістікке жетуге болады. Берілген рөлдің уақыт пен тарихи кезеңіне қарай, жас шамасы мен атақ дәрежесіне қарай, өтілетін орны мен жағдайына қарай сайыс қозғалысын бағдарлауға машықтану аз жұмысты талап етпейді. Сондықтан, актер сахнада бос қозғалмайды. Әрбір қозғалыстың өзіндік мәні бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Иванов И., Шишмарева Е. Воспитание движения актера. Режим доступа: http://artclub. renet. ru/library/ivanov. zip. 25. 09. 2008.

2. Кох И. Э. Основы сценического движения. Л. : Искусство, 1970.

3. Морозова Г. В. «Сценический бой». М., 1975

4. Сейтметов К. М., Актердің мәнерлі, мәнді қимыл-қозғалысы. Шымкент, «Ғасыр-Ш» баспасы, 2006 ж., 328 б.

5. Б. Захава. «Мастерство актера и режиссера», М., «Сов. Россия», 1964 г.

ӘОЖ: 37. 091. 39

КУЛЕТОВА Ұ. А.
аға оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ТІЛ ТЕХНИКАСЫ МЕН СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

Түйін. Бұл мақалада сахна тілі сабағында сөйлеу техникасымен жұмыс жасау әдістемесінің негізгі бағыттары, сөйлеу технологиясының өзара байланысы мен оларды орындау жүйелілігі қарастырылған. Актердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, тілдің орфоэпиялық ережелері, логикалық және психологиялық кідірісті сақтауы және көрермен алдында сөйлеу тәсілдері зерттеледі. Сонымен қатар, сөйлеу шеберлігімен жұмыс жүргізуде тілдік тәсілдерді, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды, орфоэпиялық заңдылықтарды сақтаумен қатар, логикалық сауаттылықты да талап етеді. Сахнада әрбір сөйленген сөз жүйелі, анық, түсінікті болуы тиіс. Тіл мен сөз бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да, актердің шығармашылық тұлғасын кәсіби дайындауда жалпы сөйлеу кезінде және жеке орындауда оның жеке мүмкіндіктерін кеңейтпей жұмыс жүргізу мүмкін емес. Сонымен қатар, болашақ драма актерінің кәсіби сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына бағытталған белсенді оқыту шаралары қысқаша сипатталған.

Түйінді сөздер: актер, сөз, екпін, кідіріс, интонация, мәтін, орфоэпия, сөйлеу мәдениеті, сахна тілі.

Резюме. В этой статье рассмотрены основные направления методики работы над техникой речи на уроках сценическая речь, показана взаимосвязь составляющих техники речи и последовательности их выполнения. Исследуются пути формирования речевых навык актера, орфоэпические нормы языка, удержание логической и психологической паузы и способы исполнения речи перед аудиторией. А также, работа над речевым мастерством требует фонетический подход к использованию языка, морфологических, синтаксических, стилистических явлений, соблюдение орфоэпических норм и логическую грамотность. Каждое слово на сцене должно быть систематичным, ясным, понятным. Язык и слова тесно связаны друг с другом. Поэтому профессиональная подготовка творческой личности актера неосуществима без расширения его индивидуальных возможностей в области речи вообще и произношения в частности. Дано краткое описание реализации опытного обучения, направленного на формирование профессиональной культуры речи будущего драматического актера.

Ключевые слова: актер, речь, ударения, пауза, интонация, текст, орфоэпия, культура речи, сценическая речь.

Summary. In this article the basic directions of work on the technique of speech technology in the classroom stage speech, shows the relationship of speech technology components and the sequence of their execution. Investigate ways of formation of speech skills actor pronouncing rules of language, holding a logical and psychological pause and ways of speech performance before an audience. Also, work on speech skills requires a phonetic approach to the use of language, morphological, syntactic, stylistic effects, compliance with rules and logic orthoepic literacy. Each word in the scene must be systematic, clear, understandable. Language and words are closely related to each other. Therefore, the professional training of the creative personality of the actor is not feasible without the extension of its individual features in the field of speech in general, and in particular pronunciation. A brief description of the implementation of pilot training, aimed at the formation of professional culture of the future speech dramatic actor.

Keywords: Actor, speech, accent, pauses, intonation, text, orthoepy, culture of speech, stage speech

Сөз бен тіл техникасының байланысы сөйлеудің көптеген қырларын түсіну үшін аса маңызды. Қазақ сөз өнеріне аса жетік, сөздің қадір – қасиетіне мән берген халық дейміз. Тіл мен сөйлеу шеберлігінің үйлесімділігі дұрыс пайымдау, ой нақтылығынан туындайды. Сөйлеу барысында логикалық ой қорытындысы сезім мүшелерінің көмегімен құбылып шығарылады. Ойлы, қисынды пікірін көркем де шұрайлы тілмен, сезімталдықпен жеткізе білу өнер, баға жетпес шешендік шеберлік саналған.

Қазіргі қазақ сахнасында әрбір ролдің сөзін көрермен қауымға өз деңгейінде жеткізу үшін, кәсіпқой актерлерге астарын түсінген мәтін сөзі мен күшті әрі айшықты тіл, әдемі үннің бояуы, нық дикция қажет. Тіл мен сөздің бір-бірімен байланысын ғана алмай, олардың сөз қызметі, мәтін, мәтін мазмұнымен өзара байланысын да қарастырған жөн. Драмалық шығарманы көрерменге бейнелі, анық және әсерлі етіп жеткізу үшін, сахна тілінің арнайы жаттығуларымен ұзақ жұмыс істеуге тура келеді. Мәтінді талдап, саралау үшін көптеген иірімдерді талдап өту қажет. Сөз астары, пунктуациялық белгілер, екпін, кідіріс, мәтіннің шарықтау шегі, үн бояуы арқылы мәтіннің сырын түсіне бастайсың. Сахна тілінің басты мақсаты таза тіл, ашық дауысты сөйлеу шеберлігімен үйлестіре отырып, көркем әде-

биеттерді мәнерлеп оқу, кейіпкерге өзіндік сөйлеу мәнерін тудыру.

Сөз – мәтіннің сыртқы көрінісі. Мәтінмен жұмыс барысында негізгі сөздерді анықтап, үзіліс-тер жасап, логикалық талдаудың негізін, пунктуациялық белгілердің не үшін қойылғанын анықтаған жөн. Сонда мәтіннің мазмұнын оңай анықтап, қандай міндеттерді атқару керектігін түсінуге болады. Сахнада бір сөзді жібермей, өз мәнімен сөйлеп, әр қозғалыс-қимылын есеппен дәл пайдалану өте шеберлікті қажет етеді. Сахналық образды толық ашатын негізгі құрал – сөзге өте ұқыпты қарау. Сөздің анықтығы, дауыстың мінсіздігі, тілдің тазалығы актер үшін ең қажетті шарт. Актер ең алдымен, автордың тіл ерекшелігін, көркемдігін нақтылы мағынада, образды қалпында жеткізіп, үстемелеп, қайталап келетін сөйлем орамдарынан туатын интонация күйлерін дәл тауып, аузынан шыққан әрбір сөз ішкі ойды қопара, өзімен бірге ақтара ала шығу керек. Сөз сөйлеу мәнеріндегі талғампаздық пен таптауырындылыққа ұрынбау шарт. Дауыстап, мәтінді мәнерлеп оқудағы маңызды құралдың бірі – «қисынды кідіріс» пен «қисынды екпін». Бұл жерде екпін мен кідірістің түрлеріне көңіл бөліп, оның шарттарымен танысу қажет. Сонымен қатар «Төл сөзбен жұмыс» және мәтінмен жұмыс істеу сөз маржанын саралап айтуға үйретеді. Бір сөз екінші сөзге жарығын түсіріп, ой мен сезімге дәл тиіп жатуы керек. Сахна тілінің ең алғашқы қызметі сөйлеу шеберлігін арттыру, атап айтқанда: дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызшы сөйлеудегі логикалық-интонациялық заңдылықтарды сақтау [1]. Әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсіл – интонация. Профессор Г. Әзімжанова: «Интонация мәтінде де үлкен рөл атқарады: Әр түрлі стиль мен жанр түрлерін әр түрлі ыңғайда безендіреді, мәтінді әр түрлі мағыналық бөлшектерге бөледі, тыңдаушыға эмоционалды – эстетикалық әсер ете алады, фразааралық байланысты қамтамасыз етеді» деп пайымдаған [2]. Әңгімені бірден жаттап алмай, оны бірнеше бөлікке бөлу керек. Әрбір сөздің анықтығын, сөйлемнің мақсатын, ойын тиянақтап жинақтап, интонациясын дәл табуына әкеледі.

Ізденуші актер әр сөз бен сөйлем мағынасындағы ұлан-ғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылу мен құлпыруды дәл аңғара білуі қажет. Сахнадан оқылатын шығарма, ол мейлі өлең болсын, қара сөз болсын, мәтінмен нақты, толық жұмыс істелуі қажет. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында орфоэпиялық және логикалық сауаттылықты талап етеді. Мәтіннің ішкі сыртқы қырларын жетік меңгерген актер ондағы дыбыстарды ойнату арқылы бейне жасап, әрі төгіліп тұрған сөз сазынан тыңдаушыға әдемі де, әсерлі ой қалдырады.

Білімгерлердің ой ұшқырлығын, тіл шеберлігін, ішкі ой астары мен көркемдігін қалыптастыруда сахна тілі көп әсерін тигізеді. Әріптен бастап, анық сөзге, мағыналы сөйлемге, мәнерлі мәтін мен көркем бейнеге дейін жетелейді. Ендеше, сөз құдіреті қазақ халқы үшін бағасы шексіз қазына. Сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, ақыл-ой парасаты қалыптаспайды. Яғни, дұрыс сөйлей білу дегеніміз – дұрыс ойлай білу. «Жүйелі сөз жүйесін табар» - деп, дұрыс ойлап, дұрыс сөйлей білудің үлкен өнер екенін ұрпақ зердесін ұялатуда үлкен мән жатыр[3]. Болашақ актер қай кезде, кімге, қалай сөйлеу керектігін және сөз астарының салмағы қандай екендігін сезінуі шарт. Яғни, сөз астарының қатпары қалың. «Әрбір әдемі ой, әдемі айтылады, қалай айтуды ойламаңдар, не айтуды ойлаңдар» - дейді Гете. Сөздің жаман, жақсысы жоқ, бірақ қажеттісін саралай білу керек. Кейде, «көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады»- деген Абайдың сөздері кері ұғым береді. Өйткені, дайындықты қажет етпеген сөз – бос сөз. Іштей пісіп жетілген, зерттелген, толыққанды түсінген сөздеріңді сеніктесіңе айтып, оны қабылдау, сенің өткізе білу процесің шыңдалмаса, сөз ойналмайды. «Қазақ халқының тілі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен нақыл сөздер халық тілінде көркемдеп бейнелеуші, өрнектеп мәнерлеуші тәсілдер де сонда. . »[4], -деп белгілі ғалым М. С. Серғалиев дөп басып айтқан. Сөзді әдемі жаза білу бар да, сауатты сөйлеу және халыққа оны мән-мағыналы етіп жеткізу бар. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі әріптердің айтылуына зейін қоюмен қатар, айтылу кезінде өзгеріске ұшырайтын кейбір заңдылықтарға мән беру керек және білімгердің ақыл қоржынында керек кезінде пайдалана алатындай сөз қоры мол болуы қажет. Сондықтан оқу процесінің алғашқы жылдарында көркем сөзбен жұмыс жүргізу кеңінен қойылған.

Тілмен жұмыс жасау барысында әрбір сөздің қажеттілігі мен ойландыратыны актерден мәтінге үңіле қарауын талап етеді. Тіл мен сөз бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен бір ұғымды білдірмейді. Тіл – қолданысқа дайын материал, ол сөйлеу барысында дамиды. Тіл мәдениетіне тән нормалар білімгерлердің таза, нақты, әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды. Сонымен қатар, олардың мәнерлеп оқуын, сондай-ақ өз ойларын логикалық тұрғыдан байланыстыра, жүйелі айту дағдыларын қалыптастыруға тиіс. Актер оқиғаны тыңдаушысына жеткізуде әңгімелеуші сюжет арқылы емес, өзінің анық тілі мен зерттелген сөзбен жеткізіп түсіндіреді. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысын меңгеру керек[5].

Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу тіл

мәдениетінің басты талаптары болып табылады. А. Жапбаров тіл мәдениетінің жоғары болуына мынадай талаптар кояды:

– сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы;

– сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы;

– сөздердің қажет еткенде бейнелі, көркем, эмоциялы болуы;

– сөздердің тыңдаушы немесе ортаның қажеттілігіне сай болуы. [6]

Сөз – актер үшін тек үн емес, бейнені тудырушы. Сондықтан мәтінмен жұмыс жасаудың екінші міндеті – пунктуациялық талдау. Демек, тыныс белгілерімен жұмыс жүргізу. Тыныс белгілері автордың сол кездегі көңіл күйін, айтайын деген астарлы ойын жеткізеді. Тыныс белгілерінің шарттары мен атқаратын қызметін толық білу шарт. Мәтінді талдау тәсілінің басты мақсаты сөз астарын ашу. Актер үшін басты міндет, біріншіден, сөз астарын ашу, екіншіден сөзді түсіну арқылы өзінің сахналық тәртібі бойынша интонация, қозғалыс қимылын, мимика, сөз, сахналық әрекеті арқылы сыртқы кескінін шығару. Сахнада бір сөзді жібермей, өз мәнімен сөйлеп, әр қозғалыс – қимылын есеппен дәл пайдалану өте шеберлікті керек етеді.

Актер мәтіннің астарында жасырынып жатқан құнды сөздің қартпарлы қалыңдығын, мағыналы ойын, көңіл-күйін анықтауы керек. Сөзді мәнерлеп оқып қана қоймай, оны көріп, ойланып, бағалап, жоғары талабын түсіну қажет. Әр сөздің тура мағынасымен қатар бұрма мағынасын да еппен, ұқыппен ұтымды пайдалану шығарманың ішкі-тысқы ажарына ажар қосары даусыз. Материалмен жұмыс барысында студент автордың ойымен тығыз байланыста болады. Монологтағы, диалогтағы, әңгімедегі, рөлдегі төл және төлеу сөздегі тура әрекеттің ортақтығын сезінуге көмектеседі. Логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғанын контекстегі сөз ыңғайына қарай анықталады.

Актердің басты мақсаты – тіл техникасының мақсатын ашу, ойналып жатқан образды тіл техникасы арқылы сомдау болып табылады. Осы арқылы мәтінді бөлшек-бөлшекке бөліп талдап, түсініп, берілген бөлшектің басты ойы, мақсаты, қандай, соған бағынып тұр ма, әлде, басқа қарекетті талап ете ме, негізі ойдың астары ашылды ма, әрбір сөз –өзінің салмағымен өлшенді ме? Логикалық ойлаудың арқасында актер әрекет арқылы сезімге жетеді. Нақтыланған көңіл-күйге қарай кейіпкердің өзіне ғана тән сөз мәнері ашылады. Әріптердің айтылуы кезінде дауыс бірде күшейеді, бірде бәсеңдейді. Сөздегі әрбір әріп дыбысталғанда құбылып тұрады. Дауыс ырғағы, екпіні өзгеріп отырады. Шығарма тіркесіндегі әрбір сөйлем белгілі бір ойды хабарлап, сұрау мағынасында немесе сан алуан көңіл күй құбылысын білдіріп тұрады. Сол себепті айтылған сөйлемдегі ойдың мазмұн мағынасына қарай сөйлемдегі бір сөзге мағыналық, яғни логикалық екпін түседі. Ол басқа сөздерге қарағанда сәл ерекшелеу оқылып тыңдаушы назарына сол сөздегі дауыс сазы арқылы аңғартады. Сондықтан театр өнерінің, әсіресе, оның сахналық тілінің, бейнелеу құралдарының өзгеріп, жаңғырып отыруы, негізінен уақыт талабынан туады»[7]. Бір-бірімен үндесіп, қиылысып жатқан сөздердің мағынасы мен астарын, көңіл-күйі мен ырғағын, көркемділігі мен шырқау шегін дәл анықтау үшін мәтінмен жұмыс жасау маңызды.

Ой толғамымызды қорытындылай келгенде айтатынымыз, сахнада сөйленген әрбір әріп, әрбір сөз өз орнымен, өз заңдылығымен қолданылып, айқындалған мақсат пен астарлы ойдың негізінде сахналық тілдің құндылығын үйлестіру. Сахна тілінде студенттердің мақсаты көркем әдебиеттерді мәнерлеп оқу және кешенді талдау, сахналық тәжірибе жинақтау болса, ал оқытушы студенттердің сөйлеу барысындағы қателерін естіп, дұрыс бағыт беріп отыру[8]. Драматургиялық шығарманы немесе көркем сөз туындыларын толыққанды шеберлігімен көрерменге жеткізу үшін сөз өнері мен тіл техникасының сан қырын ұштап, сахнада байланыстыра білу үлкен өнер.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сценическая речь: Учебник/ под ред. И. П. Козляниновой и И. Ю. Промптовой. 3-е изд. М. : Изд-во «ГИТИС» 2002. Стр. 9.

2. Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. -Алматы, 2006. - 324 б.

3. С. С. Байсарина. ХҚТУ, «Хабаршы» журналы №1, 2007 ж. 234-35 б.

4. Серғалиев М. С. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1994. 58 б.

5. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері. - Алматы: Қазақстан, 1965. - 17 б.

6. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 1991. - 139 б.

7. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. – Алматы: Өнер, 1981. – 38 б.

8. Бруссер А. М. Сценическая речь. Методические рекомендации и практические задания для начинающих педагогов театральных вузов. - М. : ВЦХТ («Я вхожу в мир искусств»), 2008, 96 с.

УДК 78. 075

МУСАЕВ Ж. Е.
оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XIX-XXI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖЫРШЫЛЫҚ-ЖЫРАУЛЫҚ, АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Түйін. Бұл мақалада жыраудың барлық дәстүрі қарастырылады, онда ертедегі және келесі ұрпақтардың арасында сабақтастық байланыс болған. Қазіргі еңбектер жырдың ауызша бөлігіне, туындыларды салыстырмалы талдауға арналған бір жақты сипаттағы зерттеулермен жүктелген. 19-20 ғасырларда жыраулардың өлеңдерінде жыраудың дәстүрінің үздіксіздігі көрсетіледі.

Түйінді сөздер: эпикалық мектеп, рухани сабақтастық, жыраулық үрдіс.

Резюме. В этой статье рассматриваются все традиции жырау, где между сказителями, поэтами древности и следующих поколений была преемственная связь. Современные труды перегружены исследованиями одностороннего характера, посвященными словесной части жыра, сравнительному анализу произведений. В 19-20 веках в стихах поэтов через поиск элементов жыра показывается непрерывность традиции жырау.

Ключевые слова: эпические школы, духовная преемственность, традиция.

Summary. This article examines all the traditions of Zhyrau, where there was a continuity between storytellers, poets of ancient times and the next generations. Modern works are overloaded with one-sided research devoted to the verbal part of Zhyr, comparative analysis of works. In the 19th and 20th centuries, the continuity of the Zhyrau tradition is shown in the poems of poets through the search for elements of zhyra.

Keywords: epic, schools, spiritual continuity, tradition.

КІРІСПЕ

Зерттеуіміздің тақырыбы «Қазақстан аймағының эпикалық дәстүрі: Жыр өнері негізінде» болғандықтан эпикалық дәстүр деген не деген сұраққа қысқаша тоқтала өтуді жөн көріп отырмыз. Эпикалық дәстүр – жалпы әдебиет жанрындағы әдеби шығармалардың жеке түрі, көркем әдебиетінің саласы. Көркем әдебиет саласының өзі сан тармақты, әр салалы болғандықтан біз шығарманың құрылыс қалпы мен мағыналық сиымдылығына, көркемдік сипат белгілеріне емес, шығарманың тегіне қарай қалыптасқан бітімтұлғасына, өмірді бейнелеу өзгешелігіне қарай ажыратамыз. Мұндай бөлудің нәтижесінде жанр ұғымы қалыптасады. Әдеби жанрдың негізгі үш бөлігі бар: 1. Эпос; 2. Лирика; 3. Драма.

Эпос (epos) деген сөзді грекшеден аударғанда мағынасы – баяндау, әңгімелесу, тарихтан сыр шерту. Бұл көркем әдебиет саласының ең көне түрлерінің бірі. Эпоста өмір шындығы барынша терең ашылып, адамға мінездеме беруде де неғұрлым бояуы қанық болады. Кейіпкерлерін жан-жақты зерттеп, әр қырын ашуға тырысатын күрделі жанр.

Эпостың лирика мен драмадан айырмашылығы мұнда шындық кең көлемдегі баяндау, әңгімелеу арқылы болады. Сонда эпикалық шығармалардағы авторлық суреттеу мен кейіпкерлердің диалог-монологтары әшейін эпостық баяндауды жеткізу жолындағы амалдар мен тәсілдер ғана болып қалады. Атақты Белинскийдің пікіріне сүйенсек, эпикалық дәстүрдің ерекшелігі – эпостағы басты оқиға.

Эпикалық шығармалар үш түрге бөлінеді:

1. Шағын көлемді эпикалық шығармалар.
2. Орта көлемді эпикалық шығармалар.
3. Кең көлемді эпикалық шығармалар.

Шағын көлемді эпикалық шығармаға мысал, әңгіме, ертегі, аңыз жатады. Ал, поэма, повесть, дастандар – орта көлемді шығармалар, роман, эпопея – үлкен көлемді эпикалық дәстүр болып есептеледі. Осы аталғандардың ішіндегі көнелері Оңтүстік Қазақстан аймағында көптеп кездеседі.

Оңтүстік Қазақстан Орта Азия жеріндегі эпикалық дәстүрдің кең тараған мекені. Ол туралы ғалымдар өздерінің еңбектерінде: «Шымкент облысы Қаратау бөктері, Қазығұрт, Түркістан, Сарысу жағалауы эпикалық жанрдың өсіп-өркендеген аймағы», – деген пікірді жиі айтады. Оңтүстік жыршылары көрші жатқан өзбек, қарақалпақ елдерінің өнерпаздарымен тәжірибе алмасып, шығармашылықтарының дамуына септігін тигізіп отырған. Бұған бір ғана мысал Майлықожа ақынның жас күніндегі Өзбекстан жеріне барып өзбек халқының 95 жасқа келген атақты шайырымен сөз қағыстыруы. Осы өңірде мұндай мысалдар жетіп артылады. Тағы да бір айта кетерлігі, осы оңтүстік аймақтан шыққан Майлықожа, Мәделіқожа сынды тұлғалардың шығармашылығына тереңірек үңілер болсақ, Шығыс әдебиетіндегі ірі

көлемдегі поэмалардың ақындар шығармашылығына арқау болып қисса-дастандарға, жырларға айналып қазақ жеріне кеңінен тарағанына куәгер боламыз. Әрі осы Шығыс классиктерінің поэмаларының сюжеті қазіргі біздің Еуропалық ой-толғамдарға қарап бой түзеп жүргеніміздей ол уақыттарда да қазақ ақын-жыршыларының өз қолтаңбасын қалыптастыруына ықпал ететін шығармашылықтағы басты бағдар, идеал тұтқан «қалып» (стандарт) болмады ма екен деген ойға келеміз. Жалпы Оңтүстік аймағының эпик жыршылары ертеректе батырлық жырлары мен ғашықтық дастандарын көптеп жырлаған. Осы жерде айта кететін тағы бір дүние, Оңтүстік аймағындағы Қаратау өңірінің ақын-жыршыларының ішінде Майлықожа тұлғасының ерекше сомдалып шыққандығын және де шығармаларының халық жадында мәңгіге қалғандығын көреміз. Бұл неге бұлай болды? Майлықожаның ғана шығармашылығы ел жадынан мықтап орын алуының сыры неде? – деген сұрақтардың уақыт өте келе туындауы заңды. Зерттеу барысында осы сұрақ бізді де мазалады. Барлығын бағдарлап, бағамдай келе мәселе жырланған тақырыптарда екендігіне көз жетіздік. Себебі Мәделі қожа, Майлы қожалар жас ерекшеліктері болғанмен бір заманның адамдары. Мәделіқожа қатысқан соғысқа Майлықожаның да қатысқанын ғалымдар жиі айтып жүр. Екеуі де Қоқан билігінің шапқыншылығына қарсы сөз саптаған. Ал бұл батырлық, ерлік сияқты тақырыптар шығармашылықта тарихи тізбекке кіреді. Әрі белгілі бір кезеңге тиесілі екендігін де ескереміз. Майлықожа жырлаған адамгершілік қасиеттер сенім, білім, өмірге құштарлық кез-келген ғасырда, кез-келген заманда, соғыс уақытысында да, бейбіт күнде де актуальды. Осы тақырыптағы Майлықожаның болмаса басқа жыршылардың жырларын алып, адамның жан қалауын танудағы XXI ғасырдың техникасы дамыған, ғылымы өркендеген заманына әкеп салып жіберсеңіз де жігі білінбей жымдаса кетеді.

Жоғарыда аталғандардың барлығы қалай дамып, қалай келді деген мәселені қозғай кететін болсақ, бұның бастамасы сонау Ұлы Жібек жолы арқылы мәдениеттер алмасып жатқан уақытқа барып тіреледі. Сол кезеңдегі сауда керуендері арқылы неше түрлі дін мен ілімнің сан алуаны таралып жатқанда керуен жолында тұрған Оңтүстік аймағы ілім мен білімнің, әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің ошағы болып қалыптасты. Сауда керуені арқылы келіп жеткен ислам діні өркениеттің бастамасы еді. Басында махаббат, лирика, табиғат, жануарлар әлемі тақырыбына жыр толғаған өнерпаздар осы уақыттардан бастап адамгершілік, адалдық, қайырымдылық, жақсылық атаулы заман өзгерсе де өзгермейтін, өміршеңдік идеяны негізгі бағыт қылып алып, рухани өзегі қылып бекітуге тырысты. Осы кезде Оңтүстік аймақта Әлішер Науаи, Әбілхасан Рудаки, Ахмет Иүгінеки, Софы Аллаяр, Ахмет Яссауи сынды тұлғалар қалың бұқара арасынан суырылып шығып әдебиет әлемінде өзіндік өрнек, өзіндік дәстүр қалыптастырды. Әдебиет алыптары қасиетті құран ішіндегі қанша ғасыр өтсе де мұқалмайтын, тозбайтын, тоқырамайтын, хикметі таусылып қалмайтын болат өзегі – мәңгілік өміршеңдік идеясын ала білді. Соның себебінен, бұл аймақ ақын-жыраулардан, жыршылардан кенде болған жоқ. Терең ілімнен нәр алған, жаңбырдан кейінгі қаулап өскен көктей көп өнерпаздар арасында саусақпен санарлығы ғана осы өміршеңдік идеясына жалғанып, шығармашылығын осы бағыттан ауытқытпай, дүниенің өткінші кезеңіне уақыт ысырап етпей, мәңгілікке жалғанып, өміршеңдікті насихаттады. Біздің бұл жерде «мәңгілік» деп отырғанымыз ислам әлеміндегі молда, діндарлардың айтатын өлімнен кейінгі өмірі емес. Шәкәрім Құдайбердіұлы айтпақшы, осы мәселеде «бұл ән бұрынғы әннен өзгерек». Оңтүстік аймақтың рухани қазыналарымен таныса келе түйгеніміз, мәңгілік идеясы дегеніміз белгілі бір аймаққа, белгілі бір территорияға, белгілі бір уақытқа, кезеңге ғана тиесіліғана тиесілі тақырыппен шектеліп қалмай, керісінше, барлық аймақты, барлық территорияны, барлық уақытты қамтитын, жалпы адамзатқа ортақ құндылық өндіріп шығарғанда ғана өнерлі жан ғана халықтың құрметтеп берген «өнерпаз» атауын ақтай алады. Осы тұрғысынан Оңтүстік аймағы мәңгілік идеяларды насихаттайтын тұлғаларды көптеп шығарғандығымен ерекшеленді. Бұл ерекшелік бүгінгі таңда ғылымның қызығушылығын тудырып, сіз бен біздің қолымызға қалам алғызып, эпикалық дәстүрімізді қайта бір жаңғыртып қарап шығуға себепкер болып отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жыршылық-жыраулық дәстүр – өте ертеден келе жатқан саз бен сөздің үйлесім тапқан жанрларының бірі. Жыршы-жыраулар туралы сөз қозғағанда ең бірінші қазақ мәдениетінің қалыптасуына үңілетініміз заңдылық. Қазақ мәдениетінің бастауы әрине ол – ауыз әдебиеті немесе халық шығармашылығы. Бұл атау бізге қалай келді? Соған қысқаша тоқтала кетейік.

Ауыз әдебиеті қазақ даласында ескі жазусызулар жойылып (руна жазулары), мәдениеттер алмасып жатқан уақытта қалыптасты. Сол кезеңдерде айтылған нәрлі пайымдар мен таңдайға татымды тұжырымдар тыңдаушысының жадында сақталып қалып, кейін уақыт өте келе ауыздан-ауызға жеткен соң авторының кім екендігі ұмытылып кеткен. Осы құнды сөздердің авторы халық деп танылып, оған біз «халық ауыз әдебиеті» деп ат қойып, айдар тақтық. Бірақ, ең алғашында сол халық ауызындағы мәтелге айналған сөз, болмаса туынды, қандай да бір ойы жүйрік, тілі шешен, сұңғыла адамның ауызынан шыққандығы анық.

Осы күнге дейінгі бірнеше ғалымдардың пайымдарын оқып отырсақ, жыраулықты жыршы-

лықтан жоғары қойып, жыршылар жыраулардың маңайында ғана жүрген, дайын нәрсені ғана орындаған деген немесе жыршылық-жыраулықтан бірінші болған, жыршы-жыраудан да көне өнер тізгінін ұстаушысы сияқты тұжырымға тіс-тей қатып, тастай бекіген біржақты пікірлерге де кездестік. Оқығандарымызды саралай отырып, төменде ішінен біраз мәліметтер келтіре кетеміз. Бұл мәліметтің жаңағы айтып өткен дауға ешбір қатысы жоқ. Тек, оқырман назарына қысқаша түсінік ұсынып, мағынасын жалпылама түрде ашықтай кету. Ал, дауға келетін болсақ, «өспес елдің баласы өнбес дауды қуады» демекші, есте жоқ ескі заманнан дерек аз қалғандықтан ол жағы бұлыңғырлау. Сондықтан, жұмысымызды әрмен қарай алға бастыра береміз. Аракідік кездесетін тас бетіндегі жазулар мен ескерткіштер болмаса, ежелгімізді қазуға дәлел аз. Тіпті, зерттедік дегеніміздің өзі алып теңіз бетінде қалқып жүрген қайықтың көрінісіндей ғана.

Сіз бен біз заманында жыршылардың өзінің түрлі-түрлі болғанын, ақындығы бары да, жоғы да, үлкен-үлкен, том-том кітаптардағы эпостарды жырлап ел есінде қалғандарын да жақсы білеміз. Ендеше басы артық дүниені жиыстырып қойып, осы күнге дейін жеткен қолда бар алтындай мұраларымызды ұқсатқанымыздың өзі теріс болмас.

Жыршылар жыраулармен қатар өмір сүрді. Жыршылар халықтың ауыз әдебиеті мұрасын есінде сақтап, жеткізуші. Жыршы сонымен қатар бірнеше өнерді бір бойына тоғыстырған әмбебап. Оның бойынан кейде ақындық, жаттап жыр айту, құймақұлақтық қасиеттері қатар табылатын. Барған жерінде жыршы бірінші кіріспе өлең айтып біраз отырып, бабы келген кезде ғана тыңдаушылардың талғамымен таңдалған жырды бастайтын. Өз жанынан шығармай-ақ кітаптан, қолжазбалардан үйренген жырларды айтса да жыршы беделіне ешқандай нұқсан келмеген. Себебі, құймақұлақтық, зеректік екінің біріне беріле бермейтін ерекше қасиет еді. Арасында жырдың негізгі қаңқасын ғана алып қалып, сюжеттерді өз ойынан дамытып беретін жыршылар да болды. Көне замандардың даналық сөздерін жеткізуде, саф алтынның сынығындай нақылдарды одан арыштырата түсуде, халық қазынасын әсем жырларымен толықтыруда, эпостардың танымдық мәртебесін көтеруде жыршылардың еңбегі аз болған жоқ. Жыршылық дәстүр қазақ жерінің қай өңірінде болмасын кеңінен таралды.

Жыршылықпен біте қайнасып қалыптасқан дәстүр – жыраулық.

Ауыз әдебиетінің қайнарынан қанып ішкен өнерпаздардың тұлғалық қасиеттері сомдалып, әрқайсысы өз алдына ерекшелік қалыптастырып (импровизаторлық) таныла бастады. Бұл шамамен XV ғасырдан басталады. Сөзімізге дәлел ретінде , профессор Х. Сүйіншіәлиев жасаған зерттеулердің нәтежиесінен аз-кем үзінді келтіре кетеміз. Белгілі ғалым жоғарыда айтылған ойымызды қуаттай түседі:

«Біздіңше XV – XVI ғасырлардан бастап қазақтың өзіндік төл әдебиетінің іргесі қаланып, әдеби тіл қалыптасады. Осы кезден бастап, әдебиет тарихында қазақ авторлары жеке жыраулары мен ақындарының есімдері белгілі болды. Дара ақындық шығарма бой көрсетеді. Бұдан кейінгі әдеби процесс үзілмей жалғасып, бірте-бірте шыңдалып, ілгерілей береді» [1, 14 б.].

Ғалым пікірінен түйетін ой, қазақ әдебиетінің мол мұралары XV ғасырға дейін ауыз әдебиеті үлгісінде сақталып жеткен. Көбісі жазбаға түспегендіктен ел жадынан өшіп кетті. Одан кейінгі кеңес заманының осы жыр өнеріне салқыны тиюі де айтулы себеп болды. Неге десек, жыршы-жыраулардың шығармашылығы халық рухын көтеретін жалынды сөздермен, діни астармен өрнектеліп, өріліп отырады. Қазақ халқына құдайсыздық саясатын ендірген кеңес үкіметіне діни астардағы жырлар, қисса-дастандар ұнай қоймады. Себебі, осы құндылықтар арқылы халық санасы зорлап таңылатын саяси астардағы ұғымдардан азат болып, жалған дүниені қабылдамайтын сергектікке ие еді. Ал, ондай еркіндікті көксеп тұратын сана түбі бір қоғамда сілкініс тудырмай, бостандық үшін күреспей, бодандық қамытынан босамай қоймайтындығы белгілі. Сондықтан, кеңестік үкімет тарапынан жыр, қисса-дастандар іріктеліп алынып, көбіне түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Осы кезде көптеген құндылықтар жоғалып, не бұрмаланып кетті...

Кейінгі авторлары белгілі туындылар ғалымдарымыздың тұжырымы бойынша осы XV ғасырдан бері қарайғы бір тізбектің бойына топтастырылады. Бұл қазақ әдебиетіндегі жыраулар кезеңі. Шығарған туындылары халық жадында жатталып, ел есінде сақталып қалған, ел қамын жеп жаугершілік заманда етігімен су кешіп, жарғақ құлағы жастыққа тимей халықты бейбіт заманға жеткізуді аңсап, керек жерінде хандарға ақыл-кеңес беріп, халықтық идеяны бір арнаға тоғыстырып жүрген тұлғалар қалың бұқара арасында ерекше құрметке бөленіп, «жырау» деген қастерлі атауға ие болды. Бұл тұлғалар жалынды жырларымен халықтың рухани қажеттілігін өтеумен қатар, қазақ музыкалық-поэзиясының іргетасын қалады. Жыраулар көбінесе елдің түйінді бір мәселесі тұйыққа келіп тірелгенде бағыт-бағдар беретін Темірқазық жұлдызы еді. Билік иелерінің қасында жүріп, халықтың арыз-арманын жеткізіп, ақыл-кеңес беру арқылы халық атынан сөйлеп, хан мен бұқараның арасындағы дәнекерлік қызметті атқарды. Сонымен қатар жырау – жырлар мен толғауларды шығарып айтушы. Жыраулар туралы айтқан мәліметімізді осы ұғымдарды алғашқылардың бірі болып зерттеген – Құрбанғали Халидтың пікірімен толықтыра кетеміз.

«Жырау дегеніміз – ол өлеңшілердей емес, өз жанынан шығарып айтатын дарын қасиеті

бар адам, ал жырдың қисынға құралған (қиыннан қиысқан) үш сөзден тұратын ақыл, нақыл, өсиет сөздері басым» [2, 107 б.].

Осы тұрғысында бүкіл жыраулар жырларын жинақтап, оны кітап етіп бастырып шығаруға мұрындық болған жазушы Мұхтар Мағауин былай дейді:

«XV – XVIII ғасырлар әдебиетінде негізгі жүкті көтерген – жыраулар болды. Жыраулардың ең сүйікті жанры – толғау еді. Толғауларда жырау өзінің өмір, болмыс жайлы ойларын, замана жайлы түйгендерін айтады, белгілі оқиғаларға көзқарасын білдіреді» [3, 148 б.].

Жыраулар шығармашылығының тақырыбы көбінесе ел жайы, жер жайы, халық тағдыры болып келеді. Олар өздері өмір сүрген дәуірді жырлау арқылы сол заманның проблемаларын ашып көрсетеді. Бұл тарихы мен өткенін көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан, жеті атасын шежіремен тарқата сөз саптайтын қазақ халқы үшін өте бағалы құндылық. Жыраулар жырында адамгершілік тұрғысы да көптеп сөз етіледі. Жақсылық пен жамандықтың айырмасы, ұрпақ болашағы, ұлт болашағы жайлы болжамды толғаулары қазіргі таңда да актуальді. Жыраулардың терме-толғауларындағы сөз ерекшеліктеріне қарай отырып, біз сол жырды үлкен парасатпайым иесі шығарғанын байқаймыз. Жырлары еркін ұйқасқа құралады. Толғаулардың барлығы көбіне адамның қабылдауына оңай, жаттап алуға қолайлы. Мақал-мәтел, нақылдарды қосу арқылы сөз құнарлылығын арттырып, естіген адамды еліттіріп тұрады. Көне жырлардың сазы осы күнге жеткен жоқ. Жетсе де, оның өзі бертініректегі жыршы-жыраулардың мақамдары. Жыраулық дәстүр сонау көне ғасырлардан бастап үзілмей келе жатқан желі, бір-бірімен етене жақын байланысып жатқан дәстүр сабақтастығының бейнесін көз алдыңызға елестетеді. «Айтса ғалым қандай зат, дәлелсіз болса бәрі ағат» демекші, алдыңғы сөзіміздің де дәйегі ретінде белгілі жазушы, тарихшы Мұхтар Мағауин ағамыздың мына бір пікірін кірістіре кеткіміз келеді:

«Ержүрек қолбасы Күлтегіннің, білікті мемлекет қайраткерлері Тоңүкүктің құлыптасына қашалған жазулардағы көптеген көркем бейнелер, қанатты сөздер, ұтқыр тіркестер қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылады» [4, 5 б.].

Осы пікірдің өзі сабақтастық тұрғысындағы, жыраулар шығармашылығының басы мен жалғасын анықтап беріп тұрғандай. Ал, енді жыраулардан ары қарай осы өнерді кім жалғады, оның басты айырмашылығы неде дейтін заңды сұрақ туады. Жыраулардан соң олардың ізін басып, өнер сахнасына ақындар келді. Тіпті, жыраулармен қатар өмір сүрген, одан бұрынырақ та өмір сүрген ақындар болды. Біз бұл жерде жыраулардан кейін келді дегенде, көктемгі жауыннан кейін қаулап өсетін көктей болып топталып, өнерпаздардың көптеп шығуын айтып отырмыз.

Ақындар жыршылар мен жыраулардан қалған үрдісті әрі қарай дамытып, жетілдіре түсті. Бұл туралы С. Қазыбайұлы былай дейді:

«Ақын – халық алдында суырып салмалық дарынымен өлең шығарып айтатын немесе айтысқа түсетін танымал болған өнер иесі, жыраудың жетілген түрі. Біз «ақын» деген қазақ тілінің өз сөзі дегенге саятын академик Әуезов Мұхтардың пікірін, яғни ақын «ағын» деген сөздің негізінде жасалған деп танимыз. Оның өзін ақын сөзінің ақпа-төкпе, ағылу, ағын, ағыс деген әр алуан қимыл, әрекет процесін беретін ұғымдарға жақын екендігінен де табамыз.

Ақындардың тақырыбы әр алуан. Ақын өмірдің түрліше әлеуметтік-саяси ахуалына қарай кең түрде жырлайды. Орындау процесінде музыка құралын қолданып, әндетіп, әсерлі әуенге салып төгілте толғайды. Бұл дәстүр әлі де жалғасын үзген жоқ. Дегенмен жазу-сызу мәдениеті қалыптасқан кезеңде ақындардың жазушы түрі де өмірге келді. Олар өлеңді жазып шығарады. Халық бұрынғы ағыл-тегіл ақпа ақындарға үйреніп қалғандықтан, өлеңді жазып шығарып, сол жазғанын көпшілік алдында оқып беретін «білікті» ақындарды мысқылдап «күшеншек ақын» деп күлкі ететін еді» [5, 19 б.].

Ақын қолына домбырасын алып толғағанда оның тілінің шешендігі мен ойының ұшқырлығы, тапқырлығы ғана емес, өзін қолпаштап, қолдаған халықтың жағдайын тілге тиек етудегі шыншылдық қасиеті елдің ыстық ықыласына бөлейтін. Ақынның негізгі кәсібі – өз жанынан суырып салып өлең шығару. Олар белгілі жиын-тойларда, астарда ел алдына шығып сөз сайыстыратын. Қарама-қарсы шыққан ауылдың, рудың ақынының жеке басының, руының, сол рудың байларының кемшіліктерін өлеңге қосып, ел алдында масқарасын шығаруға ұмтылатын. Қарсыласы да аянып қалмайды. Қапысын тауып ол да кемшілік тере отырып, қарсы бетті сөзбен тұқыртқысы келеді. Бұл арқылы ақындар замана келбетін жырлап, сол кездегі қоғамның нақты картинасын бере алды деп айтуға әбден болады. Кейіннен осы өнер «айтыс» деген атау алып, халық қызыға тамашалайтын ойын түрлерінің біріне айналды. Ақындарды сол кездердің шағын жиындарынан, шілдехана, бесік тойларынан жиі кездестіруге болатын еді. Ал, жыраулар мұндай дүниелерге араласқан жоқ. Олар үлкен-үлкен елдік, қауымдық мәселелерді жырлап, одан басқа тақырыптарды өзіне ар санады. Ал, ақындар осы жыраулар жырлауға арланған ел ішіндегі «ұсақ-түйек» мәселелерді өздерінің өлеңдерімен бейнелей отырып, ел арасында лирикалық шығармалардың туындауына да түрткі болды. Ақындармен келген осы құбылыс халық шығармашылығының өркендеуіне әсер етті. Бірақ, бұл ақындардың барлығы ұсақталып кетті деген де сөз емес. Жырларынан жыраулық қалып аңғарылып тұратын ақындар аз болған жоқ. Бұлардың кейбірі үлкен деңгейде

толғағанымен замана ағымы өзгерді. Қапталдан қосылған орыс мәдениеті ақын, жыршы атаулыға деген сұранысты бәсеңдетті. Өйткені жазба мәдениеті келіп кірігіп, ауыз әдебиетіне оң әсерін де, теріс әсерін де қатар тигізді. Соның ішінде зияны – эпикалық дәстүр тоқырауға ұшырай бастады. Пайдасы – ақындар шығармашылығы ары қарай қарыштап дамып әрі тайға таңба басылғандай қылып жазба мәдениетінде өзіндік орынын қалыптастыруына жаңа бір мүмкіндік алды.

Ақындардың деңгейін анықтайтын тағы бір қыры ол – жыршылар ауызында жүрген жырларды, халықтың көне әдебиетін (ертегі, мақал, тақпақ, батырлар жыры, әдет-ғұрып, салт-дәстүр жырлары, айтыстар т. б) жақсы білу болатын. Бұл аталғандардың барлығы ақынның ойлау деңгейі мен білімділігін көрсететін дүниелер еді. Мысалға: «Қобыланды батыр» жырын сақтаған – Марабай ақын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын сақтап жеткізген Жанақ ақын. Халық ақыны Жамбыл Жабаев «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр» тағы да басқа батырлар жырларын жадында сақтаған.

Ақындар айтыс пен басқа өлеңдерден бөлек өз заманының барлық тіршілігіне араласып, елінің жақсылығын дәріптеуші, кемшілігін сынаушы, тарыққанда ақылшысы, қуанғанда жаршысы бола білді.

Жұмысымыздың басында айтып өткеніміздей, «жырау», «жыршы», «ақын» секілді атаулардың ара жігін ажыратып, ерекшеліктерін айқындап алсақ, енді осынау V-VIII ғасырлардағы «Тоныкөк», «Күлтегін» жырларынан басталған жыршылық-жыраулық өнер X ғасырдың басында Қорқыт бабамыздан жалғасын тауып, XV ғасырда Асан Қайғыдай халық қамын жеген ерлердің шығармашылығымен толысты.

Ендігі кезекте осы жыраулық дәстүрді тілге тиек еткенде арғысы сонау Асанқайғы (1370-1465), Шалкиіз (1465-1560), Ақтамберді жырау Сарыұлы (1675-1768), Бұқар жырау (1688-1781), Үмбетей жырау (1706-1778), Шал ақындардан (1748-1819) қалған мұраны жалғаушылардың арасындағы сабақтастық жайын біраз тарқата кету.

Қазақ халқының өнерпаздары қашанда ауыз-біршілік пен ұйымшылдықты көп насихаттады. Оның бір себебі, халықтың ынтымағы мен береке-бірлігін арттырып, сыртқы жауға дес бермейтіндей үлкен күш болып жұмылып отыруды мақсат тұтса, екінші бір себебі, ат төбеліндей аз ғана қазақтың жаудан аман болған күнде де рухани жадап-жүдеп, азып-тозып кетпеуін көздеді. Сондықтан, қазақ арасында бірін-бірі алыстан іздеп барып, өнерін көрсетіп батасын алу сияқты салт қалыптасты. Осы қалыптасқан дүниенің барлығы уысымыздан шығып кеткен кезде ғана біздің бөлшектенуіміз бен бөлектенуіміз басталды. Уәжіміз нанымды шығуы үшін Қабан (Қабылиса) жыраудың Сыр бойынан көшіп барып, Жетісу өңірінде атағы дүркіреген жыршы-жырау болып қалыптасып, ержетіп, толысуын алға тартамыз. Мұндай оқиға жалпы қазақ даласындағы жырдың біртұтас ұғым болғандығынан хабар береді. Әрі осындай жайттарды жыр өнеріндегі сабақтастық деп айтуға толық негіз бар.

Ол аз болса, жыршы-жырау Жамбыл Жабаевтың Қаратаудың жыршы-ақыны Құлыншақ Кемелұлы мен Майлықожа ақынды өлеңге қосып дәріптеуі де көп нәрсені аңғартады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Жамбылдың жыр жолдарынан үзінді келтіре кетейік:

«Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ,
Пірім еді бас ұрған» [6, 19 б.]

Бұл жерде Жамбыл ізеттілікпен Жетісу өңіріндегі өз орынын тілге тиек ете келе, оңтүстік өңірінің ақын-жырауларына деген құрметін де өлеңмен өре кеткен. Майлықожа мен Құлыншақтай пірлеріне бас ұрса, Жамбыл осы ақын-жыршылардың жырынан көп үлгі-өнеге алдым дегенді меңзеп отыр. Өлең жолдары жыр дәстүрінің біртұтастығы мен сабақтастығына дәлел.

Ал, енді батыс аймағында от ауызды орақ тілді ақын-жыраулардың барлығы дерлік үлгі алған Абыл, Нұрымдардың жолын Ақтан сияқты жыршы-жырау жалғап, оның соңынан Қашаған, Аралбай, Құлмамбет, Қоспақ, Нұрпейіс Байғаниндердің еруі де жыршылық-жыраулық өнердің ақындықты тудырып осы саламен байланысып, сабақтасып жатқандығына тағы бір рет көзімізді жеткізеді. Мысалға:

«Мұрын жырау Қырымның қырық батыры аталатын халқымыздың қымбат қазынасының түп-төркіні Сыпыра жыраудан бастау алатынын, одан Маңғыстаудың марқасқа ақыны Абылға, одан Нұрымға, одан Ақтан, Қашағандарға жеткендігін айтады» [7, 25 б.].

Айтулы жүйрік Ақтан жырау Қашаған, Қоспақ, Құлманбет, Нұрымдармен бірге жүріп, Түркіменстан, Бесқала жеріне дейін аралап, жырдан шашу шашады. Сол замандағы Жем, Сағыз жағасына, Оймауыт даласына атағы жайылған «Адайдың жеті қайқысы» атанған Өскенбай, Жылкелді, Досат, Әділ, Шолтаман, Тастемір, Тұрсын сынды өнерпаздармен араласып, өнер өрістетіп отырған. Бұл жалпы жырдың үнемі жетіліп, түрленіп, жас толқынмен қатары толып, өскелең ұрпақпен сабақтасып жататын сала, дамуы мен шарықтау шегі алдын-ала болжап болмайтын жанды құбылыс екендігін көрсетеді.

Ақтанның үлгі тұтқан ұстаздары – Абыл, Нұрым, Сыпыра жыраулар, Шалкиіз бен Қазтуған жыраулардың терме-толғауларын санасына сіңіріп өскен.

«Ақтанмен бір жүріп, өнеге алған жанның бірі – Нұрпейіс Байғанин (1860-1945 жылдар

аралығында өмір сүрген). Нұрпейістің ақындық, жыршылық жолда қалыптасуына үлкен әсер еткен Ақтан, Қашаған, Қазақбай, Сабыр жыраулар көрінеді»[8, 233 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда рухани сабақтастық осылай-осылай тере берсек жалғаса беретін дүние. Тіпті, айта берсек бұл тізімді ары қарай толассыз жалғап кете беруге болады. Енді, осы жыраулардың музыкалық-поэзиясы сол күйінде белгілі бір ғасырмен шектеліп қалды ма? – деген заңды сұрақ туады. Жоқ. Жоғарыда айтып өткеніміздей жыраулық музыкалық-поэзия жанды құбылыс болғандықтан, ары қарай жетіліп, қазақ жеріндегі ақындардың шығармашылығын байытып, мазмұндық жағынан көп оң әсерін тигізді. Арқа даласында өмір сүріп, елінің ыстық ықыласына бөленген ақын, әнші – Әсет Найманбайұлының айтыстары мен толғауларынан да жыраулар қалыбын аңғару аса қиын емес. Сүйінбай, Жамбыл, Құлманбет, Досмағанбет, Сарыбас, Бақтыбай, Кемпірбай ақындардың да құлашын кеңге сермейтін отты жырлары арғы бастауын жыраулық өнерден алғаны белгілі. Себебі, төкпелете жыр төгіп ұзағынан толғау көбінесе, жырауларға тән құбылыс. Мысалға, Жамбыл мен Сарыбас ақынның айтысын алып қарайтын болсақ, Сарыбас ақынның айтқанында мынадай өлең жолдары бар:

«... Ерегіспе менімен –
Езіледі алқымың.
Ерегіссең менімен
Ісім түссін сенімен.
Тілімді алсаң қор болмай
Жүре бергін жолыңмен.
Енді не деп айтасың,
Алдырмаймын қайтесің?
Алатұғын жеріңді айт,
Ішіңдегі шеріңді айт,
Кешпейтұғын жөніңді айт,
Жеңетұғын еліңді айт!
Ат жүздіріп келемін
Айдын шалқар көліме... » [9, 223-224 б.].

Сарыбастың мына өлеңі бір оқыған адамға батырлар жырынан үзінді оқығандай әсер қалдырады. Тыңдап отырған адамға жыраулық сарынның сезілетіні анық. Өлең жолдарында насихатшылдық элементтері ұшырасып отырады. Бұл дәйектің өзі жыраулар дәстүрі сабақтастығының желісі үзілмейтіндігін көрсетеді.

Осы мәселе қазіргі кезде музыка зерттеушілері тарапынан күнтізбеге қойылып, қолға алынудың жолдары қарастырылып жатқан мәселелердің бірі.

Жыраулық жыршылық ақындық дәстүр үрдісін зерттеуге жасаған аз-кем талпынысымыздың арқасында біз әдеби, тарихи танымымызды арттырып, осы салаларды музыка саласынан бөлектеп қарауға болмайтындығына, бұның барлығы бірін-бірі толықтырып тұратын элементтер екендігіне көз жеткіздік. Ғалымдарымыздың тұщымды ойлары мен бұлтартпас дәлелдерінен болашаққа үлкен сабақ, жаңа бағдар алдық.

Ойымызды қорытындылай келе айтарымыз, жыраулық дәстүр қазақтың жаны кеудесінде тұрғанда ешқашан өлмек емес. Тәуелсіздігін алып, жарқыраған мемлекет құрып, еркін, азат елде өмір сүру сол бабалардың ерен еңбегі, қаншама жазықсыз жанның құрбандығы арқылы уысымызға түсті. Барымызды бағалап, қисапсыз құрбандықпен келген тәуелсіздігіміздің құнын жан дүниемізбен терең сезіну біздің ұрпақ ретіндегі парызымыз. Тек, осы салаға қамқорлық танытсақ жыршылық-жыраулық үрдіс әлі де бірталай ғасырларды жалғап халықтық ұғымды кемелдендіріп, рухани шамшырағымыз болып болашаққа қадам баса беретіні анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. VIII-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті / Ханғали Сүйіншіәлиев. – Алматы: Мектеп, 1989. – 280 б.
2. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. – «Қазан» баспасы, 1910.
3. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968.
4. Бес ғасыр жырлайды. 1-ші том. / Құрастырған – М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 бет, суретті.
5. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті: (Жыраулық поэзиясы) / Қазыбайұлы С. – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004.
6. Мәделі Жүсіпқожаұлы, Шортанбай Қанайұлы, т. б. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы Press. kz», 2014. – 288 б.
7. Ақын-жыраулар / Қ. Сыдиқов. – Алматы: Ғылым, 1974. – 240 б.
8. Ақындар / Е. Исмаилов. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 298 б.
9. Айтыс. – 1 том. – Алматы: Жазушы, 1965.

МРНТИ14. 013
УДК72. 012:37. 02

НҰРЛАНОВА Ұ. Н.
оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

КОМПОЗИЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Түйін. Бұйым композициясының негізін бұйым бөліктерінің жиынтығы, осы өлшемдердің арақатынасы құрайды, бұйымның жалпы көлемі оның сұлбасын құрайды. Бұйымның дизайнында композиция формасы құрылымының жалпы заңдылықтарын анықтайды. Композицияның мақсаты – конструкциялық, функционалдық, эстетикалық құндылығы бар утилитарлық аяқталған заттың пішінін жасау. Бұйым композициясы бұйым бөліктерінің бейнелі, көркем-идеялық мағынасын аша отырып, тұтастығын біріктіреді.

Түйінді сөздер: эстетика, қолөнер, бейнелеу, өнер, шикізат, білімгер.

Резюме. Основу композиции изделия составляет совокупность частей изделия, соотношение этих размеров, общая величина изделия составляет его силуэт. В дизайне изделия определяют общие закономерности структуры формы композиции. Цель композиции–создание формы утилитарного завершенного вещества, имеющего конструктивную, функциональную, эстетическую ценность. Композиция изделия объединяет целостность частей изделия, раскрывая образное, художественно-идейное значение.

Ключевые слова: эстетика, прикладное искусство, изобразить, искусство, сырье, обучающийся.

Summary. The basis of the composition of the product is a set of parts of the product, the ratio of these sizes, the total size of the product is its silhouette. The design of the product determines the General patterns of the structure of the form of the composition. The purpose of the composition is to create a form of utilitarian completed substance that has a constructive, functional, aesthetic value. The composition of the product combines the integrity of the parts of the product, revealing the figurative, artistic and ideological meaning.

Keywords: aesthetics, applied art, art, raw, student.

Өмірге деген көзқарас – қоршаған ортаға деген өмір жиынтығына, табиғатқа, қоғамғажәне санаға, оның дамуына деген көзқарастар жүйесіненқұралады. Өнерге деген шығармашылық көзқарас,өнердің жаңа туындысы мен ондағы берілген мазмұндық көріністегой пікірлер жүйесін біріктіріп, жеке тұлғаның өзшығармашылық тәжірибесінегізінде немесеғылымибілім негізінде қалыптасады. Шығармашылық көзқарас өмірдегі заттар мен құбылысты жаңаша бейнелеу тәсілдеріне деген жеке тұлғаның ой пікірі бойынша танылады. Көзқарас жеке тұлғаның қызметінен, мінезінен, көңіл күйінен, қоғам менөміршындығына деген қатынысынан байқалады. Көз жеткізу дегеніміз- белгілігылыминемесе шығармашылық өміртәжірибесі негізінде жинақталған ережелер меанықтамалардың негізіненақты іс-нәтижесін көре білу.

Композиция латын тілінен аударғанда «compositio» шығару, құрастыру, біріктіру ойлап шығару деген мағынаныбілідіреді. Өнердің басқа да түрлері секілді Бұйым композициясы да өзінің ерекшеленген ережелерінің арқасында мәнерлі қасиеттерін ескереді. Сонымен композиция көркем шығармаларда барлық элементтерді үйлестіре біріктіру, шығарманың кейіпін көрсету, суретшіні шығармасындағы айтпақ ой анық әрі әсерлі болу үшін, онда бейнелейтін адамдар мен оларды қоршаған нәрселерді белгілі бір ретпен орналастыруға көңіл аударады.

Бұйым композициясының категориялары: тектоника мен кеңістіктегі көлемді құрылыс. Тектоника дегеніміз – бұйымдарды конструкциялау жұмысы барысындаматериалдан әзірленген бұйым формасының бейнесін ойлап көру. Мысалы, Бұйым тігу үшін қажетті матаны таңдап алу оны ойша шолып шығу, мата суреттерінің орналасуын анықтау.

Кеңістіктегі көлемді құрылысты анықтау үшін тігілетін Бұйымнің қолдануына қарай Бұйымнің формасын, ондағы жекеленген элементтердің бүрмелердің, орналасуына көңіл бөле отырып материалды таңдап алу.

Бұйымның сәні түрлі әсемдеу деталдардың, әсемдік бұйымдар мен түстердің үйлесімділігін орынды қолдану нәтижесіне байланысты. Қазіргі заманғы кимідердегі сәнді тігістердің үйлесімділігі әдетте түрлі реңктегі бірнеше топтардан тұрады. Өзара жақын (сарғыш – қоңыр мен қоңыр, көк пен көгілдір), сонымен қатар көзге конымды (ақ сары, қызғылт, ашық жасыл, ақшыл сұр, ашық көк т. б.) түстерді сәйкестіре пайдалану арқылы әсемдікке қол жеткізуге болады.

Бұйым – адамға басты назараудара отырып, образды тұрғыда шешілген ансамбль. Оның ішінде, ансамбль: Бұйымді аяқ Бұйымді, шашты, гримді, тағыншақтарды бірегейлендіреді және белгілі бір пайдалы эстетикалық функцияны ат-

қарады. Бұйым материалдық тыс жүйе, адам денесіндегі жасанды жамылғы, ол табиғаттың сыртқы қоршаған әсерлеріненсақтап және жеке адамның кейіпін, дәуірдің көрінісін бейнелейді.

Әдебиеттерге шолу жасау нәтиежесінде композицияның негізгі заңдылықтары мен ережелеріне мыналар кіретіндігі анықталды:

1. Композициядағы барлық құралдар Бұйымнің қолдануына сай келіп оны айқындай түсуі қажет.

2. Композициядағы барлық элементтері мен бөліктері бір-біріне мөлшерлес әрі өлшемдес болуы қажет.

3. Міндетті түрде композициялық орталық болуы тиіс.

4. Композиция тұтас болуы қажет.

Композицияның қасиеттері. Бұйым композициясыныңда өз заңы мен ережелері бар, ол кез келген Бұйым түрінде орындалуы тиіс:1)келісімділік – композиция компоненттері мен композициялық құралдардың Бұйым мақсатына бағынылуы; 2) композицияның барлық бөліктері мен компоненттерінің өзара және адам дене бітімімен өлшем пропорциялылығы;3) композициялық бірлігінің болуы;4) композиция тұтастығы (қатарбағыну)

Бұйым композициясы мен композициялық құралдарының мақсатқа бағынушылық ережесін келісімділік заңы нақтылайды: Бұйымның арнаулы мен пішінінің органикалық бірлігі;материалдың пішінге және Бұйым арналуына сәйкестігі;материал мен сәндік әрлеу бірлігінің Бұйым арналуымен пішінге сәйкестігі. Осыдан әрлеу сипаты, оның түрі мен орындау техникасы анықталады.

Бұйым композициясындағы өлшем шамалылығы келесі факторлардың және Бұйым элементтерінің сандық арақатынасымен анықталады: Бұйым көлемінің жарасымдылығы (нымша, жеңдер, белдемшелер жәнет. б.) және дене бітімінің шамаластығы; материалдың түсі мен фактурасы; Бұйым бөліктері; әрлеулер (тігістер, кестелеу, фурнитура тағы да басқа).

Бұйым бөліктерін жеке қарастыру және осы бөліктердің қатысын анықтау үшін оның вертикальдық және горизонтальдық орталық осін анықтау қажет. Вертикальдық ось дәл ортадан өтеді. Ал горизонтальдық ось бел сызығына сәйкес келеді. Осы сызбалық конструкция көмегімен барлық Бұйым бөліктері бір-біріне қосылады; жоғарғы оң жағы төменгі сол жағына тең, жоғарғы бөліктерінің қарым-қатынасы төменгі жағына шамаластырылады. Осыдан басқа жоғарғы және төменгі бөліктерінің симметриялылығы бейнелейді. Осы үлгі көптілік заңдылығы болып табылады. Сонымен, симметрия дегеніміз – оң жақ және сол жақ ортадағы вертикальға қатысты адам дене бітімі екі тең бөлікке бөлетін пішін бөліктерінің теңдігі.

Статика – кеңістіктегі тұрақты пішін жағдайы. Тұрақтық алып пішін бөліктерінің тепе-теңдігімен сипатталады.

Динамика – қозғалыстың, дамудың, өзгерістің белсенді шарты, яғни пішіннің бір жақты бағыты болып табылады: пішін сыртындағы асимметриялық пішіні денісі; Бұйым бөліктерінің пішіннен кеңістікке шығуы; адам қозғалысының ішкі және сыртқы динамика мен келісімділігі;

Бұйымдегі статикалық және динамикалық жағдайлар салыстырмалы пропорционалдықта болады. Осы мақсаттың шешімі Бұйымның қызметімен байланысты.

Конструкциялық жәнеде корациялық сызықтармен, Бұйым бөлшектерімен анықталатын ішкі статикаға қарағанда, сыртқы силуэттің динамикалылығы мен статикалылығы басты рөл атқарады. Бұйымның динамикалығы мен статикалылығын анықтайтын, ең күшті композициялық құралдар – симметрия мен асимметрия.

Симметрияөзініңбарлықтүрлеріндежәнеөңде луіндетепе-теңдікпентұрақтылықтыңабсолюттік идеясын,яғнистатикасынсақтайды.

Бұйымға динамикалық беру үшін оның пішінін ырғақты ұйымдастырудың үлкен мәнділігі бар, бірдей элементтердің бір қалыпты алмасып отыруы композицияға тұрақтық алыптылық береді.

Бұйым пішінінің мөлшерлендіру динамикасы. Бұйымнің, оның бөліктерінің, бөлшектерінің контурларын конструкциялық, декорациялық және декорациялы-конструкциялық сызықтар ретінде қарастыруға болады. Сонымен Бұйымді пішінге келтіру сызықтарының ырғақтық негізі оның созылымды құрылымының сипатын айқындайды. Пішіннің созылымдылық құрылымы суретшінің эскиздеу кезеңінде қаланады. Эскизде пішіннің созылымдылық дамуының сипаттамасы, яғни бірпішін бөлігінің екіншісіне «ағып түсу» сипаттамасы тексеріліп түгелденеді. Әрбір сызықты өңдеу, олардың өзара және силуэттермен байланысын анықтайды.

Композициялық қасиеттерінің таңдалуы көркемділік ойға, бейнелілік мазмұнына және Бұйымның айналуына байланысты. Олардың қолданылуы бұйымдарға қойылатын функциялық және құрылымдылық талаптарға сай болуы қажет.

Бұйым композициясының негізін Бұйым бөліктерінің жиынтығы, осы көлемдердің арақатынасы, Бұйымнің жалпы шамаластығы, оның силуэті құрайды. Пішіннің мәнерлік деңгейі осы негізгі көлемдердің өзара үйлесімділігіне, пішіндеріне және Бұйымдегі табылған жалпы пропорцияға байланысты.

Бұйымды композициялау қасиеттерінің бірі симметрия мен асимметрия болып табылады.

Симметрия – бұл бүтін затты симметриялық ось бойымен теңдей екі бөлікке бөлу болып табылады. Бұйымді композициялауда симметрия – Бұйым формасын анықтайтын композиция заң-

дылықтары болып саналады. Дененің симметриясы – деп ось немесе жазық бетінде, центрден біршама қашықтықта орналасқан элементтер жиынтығы саналады. Адам денесіне симметриялы формада Бұйымді композициялауда маңызды орынға ие болып қалыптылықты байқатады.

Симметрияның бірнеше түрлері бар: шағылысқан (зеркальная), центрлік, жазықтық, осьтік және т. б. Бұйымнің бөліктерінің симметриялық орналасуы тепе-теңдікті, статиканы (бірқалыпты, тыныштықты) білдіреді.

Ал ассимметриялық түрде Бұйым бөліктерінің орналасуы динамикалық қозғалысты білдіреді, бірақ жеке бөліктердің тұрақты салмақты теңестігін байқатады, әрі композициялық теңдестікті шешім табады.

А. В. Шубниковтың зерттеуі бойынша симметриялы Бұйым үлгілері төмендегіше топтарға жіктеледі:

– классикалық;
– ұқсас;
– афиндік;
– қисық сызықтағы.

1. Оның ішінде классикалық симметрия үш түрде байқалады: айнала шағылысқан, осьті, бұрылысты және орнықтырылған тепе-теңдік түрлерікөрсетілген.

2. Ұқсастық симметрияда – жеке формалары бір-біріне тең ғана емес, сондай-ақ үлкенді-кішілі масштабтағы конфигурациядағы барлық ұқсас формалар қарастырылады.

Ұқсастық симметрия екі түрде байқалады: параллельді және спиральды қозғалыста.

Параллельді қозғалыстағы ұқсастық симметрияда, дененің барлық ұқсас бөліктерінің масштабы – біртекті үлкеюі немесе кішіреюі барысында паралелльді орналасады. Мысалыға, орыс халқының ұлттық қуыршағы матрешка, бірдей ұқсас формалардың, бір форма ішінде жиналуы (13, а-сурет).

Спиральді қозғалыстағы ұқсастық симметрия белгілі бір аралықтағы формалардағы ось бойында айналуы. Бұйымде винттік (спираль) симметрия көйлек шаруашылығында, аяқ Бұйым бауларында, шаш түюде кездеседі

3. Афиндік симметрия – бұл біртекті деформацияланған ұқсас формалар. Афиндік симметрия үш түрде кездеседі: а) созылған, б) сығылған, в) қозғалған. Белгілі бір бағытта форма ұлғайып, созылып көрінеді. Ол көрсетіп тұр. Сығылуды форма белгілі бір бағытқа қарай кішірейе түседі (сығылу тәсілі – созылуға қарама-қарсы),.

Бұйымде ол 1906-1910 жылдары Бұйым үлгілері енді. Мұнда бел тұсы мен көкірек бөлігін белгілі бағытқа бұрау арқылы жасайды

Жоғарыда атап өткеніміздей Бұйым формасының статикалық күйде бейнеленуі-тұрақтылықты, тыныштықты, бірқалыпты күйді білдіретін геометриялық пішінде дайындалады. Мұнда барлық элементтер симметриялы ось бойымен орналасып, метрлік қатар мен ұқсастық элементтердің қайталануы негізінде қаланған.

Ал Бұйымдегі динамикалық қозғалыс статикаға тіпті қарама-қарсы бейнеленетін қозғалысты білдіреді. Ассиметрия – композиция құралы, онда бір-біріне тең келмейтін бөліктердің орналасуын сырт көзбен қарағанда олартеңесіп көрінеді. Ассиметриялық композициядағы негізгі тәсіл біркелкі тұтастықты туғызу.

Симметрия – анық және көрнекті композиция қасиетін, пішін жағдайын белгілейді. Осы тәсіл көмегімен пішін ұйымдастырылады, бұл белсенді композиция заңдылығы саналады. Фигураның ұқсас элементтері симметриялы орналасады. Фасонды симметриялы құру кезінде үлгінің оң жағы сол жағындағы барлық элементтерді қайталайды. Кейде пальтодағы, Бұйымдегі, жекеттегі фасонды симмтериялы құруда өңір шеті оң жаққа қарай орналасқан сияқты болып көрінеді.

Табиғатта абсолюттік симметрияның болмауы себепті Бұйымде де көбіне симметриядан шегіну болады. Бұл бұйымның арналуына және сипатына, атқаратын қызметіне, кәсіпорындақ технология шарттарына, көркем бейнелілік мақсаттарына, Бұйым жобалануына сәйкес жүзеге асады.

1. Асимметрия
2. Көзбояушылық заңдылықтары
3. Бұйымның көрерменге көзбояшықы әсерлері
4. Сүйір бұрышты қайта бағалау

«Асимметрия» түсінігі симметрияның осі немесе жазықтың симметриясы жоқ кезіндегі элементтердің орналасуын білдіреді. Асимметрия динамикаға әртүрлі деңгейдегі пішінді береді, ол ішкі және сыртқы болуы мүмкін.

Силуэттің симметриялық пішініне асимметриялық қосылса, ерекше пішін пайда болады. Симметрия мен асимметрия үндестігі интуицияның, композициялық бүтіндіктің және комозициялық тепе-теңдіктің сақталуын Практикалық қызметі эстетикалық қызметінен басымдау күнделікті еңбек қызметімен байланысты Бұйымді, симметрия немесе байқалмайтын асимметрияның негізінде орнидаған дұрыс. Керісінше, мерекелік үлгілер асимметрия нәтижесінде тамаша көрінеді.

Бұйымның көрерменге көзбояшықы әсерлері. Ал Бұйымның көзбояушылық әсері физиологиялық, психологиялық тұрғыда (яғни, түсті қабылдау, сәуле, бұрыш, өлшем, форма, жазықтық бағыты мен арақашықтықтарды салыстыруда т. с. с.) пайда болады. Әсіресе түстік үйлесімділікті қабылдауда көзбояушылық әсер күшті байқалады.

Ұзындықтары бірдей екі кесіндінің біріншісінің ұшы сүйір ал екіншісі доғал болса онда, біріншісінің көлемі ұзын болып көрінеді, екіншісінің ұзындығы қысқа болып көрінеді.

Етегі кең Бұйымдер адам фигурасын толық етіп әрі кішірейтіп көрсетеді.

Бұйымдегі форма және пішін қалыптасуы.

Бұйымдегі пішін және пішін қалыптасуыПішін (форма) қалыптасуы - Бұйым бөліктерінің адамның дене бітіміне, қоршаған ортаға байланысты өзара әрекет жасау процесі, оның қалыптасуы, дамуы.

Пішін қалыптасу процесінде бұйымдардың функционалдық, конструктивтік, кеңістік-пластикалық,технологиялық құрылымы пайда болады. Басқа сөзбен айтқанда, пішін қалыптасуы – жеке заттарды құрастыру.

Бұйым үлгісіндегі сәндік ауысымдар пішінінің үздіксіз қозғалыста болуын қамтамасыз етеді. Пішін қалыптастыру жобалау процесінде үлкен роль атқарады, себебі бұл процесс композициялық ізденіс пен пішіннің жүйелі құрылымын қажет етеді. Пішін қалыптасуы пішін құруғажәне пішін элементтерінің өзара үйлесімділікбайланысына негізделген принциптерінің жалпы заңдылығына сүйенеді.

Бұйым композициясының негізін Бұйым бөліктерінің жиынтығы, осы көлемдердің арақатынасы, Бұйымнің жалпы шамаластығы, оның силуеті құрайды. Пішіннің мәнерлік деңгейі осы негізгі көлемдердің өзара үйлесімділігіне, пішіндеріне және Бұйымдегі табылған жалпы пропорцияға байланысты.

Композиция қасиеттері арасында суретшілер пропорцияны(шамаластық) бірінші орынға қояды. Пропорция ұғымы – күрделі бүтіннің ішіндегі құрама бөліктердің байланысы яғни бір өлшемнен екінші өлшемге қозғалыс деп түсініледі.

Бұйым түріне байланысты қойылатын талапқа, қолданылуына, технологиялық өңделу мен материалдың сипатына, адам денесінің пішіміне байланысты Бұйым формасы түрлі жіктелулерге ие.

Бұйым формасы қабылдау нәтижесінде біз оның жеке бөлшектерін басқа бөліктермен салыстырамыз. Салыстыру немесе өлшеу арқылы біз сызықтың шамасын, көлемін, ауданын, материалдың фактуралық ерекшелігін, түстік таңба шамасын байқаймыз. Сонымен біртектес екі шама өлшемдерінің нәтижесі қатынас болып саналады. Екі шаманы салыстыруда оны дұрыс қабылдау қатынасы олардың үйлесімділігі мен мөлшерлестігінің айғағы.

Бұйым дизаинында композиция пішін құрылымының жалпы заңдылықтарын айқындайды. Композиция мақсаты – конструктивті, функционалды, эстетикаклық құндылығы бару тилитарлық аяқталған заттың пішінін жасау. Бұйым композициясы – Бұйым бөліктерінің бейнелі, көркем-идеялық мағынасын аша отырып, тұтастығын біріктіру. Бұйым құрастару өнерін сәулет өнерімен теңдестіруге болады. Сәулет өнерінеде түрлі сәндік элементтерге жарты калонна, пилястр,ою-өрнекті фриздер жатады. Ал Бұйымге көркемдеу, фурнитура, кесте, ою-өрнек тағыда басқа жатады.

Бұйым композициясында басты пішіндер ретінде Бұйым негізін құрайтыннымша, белдемше, жеңді және модельді әрлендіріп байытатын пішіндер түрін ерекше атауға болады. Оларға: кестенің декорациялық элементтері болып саналатын шілтер, күлте, желбіреуіш, үлбір, сонымен қатар Бұйым бөліктері – жаға, қалта, қаттама, қақпақша т. б. жатады.

Бұйым формасы қабылдау нәтижесінде біз оның жеке бөлшектерін басқа бөліктермен салыстырамыз. Салыстыру немесе өлшеу арқылы біз сызықтың шамасын, көлемін, ауданын, материалдың фактуралық ерекшелігін, түстік таңба шамасын байқаймыз. Сонымен біртектес екі шама өлшемдерінің нәтижесі қатынас болып саналады. Екі шаманы салыстыруда оны дұрыс қабылдау қатынасы олардың үйлесімділігі мен мөлшерлестігінің айғағы.

Бұйым формасын кеңістіктегі көлемді объекті ретінде қарауға болады. Бұйым формасын Бұйым силуэті айқындайды. Силуэт Бұйым ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Бұйым силуэті адам денесіне Бұйымнің қыналуына байланысты мынадай түрлерге жіктейді: жартылай қынамалы, қынамалы, тік. етекке қарай кеңейтілген, немесе тарылған, сонымен қатар түрлі геометриялық формалы болып келеді. (тік төртбұрыш, трапециялы, оваль, екі үшбұрыш, х- секілді т. б.)

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ералин Қ. Бейсенбеков Ж., Ералина Ғ. Көркем өнер шығармашылығы. (Жоғары оқу орындарыныңөнер мамандығы студенттерінің өзіндік жұмысынаарналған оқу құралы). – Түркістан: Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Тұран баспасы, 2009. - 80 б.
2. ҚазақСовет энциклопедиясы. X том. –Алматы, 1977. – 78 б.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Қазақстан, 1995. – 240.
4. ЕралинҚ.,Нұрланова Ұ. Композиция. – Түркістан: Тұран, 2018.
5. ЕралинҚ.,Нұрланова Ұ. Костюм композициясы:оқу-әдістемелік құрал. – Түркістан: Тұран,2012.
6. Ералин Қ., Ералина Ғ. Дизайн негіздері. – Түркістан: Тұран, 2012.

УДК 822. 514. 122. 0
ББК 83. 02(6Каз)
О87

ОСПАНОВ Б. Ж.
өнер ғылымдарының кандидаты
«Орындаушылық өнер» кафедрасының меңгерушісі
Қожа ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

СЫР БОЙЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ҚОБЫЗ АСПАБЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Түйін. Қобыз және соған ұқсас музыкалық аспаптар барлық түркі тілдес халықтарда кездеседі. Олар үшін «қобыз» сөзі ортақ. Әдетте біз «қобыз» дегенде флейта, ысқырық, кейде тілдің музыкалық құралдарын айтамыз. Қазақ халқында осындай қобыз атауы бар музыкалық аспаптары: үрмелі қобыз, мыс қобыз, нар қобыз және шанкобыз, яғни тіл мен ауыз арқылы ойнайтын құрал.

Түйінді сөздері: қобыз, үрмелі қобыз, жез қобыз, нар қобыз, шаңқобыз, аспап, мүсін, музыка, рубаб, гиджак.

Резюме. Кобыз и подобные музыкальные инструменты встречаются практически у всех тюркоязычных народов. Слово «кобыз» для них общее. Обычно мы говорим «кобыз» с флейтой, свистом, а иногда и музыкальными инструментами языка. У казахского народа есть инструменты с таким названием кобыз, его типы; духовой кобыз, медный кобыз, нар кобыз и шанкобыз, инструмент, играемый через язык и рот.

Ключевые слова: кобыз, духовой кобыз, латунный кобыз, нар кобыз, шанкобыз, инструмент, скульптура, музыка, рубаб, гиджак.

Summary. Kobyz and similar musical instruments are found in almost all Turkic-speaking peoples. The word «kobyz» is common to them. Usually we say «kobyz» with a flute, whistle, and sometimes musical instruments of the language. The Kazakh people have a kobyz with that name, its types; wind kobyz, copper kobyz, narkobyz and shankobyz, an instrument played through the tongue and mouth.

Keywords: kobyz, wind kobyz, brass kobyz, nar kobyz, and shankobyz, an instrument played through the tongue and mouth. sculpture, music, crafts, rubab, gijak.

Қобыз және соған ұқсас музыкалық аспаптар түркі тілдес халықтардың барлығында дерлік кездеседі. Олар үшін «қобыз» сөзі ортақ. Әдетте «қобыз» шертпелі ,ысқышты, кейде тілдң музыкалық аспаптарды айтамыз. Қазақ халқында бұл атаумен ысқышты аспап қобызды, оның түрлері; жел қобыз, жез қобыз, нар қобыз, және тіл-ауыз қуысы арқылы ойналынатын аспап- шаңқобызды атайды.

Қобыз музыкасының ғасырлар бойы даму жолдарын анықтау үшін Орта Азия және Қазақстан территориясын мекедеген ежелгі тайпалардың тарихына ой жүгірту қажет болады. Қазіргі кезде фольклористика мен тюркология ғылымында Орта Азияның көне дәуіріне қатысты көптеген тарихи деректер бар. Бұл кезеңде Орта Азия территориясында мемлекеттер құрылады. (Парфия, Бактрия, Эфталит және Кушан, т. б). Ол дәуірді бүгінгі Қазақстан территориясында көшпелі тайпалар – сақ, массагет, үйсін, қаңлы өмір сүрген.

Көрнекті орыс түркологтары Н. И. Конрад, [1] Л. Н. Гумилев, [2] еңбектерінде, Кушан империясына арналған халық аралық конференция материалдарына назар салар болсақ, оның кейбір қалаларын Үнді елінен келген көпестердің орнатқаны айтылған, олар кейін біртіндеп жергілікті халықпен араласып кеткен. Олардың материалдық мәдениетін зерттеу аса қажет, өйткенікөне тайпалар – сақтардың, ғұндардың, массагеттердің, үйсін және қангөйлердің қаны араласуы негізінде қалыптасқан. Орта Азияның түркі тілдес халықтарының Құшан империясының мәдениетінің дамуына тікелей қатысы бар. Осы дәуірде өнердің көптеген түрлері болып көрмеген гүлденіп даму дәрежесіне жетті – скульптура, музыка және қолөнершілік, сауда-саттық кең өркендейді, көшпелі тайпалар өздерінің тұрмыс жағдайын өзгерте отырып, қалалар сатып, әшекей храмдар көтереді, жер игеру ісін дамытты. Сөйтіп, біртіндеп Орта Азияның оңтүстік-шығыс бөлігін қоныстаған отырықшы халықтар қалыптасады. Бұл тарихи процесте Индия және Орта Азия тайпалары арасында саудашылық қарымқатынас мүмкін соңғы рөл атқаруы мүмкін.

Орта Азия терриоториясында жүргізілген (Хорезм, тәжік және түрікмен экспедициясы) археологиялық қазыналардың деректеріне сүйене отырып, ысылмалы аспаптардың алғашқы тұрпайы түрінің өте көне замандарда болғаны туралы ұйғарымайтуға болады. Кейбіреулер қобыз – көшпелі ең көне музыкалық аспаптардың бірі деп тұжырымдайды. Қобыз – көшпелі жауынгер тайпалардың жалғызы ғана алысқа ататын

қаруы садақтың кемеліне жеткізген түрі деген болжамдар да айтады. Егер қобыз музыкасының репертуарында таза елестету элементтері (дыбыс ұйқастыру) музыка дамуының мелодияға дейінгі кезеңге тән екендігін және уақытқа көшпелі тайпалардың жабайы әрекеттермен құстар мен аңдардың алғашқы бейнелерін жасауға тырысқанын еске салсақ, мұндай болжаммен келісуге болады.

Белгілі советтік тюрколог Л. Гумилев өзінің жоғарыда көрсетілген еңбегінде қобыздың көне түрі халқы арасында ертеде болғандығы туралы өте маңызды дерек көрсетіледі. Ол былай деп жазады: сары түріктер 680 жылы Қытайда болып, күпі атты музыкалық аспапты пайдаланған қытайларға оның үні қатты ұнапты. Француз ғалымы Д. Пулье де осы мәселені қолдай отырып, ысқышты аспаптардың қытайға түріктер арқылы келгендігі көрсетіледі.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбунасыр әль-Фараби өзінің «Музыкасының ұлы кітабында» ысқышты музыкалық аспапты сипаттайды. Т. С. Вызго [3] осы сипаттаманың негізін аша отырып «Аспаптар туралы кітабының» аспаптарды Фараби классификацияланған кіріспе бөлімінде, ол ішектерді ысу-үйкеу арқылы үн алатынын ішекті аспаптарды ерекше бөледі (басқалардан айырмашылығы сол, олардың ішектері ысқышпен толқуға келтіріледі). Егер осы айтылған ойлар дұрыс болса, онда Фараби сөздері – ысқышпен аспаптардың Орта Азияда ертеде болғандығын дәлелдейтін деректердің бір буыны, - деп жазады.

Орта ғасырдың мәдени ескерткіштеріне ысқышты аспап (гиджак, кеменча) тек XV-XVI ғғ. ғана пайда болды. Сол уақыт шамасында «барлық аспаптардың ұстазы» аталған ысқышты танбур жарыққа шығады.

Сарай сазгері Дәруіш Әлидің музыкалық трактатында қобыз нәзік, осы сияқты аспаптар сол заманда кең таралған. Бұл туралы Н. Баймұхамдовтың «Әлішер Науаи музыка туралы» мақаласында келтірілген мынадай дерек тағы да дәлел болады; Науаи өз заманындағы ең кең тараған аспаптады сипаттйды: «... гиджак – «шұлаған керіс-даулардан жасырына отырып», канон үні жрегіңді тітіркендіреді; қобыз – «махаббат жалындатады». [4]

Қобыздың көне музыкалық аспап екендігін Ә. Марғұлан пікірімен де расталады. Ол қобыздың сыйқырлы аспап ретінде сыртқы пішіні бір жағынан қазақтардың көне тотемдерінің бірі болған аққуға табынуымен байланысты деген пікір айтады.

Көптеген ғалымдар Орта Азияны ішекті ысқышты аспаптардың отаны санайды. Оны біз В. Бахман [5] пікірінен көреміз. Н. Будашкиннің [6] анықтауынша дамбыра тектес музыкалық аспапты ислам туы астына біріккен арабтардан және шығыстың басқа мемлекеттерінен келді деп айту қиын, өйткені ысқылау аспаптың алғашқы тұрпайы түрлері Орта Азияда, оған ислам келгеннен, феодализмнен көп бұрын таралған болатын. Онымен қатар, «ислам» діни мемлекет идеологиясы ретінде музыка прогресіне қарсы тұрды. Сондықтан Орта Азия халықтары араб басқыншылығының болып, толық арабтандыру жүргізілген уақытта, оларға араб мәдениетінің кіріп таралу дәрежесін анықтау қиын. Жалғыз-ақ, иудаизм, христиан ханифизм және мұсылмандыққа дейінгі табиғатты дәріптеу салттық қалдықтары элементтерін біріктіру негізінде пайда болған ислам, Орта Азияға пәрменді түрде, мысалы Ирак, Сирия, Египеттегідей таралған жоқтығын атап көрсету қажет. Сондықтан исламның келуімен бұрынғы мәдениет қирамайды, тек оның дамуытежелуленеді (шаманизмді, бақсылықты дәріптеу басталады).

Көне политеизмнің фонына көшпелі тайпалардың салттарымен тығыз байланысты Орта Азия көшпелі тайпаларының ішекті-ысқылау аспаптар тобы дамиды.

Көптеген көне музыкалық аспаптардың дәріпті қолдануы даусыз Т. С. Вызго, рубаб бойында «тістер» пайда болуын түсіндіре отырып, бұл туралы дәл көрсетеді; «Рубаптың дәріптеу салттары мен көне байланысының іздері ғасырлар бойы сақталған, оған орта ғасыр әдебиетіеің деректері куә... » Тәжікстанның кейбір аудандарында В. А. Раков [7] бақылағандай Рубабтың жерлеу салтына қолданылуы да осы туралы айтылады. Алыс өткен уақыта сырт көрінісі діни әрекет жасап жатқан адам фигурасын немесе сыйқырлы қозғалысты сымволдайтын аспаптың денесіндегі жұмсақ (тістердің) «түйіншіктердің» түсіндірмесі осында жатқан жоқ па?

Көп ғасырлар бойы қобыз шаманизм әдет-ұрыппен байланысты болғандықтан, табыну аспабына айналды. Сондықтан шаманизмнің кезінде қобыз бен діни музыка дамыған әлеуметтік-тарихи негіз ретінде, қобыз музыкасының кейбір ішкі ерекшеліктерін ашу үшін маңызы зор.

Шаманизмді бірінші зерттеуші бурят ғалымы Д. Банзаров [8] болды. Арабтар шамандарды яджус-маджустар деп атаған. Шаминизмге ең дұрыс және толық анықтаманы Ш. Уәлиханов [9] береді, ол шаманизмнің негізінде табиғатқа «жалпы және тікелей» табну жатқандығын , онда аталар әруағын дәріптеу басым екендігін көрсетеді. Ол шаманды былай суреттейді «шаман- бойына басқаларда жоғары сыйқырлық пен білім дарыған адам, ол ақын, музыкашы, көріпкел және онымен бірге дәрігер».

Шаминизм сенімінің негізінде политизм жатыр, онда адамды құдайға теңеумен – аталар әруақтарымен қатар анифизм, тотемизм, космология және іздері байқалады.

Қазақ халқының ертегілерінде және аңыздарында, батырлар дастанында көне түркілердің және батыс маңғолдарының тірі адамдарды әруақтарға айналдырғанын байқауға болады.

Бір жағдайда ангондар жалпы тайпалық, ал басқа жағдайда семьялық былай болып еді. Жалпы тайпалық ангондарға Огуз хан өзінің алты ұлымен, одан соң шамандар жатады. Семьялық ангондарға еркек семья басы жатады, оның аты әйел үшін «табу» болып саналады. Бұл жағдайда шаминизмнің патриархалдық қоғамдық сенімі екендігі туралы айтады.

Шаманизм Орта Азия халықтарының зороастризмнен, оның қасиетті кітабы – Авестадан (оған көне тайпалардың және буддалықтардың құшан империясы заманында I-III б. з. д. ғасырларда таралған мифтері кірген) кейін исламға дейінгі дінге сенушіліктің бір буыны болып табылады. Ол көне түрік тайпалары басқа дінге сенушіліктерден пайда болуын б. э. д. 5 мың жылдыққа қатыстырса, Л. Гумилев шамандарының өте ертеде әйелдер арасында өмір сүргендігі туралы өте қызықты деректер келтіреді. Ол былай деп 517 жылы қаған Чеуну жужандарын басқарушы баласын жоғалтып, өзінің бақсысы Даухан Дивананы оны тауып беруін сұрайды. Ол әйел, бір аралдың ортасында киіз үй құрып, сыйқыршылықпен көз бояп, баланы тауып алғанға дейін әруақтардың күшін көрсетіп бақсылық жасаған. Бұл дерек ерте орта ғасырлардағы миниатюраларда қолана сушымен гиджак ұстаған әйел суреті табылғандығымен дәлелденеді. Осыдан, алыс замандарда шамдардың болуымен қатар, бақсылардың әйелдер қатарына шыға алғандығын бақылауға болады. Бұл жағдай шаманизмнің қалыптасу басын матриархат заманына апарып қосады.

Қазақ аңыздарында көптеген шамандардың аттары сақталған. Олардың ішінде Баба Ғұмар, одан кейін Қорқыт аттары ең атақты болып саналады. Егер Баба Ғұмар Орта Азиялық халықтар дастандарында батырлардың бірі есебінде көрсетілсе, Қорқыттың аты аңыздарда және «Қорқыт атты кітабы» - да кездеседі. Қазақтар оларды шаман деп санайды, біріншісін Түрік қағанаты заманында, екіншісін X ғасырдағы огуз ұлысы уақытында жатқызады.

«Қорқыт кітабы» аңыз дастанындағы огуздар көп әйел алуды білмеген. Бұл жағдай Қорқыт ата өмір сүрген X ғасырда огуздерде көпәйелдік дәстүрді феодализмнің әлі болмағанын көрсетеді. Аңыздарда көшпелі тайпалардың феодалдық өмірі суреттеледі. «Қорқыт кітабының» дүние жүзілік әдебиетте ең көне аңыздардың бірі болып саналатын екі варианты бар. Сондықтан оның бағалылығы сондай, кітап ішінде көп тарихи-эпостық, тіл-әдебиеттік, этника-аномастикалық аңыз-мифологиялық, тұрмыс-мәдениеттік және материалдар келтірілген. Ол кітаппен тарихшылар, этнографтар, фольклоршылар, лингвистер және музыканттар тығыз байланысты болуы керек. Ортағасырдың ұлы аңыз-жыр айтушысы Қорқыт ата ертедегі Сыр-Дария төменгі ағысында, бүлік огуз ұлыстарының астанасы, саяси орталығы болған, Арал теңізіне жақын орналасқан Жанкент қаласында өмір сүреді. Қорқыттың жасы жөнінде әртүрлі уақыттар көрсетіледі. Егер тарихшы Абылғазы «түркілер шежіресі» кітабында Қорқыт 95 жасында өлді деп көрсетсе, ғалым Рашид ад-Дин «Оғызнама» кітабында Қорқыт 295 жыл өмір сүреді деп жазады. Бұл анықтамаларда көрсеткішцифрлар бір жерден шығады.

Қорқыт алғышқы ортағасырлық заманында өмір сүрді, ол кезде ислам идеологиясы мен Орта Азия ғылымы арасында күрес шиеленеді, философияда Платонның адам денесі мен жатырының екі бөлігі аралығындағы көне нұсқаулары ескіріп, бүкіл Орта Азияда Аристотель іліміне жалпы ынтыға басталады. Бұл идеялық күрес Әбунасыр аль-Фараби, Буруни, Ибн-Сина сияхты дарынды адамдарда жазба жұмыстарда, Қорқытты халық поэзиясында және музыкасында тудырады.

Қорқыт оғыз-қыпшақ ұлысының асқан шебері қобызшы, барлық түркі тілдес халықтардың қазақтардың, өзбектердің, түркімендердің, қарақалпақтардың, қызғызбардың т. б. үлкен музыкасын шығарушы болып саналады. Қорқыттың XV ғасырдың жазбаларына енгізілген аңыз-жырауларында қобызға табыну мадақталып, ол әрбір діннен жоғары бағаланады. Әрбір оғыз батыры соғысқа бара жатып, өзімен бірге қобызын ала жүрген. Әскерлер соғысқан кезде үлкенкөлемді нарқобыз фанфара мутивін орындаған. Барлық эпостық аңыздар қобызда орындалады және қобыздың көмегімен Орта Азияның көшпелі тайпалары өздерінің ойларын, арманарын айтып, ата-бабаларының және батырларының ерлігін жырлап дәріптеген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Конард Н. И Запад и Восток. – Москва-Ленинград,1969. -С. 486.
2. Гумилев Л. Н Лренвие тюрки. – Москва, 1966. -С. 512
3. Вызго Т. С. Музыкальные инструменты Средней Азии. – Москва, 1980.
4. Баймұхамедова Н. Каракалпакский эпос. – Нукус, 1986. – С. 230.
5. Бахман В. Среднеазиатскиеисточники о родине смычовых инструментов/ Музыка народов Азиии Африки. – Москва,1973. – Вып. 2. – С. 13-25.
6. Будашкин Н. Русские народные иснтрументы. – Москва, 1961. – С. 22.
7. Раков В. А., Банзаров Д. Черный веры. – Новосибирск: «Наука».
8. Уалиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1985. – Б. 388.

УДК 671. 12
МРНТИ 18. 31. 51

СӘДІБЕК А. К.
аға оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЕСЕНАЛИЕВА Д. Б.
оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚОЛӨНЕР– АТАДАН БАЛАҒА ҚАЛҒАН МҰРА

Түйін. Бұл мақалада қазақ қолөнерінің құндылықтары мен зергерлік бұйымдарының ерекшелігі туралы айтылады. Қолөнер –ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан қастерлі өнер, атадан балаға мұра ретінде бізге жеткендәстүрлі дехалық шығармашылығының сарқылмас қайнар көзі. Қандай халықтың қолөнері болса даоның тарихымен, қоғамдық құрылысы, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғысы, салт-санасымен астасып қатар өркендейді. Халқымыз ежелгі заманнан еңбек етумен қатар, уақыт ағымына сай өнерінде ұдайы дамытып отырған. Соның бірі халқымыздың қолөнері. Қолөнер тарихи экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты әр заманда әр қилы сатыда дамып, түрленіп отырды. Әр халықтың қолөнері оның тарихы менәдет-ғұрып, салт-санасымен астасып қатар өркендейді. Қолөнері адамның әсемдікке, нәзіктікке деген сезімін тербеп,сол салада табиғатты өзінше таңбалапбедерлеуін, сұлулықты қабылдауқабілеттілігін арттырады жәнесұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады.

Түйінді сөздер: Қолөнер, зергерлік бұйымдар, мұра, әдет-ғұрып, жөн-жоралғы, әшекейбұйымдар, **шекелік,**алқа,шашбау,шолпы,сақина,жүзік, бой тұмар.

Резюме. В данной статье обсуждается ценность казахского ремесла и ценность его ювелирных украшений. Ремесло - это священное искусство, которое развивалось на протяжении веков, неиссякаемый источник традиционного и народного искусства, которое передается нам как наследство от отца к сыну. Каким бы ни был народный промысел, он процветает в тандеме со своей историей, социальной структурой, обычаями и традициями. Декоративно-прикладное искусство развивалось и менялось в разное время с учетом исторических, экономических, политических и социальных условий. Ремесла каждого народа процветают в тандеме с его историей, обычаями и традициями. Ремесло будет стимулировать чувство красоты и нежности человека и улучшит способность воспринимать страсть к красоте и украшать природу.

Ключевые слова: ремесло, декоративно-прикладное искусство, ювелирноеукрашение,наследие, обычаи, колье, браслет, кольцо, кольцо, амулет.

Summary. This article discusses the value of Kazakh craft and the value of its jewelry. Craft is a sacred art that has developed over the centuries, an inexhaustible source of traditional and folk art, which is transmitted to us as an inheritance from father to son. Whatever the craft, it thrives in tandem with its history, social structure, customs and traditions. Decorative and applied art developed and changed at different times, taking into account historical, economic, political and social conditions. The crafts of every nation flourish in tandem with its history, customs and traditions. The craft will stimulate a sense of beauty and tenderness of a person and improve the ability to perceive a passion for beauty and decorate nature.

Keywords: craft, arts and crafts, jewelry, heritage, customs, necklace, bracelet, ring, ring, amulet.

Жиырма бірінші ғасыр - әлемдік өркениеттің шарықтау шыңына шыққан шағы. Сөз басында өркениетдегеніміз неекеніне тоқтала кеткенді жөн көрдік. Өркениет – цивилизация – латынныңcivilis сөзінен қалыптасқан. Сонымен өркениет дегеніміз –қоғамның материалдық әрі рухани дамуының белгілі бір әлеуметтік-экономикалық деңгейге сай өркендеуі. Сол сияқты қазіргі әлемдік мәдениеттіде өркениеттің сүбелі саласы деп ұққанымыз жөн.

Халқымыз ежелгі заманнан еңбек етумен қатар, уақыт ағымына сай өнерінде ұдайы дамытып отырған. Соның бірі халқымыздың қолөнері. Қолөнер тарихи экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты әр заманда әр қилы сатыда дамып, түрленіп отырды.

Көршілес жатқан мемлекеттермен мәдени қарым-қатынасты нығайтып, саяхат, сауда жасау арқылы, әр мемлекет бір-бірінен өнерінің озық үлгілерін үйреніп жетілдіріп келген. Ежелгі тас дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейінгі қазақ жерінен табылған қолөнер үлгілеріңіңтүп-нұсқаларымен шынайы шеберлердің қолынан шыққан өнердің дүр жаухарларын музейлерден көріп тамашалауға болады. Қолөнері – ғасырар бойы дамып, жетіліп,уақыт сынынан сүрінбей өтіп, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығынын сарқылмас қайнар көзі, халқымыздың мәдениетінің айнасы. Ол –талай ғасырлар елегінен өтіп, түрленіп, жаңа-

рып, атадан балаға қалған мұра ретіндебізге саф таза күйінде жеткендәстүрлі де қастерлі өнер [1, 25 б].

Әр түрлі ою ойып өрнекжасайтын адам -оюшы, түрлі металмен тасты қолданып әшекей бұйымдарын әзірлеуші адамды – зергер деп атаймыз. Қазақта: «Жігітке жетпіс өнерде аз» - деген сөз бар. Егер кімде-кім бірнеші өнерді бірдей жетік меңгерсе ол адам туралы: он саусағынан өнер тамған, бес аспап, шіленгер, шебер екен дейді.

Қолөнер адам баласының көркемдікке, нәзіктікке, сұлулыққа деген ұмтылысын, сол бағытта табиғатты өзіншетаңбалап бедерлеуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады. Сан қилы кезеңдерден өтсе де, көркемдік бейнелердіңөзіндік ерекшеліктерін бұлжытпайсақтай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретіндежалғасын тауып келе жатқан қолөнеріміздіңішіндегі киелі әрі күрделілерінің бірі – зергерлік өнер. Зергер- сәндік бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шебер, ұста. Зергерлік – әшекейлі бұйым жасау өнері. Әсіресе, зергерлік бұйымдардың ішіндеқазақтың қыз-келіншек, әйелдердің тағатын әшекей бұйымдардың орны ерекше [2, 10 б,].

«Әшекейі жоқ әйел - жапырағы жоқ ағашпен тең» демекші ертедегі қыз, келіншектер, апа, әжелеріміз ұлттық нақыштағы әшекей бұйымдарын шашбауларына сылдырлатып, қолдарына жүзік сақиналарын тағып жүрген.

Зергерлер көбіне бағалы металлдың ішіндегіең қолайлысы күмісті пайдаланған. Өйткені күмістің жалтыраған түсін, әр түрлітехникалық тәсілдергеикемділігін, жұмсақтығынжәнетазалығын жоғары бағалаған. Сонымен қатар күмістің адам баласына тигізетін пайдасы көп екен. Адам бойындағы ауруларды күміс тартады дейді, сол кезде ол қарайып кетеді екен.

Қазақ зергерлері негізінен әйелдердің сәндік әшекей заттарын сырға, білезік, жүзік, сақина, шолпы, алқа, қатырма, шашбау т. б. әсем жасай білген. Қазақтың қыз-келіншектерінажарландыратусу үшін, оларға арнап алуан түрлі әшекейлі бұйымдар жасаған.

Қазақ әйелдерінің ең жеңіл бұйымдарының бірі – бой тұмар. Оны ертеде әйелдер ғана емес, еркектер де тағатын болған. Тұмар іші қуыс, әдемі былғарыдантігіліп, ою-өрнектеліп күміс шынжырмен мойынға асып алады. Адамды пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау үшін оның қуысына қасиетті дұғаны қағазға тығып қояды. Қазақ келіншектерінің ең әдемі, ең көп қолданған әшекей заты- түйреуіш. Түйреуішті көбінесе көз тимесін деген ниетпен жаңа туған сәбилердің киімдеріне тағып қоятын болған.

Алқа – әйел адамдар мойнына, омырауына тағатын әшекейлі, сәнді бұйым. Мойынға тағатын өңір әшекейлерітобына -алқадан басқа моншақ, тұмар сиақты бұйымдар жатады.

Айта берсек қазақтың әшекей бұйымдары өте көп. Қорыта айтқанда, қазақтың халық өнерінің жете дамыған түрлерінің біріқазақтың әшекей бұйымдары арқылыхалық педагогикасыныңзергерлік өнері жайлы насихаттау және оны дамыту ұлттық мәдениетіміздіңтарихында өзгеше орын алады [3, 56 б].

Халқымыздың дәстүрлі қолөнері – қайнар бұлақ, сарқылмас қазына, бай мұра. Зерделі зергерлер әсем бұйымдарды дүниеге әкеліп, сұлулықтың санадағы бейнесін жасаған. Сол арқылы ұрпақты тәрбиелеп, көркем дүние меңгеріп, одан әрі жетілдіре берген. Бұл бұйымдар адам қажеттіліктерін өтеп қана қоймай, олардың өнер әлемі жайындағы көзқарасынан да хабар береді. Шынайы шеберлердің туындылары ғасырлар елегінен өтіп, бізге жетті.

Келесі зергерлік бұйымдардың бір түрі – қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағатын шаш теңге, шолпы, шашбау деп аталатын әшекейлер. Шаш теңгелер мен шолпылар көп жағдайда әсем шиыршықталған күміс бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады. Тоғыз – қазақ ұғымында киелі сандардың бірі. Олар бір-бірімен ұзыннан-ұзақ жалғасып, шаштың ұшына бірге өріледі. Шашбау да бір-біріне сым үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен немесе күміс әшекейлермен әсемделеді. Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрыммен бірге салбырап төгіліп тұрады. Шашбау(шолпы) дегеніміз, өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар, кейде маржан тағылған сәндік бұйым. Сол сияқты күміс немесе алтын теңгелер, тиындар қадалған шашбауды «шолпы» деп атайды. Бойжеткен қыз баланың жүрісін, қимылын жөндеу үшін қоңыраулы шолпыны қолданған. Қоңыраулы шолпыны таққан қыз бала үй арасында жүргенде, қатты күлгенде шолпы дыбыс беріп отырған. Жас қыздар тағатын үзбелі шолпы, көзді шолпы, шынжырлы шолпы, маржанды шолпы, ақық шолпы түрлері бар. Бойжеткен қыз баланың жүрісін, қимылын жөндеу үшін қоңыраулы шолпыны қолданған. Бұл да тәрбиелеудіңбір әдісі деп ұққандұрыс. Ал екіншіден, ауыр шолпы таққанда бас ауырмайды. Сонда шолпының емдік қасиетінің бар екенін байқаймыз. Ол көбіне ақталған күмістен үш бұрышты етіп жасалынады да, ортасына асыл тас орнатылып, шынжырлап тұмарша, қоза, қоңырау, күміс тиындар тағады. Шолпының асыл тас қондырылған түрін көзді шолпы дейді. Қозалы шолпы – сәндікке қоза орнатып жасалған шолпы. Сондай-ақ шолпының қоңыраулы шолпы, сылдырмақ шолпы дегендей түрлері де бар [4, 79 б].

Тағы да әсем бұйымдардың бірі жүзік. Оның үстіңгі бетіне әр түрлі тастарданне өңді әйнектерден ою-өрнек жүргізіледі. Жүзікке көбінесе күмістен көз, балдақ, құс тұмсықжүзікдеп аталады. Ұзатылған қыздарға нәзік жасалған құс мұрын жүзік лайықты. Ал қос көзді, ауқымды етіліп соғылған салмақты жүзіктерді құдағи жүзік деп атаған. Жасы ұлғайған әйелдер, әсіресе, жиын-тойларда әр саусағына бірнеше жүзікті қабаттап тағатын болған. Зергерлер алтыннан, күмістен құйып, қақтап, соғып, шекімелеп, қара ала жүргізіп, шиыршық темірден торлап, небір өрнектер салып, асыл тас қондырып алуан түрлі жүзіктер жасаған. Олар жасалу түрі мен қолданылу ретіне қарай отау жүзік, жималы жүзік,

тасбақа жүзік деп аталған.

Жүзік сақинадан да күрделірекболады. Оның-саусақсыртынатүсетіналақанынаширатылған металл сымнан, сіркелеу, лажылау, бағдарлаутәсілдерінқолданаотырып, күрделіөрнектер салу арқылы, күмбездеп, түрліасылтастарданкөзорнатылады. Сондықтанжүзікалақанының бетіөтесәнді, әріәсеменшекейленгендіктен «жүзік» депаталсакерек. Яғни, бет, жүз, ажардегенненшығады. Ал сақина сөзіндегі «сақ» түбіріберік, мықты, мығымдегенмағынаныбереді. Палеолит дәуіріндесүйектен, неолиттетастан, қоладәуіріндеметалданжасалған [5,85 б].

Құдағи жүзік. Екі саусаққа қатар киілетін құдағи жүзіктің қос бауырдағы болады. Мұндай жүзіктерді қалыңдықтың шешесі құдағайына өзінің қызына мейіріммен қарауы үшін және құдандалы екі рудың бір-біріне ынтымағы үшін сыйға тартқан. Жүзіктердің ақықтас, астына қызыл бояу жаққан әйнек салған көздері болады (қызыл оттың, өмірдің символы, ол адамды қаратүнектің басталуынан сақтайды деп санаған).

Үлкен, тасбақа қабығына ұқсас жүзіктерді ұзақ өмір жасау символы деп санаған. Өйткені, шығыста тасбақа ең ұзақ жасайтын жәндік деп есептелінеді.

Құстұмсық жүзік – бақыттылықтың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі. Оны бойжеткен қыздар таққан.

Отау жүзік – атынан-ақ білініп тұрғандай, отауды бейнелейді. Бұл жүзікті қалыңдықтың саусағына кигізген. Өйткені, ол күйеуінің ұрпағын жалғастырушы болып есептеледі. Жүзіктің үсті конус тәрізді болып жасалады. Беташардан соң, келіннің қолтығынан сүйеген жас әйелдерге сақина салған.

Сақина–саусаққа салатын зергерлік бұйым. Сақиналар ғұрыптық дәстүрде, негізінен, үйлену салты кезінде қолданылады. Сом алтыннан құйылатын мұндай сақиналарды жас жұбайлар аты жоқ (төртінші) саусағына тағады. Жүзікке қарағанда сақинаның бауыры жалпақтау болып, көбіне бетіне тас қондырылмайды. Ертеде халқымыз ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина я жүзік болуы керек деп санаған. «Тамақ адал болуы үшін қолда жүзік болуы керек» деген сөз содан қалған. Тіліміздегі «сақинаны сәнге салмайды, – ол тазалыққа таразы», «сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» дегендей ұғымдар сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық қызмет те атқарғанын дәлелдейді. Алайда бұл тұжырымдар негізсіз емес. Өйткені бұл бұйымдар көбіне күмістен жасалады. Ал таза күмісте әр түрлі ауру қоздырғыш микробтарды өлтіретін қасиет бар. Себебі халқымыздың сақина соғылатын күміс не алтынның таттануға ұшырамайтынын, судың, тамақтың бұзылмауына септігін тигізіп, денсаулыққа жағымды әсер ететінін ертеден-ақ аңғарып байқаған. Күні бүгінге дейін ауылдық жерлерде жас келіншек нәрестесін шомылдырар алдында, яки баланың жөргек, жаялығын жуар алдында оған сол үйдің үлкендері «қолыңа сақина салып ал, ол тазалыққа тән болады» – деп ескертіп отырған. Олай болса, нәрестені қырқынан шығарғанда оны шомылдыратын суға алтын не күміс сақина немесе білезік салу тәсілі оларды оған қатысып отырған әйелдерге сыйлық ретінде үлестру үшін ғана емес, осындай асыл бұйымдарды қасиетті санаудан, тазалыққа мән беруден де шыққан сияқты [6,152 б].

Қыз-келіншектер аса ұнататын әсемдік бұйымының бірі – сырға. Қазақ зергерлері сырға жасаудың тым көне сырларын меңгерген. Мәселен, Қарғалы археологиялық қазбасынан біздің заманымызға дейінгі кезеңге жататын алтын шекелікпен бірге тас қондырылған сырға табылған. Қазақ зергерлері жасайтын ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, қозалы сырға, салпыншақ сырға, шұжық сырға, сабақты сырға, шашақты сырға деген сияқты әр өңірде алуан аталатын сырға түрлері өте көп.

Қазақта ертеректе қыз баланы қырқынан шығара салып, құлағының сырғалығын тары дәнімен ұқалап, етін өлтіріп, отқа қарылған инемен тесіп, оған жібек жіп өткізіп, тұйықтап байлап қоятын. Құлақтың тесігі бітеліп қалмау үшін кейінірек кішігірім күміс сырға тағатын. Ол «жас нәрестеге тіл- көз тимесін» деген тілектен туындаса керек.

Қазақ халқында атастырылған қыздың құлағына сырға тағу рәсімі бар. Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса, керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ немесе жолаушы ілулі тұрған сырғаны көрсе: «бұл үйдің бойжетіп келе жатқан немесе бойжетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қыздың басы бос екен», – деген ой түйген.

Зер сырға – алтын сымнан нәзік те, әшекейлі етіп жасаған сырға түрі, сояу сырға – сүйектен жасаған сырғаның түрі. Бұған қоса асыл тастардан көзі бар сырғалардың түрі көп: маржан сырға, меруерт сырға, аталған тастардан көз қойылған сырғалар. Салпыншақты сырғалардың да түрі көп: қозалы сырға – шар тәрізді метал салпыншақты сырға, сирақты сырға – бірнеше салпыншағы бар түрі, тамшылы сырға – майда қозалары мол, салпыншақты сырға, құрылымы күрделі сырғалар, жұмыр сырға – іші қуыс, төбе сырға, сабақты сырға – өзі үлкен салмақты, салпыншағы мол сырға түрлері, үш буынды сырға, үш шолпылы сырға – үш салпыншақпен әшекейленген сырғалар, ал сырғаның салпыншағы аса мол, көп әшекейлі болса, оны қырық буынды сырға деп атаған [2, 130 б].

Адамның жасына қарай оның формалары күрделі не қарапайым болып келеді. Қазақ сырғаларының құпиясы символикаларымен күшейе түседі. Олар күн, ай, бұрама формалы болып келеді. Үшбұрышты, тұмарша тәріздес сырғаларды жасы үлкен адамдар әлі күнге дейін киелі санайды.

Шекелік. Бас киімге немесе самайға ілінетін шекелік. Кейбір жерлерде оны самайсырға деп те атайды. Самайсырғаларда ұзын салпыншақтар болады.

Қазақ әйелдерінің ең көп тұтынатын бұйымы – білезік. әйел адамдардың білек буынына тағатын әшекейлі сәнді бұйым. «Білезік» сөзінің шығу төркіні білек пен жүзік сөз тіркестерінен құралған немесе оны білекке салынған жүзік деуге де болады. Білезік сыңар қолға да, қос қолға да тағыла береді. Бірнеше бөлшектен құралған, ашпалы-жаппалы,

сом темірден тұтас құйылған жұмыр түрлері болады. Олар көбінесе күмістен соғылады.

Білезік те жасалған материалдармен түр-тұлғасына қарай: алтын, күміс, сом білезік, жұмыр білезік, сағат білезік, құйма білезік, топсалы білезік, бес білезік т. б. түрлерге бөлінеді. Солардың ішінде ерекше түрі бес білезік. Мұндай білезіктердің алақаны жалпақ болып келеді. Білезіктің екі жағы топсалы келеді, бес сақина шынжыр шығыршық арқылы жалғасады да, бес саусаққа кигізіледі. Сондықтан оны «бес білезік» дейді. Қазақ білезік деп бірнеше ұғымды:

Білезікке асыл тастардан көз орнатылып, бетіне «ирек», «мүйіз», «құс қанаты», «бөрі құлақ» сияқты күрделі өрнектер салынады. Білезіктер күрделі әрленген көбінесе ұлттық нақыш бойынша безендіріледі. Шеттерін сіркелеп, үш бұрышты фигуралар және ширату, өру техникасымен түрлі өрнектер салынады. XX ғасырдың басында жасалған білезіктер жұқа таспалардан тұрады. Екі қатар үш бұрышты өрнектер салынып, үш бұрыштардың арасында сызықтар түсіріледі. Ойып, қарайту әдісімен соққан білезіктерге ең көп салынатын өрнектің бірі – қошқар мүйіз, оны байлықтың, дәулеттің өсуінің белгісі деп санаған[7, 256б].

Киімнің екі өңірін бір-біріне қосып тұру үшін тағатын әшекейдің бірі – қапсырма. Ол бір-бірине топса арқылы бекітілетін екі бөліктен тұрады. Олар үш бұрыш, сүйір, доға тәріздес, төртбұрыш, сопақша сияқты әртүрлі пішінде болады. Көбінесе күмістен құйылып, тапталып, шекіменіп жасалады. Қапсырманың бетіне аң-құстың, ай мен күннің немесе өсімдік тектес өрнектер салынып, тастар қондырылып әсемделеді.

Қапсырма ілгектер – екі бөліктен тұрады, бірбіріне ілгектер арқылы қапсырылады. Қапсырма түйменің қызметін атқарады. Камзолдың өңірінен сәл төмен, олардың бір жұбын, кейде сәндік үшін бірнеше жұбын қатарластырып тігеді. Қапсырмалардың пішіндері әр түрлі болады, олардың көлемді және жалпақ түрлері кездеседі. Көлемді қапсырмалардың кейде конус, кейде жартышар тәріздес тас салған көзі болады. Жалпақ қапсырмалар өте әдемі таспен немесе сүйекпен өрнектеледі [8,140 б].

Қазақ шеберлері зергерлік бұйымдар жасауға қажетті материалдарға алтын, күміс, бақыр, мыс, жез, темір, қалайы, қорғасын, ақық, березе, алмас, гауһар, зүһра, көк тас, лағыл, маржан, меруерт, інжу сияқты асыл тастарды пайдаланған. Қазақ зергерлері алтынмен аптау, алтынмен булау, алтын шабу, күміспен күптеу, қақтау, көз орнату, сымға тарту, қара ала жүргізу, сымкөп жүргізу, ою салу сияқты әшекейлеу, өңдеу тәсілдерін жиі қолданған. Әшекейді ерекшелеп, айшықтап ондағы әртүрлі зат тарды әдемі, сәнді көрсететін үкі, шоқ, әдіп, алтынкүміс ілгектер, шытыралар, салпыншақтар, қоңыраушалар сияқты құрамдас бөліктер де бар [3, 86 б].

Зергерлік сәндік күміс бұйымдарды жасауда отқа қыздырып соғу,балқытылған металды қалыпқа құю, кептеу, тынықелеу, сіркелеу,шекімелеу,қаралау,темір бетіне күміс шабу,сымкептеу,бедерлеу, бізбен безеу, дәнекерлеу, оймалау,күміс үстіне күміс қондыру,қарайту,көз салу,алтынмен аптау сияқты әдіс-тәсілдерді қолданған. Тарихи дәуірлерде зергерлер күміс кесегін жасауға жамбыларды саудагер,көпестерден сатып алған немесе күміс теңгелерден балқытып күміс кескін дайындаған. Күміс кесегін отқа қыздырып,төс үстіне балғамен жайлап соғу арқылы әбден қақтап,жұқартып әр түрлі зергерлік бұйымдар жасауға икемдеп алды. Төс-қатты шойыннан немесе шар болаттан жасалған,ағаш тұғырға қондырылған аспап. Төс – ию,кесу,шабу,тесу,шыңдау,пісіру,бұрау әдістерін іске асыруға қолданылған [7].

Күміс сыммен өрнек түсірілген зергерлік бұйымдардың әсемдігі артып тұрған,қашанда қымбат бағаланған,жасалу әдісі де күрделі болған. Сымкептеу тәсілімен әйедерге арналған қапсырма,шолпы,түйреуіш,білезік сияқты әшекейлер жасалынған. Ол үшін таза ақ күмістен жіңішке сымдар арнайы сым тартқыш қалып арқылы созылып дайындалған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ зергерлері бұйым жасаудың сан-қырлы әдіс тәсілдерін тереңінен игерген,ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізген. Зергерлік өнер мен әдіс-тәсілдер халықтың білім жүйесінің асыл мұрасы.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd. » ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8

2. Қазақтыңқолөнермәдениеті: оқулық / Құмаруғлы, Шәміс, - Жуңгуо; Шыңжаң; Үрімші: Шыңжаңәсемөнер-фотосуретбаспасы, 2010. - 137 б.

3. Арғынбаев К., Қазақ халқының қолөнері. - А., 1987.

4. Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 12 б.

5. Қазақтыңою-өрнектері мен зергерлікбұйымдары. Оқуқұралы / Т. Тілеубекұлы. - Астана: Фолиант, 2012. – 133.

6. Зергерлікөнернақыштары. Л. Әденова, Т. Қожағұлов – Алматы,Аспантау, 2018. - 207 б.,

7. Қазақтыңзергерлікөнері /Тохтабаева, ШайзадаЖаппаровна, - Алматы: Алматыкітап, 2011. - 384 б.,

8. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің археологиялық және этнографиялық коллекциясы/ - Атырау: Ағатай, 2009. - 150 б.

ӘОЖ 792

СЕЙТМЕТОВ К. М.
өнер ғылымдарының кандидаты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚОЙЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ АКТЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

Түйін. Бұл мақалада актерлік өнерінің негізін салушылардың ойнаған рөлдері, сонымен қатар актерлік ойындарының ерекшелігі талданады. Олардың шығармашылық ізденістері театртану тұрғысынан бағаланады.

Түйінді сөздер: актерлік өнер, ұлттық театр, сахналық қойылым,актерлік шеберлік, театрлық элементтер.

Резюме. В статье анализируется роли осново положников актерского искусства, а так жеособенности их игр. Результаты творческих пойсков оценивается со стороны театроведения.

Ключевые слова: актерское искусство, национальный театр, сценическая постановка, актерское мастерство, театральные элементы.

Summary. The article analyzes the role of the founders of the actor's art, as well as features of their games. The results of creative Reset form of theater is estimated by.

Keywords: Performing Arts, National Theatre stage production, acting, theatrical elements.

Қазақтың кәсіби театры және алғашқы актерлері жөнінде біршама мақалалар жазылған. Алғашқы буын актерлеріміздің актерлік шеберлігі мен кәсіби актерлік өнеріміздің қалыптасуы және дамуы зерттеу нысанасы болуға лайық. Театр тарихын көркейтетін актерлік ойын. Театр зерттеушісі Б. Захава айтқандай: «актер – театр ерекшелігін анықтайтын басты құрал» болып табылады. [1, 11 б.]. Қазақ даласында ұлттық театр өнерінің тууы мен өркендеуіне ерекше аралысып,оны меңбіте қайнасып тіршілік кешкен Мұхтар Әуезов пенЖүсіпбекАймауытов сахна өнерінің,оның ішіндегі актерлік өнердің алғашқы қадамынан бастап, дамуына мол ықпалетті. Олар жаңа ғана тәй-тәйбасып, дүниеге келген театрға орындаушылық өнерді өздерімен бірге ала келді. Сонымен қатароларсахнаның талабына сай қал-қадіріншекөптеген өзгерістер енгізіп, өздеріншедамытып, жаңаөнердіңөзіндікбір түрлерін дүниегеәкелгені талас тудырмайды. Ұлттық театрдың алғашқы туу, даму, қалыптасу кезеңдеріндегі актер өнері негізінен халық өнерінің орындаушылық сипатына сүйенген. Халықтық кәусәр бұлақтан сусындаған талантты өнерпаздарға өзі көріп, біліп жүрген құбылысты парықтап, оған араласатын кейіпкерлердің бейнелерін суреттеу ешбір қиындыққатүспеген.

Қазақтыңактерлікөнерініңтуу кезеңін зерттегенде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға негізделген ойын-сауық кешіндегі спектакльдер қарастырылады. Мысалы,Атбасарда қойылған «Қазақтыңқұдалығы"- кәсіби актерлік өнердің сахнадағы алғашқы бастамасы. Оған қатысушы жастардың домбырашы, әнші-жыршы, ақын, палуанжігіттерді ерткен құдалардың кейпіндесахнағашығуы, оларды қарсы алып күтуге шыққан қалыңдық аулының үлкен-кішісі, жақын-жұраттарының келе жатқан құдалардыарқанкеріп күтіп алуы, оларға балшық, ұн, күйе жағып, еркектердіңбасына күштеп әйел орамалын жабуы, «құда күту"дәстүрмен әрі түрлі күлкілі, сайқы-мазақ, әзіл-оспақтардың жасалынуы актерлік өнердің сахнадағы тәй-тәй басқан бірінші қадамы. Сол тұңғыш жас өнерпаздар көрсеткен қарапайым дәстүрлік әзіл-қалжыңкөріністері мақалаға арқау болып отырған актерлік-орындаушылық тәсілдерінің бастапқы туу сәттері. Осы сияқты халық ойындарынан туындайтын дәстүрлік әрекеттердің бәрі «Актер шындап сахна алаңында әрекетке бару керек» [2,167]–дегенК. С. Станиславскиий ілімін еске түсіреді.

XX ғасырдың бас кезінде Семейдегі «Ес–Аймақ", кейіннен «Жылжымалыгубернялық труппа", Орынбор, Омбы, Ақмола, Ташкентт. б. қалалардағыәуесқойлықтеатрлардаактерлік өнердің сипатын танытатынспектакльдер қойыла басталды. Қошке (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасы 1923ж. Орынборда басылып,ел арасында,кейін 1926 жылы ұлт театры сахнасында қойылды. Рас, алғашқы орындаушылар өнерінде көркемдіктен гөрі еліктеушілік, күнделікті тірліктен сол «күйінде» көшіріп алуға, натуралистік суреттеуге көбірек иек артқаны ақиқат. Профессор Р. Нұрғалиев «Қазақ драматургиясының барлықжанрларының негізгі қайнаркөзі,алтынарқауы, күре тамыры ауыз әдебиеті, фольклордың сан алуаннұсқалары» [3,27] – дейді.

Алғашқы сахналық қойылымдарда негізгі салмақ көбінесе сөзге түсіп, ал әрекеттің нақты өзіндік формасы анықталмай тек сөзге ілесіп отырды. Сөз бен әрекет арасындағы органикалық байланыс сахнада ұзақ жылдар аралығында қалыптасып барып бекіді. Театр және актерлік

өнер көпшілік қауыммен атқарылатын мерекеліккұбылыс тәрізді туып, дамып келді. Көрермен қауымның орындаушылық өнерге,орындау шеберлігінедеген ілтипаты күннен күнге артып, уақыт өте сол қауымдыөнердітүсінуге,қабылдауға, бағалауға тәрбиеледі.

Халық арасынан шыққан әңгімешіл қазақ пен бүгінгі актер арасында ерекше бір табиғи ұқсастық бар. Олардың көркем мәнерлі орындау өзгешеліктері бүгінгі актерлік өнердің заңымен, табиғатымен астасып-араласып жатыр. Шаршы топ алдында әңгіме айтушы өнерпаз халық алдында дара өнер тудырушы актер іспеттес қабылданып, бағаланып, қастерленіп келген. Мысалы, «Қызұзату"аттыкүлкіліәңгімесікомедиялықактерлік өнердің үлгісі. Жасқыздың сыңсуын, ата-анасын,-туғаношағынқимай, көңілі босап іштейөксіпжылауы,осы сәтте қасқырдыңүймаңындағыбұзаудыжаруыменоның өкіруі, оғанши түбіндегі кәрі төбеттің үруі – бәрінжалғыз Қ. Қуанышбаевтың орындауы нағызактерлікшеберлік. Сондай-ақ көрерменқауымдықыран-топанкүлкігекөміп тастайтын, қайталанбас шеберлікпен орындалатын сықақ әңгімелер оның репертуарында өте мол болған. Оның Қоянды жәрмеңкесінде, түрлі хайуанаттарданбастап,адамның сан қилы дауыс құбылыстарын ойнатып,күлкілі қызық өнер жасауы – хас шебергетабиғаттың аямай берген дарыны.

Алғашқы актерлеріміздің қай-қайсысында болмасын, бір-біріне ұқсамайтынрепертуары – олардыңдаралықтарын анықтайды. Осындай өзгеше бір өзіндік ұлттық үйлесімі барорындаушылық өнер түрі кәсіпқой актерлік мектептің біртіндеп туындауына негіз болды.

Алғашқы көркем үйірмелерде еңкейген шал мен бүкшеңдеген кемпірді,Е. Ерданаевтың «Малқамбайдағы» – Малқамбайды ойнауы да шеберлік үлгісімен бағаланды. Елубай Өмірзақовтың Малқамбайы – өтірік момақан,аңқау адам қалпына ене құбылуы – оның сахнадағы шығармашылық тапқырлығын, кейіпкерлеріне жан бітірер шеберлігін танытты. Оның актерлік шеберлігіне Қ. Жандарбеков былай депбаға береді: «Елубай, күлдіргі рольдерді ойнағанда сахнада еркін жүреді. Он екі мүшесі түгел қатысады. Сахнадағы барлық әрекеттеріне жұртты сендіреді, күлдіреді, өзі күлмейді. Міне, күлдіргі актердің шеберлігіде осында... Елағаң – өзі көптеген ән шығарған адам. Және халықтың күлдіргі әндерін шебер орындайды. Ән айтқанда көзі, қас-қабағы, бетаузы түгел әннің сырын үстемелеп, ойнақы мінез көрсетіп отырушы еді". [4,31]

Актерлік сахналық қойылымда шыңдалу тәжірибесі мол халық шығармашылығы арқылы жүзеге асырылды. Мәселен, М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» қойылымы, «билер қақтығысы» сахналық көрінісіндегі актер Серке /Сералы/Қожамқұлов тың қамшысын білемдей ұстап,өткір де өктем сөйлеуі мен қабағынан қар жауған суық түсінің қалпы- суреткерлік шеберлік шешімі Серке Қожамқұловтың өзі көрген, білетін билер айтысынан алған тағылымы кәсіби актерлік өнеріне әсерін тигізген. Кәсіби актер шеберлігінің өмір шындығынан алынатынын және ізденістен туатын нәтижесін өзі де атап көрсетеді. «... сахнадан көрсетер барлық мінез-құлық, түр-түс, айла-әрекеттер айналаңда жүрген адамдардың бойында бар емес пе? Соны көре біліп, содан ала білу керек емес пе?Ол үшін көңіл зеректігі керек-ақ !Ал енді образ жасаудағы тағы бір басты мақсат әр рольдің өзіне тән үн табу. Рольдің үнін тапсаң әрі қарай өзінен-өзі келе береді. Тек сол үнді өршітіп, өсіріп, ширақтатып шыңдай білу керек. "[5,256]

Шынында да озбыр би Еспенбеттің жыртқыштық кейпіне ене алған С. Қожамқұловтың бұл ролі-оның есімін өнер тарихындағы биікке биікке көтерген табысы. Режиссер Ә. Мәмбетов осы ұлы актердің образды сомдаудағы зерттеушілігіне жоғары баға береді. «Ол үшін бәрі де маңызды еді: кейіпкердің жүріс-тұрысы да,аяқ басысы да, қимыл-қозғалысы мен әдеті де бәрібәрі де –өзгеше мән-мағынаға ие болып маңыз атқаратын. » [6,207]

"Еңлік-Кебек» трагедиясындағы сөзге жүйрік, шешен,байсалды,өмір тәжірибесі мол Көбейбидіңтұлғасын жасауда Қ. Қуанышбаев табиғатынан актерлік өнерге бейім, сахна үшін жаралғанжанекенінтанытты. Ол билер айтысы үстіндегі психологиялық хал-ахуалға қанық тәжірибесін ішкі түйсік пен табиғи дарын қорытпасымен бейнелейді. Ол Еспембет пен Көбейдің сахнасындағы мақал-мәтелдермен,қанатты сөздермен өрілген монологтары,бет-әлпетіндегі табиғи құбылыстары, кейде кеуделерін шалқайтып, Тобықты жағының айыбынсезінудентөмен қарап, басын көтермей сөйлеуіде битәсіліекенін орындыаңғартқан. Оныңкөптікөрген,өміртәжірибесі мол сұңғылалығы актеройынының арқауыболған. Әрине мұндағы шеберліктің басты шарты,жалпыактерлікөн ердіңнегізгіталабысахналықсөздежатыр. Ұлттықактерлік өнердіңқалыптасуынасолтұңғышактер лердіңсөзгешешендігі, сөздіңсөз қасиетін терең ұғатын ерекшеліктері - шеберліктерініңбастышарты. Екпіндетіп басталып өктем сөйлейтін Еспембетбидіңқимыл-әрекеті еш жерде босаңсымайширайтүседі, «екінің бірі", - деп қарсыласын айтқанынакөнбесе бүркітше бүріп алатын жыртқыштық кейіпке енуі - бидің табиғатына лайық суреттеу. Кәсіби актер шеберлігінің өмір шындығынан алынатын және ізденістен туатын нәтижесін өзі де: «сахнаданкөрсетер барлықмінез-құлық,түр-түс,айлаәрекеттерайналаңдажүрген адамдардыңбойында бар емес пе. Ол үшін көңіл зеректігі керек-ақ. Ал енді, образ жасаудағы тағы бірбастымақсатәррольдіңөзіне тәнүнтабу. Рольдіңүнін тапсаң әріқарайөзінен-өзі келе береді. Тексолүндіөршітіп,өсіріп,ширықтырыпшыңдайбілукерек» [7,256] - деп атап көрсетеді.

Ендіосығанқарама-қарсыКөбейбидің тұңғыш

сахналық бейнесінетоқталып көрейік. Бұлрольдіойнаған Қ. Қуанышбаевтабиғатынан актерлікөнерге бейім, сахна үшін жаралғанжан екенін танытты. Пьесаныңмазмұнынақарайсөзгешешен, «көмейбидің» бейнесін жасауда өзініңөмірліктәжірибесінесүйенді. Ол билер айтысы үстіндегі психологиялық хал-ахуалға қанық тәжірибесін ішкі түйсік пен табиғи дарын қорытпасымен бейнелейді. Ол Еспембет пен Көбейдің сахнасындағы мақал-мәтелдермен,қанатты сөздермен өрілген монологтары,бет-әлпетіндегі табиғи құбылыстары, кейде кеуделерін шалқайтып, Тобықты жағының айыбынсезінудентөменқарап,басын көтермей сөйлеуі де би тәсілі екенінорындыаңғартқан. Әрине мұндағышеберліктің басты шарты,жалпы актерлік өнердің негізгі талабы сахналық сөзде жатыр.

М. Әуезовтың «Қаракөзі"-алғашқы актерлеріміздің сал-серілер дәстүріндегі шығармашылығымен үндескен пьеса. СпектакльдеҚ. Жандарбеков Сырым салдың қайталанбас бейнесін жасап, актерлікөнерінің қалыптасып қалғанынкөрсетті. Жастайынан ән айтып, көркемүйірмелерде рольдер ойнап келген Қ. Жандарбековке сері мен салдыңбейнесін жасау ешқандай қиындыққа түспеген. Сырымның қасына ерген Дулат, Қоскелді және олардың маңайындағы басқалары да сымбаттық өріктерімен, тамаша әншілік өнерімен, оқиғаның дамуына қарай орындық олданған жарасымды әзіл-оспақтарымен спектакльдің сахналық көркін келтірген. Қ. Қуанышбаев (Дулат) пен Ә. Қашаубаев (Қоскелді) орындауларындағы суырыпсалмалық әдіс әрекет еркіндігіне «берілгенжағдайға қарай» үйлесімді қарым-қатынасқа жетелеген. Спектакльдізерттеушілердің жазуына қарағандаСырым-Жандарбеков сахнаға жалт етіпшыға келгенде көрермен көңілін өзіне аударып әкететін өзгеше жалындаған қасиеті, ширақ қимылы, төгілдіре сөйлейтін ақындық құдіреті ерекше болған көрінеді. Актердің әншілік қабілетін, орындаушылықталантын өнертанушы ғалым Б. Құндақбаев былай деп суреттейді: «Орындаушы ең алдымен Сырымды ақын, өмірге құштар, еркіндік аңсаған, төңірегіндегі әлем мен құбылысты өз жүрегімен, өз сезімімен қабылдайтын ерекше жан деп түсінген, күйсе оттай жанатын, сөйлесе ақынша толғанатын кесек тұлға болыпқұйылған» [8,328]-деп ақын бейнесінің өзгеше бір қыр-сырларын ашқандай болады. «Қаратүндей күнәнің ортасында жанған шамдай жарығым, маңдайдағы жұлдызым... Торға түскен ақ тотым... Келші күнім... "[9,] – деп Сырымның Қарагөзді құшағына ала тебірене, егіле сөйлеу сәттеріндегі актердің тамаша шешен сөйлеуі, сөздің астарына терең бойлауы, мән-мағынасынашуы Қ. Жандарбеков актерлік өнеріне тән қасиет. Ол осы алғашқы рольдерінің бірімен-ақ табиғи дарынымен кейіпкердің әлемінетереңүңілудің-сырын меңгерген. Психологиялық толғаныс, көңіл-күйауысуларыдаосы Сырымролінен көрініс тапқан. Орындаушының аузынаншыққансөзбен өлең-әндер бірде лирикаға, бірдетамылжығаң саздылыққа, бірде алақұйын романтикаға қауырт ауысып,астасып отыруы актерлік шеберлікті дәлелдейтін құбылыс. Мұны жалғыз Сырымға ғана емес, барлықсалдарға ортақ актерлік табыс деп қарағаң жөн. Сол сал-серілердің бейнелерін жасаған Қ,Қуанышбаев, Ә. Қашаубаев,И. Байзақов тағы басқалар табиғатынан сері, өнерімен елдің еркесі болған ақын жандылар. Тағы да зерттеуші ғалым Б. Құндақбаев зерттеулеріне жүгінеміз: «Олар өздері бейнелеген елдің сәні, ән мен жырдың еркесі, жүрген жерлері қызық, той-думан, әзіл-күлкісі үзілмейтін өзгеше өнер иелері деп түсінген, тіпті өз өнерлері, өз болмыстары жағынан да сол салдарға мейілінше жақын тұрды. Салдар аузымен немесе солардың қатысуыменайтылатын ән мен жыр, өлең мен айтыс көріністерін шебер өткізуімен бірге, олардың психологиялық толғаныстарын, көңіл-күй сезімдерін де тереңашқан". [8,]

"Қарагөз» спектаклінде Қарагөздің ролін ойнаған тұңғыш қазақактрисаларының бірі – Зура Атабаева. Көрсетілер спектакльдің мәнді де маңыналы болып, жоғарғы жетістікке жетуі режиссер шешімімен қатар бастырольде ойнаушы актер, актрисалар шеберлігіне де байланысты. Сондай шынайы актерлік шеберлігімен көрінген осы – Зура Атабаева. Қарагөз тағдырын қазақ актрисаларының махаббат тағдырынан бөліп қарауға болмайтын құбылыс қой. Жалпы жүрек қалауы, махаббат қызығы – аружаратылысының нәзік ерекшелігінен Зура Атабаеваөзбасынанкешкенін кезінде айтып кетіпті. Дарындыактриса бұл жайды өте ұтымды пайдаланып, өзінің жеке басынан кешкен тағдырымен байланыстырған көрінеді. Бір сөзбен айтқанда Қарагөз трагедиясына өзінің басынан кешкен тірлік болмысы арқылы барған. Сезімарпалыстары, махаббат – қазақ аруларыныңбәрінебірдейортақ қасиет. Инабаттылық пен ізеттілік, аңсағанарманына ұмтылу, осы жолдағы толғаныс сәттері, еркіндікке талпыныс әрекеттері актриса ойының тұғыры. Енді осыған Зура Атабаеваның актриса ретінде өзіне ғана тән даралықтарын қоссақ, Қарагөздің сахналық бедері айқындалып шыға келеді.

Әншілігі мен бірге драма актері ретінде де еңбек еткен Күләш Байсейтова М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек",Б. Майлиннің «Майдан» пьесаларында басты рольді ойнады. Деректерге сүйенсек:"М. Әуезовтың «Еңлік-Кебегінің» екіншіқойылымында Еңлікті ойнаған Күләш тұңғыш рет спектакльде ән салды. Еңліктің қоштасуын түгелдей әнмен айтып шықты. Бұл жаңалық еді, жатырқамайтын, спектакльге ерекше өң беріп тұрған жақсы жаңалық еді". [10,160-бет]

Сахна өнерінің кәсіби заңдылықтарынанбейхабар, театр ғылымы мен білімін, актерлердің шеберлік меңгеруіне Ж. Аймауытов, Б. Майлин,Ж. Шанин, О. Бековтардың пьесалары мен

шығармаларының көмегі ұшан-теңіз. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда актерлік өнердің кәсіби театр сахнасына лайықты талаптармен орындалуына Ж. Шанин өзі жазып, өзі қойған (1926 желтоқсан) «Арқалық батыр» пьесасында толық қолдануға күш салды. Екі сериялы пьеса сахнада екі кеш жүріп театрдың күрделі табысы саналғанымен әлі де кәсіпқойлық дәрежеге дейін көтерілмегендігін қойылымға қатысты шығармашылық процестерді меңгеріпүлгермегендіктері жарияланған сын мақалада сөз болған. Дегенмен,спектакльде жекелеген рольдердің көркемдік шырайы, актерлік өнердің дамуын сипаттайтын жетістіктерде айқынкөрінген. Бұл жайында театр зерттеушісі Б. Құндақбайұлының спектакльді қалпына келтірген талдауына сүйендік. Пьесадағы Арқалық батыр(актерА. Абдуллин), Әжіхан (актер Қ. Қуанышбав), Қарашешен (актерС. Қожамқұлов),Диуана (актерЕ. Өмірзақов)рольдерінің сомдалуы, сахнадағы декорация,сахна сыртындағы үстеме дыбыстар,үндер тың ізденістермен көрсетіледі. Мысалы,бұрын тек қана күлдіргі кейіпкерлер ролін ойнап келген Қ. Қуанышбаев сырттай паң,тәкаппар,бірақ іші арам, аяр Әжіхандыбейнелеуде шеберлікпен игергенін аңдатады. Әжіханды Арқалық батыр алдында бірде салмақты,айлакер,бірде сасқалақтаған мүсәпір халдегі трагикомедиялық келбеттегі көріністері, арамдығы,масаттануы,мардымсуы-бәрі де шеберлік деңгейінде танылады.

Жалпы, спектакльдіңбетпердесіболыпкелетінбасты рольдің бірі – Арқалық ролін ойнаумен жаратылысынан актерлік өнерге бейімділігінкөрсеткен дарынды Абылқай Абдуллин. Оның кесек те кең тұлғасы,батырға тән қимыл-қозғалысы, ширақ жүріс-тұрысы, саңқылдаған даусы,үстіне киген сауыты, қарына ілген қалқаны, қолына ұстаған шашақтынайзасы, иығындағы садағы, беліне байлаған қорамсағы–қазақтың ескі заманындағы көне көз батырын еске түсіріп, оның сом тұлғасын санамызға сіңіріп, көкейімізге қондырып тұрғандай әсер қалдырады. А. Абдуллин батыр бойынан тек батырлықты қана іздестіріп қоймай, ел қорғаны болған жаннанадамға тән парасатылықты, мінезінен батырға тән аңғалдықты, адал ақжүректі азамат болмысын қарастырған. Актердің сахнада адымдай басып, алшаңдай жүрген жүрісінің өзі суреттеген кейіпкертабиғатымен астасып жатты. Ол Арқалықтың киімін, гримін, сырт пішінінғана қарастырып қоймай, өзіне етене таныс, табиғат болмысына жақын,қазақ батырларының ішкі жан дүниесін де айқын көрсетуге тырысқан.

Ұлттық актерлік өнердің дамуынамолүлес қосып, халықтық сипатберген – СеркеҚожамқұлов. Ол мемлекеттік театр ашылмай тұрып-ақ,өзінің өнер жолын халық өнерінің орындаушылық дәстүріне, тіл байлығына, сөз саптау ерекшеліктеріне сүйене отырып дамытқан. Оныңбойында өзікөрген алуан түрлері адамдардың сырт пішіні мен мінез-құлықтарындағы өзгешеліктерден сурет салатын, ешбір әсірелеусіз нанымды етіп көрсетебілетін қабілет басымболған. Олөзібейнелеген Қарашешен ролінде десол қабілетіне сүйенген. Қазақтың салт-сана, әдет-ғұрып ерекшеліктерінбойына тоқып өскен ол – өз өмірінде талай кездескен би-болыс, ру басы,бай-батшалардың сөйлеу тәсілдеріндегі алуан түрлі сәттерінің қажеттілерін өз роліне пайдаланған. Ол ойнаған уәзір бейнесі – сахнада өзгеше бірширақ, жылпың мінез-құлық тауып жаңа қырынан көрінген. Серке Қожамқұлов кейіпкер бойынан жағымпаз, екі жүзді, іші қулық пенсұмдыққа толы, өз мақсаты мен мүддесі үшін ештеңеден тайынбайтын айлакер адам кескінін қарастырған. Актеркейіпкердіңаузыныңаншықканәрбірсөзінтайға таңба басқандайанықайтып, әрдыбыстыңтүрліүнырғағынайқындап, оныңішкіерекшелігімен естілуіне мол мән берген. Ол диалог-монолог аралығындағы түйінді сөзді, маңызды пікірді айрықша бөліп көрсетуге тырысып отырған.

Театр репертуарына енген пьесалардың кейбіреулерінде Диуана ролі жиі кездеседі. Орындаушыдан үлкен шеберлікті тілейтін бұл кейіпкердің сахналық бейнесі күрделі. Труппаның жетекші актері Елубай Өмірзақов қойылымдағы Диуанаролінде актерлік шеберлігінің қалыптасып қалғанынкөрсетті. Өткен қоғам өмірінде әлеуметтік орны бар бұл кейіпкердіңқайталанбас бейнесін жасап, көрермен қауымдыерекшеқызықтырыптамсандырған, актердің ойынын М. Әуезов аса жоғары бағалады. «Бұлкөрсеткен диуана, жалпы дуаналықдеген нәрсеге жасалған қатал сын, еңқаталжазасияқты. Бұл күнге шейін шала-пұла дәурені болса,бұданбұлайол жоғалады, өшеді. Сондықтан онымен үлкен құрал ұстап алысу керекемес. Күлкі, мазақта пендені жерге жаныштап кетуге болады. Елубай осықұралды ұстанған» [11,480].

Сахналық әрекеттерде орындаушылық салмақ көбінесе сөзге түсіп, өзіндік үлгіге ене бастады. Сөз бен әрекет арасындағы органикалық қарым-қатынас бірте-бірте жүйелі қалыптасуға бет бұрды. Синтетикалық өнертүрінен туындаған өзгеше бір көркемдік үйлесімі кәсіби актерлік мектептің біртіндеп туындауынанегіз болды. Театрдың, актерлік өнердің алғашқыдаму, қалыптасу кезеңдері драма өнерінің ғылыми заңымен өрбімей, халықтық, ұлттық өнер дәстүрінің үлгісінде өрбіді. Қазақ тілі білімініңнегізін салушылардың бірі, профессор Қ. Жұбанов «Қазақ драма театрыныңалғашқы күрделі жеңісі", «Біз де ұлт театрына қарай маңайладық» дейтін мақалаларында ұлт актерларының өнеріне жоғары баға береді [12,67-74]. Демек,қазақ актерлік өнерін дамытуұлт зиялыларының ортақ мұраты.

Алғашқы театр труппасының жасақталуының өзі оның актерлікөнерінің ерекшелігін айқындайды. Ерекшеліктерінің бастышарты – актердіңбесаспапшеберлігі. Ол драмалықрольдерді

ойнаумен бірге музыклықаспаптардаойнай білу, көркем сөз, тақпақ,күлдіргі әңгіме орындауғабейім, би билеу, ән айту, ұзын сөздің қысқасы – сахна өнерінің барлықтүрлері мен жанрларында еркін шығармашылыққабілет таныту. Осының өзі ұлттық актерлік өнердің өзіндік ерекшеліктерін танытатын құбылыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Захава Б. Е. Мастерство актера и режиссера. Учеб. пособие для институтов культуры, театральных, и культ. -просвет. училищ. – М., Просвещение, 1978. – с. 320
2. Маман Байсеркенов Сахна және актер Алматы «Ана тілі»1993,167- бет
3. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалыр. 1-том. Алматы,»Жазушы», 1991. 27-бет
4. Қ. Жандарбеков. Көргендерім мен көңілдегілерім. Алматы, «Өнер», 1989. 31-бет
5. С. Қожамқұлов. Шеберлік мектебі. Мақала, очерк, естеліктер жинағы, /Құраст. А. Мусинов. М. Құлмағамбетов, Алматы, «Өнер», 1993. 256-бет
6. Қ. Жандарбеков. Көргендерім мен көңілдегілерім. Алматы, «Өнер», 1989. 207-бет
7. С. Қожамқұлов. Шеберлік мектебі. Мақала, очерк, естеліктер жинағы, /Құраст. А. Мусинов. М. Құлмағамбетов, Алматы, «Өнер», 1993. 256-бет
8. Б. Құндақбаев Әуезов және театр. Алматы, «Ғылым», 1997. 328-бет
9. М. Әуезов. Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар 1921-1929, 3-том, Алматы,»Ғылым», 1998.
10. С. Латиева. Бұлбұл: өмірбаяндық повесть – эссе. Алматы, «Өнер», 1984. 160 бет
11. М. Әуезов. Шығармалар, 11-том, Алматы,»Жазушы», 1969. 480-бет
12. Қ. Жұбанов. Шығармалар мен естеліктер. Алматы, «Өнер», 1990. 67-74-бет

ӘОЖ: 792. 28

СЕЙТМЕТОВА А. М.
аға оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

РӨЛДІ ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА ЗЕЙІН ШЕҢБЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін. Бұл мақалада болашақ актерлердің зейінін қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Зейін шеңберінің ауқымы қарастырылған және оқу барысында зейінділікті арттыру және қолдану әдістемесі ұсынылған.

Түйінді сөздер: назар, назар көлемі, назар аудару бағыты, жаттығу.

Резюме. В данной статье рассмотрены проблемы организации внимательности будущих актеров. Рассмотрены определенные теории внимательности и представлены методика повышения и использования внимательности во время учебы.

Ключевые слова: Внимание, объем внимания, направленность внимательности, упражнение.

Summary. This article describes the problems of the organization of care for future actors. Consider the definition of care theory and methodology presented improve and use care during studies.

